
84.5Қаз
С15 Ч

Алаш мұрасы

СМАҒҰЛ САДУАҚАСҰЛЫ



2



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІ

СМАҒҰЛ САДУАҚАСҰЛЫ

ЕКІ ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ
ӨНЕР ИНСТИТУТЫ



СМАҒҰЛ САДУАҚАСҰЛЫ

2

Танымдық зерттеулер,
мақалалар



АЛМАТЫ «АЛАШ» 2003

84.5Каз

ББК 84 Қаз 7=4
С 15

«Алаш мұрасы» сериясының редакция алқасы:
М. Құл-Мұхаммед, Ғ. Әнес, С. Қасқабасов,
М. Қойгелдиев, Ж. Әбділдин, С. Қирабаев,
Ғ. Сапарғалиев, К. Нұрпейіс, Р. Нұрғалиев.

Құрастырып, алғысөзі мен түсініктерін жазған –
Дихан Қамзабекұлы.

36922

Садуақасұлы С.
С 15 Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы, «Алаш», – 2003. – 360 бет.

ISBN 9965-669-03-1

Көрнекті ұлт қайраткері, әдебиетші, көсемсөзші, XX ғасырдың 20-жылдары бірнеше басылымның редакторы болған Смағұл Садуақасұлы шығармаларының 2-томына қаламгердің танымдық еңбектері, мақалалары, баяндамалары, хаттары еніп отыр.

Кітап Алаш тарихына ынтызар жалпы қауымға арналған.


С 4702250201-8 хабарландырусыз – 2003 ББК 84 Қаз 7–4
00 (05)–03

ISBN 9965-669-03-1 (том 2)
ISBN 9965-669-01-5

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

© Садуақасұлы С.
© «Алаш» баспасы, 2003
© Қамзабекұлы Д., құраст.

Танымдық еңбектері



НУЖДЫ АУЛА

(*Очерки киргизской жизни*)

Вот степь – родина киргиза, где создалась его многовековая история, которую никто не изучал, где вложено все его богатство, которым воспользовались многие, но которое тоже никто не изучал. Вот аул, служивший и продолжающий служить «золотым дном» для пронырливых купцов и торговцев и вообще «ученых» людей, которые тоже не постарались сделать ему чего-нибудь хорошего.

Здесь вы не видите признаков благополучия. Аул нуждается во всем, в нем не достает всего. Там нет школ, а потому жители его пребывают в темноте. Там нет больниц, а потому они – киргизы массами погибают от таких болезней, от которых в цивилизованных странах не умирает почти никто, а об агрономах, о ветеринарных врачах и др. и говорить не приходится.

Рассмотрению важнейших сторон киргизской жизни и выяснению насущнейших нужд аула и посвящаются очерки.

I. Народное просвещение

Самая насущнейшая нужда аула – это просвещение. Без него никакие нововведения в степи немыслимы. Немыслимы также всякие мероприятия, связанные с улучшением экономического благосостояния киргизского народа.

До конца XIX века в киргизской степи школ совершенно не было, т.е. к тому времени, когда просвещенные и цивилизованные народы мира собирали спелые плоды своих многовековых трудов, киргизы еще не посеяли и семени.

Прежде киргизы получали «образование» каждый

по своему: кто научился у отца, кто у знакомого, кто просто «случайно» и т.д.

В зажиточных аулах существовали тогда так называемые «мектебы».

Мектебы были двух видов, или вернее, двух степеней: просто «мектебы» и «медресе». В первых учились дети грамоте и изучали наизусть молитвы. Учитель, который служил в то же время и муллой в ауле, нанимался из среди самих же киргиз, или на лето (уже позднее) приезжали татары из мусульманских школ. Жалование им давалось весьма незначительное, но оно пополнялось всякими побочными поступлениями, как-то: фэдья (пожертвование после умершего), закат (установленное исламом пожертвование части имеющегося скота от 40 овец – 1 овцу, от денежного капитала 10% и т.д.).

Таким образом, муллы жили очень сытно, а татары возвращались домой со значительными суммами денег.

Существовал и тип школ «медресе». «Медресе» большею частью возникали таким образом: возвращается в аул обучавшийся в городе киргиз и обычно основывает свою школу – (медресе). Иногда такие «ученые» киргизы приглашались добрыми богачами, которые на свои средства устраивали «медресе».

В эти «медресе» обыкновенно поступали пополнять свое образование аульные муллы. Таким образом, медресе служили как бы «высшими учебными заведениями», из которых выходили подготовленные учителя.

Некоторые «медресе» собирали по временам сравнительно большое число учащихся, и весть о знаменитом «медресе» иногда расходилась по всему уезду и даже за пределами его.

Как в мектебах, так и в медресе люди обучались по методу «кадими» (старый).

Сущность этого метода заключалась в том, что вместо каждой буквы произносились целые слоги, как было прежде и у русских, например, «алипе» (аз), «би» (буки), «гайн» (глагол) и т.д. Алфавит был арабский. Это тоже затрудняло обучение: в арабском алфавите совершенно не существует самостоятельного изображения звука «е», «у», «я» и, наоборот, много букв, соответствующий звук которых в киргизском разговорном языке совсем не встречается. Кроме того, в письме глас-

ные звуки не пишутся, потому слова читаются наугад или просто по звучанию.

Безусловно, такие затруднения очень тяжело отражались на учащихся. Учиться 5–6 лет и все же не уметь самостоятельно читать и писать, – это не редкость среди киргиз. Недаром сложилась у нас очень правильная поговорка, что «учиться труднее, чем иголкой выкопать колодец».

Второй особенностью «кадимистического» обучения было то, что весь смысл образования понимался в прочитывании в систематическом порядке известных турецких и арабских книг. Человек, прочитавший установленное количество таких книг, считался уже «окончившим курс учения всех наук» и его называли «образованным» человеком.

Изучение всяких светских наук рассматривалось представителями кадимистического направления, как дело анти-исламическое и они всеми силами старались вкоренить в понятие темной массы идею, противоположную жадидистическому направлению, о котором речь будет впереди.

Кадимизм существовал не только у киргиз, его придерживались и татары.

Кадимизмом (фанатизм) объясняется отсталость во всех отношениях вообще всех мусульман России.

Кадимизм среди киргиз долго не продержался, хотя он окончательно не изжит и до сего времени.

Сначала нынешнего столетия, приблизительно, начиная с 1905 года (где раньше, где позже) в степи появляются учителя-киргизы из новых преобразованных татарских и турецких школ. Этих учителей кадимисты называли «жадидами» (новый). Первые в свою очередь получили свое название от жадидов. На первое время киргизы встретили «жадидов» очень негостеприимно, но с каждым годом жадиды завоевывали симпатию и в настоящее время «жадизм» является господствующим направлением.

Сущность «жадиди» заключается в следующем: упрощенный, звуковой метод обучения; наравне с вероучением проходятся и светские науки (арифметика, география, естествознание и т.д.). Дело начального образования среди киргизов пошло успешнее после выхода в свет грамматики А.Байтурсунова.

В деле народного образования среди киргиз играли и продолжают играть немаловажную роль, а пожалуй и решающую, русско- киргизские аульные школы.

Многие патриоты-киргизы обвиняют первых пионеров этих школ (Ильминского, Алекторова и др.) в миссионерстве и в покушении их на ислам.

Разделяя отчасти этот взгляд и не входя в подробную характеристику деятельности миссионеров в степи, я отдаю им должное. Они сделали для киргиз: много хорошего.

Аульные школы выдвинули из среды киргиз многих видных и полезных работников для народа.

Без преувеличения можно сказать, что подавляющее большинство, если не вся киргизская интеллигенция – питомцы аульных русско-киргизских школ.

Заглянем теперь на современное положение народного образования среди киргиз.

Как сказано выше, аульные русско-киргизские школы начинают появляться в степи с конца прошлого XIX века.

В Омском уезде, где киргизское население считается одним из наиболее просвещенных по сравнению с другими уездами, первая киргизская школа возникла в 1902 году.

В 1903 году открылась другая, в 1904 г. – две, и год от году число их возрастало.

В том же Омском уезде в 1918–19 учебном году имеется 31 аульная русско-киргизская школа (впрочем одна не функционирует), где обучаются 460 детей обоего пола – из них 404 мальчика и 56 девочек.

Большинство аульных школ составляет 10% общего числа имеющихся в уезде начальных училищ, а между тем киргизское население уезда составляет 25% общего числа жителей. Таким образом, в отношении народного просвещения киргизы отстают от крестьян почти в два с половиною раза.

Не располагая, к сожалению, цифровыми данными о состоянии народного образования, касающимися всех областей с киргизским населением, я беру 2 типичных области – Акмолинскую и Семипалатинскую, о которых имеются точные сведения.

К 1-му января 1915 года в этих областях было (цифры заимствованы из диаграмм Н.П.Никитина).

Области	Число киргизских детей школьного возраста	Из них обучалось	%	мальчиков	девочек
Акмолинская	50 670	2 530	5%	94%	6%
Семипалатинская	60 840	1 764	3%		
ИТОГО	111 510	4 294	4%	–	–

Следовательно, из имеющихся 111510 детей школьного возраста обучалось только 4294 детей, что составляет всего лишь 4%.

Таким образом, чтобы заполнить пробел, потребовалось бы открыть еще 2000 школ, полагая по 50 человек на каждую школу (что очень сомнительно). Если открывать каждый год по 200 школ (то же невозможно, ибо за 4 года 800 школ не открылось), то потребовалось бы минимум еще 10 лет, чтобы все киргизские дети обучались в школах.

Это еще не беда!

А откуда же подыскать 200 хорошо подготовленных учителей, знающих киргизский язык? Это тем более, что число народных учителей за последнее время не только не увеличивается, но заметно уменьшается. Это объясняется тем, что почти все учителя аульных русско-киргизских школ довоенного времени, т.е. 1914–15 годов, были исключительно крещенные казанские татары, которые с наступлением Великой войны призывались на военную службу и вынуждены были оставить школы.

После их ухода в аульные школы были назначены так называемые «заместители», которые замещают до сего времени. Образовательная цена таких заместителей не выше объема курса 2-х классных русско-киргизских училищ. Так, например, в Омском уезде из имеющихся 31 учителей – 26 окончившие 2-х классные русско-киргизские училища, 8 – с учительским званием, 1

окончил учительскую семинарию и 1 окончила 6-классную женскую гимназию.

Безусловно, при такой недостаточной подготовке нельзя признать этих учителей вполне отвечающими своему назначению. Наряду с увеличением числа аульных русско-киргизских школ постановка преподавания в них все ухудшается и ухудшается.

«Многие учителя не посещают даже аккуратно школы. Есть случаи, когда некоторые из них ходили на охоту или гостили у знакомых «баев», или же просто жили дома, не поехав на место назначения. А между тем, посылались в надлежащие учреждения все сведения о ходе занятий в школе, числе учащихся и т.п.» (Записано со слов члена Омского уезда Зем. Управы Какенова). Во время своей поездки в степь он встречал таких несколько человек.

Конечно, высказанные явления болезненны и их во что бы то ни стало необходимо искоренить. Они объясняются малой подготовленностью, а следовательно, безыдейностью таких учителей. В смысле духовного воздействия на них и поднятия педагогического опыта их большие надежды полагаем на земство.

Земство должно устраивать в каникулярное время периодические курсы для пополнения образования народных киргизских учителей.

Некоторыми земствами в этом направлении принимаются определенные меры. Например, Акмолинское областное земство ассигновало на устройство таких курсов летом 1919 года 70000 руб.

(Вообще на киргизское образование смета на 1919 г. до I августа определена в 339000 р.). Оно же содержит в г.Омске и Атбасаре педагогические киргизские курсы, из которых предполагается выпустить подготовленных работников на ниве народного просвещения. На Атбасарских курсах около 50 чел., на Омских – около 30 человек. Наконец, оно же организовало летом 1918 г. краткосрочные педагогические курсы, которые выпустили 67 человек – учителей-мугалимов. К сожалению, эти мугалимы до сего времени находятся в бездействии, ибо предполагавшихся 100 мектебов в Акмолинской области еще не открыты, за исключением Петропавловского уезда, где в настоящее время функционирует около 50 мектебов.

Такой же план работы и в Семипалатинском и Омском уездных земствах.

В Семипалатинске идут уже вторые курсы (первые курсы были зимой 1918 г.).

Распространение образования среди киргиз путем устройства краткосрочных курсов для данного момента дело самое целесообразное. Людей с начальным образованием, но остающихся до сего времени не у дел, среди киргиз найдется порядочное количество.

Вот этих-то людей нужно использовать в качестве народных учителей, инструкторов-культурников, библиотекарей и проч., разумеется, предварительно подготовив их на специальных курсах для соответствующих должностей.

Для поднятия культурного уровня киргизского народа немалую роль играет распространение среди них внешкольного образования в самом широком объеме.

Внешкольное образование будет иметь орудиями народные дома, избы-читальни, народные театры, библиотеки. Все это среди киргиз найдет живой отклик.

От нечего делать киргизы зимою гостят друг у друга и непроизводительно употребляются громадные запасы мяса и всякого продовольствия. Бедные киргизы, не смея противиться обычаю гостеприимства, иногда прямо разоряются от угощения гостей. Для веселого летом, но угрюмого зимою киргиза избы-читальни, народные театры и библиотеки будут служить единственным и неизбежным местом для отдыха и развлечений, и они прекратят бессмысленное гуляние от аула к аулу.

Киргизские кооперативы, как первой степени, так и союзы (хотя их почти нет) и кооперативные союзы у крестьян, куда входит кооперированное киргизское население, должны обратить на культурно-просветительную деятельность самое сугубое внимание. Они тоже должны устраивать, сообразно, конечно, финансовой мощи, краткосрочные киргизские курсы.

Каждый человек, работающий на благо народа, независимо от того, будет ли он земец, кооператор, общественный деятель, русский, киргиз и проч., должен крепко и навсегда запомнить, что без образования, без достаточного сознания глубоких народных масс, все его чаяния в лучшую сторону будут или малопродуктивны, или совсем напрасны. У непросвещенного и невежественного

народа нет и крепких убеждений; все сложные механизмы современной жизни вне досягаемости его умственного кругозора, а следовательно, он легче всех поддается всяким искушениям демагогов и проходимцев.

Наряду со всякими нововведениями среди киргиз надо поставить и народное просвещение, тем более, положение народного образования, насколько видно из вышесказанного, оставляет желать многого.

II. Народное здравие

Что придется сказать мне по этому вопросу?

Во-первых, я должен перечислить те болезни, более или менее представляющие опасность, ибо все болезни, встречающиеся в настоящее время в степи едва ли я в состоянии перечислить.

Назовем свирепствующую в ауле оспу, тиф всех видов, глазные болезни, ревматизм, чахотку и сифилис. При чем надо заметить, что две последние болезни (чахотка и сифилис) стали замечаться в степи совершенно недавно. Они явились прямым следствием соприкосновения киргиз с цивилизованным миром.

Прежде киргизы лечились (впрочем и теперь так) исключительно «домашними способами». В каждом округе или районе имелись знахари, которые, смотря по «специальности», носили разные названия. Так, например, знахарь, который лечил сумасшедших, назывался «баксы», лечивший чахотку, тйф, ревматизм «даргер», лечивший животных – «оташи» и т.д.

Обычно знахарь-лекарь соединял в себе и знахаря-предсказателя. Например, если лекарь чахотки умел и предсказывать, т.е. угадать болезнь, то его уже называли «тамырчи даргер», при чем так назывались только те, которые узнавали болезнь по пульсу.

Таким образом существовали Целые категории знахарей-предсказателей, которые опять-таки, смотря по тому, с помощью чего предсказывают, носили различные названия: «кумалакши» – предсказатель с помощью сорока одного шарика, «тамырчи» – пульса, «ктаб котергиш» – книги, «жаурынчи» – лопаточной кости и т.д.

Безусловно, такие знахари не столько помогали киргизу во время его болезни, сколько способствовали их развитию.

Лекарства, приписанные больным, представляли из себя смесь самых ядовитых средств, как киноварь, мышьяк, сулема и т.п. Интересно отметить то, что большинство (если не все) знахарей, за исключением «баксов», были не киргизы. Они были или выходцы из Бухары или татары. Такие «иностранные» знахари назывались «табибами», что в вольном переводе означает «безошибочный доктор». Табибы (по замечанию Киргизской степной газеты, выходившей в Омске) – это татарские выходцы, эксплуатирующие население и употребляющие при лечении такие сильнодействующие средства, как сулема и киноварь. Пользуясь невежеством киргиз, «табибы» собирали обильную дань за свое часто вредное лечение.

Рассмотрим современное состояние народного здравия среди киргиз. Вот что писалось по этому вопросу несколько лет тому назад в обзоре Акмолинской области: «Масса больных в каждом уезде, по дальности расстояния от врачебных пунктов и невозможности доставки тяжело больных, остается без врачебной помощи... Увеличение числа больниц является в области тем более желательным, что киргизское население питает мало доверия к врачам, а амбулаторное лечение, которое может оказать врач при кратковременном посещении, при объезде уезда, крайне несовершенно, ибо врач за недостатком времени не наблюдает больного и, дав лекарства, уезжает дальше, а потому не может внушать доверия к медицинской помощи. Только в больнице, наблюдая больного известное время, врач может поставить правильный диагноз и назначить соответствующее лечение или сделать операцию, и несколько удачных случаев излечения в больнице быстро распространяются по степи и доставляют среди ближайших аулов доверие к больницам».

В 1903 г. в Акмолинской обл. с пространством, равным 4702200 кв. верст было для всего населения (исключая казаков) 9 больниц, а к I января 1919 г., т.е. через 15 лет, насчитывалось уже 28 врачебных участков и 61 фельдшерский пункт. Безусловно, увеличение порядочное, но отсюда нельзя заключить, что в отношении медицинской помощи население в достаточной мере обеспечено и по прежнему ощущается острая нужда в опытных врачах и фельдшерах, а главное, в

необходимых медикаментах. Болезни среди киргиз не только не уменьшаются, но наоборот появляются год от году все новые болезни.

В данное время в степи свирепствует тиф всех видов (брюшной, сыпной и возвратный), действие тифа в ауле настолько опустошительно, что оно совершенно стушевывает все прочие болезни. Чахотка, ревматизм и кожные болезни в сравнении с тифом сделались почти «обычным явлением»,

В восточной части Петропавловского уезда есть аулы, где тифом хворают уже круглый год. Выздоровевшие киргизы от брюшного заболевают сыпным и наоборот.

Почти каждый номер киргизских газет помещает на своих страницах корреспонденции об ужасном тифе.

Приведу характерную для переживаемого момента среди киргиз одну корреспонденцию из Кустанайского уезда, Тургайской обл., помещенную в газете «Сары-Арка» (№ 73, 1919 г.).

«В степи свирепствует тиф. Уже больше года, как он (тиф) появился, но опасность еще не миновала. Нет у нас доктора, и население не старается обратиться к нему. «Сам бог послал болезнь, Сам и излечит», говорят здешние жители. Таким образом, больным никакой врачебной помощи не оказывается, а если оказывается, то это – помощь баксов[1] и знахарей. Почти каждый день бывают смертные случаи. Больные бредят и убегают во двор. В таких случаях их привязывают к столбу.

В январе на урочище «Карабалык», №6 аула, один киргиз захворал тифом и начал бредить. Привезли «баксу», который, осмотрев больного, «установил», что в него вселились черти и стали бить его. И без того слабый больной потерял сознание. И вот, когда в один день баксы опять подошел к больному, последний, не имея сил возразить, оцарапал ему лицо. Баксы стал бить «чертей в больном» пуще прежнего... Несчастный так и умер под нагайкой «лекаря».

Словом, вся киргизская степь охвачена в настоящее время этой ужасной болезнью. Тиф является одной из причин нынешней голодовки скота в степи. Дело в том,

[1] Знахари, которые лечат сумашедших.

что тиф застал киргиз прошлым летом, как раз во время сенокоса. Делать было нечего, пришлось приостановить работу и многие киргизы не могли запастись достаточным количеством сена. Таким образом, киргизы очутились в самом бедственном положении. Если к этому прибавить беспечность киргиз да суровую и продолжительную зиму, то вполне естественно, что киргизский скот падает тысячами от голода и холода.

Последствия тифа были непоправимы и в том отношении, что многие киргизы не имели возможности даже поехать в соседнее село или аул хотя бы за покупкой предметов первой необходимости (чай, спички и т.п.). Это явление повлекло за собой еще много бед, доводя семью больного до полного истощения. Последнее порождало массу побочных болезней, связанных с голодом.

Опаснее всего то, что киргизский аул не пережил еще весь трагизм тифа, а он находится сейчас в периоде полного развития.

Нужно во что бы ни стало помочь населению, и помощь требуется неотложная. Но опять-таки, главный вопрос заключается в том, на кого надеяться? Кто будет помогать? Ответить на этот вопрос весьма и весьма затруднительно!

Разумеется, первый ответ – Земство. Но Сибирское Земство страдает общим недугом – безденежья. Финансовый вопрос земства еще больше усложняется в свою очередь в связи с бедственным положением киргиз, которые естественно не в силе уплатить следуемые с них земские сборы.

Остается пожелать все же таки земству, чтобы оно, по силе возможности, спасло умирающее население. Для этого ему нужно в первую очередь организовать рациональную постановку дела в ныне существующих больницах и фельдшерских пунктах, чтобы этим хоть сколько-нибудь предотвратить надвигающуюся опасность, тем более, что среди киргиз наблюдается не один только тиф, но и некоторые виды эпидемий, в частности холера и т.п. Во-вторых, земству нужно издавать на киргизском языке общедоступные листовки и брошюрки по вопросам медицины и санитарии, чтобы этим способствовать наибольшей сопротивляемости населения эпидемическим заболеваниям.

ЖАСТАРҒА – ЖАҢА ЖОЛ

СӨЗ БАСЫ

Былтыр қыс Семейде шығатын «Қазақ тілі» газетінде «Жастарға жаңа жол» деген бір мақала басылды. Ол мақалада жастардың жаңа жолы туралы қысқаша ғана айтылған еді. Содан кейін газет бетінде болсын, іс жүзінде болсын, жастарға көңіл қойып, олар үшін жұмыс қылған жолдастар аз болды.

Тұрмыс жаңа, заман өзгерілді. Асса бүкіл қазақ, қалса жалпы жастарға оянатын, ойланатын уақыт жетті. Жетпек түгіл, асып та барады. Енді бөгелерлік, кідірерлік жөн қалған жоқ.

36922

Соңғы уақыттарда жастардың ойлағандығы біліне бастады. Ауылдарда жастардың ұйымдары ашылып жатыр. Бірақ жергілікті жолдастардан алған хаттарға қарағанда ашылған ұйымдар тек қағаз жүзінде ғана қалып жатқан түрі бар. Қолданарлық, мағлұмат аларлық әдебиеттің жоқтығы үлкен қиыншылық жасайтын көрінеді. Осы айтылған мұқтаждықты жою жолында аз да болса себеп болар ма екен деген ниетпен бұл кітапшаны жолдастарымыздың алдына ұсынып отырмыз.

Мұндағы жазылған сөздер биыл Орынборда болып өткен жастар курсінде оқыған жазушының лекциялары. Уақыттың аздығы һәм басқа жұмыстардың қабатталуы себебінен кітапша бола алмады.

Тиісті материалдар тауып, әр бір мәселеге жетік сын беруге көп уақыт керек.

Әйтсе де жолдастарым осы күйінше болса да бүкіл кітапшаның дүниеге шығуын өтінді. Кітапшаның жазылуы жақсы ма, жаман ба, оны сынау менің міндетім емес. Бұл кітапшаны жазғандағы мақсатымыз: жастардың көңілін ояту, пікірін қозғалту, жігерін туғызу, басын қосу.

Осы айтылған мақсұттардың оннан бірі орындалса, жазушының еңбегі босқа кетпегені.

Смағұл Сәдуақасов

Орынбор, 31 декабрь, 1920 жыл.

I. Қазақ жастарының бұрынғы тұрмысы

Мысал үшін алайық: Сен бір кедейдің баласы екенсің. Туғаннан еш жақсылық көрмедің. Сені жөндеп тәрбиелейтін әкеңде қаражат болмады. Апыл-тапыл

аяғынды басып сен төрт-беске келдің. Шешең сені бір байдың баласын тербетуге қойды. О ғып, бұ ғып жетісегізге жеттің. Жұрттың балалары мектепке бара жатыр. Қолдарында – әдемі кітаптары, қарындаштары, қағаздары бар. Сенің де барғың келеді. Жоқ, бара алмайсың! Шешең сені бұзаудың соңына салып қойды. Онға, он бірге келдің. Оқуға барса әлі де болса кеш емес.

Жоқ. Енді саған әкең ие болды. Ол сені бір байға жалдады. Өз еңбегінен шыр бітпеген соң, сенің де еңбегіңді пайдаланғысы келді. Сен жұмыскер болдың. Пысық болсаң, шөп шабуға жарадың, мал бағуға жарадың. Ынжық болсаң, қазан асуға, самауыр қоюға, сиыр сауғызуға жарадың.

Қызғалдақтай жаңа өсіп келе жатқан жас денең жас басыңнан сола бастады. Асыл тастай жаутаңдаған екі көзің, қып-қызыл алмадай дөңгелеген екі бетің күннен-күнге шырайы кетіп, бозара бастады. Жаңа лепіріп келе жатқан көңілің басылып, мұңая бастады. Сен басқа жұрттан бөлек бір адам секілдене бастадың. Өзгеден гөрі ақылсыз, өзгеден гөрі төменірек екендігің білінген секілді болды. Анау қораның көңі, анау ас үйдің түтіні сенің еншіңе біткен, сен үшін жаралған секілді болды. Саған одан басқа тәтті тұрмыс, жақсылық, рахат, басқа жұрттың көрген адам секілді өмірі жоқ болғандай болды.

Сені адам санына қосатын кісі болмады. Әкең де ұрысады: – Тыңда, оңбаған, байдың сөзін, бай теріс айтпайды, – дейді. Шешең де ұрысады:

– Ойнамай жүр, сорлы бала боп туған қағынды. Жұмысыңды біл, – дейді.

Саған бай да ақырады:

– Айда, бас аяғынды қылжаңдамай, маған істемейсің, малыма істейсің, – дейді.

Саған көңілі ашыр, достық етер бір кісі жоқ.

Мұндай қиын жұмысқа шыдай алмай, сен ауруға шалдықтың. Тұрмысың бұрынғыдан да ауырлады. Сол кезде сен кітап көтерткелі молдаға барасың.

– Молдаеке, ауырып жүрмін, кітап көтеріңізші, – дейсің.

О да саған көңіл жұбанарлық сөз айтпайды.

– Қайтесің, шырағым, адамнан көрме, құдайдан көр.

Құдайыңа жыла, құдай аямаған адамды кісі аяғанмен тұк шықпайды, – дейді.

Сен жылайсың!.. Ойлайсың!.. Дүниеге адам болып жаратылғаныңа риза емессің...

Сөйтіп азап шегіп жүргенде сен жігіт болып қаласың! Үлкен, отызға келген кісі боласың. Әлі баяғы қалпың, оңған ештемең жоқ. Әкең селкілдеген шал болды, шешең алжыған кемпір болды. Екеуі де жұмысқа жарамайды. Оларды асырау керек, сақтау керек. Қалтаңда тиының жоқ, қораңда жалғыз қараң жоқ. Үйіңде тірі өлік, селкілдеген екі қарттан басқа дымың жоқ. Сен отыздан асып барасың. Сақал шықты, мұрт өсті. Әлі дым жоқ. Көңіл жұбанарлық, дүниенің қызығы балаң жоқ. Бала түгіл, бала табар «анаң» жоқ. Оны алатын қалтаңда сенің сылдыраған дәнеңе жоқ. Қарасаң, алдың жар, артың – соқпақ.

Маңайыңа айнала көз салсаң, жұрттың бәрі тегіс сендей емес. Олардың көбі сенен бақытты. Оларда бәрі бар. Күні кеше өзің ойнатып жүрген байдың баласында бір түгіл, екі қатын бар. Екеуі де әдемі, сұлу, жақсы, ақылды, әдепті. Бір өзінде бес бала бар. Балалары да әдемі, жақсы, «ақылды».

Сен сорлы төрт жасыңнан бері бір қатынға шаманың келмеді. Жасың отыздан асқанша әйелдің махаббаты не екенін білмедің. Оның «қарағым, сәулем» деген тәтті, жылы сөздерін әлі бір естіп көрмедің.

– Анау? Бай баласы?

– Ол, міне екеуді алып отыр. Екеуі де күні-түні соны күтуден босанбайды. «Біздің мырза, біздің батыр» дейді. Мырзаны өз қатыны түгіл, бүкіл ауылдың қатындары құрметтейді. Бәрі де шын атын атамай, біреуі «еркем» дейді, екіншісі «төрем» дейді, үшіншісі «батыр», төртіншісі «сал жігіт» дейді. Оның бәрінің үстіне бұл байдың баласын бүкіл жұрт біледі. Бұл да көпті біледі. Бұл оқиды, бұл газет алдырады. Бұл кітап оқиды. Дүниенің бәрі бұған таныс.

Сонысына қарай ол өзі тұк істемейді. Жатады. Оған дүниенің бәрі «көктен түседі». Жұрттың бәрі оның пайдасын іздейді.

Сен ше?

Сен бақытсыз, сені ешкім қолдамайды. Сен ешкімге сүйікті емессің. Сені ешкім білмейді, көрмейді, аямайды. Сен де ешкімді білмейсің, көрмейсің, аямайсың...

Сенің елжіреген жас жүрегің қап-қатты, қас болып бітті. Сенің үлбіреген жас тәнің бұжыр-бұжыр мүйіз болып бітті. Жаудыраған екі көзің тұнжырап, тот басқан асылша, алмадай қызыл екі бетің қап-қара, ыстаған қара қазанша болып, сені бір түрлі өзгертіп жіберді.

Сен жылайсың. Көктен тілейсің, жерден тілейсің. Ақырында құрғақ тілеген екі көзің төрт болады. Сөйтіп жүріп, бір күні «рахат» табасың. Көзіңе топырақ құйылады. Топыраққа көзің бір тояды.

II. Неліктен бұл бұлай болды?

Жоғарғы айтқандардың бәріне себеп – ол ескі заң, ескі тәртіп. Бұрынғы заң бойынша қазақтың байында көп жер болатын. Ол жерді бай тілесе сатады, тілесе өзі пайдаланады. Кедей екі дөңгелек жалғыз арбасымен қыстаудан жиырма, отыз шақырым жерден шөп тасығанда ауылдың маңайының бәрі байдікі. Ол жерге қысты күні байдың жабағылары, арықтары жайылады. Кедей сорлы шолақ атымен яки соқыр егізімен он бес жиырма шақырымға итпектеп жүргенде, қыс түсіп кетіп, ол шөпсіз қалады.

Сөйтіп жүріп ол кедей – байдың құлы. Оның биесін сауғызу, қиын үю, помыштап (үмелеп) үйін салу мұның бәрі кедейдің міндеті секілді. Бұл істеген жұмыстар үшін кедей байдан саумал ішеді. Шала мүжілген сүйегін кеміреді. Бұдан басқа кедей байдан ат майын мінеді. Сиыр сүтін сауады. Бірақ ол аттың арқасын жауыр қылса, табандаған үш жыл жалшылыққа жүреді, сиырдың сүтін сауса; оның қыстай асырап береді.

Қазақта бір сөз бар: «кедейдің байда, кем дегенде, жылында тоқтылы саулықтың құнындай ақысы кетеді» деген. Біз айтар едік: «Бір саулықтың емес, он саулықтың құны кетеді» деп.

Бұның бәрінің үстіне байда барлық билік. Ол – болыс, ол – би, ол – ауылнай. Салық келсе, кедей мен байға бірдей салынады. Лау болса, үй басы бірдей тартады. Шығын болса, түндікке түседі. Ал енді бір жақтан түсім болса, оны бай жеке олжаланады. Жұрттың бәрі оны құрметтейді. Оның сөзін сөйлейді. Жұмыс қараса да, төрені оған береді.

«Пайданы бай қылады» дегендей, бай күннен-күнге ұлғая береді, кедей құлдырай береді.

Бұл айтқанға қосымша: бай біліп тұр. Ол мектептен оқиды. Ол молда ұстайды. Молда оның сөзін сөйлейді. Ол жұртқа тоқтау салған болады. Ашаршылдық болса, байдың рақымсыздығын айтпай, берекенің кеткендігін айтады. Жұрт ауырса, тұрмыстың ауырлығы себеп болды демей, «көктен түсті» дейді. Кедей байға қарсы сөйлейін десе, «ақырзаман жуықтады, жұрт бірін-бірі сыйлаудан қалды» дейді.

Бір жағынан тұрып, ескінің шалдары соғады:

– Ойбой!.. Пәленшенің байлығын кім жоюшы еді, құдай бергенді кім алушы еді. Атасы түгеншеден бері қоры үзілмей келе жатқан ол дәулет тепкілесек кетуші ме еді, – дейді.

Олардың кедейге айтатыны:

– Ата-бабаң оңбаған, сен қайтіп оңасың? Дәулет кісісін біледі. Орнайтын жеріне өзі орнайды, – дейді.

Туғалы естігенің осы секілді сөздер болған соң өзіңнен-өзің көніп, мойынсұнып, әлгі айтылғандарға илана бастайсың. Пәленше мырзадай бай болу, ондай рахат тұрмысты көру саған бір түрлі қол жетпейтін, ақылға сыймайтын сандырақ секілді көрінеді. Өзіңе-өзің бір түрлі осал, әлсіз адам деп сыналасың. Таңертеңнен кешке дейін жүресің, өндірген ештемең жоқ. Саған жалқаулық кіріп, еңсең түсе бастайды. «Бір теңге тепкілесе кетпейді, мың теңге қайткенде де бітпейді» дейсің бе, әртүрлі лайықсыз жұмыстарға айналасың. Карта ойнайсың ба, керек, басқа пайдасыз орындарға жұмсайсың ба, әйтеуір қалтандағы барыңды жібере бересің. Ақырында сен – қайыршы. Сен – жалшы. Сен – сорлы. Сен бақытсыз...

Қарап отырсақ, бәрінің қожасы сен. Анау топтаған жылқыны, сиырды, қойды бағатын сен. Олар сенің еңбегіңмен тұрады. Анау үйлерді, қораны салған, шөпті шапқан сен. Анау арбаны істеген, қамыт-сайманды жасаған сен. Бәрі сенің еңбегің, сенің табан ақы, маңдай терің. Олай болса, неліктен сен бақытсыз болып отырсың?

Жауап біреу. Бәрі тұрмыстан, заң-жобадан. Тұрмысты өзгертсе, заң-жобаны өзгертсе, адамның өмірі де өзгермекші.

Ш. Болашақ кімдікі?

Кейбіреулер айтар:

– Сөзіңнің бәрі де рас. Тұрмыс әділсіз, бірақ маған бәрі бір. Енді біраз жылдан соң өзім де жоқ боламын. Сондықтан сақалымның ағында, өлерімнің шағында әуре болмаймын, – деп.

Жастар бұлай айтпайды. Олардың көретіні алдында. Қазіргі тұрмыстың жақсысы да, жаманы да – бәрі соңыра жастардың мойнына түседі. Сол себепті жастар: «маған бәрі бір, қалған жасымда осылай-ақ күнелтем» дей алмайды. Бәлки, болашақ тұрмысын әділдік негізімен орнату үшін олар осы күннен іске кірісуі керек.

Біздің алдымызда адам айтар емес көп жұмыстар жатыр. Қазақ халқы бөлек автономиялы жұрт болды. Өз билігін өз қолына алды деп отырмыз. Бұл алған автономияны дұрыстап жүргізіп әкетпесек құр бөлек мемлекет болдық деп мақтанғаннан ешнәрсе шықпайды. Бізге бостандықты орыстың еңбекшіл табы әперіп отыр. Сондықтан автономиямызды да еңбекшілдер билейтін болуы керек.

Қазақтың еңбекшілеріне келсек, олар әлі білімсіз, қараңғы, надан. Олар билікті бір күнде алып кету түгіл, совет өкіметінің заң-жобасы, түпкі негізі қалай екенін де білмейді. Оларды үйрету керек, ұғындыру керек.

Айтса тез түсінетін, көңілі тез жібитін жастар. Соларды үйретіп, ұғындырып, бар күшті соларға салу керек.

Бүкіл мемлекет ісін түзету, неше миллион халықтың тағдырын шешу, Каспий теңізі мен Қытай граніне (шекарасына) шейін созылған байтақ кең даланы дұрыстап ұстап тұру оңай жұмыс емес. Бір күннің ішінде көз ашып жұмғанша бұның бәрін аударып-төңкеріп тастауға келмейді. Шаруаның ыңғайына қарай, тұрмыстың жайына қарай бірте-бірте өзгеретін нәрсе.

Ең әуелі бізге оқу керек. Не бар, не жоқ, не жақсы, не жаман соны білу керек. Одан соң дұрысын айтқанда, осымен қатар шаруаны түзету керек. Жер мәселесі – шешілмеген мәселенің бірі. Оны шешу керек. Азық-түлік мәселесі бар. Оған көзқарасымыз анық-ашық болуы керек. Бұл екі мәселе бұрынғыдай болып шешілуі дұрыс емес. Нашардың хақын жуандар жемейтін қылу керек.

Одан кейін әскерлік мәселесі бар. Байдың баласы қалып, кедейдің баласы нахақ кетеді. Бұны да тоқтату керек. Әділдік, бірдейлік тәртібі құрылсын.

Онан соң, әйел мәселесі бар. Қазақтың әйелдері осы күнге дейін күң болып келді. Қақ жартысы әлі құл болып отырған жұрт мен еркіншілік алдым деп кеудесін қаға алмайды. Сексендегі байға он алтыдағы уылжыған келіншекті құшақтатып қойып, оған адамшылық негізін табанына бастырып, отыздағы, жиырма бестегі қылшылдаған жас жігіттерді жазығы малы жоқ деп, адам санына қоспай тастау жарамайтын жұмыс. Тұп-тура пышақ кескендей бұл секілді әділетсіздіктің тамырын түбінен қырқу керек. Бұл жұмысты үлкендер істемейді. Олар аларын алып, тиері тиіп қойды. Оларға ендігі қалған жасына бәрі бір. Сондықтан бұл да жастардың жұмысы.

Қазақтың жұмыскер балаларын, нашарлардың балаларын алсақ, бұлар аты адам, екі аяғы бар дегенің болмаса, әлі адам санына қосылған жоқ. Ертеңнен қара кешке дейін істейтіндері жұмыс. Қой бағу, сиыр суару, су тасу, бие сауғызу, шөп шабу, отын бұтау. Жұмыстан босағандағы істейтіні бұзақылық, боқтау, төбелесу, ұрлық қылу. Бұлардың тұрмысына қарасақ, биттеу, кірлеу, ауру, үсті-басы жыртылу. Қазақтың бәрі бірдей мың айдап отырған жоқ. Көбісі осындай тобанаяқ, жыртық күпілер. Біз қазақтың еңбекшілерінің, нашарларының пайдасын іздейтін болсақ, бұларға көз салып, бұл мәселені бірінші жұмысымыз қылып ұстау керек. Бұл кімнің жұмысы? Кімнің қолынан келеді? Әрине, жастардың жұмысы. Солардың қолынан келеді.

Ал енді мынаған келейік. Осы күні біз ел ішінде совет өкіметін орнатып жатырмыз. Ауылдық советтер һәм болыстық исполкомдар (атқарушы комитеттер) сайлап отырмыз. Байлар, жуандар, баяғы ел билеп, жөн сілтеп үйреніп қалған өңшең «сабаздар» билікті анық еңбекшілерге билетпей, өздері алып кетіп жатыр. «Нашар – білімсіз, нашардың қолынан тұк келмейді» деп отыра берсек, ол нашар өмірінде билікті қолына ала алмайды. Сондықтан осы бастан іске кірісу тиіс. Кәрілер билікті берсең де алмайды. «Мені, шырақтарым, әуре қылмаңдар, маған бұл дүниеден ол дүние жуық» дейді.

Бұл жұмыс кімдікі?

Әрине, бұ да жастардікі.

Сонымен алдымызда тұрған қай мәселені алсақ та, бәрі – жастардікі. Оқуды алайық. Жер мәселесін алайық. Азық-түлік, шаруа, совет билігіне қатынасу – бәрі де жалғыз-ақ жастардың қолынан келетін жұмыстар.

Олай болса, болашақ жастардікі!

IV. Қайтсе жастар мақсаттарына жетеді?

Әлгі айтқандар көңіліне жақпайтын біреу былай деуге мүмкін:

– Жаным, жастар, жастар деп байыттың. Сол жастарың қайда? Қойшыбайдың нас баласын әкеліп болыс қылам дегенің масқара емес пе, – деп.

Бұндай сөзге біз былай жауап береміз:

– Әрине, құр жастар дегеннен ешнәрсе өнбейді. Айту бір басқа, ол айтқанды орындау бір басқа. Жастар осы күндегідей езіліп жаншылып, айтқанға көніп, арбаға жеккен өгізше жүре берсе, қазан асқаны қазанын біліп, одан басқа ешнәрседен хабардар болмаса, енді мың жыл өмір сүрсе де түк өндірмейді. Баяғы қалып, баяғы салт бола бермекші. Онда жоғарғы айтқандардың бәрі желге кеткен бір сөз болып шығады.

Сонымен жастарға не істеу керек?

Оларға ұйымдасу, бірлесу керек.

Ол ұйымдарында жастар болашақ тұрмысқа даярланып, өткеннен тәжірибе алып, үйреніп, білімін толтырады.

Қазақ ауылдарының аралары бірінен-бірі алыс. Бір ауылда көп болса елу-алпыс, әйтпесе он бес үй. Кейбір жерлерде екі үй, бір үйлерден отырған ауылдар да бар. Бұл ауылдардың жастары бірін-бірі жақсы білмейді. Жақын таныс емес. Ұйымдасса, бірлессе аралары жуықтап сөздерін бір жерден шығаруға жақсы болады. Оның бір жағынан әртүрлі жиылыстарда, кеңестерде біреуі ананы айтып, екіншісі мынаны айтса, керекті сөздерінен жаңылып қалуға мүмкін. Я болмаса, екі жерде екі жас біріне-бір қарсы айтып салуы да ғажап емес. Осындай өзара тәртіпсіздік болмас үшін жастарға тағы ұйымдасу, бірлесу қажет болады.

Жоғарыда біз айттық: жастар үйрену керек, оқу керек деп. Әр қайсысы өз білімін көздеп, әрқайсысы өз ойына келгенді үйренсе, онда тағы жастар мақсатына жете алмайды. Өйткені жігіт басы бір-бір газеттен алдырып, бір-бір мектептен салдыруға болмайды.

Сондықтан бұның да ұйымдаспай, бірлеспей реті келмейді.

Онан соң, жастар дегенде, жалғыз қазақтың жасын алуға тағы болмайды. Себебі (мысал үшін алайық) қазақтың жастары әділдік болсын деп отырғанмен, орыстың жастары айтқаныңа көнбесе, баяғы Николай заманы қайта тұрған есебі болады. Сондықтан орыстың жастары да ұйым жасап, олар да біздей ақ жүрек болу шарт. Сонда ғана олардың сөздері бір жерден шығады. Бұлай болғанда орыстар бізбен жеке-жеке сөйлесіп отырмайды (өте қолайсыз). Бұл ретінен қарағанда ұйым жасау керек.

Тағы да бір айтатын сөз: әйтеуір жас екенмін, менің күнім туды деп, біреулер көрінгенге соқтыға берер. «Мен – кедей, әкел маған» деп, біреудің атын тартып алар, «менің қатыным жоқ» деп, еріксіз біреудің қызын алып кетер һәм басқа сол секілді бүліншіліктер жасар. Онда жүрт жастардың айтқанына көнбек түгіл, бүкіл жас атаулыға өш болып кетер. Оларды жердің жүзін жалмай келген яжуси-мәжусиден кейін көрмес.

Анық еңбекшіл жастар – ақ жүрек жастар. Ол секілді жаман істі істемейді. Сондықтан аты жас екен деп, бәрін бір шұңқырға тыға бермей, оның ішінен нағыз адалын, нағыз дұрысын алу керек болады. Мен жаман деп өзінен-өзі ешкім айтпайды. Сондықтан ондай жастардың атын былғайтындардан бөлек болу үшін өңшең ашық пікірлі, адамшылықтың жолын қуған жастар бірлесу керек болады. Бұл ретінен де жастардың ұйымы қажет.

Ұйымның ішінде де қой терісін жамылып жүрген қасқырлар болады. Ондайлар туралы ілгеріде сөйлерміз[1].

V. Ескеретін бір сөз

Біздің ұйымдарымыз коммунизм негізіне құрылған деп аталады. Бұлай дейтін себебіміз: біздің түпкі көзде-

[1] Бәрі жастардікі дегенде, үлкендер ешнәрсеге жарамай қалады екен деп қорқуға жарамайды. Бұл сөз өзінің керекті мағынасында айтылып келеді. Өзі үлкен болса да, пікірі жас, істеген ісі түзу, адамшылық жолына түскен үлкендер толып жатыр. Олар туралы, әрине, олай-бұлай сөз де болмауға тиіс. Қайта біз, жастар, сол ақ жүрек, адал ниет, шын халықшыл, шын еңбекшіл, жұртты сүйетін оқығандардың ізін басарларымыз.

ген мақсатымыз, ұйымшылдық, ағайыншылдық, бауырмалдық тұрмыс. Бұндай тұрмысты орыс тілінде «общественная жизнь» дейді, неміс тілінде тағы басқаша, бүкіл европаның тілімен айтқанда «коммунизм» дейді. Осы күні «коммунизм» деген жалпы сөз болып кеткенінің мәнісі: ол айтуға ыңғайлы. Бір халықтың тілінен бір халыққа көшіріп әуре болып жатқаннан да «коммунизм» десе, жұрттың бәрі түсінеді. Бірақ «коммунизм» деген сөзді әркім әртүрлі мағынамен ұғынып жүр. Әсіресе, қазақ ішінде бұл сөзді айтқанда едәуір адамдар селк ете түседі.

Тексеріп қарасақ, «коммунизм» деген сөздің кісі қорқарлық ештемесі көрінбейді.

«Коммунизм деген – ұйымшылдық тұрмыс» дейді. Оның мәнісін мысалмен түсіндірейік, шаруашылық ғылымда айтады: «неғұрлым шаруа бір жерден істелсе, солғұрлым еңбек жемісті болады» деп.

Мысалы: бір үлкен дөңбекті кезек-кезек он кісі көтерсе, орнынан да қозғай алмайды. Оны біржолата көтерсе, ұшырып жібереді. Бір киіз үйді бір қатын өмірінде тіге алмайды. Біреуі шаңырақты көтеріп, біреуі уық шаншыса, жарты сағатта тігіп тастайды. Он кісі жиылып, бір шым үйді бір күнде салып кетеді. Бір кісі жиырма күнде әрең бітіреді. Сонымен шаруа істегенде неғұрлым бірлесіп істесе, солғұрлым еңбек жемісті болады.

Бұдан гөрі үлкенірек мысалға келейік. Ауыл шаруасын түзету үшін осы күнгі шалғы-орақтың орнына үлкен машиналар керек. Жаман соқаның орнына өзі жүретін трактор керек. Екі дөңгелек арбаның орнына автомобиль керек. Қол диірменнің орнына отпен жүретін диірмен керек. Егінді атпен соқтырғаннан паровой машинамен соқсаң, әрі жылдам, әрі пайдалы. Осы айтылған машиналардың бәрін үй басы сатып ала ала ма?

Әрине, ала алмайды.

Бәрі түгіл, нашардың біреуіне де шамасы келмейді. Олай болса, бұны бір ауыл я екі ауыл болып бірігіп алады. Міне, осыны бірлесті, ұйымдасты дейді.

Машиналарды бірігіп ауыл алды. Онымен қалай пайдалану керек? Кедейдің үлкен машинаға жегетін көлігі бар ма? Паровойды жүргізетін көп жұмыскерлері бар ма?

Жоқ.

Олай болса, барлық ауыл болып, бірігіп пайдалануға тура келеді. Бұны да бірікті, ұйымдасты дейді.

Әрі қарай жүре берейік. Ауылда әркімнің азды-көпті малы бар, әркім өзінікін біліп, бас-басына жеке бағуға бола ма?

Болмайды.

Күнінде үй басы бір кісіден әуре болғанша, андасанда бір-ақ қабат кезекке барып қойса, анағұрлым қолайлы.

Ауылдың қыс отырған қыстауы, жаз жайлаған жайлауы бар екен, «өзіме жеке болсын» деп, үй басы жерді бөліп алуға бола ма?

Болмайды.

Өйткені жер бөлек болса, малды да бөлек бағу керек. Олай болмас үшін жер де көптің ортасында болғаны жақсы. Бұл айтылғандарды не дейді?

Бұны да ұйымдасты дейді. Айта берсең, толып жатыр. Шаруаның қандай түрін алсақ та, бәрі ұйымдасса жақсы болатын секілді. Олай болса, ұйымдасқандықтан яғни коммунизмнен қашатын ешбір себеп жоқ.

Осы айтылғандардан қазақ ішінде ұйымшылдық негізіне құрылып отырғандары да бар, құрылмағандары да бар. «Коммунизм негізіне құрылған» деген сөз бен «нағыз коммунизмнің» арасында көп парық бар. Бұны анықтап түсіндірмей болмайды. «Коммунизм негізіне құрылды» деген сөзбен нағыз коммунизмді орнатып тастадым екем деп ойлауға жарамайды. Нағыз коммунизмге әлі көп заман бар. Бәлки, ол заманға жеткенше осы күнгі жүргендердің бәрі өліп қалар. Әйткенмен қолды қусырып қарап отыруымыз тағы орынсыз. Ұйымшылдық тұрмысын жақсы, әділ деп сенген соң, біз сондай тұрмыстың тез болуына ыждаһат етуіміз тиіс. Біздің істеген жұмыстар коммунизм алыстайтын болмасын, бәлки, жақындайтын болсын. Коммунизм бүгін таңда болмайды екен деп бүгін де, ертең де, бір жылдан соң да тұк істемей отыра берсек, ол коммунизм өмірінде болмайды. Коммунизмді әдемі бір сарайға ұқсатсақ, біздің осы күнгі жұмыстарымызды сол сарайдың бірінші кірпіштерін тасығанға ұқсатуға болады. Сарай бір күнде салынбайды. Әуелі бір кірпіш, сонсоң екі

кірпіш, сөйте-сөйте өсіп, үлкен үй болады. Коммунизм де сол секілді. Адам баласы жүріп-жүріп бір күні түсінен шошып оянған кісіше ұшып тұра келіп: «Ал енді, коммунизм жасалды» демейді. Бұның бәрі ыждағат етсек, өзінен-өзі болады. Бір күнгі күн ертеңге ұқсамайды. Ертең арғы күнге ұқсамайды. Сөйтіп өзгере-өзгере біраз жылдар өткен соң, артыңа қарасаң, коммунизмнің жартысы істеліп қалыпты. Сонымен біздің ұйым күні бүгіннен бастап, дүниенің бәрін коммунизм қылып жібер демейді.

* * *

Бәлки, бір жолдас айтар: ол айтқаныңа қол қойдық, бірақ осы күні жігіттердің көбі коммунист болып алып, қиратып барады, қашан коммунизмді орнатқанша тамтұғымызды қалдырар емес.

Бұған не дейсің? Бұл секілді сұрауға беретін жауап мынау: «Қотыр ешкі қойды былғайды» дегендей, коммунизм жолын қуған адамдардың ішінде де бірен-саран қотырлары көпке залалын тигізбей қоймайды. Бірақ біз оларды дұрыстамаймыз. Коммунизм деген асыл сөзді былғаушы ондай қотырларды арамыздан шығарып тастаймыз. Елдегі жастар ондай бейбастақтарды көргенде солай екен деп ұқпай, қайта оларды ұстап алып, тиісті орынға тапсыруы керек. Я болмаса, қағаз арқылы білдіруі керек.

Осының бәрін оқыған соң әлгі жолдас тағы да былай деп айтуы мүмкін:

– Апырмау, бұл айтқандарың болып тұрса, мен де коммунист, тіпті, жер жүзінде коммунист болмаған кісі қалмас. Жалғыз-ақ коммунистер қатын көпке бірдей болсын, құдай жоқ, пайғамбар дегенің біздей кісі деп айтады дейді. Жастар ұйымы да соны айтып жүрмесе, – дер.

Бұл сұрауларға бас-басына жеке жауап берелік.

VI. Ұйымның әйелге көзқарасы

Қазақтың бозбалалары, көбінесе, байдың қызын алғысы келеді. Қыздар бай балаларына, мырзаларға барғысы келеді.

Бұның себебі не?

Себебі: Байдың қызының көп жасауы бар. Ақ отауы бар. Күмістеген, оқалаған жақсы шапандары, батсайы,

пүліштен тіккен оңды көйлектері бар. Байдың қызынан көп көлік келеді, пәуеске келеді! Ол қыздың әкесі бай болған соң (жоғарыда айтып өттік) жұрттың бәрін аузына қаратады. Би де, болыс та, үлкен де, кіші де – бәрі оның сөзін сөйлейді. Бұл жағынан қарағанда пайдасы көп. Ертең ұрыс-төбелес, сайлау, я басқа бір жұмыс болып қалса, қайның тіреу болады.

Қыздар байдың баласын «сүйетін» себебі: Оған да өлмес күнді ойлау керек. Байға барса, жаны тыныш, жұмыс істемейді. Тамағы тоқ, көйлегі көк. Абай айтқандай: «Жұрт мақтаған жігітті қыз жақтаған» деп. Бай баласын барлық жұрт «мырза» дегенде, оның келіншегін де бос қалдырмайды. Ол келіншек болып, одан соң бір, екі, үш баланың анасы болған соң «бәйбіше» атанады. «Пәленше мырзаның үйіндегі әдемі түгенше бәйбіше-ай» деп жұрттың аузына ілінеді.

Байқап қарасақ, қазақ ішіндегі осы уақытқа дейін болып келген оқиғалардың ең көбі осындай есеп қисапқа байланған.

Сексендегі бай шалға он алтыдағы кедейдің қызының қашып баратындығы, жиырма бестегі бозбала қырық жасар кемпірді алатындығы махаббатты көрсетпейді.

Мал! Мал! Мал!..

«Аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін».

Өзінен-өзі сұрау туады:

– Сүйіспеншілігің қай жерде? Ескі тәртіпті мақтағандарға істеп отырғандарың мынау ма? (Бұған ақсақалдар не деп жауап берер екен?)

Біз айтамыз: мал деген қалсын. Малдың құлы болу деген жоғалсын. Әйел өз басына ерікті болсын. Ал енді бұл уақытқа дейін кейбір әйелдер байларында еріксіз жүр екен, малға сатылып келген екен, ондай әйелдер өздері білсін, бұрынғы байында қалам десе, қалсын, одан кетем десе кетсін. Анық махаббат, нағыз сүйіспеншілік сонда туады[1].

---

[1] Еркін сүйіспеншілік туғаннан кейін де әйелдер бай адамдарға қаша берсе, оның тетігі басқа нәрседе. Ол туралы басқа бір жерде сөйлерміз.

VII. Ұйымның дінге көзқарасы

Бұл мәселені де жұрттың көбі теріс ұғынып жүр.

Орыстарға келсек, олардың жастары өздерінің поптарын жек көреді. Олай болу себебі: бұрын патшаның заманында поптар ылғи патшаны қуаттайтын, «патшаға қарсылық қылма, сұрағанын бере бер, көкте құдай, жерде патша, қарсылық қылу обал» дейтін. Мұжықтар кішкене ғана мұң-мұқтаждығын айта бастаса, әлгі поптар: «үндеме, тіл тигізбе, сен қайта дүниеде мехнаттан, ахиретте рақаттанасың, ана тұрған сүгіретке шоқын, сонда күнәң кешіледі» деп алдандыратын.

Сөйтіп жүргенде патша құлап қалды. Поптар баяғы заманнан айрылды. Енді мұжықтың балалары поптың айтқанының бәрі өтірік екеніне көзі жеткен соң һәм поптың қолынан түк келмейтінін білген соң, әрине, оны құрметтеп, шашынан сипап отырмайды.

Қазақ молдаларына келейік. Бұлардың тұрмысы поптардікінен анағұрлым жаман болды. Патша өкіметі бұларға қазынадан ақы төлемеді. Патшалықтан бұларға мешіт салдырмады.

Сондықтан қазақ молдалары орыстың поптарындай патшаны жақсыламады. Бәлки, бұлар патша өкіметінің жоғалуына тілектес болды. Мұжықтың бақытсыздығына себеп болған, көбінесе, поптар болса, қазақтың бақытсыздығына себеп болған молдалар емес.

Онан соң бір ескеретін жұмыс: орыстың поптары ертеңнен қара кешке шоқынудан басқаны білмеді. Қазақтың молдалары бір жағынан дінді үйретсе, екінші жағынан балаларға хат танытуды үйретті[1]. (соңғы жұмыс үшін орыстарда учитель дегендер болушы еді).

Қысқасын айтқанда, орыстың поптары мен қазақтың молдаларын бір көзбен өлшеуге болмайды. Олай болса, орыстар поптарын жамандайды, біз де молдаларымызды жамандайық деудің қисыны жоқ.

---

[1] Бұл жерде қазақ молдаларын аппақ сүттей қылып ақтап алайық деген пікірден біз аулақпыз. Қазақ молдалары балаларға хат танытса, ол танытқан хаты өте қымбат бағаға түсуші еді. 4–5 жыл оқып, хат танымайтын қазақ баласы көп еді. Бұл секілді жұмыстар, әрине, молданың жақсылығына жатпайды. Әйткенмен бұл мәселенің өзі көп сөз һәм сөйленетін орны бұл емес.

* * *

Ал, енді, қазақтың жастарына келейік.

Біз жоғарыда айтып өттік, жастар ұйымы деген жалғыз қазақ ішінде болып отырған жоқ, бүкіл жер жүзінде болып отыр деп. Жер жүзіндегі халықтардың бәрі бір дінде емес. Егерде біз орыстарға: «сендер орыс дініндесіндер, біз сендермен бірге ұйымдаспаймыз» десек, бізді олар өздеріне қас екен деп ойлайды. Орыстар бізге: «сендер – мұсылмансыңдар, сендермен біз бірікпейміз» десе, оларға біз де жақсы көзбен қарамаймыз. Мәселе бұлай болғанда, бірігіп бәріміз дос боламыз деп жүргенде, бір-бірімізге қас болып аламыз. Ондай болмашы нәрсеге уақытты өткізсек, біз ең керекті жұмысымыздан – тұрмысты жаңа тәртіппен өзгерту деген негізден айрылып қаламыз. Сондықтан біз дін дегенді қозғамаймыз. Әркімнің өзі білсін: «құдай да бір, дабыр-дүбір де бір».

Сен, егер, мен мұсылман деп, кеудеңді қағып, өзің ұрлық қылып, өтірік айтып, біреудің хақысын жеп отырсаң, ол мұсылмандық болмайды. Баяғы айтқан өтірік коммунист секілді сен онда өтірік мұсылман. Партиядан шығарып тастаған коммунист секілді сені құдай тағала әлдеқашан мұсылмандықтың санынан өшіріп тастады.

Олай болса, басқаны сынап, жыртықсыз жерге жамау жапсырғанша ондай «сыншылар» әуелі өзіне айналып қарауы керек.

VIII. Жастар ұйымы һәм әскерлік мәселесі

Айтылмай қалып бара жатқан бір сөз: әскерлік мәселесі. Кейбір жастарды ұйымға кіресің десек, біздің дұшпандарымыз былай азғырады:

– Сені алдап жүр, әйтпесе қаншама жаны ашып кетті дейсің! Үйретіп-үйретіп алып, соңыра солдатқа айдайды.

Бұл туралы былай дейміз: қазір біз Қазақстан деп бөлек республика болып отырмыз. Кімде-кім бір нәрсені істеймін десе, оның әуелі құралы болуы керек. Бұ да сол секілді. Республика болған соң оның әскері болады. Уықсыз шаңырақ тұрмайды. Сол секілді әскерсіз республика да болмайды. Сенің алатыным бар, беретінім жоқ деп отыруыңа бола ма? Автономияны

сұра, мектепті сұра, болыстықты сұра, билікті сұра – ал енді солдат бол десе, жоқ оған көнбеймін дейсің! Бұлай айту жүзеге аспайды. Сен сырғақтағанмен, орыстың еңбекшілері көнбейді.

Олар айтпай ма?

– Ау, қазағым, сені Николайдан құтқардық, автономия бердік, бостаншылықты бердік, тағы оның үстіне өзіңді күні-түні күзетіп тұр дейсің. Алып берген бостаншылықты пайдалануға шаманың келсе, пайдалан, әйтпесе бізге ас ішіп, аяқ босатардың керегі жоқ, – десе, сонда соларға не дейсің?

– Біз қорқамыз. Өмірімізде соғысқа барып көргеніміз жоқ. Ондайың болса, автономияңды да, бостандығыңды да өзің ал! – дейміз бе, жоқ, басқаша бір сөз айтамыз ба?

Ішімізде алғашқыны айтатын да болар. Бірақ олай деу, бізге – өлім. Онда манағыдан бері ауызды ауыртып, пәлен-пәштуен деп сөйлеу керек емес.

Біз сенеміз қазақтың жігіттерінің көбі айтар:

– Орыстардың бізге солдат бол дегенінен болма дегені қорлық. Орыстар барғанда, қазақ бара алмай ма, – деп.

Былтыр Колчак, Дутовтардың заманында ақтар келіп, елді талап, жұртты шулатқанда кісілердің көбі баяғыдан солдат болмай жүргеніне өкінді. Бүйтіп қор болғанша біреуімен жағаласып өлсең, арманың жоқ қой десті. Дәл сол кезде елді тонап жүрген қазақ-орыстардың мылтығын тартып алып бозбалалар талай-ақ қазақ-орыстың өзін бауыздады. Қане, солдат болмаған? Бұны да қоя тұрайық. Республика болған соң оның басында тұратын біздің сайланған адамдарымыз бар. Халық оларға барлық тағдырын тапсырып отыр. Ертеңгі күні сол сайланған адамдар (үкімет) пәленше жастағы жігіттер солдаттыққа алынады деп жарлық шығарса, оған жұрт көнбеу керек пе? Онда ол үкіметке тағдырын тапсырмағаны, оған сенбегені болып табылады. Осы күні жігіт алынып жатқан елдер не қылып отыр? Көнбей жатыр ма? Ана жылғы Николай заманындағы Жетісу қазақтары құсап, Қытай жеріне қашып жатыр ма?

– Жоқ. Қазақтар жігіттерін беріп жатыр. Қазақ халқы Николай мен қазіргі үкіметтің айырмасын білмейтін мал емес. Әбден біледі. Бұлай болғанда солдаттыққа әйтеуір баратын болғанда жастардың үйренгені жақсы. Өнер-ғылымнан пайдаланып, үстіміздегі тұрмыспен та-

нысқаны жақсы. Қорқатын ешнәрсе жоқ. Үйымға жарағандар алынып, жарамағандар аман қалмайды. Сондықтан жоғарғы айтылған азғырушылардың сөзі өтірік сөз.

* * *

IX. Бұрынғы һәм қазіргі соғыс

Үш жылдан артық Россияның жұмыскерлері сыртқы дұшпандармен соғысып жатқаны бәрімізге мағлұм. Олар не мақсатпен һәм не себепті соғысып жатқанын бұқара халыққа түсіндірушілер аз. Сондықтан аз сөзбен болса да, айтып өтпей болмайды.

Бұрын Николай заманында солдат алып, соғыс жасағанда байлардың пайдасына жасайтын. 1916 жылы қазақ-қырғыз жігіттерін окопқа айдағанда қазаққа бөлек патшалық өперу үшін я болмаса германнан алатын жерге қазақты қыстату үшін, тіпті, болмаса олардан алатын контрибуцияны[1] қазаққа бөліп беру үшін айдаған жоқ еді. Орыстың байларының пайдасы үшін айдап еді. Орыстың байлары, төрелері көп жер алса, көп ақша алса, байлығы бұрынғыдан да артпақ. Жұрттың өлгеніне, шаруаның күйзелгеніне олар қарамайды. Қайта, дүние неғұрлым қымбат болса, солғұрлым саудагерлердің пайдасы: нәрселерін пұл қып сатады.

Сондықтан 14-жылдан 18-жылға шейін соғыстағы төгілген қан, дария болып аққан өңшең жетім-жесір, қаріп-қасерлердің көз жасы текке кетті. Ол соғыстан жұмыскерлер мен бұқара халық шығыннан басқа пайда көрген жоқ.

Копенгаген деген шаһарда бір білімпаздардың ұйымының есебі бойынша европа соғысында өлтірілген адамдардың саны отыз бес жарым миллион. Соғыстан бұрын соғысқан мемлекеттерде әйелдің саны еркектен жеті жарым миллион кем екен, соғыстан кейін еркектен әйелдер он бес миллион артық болып шыққан.

Осыншама қырғын, бүліншілік, төртіпсіздік = бәрі байлардың жасаған соғысының кесірінен болды.

Ал енді осы күнгі соғыс еңбекшілердің пайдасына

---

[1] Контрибуция деп жеңілген мемлекеттің жеңген мемлекетке төлейтін ығын-шығының айтады.

болып жатқан соғыс. Бұрынғыдай соғыса беруді мүлде қойғызамыз деп жатқан соғыс. Егерде жер жүзінің ірі байлары, төрелері жойылатын болса, олардың шығарған соғысы да жойылады.

Еңбекшілер бірімен-бірі өмірінде соғыспайды. Соғыспайтыны: бірінен-бірі байлығымды асырам, басқа жұртты өзімнің қол астыма кіргізем, оларды құл қылам деп айтпайды. Барлық жұрт бірімен-бірі аға-інідей өмір сүрсін дейді. Сол себепті осы күнгі соғыс ең ақырғы соғыс. Егер бұл соғыста еңбекшілер бүкіл жер жүзінің байларын жеңсе, онда одан кейін соғыс атаулы жоғалар еді. Жұрт тиыштық өмір сүріп, қазіргі зеңбірекке, мылтыққа кетіп жатқан темірді соқа, темір, күрек қылып соғар еді. Қазіргі соғыстың керек-жарағын істеп жатқан фабрик-зауыттардың бәрі киім-кешек жасап һәм шаруа аспаптарын істер еді.

Қазіргі солдат болып, киім киіп, тегін тамақ ішіп, сауды бұлдіргеннен басқа, тіріні өлтіргеннен басқа түк бітірмей жүрген солдаттар – бәрі үйіне қайтып, шаруаларына кірісер еді. Бұлар егін салып, шөп шауып, мал асырар еді.

Сөйтіп, соғыстың бітуі осы күнгі жер жүзіндегі байлардың бітуіне байланған мәселе. Неғұрлым Германияның, Францияның, Англияның, Американың капиталистері[1] тез бітсе, солғұрлым соғыс та тез бітеді. Соғыс бір бітсе, енді қайтып болмайды да.

Бұған қарағанда, бұрынғы замандағы мен қазіргі соғыстың айырмасы үлкен. Бұрынғы соғыс екінші соғысты тудыра берсе, қазіргі соғыс сол екінші соғысқа қарсы соғыс. Бұрынғы соғыс пен қазіргі соғыстың айырмасы мәселені түпкі негізінен қарағанда осылай.

Бірақ осы күні Россияның еңбекшілері соғысты тілеп отырған жоқ. Мейлі баймен болсын, мейлі пәштуанмен болсын, соғысам деп, құлшынып отырған адам жоқ. Сонда дағы орыстың жұмыскерлері соғыстан көз аша алмай отыр. Бұлай болудың себебі: орыстың байлары күллі байлығын, билігін жұмыскер-еңбекшілерге тегін жібермейді. Тістесіп, шайнасып, тісі сынғанда ғана қояды.

---

[1] Фабрик-зауыт һәм басқа ірі пайдалы орындары бар адам капиталист деп аталады. Капиталистің байлығының бәрі жалдама күшпен табылған.

Орыстың байлары шет мемлекеттерге шығып алып, ондағы байларды көндіріп, олардан қару-жарақ, киім алып, бізбен соғысып жатыр. Сонымен бұрын жұмыскер бұқара халық байлардың пайдасы үшін соғысса, енді өз пайдасы үшін соғысып жатыр. Ескі соғыстың жаңа соғыстан айрылатын жері осы.

X. Тағы да ұғындыратын бір сөз

Ел ішінде мынадай бір сөздер бар:

– Совет өкіметін жақсы деп мақтағаныңды қайтейін, шаруаның күннен-күнге күйзеліп бара жатқанын қайтейін.

Бұл секілді сөздер істің байыбына жетпегендіктен айтылады.

Мысалы осы күні елден мал, тері-терсек, жүн-жұрқа алып жатыр. Солардың көбін жұрт өз ықтиярымен емес, амалсыздан беріп жатыр. Оның үстіне елге шыққан азық-түлік мекемелерінің агенттері елдің тұрмысжайына қарамай, көп жерді әбігерге салып қойды.

Бұл секілді тәртіпсіз жұмыстар болуы жарамайды. Бірақ совет өкіметінің агенттеріне өкпелеп, бүкіл совет өкіметіне қас болуға тағы жарамайды. Желкесінде қотыры бар әдемі арғымақ болмай ма? Бір жақ бұрышында нәжісі бар әдемі үйлер болмай ма? Қазіргі совет өкіметі де сол секілді. Анау жүрген бейбастық агенттер совет өкіметінің желкесіндегі қотыры, бір жақ бұрышындағы нәжісі. Сондықтан оларға қарап совет өкіметін сынауға болмайды.

Совет өкіметінің жолсыз жерін бәріміз айтамыз. Мына жері былай болу керек, ана жері мынадай болу керек деп, кей кезде таласып та қаламыз.

Елдегі қазақтар да солай болу керек. «Қолымдағы бауырсағымды алып кетті» деп шешесіне жылайтын жас балаларша: «менің қызыл сиырымды алып қойды, қоңыр тайыншамды алып қойды» деп, жылай бермей, оянып, түрегеліп, іс қыл. Беретін болсаң, жөнімен бер, жолынан алғызба! Жөнімен берсең, өзің де жыламайсың. Оған шамаң келмесе, өзіңді-өзің кінала.

Жұрттың бәрі арпалысып, жұмысты істеп жатыр. Орыстың жұмыскерлерінің істемегені жоқ. Мектебін де салдырды, кітабын да шығарды, газетін де шығарды, қолына билікті де алды. Бәрін істеді. Қазақ ше?

Қазақ әлі аспаннан шұға жауады деп отыр. Осы күнгі жаңа талап жастар іске кірісу керек. Күні-түні дамылсыз оқуға кірісу керек. Бәрін көру керек, білу керек. Үлкен жиылыстарға бару керек. Ондағы айтылған сөзді естіп, өзі де сөйлеп, үйренуі керек. Ондағы шығатын газеттерді оқып, өзі де газетке сөз жазып үйренуі керек. Ондағы жүрген жақсы, ақжүрек коммунистерді көріп, олардың істеп жүрген істерімен танысу керек.

Осылай болып ысылып, бір жыл бір қыс жүрсең, Қазақстанның үлкен шаһарына барсаң, Орынборды көрсең, реті келсе Мәскеуді көрсең сен елге қайтып келгенде, тіпті, басқаша боласың. Сен білімпаз, законшік кісі болып аласың. Содан былай елге біреу келіп, тәртіпсіздік істеп жатса, сен оның аузын сындырасың. Сен ең әуелі ондай төренің қағазын сұрайсың. Қағазында не жазылса, соны ғана істейтін боласың. Сөйте-сөйте одан үлкенге аяқ саласың. Қалада отырған іс басындағы адамдар елге салықты әділсіз салса, сен қалаға барып, олармен сөйлесесің. Ондағы отырғандар сенің айтқаныңды тыңдауға міндетті. Тіпті болмаған күнде саған жұмысының мәнісін түсіндіреді. Сен келіп елге түсіндіресің. Сонымен біраз уақыттың ішінде әжептәуір[1] ел боласың.

Ал енді осы күнгідей: «Ойбай өлдім, таландым, пәлен, пәштуан» деп, құр жылап отыра берсең, бостандық болмақ түгіл, жерге жұмақ орнаса да, сен соған кіре алмай қаласың.

Ұзын сөздің қысқасы: совет өкіметінің байыбына бармай, бекер жамандама. Бостандыққа жетем, теңдік алам десең, өзің қимылда. Аспаннан саған құймақ жаумайды. Оны бір деп біл.

XI. Жастардың бұрынғы һәм қазіргі ұйымдары

Қазақ жастарының ұйымдары бұрыннан бар еді. Ең алғашқы жастар ұйымы Омбы қаласында 1914 жылы ашылды. Ол ұйымның аты «Бірлік» еді. «Бірліктің» мақсаты оның программасында (тұтынған жолында) айтылған. «Қазақ халқын мәдени һәм әдеби жағынан ілгергі

[1] Ақмола, Семей жағында «әжептәуір» жақсы деген сөз, Бөкейлік жақта «әжептәуір» жаман деген мағынада айтылады.

қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін туғызу һәм ұлттықты сақтау. Бұл айтылған мақсаттарға жету үшін жастар арасында ұлтты сүю сезімін сіңдіре беру. Халық әдебиетін жинау, ол әдебиетті кітапша һәм үлкен кітаптар етіп бастыру. Театр кітаптарын шығару[1], газет-журналдар шығару. Бастауыш, орта дәрежелі мектептерге кітаптар жазу, школға түсемін деген шәкірттерді даярлайтын курстар ашу, мұқтаж шәкірттерге жәрдем көрсету, спектакль[2], концерт[3] һәм басқа ойындар жасап, қазақтың ішінде театр туғызу.

Ұйымның саяси һәм шаруашылық туралы ұстаған жолы: кедейлерді, жіңішкелерді байлардың, күштілердің зорлығынан құтқару, әйелге теңдік әперу».

«Бірліктің» бұдан басқа да істеген жұмыстары толып жатыр. 1916 жылы «Бірлік» «Балапан» деген жазба журнал шығарып тұрды. «Балапан» заманында ауызға ілініп, жастарға көрсеткен оның қызметі көп болды.

* * *

Ол кезде қазақ халқы жалпы қорлықта, зорлықта, тепкіде еді. Орыстың миссионерлері[4] елді кезіп, жұртты орыс дініне аударам деп, қазақ тілінде мектептер ашқызбай жүрген заман еді. Оның үстіне орыстың төрелері елді біріне-бірін соғыстырып, еңбекшіл мен еңбексіздің арасын жіктендірудің орнына, жұртты ата-атаға жіктендіріп, партияға салып қойған заман еді. Орыстың урядниктері, крестьянский начальниктері елдің бостығын әбден біліп алып, асулы бір тамағындай етіп алған заман еді. Осылардың бәрінің үстіне қазақтың өзінен шыққан бірен-саран оқығандары «төре» болып, шілтиіп, өз елін өзі танымай, әлгі айтылған кәззаптарға еріп алып, сорлы қазақты қабат жүндесіп жүрген заман еді.

Соңғы кездегі қазақтан шыққан оқығандардың да жылтыр түймелерге көзқарасы оңды емес еді.

Бір жағы осы айтылған себептер бар, екінші жағы «оқуға талпындыратын сезім» туып, 10-шы жылдардан былай қарай қазақ жастары оқуға кірісе бастайды.

---

[1] Театр деп әдеби ойын ойналатын үйді айтады.

[2] Театрда ойналатын ойынды спектакль дейді.

[3] Театрда айтылатын ән-күйлерді концерт дейді.

[4] Патша заманында Россиядағы халықтардың бәрін орыс дініне кіргізем деп ел қыдырып жүрген орыстың поптарын миссионер дейді.

Дәл сол кезде бірінші жастар ұйымдары да шығады. Бұл ұйымдардың көздеген мақсаттары: өз халқының көзін ашу, оны өнерлі халықтың қатарына қосу, қазақ арасында мәдениет тарату һәм басқа осы секілділер. 12-ші жылдан 17-ші жылғы төңкеріске шейін бірен-саран ашылып келген ұйымдардың бәрі жасырын іс жүргізіп келді. 17-жылдан былай жастар ұйымдарына ашылуға ерік болған соң, әр жерлерден бұрқ-бұрқ етіп ұйымдар шыға бастады.

1917 жылы Қазақстанда мынадай ұйымдар ашылды:

1) «Еркін дала» – Орынборда.
2) «Жанар» – Семейде.
3) «Оқытушылар ұйымы» – Семейде.
4) «Талап» – Семей облысы, Шыңғыс болысы.
5) «Игілік» – Орынборда.
6) «Қамқор» – Торғайда.
7) «Жас қазақ» – Уральскіде.
8) «Үміт» – Тройцкіде.
9) «Талап» – Қызылжарда.
10) «Оқығандар» – Көкшетауда.
11) «Ұйым» – Екібастұз заводы, Семей облысында.
12) «Ғылым ұйымы» – Керекуде.
13) «Ынтымақ» – Атбасарда.
14) «Жас жүрек» – Спасск заводында.
15) «Жастар ұйымшасы» – Бөкей ордасында.
16) «Жас қазақ» – Ақмолада.
17) «Қазақ жәрдемі» – Зайсанда.
18) «Ерік» – Баянауылда (Семей облысы).
19) «Қызмет» – Керекуде.
20) «Жас тілек» – Ақтөбеде.
21) «Ғылым» – Керекуде.

Бұл ұйымдардың ішінде «Еркін дала», «Жанар» ұйымдары да көп жұмыстар істеді.

18-жылы Омбыда жалпы қазақ-қырғыз жастарының жиылысы шақырылды. Бұл жиылыста қазақ-қырғыз жастарының ұйымдарының бәрі бірігіп «Жас азамат» деп ат қойып, кіндік комитет сайлады. Артынан тез уақыттан соң Омбы шаһарында билік Сібір үкіметінің қолына көшіп, жастардың кіндік ордасы мен басқа жастар ұйымдарының қатынасы үзіліп қалды. Әйтсе де, «Жас азаматтың» басында қалған біраз азаматтар істі жүргізе берді.

* * *

Бұл арада айтып өтетін бір сөз бар. Қашанда болса қазақ жастары үлкендерден шет жайылып, өз бетімен жөн тауып я болмаса өз алдына пікір жасамаушы еді. Бұлай болудың мәнісі: Бұрынғы қазақ ұлтшылдарының басшылары өте қадірлі болды. Сонымен жастар үлкендер қайда барса сонда, олардың соңынан еріп, жетекшіл болып жаман үйреніп алды. Бұл сөзден жастар үлкендерге ылғи қарсы болып жүру керек деген мағына тумайды. Жастарда өзін-өзі меңгеру пікірі аз болды деген мағына туады. Пәленше ағайдың айтқанына қарсы келу сұмдық емес пе, ол пәлен уақыттан бері пәлендей жұмыс істеп келе жатқан жоқ па деген секілді сөздер көптің аузында еді. Барлық қазақ жастарының ұйымдары, 18-жылғы «Жас азаматты» қабат қоса, осы айтылған аурудан жазылған жоқ еді. Сонымен «Жас азамат» басындағы жастар осы күнгі жаңа пікірлердің көбін бойына сіңдіре алмады. Егерде сіңдіретін болса, үлкендерге қарсы келуге бата алмады.

* * *

Бұл ұйымдарды ә дегеннен жалпы адамшылық пайдасын көздемеді, тар ауданды ұлтшылдық пікірін ұстады деп бізге кіналауға бола ма? Әрине, болмайды.

Ол замандағы тұрмыс солай еді. Ол кезде маңайың толған дұшпан, қасқыр еді. Біреу сені өлтіріп бара жатса, сен жағаласпай, мен сопымын деп қарап отырмайсың. Маңайыңның бәрі сені құл қылуға жаны шығып жүрсе, сен ұлтшыл болмайтын шараң қалмайды. Маған бәрі бір, мен қазақ, орыс деп бөлмеймін дегеніңмен, сені біреу бөлшек-бөлшек қылып, сирағыңды сирақтай, басыңды бастай мүжіп жатса, қарап отыруыңның өзі күна болып шығады. Сондықтан жүрегінде жалыны бар, кеудесінде адамшылықтың ұшқыны бар жігіт ұлтшыл болмай отыра алмайды. Сол секілді ол кездегі жастардың ұлтшыл болғанын кіналауға жарамайды.

* * *

Адамшылық қазіргі қалыпқа астан-кестең болып, бір күннің ішінде жеткен жоқ. Әр нәрсе өзінің тәртібімен. Іштен шыққан балаға туған күні тіл бітпейді. Сол секілді күніміз тумай, мезгіліміз жетпей, біз де ешнәрсе дегеніміз жоқ.

Баяғыда қазақ халқы соры қайнап, көзі жайнап, Николайдың урядниктерінің ойыншығы болып жүргенде, біз: «Жастар ұлтшыл емес, оларға бәрі бір» десек, онда бізді көршілес отырған патшалықтардың жастары түп-тура жынды деп ұғар еді.

Ұзын сөздің қысқасы: қайткенде де өткеннің басын ауырта бермей, біз болашақты ойлауымыз керек. Тарих соңынан жазыла жатар! Бұдан былай жастар бірігіп, бірлесіп жүретін жалпы жол салу керек.

Осы күні совет өкіметті Россиядағы халықтардың бәрі тең. Бұрынғы бірін-бірі құлдану енді қалды. Әр халықтың өз еркінше мәдениетке жетуге жолы бос.

Жастардың ұйымы енді қалай болу керек? Біз әлде болса да, қазақтан басқаға күн тумасын деп, отыра береміз бе, жоқ. Жалпы еңбекшілер табының қатарына қосыламыз ба? Ең керекті мәселе осы.

Артымызға анық көңіл, алдымызға ашық көзбен қарасақ, мәселенің шешілуі оңай. Бұрын біз жан-жағымызды қымтап, басымызды жағамыздың ішіне тығып жүре берсек, ол күнде сақылдаған аяз еді. Жадырап жаздың күні туып, рақымды сәулесін көпке түсіргенде, біз баяғы жыртық күпіні шешіп тастап, жалпы адамшылық жолына түсуіміз керек. «Бұрын қазақты сүйсең, енді жек көр» деген бұл сөзден мағына шықпайды. Бұрынғы жүретін жолымыз түбірлі, ойлы-шұңқырлы, кедір-бұдыр еді. Ендігі жол – даңғыл, жайлы, тиышты. Бұл жолмен жүре берсең қорқыныш, қауіп-қатер жоқ. Жол жаңа!...

Пікіріңді жаңарт!

XII. Ел ішіндегі ұйымдардың жасалу тәртібі

Бүкіл қазақ жерін шамалап екіге бөлуге болады. Семей – Ақмола – Ақтөбе – Оралға тартылған сызықтың солтүстік жағы бірінші бөлім, оңтүстік жағы екінші бөлім.

Солтүстіктегі қазақтар, көбінесе, егін салады. Мал да асырайды. Шаруалары тәртіпке салынуға айналған. Ел отырықшылдыққа бет қойған. Қыстаулары көп үйлі болады. Бұл жерлерде жүз үйлі, елу үйлі ауылдар табыла береді.

Екінші бөлімдегі елдер көбінесе, мал бағады. Өмірінің көбін көшумен өткізеді. Бұл жерлердегі ауылдар алды алты, арты бір үйге шейін болады.

Біз жастар ұйымдарын ашқанда осы айтылған басқалықтарды еске алуымыз қажет. Ойға қалдыратын жұмыстың бірі: қазақтың көшетіндігі. Қыс жасалған ұйым жаз сол бойымен тұрып қалуы емес. Жаз жасалған ұйым қысқы күнгі тұрмысқа қарай өзгеруі тиіс.

Қыстығүні қазақ ауылдары жеке-жеке отырады. Бір маңайда көп ауыл болғанда, үлкен ағаштың панасына я бір сайдың, өзеннің ық жағына жиылады. Жаздығүні ауылдар, көбінесе үлкен көлдің я өзеннің жағасына жиылады. Бұл секілді қазақтың тұрмысының екі басқалығы ауылдағы жұмысты да екі басқа қылады. Бірі жазғы жұмыс, екіншісі қысқы жұмыс.

Осы күнгі ұйымдардың тәртібі

Ұйымның басқармасына үш кісіден артық сайлауға жарамайды. Ол үшеуінің бірі секретарь[1]. «Ұйымның бастығы» деген сайланбайды. Ауылда ұйымның өзіне белгіленген бір үй болуға тиіс.

Ұйымның барлық жұмыстары секретарьдың қолында болады. Секретарь келген қағаздарға жауап қайтарады. Ұйымның атына келген газет-журналдарға, әр басқа әдебиеттерге ие болады. Секретарь ұйымның басқармасының мәжілістерін шақырады. Әр ұйымның өмірінде болатын басқа жұмыстарды атқарады. Секретарьдың қалтасында ұйымның мөрі (печать), ақшасы сақталады. Секретарь жалпы мүшелердің жиылысында ұйымның атынан баяндама (доклад) береді.

* * *

Жазды күнгі ұйымның жасалу тәртібі

Ауыл бас сайын бір-бір ұйымнан болмау керек. Бүкіл бір көлдің басындағы я бір өзеннің бойындағы ауылдардың жастары бір-ақ ұйым жасайды. Әрбір ауылда бір-бірден «отан ағасы» деген сайлануы керек. Барлық отан ағалары жиылып келіп «ұйымның советін» жасайды. Ұйымның советі ортасынан үш кісілік комитет сайлайды. Сол комитет бір көлдің басындағы жастар арасындағы жұмыстарды жүргізіп отырады.

---

[1] «Ұйымның советі» һәм «совет мекемелері» деген екеуі екі басқа сөз. Ұйымның советі кеңес деген мағынада ұғу керек. Совет мекемесі – совет үкіметі деп ұғылады.

Жұма (жеті) сайын ұйымның советі жиылыс жасап, комитеттің істеген жұмыстары туралы баяндама (доклад) сұрап тұрады. Комитет сол жайлаудан ел көшкенше ғана законды деп саналады. Ел көшердің алдында барлық ауылдардың жастарының жалпы жиылысы шақырылып, комитет һәм ұйымның советі жиылыстың алдында жаздайғы жұмыстары туралы есеп береді. Жиылыс тарқағаннан кейін комитет орнынан түсті деп саналады.

Ел қыстауға көшіп келген соң, жастар жиылып, қайтадан үш кісілік жаңа басқарма сайлайды. Одан арғы жұмыс жоғарғы көрсетілгенше болмақ.

Бұл ауылдың ауданындағы ұйым туралы.

Егер бір аймақта жоғарғы айтылғандай ұйымдар болса, олар қосылып келіп, бір аймақтық я уйездік ұйым жасайды. Болыс сайын жеке-жеке ұйым жасаудың қажеттігі жоқ. Бәрі бір құр қағаз жүзінде бұл секілді ұйым жасалғанмен, іс жүзінде одан дұрыс пайда шықпайды. Осы күні болыстарда жасалып жатқан совет мекемелері жөндеп ісін жүргізе алмай отырғанда, ұйымдар олардан артық өндіреді деуге болмайды. Бұлай дейтін себебіміз: болыстың ортасында үнемі сол болыстың кіндігі саналған белгілі бір жер жоқ. Сондықтан ауылда ашылған жастар ұйымдары тұп-тура уйездегі үлкен ұйымға барып, мүше болып кіреді. Тура уйезге мүше болуға мүмкіндік болмаған күнде әлденеше болыстың ұйымдары бірігіп, аудандық ұйым жасайды. Аудандық ұйым барып уйезге кіреді.

Барлық уйездегі ұйымдар бір губернаға (облысқа) кіреді. Губерналар жиылып бүкіл Қазақстанның кіндік ұйымын жасайды.

Қазақстандікіндей үлкен аймақтық ұйымдар келіп бүкіл Россиялық ұйым жасайды. Барлық жер жүзінің жастары жиылып, дүниелік ұйым жасайды. Оны бүкіл дүниенің жастарының ұйымы – «Жастар интернационалы» дейді.

XIII. Ұйымның істейтін жұмыстары һәм соларды іске асыру үшін тұтынатын әдістер

Ұйымның жұмыстарының ішінде ең керектісі – саяси һәм ағарту жұмыстары. Бұл туралы ел ішінде қолданатын әдістер өте жеңіл, өте қолайлы болуға тиіс. Карл Маркс айтқандай: «ақыл тұрмысты билемейді,

тұрмыс ақылды билейді» деп, біз елдің тұрмысында жоқ нәрсені айтып, жастардың өмірінде көрмеген өнегелерінен тәжірибе алдырып, іс істейміз десек, ол уақытта біз ешнәрсені білмегендігіміз. Жаңа тұрмысты орнату үшін жалпы еңбекшілдер тобына бірігу үшін біреу желкелеп, сүйретіп апару керек емес, бәлки, өзіңнің ықтиярыңмен, шын ожданыңмен сеніп баруың керек. Сол ретінен қарағанда, жастарды ағарту жағын өте қымбат ұстау қажет. Бұл мәселеге келгенде біздің бір бөгелетін жеріміз – қазақ тілінде әдебиеттің жоқтығы. Жазылған біраз кітаптар басылмай жатыр. Басылуға тез уақытта үлгеретін де емес. Сондықтан біздің жастардың бар күшін салатыны газет-журнал.

Газет – осы күнгі дүниенің айнасы. Жер жүзіндегі болып жатқан оқиғалардың бәрі газетте жазылады. Сол себепті білім арттыруға, көңілді ашуға, қазіргі халді аңғаруға газет табылмайтын бір шара.

Газетті оқымаған ұйымның бір мүшесі болмасын! Бәрі онда не жазылғандығынан хабардар болсын. Жастардың көбі хат танымайды. Хат білетіндер білмейтіндерге түсіндіруге міндетті. Ауылға жаңа газет келісімен жастардың бәрі жиылып, оны оқуға тиісті. Ұйымның жұмысына үлкен пайда келтіретін бір шара – витрина (афиша). Витрина дегеннің мәнісі: ауылдың бір ыңғайлы жеріне үлкен, жалпақ тақтай орнатылады. Содан кейін ол тақтайға газеттер жапсырылады. Мұндай витриналар ел ішінде, тіпті, керек нәрсе. Қысқы күні жастар малын жайлап, шаруасын бітірген соң, бәрі витринаның жанында жиылып, ондағы жапсырылған газетті оқыр еді. Жаздыкүні витриналар өте көрім[1] болады.

Саяси һәм ағарту жұмысында «Қызыл пәуеске» деген де қолайлы нәрсенің бірі. «Қызыл пәуеске» деген бір үлкен пәуеске арбаға шаһардан кітап салып, газет салып шығады. Ол пәуеске түскен жерлерінде бұл әдебиеттерді таратып, һәм ауыз насихат айтып отырады. Егер пәуеске көп болса, онда артистер[2] қабат жүреді, елде спектакль жасап жіберуге де болады.

---

[1] Ақмола, Семей жақта көрім деген жақсы сөз. Бөкейлікте көрім жаман деген мағынада айтылады. Бұл жерде «көрімді» жақсы деген мағынада ұғу керек.

[2] Театрда ойын ойнайтындарды артист дейді.

Ел ішінде совет мекемелері көңілдегідей болмай отыр. Олардың істерін тексеретін кісі жоқ. Әлгідей қызыл пәуескелер елдегі үкімет мекемесінде отырғандарды тексеруге хұқығы болуы мүмкін. Олай болғанда оның пайдасы екі есе артық болып шығады.

Көп үйлері бар үлкен ауылдарда кітапхана я қырағатхана ашу керек. Қырағатхананың іші таза, көңілді болса, ауылдың жастары оған өз үйіндей үйреніп алады. Әр уақытта жастардың өз арасынан біреу шығып бір нәрсе туралы айтып өтпек бола ма, әйтпесе қырағатхананың ішінде газет оқып, басқа әдеби сөздер бола ма – ол жастардың еркі. Қайткенде де қырағатханалар үлкен ауылдарда ашылуға мүмкін һәм ашу өте керек.

Тағы да бір айтып өтетін сөз: курс-жиылыстар туралы. Бір аймақтың я бір уйездің жастары жиылысқа жиылады. Қарамаққа әртүрлі мәселелер қойылады. Ортасынан қалыпты жиылыс секілді президиум[1] сайлайды. Содан кейін мәселелер туралы бір адам баяндама (доклад) жасайды. Мәселе туралы сөз берілгенде уақыт кесілмейді. Қанша сөйлесе де әркімнің еркі (әрине, бет алдына керексіз сөздерді өзі де сөйлемес). Осындай тәртіппен бұл жиылыс мүмкін бір айға созылар. Созылса, созылсын. Оның есебіне ол курс-жиылыста болған адамдар әжептәуір мағлұмат алып қалады.

Керекті бір жұмыс оқу бөлімдерімен тізгіндестік жасау. Елдегі мұғалімдер, учительдер – бәрі жастар ұйымының жолбасшысы, іс басқарушысы болу керек. Мұғалім, учительдер ел ішіндегі біздің нағыз сенімді, нағыз керекті жолдастарымыз. Олар осы күнгі ауылдың шамшырағы. Азды-көпті білімін қазақ баласы солардан алып отыр. Сондықтан мұғалімдер мен учительдеріміз өте жуық болуы керек.

Мұғалімдердің міндеті: өзінің мектебінде жастар ұйымын ашу, ол ұйымға бас-көз болу, жастардың саяси білімін ұлғайту, жастардан жігерлі, қайратты, пікір білетін алыптар шығару.

Уйездің, губернаның жастар ұйымдары оқу бөлімдеріне өздерінің кісілерін жіберіп, солар арқылы халық ағарту жұмыстарына қатысып тұруы керек.

---

[1] Мәжілісті тәртіппен жүргізу үшін сайланған адамдар президиум делінеді.

Ең соңында ескеріліп өтетін бір нәрсе: жастар, көбінесе, өзіне-өзі қарамай өседі. Өткен өмірінен тәжірибе алып, істеген жұмыстарын бір тәртіпке салып жүретін жастар аз. Бұл туралы біздің ойымыз: әрбір хат білетін жас «күнделік» жазып жүруі керек. «Күнделік» дегеннің мағынасы: бір дәптерге күнінде не істелгендік туралы жазылып отырады. Біраз уақыт өткен соң әлгі күнделікті оқып қарасаң, қайта жасағандай болып қаласың. Өткен уақытта істеген лайықсыз істерің болашақта есіңде болып, адам өзін-өзі түзеуге мүмкін. Сондықтан әрбір хат білетін, тіпті болмағанда ұйымның секретарлары, комитеттің мүшелері «күнделік» жазып отыруға тиіс.

XIV. Жастардың шаруашылық[1] һәм хұқық пайдасын көздейтін жұмыстар

Бұл мәселе фабрик-зауыттары көп мемлекеттерде өте қымбат ұсталатын мәселенің бірі. Германия, Австрия, Бельгия секілді кәсіпкершілігі зор жұрттарды алсақ, оларда әуелгі кезде жастар ұйымдары ашылған себебінің өзі осы шаруашылық ретінен еді.

Фабрика, зауыт ашып, мәдениеті күшейген Европа соңғы ғасырда бір түрлі жүгенсіз кетті. Байлықтың соңына түскен фабриканттар, зауытшіктер адамшылықты ұмытып алды. Байлардың дәулеті зорайып, өнері күшейген сайын жұмыскерлердің тұрмысы нашарланып, өмірі осалдана бастайды. Бір үйлі жанды бір жұмыскердің күшімен асырай алмайтындық білінді. Жұмысқа әйелдер, балалар түсті. Бұлар жұмысқа айналғаннан кейін жұмыскерлердің жайы, тіпті, ауырланды. Он жасар, он бес жасар балалар күніне 12 сағат жұмыс қылатын болды. Жастар әуелде бұл секілді әділсіздікке шыдаса да, артынан ояна бастады. 1880 жылдарда Бельгия патшалығында бірінші жастар ұйымы ашылды. Содан кейін жастардың қозғалысы ұлғая-ұлғая осы күні барлық жер жүзіне жайылды.

Қазақ ішіне келсек, жастардың ұйымын туғызып

---

[1] Шаруашылық дегенді шаруалық деген сөзбен шатастыру жарамайды. Шаруашылық – экономический, шаруалық – хозяйственный.

отырған жалғыз шаруашылық жағы емес. Біздің жастардың қандай кемшіліктері бар екендігін жоғарыда айтып өттік.

Әйтсе де шаруашылық мәселесіне біздің жастардың өздерінің анық, ашық көзқарасы болу керек.

Бұл мәселеге келгенде есте болатын бір сөз мынау. Ауыл шаруасындағы кедейлердің көбі кәсіпкершілік шаруасындағыдай жұмыстың көптігінен сорлы болып жүрген жоқ. Бәлки, істеуге жұмыс таба алмағандықтан сорлы болып жүр. Маңайында кәсіп қылармлық жер болмаған соң, қазақтың кедейлері еріксіз байдың биесін сауғызып, атын ерттеп, содан ішкен саумалына риза болып жүр. Жаздыгүні көп кедейдің жұмысы ел қыдыру, қыстыгүні ет аңду. «Ел ішінде кедей тоқ» дейді қазақ.

Қазақ ішінде реттеліп, ғылым жүзінде бір тәртіпке қойылған еңбек жоқ. Әлі түгел еңбекке қатысқан жоқ. Бізге бақытқа жету үшін, тұрмысымызды түзету үшін бәріміз бірдей еңбекке кірісу керек. Қазіргі күннің ұраны «Еңбек» болсын! Осы заманның бір белгісі: адамның мойны ешнәрсеге жар бермейді. Алты жылдай созылған соғыс, жалпы шаруаның күйзелгендігі жұртты әбден шаршатты. Жастар бұл ретінен қарағанда өздерінің атын ақтау керек. Қайтпас қайрат, қажымас жігер керек. Жастар қай уақытта болса да, кеудесі түсіп, болашақтан үміт үзіп, жалқаулыққа салынбауы керек. Біз «болашақ – жастардікі!» дейміз. Олай болса, жастар, көбінесе, болашаққа қарасын. Ілгергінің тағдыры солардың қолында екенін ұмытпасын.

* * *

Енді жастардың хұқықтары туралы. Қазақ ішінде бұл туралы осы күнге шейін болып келе жатқан көңілсіз істер бар. Кедейдің баласы оқымайды, кісілікке саналмайды, ел билеу істеріне қатыспайды, қашанда болса кедейлер жалпы ағымның сыртында қалады.

Қазақтың жастары ұлтшылдық заманында да мұндай қисық жұмыстарға қарсы болатын. Біздің жазушыларымыздың жазғандарын, ақындарымыздың өлеңдерін оқып қарасаң, олар ылғи ондай тәртіпті сөгетінін көресің.

Біздің жастардың ендігі ашылып отырған ұйымдары бұл мәселеге өте ашық көзбен қарауы керек. Бұрынғы тәртіпті шіріген тамырымен қопарып алып, анадай (жерге) лақтырып тастауы керек. Біздің ұйымымызда барлық еңбекші жастарға есік ашық.

Әсіресе, байларда жүрген жұмыскер балалар, жас жігіттер бар. Соларға көздің қырын салып, белсеніп іске кірісу керек. Бұл уақытқа шейін байлардың оларға істеп келген жәбіршілігін жою керек.

Біз қазақты түзеу керек, оны бақытқа жеткізу керек дегенде олардың байларын, билерін алмаймыз. Қазақтың ішінде залалды байлар, билер жүзден он-ақ. Өзгесінің бәрі еңбекші. Сондықтан өркеуде 5–6 адамның пайдасы бізге тым-ақ керек емес. Біз жалпы қазақтың еңбекшілері түзелсін, жақсылық көрсе бәрі тұтас көрсін дейміз. Бұл сөзге басында ақылы бар қазақ өзі де қарсы айтпайды.

ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның аймағы

Қазақстан республикасына мынандай облыстар кіреді: Ақмола, Семей, Орал, Торғай (Ақтөбе), Бөкей, Адай һәм Орынбор.

Күнбатыс жақтан Қазақстанмен шекаралас жерлер: Астрхан губернасы, Сарытау, Самар, Уфа, Башқрстан, Шелебі, Түмен. Күншығыс жақтан: Омбы, Томскі губернаны, Алтай, Манғолия, Жетісу, Сырдария, Хиуа республикасы һәм Закаспий облысы.

Осы айтылған грандардың (шекара – **Д.Қ.**) ортасындағы жер Қазақстан деп аталады.

Қазақстанның үлкендігі:

Ақмола облысы	497190	шаршы шақырым
Семей облысы	449850	шаршы шақырым
Торғай (Ақтөбе)облысы	400470	шаршы шақырым
Орал облысы	777990	шаршы шақырым
Бөкей облысы	80967	шаршы шақырым
Орынбор облысы	35000	шаршы шақырым
Адай облысы	187700	шаршы шақырым

Барлығы бір миллион тоғыз жүз отыз шаршы шақырым жер. Бұл жердің үлкендігі бүкіл күнбатыс Еуропаның жартысындай болады.

Жетісу, Сырдария облыстары әлі Қазақстанға қосылған жоқ. Бұл екі облыс қосылса, Қазақстан осы күнгісінен бір жарым есе үлкейеді.

Қазақстанның жағырапиясы

Қазақстанның жері – ұзыннан-ұзақ созылған үлкен жалпақ дала. Таулары көп емес. Солтүстік һәм күнбатыс жағында Орал тауының етегі жалғасады. Торғай, Ақмола, Семей облыстарында онша биік емес адырлар келеді. Оңтүстік пен күншығыс жағынан биік Алтай тауы тіреледі.

Барлық қазақ жерінің жалпақ даласын үшке бөлуге болады.

1) Күнбатыс – Каспий даласы. 2) Оңтүстікте Арал-Балқаш даласы. 3) Күншығыс-солтүстікте Сібір даласы, яки Сарыарқа.

Күнбатыстағы Каспий даласын су жағынан кем деуге болмайды. Бұл далада ағатын ең үлкен өзен – Жайық. Жайықтың тармақтары Шаған, Иіртал, Елек, Бұлау. Алғашқы екі өзен Жайықтың оң жағынан қосылады, соңғы екі өзен сол жағынан. Каспий даласының оңтүстікке таман суы азыңқырайды. Әсіресе, бұл жақта ішуге жарайтын тұщы су аз.

Ағатын өзендер: Ойыл, Сағыз, Ембі. Бұл өзендер күншығыстан төмен қарай ағады. Бұлардың суы қышқылтым, күзге тарта тіпті ащы болып кетеді. Сағыз өзенінің жиегіндегі құдықтардың да суы ащы – ішуге жөнді жарамайды. Жаңбырсыз жылдарда Ембі өзені Кендірлі деген жерден бастап сағасына дейін әлденеше буылдық болып тартылып қалады. Тартылған жерлерінің суы үнемі тоқтап тұрған себепті бір түрлі сасық, ішуге жарамсыз болады. Жалпы айтқанда Қазақстанның күнбатыс жағындағы өзендердің суы көбінесе ащы болды. Ішуге жазды күні болмаса, басқа уақытта жарамайды. Бар келтіретін пайдасы бор балшықты жұмсатып, дем салып өсімдіктердің шығуына себепкер болады. Бұл айтылған өзендерден басқа күнбатыс Қазақстанда көп ащы сулы көлдер бар. Көлдер (сулар) екіге бөлінеді:

біріншісі – жеке айырықша көлдер, екіншісі – топталған, құрама көлдер.

Жеке айрықша көлдер солтүстік, күншығыс жағында болады. Мысалы: Паржан, Тамсы.

Самар бұл көлдердің суы тұщы. Кейбіреулерінде көп балық болады.

Құрама көлдер оңтүстік жақта, теңіздің жиегіне қарай болады. Мысалы: Қарабұлақ, Үскемайыр, Есекі. Бұл көлдерде тұз көп болады. Әсіресе, Ындыр көлінің тұзы бір түрлі көп, Ындырда 30 миллиард пұттан артық тұз бар. Тұзы татымды. Барлық Русияда ең жақсы тұздың бірі: 98 процент ішінде хлорстынатры бар. Жайық өзені – Қазақстан даласында қадірлі өзеннің бірі. Әуелгі кезде қазақ даласын шет жұрттар алғанда бірінші солардың қоныс қылған жері – Жайықтың жағасы болған. Жайықтың сағасында көп қымбат балықтар бар.

Күнбатыс Қазақстанның оңтүстігі жағында Мұғажар тауы, Үстірт адырлары бар. Бұл жерлердің суы өңшең ащы көлдер болады.

Каспий теңізінің жиегі тайыз, 67 шақырымға дейін судың тереңдігі 3 кезден аспайды.

Барлық күнбатыс өзендерінің басталатын жері – Мұғажар тауы, Сырт адырлары, құятын жерлері – Каспий (Атырау) теңізі.

Оңтүстік Қазақстанды Арал-Балқаш даласы деп атайды. Арал-Балқаш даласы күнбатыс Мұғажар тауынан басталып күншығыста Шыңғыс, Тарбағатай тауларына дейін созылады.

Оңтүстік Қазақстанды өз алдына төртке бөлуге болады:

1) Сарысу бойы Телкөл алқабы. 2) Ырғыз өзені, Шалқар, Теңіз, Сарықопа, Торғай саласы. 3) Бетпақ дала. Балқаш даласы.

Бұл айтылған жерлердің оңтүстік жағында аса үлкен таулар, адырлар болмаған себепті, аққан өзен көп болмайды. Жайылған көк даланың дәл ортасын жарып екі ақ үлкен өзен ағады. Оның бірі – Ырғыз, екіншісі – Сарысу. Ырғыз Арал теңізінің маңайынан басталып, Шалқар-теңіз көліне құяды. Сарысу Ертіс жақтан басталып, Телкөлге құяды. Сарысудың ұзындығы 700 шақырым. Сарысудың суы аса көп болмаса да, шөлді құрғақ жерлерден жүретін себепті, бойын жайлаған елдерге өте қымбат, қадірлі деп есептеледі. Сарысудың бойында

мыңдаған, миллиондаған көшпелі қазақ жұрты мал өсіріп, күн көреді. Келесі жаз Сарысуға Қазақстанның жер-су комиссариатының атынан экспедиция (ғылым иесі адамдар) жіберілмек болып жатыр. Бұл экспедицияның мақсұты – Сарысу өзенінің қай жерін тоқтатуға болады, қай жерінен арық жүргізуге болады, һәм басқа сол секілді жұмыстар. Егерде экспедиция көңілдегідей болып шықса, болашақта Сарысу осы күнгі халінен де қадірлі өзеннің бірі деп есептеледі.

Оңтүстік Қазақстанның көлдері күнбатыстағыдай екіге бөлінеді. Бірі – айрықша жеке көлдер, екіншісі – құрама ұсақ көлдер. Бірақ, бұл жақтың көлдерінің суы күнбатыстағыдан гөрі тұщы, суы дәмдірек болады.

Қазақстанның күншығыс жақ бөлімі Сарыарқа деп аталады. Сарыарқа – ой-шұңқырлы жер емес, тегіс дала. Сарыарқаның өзендері оңтүстіктен солтүстікке қарай ағады. Оң жақ жиектері биік болып бітіп, сол жағы жайылып жалпақ даламен қосылып кетеді. Жазғытұрым су тасығанда жалпақ жиегі көл болып, күздігүні жақсы шөп береді.

Сарыарқада ағатын үлкен өзендер: Ертіс, Есіл, Тобыл. Ертіс Маңғолиядағы Алтайдан бастап, Қазақстанның жерінде 1000 шақырымдай ағады. Ертіс Орал тауының ар жағындағы мұзды теңізге құяды. Есіл Арал теңізі жақтан басталып 600 шақырым ағып, Омбының аржағында Ертіске құяды. Тобыл Орал тауының оңтүстік жағынан бастап, Қостанай үйезін басып өтеді.

Бұл айтылған өзендердің суы жақсы. Ішуге әбден таза. Үлкен өзендерден басқа Сарыарқада кішкене өзендер де бар. Олардың ең белгілі айтарлық өзені – Нұра. Нұра Қаркаралы тауларынан басталып, орта жолда әлденеше тұщы көлдерді басып, ақырында Теңіз деген ащы көлге барып құяды. Суы дәмді, саласы шөпті, жайлы болғандықтан, Нұра кішкене болса да Сарыарқада ең қадірлі, қасиетті өзеннің бірі. Нұраның бойындағы елдер Нұраны өлең қылып айтып, Нұраға арнап баланың атын қояды.

Сарыарқада көлдер көп. Саны мыңнан асады. Ішінде үлкен көлдер де бар. Мысалы: Сілеті 985 шаршы шақырым, Теңіз 1520 шаршы шақырым жер алады. Сарыарқаның көлдерінің суы көбіне ащы болады. Тұщы көлдер Көкшетау тауларының маңайында ғана. Кейбір ащы көлдерден көп тұз шығады. Әсіресе, Кереку үйезінде тұзды көлдер көп. Бұл көлдерде шығатын тұздың мөлшері әлі анықталған жоқ. Әйткенмен әлденеше жүз

миллиард пұттан асады. Сарыарқаның күншығыс оңтүстігінің ор елдігі айрықша тұрған бір жер. Ол Зайсан, Өскемен үйездері. Ар жағынан Алтай тауы, Тарбағатай, бер жағы Ертіс, Зайсан, Марқакөл деген әдемі көлдер бар. Бұл маңайдың әдемілігі Еуропадағы Шуетсария тауларынан анағұрым ілгері. Шуетсария өзіне Шуетсария, Қазақстанның ішінде Алтайдан әдемі жер жоқ. Алтай – жердің жұмағы, Алтай – біздің жер. Алтайда болған адамда арман жоқ.

III

Қазақстанның топырағы

Қазақстанның даласы ұзыннан екі тілсе, ұзын үш кесекке бөлінеді. Осы үш кесек жердің топырағы үш бөлек. Солтүстік жақта көбінесе қара топырақ, оңтүстікке қарай басқан сайын топырақ сарғылттана береді. Нағыз оңтүстікте топырақ құ араласқан сахра болып кетеді.

Бұл үш түрлі топырақтың жылылығы да бірдей емес.

Солтүстік жақтың (температура)	200 000 градус
Орта тұстық жақтың – ″–	40 000 000 градус
Оң түстік жақтың – ″–	60 000 000 градус

Жауатын жаңбыр жағынан да Қазақстанның жерін бірдей деуге болмайды.

Солтүстік жақта жауатын жаңбыр	131 миллиметр
Орта тұста	26 000 000 000 миллиметр
Оңтүстік	17 000 000 000 миллиметр

Топырағына қарай өсетін өсімдіктер әртүрлі болады. Солтүстік жақтың өсімдіктері көп болады. Егін жақсы шығады. Шамалап айтқанда, бір десетинадан жылында

80 пұт бидай түседі.
70 пұт сұлы түседі.
60 пұт кендір түседі.
70 пұт тары түседі.
80 пұт пішен түседі.
80 пұт шөп түседі.

Жаңбырлы жылдарда десетинасынан 150–200 пұтқа дейін түсетін болады. Келімсектер (прселен) егінді көп салады, бір жерді 7–8 жылға шейін жыртып, 2–3 жылдай тынықтырып алып отырады. Оңтүстікке қарай жүрген сайын жердің маңызы азая береді. Оң түстікте бір десетинадан 30 пұттан артық бидай

түспейді. Сондықтан бұл жақта егін салу шаруасы аз. Жұрт көбінесе мал бағады.

Зайсан мен Өскемен үйездерін тағы да бөлек айтып өтпесе болмайды. Зайсан мен Өскемен, Алтай мен Ертістің жерінде, Алтайдың іші толған қарағай, ағаш. Таудың бауыры малға жайлы, тиышты қоныс. Ертіс бойы егін салуға өте қолайлы. Ертістің тоғайларының шөбі де мейлінше көп болады.

Қазақстанның жер астындағы байлығы

Жер астындағы байлығымен Қазақстанның баяғыдан бері аты шыққан. Жер астынан шығатын заттар: тас көмір, нефть (жер майы), алтын, күміс, мыс, темір, марганс, қымбат тастар, тұз һәм басқалар.

Тас көмір: Күншығыста тас көмір шығатын жерлер: Кереку, Қарқаралы, Зайсан, Ақмола үйездері. Күнбатыста: Торғай, Ырғыз үйездері. Тас көмірдің ең көп жері Ертіс маңайында Екібастұз деген жерде. Екібастұзда таскөмірдің жатқан ауданының ауданы 130 шаршы шақырым. Тас көмірдің қыртысының қалыңдығы 35–60 кезге жуық.

Екібастұздан кейінгі Семей, Ақмола облыстарында тас көмірдің көп шығатын жерлері: Қарашағар, Қушоқы, Құмкөл, Бестүге, Қызылтау, Қарарда һәм басқалар. Торғай, Ырғыз үйездерінде тас көмір шығатын жерлер: Бершүкір, Байқоңыр, Жаланғыр, Жартөбе һәм басқалар.

Нефть: Жер майы көбінесе Орал облысында шығады. (Нефть) жер майы шығатын жерлер: Қарашұңғыл, Дос-сор, Ескене, Мақат, Бекбике, Қаратал, Үшқыл һәм Терісаққан деген өзеннің бойы. Орал облысында шығатын жер майдың жақсылығы Баку жер майынан кем емес. Орал облысы Каспий теңізіне жақын. Сондықтан онда шығатын жер майын теңіз арқылы әрі қарай өткізіп, сату өте қолайлы.

Алтын: көбінесе Зайсан, Өскемен үйездерінде шығады. Қаймбі, Нары, Құрыш тауларының топырағы алтын араласқан болады. Қарқаралы үйезінде Қарасу, Шөптал деген жерлерде кесек алтын да бар. Көкшетау үйезінде Сарыкөл һәм Көжеғұл бұлағында да алтын шығады. Соңғы жылдары Қазақстанның басқа жерлерінен де алтын шығатын үйезі Жетіпір болысының жері.

Күміс: көбінесе Қарқаралы һәм Өскемен үйездерінен көп шығады.

Қорғасынмен аралас күміс әр жерден-ақ табылады. Бұл үйездерде күміс шығатын орындар Көшадыр, Қызылеспе, Қоскөпқұр һәм басқалар. Қорғасынмен аралас күміс Торғай үйезінде табылады. Мысалы, Құрқасық һәм Обалыжал деген жерлерде.

Мыс: Күміс пен қорғасын шыққан жерлерде мыс та көп болады. Таза қалпында мыс кездеспейді. Көбінесе мыс басқа заттарменен араласып келеді.

Мыстың ең көп шығатын жерлері: Қарқаралы таулары, Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Кереку үйездері һәм Торғай үйезі.

Темір: Күншығыс жақта темір шығатын жерлер: Семей, Көкшетау үйездері, күнбатыста Мағажар таулары.

Қымбат тастар: Қазақстан жерінде қымбат тастар да көп табылады. Мысалы, алмас, жаһұт «тұрмалін», малахит, изумрут һәм басқалар. Бұлардың шығатын жерлері: Көкшетау, Қарқаралы, Өскемен үйездері.

Тұз: Қазақстанның үлкен байлығының бірі – тұз. Күллі Русияның Қазақстаннан тұзы көп жері жоқ. Електе, Гуриф үйезінде жер астынан шығатын қатты тұз әлде неше жүз миллиард пұттан есептеледі. Күншығыс жақта тұзды көлдер де өте көп болады. Ең көп көлдер Кереку үйезінде. Бұл көлдерден жылында әлденеше жүз миллион пұт тұз шығаруға болады. Семей, Өскемен үйездері һәм Ақмола облысының да әр жерінен тұзды көлдер табылады.

Бұл айтылған заттардан басқа да жерден шығатын кен байлықтар Қазақстанда айтып бітіргісіз толып жатыр. Мысалы, ақ балшық, бор, «гипс», «графит» жер қиы (торф) һәм басқалар.

Қазақстанда ауруға шипа болатын жерлер де көп. Мысалы, Қалмақан көлі Керекуден 33 шақырым, Арасақай көлі Өскемен үйезінде; һәм Күнбатыс Қазақстанда Індір көлі.

Жоғарғы айтылған сөздерге қарағанда, Қазақстанның жерден шығатын байлықтарының иесі жоқ. Бірақ, сол байлықты ұқсатып, пайда шығара алмай отырмыз. Қай жұрттың болса да ілгері басуына себеп болатын нәрсе – мәдениет. Мәдениетіміз кем болғандықтан, айтылған байлықтар бізге шаңырақтағы қазы, қарта секілді. Кейінгі жастардың міндеті сол қазы-қартаны көзімен көргенге ғана қанағаттанбай, қолымен ұстау болуы керек.

Жазушыдан:

Алты жыл төңкерісті басымыздан кешіріп, жетінші жылға аяқ басып отырмыз. Алты жыл ұдайымен арпалысқан заман болды. Ең әуелі сыртқы соғыс, одан кейін ішкі соғыс, одан кейін аштық, жұт – осының бәрі ел шаруасын өте күйзелтті.

Өткен өнеге болуға жарағанда, ол өнегеден сабақ ала білу – біздің міндетіміз. Сыртқы, ішкі соғыстар басылып, жұрт шаруасына айналды. Ендігі совет өкіметінің алдында тұрған мәселе: халықтың шаруасын түзету, әсіресе, ауыл шаруасын күшейту. Бұл кітапшада қазақ шаруасының қазіргі халін тексеріп келгендегі біздің жасаған қорытындымыз: қазаққа кооперация ашу керек дегендік болды.

Бұл пікір дұрыс па, бұрыс па – оны сынау көптің ісі.

I

Кооперация деген не нәрсе?

Кооперация деген қазақтың тілі емес. Бұл европаның сөзі. Қазақшылап кең мағынамен айтқанда кооперацияны «ұйым» деуге болады.

Ұйым әр түрлі: Жастардың ұйымы бар. Жазушылардың ұйымы бар. Басқа да ұйымдар болады. Кооперация шаруа ұйымы, шаруаның ішінде сауда-саттық жолындағы ұйым.

Кооперация ұйымы шыққалы көп заман болды. Ең әуелгі ұйымның жасалғанына жүз жылға жуықтап барады. Алғашқы кооперация ұйымы Англия патшалығында ашылды. Ашқан кісінің аты Роберт Оуэн деген еді.

Роберт Оуэн әуелде кедейдің баласы болған екен. Жас күнінен көргені мұңдық, мұқтаждық болыпты. Көңілі зерек жас баланың ойлаған ойы ылғи нашарлардың жайы болған да жүрген.

«Әй, өсіп, үлкен жігіт болсам! ...Көрсетер едім дүниеге бір қызықты!» – дейді екен жас Оуэн жолдастарына.

Роберт Оуэннің заманында Англияда бірінші от машинасы шыққан. От машина шыққаннан кейін шаруаның түрі танымайтын болып өзгеріп кетті. Бұрын қол

кәсіппен күн көрген адамдардың көбі фабрик-зауытқа жұмыскер болып кірді. Бұрынғы қолмен тоқитындық қалып, бұлардың орнын машина алды.

Фабрик-зауыт істеп шығаратын нәрсе көбейген сайын оны сататын саудагерлер де көбейеді. Саудагерлер байыған сайын жұмыскер халықтың халі нашарлана түсті.

Роберт Оуэннің өсе келе бар күші, бар қайраты осы саудагерлерге қарсы жұмсалды.

Роберт Оуэннің айтуынша саудагердің еңбегі жаңа бұйым туғызбайды. Бұл сөздің мағынасы – түсінікті қылып айтқанда былай: егін салушы адам әуелі жер жыртады. Сонан соң тұқым шашады, ол тұқым өсіп егін болады. Егінді орады. Одан кейін соғады. Бидай болады.

Бір десятина жерге 5 пұт тұқым шашылса, одан елу, алпыс пұт бидай түседі.

Адамның еңбегінің арқасында бес пұт бидайдан ақырында елу пұт бидай шықты. Қырық бес пұт артық. Міне, осы қырық бес пұт бидайды ғылым тілінде жаңа бұйым деп атайды. Бұл жаңа бұйым егін салушының еңбегінің жемісі.

Екінші мысал алайық. Біреу мал бағады. Ол малды суарады, шөп шабады. Қора салады. Қыс боғын күрейді. Жазғытұрым сиыр бұзаулайды.

Адамның еңбегінің арқасында бір сиыр екі сиыр болды. Бұл секілді өсімді де жаңа бұйым деп атайды. Бұл да еңбектің арқасында болады.

Үшінші мысал алайық. Жұмыскер фабрикада жұмыс қылады. Кездеме (мата) тоқитын фабрикада әуелі жүн-жұрқа келіп түседі. Оны жұмыскер жіп қылып өреді. Жіпті кездеме (мата) қылып тоқиды. Тоқылған кездемені бояйды. Содан кейін ол тоқыма киермендік нәрсе болып шығады. Әуелде құр жүн-жұрқа еді, жұмыскердің еңбегінің арқасында ақырында ол жүн-жұрқадан киермен кездеме шықты. Мұны да ғылым тілінде жаңа бұйым деп атайды. Бұ да адамның еңбегінің арқасында шықты.

Ал енді жоғарыда айтылған саудагерге келейік: Роберт Оуэннің айтуынша саудагер жаңа бұйым туғызбайды дедік. Бұлай деудің себебі: Саудагер бір нәрсені екі нәрсе қылмайды. Егер саудагер біреуден қырық тиыннан елу пұт бидай сатып алса, ол бидайды екінші

жерге апарып, 70 тиыннан сатады. Пұт басы 30 тиыннан пайда қылады. Саудагер 50 пұттан 15 теңге ақша туғызды. Осы 15 теңге жаңа бұйым деуге келе ме, жоқ па?

Әрине, келмейді. Өйткені бидайдың саны көбейген жоқ. Бәрібір алғашқы 50 пұт сол бойымен қалды. Жалғыз-ақ пұт басына 30 тиыннан қосылды. Саудагердің апарған жеріне өзі апарса, ол 30 тиын бидай иесінің қалтасында болар еді. Сондықтан істің асылына келгенде, ол 30 тиын бидай иесінікі.

Біреу үйінде отырып 5 теңгеге бір тері сатады. Сол теріні былғары болғанда екінші саудагерден 20 теңгеге қайта сатып алады. Бір тері екі тері болған жоқ. Бірақ бұрынғыдан төрт есе қымбаттап кеткен. Мұның себебі не? Бұл да әлгіндей бір саудагерден екінші саудагердің қолына түскен сайын қымбаттап, ақырында бағасынан 4 есе асып кетті.

Сауданың екінші жағын қарайық: фабрикада тоқылып сиса шығады. Бұл сисаның кезі 10-ақ тиын, саудагер он тиыннан сатып алды. Екінші біреуге ол 15 тиыннан сатады. Үшінші саудагер ауылға әкеліп 30 тиыннан сатады.

Бұл жолда жаңа бұйым туған жоқ, әуелгі сиса ауылға келгенде де сол бір кез бойымен қалды. Бірақ үстіне 20 тиын жиналып кетті. Егер ауылдың қазағы фабрикаға өзі барып сатып алса, ол 30 тиынның орнына 10-ақ тиын төлер еді.

Бұл мысалдар ауызбен айтуға қандай оңай болса, олардың өмір жүзінде іске асуы сондай қиын. Бір қазаққа он кез сиса керек екен. Ол оны фабрикаға барса бір-ақ теңгеге алады екен, үйде отырса үш теңге төлейді екен. Жарайды, екі теңгені пайда қылу үшін ол қазақ ат жегіп қалаға бару керек. Аттың майы бар, жолдың шығыны бар, үйдегі жұмысын тастайды. Осының бәрі шығын. Әрине, бұл шығын екі теңгеден анағұрлым көп. Сондықтан қазаққа қалаға барып 10 тиыннан алғанша, үйінде отырып шығынданбай 30 тиыннан алғаны көп тиімді

Қазақтың сататын нәрсесі де осы түрде. Ат терлетіп, шығын жұмсап, сиырдың терісін қалаға апарып 10 теңгеге сатқаннан, үйде отырып ол теріні 5 теңгеге бергені пайдалы.

Саудагерге жегізбейтін де айла бар. Ол айла – ко-

операция. Кооперацияның негізі – сауда. Кооперация саудагердің өз қаруын өзіне жұмсайды. Халық кооперация арқылы өз саудасын өзі істейді. Халықтың сайлаған адамдары қаладан өз бағасымен нәрсе алып келеді. Ауылдың жүн-жұрқа, тері-терсегін қалаға алып барып, қымбат бағамен өткізеді. Жоғарғы айтылған саудагердің пайдасын халық өзі көреді.

Осы секілді халықтың ұйымын европа тілінде кооперация дейді.

II

Ұйым дүкені

Кооперация әлденеше түрге бөлінеді. Шаруаның ретіне қарай кооперацияның да түрлері өзгереді. Осы күнгі шаруашылықта, көбінесе, үш түрлі кооперацияның орны бар. Оқушыға түсінікті болу үшін біз бұл үш түрді өз алдына жеке-жеке қарамақпыз.

Бірінші һәм ең әуелгі шыққан кооперацияның түрі – ұйым дүкені деген.

Ұйым дүкені орысшалап айтқанда: «потребитель» дейді. Орыс қалаларына жақын жерлердің қазақтары потребительдің мәнісін әбден біледі.

«Потребитель» (қазақшалап айтқанда ұйым дүкені) ең әуелі Англияда шыққан. Англияда Рождель деген кішкене қала бар. Сол қалада он шақты жұмыскер жиылып, кісі басы елу тиыннан ақша жинап, сауда ашады.

Әуелгі кезде бұларды жұрт мазақ қылған. Ешкім бұлардың ұйымына жазылмаған. Бірақ бұған Рождельдің жұмыскерлері қайғырмаған. Әрқайсысы кезекпен дүкенде қызмет қылған. Дүкен бірте-бірте өсе бастаған. Ақырында едәуір сауда жүргізетін орын болған. Рождельдің жұмыскерлері іс түзеле бастағаннан кейін дүкеніне приказчик жалдап алған. Сөйте-сөйте бұлардың дүкені біраз жылдан соң үлкен магазин болған.

Бұлардың кішкене дүкені ұлғайып магазин болып кеткен себебі: ол ұйымға жазылған адамдардың бәрі де нәрсені сол дүкеннен алғандықтан, екінші, бұрынғы саудагерге кететін пайда дүкеннің өзінде қалғандықтан.

Мысалы: дүкен жүз теңгеге нәрсе әкеледі екен. Ол оны жүз жиырма теңгеге сатады. Екінші жолы жүз жиырма теңгеге нәрсе алады. Оны жүз қырық бес тең-

геге сатады. Үшінші жолы жүз қырық бес теңгеге нәрсе алынады. Айдан айға, жылдан жылға ұйым дүкенінің қаражаты осылай өсе берген.

Оның бер жағында, бұл пайданың бәрі ұйымға жазылған мүшелердің қалтасында қалып отырған. Әрі пайда, әрі арзан! Сондықтан Рождельде жасалған кішкене дүкен жер жүзіне өнеге боларлық үлкен игілік іс болған.

Ұйым дүкенінің тәжірибесі Англиядан басқа патшалықтарға да тарады. Осы күні Европада ұйым дүкендері ашылмаған жер жоқ.

Ұйым дүкенінің мақсаты: алынатын нәрсені арзандату. Жоғарыда айтып өттік, нәрсе неғұрлым көп саудагердің қолынан өтсе, солғұрлым бағасы қымбаттайды деп. Ұйым дүкенінің нәрсені арзандататын себебі: бір қолдан алады да, бір қолдан сатады. Екі ортада саудагерлер кіріспе алмайды. Сондықтан оларға төленетін артық баға ұйым дүкенінің өз қолында қалады. Ұйым дүкені халықтың өз ұйымы болғандықтан, әрине, нәрсенің бағасын халық арзан қояды. Өйткені бәрібір ол дүкеннің пайдасы да айналып келіп халықтың өз қалтасына құяды.

Әрбір ұйым дүкендері бірігіп өз ортасынан үлкен ұйым жасауға болады. Мысалы, барлық Англияның ұйым дүкендерінің ортасында кіндік бір ұйым бар.

Россияның барлық ұйым дүкендерінің ортасында да үлкен бір ұйым бар. Ол ұйымды орысша «Центросоюз» дейді. Қазақшалап айтқанда бұл сөз «Кіндікұйым» деген.

Осы күні барлық Қазақстан Республикасының ортасында да үлкен бір ұйым бар. Бұл ұйым туралы ілгеріде толығырақ сөйлемекпіз, сондықтан бұл жерде тек атап қана кетеміз.

Үлкен ұйымдардың жасалуында көп пайда бар. Өйткені кішкене ұйымдар өз ауданынан шыға алмай, ілгері дәуірлей алмайды. Мысалы: Россия патшалығы Англиямен сауда жүргізетін болса, оған көп ақша керек, көп күш, көп қаражат керек. Кішкене ұйым дүкендерінің бұл қолынан келмейді. Үлкен ұйымдардың қолынан әбден келеді. Мысалы, жоғарғы айтылған «Центросоюздың» өз алдына жеке пароходтары бар, фабрик-зауыттары бар. Бір өзінде әлденеше миллион теңге ақша бар. Толып жатқан қызметші, толып жатқан магазиндері бар. «Центросоюз» осы күні шет жұрттар-

мен сауда жасап отыр. Кооперацияның жолында «Центросоюздың» жәрдемі күшті.

Қазақстан республикасында ашылып отырған осы «Центросоюздың» бөлімі. Бұл бөлім Қазақстан республикасының ұйым дүкендерінің кіндік ұйымы деп есептеледі. Қазақстанға деп ашылған ұйым. Губерналық ұйымдарға кіндіктен жіберілген нәрсені үлестіреді һәм өз алдына жеке сауда қылады. Саудасы, көбінесе, мал, тері-терсек, жүн-жұрқа.

1922 жылғы сентябрьден бастап 1923 жылға дейін бұл ұйым мынадай нәрсе жиған:

мал	3479	қара
ет	27717	пұт
тері	39477	дана
жүн	231437	пұт
қыл	263132	пұт
аң терісі	81808	дана
бидай	6458926	пұт

Жалпы Қазақстан ұйымдарынан басқа Қазақстанда губерналық ұйымдар бар. Әрбір губерналық ұйым өз алдына сауда жүргізеді. Бұлар қаладағы, ауылдағы ұйым дүкендеріне нәрсе үлестіреді. Екінші жағынан мал, тері-терсек, жүн-жұрқа жинайды. Губерна бас сайын тексеріп қарағанда, олардың істеген саудасы мынадай: Семей губернасының кооператив ұйымы өткен жылы жинаған: бір жарым миллион пұт бидай, 279954 пұт ет, 164984 тері, 122891 пұт жүн.

Ақмола губернасының ұйымы жинаған: 145309 пұт бидай, 164702 пұт ет, 12800 пұт май, 97147 тері, 39634 аң терісі.

Орынбор губернасы: 21376 пұт бидай, 26846 пұт ет, 465 пұт май, 29940 тері, 13574 аң терісі.

Ақтөбе губернасы: 2466 пұт бидай, 35000 пұт ет, 37107 тері.

Орал губернасы: 34184 пұт бидай, 5776 пұт ет, 7715 пұт балық, 2519 тері-терсек.

Қостанай губернасы: 15888 пұт ет, 12418 тері-терсек.

Бөкей губернасы: 5700 пұт бидай, 32400 пұт ет, 450 пұт май, 12000 тері, 2000 пұт жүн-жұрқа.

Бұл цифрларға қарағанда Қазақстан республикасында кооперацияның жұмысы ілгері басып барады деуге әбден болады.

III

Қарыз серіктігі

Кооперацияның екінші түрін қарыз серіктігі дейді. Орысша айтқанда оны: «Кредитная кооперация» деп атайды.

Кредитная кооперацияның бірінші туған жері – Германия. Германияда Англиядай емес, мұжық көп болады. Мұжықтың шаруасы, тұрмысы қала жұмыскерлерінің тұрмысынан анағұрлым бөлек болады. Мұжықтың мұң-мұқтаждығы өз алдына басқаша болады.

Мысалы: егін салатын бір мұжықтың соқасы тозды. Соқа сатып алайын десе, ақшасы жоқ. Атын сатып соқа алайын десе, көліксіз қалады. Бидайын сатайын десе, тұқымсыз қалады.

Кейбіреудің аты болып соқасы болмайды, кейінің аты болып, тұқымы болмайды. Осындай кемдік көрген шаруа адамы толып жатыр. Бұлар қысылғанда көбінесе ақшасы бар көршісіне барады. Ол көршісі берген қарызына екі есе, үш есе есім алады. Мұжықтар залалды көбінесе осындай өсімқорлардан көреді. Сондықтан Германияда қарыз серіктіктері ашыла бастады.

Қарыз серіктіктерін бірінші ашқан Рейгейзн деген кісі. Рейгейзн деген жасынан қалада болып, мұжықтардың арасында өскен адам. Олардың хал-жайын өз көзімен көріп, олардың мұң-мұқтажын жүрегімен сезген кісі.

Рейгейзннің айтуынша ауыл шаруасындағы кедейлердің көбі еңбегін біреу жегендіктен емес, олардың өздері еңбек етпегендіктен кедей болып жүр дейді. Кедейдің еңбек етпейтін себебі: еңбегінің жанбайтынына көзі жетеді. Біреуден тұқым сұрап алу керек, біреуден ат сұрайды. Ақырында еңбектеніп салған егіннің көбін аналарға өсімге төлейді. Сөйтіп өмірінде шаруасы құралмайды. Ақырында мұжық: «Бір теңге тепкілесем де кетпейді, мың теңге қайтсемдағы бітпейді» дегенге түседі. Ол еріншектікке салынады. Ұйқыға айналады. Сөйтіп кедей еңбектен шығады.

Қарыз серіктігін ашқандағы пайда: қаражаты жоқ үйлерге қарызға қолайлы ретпен ақша беріледі.

Мұқтаж үйлерге қарыз беру үшін бір қала болып ортасынан банк ашады. Бұл банкіге тілеген адамдардың

бәрі де мүше болып жазылады. Әрбір мүше тиісті пай төлейді. Барлық мүшелерден жиналған пай банкінің түпкі қаражаты болып есептеледі. Осы қаражаттан керек уақытта банкіге жазылған адамдар қарызға ақша алып тұрады. Банк жай кісілердей екі есе, үш есе өсім сұрамайды. Банк көп болса жылында 6 тиын, 7 тиын өсім алады. Мұндай өсімді қай шаруа болса да көтере алады.

Әсіресе, нашар үйлерге банкінің пайдасы күшті. Мысалы: қазір алым төлеу керек. Нашардың қалтасында ақшасы жоқ. Бидайын сатайын десе, саудагер арзан баға береді. Біраз күтіп сатса, ол бидай екі-үш есе қымбатқа өтуі мүмкін.

Міне, осындай уақытта нашар банкіден қарызға ақша алады. Сонан соң бағасы келгенде бидайын сатып, банкіге қарызын төлейді. Банкінің басқа да пайдасы толып жатыр. Қалаға егін соғатын машина керек. Бір кісінің бұған шамасы келмейді. Банк бар. Банкіден ақша алып, машина сатып аласың. Тағы да бір мысал: біреудің қолында ақша бар. Ол оның қалтасында текке жатады. Ол ақшаны банкіге салып қоюға болады. Банкіден өсім алады.

Қарыз серіктігі, әсіресе, Германия патшалығында көп. Европаның барлық мемлекеттерінде осы күні қарыз серіктігі өте күшті. Олардың банкісінде мыңдаған, миллиондаған ақша бар.

Біздің Россияда да банк жұмысы соғыстан бұрын үлкен ұлғайып еді. Төңкеріс уақытында бұл жұмыс азырақ сөнуге айналды. Осы күні Россияда қарыз серіктігі тағы ұлғайып барады.

Қарыз серіктігі соғыстан бұрын Қазақстанда да көп ашылды. 1917 жылы Орынбор губерниясында 450 қарыз серіктігі болды. Бұл серіктіктердің ақшасы әлденеше миллиондаған еді. Орынборда қарыз серіктіктерінің губерниялық кіндігі болды. Оны орысша «Народное дело» деуші еді.

Орал губерниясында 291 қарыз серіктігі болды. Ақтөбе губерниясында 1916 жылы 34 қарыз серіктігі, Қостанай уезінде 42 қарыз серіктігі болды.

Ақмола губерниясында 1915 жылы 163 қарыз серіктігі болды. Ақмоладағы серіктіктердің мүшелерінің саны 66506 адам, түпкі қаражаты 740423 теңге еді.

Бұл қарыз серіктіктері Қазақстанның жерінде ашыл-

ғаны болмаса, қазақ халқының арасында аз таралды. Азырақ Орал губерниясында қазақ ішінде қарыз серіктіктері ашылды. Басқа жерлерде атымен болмады деуге болады.

Осы күні Қазақстанда ауыл шаруасының банкісі ашылып отыр. Бұл банкінің түпкі қаражаты бір миллион теңге алтын. Қазіргі ашылып отырған ауыл шаруасының банкісін нағыз қарыз серіктігі деп атауға келмейді. Өйткені мұның ақшасын патшалық салып отыр. Қарыз серіктігі болғанда оның түпкі қаражаты мүшелердің өзінен жиналады. Әйткенмен осы күнгі ауыл шаруасының банкісі бұрынғы қарыз серіктіктерінің орнына жүреді. Бұрынғы қарыз серіктіктері қазір жоқ. Қазіргі ауыл шаруасына арналып отырған жалғыз ауыл шаруасының банкісі.

Бұрыннан кенже қалып, кенжелікке әдеттенген қазақ еңбекшілері бұл жолы да ескі әдетті қолдануы, әрине, жарамайды. Ашылып отырған банкіден қазақтың нашары тиісті сыбағасын алуы керек. Ел ішінде қызмет еткен азаматтар, кеудесі тесік, жөн білетін жастар бұл жұмысқа кірісу керек.

Осы күні жалпы қазақ шаруасы күйзелулі. Алты жылғы ішкі-тысқы соғысты, үргін-сүргінді басынан кешіріп, қазақ шаруасы жаңа ғана қайта қадам басып келеді. Бұл туралы толығырақ ілгеріде сөйлемекпіз. Қазіргі айтатынымыз ауыл шаруа банкісі осы күнгі шаруаға көрсетіліп отырған бірінші жәрдем. Бұл жәрдемнен қазақ шаруасы қапы қалмау керек.

IV

Кәсіп ұйымдары

Кооперацияның үшінші түрін кәсіп ұйымдары дейді. Мұны орысша «производственная кооперация» деп атайды.

Кәсіп ұйымдары көбінесе Россияда ашылды. Кәсіп ұйымдарының өз-өзі тағы да бірнеше түрлерге бөлінеді. Кәсіп ұйымдарының дүние жүзіне шыққан себептері: адамның еңбегін біріктіру мақсатымен.

Мысалы: әрбір үй сиыр сауады. Сауып алған сүтін әрқайсысы өз алдына ұқыптайды. Сиырдың сүті әуелі ішу үшін керек, онан соң май алу үшін керек. Бірақ қолмен былғағанда майдың жартысы сүтте кетеді.

Оның үстіне ол май таза болып шықпайды. Соңғы кезде сүттен май айыратын машина шықты. Осы күні сүт пісетін завод та бар.

Европада Дания, Голландия, Швейцария деген патшалықтар бар. Осылардың бәрі май сатып күн көреді деуге әбден болады. Бұлар сүтті зауытта пісіп майын алады. Қалған сүттен «сыр» деген ірімшік жасайды. Майды да, сырды да сатып ақша қылады.

Қазақтың сүт-майы сату түгіл жеуіне де жетпейді.

Міне, осындайда кәсіп ұйымын ашуға әбден келеді. Орыстар арасында бұл секілді кәсіп ұйымдары былай ашылады: бір қала болып жиылып, ортасынан сүт пісетін завод салады. Заводтың басына іс білетін кісілер қояды. Содан кейін әрбір үй сауған сүтін зауытқа апарып отырады. Зауытта кімнің неше шелек сүт әкелгені жазылып отырады. Ай сайын яки болмаса жыл аяғында есеп болады.

Әркімге зауытқа әкелген сүтіне қарай май береді, «сыр» (ірімшік) береді.

Ал, егер ол майды сату керек болса, онда ұйым атынан оны қымбат өтетін жерге алып барады. Ақшасын жоғарғы тәртіппен тағы бөліп алады, я болмаса ұйымды күшейтуге салады.

Россияда май заводтары Сібірде көп болды. Қазақстанда май зауыттары аз ашылды. Бұдан былай бұл жұмыс үлкен ескеретін істің бірі болу керек. 1917 жылы біздің бүкіл Қазақстанда 1587191 бұзаулы сиыр болды. Бір бұзаулы сиыр жазына 44 шелек сүт береді. Бір шелектен бір жарым қадаққа жақын май түседі. Майдың қадағы 30 тиыннан қойғанда 1587191 сиырдың сүтінен түскен май 29329101 теңге алтын болады.

Әрине, осы күні қара малдың саны азайды. Жиырма тоғыз жарым миллион алтын теңгені алып болмайды. Бірақ мұнша ақша бұрын да алынбаушы еді. Бұл тек мөлшер ғана. Егер қазақтың ішінде сүт пісетін зауыттар ашылса, ол зауыттардың пайдасы мыңдаған емес, миллиондаған алтын болуында дау жоқ.

Сүт зауыттарынан басқа да кәсіп ұйымдарының түрлері бар. Мысалы: біреу арбашы екен. Жалғыз өзі ол кәсіпті жүргізуге шамасынан келмейді. Үш-төрт арбашы бірлесіп, ұйым жасайды.

Екінші мысал: біреуге үй керек. Жалғыз өзінің ша-

масынан келмейді. Үй салу деген жұмыс тегінде бір кісінің қолынан келетін іс емес.

Ең кем дегенде екі кісі, үш кісі керек. Күнбатыс Европада «үй салатын кооперация» деген ұйым бар. Ол ұйымның істейтін ісі: әуелі біреуіне бәрі жиылып үй салады, содан кейін екіншісіне салады. Сөйтіп бірінің күшінің арқасында бірі пайдаланып, бәрі де үйлі болады.

Бұл секілді ұйымның шет жағасы қазақ ішінде осы күні де бар. Қазақ мұндайды помыш (үме) дейді. Бірақ қазақтың «помышы» мен жоғарғы айтылғанның түрі бір емес. Кооперация болғанда қашан үй салып біткенше, ол ұйымның барлық мүшесі шығынды бір жерден ұстайды. Бәрі де бір үйдің жаны секілді күшін де, қаражатын да қосып жібереді.

Бұдан басқа да кәсіп ұйымдары толып жатыр. Бірігіп тері илейтін ұйым болады. Бірігіп егін салатын ұйым болады. Бірігіп ұсталық құратын ұйымдар болады. Мұндай ұйымдардың барлығы кәсіп ұйымдары деп аталады.

Қазақ ішінде кәсіп ұйымдары болмаса да, қол кәсібі өткен уақытта өте көп болды.

V

Қазақстан шаруасының мөлшері

Кооперацияның үш түрін айтып өттік. Бұл үш түрлі кооперацияның барлығы бір жерде туған жоқ, әр қайсысы әр жерде тұрмысына, шаруасына қарай шықты. Қалалы жерде адамы көп Англияда ұйым дүкендері шықты. Мұжығы көп Германияда қарыз серіктігі ашылды, Россияда кәсіп ұйымдары көп туды.

Қазақстанның шаруасы да өз алдына бөлек шаруа. Біздің тұрмыс өзгеруге бет қойды. Бірақ ескілік әбден жоғалып, жаңалық орнығып кірген жоқ. Ескі тұрмыстың іздері жоғалып барады. Жаңаның түрі кіріп келеді. Біздің осы күнгі шаруамызды ғылым тілімен айтқанда әрелдік шаруа дейді.

Біз қазір қазақ шаруасында кооперация ашу керек дегелі отырмыз. Кооперация шаруа ұйымы деп жоғарыда айтып өттік. Олай болса, біздің шаруамыз қанша, қандай түрде, шаруамыздың ауданы, мөлшері қандай? Осыны білу бірінші міндетіміз. Мұны білмей,

Қазақстанда ешбір кооперация жасай алмаймыз. Ең әуелі Қазақстан шаруасының мөлшеріне келейік: 1916 жыл, 17 жыл Қазақстан шаруасының ең ұлғайған жылдары.

1917 жылғы Қазақстанда 4109209 десятина егін салынды. Десятина басы 20 пұттан есептегенде 83984182 пұт астық түсті. Пұт басы 70 тиыннан қойғанда (13-жылдың бағасы) барлық астықтың бағасы 58788927 теңге болады.

1917 жылы Қазақстанда мұнша мал болған:

жылқы	3941146 қара
ірі қара мал	5507636 қара
ұсақ қара мал (қой-ешкі)	13123257 қара
түйе	644024 қара

Қазақ малы жылында мынадай өсім береді:

жылқы	20 процент*
ірі қара мал	30 процент
ұсақ қара мал	29 процент
түйе	20 процент

Орыс малының өсімі былай:

жылқы	13 процент
ірі қара мал	28 процент
ұсақ қара мал	35 процент
түйе	13 процент

Осы мөлшермен есептегенде Қазақстанның бір жылғы өсімі былай болып шығады:

Жылқыдан 653116 қара өсім, оның бағасы 35921380 теңге. Ірі қара малдан 1587191 қара өсім, оның бағасы 76185168 теңге. Ұсақ қара малдан 4885526 қара өсім, оның бағасы 34198682 теңге. Түйеден 119389 қара өсім, оның бағасы 7163340 теңге. Барлығы: 153468570 теңге.

1913 жылғы баға бойынша жылқының құны 55 теңгеден, сиырдың бағасы 48-ден, қой 7-ден, түйе 60 теңгеден есептелді.

1917 жылы Қазақстанда 1587191 бұзаулы сиыр болған. Бір сиыр жазында 44 шелек сүт береді, бір шелек-

* Процент былай жазылады: %. Бір процент жүздің бір бөлгені деген сөз. 20 % процент жүздің 20 бөлігі, 30 % процент жүздің 30 бөлігі, һәм сол секілді.

тен бір жарым қадаққа жақын май түседі. Май қадағы 13-жылы 30 тиын болған. Осы есеппен санағанда барлық Қазақстандағы сиырдың сүтінен түскен май 29329101 теңге болады.

Қазақстаннан 17 жылы мынадай жылқы терісі шыққан:

	394115	дана,	бағасы	1182345	теңге
сиыр терісі	881222	дана;	бағасы	4405110	теңге
қой терісі	4593444	дана;	бағасы	3444855	теңге
түйе терісі	64402	дана;	бағасы	322010	теңге
Барлығы	5132879	дана;	бағасы	9354320	теңге.

Жылында өзі өлгені бар, қасқыр жегені бар, соғымға, қонаққа сойылғаны бар, Қазақстан малы былай кеміген:

жылқы	10 %.
қой	35 %.
сиыр	16 %.
түйе	10 %.

1917 жылы Қазақстанның барлық қойынан 970000 пұт жүн, түйесінен 210 000 пұт жүн, барлығы 1180000 пұт жүн түскен. 13 жылы қой жүнінің пұты 5 жарым теңге, түйенің жүні 8 жарым теңгеден болды. Барлық қой мен түйенің бағасы 7210000 теңге болды.

1911 жылы бүкіл Қазақстанда 7 600 000 пұт балық ауланған. Мұның бағасы 12 000 000 теңге. Соғыстан бұрын Қазақстанның өнеркәсіп шаруасынан (фабрика, зауыт, қол кәсіп) 7 913 000 теңге пайда түскен.

Жоғарыдан бері айтқан цифрлардың қорытындысы былай болып шығады: жылында егін шаруасынан түскен пайда: 58788927 теңге.

Мал шаруасынан түскен пайда:

малдың өсімі	153 468 570	теңге
май	29 329 101	теңге
тері	9 354 320	теңге
жүн	7 120 000	теңге
Барлығы	199 331 991	теңге
Балық шаруасынан түскен пайда:	12 000 000	теңге
Кәсіп шаруасынан түскен пайда:	7 913 000	теңге
Барлық Қазақстанның пайдасы:	278 033 918	теңге алтын.

Жоғарғы айтылған цифрдың бәрі мөлшермен алынып отыр. Бұған қарағанда қазақ шаруасының ауданы, оның шамасы, мөлшері жылында – 278 033 918 теңге пайда түсуге жарайтындығы көрінеді.

VI

Қазақ шаруасының өткендегі һәм қазіргі халі

Қазақстан республикасының халқы, көбінесе, ауыл шаруасымен тұрады. Сондықтан біздің болашағымыз үшін қазіргі ауыл шаруасының халін білу өте қажет. Түпкілікті ауыл шаруасы Қазақстанда екі түрге бөлінеді. Оның біреуі – егін салушылық, екіншісі – мал бағушылық. Дұрысын айтқанда бұл екі түрдің арасына дәлдеп жік салуға болмайды. Жалпы шаруаны ұзын бір шынжырға ұсатсақ, шынжырдың бір басы таза егін шаруасы, екінші жағы таза мал шаруасы деп айтуға әбден болады. Бірақ егін салатындық қай жерде бітіп, мал бағатындық қай жерден басталатынын айту қиын. Сондықтан ұғынуға жеңілдік болу үшін Қазақстан шаруасын үшке бөлсек те жарайды. Бірінші түр – егін салу, екінші түр – мал бағу, үшінші түр – аралас шаруа. Аралас шаруада мал бағу да бар, малмен қатар егін салу да бар.

Қазақстанның шаруасын үшке бөлу топырағына қарағанда да дұрыс болып шығады. Қазақстанның топырағы да үшке бөлінеді. Егерде қазақ жерін ұзыннан екіге тілсек, ұзын үш тілім жер шығады. Бұл үш тілім жердің солтүстігі қара топырақ, оңтүстігі сары топырақ, орта бөлігі қоңыр топырақ болады.

Қара топырақты жер – егін салатын жер. Сары топырақта мал бағады. Қоңыр топырақта аралас шаруа.

Барлық Қазақстанның жерінің ауданы, Сырдария мен Жетісуды қоспағанда, екі миллион шаршы шақырым. Соның ішінде:

егін салатын жер	400 000	шаршы шақырым
мал бағатын жер	1 200 900	шаршы шақырым
аралас шаруаның жері	400 000	шаршы шақырым

Бұл цифрларға қарағанда біздің жердің үштен екісі әлі мал бағу шаруасының пайдасында екендігі көрінеді.

Қазақстанда, Жетісу мен Сырдарияны қоспағанда, 850 мыңнан артық үй бар, $4\,^{1}/_{2}$ миллионнан аса жан бар.

Бұл үйлер мен жанды отырған қонысына қарай бөлгенде былай келеді:

Қандай жерде	үй	жан
Егін салатын жерде	450 000	2 500 000
мал бағатын жерде	220 000	1 100 000
аралас шаруалы жерде	180 000	900 000
барлығы	850 000	4 500 000

Бұл цифрларға қарағанда Қазақстанның халқының жартысынан көбі егін салу шаруашылығында екендігі көрінеді. Егін салатын, көбінесе, орыс халқы. Мал бағатын қазақ жұрты. Әйткенмен соңғы жылдарда қазақ жұрты да егін салуға кірісті. Сондықтан егін салу шаруасы жылдан-жылға ұлғайып барады.

1920 жылы Қазақстанда 3 300 850 десятина егін салынды.

Бұл егін жеріне қарай былай бөлінеді.

Қара топырақты жерде	3 030 560	десятина
Қоңыр топырақты жерде	256 390	десятина
Сары топырақты жерде	13 900	десятина

Жұртқа бөлгенде бұл егін былай келеді:

Қазақ жұрты шашқан	505 880	десятина
Орыс һәм басқа жұрттар	2 794 970	десятина

Егін шаруасы көп құрал, көп күш тілейді. Жұмыскерсіз, соқасыз егін салу мүмкін емес. Сондықтан егін шаруасының халін сипаттайтын нәрсенің бірі: ауыл шаруасының құрал-аспаптары.

Барлық Қазақстанда 203 650 соқа бар, 235 210 борона бар. Қазақ жерінің жалпы үлкендігін алғанда һәм қазіргі ауыл шаруасының мұқтаждығын ескергенде, бұл цифр, әрине, аз. Бірақ ауыл шаруасының қазіргі керегіне қолдағы құрал әбден жетеді. Әйткенмен соңғы 4–5 жылдың ішінде бұл құрал тозды, сынды, көбі жұмысқа жараусыз болып қалды. Сондықтан бұл құрал түзеуді, жамауды керек қылады.

Соңғы жылдарда жалпы шаруаның күйзелуімен бірге егін шаруасы да өте азайды. 1920 жылғы егін шаруасының түрі мен қазіргі халін салыстырып қарасақ, мынадай айырма шығады.

Губернелер	1920 жыл	1922 жыл	қанша процент кеміген
Ақмола губернесінде	821 510	334 930	59 %
Қостанай губернесінде	569 900	240 010	58 %
Орынбор губернесінде	659 110	280 590	57 %
Семей губернесінде	719 400	353 690	53 %
Бөкей губернесінде	22 540	11 950	47 %
Ақтөбе губернесінде	364 000	243 130	33 %
Орал губернесінде	159 540	136 090	17 %
Торғай губернесінде	2 250	1 910	13 %
Адай губернесінде	5 100	5 100	–
Барлығы	3 300 850	1 630 850	51 %

Бұған қарағанда соңғы екі жылдың ішінде егін шаруасы екі еседен артық кеміген. Егін шаруасының соңғы жылдарда кейін кету себебі бір жағынан ашаршылық, екінші жағынан жұрттың құралы тозып, көлігі азайғандық.

Ал енді мал бағу шаруасына келейік: мал бағу қазақ жұртының әзірге түпкілікті шаруасы. Қашан біздің ел фабрик-зауыт салып, әбден отырықшы болғанша, мал бағу қалмайды. Мал бағудың ол уақытта да жойылар, жойылмасы екі талай. Өйткені фабрик-зауыт болу үшін тері-терсек, жүн-жұрқа һәм басқа сол секілді шикі бұйымды беретін мал шаруасы.

Біздің осы күнгі айтып жүрген сөзіміздің бірі қазақ жұртының отырықшылығы туралы болса, онда да бәрібір мал жоғалмайды. Қазіргі замандағы Австралия, Америка секілді жұрттың мал шаруасы олардың отырықшылдығына қарамай-ақ ұлғайып отыр. Адамшылықтың ілгері басуы мал бағуды жоюға тірелмейді. Қайта сол малды көркейтуге тіреледі. Сондықтан Қазақстанда мал шаруасының ілгері басуы жалпының тілегі болу керек. Көптің күші сол тілекке қарай бейімделу керек.

Қазақстанның ілгергі уақыттағы мал байлығын жоғарыда айтып өттік. Сондықтан бұл жерде біз соңғы жылдардағы қазақ малының халін тексермекпіз. 1920 жылы Қазақстанда барлығы 13192370 қара мал бар еді. Бұл мал губерне басына бөлгенде мынадайдан келеді.

Ақмола губернесінде	4 484 670	қара
Семей губернесінде	2 921 360	қара
Орынбор губернесінде	1 211 860	қара
Қостанай губернесінде	1 183 520	қара
Ақтөбе губернесінде	1 091 950	қара
Орал губернесінде	864 860	қара
Бөкей губернесінде	407 900	қара
Адай уйезінде	729 100	қара
Торғай губернесінде	297 150	қара
Барлығы	13 192 370	қара

Губернелердің ішінде бәрінен малы көп губерне Ақмола губернесі. Қазақстанның малының 34-і Ақмолада.

Жоғарғы айтылған малды түлікке бөлгенде былай келеді:

Қай түлік	саны	жалпы малдың қанша проценті
қой-ешкі	6 996 000	53
қара мал	3 300 000	25
жылқы	2 310 000	17
түйе	660 000	5
Барлығы	13 200 000	100

Соңғы жылдарда мал шаруасы өте күйзелді. Соғыстан бұрынғы шаруаны былай қойып, 1920 жылмен салыстырғанда мал шаруасы екі есе төмендеді.

1922 жылы барлық Қазақстанда 7 397 770-ақ қара мал қалған. Губерне сайын мал былай азайған:

Орынбол губернесінің малы	70 %	азайған
Ақтөбе губернесінің малы	70 %	азайған
Торғай губернесінің малы	67 %	азайған
Қостанай губернесінің малы	61 %	азайған
Ақмола губернесінің малы	45 %	азайған
Бөкей губернесінің малы	43 %	азайған
Орал губернесінің малы	40 %	азайған
Семей губернесінің малы	26 %	азайған

Бұл цифрларға қарағанда мал бағу шаруасы егін шаруасынан анағұрлым көп күйзелген. Мал шаруасының құралы мен пайдалануы да кем болып отыр. Қазақ жылқысы әлі күнге дейін тебінмен күн көреді. Қазақ

жұрты шөп шабатын машинаны әлі іске асырған жоқ. Қазақстанда әрбір жүз үйге 6 $^{1}/_{2}$ шөп шабатын машина келеді. Алты жарым машинамен жүз үйдің шаруасы біте ме? Сондықтан мал шаруасының халі де көңілдегідей деуге болмайды.

VII

Қазақстан шаруасының беталысы

Қазақстан шаруасы жылдан-жылға өзгеріп келеді. Малдың саны азаюы, егін салушылық көбеюі, жаңа кәсіптер шығуы – осының бәрі үлкен өзгерістің белгісі. Бұл секілді өзгерістер әрбір халықтың басынан кешкен уақиға. Шаруаның өзгерісі – тарихтың сыны. Мұндай өзгерісте халық не жер жүзінен жоғалып кетеді, не екінші рет қайта дәуірлегенде шаруасы бұрынғыдан орнықты тәртіпке түседі.

Қазақ шаруасы қанша күйзелгенмен, қазақ жұртының іргесі аман қалып отыр. Бірен-саран жерлерде болмаса, жалпы қалың ел әлі сау. Қазақ кедейленді, бірақ жер жүзінен өшіп кеткен жоқ. Қазақта баяғыдай мыңдаған жылқы, жүздеген сиыр жоқ. Әйткенмен ендігі қалған шаруасын ілгері бастыратын қоры қалды. Жұқа болса да жұрнағы бар. Алты жылғы аударыс-төңкерістен қазақ шаруасының ұттырғаны қанша көп болса, ұтқаны да сонда көп. Қазақ шаруасының саны кемісе де, сапасы асылдануға бет қойды. Бұрынғы шалқасынан қарап жатып, малды өз бетімен қоя беріп, жататындық қалып, шаруа еңбекке түсті, еңбексіз ешнәрсе түпкілікті емес екеніне қазақтың көзі жетті. Тұрмыс қызыл тілдің үшімен емес, ақ білектің күшімен түзелетінін көзі көрді. Бұрын 10 сиырды мал деп есептемейтін қазақ енді бір сиырды мал етті. Еңбегін сіңіріп, жалғызды асырауға кірісті.

Еңбектің жүрген жері күшті. Еңбек түбінде шаруаны бір көркейтеді. Қазақ еңбектің керектігіне түсінді.

Төңкеріс заманының ең үлкен берген пайдасы осы.

Бұдан былай біздің шаруамыз қалай барар екен? Қандай беталыс ұстар екен? Бұл мәселе қазіргі уақытта көптің ортасында шешілмей тұрған әңгіменің бірі. Қазақ отырықшыл болу керек дегенді айтып жүрміз. Қазақ фабрик-зауыт салуға айналу керек дейміз.

Мұның бәрі өз заманында бола жататын нәрселер. Қазіргі алдымызда тұрған сұрау: ауыл шаруасының жайы. Болашақ та ауыл шаруасына тіреледі. Сондықтан Қазақстандағы ауыл шаруасының тағдырын дұрыстап болжау үлкен жұмбақ.

Ауыл шаруасының жолы көбінесе табиғи заңдармен жүреді. Бір жағы адамның күші, еңбегі болса, екінші жағы жаратылыстың жасалуы. Бұлай болғандықтан біздің шаруаны сөйлегенде Қазақстанның жаратылысын да еске алу керек. Қазақстанның солтүстігі қалымша қара топырақ деп жоғарыда айтып өттік. Қара топырақты жерде, әрине, үлкен егін шаруасы тууға тиісті. Оңтүстіктің сары топырағында егін салу қазіргі халде өте қиын. Бірен-саран жерлерде болмаса оңтүстік түгелімен малдың жері. Сондықтан осы күнгі көшпелі қазақ оңтүстікте көпке дейін көшпелі болып қалуы мүмкін.

Отырықшылдық солтүстіктен басталуға тиісті. Отырықшылдық бір жылда, екі жылда туатын нәрсе емес. Отырықшылдық өз алдына бір дәуір. Бұл дәуір қазірде туып келді. Бірақ әбден туып жеткен жоқ. Һәм жетуге алыс та. Енді он жылдарда, жиырма жылдарда қазақтың бірсыпырасы отырықшылдыққа айналар. Осы күнгі солтүстік Қазақстанның шаруасы соған қарай бейімделіп келеді.

Әрбір шаруаның ілгері басатын шарттары бар. Ауыл шаруасының ілгері басатын шартының бірі – айырбас яки осы күнгі халықтың тілімен айтқанда сауда-саттық. Бұл мәселе туралы біз ілгеріде сөйлемекпіз.

Қазірде сауданың арқасында ауыл шаруасына кіргелі отырған өзгерістерді көрсетіп өтейік:

Қашанда болса сауда-саттықты мал шаруасы туғызады. Шағын шаруа өзін-өзі асыраудан артылмайды. Оның бір жағында шаруа неғұрлым еңбек негізіне құрылса, солғұрлым сауда-саттығы көп болады.

Бұрын қазақ шаруасы қанша молайғанмен оның алыс-берісі онша зор емес еді. Қандай ауқатты қазақ қойының жүнін сатып, сиырының сүтін сатып пайда табушы еді. Оның малын көбінесе маңайындағы қоңсылары пайдаланушы еді. Пайдаланған ақысына ол қоңсы малды байға асырап беруші еді. Байдың жұмысын тегін істеп, оның жұмсағанына жүруші еді.

Соңғы жылдарда бұл тұрмыс едәуір өзгерейін деді.

Дүниенің көбі есепке түсті. Осы күні бай тегін беруден тоқталуға айналды. Артығын сатып ақша қылады. Ақшаға жаңадан мал алады. Машина алады. Шаруасын молайтады.

Қазақтың кедейі де бұрынғыдан өзгеріп келеді. Бұрынғы байға телміруді тастап, көбі өз бетімен еңбек етуге кірісіп келеді. Бұрынғы «бай береді» қалып, әркім өз қотырын өзі қасуға айналып келеді. Шаруаға еңбек кірген соң кедейдің еңбегі іске асты. Кедей кәсіпке айналды. Қазақтан бірте-бірте жұмыскерлер тобы шығып келеді. Әсіресе, солтүстік жақта осы өзгерістің көбі бар. Мұның бәрі бұрын қазақ ішінде болмаған нәрсе.

Бұл секілді өзгерістер қазақ шаруасында сауда-саттықты тудырғалы отыр. Қазақтан саудагерлер шығып келеді. Сауда капиталы[1] деген қазақ ішінде капитал туып келеді. Әсіресе, соңғы жылдардың ішінде мынау шаруашылықтың жаңа саясаты жарияланғаннан бері саудагерлер көбеюге айналды. Қазақ ішінде сауда капиталы ылғи саудагерлердің қолында. Бұл саудагерлер көбінесе ноғайдың, орыстың байларынан құралған. Аздап қазақтан да бар.

Сонымен, қазақ шаруасы өзгеруге бет алды. Оның белгісі: шаруаға еңбек кірді. Еңбек негізіне құрылған шаруа да, сауда да күшеймек.

VIII

Ауыл шаруасында сауданың орны

Сауда – айырбас. Айырбассыз ешбір шаруа тұра алмайды. Ең алғашқы кезде, бұдан әлденеше мың жылдар бұрын адам баласы осы күнгідей сауданы білмеген. Ол кезде нәрсеге нәрсені айырбастап күні көреді екен. Мысалы: біреуде тері бар, бидай жоқ. Біреуде бидай бар, тері жоқ. Біреуіне бидай керек, біреуіне тері керек. Терісі бар бидайы бармен айырбас жасайды. Айырбастың арқасында бірінде жоғын бірінен алады.

---

[1] Европа тілінде «капитал» деп жалпы байлықты айтады. Фабрик-зауыт, ақша – осының бәрі капитал. Капитал негізіне құрылған шаруаны капитализм дейді. Капитализм заманында еңбек еткен жұмыскер пайданың азын алып, еңбектенбеген, бірақ капиталы бар бай пайданың көбін алады.

Нәрсені нәрсеге айырбастап күн көрген адам баласының тұрмысы өте қиын болған. Себебі: біреуге бір нәрсе сатып алу керек болса, ол базарға өз қолындағы нәрсесін алып шығуы керек. Мысалы: біреудің бір нәрсесі бар екен. Ол нәрсесін бидайға айырбастағысы келеді. Бірақ бидайы бар кісі бидайын теріге айырбастамайды. Оған жүн керек. Сондықтан терісі бар адам ол теріні әуелі жүнге айырбастап, содан кейін жүнді беріп, бидайды алу керек.

Осы секілді нәрсеге нәрсені айырбастағандықтан өте қолайсыз болған. Сол себепті адам баласы ақшаны ойлап шығарған. Ақшаға айырбасталмайтын нәрсе жоқ. Дүниенің бәрін ақшамен алуға болады. Сондықтан жұрт ең әуелі өз нәрсесін ақшаға сатады да, содан кейін ақшасына өзіне керек нәрсені алады. Нәрсеге ақшаны айырбастағандықты сауда дейді.

Қай ел болсын оның шаруасында сауда жұмысы үлкен істің бірі. Егін салушыға бидайын сату керек. Мал бағушыға малын, жүн-жұрқасын, тері-терсегін сату керек. Бұлар сатылмаса шаруа ұлғаймайды. Мысалы: егін салушы қазақ егінін сатып пайда көрмесе, ешкім онан астық сатып алмаса, оның еңбектенген жұмысынан ешнәрсе шықпайды. Онда ол ең көп болғанда өзіне ішермендік шашып, одан артық еңбектенбейді. Артық еңбектенбесе, әрине, шаруа да ұлғаймайды.

Мал шаруасын алайық: күнбатыс Европада мал шаруасын кәсіп орнына жұмсайды. Малдың сүті, жүні, терісі – осының бәрі ақшаға сатылады. Швейцария деген патшалықта бір сиырдың өз бағасынан бір жазғы келтіретін пайдасы екі есе артық болады. Мысалы: сиыр жүз теңгелік болса, оның жазғы сүтінен, майынан 200 теңге пайда түседі.

Қазақтың мал шаруасы көбінесе санын көбейту. Қазақ малынан тиісті пайда ала алмайды. Қазақтың жылқысының, түйесінің, сиырының, қойының сүті, майы өз жеуінен артылмайды. Қазақ мал шаруасынан түскен бұйымды ұқсатпайды. Сондықтан қазақ шаруасы ілгері баспайды. Қазақ малының өнгенінен емес, өлгенінен пайда көреді. Тері сатып алатын ақшасы өлген малдың сілекейі ғана. Тірі малдан пайда шығарып, тірі малдан Швейцарияның жеріндегідей ақша алып отырған қазақ аз.

Мал егін салған жерлерде ғана тіріdей көп пайда келтіреді. Екі аттың күшімен бес десятина егін салуға болады. Бес десятинадан 20 пұттан жүз пұт астық түседі. 25 пұтты тұқымға жібергенде 75 пұт таза пайда. Егін салмай, құр мал бағатын жерлерде екі ат жазында, әрине, 75 пұт астық таппайды. Пайдасы сол – оны жаздай бағу керек. Сондықтан қазақ шаруасының көп пайдасы текке кетеді. Мұның бәрі сауда-саттықтың жоқтығынан. Сауда-саттық болмағандықтан қазақтың көп нәрсесі тегін. Қазақ қымызды, айранды сатпайды. Бұлай болудың себебі, әрине, қазақтың баяғыдан бері келе жатқан «қонақасы» әдеті. Бірақ көп себептің біреуі сауданың жоқтығынан деп айтуға да болады. Ауылда қымызды бай бермегенмен, бәрібір сатып жатқан жер жоқ. Қымыз ақша болатын қалалы жерде ешбір қазақ тегін қымыз бермейді.

Осы күні біз Россияда отырып неше мың шақырым жерден келген Американың сүтін ішеміз. Ол сүт кішкене қаңылтыр ыдысқа құйылған. Жан-жағы бітеулі. Қанша уақыт тұрса да бұзылмайды. Американ мұжығы сүтін әкеп, Азияда сатып отыр. Қазақ қымызды Америкаға апарып неге сата алмайды? Осы күні қымызды бөтелке шыныға құйып, бұзбай әлденеше жылдай сақтайтын амал шыққан.

Сондай қылып қазақ та жұмыс жүргізсе, бір бие жылында бір құлын тапса, қымызымен екі құлын табар еді.

Айта берсе айтатын сөз толып жатыр. Жоғары қымыз туралы алынған мысал ең ұшқары мысал. Қымыздан басқа да қазақ шаруасының босқа кетіп жатқан түрлері толып жатыр. Жоғарғы айтылған тері де, жүн-жұрқа да – бәрі ешбір жерде дұрыстап ұқсатылып отырған жоқ.

Осының бәрі сауданың жоқтығынан.

Қазақстанда сауданың кем болған себебінің бірі – жолдың жоқтығы. Жол деп біз бұл жерде шойын жолды айтамыз. Шойын жол болмай сауда күшеймейді. Мысалы: Торғай уйезінен я Ақмола уйезінен теріні шойын жолға дейін көлікпен алып бару, ол терінің өз бағасынан қымбатқа түседі. Жүз шақырым, мың шақырым жерге кедей жалғыз сиырының терісін сатуға алып бара ала ма? Сондықтан сауда мекемелері тасымалға

жеңіл шойын жол үстінде болады. Шойын жолсыз жерде жөнді сауда жоқ. Әрі сауда, әрі алыс-беріс болмағандықтан ондай жерлерде шаруа оңды емес.

Қазақстанда шойын жол әңгімесі өз алдына жеке мәселе. Ол мәселе туралы әлденеше кітап жазуға болады.

Сондықтан біз жол туралы осымен ғана қанағаттанбақпыз.

Жалғыз-ақ бұл жерде айтатын сөз: әрбір шаруа неғұрлым алыс-беріс көп болса, солғұрлым ілгері басады. Сондықтан қазақ шаруасының алыс-берісін көбейту керек. Саудасын күшейту керек.

IX

Қазақстанның бұрынғы һәм қазіргі саудасы

Әлгінде айтып өткен шойын жолдың жоқтығы, қазақ даласының өзінше бөлектік халі, қазақтың басқаша тұрмысы, әдеттері Қазақстанда өзінше бөлек сауда туғызды. Қазақстанда үнемі сауда жоқ. Біздің саудамыз анда-санда бір келеді. Бұл секілді сауданы жәрмеңке дейді.

Өзгерістен бұрын Қазақстанда 150-ден аса жәрмеңке бар еді. Мұның 70-ке жуығы ірі жәрмеңкелер болушы еді. Губернеге бөлгенде жәрмеңкенің саны былай келуші еді.

Ақмола губернесінде мынадай	43 жәрмеңке
Семей губернесінде мынадай	35 жәрмеңке
Ақтөбе губернесінде мынадай	18 жәрмеңке
Орал губернесінде мынадай	16 жәрмеңке
Орынбор губернесінде мынадай	12 жәрмеңке
Бөкей губернесінде мынадай	6 жәрмеңке

Көбінесе жәрмеңкелер сентябрь айында болушы еді. Онан соң март кезінде, онан кейін шілдеде. Күзді күні жәрмеңкелердің көп болатын себебі күз қазақ қой қырқады. Күз семіртіп сататын малдарын сатады, жазды күнгі терілер бар.

Жәрмеңкелер ұзақ болып жүрді. Қоянды, Тайынша, Ойыл, Темір жәрмеңкелері ай, ай жарымдап созылып жүрді. Орынбордың түбіндегі «Меновой» жәрмеңкесі бір айдай ашық болушы еді.

Қазақстанда болан ең үлкен жәрмеңкелер:

Орынбор жәрмеңкесі 1910 жылы	12738544	теңгеге сауда еткен.
Ақмоладағы:		
Петровская жәрмеңкесі	5970909	теңгеге сауда еткен.
Константинская жәрмеңкесі	3781746	теңгеге сауда еткен.
Семейдегі:		
Қоянды жәрмеңкесі 1908 жылы	3713000	теңгеге сауда еткен.
Ақтөбедегі:		
Темір жәрмеңкесі 1913 жылы	2218393	теңгеге сауда еткен.
Ойыл жәрмеңкесі	2500000	теңгеге сауда еткен.
Оралдағы:		
Колмаков (Князь) жәрмеңкесі	1176571	теңгеге сауда еткен.
Қостанай жәрмеңкесі 1913 жылы	2555159	теңгеге сауда еткен.
Торғай жәрмеңкесі	1544945	теңгеге сауда еткен.

Жәрмеңкелерде сатылатын нәрсе көбінде бір қалыпты болған. Қысқаша есептегенде мынадай нәрселер:

1) Мал: жылқы, сиыр, қой, ешкі, түйе.

2) Мал шаруасының бұйымдары: қойдың жүні, түйенің жүні, ешкінің түбіті, жал, құйрық, шикі тері, ет, шекпен, тоқымалар, киіздер.

3) Егін шаруасының бұйымдары: ұн, бидай, сұлы, арпа, шөп, ет, шекпен-тоқымалар.

4) Европадан келетін бұйымдар: кездеме, былғары, былғарыдан істелген нәрселер, ыдыс-аяқ, темірден істелген нәрселер, шай, қант, темекі һәм басқалар.

5) Азиядан келетін бұйымдар: кілем, Бұқар, Хиуа, Персиядан келетін нәрселер – кептірген жемістер, мақта (хлопок), әбзел-саймандар.

Бұдан басқа жәрмеңкелерге арба, тарантас, шана, дөңгелек, киіз үй һәм сол секілді нәрселер келетін.

Бұл нәрселердің жәрмеңкелерге қанша келгендігін төмендегі цифрлардан білуге болады.

Жәрменкенің аттары	мал	мал шаруашылығының бұйымдары	Егін шаруашылығының бұйымдары	Европадан келген нәрселер	Азиядан келген нәрселер	Басқа нәрселер
Петровская (Ақмола)	3552418	–	–	2417891	–	–
Константинская (Ақмола)	1566870	–	–	1914876	–	–
Тайынша (Ақмола)	72125	–	–	101913	–	–
Қоянды (Семей)	1650563	265781	25000	1771656	–	–
Темір (Ақтөбе)	1823483	–	55670	336240	–	–
Ойыл (Ақтөбе)	1003200	901794	198000	1074750	80250	511040
Қостанай	1215705	113310	249700	672500	51700	146164
Торғай	618750	129130	36190	673355	25100	62430
Соломиха-Жалпақтал (Орал)	166037	–	13750	69700	–	2000

Бұл цифрларға қарағанда базарға келетін бұйымның жартысынан артығы мал болатындығы көрінеді. Базарға Европа нәрселерінің барлығына да алушы табылмайтын. Әкелген нәрселердің ішінде қайтатыны да болатын. Мұндай болудың себебі: айдалып келген малдан базарға түскен европа бұйымдары қымбат сатылғандықтан.

Төменгі цифр жәрмеңкелерге келген нәрселердің қанша сатылғанын көрсетеді:

Жәрмеңкелердің аты	әкелінген	сатылған
Хан жәрмеңкесіне (Бөкейде, 1914 жылғы)	2025000 теңгелік	840000 теңгелік
Колмаков (Князь) (Оралда, 1910 жылғы)	1349500 теңгелік	1128750 теңгелік
Темір (1911 жылғы)	1639500 теңгелік	1331750 теңгелік
Ойыл (1911 жылғы)	1563500 теңгелік	941500 теңгелік
Константиновская (1912 жылғы)	3060000 теңгелік	1915000 теңгелік
Петровская	3784250 теңгелік	2418000 теңгелік
Тайынша	1000000 теңгелік	330000 теңгелік

1918 жылдан 1922 жылдың араларында жәрмеңкелердің бәрі жабылып қалды.

Шаруашылықтың жаңа саясаты шыққаннан былай жәрмеңкелер қайта ашыла бастады. Ең әуелі күнбатыс Қазақстандағы жәрмеңкелер: Ойыл, Темір, Орда (Бөкей губернесі).

Ойыл жәрмеңкесі октябрьдің бірінен бастап, ноябрьдің біріне дейін созылады. Сауда мекемелері Ойылда 66666 алтын теңгелік нәрсе жинаған. Жәрмеңкеге әкелінген нәрселердің жалпы бағасы 100 000 теңгелік алтын.

Темір жәрмеңкесі 7 июньнен бастап, 20 июньге дейін созылады. Темір жәрмеңкесінде сауда мекемелері барлығы 100000 теңгелік алтынға нәрсе жинаған. Бұл нәрсенің ішінде көбінесе мал, тері-терсек, жүн-жұрқа. Жәрмеңкеге әкелінген нәрселер: кездеме, һәм басқа ұсақ-түйектер. Бұлардың жалпы бағасы 120000 теңге болған.

Ең алғашқы жылы жәрмеңкелер көңілдегідей болып өтпеді.

Олай болудың себебі: төрт жылдың ішінде халық та тосырқап қалды. Оның бер жағында жәрмеңкеге келген сауда мекемелері де аса ұқыптылық, саудагерлік көрсете алмады. Халық болсын, сауда мекемелері болсын ең алғашқы кезде түсіне алмады. Қазақтың нәрселері бұл жәрмеңкелерде, тіпті, арзан өтті. Мысалы: бөздің кезі 30–40 теңге болғанда, қойдың құны 600–700-ақ теңге болған. Қазақ бір қойын сатып, 10–15 кезден артық ала алмаған. Үстіміздегі өтіп бара жатқан жыл былтырғыдан тәуірлеу болды.

Биыл Ойыл жәрмеңкесінде мынадай нәрселер жиналды:

жүн	29551	пұт
тері	2833	пұт
қой	3765	қара
басқа малдар	386	қара

Сауда мекемелері һәм жай адамдар 136357 теңгенің нәрсесін әкелген. Оның ішінде кездеме 212616 кез, қалғаны өзге нәрселер:

жүн	28038	пұт
тері	1815	дана
қой-ешкі	3057	қара
басқа малдар	1239	қара

Барлық жиналған нәрсе алтынмен есептегенде 154671 теңгелік.

Базарға әкелінген нәрселер: кездеме, егін, мал шаруасының бұйымдары һәм басқа нәрселер. Бұлардың жалпы бағасы алтынмен есептегенде 102700 теңге.

Күншығыс Қазақстанның жәрмеңкелері биыл ғана ашылды. Оның ішінде баяғыда атақты болған Қоянды жәрмеңкесі де ашылды. Бірақ бұл туралы біздің мағлұматтарымыз аз. Күншығыстағы жәрмеңкелер алғашқы жылы аса көңілдегідей болып шықпады. Мұнан былай Қазақстанда жәрмеңкелер дәуірлеуі мүмкін. Соңғы жылдарда шаруаның жалпы халі күйзелсе де, қайтадан ілгері басуында сөз жоқ. Қазақстанда жәрмеңкенің болашағы үлкен.

Жәрмеңке дұрыс болып жасалуы үшін сауда мекемелері бірлесіп, қызмет істеу керек. Кооперацияның қызметі де сауда мекемелерінен кейін қалмау керек.

X

Сауда жұмысында кооперацияның орны һәм Қазақстанда бұрынғы болған кооперацияның түрлері

Жоғарыда біз кооперацияның шаруа ұйымы екенін айттық. Оның әр түрлі шаруаларда өзінше жасалғанын айттық. Қазақ шаруасын да қысқаша айтып өттік. Ендігі біздің алдымызда тұрған сұрау: қазақ ішінде қандай кооперация ашу керек деген.

Бұл сұрау осы кітапшаның басынан бергі сөйленіп келе жатқан сөздің қорытындысы. Бұған жауап беру үшін өте сақтық керек. Сондықтан біз қазақ ішінде бұл уақытқа дейін ашылып келген кооперация ұйымдарын азырақ сынап өтпекпіз.

Осы күні Қазақтанда барлығы 479 кооперация ұйымы бар. Оның ішінде 20 ірі ұйымдар, қалғаны ұсақ ұйым дүкендері. Үйым дүкендерінің ішінде 25-і қазақ арасында ашылған.

Бұл ұйымдар губерна бас сайын бөлгенде былай келеді:

Семей губернесі	145 кооперация ұйымы
Ақмола губернесі	121 кооперация ұйымы
Орал губернесі	85 кооперация ұйымы

Қостанай губернесі	53 кооперация ұйымы
Орынбор губернесі	43 кооперация ұйымы
Ақтөбе губернесі	25 кооперация ұйымы
Бөкей губернесі	8 кооперация ұйымы

Қазақ ішінен ашылған 25 ұйымның 18-і Ақмолада, 7-і Бөкей губернесінде. Қазіргі ашылып жүрген ұйымдар болсын, бұрынғысы болсын қазақ ішінде кооперация әлі жөндеп орнаған жоқ.

1917 жылы Ақмола губернесінде Атбасар уйезінде жүзден аса ұйым дүкендері ашылды. Келесі жылы Қызылжар, Омбы уйездерінде қырықтан аса кооперация ұйымы ашылды.

Атбасарда барлық ұйымдардың ортасынан кіндік ұйым ашылды.

Ол кіндік ұйымның аты «Бірлік» деп қойылды. «Бірлік» 1920 жылға дейін өмір сүріп келді. Одан кейін «Бірлік» тоқталды. «Бірлік» жабылысымен оған жазылған жүзден аса ұйым дүкендері де жоғалды.

«Бірліктің» басында тұрғандар адал, жақсы жігіттер еді. Сондықтан бұл өз заманында халыққа көп пайда келтірді. Кездеме жоқ күнде жұртқа кездеме алып берді. Тері-терсек, жүн-жұрқасын қымбат бағамен сатып берді. Жалғыз-ақ «Бірліктің» кемшілігі: «Бірлік» елдегі ұйым дүкендеріне аса дұрыстап көзінің қырын салмады. Елдегі жұмыс қалай болса солай жүріп жатты. Ұйым дүкені дегеннің көбі тек қағаз жүзінде ғана болды. Ыңғайлы, епті жігіттер елден көп пайда түсіріп алды. Бір тәуір киінген қазақ келеді де: «мен бір болыстың уәкілімін, біз кооперация ашамыз, маған нәрсе бер» – дейді. Кооперацияның мүшелері төлейтін пай ақшаны сол жерде өз жанынан салады. Сөйтеді де ол ыңғайлы жігіт «Бірліктен» нәрсе алады. Бірақ алған нәрсесін елге апарып, кооперацияға салудың орнына, саудагерше жұртқа сатып береді. Әрине, пайдасын өзі көреді.

Бұл секілді «кооперация» болуға тиісті емес, мұндай «кооперацияның» пайдасынан зияны көп. Мұндай кооперация көп өмір сүре алмайды һәм өткеннің тәжірибесі бұл сөзді қуаттап отыр. Атбасар уезінде осы күні бұрынғы кооперацияның орнында тұк те жоқ.

Екінші кооперацияның жасалған жері Қызылжар мен Омбы уезі дедік. Бұл екі уездің шектескен жерінде Есілкөл деген станция шойын жолдың үстінде тұрады.

Осы Есілкөлде әлгі айтылған қырық шақты кооперативтің ұйымы болды. Бұл ұйымды «Қазақ» деп атаушы еді. «Қазақтың» жасалу тәртібі «Бірліктен» гөрі өзгешелеу болды. «Қазақ» «Бірлік» құсап кіндік ұйым (союз) деп аталған жоқ. «Қазақ» құр кооператив ұйымы деп қана аталды. Қалған қырық шақты ұйымдар «Қазақтың» дүкендері деп аталды. Барлық ақша «Қазақта» болды. Барлық жұмысты оның басындағы адамдар биледі. Кооперативке жазылған жұрттың бәрі осы «Қазақтың» мүшесі болды. Билік те бір жерде, қаражат та бір жерде. Бұл секілді ұйымды орыстар «көп дүкенді кооператив» дейді. «Қазақтың» құрылысы «Бірліктің» құрылысынан анағұрлым ыңғайлы болды. Ең ыңғайлы жері: кім болса сомен кооператив ашты деп нәрсе ала алмайтын еді. Нәрсені ұйымның өзі таратып, әр дүкенге қойған приказчик есебінде «Қазақтың» өз адамы болушы еді. Бірақ «Қазақ» ұйымы да көпке бармады. О да «Бірлік» жабылған кезде жабылып қалды. Бұдан басқа да дүние жүзіне шыққан қазақ ұйымдары болды. Семейде «Уақ қарыз серіктігі» деген кооператив ұйымы болды. Бұлардың бәрі де көңілдегідей іс жүргізе алған жоқ.

Қазақ ішінде ашылған ұйымдардың жалпы кемшілігі: олардың түпкі негізі орнықты болмады. Бір ұйым бір ай өмір сүреді, біреуі бір жыл. Ақырында бәрі де іске аспай шықты.

Мұның былай болуында көп себептер бар. Қазақ әлі бұл секілді жұмыстарға үйреніп жеткен жоқ. Қазақ ішінде шаруа ұйымдары жаңа нәрсе. Қазақтың оқыған азаматтарының көбі шаруа жұмысын менсіне қоймайды. Бұл уақытқа дейін шаруа әңгімесіне қазақтың екінші, үшінші қатарда оқығандары ғана қатысып келді.

Қазақ ішінде кооперация ісіне қатысып жүрген азаматтар жабайы ғана адамдар. Кооперацияны іргелі қызмет көріп, бұл жұмысқа белсеніп кірісіп жүрген кісі аз. Сондықтан біздің бұл уақытқа дейін жасап келген кооперациямыз тиіп-кетті қылып істей салған ермек. Сондықтан кооперация қазақ ішінде жөнді болмай отыр.

Қазақ ішінде істелетін істің көбі оқыған жігіттермен істеледі. Мұндай істің бір кемшілік жері: оқыған адам көп нәрсені өз ойына салып шешеді. Өзінің жүрегіне ұнап, қиялына әдемі орнаған жұмысты халық та ұғатын шығар деп түсінеді. Сондықтан шын өмірмен

бұл санаспай, шын өмір мұның қиялына жанаспай, екі ортада жүрген адамдар аз емес. Қазақ ішінде ашылған кооперация да мұндай аурудан сау болған жоқ.

Айта берсе осы секілді кемшіліктер толып жатыр. Оның көбі айтпай-ақ белгілі, бірақ белгілі екен деп айтпай қою үлкен қате. Қатені сөйлеу ұят емес, қатені айтпай, денеде сақтап жүрген ұят.

Алты жылғы төңкерісті басымыздан өткізіп, енді жетінші жылға аяқ басқанда шаруа жұмысына қоянқолтық кіріскелі отырмыз. Біздің бар болашағымыз шаруада. Қазақтың шаруасы көбейсе жұмысының бәрі түзеледі. Сондықтан күштің көбін шаруаға салу керек.

Қазақ жұрты қызметкері көп халық емес. Біздің іс меңгеріп, өз бетімен жөн білетін адамдарымыз өте аз. Жастар болса жаңа ғана көтеріліп келеді. Солай болғандықтан әрбір адамды абайлап алу керек.

Бұрынғы уақытта біздің шаруа жұмыстарымыз қалай болса солай жүріп жатса, енді оны тоқтату керек. Істің бәріне тәртіп, бәріне лайықталған жөн, нұсқа керек. «Сабасына қарай піспегі» деген сықылды қазақ шаруасының өзіне лайықтап жөн-жоба табу керек. Әйтпесе қанша піскенмен қазақ даласынан май шықпайды.

Қазақ әлі отырықшы болған жоқ. Шаруасының түрі көбінесе мал бағу. Кәсіп қазақ ішінде әлі аз. Міне, осы нұсқамен қазақ ішінде кооперация мәселесі де шешілуге тиісті.

Қазаққа қандай кооперация керек? Біздің ендігі жауап беретін ең үлкен мәселеміз осы.

XI

Қазаққа қандай кооперация керек

Біздің ойымызша қазақ ішінде кооперация ұйымын ашқанда ең әуелі осы күнгі шаруасынан үлгі алу керек. Әрине, болашақта қазақ шаруасы өзгереді. Оған біздің күмәніміз жоқ. Сонда да қазіргі шаруа бәрінің негізі. Не басталса да осы күнгі шаруадан басталады.

Жоғарыда көрсетілген цифрларға қарағанда Қазақстанның ұлт байлығының үштен екісі мал шаруасынан құралады. Сондықтан біздің алдымызда тұрған үлкен мәселе: мал шаруасының байлығын дұрыстап ұқсату. Қазақта мыңдаған тері бар. Қазақстан жылында мың-

даған тірі мал сатады. Осының бәрі қазірде көбінесе саудагердің қолында. Міне, осыны кооперацияның жолымен сату керек. Бұл – бір.

Екінші: қазақ жұрты өзінде фабрик-зауыт жоқ болса да, осы күні фабрик-зауытсыз күн көре алмайды. Қазақтың үстіндегі киіп отырған киімі, ыдыс-аяқ, құрал-сайман – осының бәрі де фабрик-зауытта істеліп шыққан нәрселер. Бұл нәрселер қазақ ішінде үш қол, төрт қол, кейде бес-алты қолдан өтіп барады. Әрине, екі ортада әр саудагер пайда қылады. Ақырында қазақтың қолына нәрсе өз бағасынан әлденеше артыққа түседі. Осы нәрселерді кооперация жолымен сатып алатын қылу керек. Бұл – екі.

Үшінші: жалпы нашар көбейді. Нашардың көбісі еңбектенейін десе де еңбекке кірісерлік мұршасы жоқ. Біреу егін салайын десе, аты жоқ. Біреудің тұқымы бар, бірақ жер жыртатын құрал-сайманы жоқ. Мал бағатын нашардың халі де осылай. Нашардың жалғыз сиыры жұттан өледі. Нашар жалғыз сиырына шөп шауып бере алмайды. Мұның себебі не? Нашарда шөп шабатын шалғы жоқ, шалғысы болса, шөп таситын арбасы жоқ. Арбасы болса көлігі жоқ. Нашарға шаруасын түзету үшін қарыз ақша керек. Ол ақшаны нашардың алатын жері жоқ. Амалсыз нашар байға еңбегін сатады. Нашар өз бетімен еңбегін жүргізу үшін оған қарызды арзан бағамен беру керек. Мұны істейтін кооперация. Міне, бұл – кооперацияның үшінші жұмысы.

Ауыл шаруасының осы үш түрлі мұңы үшін қазақ ішінде кооперация ашылуға тиісті. Бұл уақытқа дейін қазаққа деп арналған кооперативтердің көбі не орыс қалаларында, не шаһарларда ашылып келді. Нағыз қазақтың өз аулында ашылған кооператив жоқ. Айтты-айтпады: қазақтың аулын алып қарасақ, кооперация жолында қиыншылықтар толып жатыр.

Осы күнгі қазақтың аулы көп болса 20–25 үй, әйтпесе он шақты үйден аспайды. Оңтүстік жақта қазақ ауылдарының едәуірі жалғыз үйден де болады. Әрине, мұндай ауылда күнде сауда-саттық жасайтын дүкен салуға болмайды. Айналасы он үйдің саудасы үшін дүкен өмір сүріп тұра алмайды. Өйткені он үй дүкеннен күнде нәрсе алып тұрмайды.

Он үйдің сататыны да шағын болуға тиісті. Жаздай үй басы бір тоқтыдан сойған күнде де он-ақ қойдың

терісін сатады. Жүн-жұрқа жағынан да он үйдің беретіні шамалы. Бұл айтылғанның бәріне қосымша он үйлі ауыл ертең бір жерге көшіп кетуі мүмкін. Онда дүкен не қылмақшы? Бірге көшіп жүре ме? Я болмаса жұртта қала ма? Көшіп жүрсе ол дүкеннің саны қаншама? Егер жұртта қалса, көшіп кеткен ауылдан кісілер келіп жүре ала ма? Бұл секілді сұрауларға жауап беру мүмкін емес.

Ал енді мынау іске келейік. Дүкен болған соң оның приказчигі болады. Оның алынған, сатылған нәрсені жазып отыруы керек. Мұның бәріне кісі керек. Ол кісілер тегін қызмет етпейді. Оның бәріне ақша төлеу керек. Әрине, бұл шығын да әлгі он үйдің мойнына түседі. Бұл түскен шығын сатылған нәрсенің пайдасынан өтелуі екі талай. Өйткені сауда аз болады деп жоғарыда айттық.

Сонымен әңгіменің ақырғы нәтижесі былай болып шығады. Қазақтың осы күнгі аулында жеке өз алдына кооперация ашуға болмайды. Қазақ ішінде кооперация ашу үшін әлденеше ауыл болып бірігу керек.

Бір болыс ел яки онан да көп ауыл жиылып бір кооператив жасау керек. Осылардың бәрінің ортасында бір-ақ ұйым болсын. Мұндай ұйымды елдің орта жерінен салу керек. Ұйымның өз алдына салынған үйлері болу керек. Нәрсе салатын магазин, жүн-жұрқа салатын сарайлары болу керек. Ұйымның басында елден сайлап қойған адамдар тұрады. Бұл адамдар айында, жылында бір қабат сайлаған халықтың алдында есеп береді. Мұндай ұйымды үш-төрт кісі басқара алады. Біреуі нәрсе сататын болады, біреуі әртүрлі ұйымдардың қағазын жазып отырады. Енді біреуі жалпы іске басшы болып жүруге болады.

Ұйым бір жерге салынғаннан кейін сол жерде өмірінше қалу керек. Көшкен ауылмен бірге көшудің ешбір қажеттігі жоқ. Егер ұйым көшпей бір жерге орнығатын болса, түбінде сол жер қала болып кетуі де мүмкін. Ең әуелі ұйымға сайланған адамдар орнайды. Ұйымның маңайында үй салып, орныға беруге мүмкін. Ұйымның тұрған жерінде мектеп салынуы мүмкін. Бара-бара бұл жерде агроном, аурухана һәм басқа халыққа пайдасы мол мекемелер орнауға мүмкін. Сөйте-сөйте ұйым ақырында үлкен қала болып кетуі ғажап емес.

Ұйымға көп ауыл қарағаннан кейін ұйымның қаражаты да мол болуға тиісті. Ұйым күнде сауда жүргізіп тұруға да шамасы келеді. Ұйым тұрған жерде өзінше шағын базар ашылуға да болады. Жұмасында бір яки екі жұмада бір базар болып тұрса халық шаруасының бұйымдарын сатып, дүкеннен керек нәрсені көбірек алуға болады. Көп халықтың ортасында болғаннан кейін мұндай дүкеннің шығыны да аз болады. Он үйге бір теңгеден келетін шығын, мың үйге бір тиыннан-ақ келеді.

Осы күні совет үкіметі ауыл шаруасын ілгері бастыру үшін банк ашып отыр. Банкіден несиеге халыққа ақша беріледі. Сол берілетін ақшаны осы секілді кооперативтің қолына тапсырып қоюға болады. Халыққа кооперация арқылы несие дұрыс берілер еді. Кооперативте отырған адамдар кімнің мұқтаж, кімнің нашар екенін білуге тиісті. Олар елмен араласып отырады. Сондықтан халықтың пайдасын бұлар басқалардан гөрі жетігірек біледі.

Халық барлық жүн-жұрқа, тері-терсегін осы кооперативке сату керек. Алатын нәрселерді тағы осы кооперативтен алу керек. Сонда бұл пайданың бәрі кооперативте қалады. Кооператив айналып келгенде халықтың өз қалтасы.

Осындай кооперативті әр жерде ашуға болады. Іс жөнделген сайын кооператив те күшейе береді. Күшейе келе бұлар ортасынан кіндік ұйым жасауға болады. Кіндік ұйымдардың жұмысы, әрине, анағұрлым үлкен болады. Кіндік ұйымдар өзара бірлесіп сауда істеуге болады. Онда бұлардың пайдасы, тіпті, күшті болуға тиісті. Үлкен жәрмеңкелерде мұндай ұйымдар өзара бірігіп іс жүргізеді. Ұлғая келе ұйымдар фабрик-зауыт салдыруға болады. Онда нәрсе бұрынғысынан да арзандайды.

Қысқасынан айтқанда ұйымның пайдасы көп. Жұмыс істеліп, іс жөндіккен сайын ұйымның артықтығы көріне бермекші. Пәлен былай, түген алай болады деп көп сөйлеудің де қажеттігі жоқ.

Соң өзінен-өзі әр нәрсе тәртіптеледі. Ұйымның ішкі жұмыстары: нәрсені қалай сату керек, есепті қалай жасау керек. Қандай сауданы істеп, қандайды істемеу керек. Мұның бәрі іс жөнінде көрінеді. Бұл секілді нәрселерге осы бастан қалып пішуге болмайды.

Не нәрсені түзетсе де, бұзса да өмір біледі, тұрмыс біледі. Тұрмысқа, өмірге жағымсыз нәрселер жоғалады. Тұрмыстың, өмірдің туғызғаны қалады. Әсіресе, шаруа жұмысында тұрмыспен есептесу өте қажет. Сондықтан бұл арада ел ішінен кооперация ашу туралы жалпы ғана айтуға болады.

Қазақтың мал байлығы, жер байлығы есепсіз. Сол байлықтың бірін қазақ әлі жөндеп ұқсатқан жоқ. Алдымызда асқар таудай жұмыстар тұр. Ол жұмыс бір кісінің қолынан келмейді. Көптің қолынан келеді. Көп ұйымдасса бір нәрсеге шамасы келеді. Саны көптің бәрі көпке қосылмайды. Қазақ ішінде осы күнгі ең керек ұйым кооперация ұйымы. Бұл ұйым қазақ шаруасын ілгері бастырады. Сондықтан кооперация ашылуы керек. Ел болып іске кірісетін уақыт жетті.

XII

Ел ішінде кооперацияны қалай ашу керек

Қазақ ішінде мұндай жұмыстар өте қиын. Оның себептері: қазақ тілі үкімет тілі деп есептелмегендіктен, арыз (приговор) болсын, басқа керек қағаздар болсын – осының бәрі орыс тілінде басылып келді. Қазақтың көбі орысша білмейді. Қазақша білгеннің оқуы іске аспайды. Қазақ еріксіз тілмаш іздейді. Оған ақша төлеу керек. Тілмаш ауылда болса жақсы, болмаса ол тілмашты әуелі табу керек. Әрине, бұл секілді тәртіппен қазақ ешнәрсе өндіре алмайды. Сонымен, бастаған жұмысы іс болмай қала береді. Осы күні қазақ тілі заң бойынша басқа тілдермен теңеліп отыр. Қазақстан республикасында қазақ тілі үкімет тілі деп есептеледі. Қазақ бұдан былай өз тілінде жазса да тиісті мекемелерде алына береді. Сондықтан жұмыстың бұл жағы әбден жеңілденді деуге болады.

Екінші қиыншылық: қазақ ішінде іс білетін адал адам аз. Қай халық болса да кем-кетіксіз емес. Әр жұрттың өз басында бір ауруы бар. Біздің ауруымыз: ел ішіндегі ру партиясы. Ол партияға кірген адам әділ, адал болмайды. Өз жағының жеңуін іздеп қандай түзу деген кісілер көріне қисық жұмыс істейді. Осындай қисық істер жұмысқа көп бөгет. Сондықтан ел ішінде адал қызмет істейтін адамдарды іздеу керек.

Қазақ ішінде көп мектептер ашылып жатыр, ашылмақшы да. Бұл мектептерде жас қазақ жігіттері мұғалім. Осы мұғалімдерді кооперация жұмысына пайдалануға әбден болады. Мұғалім кооперативте үнемі қызмет істемесе де көп көмегін тигізе алады. Мұғалім керек қағаздарды жазып бере алады. Мұғалім жөнжоба көрсете алады. Елдің өз сайлайтын адамдары өз алдына, мұғалімдерді пайдалану өте қолайлы. Бұл туралы кооператив ашатын жерлерде дұрыстап ойлану керек.

Ал енді кооператив ашудың тәртібіне келейік. Осы күні әрбір губернелік шаһарларда, әрбір уйездік қалаларда кооперативтің кіндік ұйымдары бар. Ел ішінде кооператив ашарда осы ұйымдармен қатынасу керек.

Ең әуелі ауылдың кісілері жиналады. Барлығы жиналып қаулы жасайды. Мысалы былай деуге болады: «Біз пәлендей болыстың, пәлендей ауылдың қазақтары, осыншама үй иесі бірігіп, кооператив ұйымын ашпақшы болдық. Ұйымға кіретін кісілер мынадай: (ұйымға кіремін дегендердің аты һәм әкесінің аты жазылады)».

Бұл секілді қаулыны қазақ «приговор» деп те айтуы мүмкін. Олай деуден де көп қате жоқ. «Приговор», «қаулы» деген екі сөздің айналып келгенде жалпы мағынасы бір. Жалғыз-ақ біреуі қазақша сөз.

Кооператив ашарда оған кіретін үйлер ақша төлейді. Бұл секілді ақшаны мүшелік пай деп атайды. Мүшелік пайдың мөлшерін ең алғашқы жиналғанда көптің өзі белгілейді. Үй басы бір теңгеден салуға да болады. Бес теңгеден де, он теңгеден де салуға болады.

Мүшелік пайдан ұйымның түпкі қаражаты құралады. Мысалы: бір ұйымға жүз үй жазылса үй басы 5 теңгеден салса, 500 теңге қаражат болады. Осы 500 теңгемен ұйым жұмысын бастайды. 500 теңгеге алып келген нәрсені 600-ге сатар. 600-дің нәрсесін 700-ге сатар. Сөйте-сөйте ұйымның қаражаты көбейеді. Оның үстіне ұйымға тілеген адамдар артынан да жазылуға хұқығы бар. Олардың төлейтін пай ақшасы болады. Осының бәрі ұйымның қаражатын көбейте беруге тиісті.

Көбінесе ұйым сауда жұмысынан пайда көруге тиісті. Ұйым өзінше саудагер есебінде. Бірақ саудагер

тапқан пайдасын өз қалтасына салады. Ұйымның пайдасы көптің ортасына түседі.

Көрсетілген тәртіппен қаулы жасалып, пай ақшасы жиналғаннан кейін елдің ортасынан адамды сайлап, қаладағы кіндік ұйымға жіберу керек. Ол адам кіндік ұйыммен сөйлесіп, соның жәрдемімен елде жасалған қаулыны бекіттіреді. Ұйымның жұмысы жазылған бір қағаз болады. Бұл қағазда ұйымның не істейтіні, қай жерде тұратыны, қалайша сауда-саттық жүргізіп, қалайша өмір сүретіндігі – бәрі жазылады. Бұл қағазды елден сайланған адамдар қол қойып, бір данасын кіндік ұйымда қалдырады да, екінші данасын елдегі ұйымда сақтайды.

Ұйымға мүше болып жазылған адамдардың бәрі бұл жобамен танысуға тиісті. Ұйымды басқаруға үш-бес кісіден артық сайлау керегі жоқ. Бұл адамдар жыл сайын халықтың алдында есеп беріп отырады. Жақпаған адамды түсіріп тастап, оның орнына жаңадан сайлау халықтың еркінде. Бұл басқарушы адамдардан басқа ұйымға тексеруші адамдар сайланады. Мұны тексеруші комиссия деп атайды. Тексеруші комиссияның міндеті – анда-санда ұйымның жұмысын қарап қою. Қандай кемдік, қандай ұнамсыз істер бар, соның бәрін тексеруші комиссия ұйымның мүшелеріне баяндап отырады. Тексеруші комиссия өзі қисық жұмыс қылса, онда оның өзін түсіріп тастау я болмаса сотқа беру мәселесі жалпы мүшелердің ортасына түседі. Ауылдағы ұйым мен қаладағы ұйым ылғи қатынасып тұру керек. Қаладан іс білетін, жөн көрсете алатын жігіттер келіп ұйымға нұсқау беріп тұруы керек. Мұндай қатынас, әсіресе, алғашқы кезде өте қажет. Қандай ауыр жұмыс болса да қолға алған соң жеңілденіп кетеді. Қазақ ішінде жөн білетін пысық жігіт аз емес. Адал ниетпен қызмет етсе, елге пайда келтіретін жұмыстың бірі – осы кооперация. Бұл жұмыс неғұрлым ел ішінен дұрыс кісі табылса, солғұрлым ілгері баспақ.

Қазақ шаруасының осы күнгі халі өте күйзеліңкі. «Алма піс, аузыма түс» дегенмен ешкім саған тегін байлық сыйламайды. Қолымыздағы барды іске ұқсатсақ, бір халықтан кем болмас едік.

Қазақ еңбекшілері, ел қамын жеген азаматтар, ел ішіндегі ақ көңіл, адал жігіттер, бәріне де бұл жұмысты ескеретін уақыт жетті.

ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ, ВОЗНИКШИЕ ПРИ РАЙОНИРОВАНИИ КИРГИЗИИ

Новое районирование территории РСФСР и вместе с тем и Киргизской республики имеет в своей основе рационально использовать естественные богатства страны, а также правильнее и целесообразнее скомбинировать одинаковые по климатическим, почвенным и национальным признакам районы в одну целостную хозяйственно-административную единицу.

По идее нового районирования первичной хозяйственной ячейкой должны явиться укрупненная районная волость. Ряд районных волостей объединяются в одном окружном центре, а ряд округов образуют целую область. Вся территория Союза должна разбиться на ряд областей. Исходя из общей целесообразности всей хозяйственной структуры страны.

Не подлежит сомнению, что перед нами стоит ответственнейшая задача, задача нового районирования, которое должно остаться на столетия и больше. Нам предстоит ломка того базиса, который был установлен царско-колониальным режимом. Новый базис должен иметь задачей поднятие производительных сил Киргизии и ее культурное развитие. А потому особенно сугубо мы обязаны отнестись к этому вопросу.

И вот, подходя к этой точки зрения и вопросу районирования Киргизии, мы считаем необходимым остановиться на тех основных трудностях, которые возникли при районировании. Этих трудностей пока что три: 1) вопрос об области; 2) о границах Киргизии и 3) национальный момент.

Попытаемся охарактеризовать положение вещей в связи с этими тремя трудностями.

Первый вопрос – о судьбе Киргизии, как одной области и как двух областей.

Первоначальный проект ВЦИК разделил Киргизию на две области: восточную с центром в Семипалатинске и, западную с центром в Оренбурге. По этому проекту в западно-киргизскую область входят губернии: Оренбургская, Уральская, Букеевская, Актюбинская, Кустанайская и уезды: Адаевский и Тургайский. В Восточно-киргизскую область входят Семипалатинская и Акмолинская губернии.

Сторонники разделения Киргизии на две области доказывают, что в Киргизии в настоящем ее положении нет экономического центра, который бы объединял обе части Республики. Гор. Оренбург в такой же степени беспомощен в обслуживании восточной Киргизии; как Семипалатинск для западной. Пути сообщения на тысячи верст в самом плачевном состоянии, что в конечном результате не дает возможности фактического руководства из одного центра.

Мы знаем все эти трудности. Они в большей своей части неоспоримы, Но, исходя из этих трудностей, было бы ошибкой разделить Киргизию на две области. Если подойти к вопросу поближе, то мы убедимся, что и разделенные части имеют те же недостатки, что вся Киргизия в целом. Так, например, из Петропавловска столь же трудно управлять Семипалатинской губернией, сколько трудно это сделать из Семипалатинска. В отношении Акмолинской губернии Восточная Киргизия тоже не имеет бесспорного центра. Единственный город имевший в этом отношении больше всех шансов – Омск, теперь вне территории Кирреспублики. Есть ли смысл поэтому поднять новый вопрос об Омске, это сказать трудно, но пока что он вне поля нашего зрения.

Если мы поинтересуемся историей возникновения киргизских городов, то она говорит нам, что ни один город не возникал по принципу хозяйственной надобности. Все киргизские города строились вначале как военно-стратегические пункты для завоевания киргизской степи.

Вот маленькая справка о возникновении этих городов:

Город Петропавловск основан в 1752 году, когда для защиты русских поселений от набегов киргиз-кайсацких орд была устроена Ишимская или Горькая линия Сибирского Карельского войска. Тогда и было основано на правом высоком берегу р. Ишима укрепление св. Петра и Павла, переименованное в 1807 г. в город.

Город Кокчетав был основан в 1824 году экспедицией под начальством Григоровского на берегу оз. Копа, где содержался в то время для сторожевой службы и охраны казачий отряд.

Город Атбасар основан в 1846 году как казачья станица и опорный пункт в степи.

Город Акмолинск основан в 1830 году вследствие просьб отдавшихся под царскую власть киргизских султанов, для охранения порядка и спокойствия (!) среди киргиз. Название город получил от урочища Ак-Мола лежащего несколько южнее города. Казахи, желая захватить это урочище, стали называть и свое место Ак-Мола, думая этим восстановить неделимую связь всей местности и тем самым оставить ее в своих руках. План этот не удался, но название Ак-Мола так и остался за казачьим форпостом.

Город Каркаралинск основан в 1824 году, как административный центр для управления киргизами.

Город Зайсан основан в 1868 году, когда к России отошла большая часть теперешнего Зайсанского уезда и чувствовалась необходимость основать здесь военный пост для поддержания порядка (!) и управления киргизами.

Город Усть-Каменогорск основан в 1720 г.; когда после неудачной экспедиции Бухгольца Петром Великим была послана вторая экспедиция во главе с Лихаревым. Последний поплыл вверх по Иртышу на 34 досчанниках, с 440 чел. при 13 пушках и в мортирах проник в оз. Зайсан и далее по р. Черный Иртыш. Там он был окружен джунгарами и вынужден был вернуться назад. Отыскивая место для крепости, которая могла бы служить опорой для дальнейших экспедиций, Лихарев заложил на правом берегу Иртыша, при выходе его из гор и при впадении р. Ульбы крепость Усть-Каменогорскую.

Город Семипалатинск основан в 1718 г., в 1717 году подполковник Ступин укрепил разрушенную джунгарами Ямышевскую крепость, а на следующий год передвинулся вверх по Иртышу и заложил на одном из его притоков новую крепость, названную Семипалатной, так как близ нее находились развалины 7 зданий, построенных из необожженного кирпича в начале XVII столетия – благочестивым калмыцким ханом. В настоящее время от них не осталось не следа. Место для крепости было избрано неудобное и ее приходилось переносить на другие места. Теперешний город лежит уже на четвертом месте. Среди Иртышских крепостей Семипалатная считалась одной из сильных и при завоевании верхнего Иртыша и западного Алтая играла первую роль.

Город Павлодар основан в 1720 году под именем Коряковского форпоста. По упразднении укрепления он был переименован в Коряковскую станицу, а в 1861 году в заштатный город Павлодар.

Эту справку мы привели для того, чтобы подтвердить вышесказанное мнение, что в основе возникновения киргизских городов лежали чисто военно-стратегические соображения.

Самое расположение всех этих городов преимущественно по окраинам восточно-киргизской равнины способствует не объединению хозяйства, а наоборот стягивает жизнь к окраинам, оставляя в центре большой массив малонаселенной, экономически отсталой.

Что же касается западной Киргизии, то здесь мы встречаем те же затруднения. На самой западной окраине мы имели г. Урду, тяготеющий больше к Саратову и Астрахани, нежели к Уральску и Оренбургу. С Оренбургом Урда сообщается через Саратов–Москву–Самару, и это положение вещей, по-видимому, останется на продолжительное время. На восточной окраине западная Киргизия имеет такие города, как Тургай, Иргиз, которые возникли в свое время тоже как военные форпосты. Кустанай связывается с Оренбургом через Полетаево–Уфу–Самару. Таким образом вся западная Киргизия в настоящем своем положении тоже не имеет бесспорного экономического центра.

Отсюда вывод, с разъединением Киргизии на две области все же в наличности останутся все те противоречия, ради избежания которой производилось бы это деление. Так или иначе нам придется тут и там в первую голову наладить вопросы транспорта, без него, пожалуй, трудно мечтать о нормальном хозяйственном строительстве. Поскольку вопрос ставится в такой плоскости, постольку нет и надобности и разделения Киргизии. Наоборот, эти трудности могут быть легче преодолены при создании единой области в Киргизии. Вопросы железнодорожного строительства, вопросы воссоздания местной промышленности, проблема сырья, кооперации и т.д. – все это ждет своего разрешения в одинаковой степени, как на востоке, так и на западе Киргизии.

Перспективы громадны и для хозяйственного развития и культурного преуспевания необходимо единое

управление Киргизией, единое руководство над всей хозяйственной жизнью, как целостной областной единицы.

Тут следует заметить, что для объединенной Киргизской области вопрос о центре, по-видимому, останется одним из нерешенных вопросов. Даже в том, что мы в Киргизии не имеем таких бесспорных центров – как, например, Тифлис для Грузии, как Баку для Азербайджана или как Казань для Татарреспублики. Если уместно здесь вообще говорить о проклятом наследии самодержавия, то одним из ужаснейших из них нужно снижать факт растерзания Киргизии на куски. Эти куски, как мы указали в начале пока что экономически мало связаны друг с другом. И нашей задачей, задачей нового строительства Советского Союза является уничтожить следы столь неславного прошлого.

В настоящее время нашим центром является г. Оренбург. Мы все сознали неудобства этого центра., но не в лучших условиях находятся и другие города. Субъективные мотивы, из которых исходят некоторые товарищи при возражении против Оренбурга; в этом отношении больше чем неуместны. Мы полагаем, что с развитием общей экономики Республики и урегулировании вопросов транспорта само собой возникнет настоящий центр, место которого пока определить трудно. Весьма возможно, что какая-нибудь станция Наурзуле или Акмолинске станет такой же нашей столицей, как Ново-Николаевск Сибирский. Мы должны к этому стремиться путем напряженной творческой работы в области восстановления нашей хозяйственно-экономической мощи.

Внешние границы Киргизии

Второй, не менее важной проблемой стал вопрос о внешних границах Киргизии. Поскольку перед нами стоит задача рационального ведения хозяйства, поскольку вновь образуемые области останутся надолго и навсегда, то постольку, разумеется, вопрос о внешних границах областей имеет огромнейшее значение. Отнесение того или иного отрезка земли к той или иной области должно диктоваться хозяйственной необходимостью не только той области, куда предполагается прирезка, но это не должно причинять ущерба и той, откуда прирезывается.

И вот, рассматривая вопрос именно с этой точки зрения, мы приходим к заключению, что некоторые части территории Кирреспублики должны отойти к соседним областям, и наоборот, некоторые районы соседних областей должны отойти к Кирреспублике.

Начнем с восточной окраины Киргизии.

Мы считаем, что часть территории теперешней Семиреченской области, а именно, Сергиопольский и Бахтинский районы должны отойти к Кирреспублике, составив часть проектируемого Зайсанского округа. Граница между Туркестаном и КССР должна идти по реке Эмилю, северному побережью оз. Ала-Куль, Сасык-Куль до р. Аягуз. От последнего дальше, захватывая северную половину оз. Балхаш до границы Каркаралинского уезда, примерно до 46°,30 северной широты.

Оба эти района в почвенном отношении входят в зону бурых почв, служа продолжением соответствующих зон Семипалатинской губернии. Как в смысле способов ведения хозяйства, так и в отношении национального состава районы являются наиболее близкими к Зайсану. Из общего количества населения в 77.512 душ киргизы составляют 55 241 душ, т.е. 71,3%.

Сергиополь тесно связан с Зайсаном в торговом отношении, вместе с последним выступает на внешнем Монгольском рынке, от Сергиополя к Зайсану ведут почтовый и скотопрогонные тракты и т.д. и т.д.

Присоединение Сергиопольского и Балтийского районов к Зайсанскому округу было бы в высшей степени целесообразным. Это дало бы возможность укрупненному Зайсанскому округу полностью выявить свои хозяйственные ресурсы и стать безусловно крупным пунктом на границе с Китаем.

Далее, мы идем по исправленной таким образом границе к северу. Необходимо только остановиться на восточной границе Семипалатинского округа. В этом районе, по нашему мнению, волости: Лаптевская, Локтевская, Утовская и Алеклеевская, входящие ныне в состав Алтайской губернии должны отойти к Семипалатинскому округу. Эти волости в хозяйственном отношении полностью тяготеют к Семипалатинску и безусловно последний более тесно свяжется с ними в будущем.

Что же касается границ Акмолинской губернии, то здесь, по нашему мнению, было бы целесообразно пе-

редать некоторую часть нынешнего Черлаковского уезда к Омскому округу. Тем более это необходимо делать потому, что центр Акмолинской губернии до сих пор не смог справиться с управлением Черлаковского уезда. При отсутствии какой бы то ни было связи, при громадном расстоянии от Петропавловска – действительно невозможно целесообразное руководство работой этого уезда из губернского центра.

Следующее место, где должно сосредоточиваться наше внимание – это район Петропавловского уезда. На этот район претендует Сибирь в лице проектируемой Обской области. В Обскуй область по проекту Сибири должны входить: теперешняя Омская губерния, Тобольская и Тюменская губернии, а также в виде самостоятельного округа и Петропавловский уезд.

На происходившем ныне осенью в г.Омске совещании по районированию, представитель Омского губплана т. Марковский заявил, что «*Киргизское население Петропавловского уезда целиком тяготеет к Омску, что никакой связи с южной частью Акмолинской губернии не имеет и т.д.*»

Но если мы обратимся к цифре, то дело обстоит далеко не так, как говорит т. Марковский. В Петропавловском уезде из общего количества населения в 267436 душ, киргизы составляют 56135 душ, т.е. 20,6%.

В самом городе значительный процент киргизо-татарского населения.

Впрочем, все это – причины не первостепенной важности. Дело должно заключаться в том, в какой мере Петропавловск экономически-культурно связан с остальной частью Акмолинской губернии. От того или иного ответа на этот вопрос зависит вся судьба Петропавловского уезда.

Петропавловск с давних пор являлся средоточением хозяйственно-культурной жизни Кокчетавского и Атбасарского уездов и отчасти Акмолинского уезда.

Все сырье и весь скот, шедший с юга в Россию, проходил через Петропавловск. В городе имелся и теперь есть грандиозный меновой двор. Город имеет порядочное количество предприятий, обрабатывающих продукты скотоводческого хозяйства. Так, например, консервный завод с годовой производительностью до одного миллиона пудов консервов, хладобойня с производи-

тельностью до одного миллиона голов в год, кожевенный и овчинный заводы, обрабатывающие до 300 000 штук крупных кож в год, салотопленные заводы и т.д. В городе имеется много учебных заведений различных курсов и проч. куда стекаются ежегодно сотни киргизских и крестьянских детей. Наконец, Петропавловск в настоящее время соединяется железнодорожной линией с Кокчетавом, которую в нынешнем году предположено довести до станции Шучинской, 75 верст дальше Кокчетава. После окончательной постройки этой линии связь Петропавловска с югом еще больше усилится.

Конечно, о таковой связи Петропавловска с Обской областью не может быть и речи, а потому мы считаем, что Петропавловский округ безоговорочно должен остаться в составе Киргизской области.

Наоборот, мы полагаем, что некоторые части территории Ишимского уезда тяготеют к Петропавловску и чувство необходимости хозяйственной целесообразности подсказывает нам высказаться в пользу присоединения этих районов к Киргизской области.

Следующие волости Ишимского уезда Дубинская, Бутыринская, Учинская, Тепло-Дубровская, Рынковская, Песянская со ст.Петухово, а так же отдельные селения Сладковской волости: Таволжанка, Красивое, Суворовское, Шеленга и Белое должны быть присоединены к Петропавловскому округу. В этих волостях имеется лес, который служит для Петропавловска и уезда единственным топливом и строительным материалом. К югу от Петропавловска большого массива леса не имеется, а потому нормальное развитие хозяйственной жизни Петропавловска мыслимо только при условии присоединения к нему указанных волостей из Ишимского уезда.

К западу от Петропавловска идет граница Кустанайского округа. На часть Кустанайского округа, а именно: Федоровский район претендует Уральская область. Мотивы претензий Уралобласти детально нам пока неизвестны, но в общей формулировке их имеется даже такой курьезный мотив: они говорят, что так называемый, миллионный отвод в Кустанайской губернии раньше принадлежал казакам, а потому, мол, эта земля должна быть передана обратно им. Несерьезность такого мотива столь очевидна, что не требует лишних доказа-

тельств. Только можно заметить, что если уж дело дойдет до «истории», то она как раз может оказаться в пользу Кирреспублики, ибо прежде киргизы жили гораздо дальше теперешнего «миллионного отвода».

Но независимо от претензий Уралобласти, мы считали бы необходимым выпрямление границы между Киргизией и Уралом. Наиболее целесообразная граница мыслится нам таким образом: железнодорожная линия Троицк-Орск, со включением в Кустанайский округ г. Троицка и станиц Надеждинской и Верненской Троицкого уезда. Такое положение вещей создало бы наиболее благоприятные условия для развития хозяйственной жизни данного округа. Железные дороги Троицк-Орск и Троицк-Кустанай служили бы прекрасным путем переброски сельско-хозяйственных продуктов округа к западу, где они единственно и находят рынок сбыта.

Что же касается самого города Троицка, то он с достройкой железнодорожной линии Троицк-Орск, гораздо больше будет тяготеть к Оренбургу, нежели к Екатеринбургу. Во всяком случае г. Троицк тяготеет к г. Екатеринбургу столько же, сколько и к Москве.

Следующим районом границ, вызывающим споры нужно считать район Оренбургского округа. Тут мы имеем дело с Башкирией и отчасти с Уралобластью. По нашему, в этом районе должна отойти к Кирреспублике большая часть Залаирского Кантона из Башкирии и Кизильская и Наследницкая станицы до 50°, 50 северной широты от д. Мракова до ж.д. линии Орск-Троицк.

В экономическом отношении этот район тесно связан с Оренбургской губернией. Лесные материалы Залаирского Кантона главным образом идут на удовлетворение потребностей г. Оренбурга и губернии. Разработка золотоносных руд Кваркенского района наиболее целесообразно может идти из Оренбурга. Уже опыт последнего года в этом отношении дает положительные результаты.

Теперь, мы должны остановиться на западной границе Киргизии. На северо-западной окраине Киргизия граничит с Астраханской губернией. Мы считаем, что территорию т.н. Волго-Каспийской Киргизии наиболее целесообразно было бы оставить Астраханской губернии. Этот район расположен на берегу Каспийского

моря. От центра Букеевского округа, г. Урды, отстоит на сотни верст, да при том дорога идет через пески-барханы. Без сомнения, что Букеевский округ не сможет обслужить этот район.

Но за то, по нашему, к Букеевскому округу должны быть присоединены: оз. Баскунчак и поселок Нижне-Баскунчакский до линии Астраханской железной дороги.

В настоящее время на солидных промыслах оз. Баскунчака работают преимущественно киргизы. К сожалению, мы не имеем под руками точных данных о количестве киргиз рабочих, но это ни в какой мере не помешает к тому, чтобы вопрос был поставлен принципиально. Положение этих рабочих, благодаря ряду обстоятельств, весьма тяжелое. Но особенно сильно ощущается тут беспомощность Астраханских организаций в смысле культурного обслуживания этих рабочих.

Разумеется, что аппараты Астраханской губернии не приспособлены к такой работе. У них нет киргизской литературы, нет культурных киргизских сил. С передачей этого озера Букеевскому округу оживились бы культработа среди киргизских рабочих. Как рабочий центр, этот район служил бы одной из основных баз в хозяйственном строительстве округа; была бы влита живая струя пролетарской жизни во всю работу, которая необходима сейчас для Киргизии. Что же касается вопроса об эксплуатации оз. Баскунчак, то он, конечно, переходит, также в ведение Кир. ЦСНХ. От этого, безусловно, кроме успеха, никакого ущерба делу соляной промышленности не будет.

Наконец, следует остановиться на границах Адаевского уезда. Здесь на несколько волостей Адаевского уезда претендует Туркестанская область. Как обоснование своей претензии Туркестан приводит мотивы, что эта территория когда-то принадлежала туркменам, у которых путем военной колонизации отняли адайцы. В подтверждение этого туркестанцы приводят туркменские названия колодцев, сохранившихся там и по сие время. Далее туркестанцы говорят, что в связи с голодом население внутри Кирреспублики значительно уменьшилось и освободились многие пространства земли, которые могут быть заняты выселенными адайцами.

Само собой ясно, что голые исторические факты, без учета современных хозяйственно-политических условий, а также простые этнографические названия местностей, не дают права ни на какую претензию. Необходимо в первую голову учесть настоящее положение вещей.

Настоящее положение вещей в этом районе следующее: территория состоит из песчанной пустыни, где летом не бывает жизни из-за сильной жары, отсутствия растительности и пресной воды. Осенью произрастает трава, которая служит подножным кормом для адаевского скота зимою. Паром на заливе Карабугазе, который туркмены, по-видимому, хотят эксплуатировать, служит исключительно для переправы скота Адаевского населения. Следовательно, вся эта территория вместе с Карабугазским заливом наиболее целесообразно используется киргизами Адаевского уезда, которых нет никакой надобности выселять оттуда. Таким образом, граница здесь должна остаться в тех пределах, которые существовали раньше, т.е. до 42°, 56 сев. широты.

Итак, мы сделали попытку охарактеризовать все спорные районы нашей внешней границы. Само собой разумеется, что практическое осуществление намеченных нами положений мыслится после того, как будут достигнуты соглашения на междуобластных совещаниях, которые на сей счет должны быть созваны. Кроме того, самый вопрос о границах должен подвергнуться более полному изучению и уточнению отдельных деталей.

Национальный момент

В заключение следует вкратце указать на одну из серьезных проблем, которая встает перед нами в связи с экономическим районированием. Проблема эта о, так называемом национальном моменте в вопросе районирования.

Вновь проектируемые нами районные волости страдают неправильной конфигурацией, чрезполосицей, а подчас принцип их образования совершенно не укладывается в рамки современной экономики, Объясняется это тем, что в киргизские волости вклиниваются русские поселки и обратно.

Как известно, киргизская территория со времен ее

завоевания казаками, колонизовалась переселенцами не сплошным массивом, а вкрапленно. Занимались все лучшие участки земель, годные для земледелия, по берегам рек, озер и по опушкам лесов. В царское время русские поселки составляли отдельные от киргиз административные волости, которые сохранились по настоящее время.

Если мы будем строго придерживаться экономических принципов, то львиную долю киргизских волостей вынуждены будем присоединять к русским. Но какова будет их совместная работа, какие результаты, мы от этого получим в итоге, этого сказать сейчас в высшей степени трудно. В настоящее время мы, к сожалению, не имеем хотя бы одного опыта районной волости со смешанным населением. Необходимо такой опыт провести и нам будет тогда хотя бы приблизительная перспектива. Вопрос поистине серьезный и требует внимательного и вдумчивого отношения мест.

ОРТА АЗИЯ ӨМІРІНДЕГІ ЖАҢА ДӘУІР

I

Осы күнгі алдымызда тұрған мәселенің ең үлкені Орта Азиядағы республикалардың шекарасын бөлу туралы.

Бұл мәселе туралы жұрттың көбі қараңғыда. Қазақстан республикасында бұл әңгімеге жуырда ғана кірісті.

Орта Азия деген қай жер? Онда қандай халықтар, қандай мемлекеттер бар? Қазақстан республикасына болып жатқан әңгіменің қаншама қажеттігі бар? Орта Азияның ұлттарының шекараларын бөлгеннен Қазақстан өміріне қаншама өзгерістер кіреді? Қандай жаңалықтар бар?

Орта Азияда осы күнгі болғалы жатқан өзгерістерді ойлағанда өзінен-өзі жоғарғы сұраулар келіп туады.

Орта Азияның мәселесін шешерден бұрын, біздің ойымызша, ең әуелі әлгі сұрақтарға жауап беріп алу керек. Адам алдында тұрған нысананы алу үшін, оны анықтап көріп алуы қажет. Болашақтағы біздің мақсат қандай – бұны әбден біліп алу керек.

Мұндай «білім» осы күнгі іс басында жүрген азаматтарға бір есе керек болса, жалпы бұқара елге екі есе

керек. Қазақтың ауылдағы кедей асса өзінің болысын, қалса өзінің ауылын біледі. Одан әрі қараңғы дүние оған. «Басқа жақ», «шет ел», жұрттың бәрі жағрафия, шаруашылық ғылымын оқыған жоқ. Сондықтан болып жатқан әңгіме жалпы елге ұғымсыз, түсініксіз қалуы мүмкін.

Совет үкіметінің басқа үкіметтерден көп айырмашылығының ішінде ең үлкен айырмасының бірі: көпшілікке қатынасы бар сөздерді сол көпшіліктің өз ортасында шешетіндігі.

Баяғыда патша өкіметі қазақтың жерін алды. Еш қазақтан сұраған жоқ. Столыпин деген министрдің қаулысы «қаулы» болды. Баяғыда, (баяғы дегеніміз болмаса күні кеше) патша үкіметі «окопқа» деп қазақтың жігітін алады. Бір қазаққа барасың ба деген жоқ. Сухомайев деген министрдің әмірі барлық жұрттың «әмірі» болды.

Біздің үкімет мұндай тәртіпті білмейді. Мұндай тәртіп біздің заңымызда жоқ. Мұндай жолға осы күнде жоба жоқ. Осы күнгі жөн-жоба жалпы еңбекші елдің жөн-жобасы. Осы күнгі заң – көптің заңы.

Сондықтан алдымыздағы болғалы тұрған Орта Азия мәселесі Қазақстанның жалпы еңбекші табының таныс атын, білетін мәселесі. Бұл мәселені шешетін баяғыдай Николайша «жалғыз» емес, осы күнгідей, советше – жалпы.

Бұл былай болса, жалпы халық Орта Азияның осы күнгі хал-жайын білуі керек. Болып жатқан уақиғалармен танысуы керек.

Әшейін ғана емес, жақсылап тұрып танысуы керек. Сонда ғана нысана анықталады. Нысана анықталса ғана алдымызды болжай аламыз. Алдымызды болжаумен ғана тілеген мақсатқа жете аламыз.

Осы күнгі Орта Азияда совет өкіметіне қараған төрт патшалық бар. Олар мынау: Бұхара, Хиуа, Түркстан һәм Қазақстан. Бұл төрт патшалықтың отырған жері 3 миллион 565 мың шаршы шақырым. Осыншама үлкен жер күн батыста Каспий теңізінен басталып, күн шығыста қытай шекарасына жетеді. Солтүстіктен Орал тауынан басталып, оңтүстікте қырғыздың Алатауымен шектеліп, ауған шекарасына дейін келеді.

Бұхара, Хиуа, Түркстан, Қазақстанның түпкілікті

халқы үш түрлі ұлттан құралады: өзбек (бұрынғы уақытта олар сарт аталатын), түркпен, қазақ. Өзбектердің тұратын жері Бұхара һәм Түркстанның күнбатыс жақ бөлімі. Түркпендер Түркстанның солтүстік жағында һәм осы күнгі Хиуада болады. Қазақ халқы осы күнгі Қазақстан һәм Түркстанның күншығыс бөлімінде.

Орта Азияда орын алған осы үш ірі ұлт қазірде өз алдына үш республика болып бөлінгелі отыр.

Бұхарадағы өзбек пен Түркстандағы өзбектер (бұрынғы сарт) қосылып Өзбекстан деген республика жасалмақшы. Хиуадағы түркпендер мен Түркстандағы түркпендер жиылып Түркпенстан деген бір республика болмақшы. Түркстандағы қазақтар осы күнгі Қазақстан республикасына қосылмақшы. Осы үш үлкен республикадан басқа қырғыздар өз алдына жеке автономиялы бір облыс жасамақшы. Қазіргі жоба бойынша автономиялы қырғыз облысы Қазақстанға қосылмай, жеке, Мәскеуге бағынбақ. Әйткенмен бұл мәселенің болашақта өзгеруі мүмкін. Бәлки, қырғыздар Қазақстанның бір бөлімі болып бізге кіруі де ықтимал. Қазақстан мен Түркменстанның екі ортасында қарақалпақ деген аз ғана халық бар. Бұлардың қай республикаға кіру мәселесі әлі шешілген жоқ. Қарақалпақ жұрты тілі, тұрмыс шаруашылығы жағынан басқалардан қазаққа жуық.

Сондықтан болашақта олар да Қазақстанға қосылуы мүмкін нәрсе.

Сонымен Орта Азияда ірі үш республика жасалғалы отыр. Біздің Қазақстанға Түркстаннан кіретін екі облыс. Ол: Жетісу, Сырдария облыстары.

Мақаламыздың ең басында қойған сұрауларға енді жауап берейік. Ол жауаптың біріншісі: қосылатын жердің түрін білу.

II

Жетісу

Жетісу облысының үлкендігі 360 мың шаршы шақырым. Қазіргі Италия, Швейцария деген патшалықтардың жерін қосқанда Жетісудан көлемі кішкене болып шығады.

Жетісудың жерінің қыртысы әртүрлі. Мұнда заңғар

биік таулар да бар, үлкен адыр белдер де бар. Таудың басы толған ағаш болады. Төмен қарай өскен қалың шөп, одан төмен – кең дала. Жадағай жайдақ жазылған ұзын дала.

Жетісу облысының ауасы, қазақшалап айтқанда, құбылмалы. Жаз – өте ыстық, қысы өте аяз болады.

Жетісуда өзендер көп болады. Бірақ өзендері кішкене, көбінесе көлге жете алмай қамыс, құмның арасында жоғалып қалады. Белгілі үлкен өзендер мыналар: Нарын, Шу, Қаратал һәм басқалар. Жетісуда көлдер де аз емес, үлкен көлден жеті көл бар. Олардың ішінде ең үлкені Ыстықкөл. Ыстықкөлдің көлемі 4600 шаршы шақырым. Ыстықкөл қыстыгүні қатпайды.

Жер байлығы да Жетісуда аз емес. Жер астынан көбінесе шығатын заттар: көмір, қорғасын, мыс, темір, мрамор тас. Кей жерлерде тас көмір де бар. Жер үстіндегі байлықтың ішінде балық пен құсты айтуға болады. Әсіресе, құс көп.

Жетісу облысының шаруасы, көбінесе мал бағу. Одан соң егін салу. Бұрынғы кезде бұндай егін салу, тіпті болмаған. Ресейден келімсек мұжықтар келгеннен былай егін шаруасы туа бастады. Соғыстан бұрын Жетісуда 600 мың десятинаға жуық егін салынған. Егін салу шаруашылығының бұрынғы уақытта аса тез ілгері баспауының себебі: халықтың тұтынған аспап, саймандарының жамандығынан. Алматыда ауыл шаруасына керек машиналарды сататын склад 1902 жылы ғана ашылды. Мал бағушылық шаруасы Жетісуда бұрыннан жақсы болатын. Өзгерістен бұрынғы есепке қарағанда Жетісудың мал саны мынадай.

Қой	5	миллион қара
жылқы	1	миллион қара
сиыр	700	мың қара
Түйе	70	мың

Мал бағушылық шаруасы да Жетісуда жақсы тәртіпке қойылмаған. Саны көп болса да, сапасы жоқ мал толып жатыр. Боран-шашыннан Жетісу малда жұтамаймын дей алмайды. Бірақ соңғы жылдарда Жетісуда да жалпы шаруашылық еңбек негізіне тұрақтап келеді. Қазақ халқы жылдан-жылға машиналар

алып, шаруасын, баяғыдай басқа жөнмен жүргізуге айналды.

Кәсіп жағынан Жетісу онша ілгергі қатарға қосылмайды. Соғыстан бұрын тұз табу кәсібінен басқа ауызға аларлық ірі кәсіптер жоқ еді.

Сауда жұмысы Жетісуда үлкен орын алады. Алғашқы кезде, Түркстан жаңа Россияға қараған уақытта сауданың көбі айырбас ретінде болушы еді. Европадан барған нәрселер сол бойымен Азия бұйымдарына сатылушы еді.

Бертін келе, шамалап айтқанда, өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан былай қарай Жетісудың саудасы жәрмеңкеге айналды. Үстіміздегі ғасырдың бас кезінен былай жәрмеңке сиректеле бастады. Сауданың көбі базар ретіне түсті. Жетісуда базарлардың көбеюіне себеп болған соғыс алдында келе бастаған келімсектер де болды. Келімсектер келісімен үлкен қалалар туды. Әйткенмен келімсектердің келуі Түркстан қазақтарының шаруасын өте күйзелтті. Келімсектер қазақтың онды жерін, жақсы суын ала бастады. Шаруашылық беталысы теріске айналды. Келімсек мәселесі жалпы Қазақстанда өз алдына жеке бір мәселе. Бұл туралы әлденеше кітаптар жазуға болады. Сондықтан бұл жерде бұл әңгіменің түбіне біз жете алмаймыз. Әйткенмен сауда-саттық туралы айтқанда келімсектер мәселесінен де андап кете алмаймыз. Сол себепті бұл әңгімені жанап өту қажет болды.

Жетісудың бұрынғы кезде (һәм осы уақытта да) ішкі саудасынан сыртқы саудасы күшті болды. Сыртқы сауданың жалпы ауданы 9 миллион сомға дейін барған жылдар болды. Бұл тоғыз миллионның 3 миллионы бізден Қытайға баратын нәрселердің құны. Ол нәрселер көбінесе кездеме (мата), сіріңке (оттық), керосин, ауыл шаруасының керек-жарақ аспаптары – машиналар.

Қытайдан бізге келетін нәрселердің бағасы 6 миллион. Оның ішінде көбінесе: шай, мал, әртүрлі аң терісі, ыдыс-аяқ, һәм қытайдың кездемелері (матасы).

Жетісу облысының халқы Қазақстанның басқа жерлеріндегі сықылды көбінесе ауылда, қалада болады. Шаһар халқы аз. Жетісудың ең үлкен шаһары – Алматы. Алматыда соңғы жылдардың есебіне қарағанда 45 мыңдай жан бар.

III

Сырдария

Сырдария облысының да үлкендігі Жетісудай болады. Бұл облыстың күнбатыс жағының жері көбінесе тегіс келеді. Анда-санда араларда үлкен құмдар бар. Мысалы: Сырдария мен Ақмола губерниясының астасқан жеріндегі Бетпақдала құмдары, Қызылқұм һәм басқалар.

Сырдарияның күншығыс жағы таулы-тасты болады.

Ең үлкен өзен – Сырдария.

Көлдердің ішінде ең үлкені – Арал теңізі. Арал теңізінің жалпақтығы 64 мың шаршы шақырым.

Соғыстан бұрынғы Сырдарияның халқының саны (Әмудария бөлімін де қосқанда) 2 миллионға жуық бар. Бұл халықтың 6 процентке жуығы орыс болады, 21 проценті өзбек, қалғаны қазақ пен қарақалпақ болады.

Түпкілікті халықтың шаруасы егін салу, мал бағу. Егін салатын көбінесе орыс, мал бағатын қазақ.

Соғыстан бұрын Сырдарияда бір миллион десятинаға жуық егін салынушы еді. Шаштын астықтар: бидай, ячмень, мақ, күріш.

Сырдария облысында мақта да шашылады. Осы күнгі кездеме (мата) мақтадан тоқылады. Сондықтан мақта шашу жылдан-жылға ілгері басып келеді.

Сырдарияда әртүрлі жемістер де көп өседі.

Егінді едәуір шашқанмен де Сырдарияға өз бидайы жыл уақытына жетпейді. Сондықтан бұл облысқа 2 миллиондай пұт бидай шет жерден әкелінеді.

Мал бағушының шаруасы Сырдарияда бұрынғы кезде өте үлкен түрде болған.

Соғыстан бұрын облыста сегіз жарым миллион мал бар еді. Бұл малдың жартысынан көбі қой мен ешкі.

Сырдарияның сауда-саттығында да мал бірінші орын алады. Жалпы мал саудасының мөлшері 20 миллион сомға шейін болып жүрді.

Кәсіп жағынан Сырдария облысы Жетісудан анағұрлым артық. Сырдарияда балық аулау шаруасы өте жақсы. Балық көбінесе Әмударияда Сырдарияда аулынады. Көп балық Арал теңізінде алынады һәм Қазалы уезінің кейбір көлдерінен шығады. Бұрынғы есеп бойынша жылында ауланған балықтың құны 5 миллион

сомға дейін баратын. Бұдан соңғы Сырдариядағы үлкен кәсіп – қол кәсібі. Сырдарияда едәуір жерлерде көбінесе қол кәсібімен ғана күн көреді деуге болады.

Ірі кәсіп Сырдарияда әлі жөнді туған жоқ. Фабрик, зауыт әлі нашар халде. Түбінде Сырдарияда ірі кәсіп жақсы орын алуға тиісті. Жер астынан шығатын заттар: тас көмір, қорғасын, қалайы, мыс, тұз, ақ балшық, алебастр һәм басқалар.

Сауда жөнінде бұрынғы кезде Сырдария ілгергі қатардағы облыстың бірі еді. Жалпы сауданың мөлшері жылында 50 миллион сом болып жүрді. Бұл 50 миллионның ішінде Сырдарияға басқа жерден келетін нәрселер: 40 миллиондық, Сырдариядан шығатын нәрселер (көбінесе мал) 10 миллион теңгелік.

Бұрынғы Сырдария облысындағы ең үлкен жәрмеңке (Ташкентті есептемегенде) – Әулиеата жәрмеңкесі. Бұл жәрмеңкенің саудасы – 5 миллион теңгеге шейін болып жүрді.

IV

Соғыс уақытында жалпы шаруа күйзелді. Түркстан облыстары да жалпы күйзелістен аман қалған жоқ: 1917-ші жылы күз Жетісуда ашаршылық болды. Оның алдында 16-шы жылы Жетісу қазақтары Николайдың «окопқа» шақырғандығы туралы қарсы көтеріліс жасады. Соңғы жылдары Жетісу жері әр түрлі әскерлердің майданы болды. Бұл секілді себептер Түркстан қазағының жан санын да, мал санын да азайтпай тұра келмеді (алмады).

1923-ші жылғы есеп бойынша Жетісуда 974 мың жан, Сырдария болысында бір миллион 375 мың жан қалған. Бұрынғы есеппен салыстырғанда екі облыстан жан есебі 20 процеңттей кеміген.

Сол 23-ші жылғы есеп бойынша мал есебі мынадай: Жетісуда: 2 миллион 140 мың қара, Сырдарияда... 2 миллион 700 мың қара.

Мал есебі бұрынғысына қарағанда екі есеге жуық кеміген.

Әйткенменен Түркстан облыстарының қосылғандығы Қазақстан республикасының шаруасында үлкен өзгерістер кіргізуі сөзсіз.

Халық жағынан келгенде біздің халық бұрынғысы-

нан 50 процент көбейеді. Бұрынғы төрт миллион халықтың орнында енді алты миллион болмақшы.

Мал байлығы да бұрынғысынан ұлғаяды. Мысалы: бұрынғы жеті миллион қараның орнына енді 12 миллион қара болуға тиіс.

Әрине, бұл секілді өзгерістер Қазақстан шаруасының ілгері басуына үлкен себеп. Қазақстан республикасы бұдан былай Орта Азиядағы мемлекеттердің ішінде өте қадірлі орын алуы шексіз. Қай жағынан болса да Қазақстан кейін қалмайды.

Орта Азияның басқа республикаларын Қазақстанмен салыстырғанда мынадай болып шығады.

Жалпы Қазақстанда (Түркстан облыстарын қосқанда) 2 миллион 700 мың шаршы шақырым жер бар, 6 миллион жан халық бар, 12 миллион қара бар, екі жарым миллион десятина егін бар.

Орта Азияның басқа республикаларын алғанда (Өзбекстан, Түркпенстан) жердің ауданы 860 мың шаршы шақырым, халықтың саны 5 миллион жарым, малы жеті жарым миллион, егіні 4 миллион десятина.

Жер жағынан Қазақстан аналардан үш есе үлкен. Адам жағынан да, мал жағынан да анағұрлым артық жатыр. Өзбекстан мен Түркпенстанның бізге қарағанда салатын егіні артықтау.

Бірақ біздің ойымызша егін туралы санақтың азырақ қаталығы болуы мүмкін. Соңғы жылғы шаруашылық кітаптарында басылған хабар бойынша Бұхарада 3 миллион бір жүз мың десятина егін шашылған. Бұхара секілді халқы аз, жері кішкентай республика мұндай көп егін салуға шамасы жоқ.

Қазақстанның барлық облыстары бір республика болып қосылғаннан кейін біздің алдымызда зор мақсаттар туады, мойнымызға үлкен міндеттер артылады.

Халықтың өмірі шаруасында. Шаруасы күйлі болса, халық та күйлі. Шаруашылық адам баласының өмірінің арқауы. Бұл бұлай болса, Қазақстанның үлкеюі ең әуелі шаруаның пайдасы.

Біздің Қазақстанда осы күні жол мәселесі ең қиын мәселенің бірі. Қазақстанның жері үлкен, жолы жоқ. Жол жоқтықтың есебінен қатынас кем. Біздің алдымызда тұрған үлкен мақсұттың бірі – шойын жол салу жұмысы. Бірақ соңғы уақытқа дейін шойын жолдың

салынбай келген мәнісі, ақшаның жоқтығы. Көлемі аздың өнері аз деген сықылды Қазақстан бұрынғы қалпында тұрғанда түскен түсім мекемені асыраудан шықпаушы еді.

Бұдан былай Қазақстан шойын жол салу жұмысына дұрыстап тұрып кірісуі керек. Ең бірінші салынатын шойын жол осы күнгі Алматы мен Семейді қосатын жол. Одан кейін қазіргі Қызылжардан Көкшетауды басып, Ақмолаға қарай салынып жатқан жолды Түркстан жеріне шейін жеткізу керек. Одан соң осы күнгі салынып жатқан Жетісу шойын жолы Пішпектен әрі қарай Алматыға шейін тез арада салынып бітуі керек.

Әрине, бұл жолдар арзанға түспейді. Бұлардың салынуына неше миллион кетуіне сөз жоқ. Әйткенмен шығыннан қорықпай бұл жұмысқа осы бастан кірісу жөн. Шаруашылықтың басқа жағынан қарағанда Түркстанның қосылуымен келетін пайда толып жатыр. Мысалы: Түркстанда мақта өседі. Мақтадан мата тоқылады. Мата тоқитын фабриктер түбінде Түркстан жерінде көп болуы мүмкін. Мата тоқитын фабрика отпен жүреді. Бірақ Түркстанда отын аз. Біздің Семей мен Ақмоланың оңтүстігі толған тас көмір. Жалғыз Қарағандының өзінен 30 миллион пұттай тас көмір шығады. Болашақта тас көмірді Түркстанға Қазақстаннан тасуға болады.

Екінші мысал: Сырдария облысының халқы осы күнге дейін астыққа жарымай келеді... Жылында Сырдарияға ішкі Россиядан 2 миллион пұттай астық тартылады. Біздің Қостанай губерниясы, Ақмола, Семей губерниялары жылында неше миллион пұтты ішкі Россияға сатуға айдайды. Шойын жол арқылы Сырдарияға астықты Қазақстаннан жеткізіп тұруға болады. Қанша пайда біздің өз жанымызда қалады.

Айта берсе, шаруашылық жағына бұдан басқа да біздің пайдамыз толып жатыр. Бірақ жоғарғы айтылған мысалдардың өзі де көпке дәлел.

V

Ал енді халық ағарту жұмысы һәм басқа жалпы заң, ғұрып жағынан келейік. Осы күні қазақтың ұлт мектебі жаңа туып келеді. Ана тіліндегі оқу құралдар жаңа шығып жатыр. Қазақ халқы екі жерде отырып, бір

кітапты екі кісіге жаздырып қойса, бір кітап екі жерде басылып шығатын болса, әрине, бұның, бәріне шығын анағұрлым көп кетеді. Мысалы бастауыш мектепке әліппе керек екен. Ол әліппені бір жерден жазып, басып шығарса.

Қазірде біздің тілімізге жаңадан көп пән сөздері кіргелі отыр. Қазақ халқының бір жағы бір сөзді қолданып, екінші жағы басқа бір сөзді қолданса, одан артық шатақ болмайды. Бұл секілді халмен қазақ болашақта бірінің тілін бірі түсінбей кетуі де мүмкін. Сондықтан тілімізге жаңадан пән сөздерін қосқанда да жұмысты бір жерден істеу қолайлы.

Оқу жұмысынан басқа да мысалдар толып жатыр. Осы күнгі қазақтың сот ісін алайық, кооперация жұмысы, партия жұмыстары, кедейлерді ұйымдастыру, жұмыскерлерді тәрбиелеу мәселелері, осының бәрі қосылмағанда екі жерден істелетін жұмыстар. Бұл жұмыстардың көбі қазақ ішінде жаңа. Барлық негіз, барлық жоба жаңадан жасалғалы отыр. Орыс ішіндегі жасалған үлгілер бізге не шақ келмейді, не болмаса басқаша әдіс, басқаша тәртіп тұтынуды керек қылады. Сондықтан қазаққа деген жұмыстың бәрінің жобасы да, жөні де бір болуға тиісті. Олай ету қосылғанда ғана біздің қолымыздан келеді.

Қазақ жұртының бірігуі біздің ішкі жұмыстарымыздың көбін ілгері бастырады. Біз бұрын өзбек (сарт) һәм басқа сондай ұлттармен аралас отырғанда күшіміздің бір қатары ұлт тартысының жолында кетуші еді. Бір ұлт күшті болады, біреу әлсіз болады. Ия болмаса екеуі бірдей әлді болады. Күнделік өмірдің талқысы бір ұлтқа қолайлы, біреуіне қолайсыз істер туғызуға мүмкін. Екі ұлт біреуіне бірі қырғи-қабақ болады. Сөйтіп бұлар өздерінің ішіндегі жұмыстардың көбін артқы планға қалдыруы мүмкін. Өз ішіндегі біріне-бірі қым-қиғаш қарсы келіп жатқан таптардың арасы ұмытылып, әңгіме ұлт арасына түсіп кетуі мүмкін. Қашанда болса, екі ұлт бір-бірімен күресіп, адам бола алмайды. Әрбір ұлттың ілгері басатын шарты – өз ішінің жөнделуі. Бір ұлттың ішінде зорлық-зомбылық жойылсын, екінші ұлттар да сондай болса сонда ғана барлық адам баласы бірігіп әділдік өмір туғызуына жол ашық.

VI

Сонымен қай дәлелді алсақ та, барлық қазақ жұрты бір республикаға қосылуы керек деген пікірге келеміз. Қазақ халқы бірігеді, бір республиканың туының астына жиналады. Енді болашақта Қазақстанның кіндігі қай жер болар екен? Біздің законымызды жасайтын, шаруамызды түзететін, халқымызды ағартатын, бізге жолжоба көрсететін Қазақстанның қай жері болар екен?!

Алдымызда тұрған мәселенің қазіргі сағатта ең үлкені осы мәселе.

Төрт жылғы өмірдің тәжірибесінің арқасында Орынбор бізге түпкілікті астана бола алмайтынына көзіміз жетті. Ең әуелі Орынбордың тұрған жері қолайсыз. Түркстан қазақтары шетте жатыр. Семей мен Ақмола одан да алыс. Орынборға жан-жақтан келіп жатқан шойын жолдар жоқ. Сондықтан қатынасу мәселесі өте қиын. Оның бер жағында Орынборда қазақ жоқ. Қазағы болмағандықтан оның өмірі басқаша, қазаққа ұқсамайды. Сол себепті біздің Орынбордан алып отырған тәрбиеміз жоқ. Жақсы өнеге, дұрыс тәжірибеміз жоқ. Орынбор өз өмірімен жүріп жатыр. Қазақстанның сар даласы оның көбін білмейді. Сондықтан Орынбор өгей шеше сияқты.

Бұл былай болса, бізге жаңадан астана керек. Қазақстанның үкіметі Орынбордан көшуі керек.

Орынбордан көшкендегі баратын жеріміз әлі анық белгіленген жоқ. Бірақ әзірге көптің аузында тұрған шаһар – Ташкент қаласы.

Ташкент қаласы екіге бөлінген. Бірін жаңа қала дейді. Онда тұратындар көбінесе орыс халқы. Бір бөлімін ескі қала дейді. Ескі қалада жүз мыңнан артық өзбек (сарт) бар.

Өзбектің (сарттың) болашақ астанасы Самарқанға көшкелі отыр. Ташкент жай ғана қала болып қалмақшы. Әйткенмен біздің өзбек туысқандарымыз Ташкентті бермейміз деп айтады дейді. Өзбектердің Ташкентті бізге бермейміз дегендегі айтатын ең үлкен дәлелінің бірі: Ташкенттің өткендегі тариҳы өзбектердің айтуынша Ташкент баяғыдан бері өзбектің қаласы. Ташкентті жасаған өзбек, Ташкентті құрған, сақтаған өзбек халқы.

Әрине, соңғы ғасырларда Ташкент өзбектердің қолында болды. Әйткенмен бұл қаланы қазақ жұрты

билеген де заман болған. 1598-ші жылдан бастап, 1798-ші жылға дейін 200 жыл Ташкент қазақтың қол астында болған.

Бірақ біздің ойымызша Ташкентті кім аламын десе де тарихқа жүгінудің жөні жоқ. Өткенде кім кім болмаған, оның бәрін тексеріп отырған заман жоқ. Өмір бүгінгінікі, тұрмыс үстіміздегі дәуірдікі. Сондықтан, біздіңше, Ташкенттің осы күнгі халқын қарау керек.

Ташкенттің қазіргі қалпына келсек, Ташкент әрине, сөзсіз қазақтың қаласы. Ташкенттің айналасы жағалай қазақ. Ташкенттің базарында сатылатын ет, май, сүт – бәрі маңайдағы қазақтың әкелгені. Егерде Ташкенттің маңайындағы қазақтар қалаға малын әкелмей қойса, Ташкенттің күн көру мәселесі екі талайға айналар еді.

Олай болса Ташкенттің қазақсыз күні жоқ.

Маңайдағы көп қазаққа жалғыз қала болғандықтан жұрт киім мен шай, былғары һәм басқа сондай фабрикте істеліп шығатын нәрселерді Ташкенттен алады. Ташкент болмағанда маңайдағы қазақтардың тұрмысы да нашарлыққа айналар еді. Сондықтан Ташкент пен оның маңайындағы халықтың арасы ана мен баланың арасындай. Сол себепті Ташкент Қазақстанға берілуі керек.

Ташкенттің басқа Қазақстанға да керек жері толып жатыр. Ташкентте университет бар. Ол университеттің оқушыларының бірсыпырасы осы күнде қазақ. Болашақта Ташкент университеті Орта Азияның кіндік мектебі болуы керек. Қазақстанда осы күні бір университет жоқ. Сондықтан бұл жағынан қарағанда Ташкенттің үлкен пайдасы көрінеді.

Осы соңғы айтылатын сөз: Қазақстан үкіметі – үлкен үкімет. Біздің кіндік мекемелерімізде қызмет еткен адамдардың өзі мыңға жуық.

Мекемелер тұратын үй керек, қызметшілер жататын үй керек.

Мұның бәрі Ташкенттен ғана табылады. Кішкене қалаға біз симаймыз.

Сонымен Ташкентке қайткенде де Қазақстан көшу керек.

Екі облыстың қосылуы Қазақстан тарихында үлкен жұмыс. 18-ші ғасырдан бері қазақ жұрты бірінші рет қосылып өмір сүргелі тұр. Біздің ішкі істеріміз де, сыртқы істеріміз де бұдан былай басқаша қалыпқа түседі.

Қазақстанның жалпы еңбекші табы белсеніп іске кірісетін ыңғайы жаңа туып келеді.

Біздің санауымызша бізге көршілес болған Өзбекстан мен Түркстан қолынан келген көмегін Қазақстанға көрсетер.

Біз де оларға жәрдемдесуді өзіміздің үлкен борышымыздың бірі деп тану керек.

Орта Азияның баяғыдан бері қорлықта-зорлықта келген ұлттары Октябрь төңкерісінің арқасында кеңдік, бостандық алды. Өз тұрмысын өзі жайлап, өзін-өзі меңгеріп өмір сүруге бостандық алды. Орта Азияның өмірінде жаңа дәуір басталды.

ЖАСТАРМЕН ӘҢГІМЕ

I

Біздің тұрмыс

Дүние есеппен жаралған. Әр нәрсенің есебі бар, заңы бар, мөлшері бар.

Мысалы: адам өмір сүру үшін тамақ ішеді. Ауамен дем алады. Ұйықтайды. Киім киеді.

Мұның бәрін адам еріккеннен істемейді, еріксіз істейді. Істемесе, өмір сүріп, бұл дүниеде тұра алмайды, өліп қалады.

Сондықтан киім іздегендегі, тамақ іздегендегі адамның есебі: өмір сүру.

Жалпы халықтың тұрмысы көп адамдардың тұрмысынан құралған. Жалпының тұрмысында да есеп бар. Есепсіз тұрмыс – соқыр тұрмыс. Біз осы күні елдің тұрмысын өзгерту керек дейміз. Неге өзгерту керек, осы күнгіміздің несі жаман? Қандай кемшіліктері бар? Тұрмысты қайтіп өзгертеміз? Бізге қандай тұрмыс керек? Өзгерткенде, есебіміз не? Табатын қандай пайдамыз бар?

Тұрмыс туралы сөз қозғағанда біздің ең әуелі жауап беретін сұрауларымыз осылар. Осыған жауапты беріп алып, әрі қарай сөйлеу керек. Бұлай болмаса сөз құрғақ әңгіме болып шығады.

Біздің ойымызша, қазақтың осы күнгі тұрмысы өзгеруге тиісті. Дұрысын айтқанда қазақ еңбекшілерінің тұрмысы күннен-күнге, жылдан-жылға өзгеріп келеді.

Бұл пікірді дәлелдеу үшін мысалдар келтірейік.

Бұдан жиырма-отыз жыл бұрын бірен-саран болмаса, қазақ халқы егін салудың не екенін білмеуші еді. Осы күні барлық Қазақстанда егін шашылатын үш миллион десятина жердің жарты миллионын қазақ шашады. Бұрын қазақ малына деп шөп шаппайды екен. Осы күні барлық қазақтың қолында жүз елу мың шөп шабатын машина бар.

Егін салмайтын қазақ егін салады. Шөп шаппайтын қазақ шөп шабады. Мұның аты өзгерген емес пе?

Екінші бір мысал: бұрын қазақ базардан нәрсе алмайды екен. Ағаштан ыдыс-аяқ жасайды екен. Түйенің жүнінен шекпен тоқиды екен. Көжеден ас қылады екен.

Қазіргі халықтың халі қандай? Елде шыныаяқ, тарелке жоқ па? Шекпенді тастап, бөзден көйлек кимейді ме? Көжені қойып, шайға қазақ түспеді ме?

Мұның аты өзгерген емей немене? Тағы да бір мысал: қазақ бұрын оқымайды екен, оқымай-ақ қазақтың ата-бабасы күн көрген екен. Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген, оқымаған билері болған екен.

Оқусыз осы күнгі қазақтың халі қандай? Жаза білмесең, арыз бере аласың ба? «Распискасыз» атыңды сата аласың ба? Билетсіз ел қыдыра аласың ба?

Осыны біліп, қазақ оқуға кірісіп жатыр емес пе? Баяғыда қай қаланың көшесінде қандай қазақ жүрген екен?

Мұны не дейміз? Бұл өзгеріс емес пе?

Айта берсе, өзгеріс көп. *Өзгерісті қазақ халқы еріккеннен істеп отырған жоқ, еріксіз істеп отыр. Өзгеріс ойлап шығарған нәрсе емес, өмірдің туғызған шарасы. Сондықтан өзгерістен қорқу керек емес. Өзгеріске көну керек, көндігу керек, көндіге алмасаң, өлесің. Өмірдің заңы солай.*

Ал енді біздің қазіргі тұрмысты алайық. Сырдария, Жетісуды қоспағанда, Қзаақстанның қалған жері екі миллион шаршы шақырым[1]. Бүкіл Күнбатыс Европаны алсаң, үлкендігі біздің жерден кішкене. Өнер жағынан қарасаң, біз олардан мың есе, миллион есе төменбіз.

Біздің жер астында тығылып жатқан алтынымыз қанша? Күмісіміз қанша? Жез, қорғасын, тас көмір,

[1] Жетісу, Сырдария, Қарақалпақ – бұл үшеуінің ауданы 750 мың шаршы шақырым.

жермай, тұз – бұлардың саны жоқ десек те болады. Осының бәрін ұқсатып отырмыз ба?

Жоқ. Осы бойымызбен отыра берсек, жерде жатқан алтын қалтамызға өзі келіп түсер ме?

Әрине, түспейді. Олай болса не істеу керек?

Шаруаны өзгерту керек. Тұрмысты ілгері бастыру керек. Қазақтың еңбекшілері көп болып оқу керек. Инженер, техник, механик болу керек[1]. Бұлар сонсоң фабрик-зауыттың басына тұрады. Фабрик-зауыт арқылы жер астынан байлық шығара аламыз. Сонда ғана шаруа дұрыстап түзеледі. Сонда ғана тұрмыс әдемілеп көркейеді.

Қазақтың осы күнгі ауыл шаруасына келейік.

Ішкі, сыртқы соғыстың себебі бар, 1921 жылы болған аштықтың әлегі бар, ел шаруасы өте күйзеліп қалды.

Ілгергі заманды бұлай қоя тұрайық. Тап күні кеше, ашаршылықтың алдында, 1920 жылы Қазақстанда он үш миллион қара мал бар еді. Ашаршылықтың артынан бұл малдың жартысынан аз-ақ қалды. Қазірде бүкіл Қазақстанда алты жарым миллионнан[2] артық мал жоқ.

Қазақ еңбекшілері осы аз малдың өзін дұрыстап, ұқсатып, жөнді пайда көріп отырған жоқ. Қазақтың малы өніп емес, өліп пайда береді. Өлген өгіздің терісін сатып, иесі ақша қылады. Оны да жарты бағасына береді.

Тірі малдан қазақ қандай пайда көріп отыр? Сиырдың сүті, майы үй ішінің ішіп-жеуінен артылмайды. Қойдың жүні қотанға келген бақалшыдан жөнді аспайды. Байлықтың көбі текке кетеді. Малдан пайда аз болғандықтан нашардың көп нәрсеге шамасы да келмейді. Онда шөп шабатын машина жоқ. Егін салатын соқа жоқ. Малды сатып сайман алса, сайманды сүйрер көлік жоқ. Бірін алса, бірі жоқ. Көрпені басына жамылса, аяғы ашық қалады, аяғына жапса, басы ашық. Оның осы күнгі тұрмысы көбінесе әуре-сарсаң, ит қорлық.

---

[1] Инженер, техник, механик деп ірі кәсіп өнерін үйренген адамдарды айтады.

[2] 1924 жылғы есеп бойынша бұрынғы Қазақстанның малы 6 миллионнан асады. Түркстан мен қарақалпақта 5 миллион 900 мың қара мал бар. Сонымен барлық Қазақстанда осы күні 15 миллионға жуық мал бар.

Мұның бәріне кім жазалы? Бұған екі түрлі себеп бар. Бірінші себеп: кедей, нашар шаруалар ірі, жуан шаруаға ілесе алмайды. Қазақ ішінде малы көптің жері де көп. Оның құрал-саймандары да бар. Кедей қол шалғымен бір жұма шабатын шөпті бай машинамен бір-ақ күнде шабады. Кедей қолындағы жүн-жұрқасын да тиісті жерге апарып, өз бағасымен сата алмайды. Сондықтан ол мұндай бұйымдарды жарты бағасына аулына келген саудагерге береді. Ауқатты шаруада мұның бәрі болмайды. Сонымен төмен шаруаның ілгері баспайтын себебінің бірі – тап кемшілігі. Кедей шаруасының әлсіздігінің арқасында баймен жарыса алмайды.

Шаруаны ілгері бастырмай отырған екінші себеп: өнер-білімнің жоқтығы, надандықтың көптігі. Шаруаның неше түрлі тәсілдері білімнен табылады. Осы күнгі Америка, Австралия деген жерлерде нағыз өнерлі, тәртіпті шаруа, олардың көріп отырған пайдасы бізден жүз есе, мың есе артық.

Өнер-білімнің арқасында шаруа түрі еңбек негізіне құрылады. Адамның еңбегі жемісті болып, жайшылықтағыдан әрі жеңіл, әрі пайдалы болады.

Сонымен қазақ еңбекшілерінің шаруасы, тұрмысы түзелу үшін олар әуелі жуан шаруаның тегеурінінің астынан шығу керек. Бұны тап күресі дейді. Оның бер жағында өнер-білім үйреніп, шаруаны еңбек негізіне түсіруге тырысу керек. Сонда ғана біздің тұрмыс түзеледі. Сонда ғана біздің өмір көркейеді.

II

Қазақ жастарының бұрынғы халі

Сонымен тұрмысты түзету керек екендігінде дау болмады. Ендігі мәселе: қалай түзетеміз? Кім түзетеді. Кіміміз бар?

Қазақтың осы күнгі саяси өмірінің тарихы бертіннен басталды. Асса он бес-жиырма жыл. Әйтпесе одан да бері. Шамалап айтқанда бұл жаңа дәуірдің басталуы – қазақ балалары орысша оқуға кіріскеннен бұлай.

Қазақ балалары орысша оқып, Европаның мәдениетіне қатынаса бастады. Бұрын көмескі болып, жүрекпен ғана сезілетін нәрселердің көбі енді ақылға түсіп, саяси сипат ала бастады. Мысалы: бұрын жалпы ел орыстың қол астына қарағанына риза емес еді, не

пәлеліктің бәрі орыстан деп ұғынушы еді. «Уа, шіркін, баяғы күніміз-ай, баяғы еркіміз-ай!» деуші еді...

Оқымаған даладағы жастар, ауылда жүрген бозбалалар қайда болды?

Көптің ішінде олар да жүруші еді. Біреулері қой күзетіп, ән салып, алтыбақан тепкен. Біреулері сиыр бағып, қазан қайнатқан. Біреулері шілдехана ойында, біреулері шөп шауып, егін жыртқан.

Ұлан-байтақ жайылған кең дала! Біресе «ұжмақ», біресе «тамұқ». Тамылжыған әдемі жазы бар, ақырып-қақырған аяз, суық бораны бар! Біресе ұшқан құстай шалқар көлге қонады. Біресе қашқан суырдай көрге тығылады...

Бұдан алпыс жыл бұрын орыстың адал ұлы, Чернышевский деген білімпазы өз халқы туралы айтқан екен: «Бейшара халық! Құл халық! Басынан аяғына дейін құл халық!» – деп.

Кешегі өткен сабаз Ленин Чернышевскийдің осы сөзін көп жерде мысал қылушы еді:

Сол секілді қазақ ол кезде бейшара, құл халық еді.

III

Қазақ жастарының өзгерістен алған тәжірибесі

17-ші жылы болған ұлы толқын тұрмысты төңкеріп жіберді. Ескі заман тамырымен қопарылып құлады. Жұрт жаңа заң, жаңа салтқа түсті.

Қазақ халқы өзгерісті өзгеше қуанып қарсы алды. 1916 жылғы «окоп» бар, бұрыннан іште қайнаған ұлт қорлығы, оның үстіне жалпы шаруашылық, жалпы мәдени теңсіздіктер – осының бәрі халықтың зығырданын қайнатып еді.

Төңкерістен кейін үлкен жол ашылды. Бұрынғы жасырын жүрген пікірлер үске шықты. Бұрынғы құр тілек болып жүректе жүрген мәселенің көбі өмір жүзінде іске асуға айналды. Тұрмыс өзгерістің заңына түсті.

Осымен алғашқы жаз өтті. Қоңыр салқын күз келді. Өзгерістің толқыны тоқтамады. Созыла берді. Әуелде патшаны құлатқан өзгеріс, артынан орыстың фабриканттарын, помещиктерін (алпауыт) құлатты. Бұлар үкіметтен айрылғанына риза болмай, жұмыскер үкіметіне қарсы соғыс ашты. 18-ші жылы басталған со-

ғыстың аяғы 1920 жылға шейін созылды. Ақырында жұмыскер үкіметі жеңді. 1920 жылдан бастап Россияның тұрмысы тиыштыққа айналды. 1920 жылы Қазақстан автономиясы жарияланды. Қазақ жастары жұмыла іске кірісті[1].

Қазақтың жастары туралы сөйлегенде оларды өз алдына бір топ қылып, ия болмаса оларды жекеше бір саяси ұйым қылып көрсету, әрине, қате. Жастардың жұмысы жалпы еңбекші таптың тұрмысына байлаулы. Одан асып жастар ешнәрсе бітіре алмайды. Бұл пікірдің дұрыс екендігі, әсіресе, осы күні көрініп отыр. Жеті жылдай басымыздан кешірген төңкеріс заман көпке өнеге болғандай. Қазақтың еңбекші табы бұл өнегені алып отыр.

Бұдан жеті жыл бұрын қазақ шаруасы қандай еді, енді қандай? Әрине, қазақтың малы азайды. Шаруасының ауданы кеміді, бірақ қазақ шаруасының негізіне үлкен өзгерістер кірді. Бұрын шалқасынан қарап жатып: «ия, құдай, тапсырдым өзіңе, не қылсаң да өзің біл!» дейтін бейғамдық көп жерде қалды. Жұрттың көбі еңбекке айналды. Бұрын малын жөндеп бақпайтын қазақтың көбі егін салуға түсті.

Бұл өзгеріс қазақтың еңбекші жастарына да босқа кетпеуі керек: Өзгерістен алатын сабақты олар да алуы керек. Бұл уақытқа шейін жастардың көбі бұл мәселені аз ойлап келді. Олай болудың себебі: жастардың көбі төңкеріс басталғаннан бері алды-артына қарамастан қызметте жүрді. Қазір жұрт жапатармағай шаруа жұмысына кірісіп жатыр. Ендігі алдымызда тұрған заман – жұмыстың заманы, істің заманы, оқудың заманы. Бұдан былай біз еңбекші елге пайдалы боламыз десек, бізге ең әуелі білім керек, өнер керек. Бұл – бірінші шарт.

Өзгерістің бізге берген екінші тәжірибесі мынау: қай істе болсын жігер, қайрат керек. Әсіресе, жастарға өзінше бір екпін керек. Бұл жігерсіз ешбір өзгеріс істелмейтінін біздің көзіміз көріп отыр. Босбелбеу болғандарды тарих жолдың кемерінен лақтырып тастайды. Өзгерісте не болса да өжет болған, қорықпаған, тәуекелге басын байлағандар жеңді. Қалың қазаққа келсек

[1] Бұл жерде, әрине кеңес үкіметінің жолына түскен жастарды ғана айтамыз. Жұмыстан жеріп жүргендер әлі де жоқ емес.

те бұл шарт дұрыс деуге болады. Нағыз еңбекші қазақ, ең ерінбейтін қазақ төңкерістің жемісін көреді. «Алма піс, аузыма түс!» дегендерге ешуақытта түк жұқпайды.

Сонымен жастар жігерлі, қайратты болуы керек. Өзгеріс уақытында өзге жұмыстарымызға қарағанда әйел мәселесі анағұрлым алға басты. Осының себебі не?

Мұның себебі: жалпы жастардың жұмыла қимылдағандығы. Жастар бар күшін, бар қайратын салып кірісті.

Әрбір іске осындай қимылдау керек. Әрбір іске өзіне лайық екпін керек.

Бұл өзгерістің екінші берген тәжірибесі.

Әрбір жұмыста адалдық керек. Негіз керек. Әсіресе, саяси жұмысқа бұл сықылды сипаттар өте қажет. Негізсіз жасалған саясат – бояма саясат. Ондай саясаттың түбі қайырсыз. Байлауы жоқ әңгімелермен бірдей. Желдің түбі – түпсіз дала. Түпсіз дала – қоныс емес.

Орыстың жұмыскерлері негізділігімен жеңді. Негізінің адалдығымен жеңді.

Жеті жылды артқа салып, сегізінші жылға аяқ басқандағы біздің айтатынымыз, әуелі негіз, адалдық, екпін, қайрат, өнер-білім болуы керек.

IV

Жастардың кемшіліктері және оны қалай түзету керек

Адам кемшіліксіз болмайды. Жастар да бәрі бірдей жап-жақсы емес, жастардың да ішінде бұзақы, қара жүректері бар. «Қисықты көр түзетеді» деген орыстарда бір мақал бар. Сол секілді арғы түбі қара жүрек болып жаралған жасты түзету, жөнге салу, әрине, қиын. Кейбір адамдарды түзету, тіпті, мүмкін емес. Бірақ біздің жастардың кемшіліктерінің көбі етімен қайнасып қалған жамандық емес. Жастық арқасында аңдамағандықтан, өз бойын өзі тәрбиелемегендіктен жамалған орынсыз әдеттер.

Мысалы бір жас орынға мінеді. Елге шығады. Бұрыннан «төрені» көргенде қорқып үйреніп қалған сорлы қазақ асты-үстіне түсіп, не қылса да, «төреге» жағайын дейді. Арғы жағында тәрбиесі аз жас мұндайды көтере алмайды. Қара қазаққа түсіндіріп, ұғындырудың орнына ақыра бастайды. Тезірек лауға ат жегілмесе де пәле.

Дұрыстап қонағасы бермесе де пәле. Жөндеп төсек салмаса да пәле. Сөйте-сөйте ондай жас әбден бұзылып алады. Біраздан соң алым алуға кіріседі, ақырында елге жексұрын болады. Елдің жастан көңілі қайтады. «Жастардың бәрі осындай екен», – дейді жұрт.

Қара халық қолымен ұстап, көзімен көргенге нанады. «Пәлен жерде бақыр бар» дегенге қиын сенеді. Өзінің аулына келген жас әлгідей бұзық болған соң, тегінде дұрыс жас болатындығына сенім кетеді. Сондықтан елмен араласы бар жастар өте түзу, өте өнегелі болуы керек. Сонда ғана жастың аты қадірлі болады. Сонда ғана оның артынан ел ереді.

Дұрыс, адал жігіт болу үшін тәрбие керек. Адам өзін-өзі тәрбиелеу керек. Өзіне-өзі сыншы бола білген кісі өз кемдігін өзі көре білген кісі көпке де басшы болуға жарайды. Көптің кемдігін айтып, оған үлгі болуға жарайды.

Екінші мысал: кейбір жастар жастығының арқасында көп нәрсемен санаспай кететіні бар. Өзінің ойлаған ойы дұп-дұрыс. Ойлағаны халыққа пайда келтіру. Бірақ көбінесе жерде пайданың орнына залал шығарады. Мұндай жастар өзіне иман қылып ұстаған нәрсесін өзге де солай ұғынатын шығар деп түсінеді. Әйтпесе солай ұғыну керек деп сенеді. Халықтың надан, қараңғы екенінде жұмысы жоқ. Оқыған өзінің ойы мен оқымаған бұқараның ойының қабыспайтын жерлерін тексермейді. «Мен осылай ойлаймын, сен неге өстіп ойламайсың?!» дейді. Қара қазақ білмесе, бұл жатып ашуланады. Анау қорқып, сөзінен жаңылған сайын, бұл ызаланып ақыра түседі.

Міне, бұл да жаман, жағымсыз мінездердің бірі, мұндаймен де күресу керек. Халықтың тілін білу керек. Білмейді екенсің, білуге тырысу керек. Ел ішінде істейтін жұмысыңды елдің тұрмысына жанастыру керек. Жанастыра алмайды екенсің, онда жанастыруға тырысу керек. Қандай әдемі пікір тұрмысқа жанаспаса құрғақ сөз болып шығады.

Біздің қолданатын жолымыз – марксизм. Марксизм деп Маркс деген білімпаздың шығарған көзқарасын айтады. Марксизмнің өзге ғылымнан айырма жерінің бірі – бұл өзінің жөн-жобасын нағыз тұрмыстың негізіне орнатып жасайды. «Адамның ойын тұрмыс жетектейді» деген сөз – Маркстің айтқан сөзі.

Жер жүзінде идеализм деген бір көзқарас бар. Идеализм әділдікті, көркемдікті іздейді. Бірақ бұл ғылымның кемшілік жері: Ол тұрмыспен санаспайды. Идеалистер айтады: «тұрмыс есеп емес, кісінің өзі жақсы болам деген ниеті болса жетеді. Тұрмысты пікір жетектейді» дейді. Бұл сөздің қате екені жоғарғы айтқанымыздан да көрінеді. Қазақшалап келтірсек те бұл сөз қатеге айналады. Қазақ айтады: «Аш бала тоқ баладай ойнамайды, тоқ бала аш бала деп ойламайды». Аш балаға ойнатқызбайтын не? Тоқ балаға ойлатқызбайтын не?

Әрине, тұрмыс. Қандай «пікірмен» ойнаймын дегенмен, ар жағында қарның аш болса, ойнай алмайсың. Сондықтан Маркстің шын тұрмыстың негізіне орнатқан жобасы әбден дұрыс.

Европаның саясат қуған адамдарының көбі аузымен марксші болса да, өмір жүзінде соңғы уақыттарға шейін марксизмге қарсы болып келді. Сондықтан олардың саясаты негізсіз, түпсіз болды.

Сөзбен де, іспен де Маркстің жолын қуған – Ленин. Ленин бірінші рет марксизмді іске асыруға кірісті. Ленин мемлекет жұмысында, саясат ісінде бұрын болмаған жаңа жолдар салды. Мұны ленинизм дейді. Марксизм пікір жүзінде қандай дұрыс болса, ленинизм іс жүзінде сондай дұрыс. Ленин айтады: аз істесең де дұрыс істе, біліп істе. Істеген жұмысың өмірмен жанасатын болсын.

Қазақтың еңбекші жастары осындай сөздерден өнеге алуы керек.

Сондықтан ең әуелі тұрмысты білу керек. Білмесең үйрену керек. Тұрмысты білу оңай жұмыс емес. Әсіресе, жас адамға оңай емес. Тұрмыс деген ойыншық емес. Тұрмыс – өмір. Тұрмысты түзету – өмірді түзету.

Осының бәрін жастар ескеру керек. Осының бәріне үйренуі керек. Басқа білім керек. Дұрыстап білім алу үшін дұрыстап еңбек ету керек. Еңбексіз білім қанбайды. Еңбек, білім – бұл екеуі ағайынды бала.

Осы күні біздің көбіміз үстірт кетіп жүрміз: «Білмейақ қоям, білімсіз-ақ жетілгем» дейді кейбіреулер. Мұндай сөз – ең залалды сөз. Ең әуелі мұндай сөз айтушыға залалды. Онан кейін қалған білімсіздерге залалды. «Анау білмей жетілсе, мен де сөйтіп жетілмеймін бе?» дейді. Сөйтіп, мұндай ауру жалпыға жайылады.

Жалпы жаман тәрбие алады. Шенқұмарлық күшейеді. Ондайлар адал еңбектің орнына арам сөзге үйір болады.

Үстіміздегі дәуір – тиыштық, шаруашылық дәуірі. Неше жылдай соғысып, кеңес үкіметі қазір негізгі іске кірісіп отыр. Ол негізгі іс – тұрмысты түзеу. Алты жылдай болған соғыс сол тұрмысты түзетуге ерік алу үшін болды. Ерік алынғаннан кейін іске кірісу керек.

Қазір қазақтың шаруасы басқаша түрге түскелі тұр. Қазақ ішінде кооперация ашу керек. Қазаққа агроном, доктор, мұғалім керек. Қазаққа машина, соқа керек. Осының бәрін кім береді, қазақ қайдан алады?

Қазақ осының бәрін өзінен өзі алады. Өз байлығын ұқсатса алады. Бұрын орыстың капиталистері, төрелері, қазақтың би мен болыстары жеген дүниені жалпы еңбекші елдің пайдасына жұмсаса, сонда қазақтың шаруасы түзеледі. Шаруа түзелсе, тұрмыс түзеледі.

Тұрмыс іспен түзеледі. Білім, өнермен түзеледі. Жастар тұрмысты түзету үшін тұрмысты білуі керек, үйренуі керек. Өзін-өзі тәрбиелеп, өзін-өзі еңбекке үндеп, дұрыс адам болуға тырысуы керек.

V

Жастардың қазіргі міндеті

Жастар үйрену үшін, еңбекші халыққа пайда келтіретін адам болу үшін ұйымдасуы керек. Қысқа сөзбен айтқанда жастар ұйым жасау керек. Жастар ұйымы қалай жасалуы керек? Олардың мақсаты не? Қандай жасты ұйымдастыру керек? Жас деп кімді айтамыз?

Осы күнгі қазақ жастары екі жерде. Бірі қалада, бірі далада. Қаладағы жастар көбінесе оқу оқиды. Бұларды ұйымдастыру оңай. Бұлар бір жерде. Бұлардың жиылуы да оңай. Бұлардың арасында әртүрлі әдеби, саяси жұмыстарды жүргізу де оңай.

Қазір Орынборда екі мыңға жақын қазақ оқушылары бар.

Биыл қыс[1] жалпы Орынбордағы оқушылардың ортасында клуб ашылды. Клуб деген үлкен үй болады. Анда-санда оқушылар жиналып, осындай үйде мәжіліс

[1] Биыл қыс деп жазушы 23 жылды айтады (**Д.Қ.**)

жасайды. Бір-бірімен пікір алысады, бірінің білмегенін бірі айтады. Мұндай клубтарда саяси баяндамалар жасалады. Жастар саясатпен танысады.

Бұдан басқа клубта әртүрлі әдеби істер қоюға болады. Мысалы: клубта спектакль жасауға болады. Спектакль деген – европа тілі. Қазақшалап айтқанда бұл сөздің мағынасы былай: Біреу кітап жазады. Ол кітабында әрбір адамды сөйлестіріп қояды. Қазақтың баяғы кездегі айтысы секілді. Мысалы: бір әйел күйеуін менсінбейді екен. Оны күйеуі еріксіз алып қашып кетеді. Осының бәрі кітапта өмірдегідей болып жазылады. Міне, осындай кітап спектакльде қойылады. Біреу жігіт болып ойнайды. Біреу екінші кісі болады. Бұлар әлгі суреттерді көз алдыңа келтіреді.

Спектакльдің пайдалы жері: адам нәрседен тәжірибе алады. Тұрмыстың ауырлығы, зорлық-зомбылық қандай екенін адам көреді.

Клубта саяси тәрбие өте керек нәрсенің бірі. Осы күні біздің саяси өміріміз көп болғанда газет жүзіне шығады, әйтпесе үш адамның әңгімесінен аспайды. «Пәленше пәлен депті, төленше төлен депті» дейді де қояды. Не болмаса «пәленше жақсы кісі, төленше жаман кісі» дейді де қояды. Неліктен жаман, неліктен жақсы? Қазақ еңбекшілеріне қандай жұмыс істеген адам жақсы деп аталады, қандайды жамандауға еркіміз бар? Осының бәрін ойлап айту керек.

Онсоң, коммунист партиясының, кеңес үкіметінің ұлт мәселесі туралы негіздері қандай? Партия жұмыскер мәселесі туралы не дейді? Бұқара ауыл шаруасындағыларға қалай қарайды? Партияда жоқтарға қалай қарайды? Партиядағылардың міндеттері не? Міне, осының бәрі жастар клубында сөйлейтін әңгіме. Осы секілді сөздер еңбекші жастардың ортасына екшеуге түсуі керек.

Клубта әдеби әңгімелер де өте керек. Осы күні қазақтан шыққан едәуір жазушылар бар. Бұлардың кім екенін, бұлардың жазғаны не? Оны жастардың көбі білмейді. Кейбіреулер өзі анықтап білмегендігінің арқасында үстірт пікір жасайды. Қазақ әдебиеті туралы үлкен, маңызды мәселелерге жеңіл баға беріліп, аяқ асты қалады.

Сондықтан жастар өз әдебиетін анықтап тану керек. Содан кейін әрбір жазушылар туралы пікір жасау керек.

Шаруа туралы әңгімелер де клубта қаралса анағұрлым жеңіл ұғылады. Жастар мұндай жерде бірінің білмегенін бірі толықтырып, көп білім алуға болады. Осы күні қазақтың шаруасы туралы қазақ тілінде жазылған кітаптар тіпті аз. Жоқ деуге де болады. Қазақ жайынан білетін жігіттердің көбі не жаза білмейді, не жазуға қолы тимейді. Міне, осындай жігіттер клубта баяндама жасаса, олардың білгені көпке тарайды. Сөйтіп, жалпы жастар шаруамен танысады.

Шаруа ғылымының өте керектігі әсіресе соңғы кездерде білініп отыр. Біз жаңа тұрмысқа бет алдық. Жаңа тұрмыстың ең кіндік жері – шаруа. Шаруа түзелсе, тұрмыс та түзеледі. Сондықтан шаруаны білу өте қажет. Қазақтың шаруа жайын білетін жігіттері бірінші қатарда іске алынады.

Бұдан басқа да клубта істелетін жұмыстар толып жатыр. Оның бәрін бұл жерде тексеруге болмайды. Өмір жүзінде тағы да қандай істер кез келеді, ол ретіне қарай бола береді. Қысқасын айтқанда қалалы жердегі ұйымдасқан жастардың арасында ашатын нәрсе – ең әуелі клуб. Содан кейін жұмыстың көбін клубтың ішінде жүргізу керек.

Әрине, ауылдағы жастарды ұйымдастыру анағұрлым қиын. Кейбір жерлерде бұл жұмыс мүмкін емес деуге де болады.

Қазақтың ең үлкен ауылы жиырма үй, әйтпесе он үй. Кейбір жерлерде жалғыз үйлі «ауыл» да бар. Бұл секілді «ауылдарда» ұйым жасау өте қиын. Сондықтан қазақ ауылдарының көбінде клуб жасау мүмкін емес. Үлкен ауылда, жиырма үйден асқан жерлерде ұйым жасауға да болады. Бірақ көбінесе ел ішіндегі біздің жұмысымыз мынау болу керек: ауыл жастарының жалпы көзін ашу, оларға ғылым жайынан бірінші мағлұмат беру.

Ауылдағы жастардың көбі хат танымайды. Қаладағы жастар ұйымының міндеті: соларға хат таныту болу керек. Ауылдағы жастардың көбі ел ішіндегі ру партиясына, жанжалдарға кірісіп жүр. Қаладан барған ұйымның мүшесі болған жас сондай қисық істерді түзеу керек. Біздің міндетіміз: ел ішінде еңбекші жастарды түзу жолмен тәрбиелеу, соларды болашақта қызметке даярлау. Бұлар арқылы ел ішінде істейтін жұмыстарымызды өткізу. Елдің еңбекші табымен осы жастар арқылы қатынас жасау.

Біздің міндетіміз: неғұрлым тазалық, дұрыстықты іздеу. Нашардың қамын ойлайтын табанды жастар тұғызуға тырысу. Елдегі жастарға айту керек: сендердің мақсаттарың «төре» болу емес, сендер ел ішінде түзу адал шаруа иесі болуға тырысыңдар. Ең әуелі шаруақор болып үйрен, адал бол, сонда ғана адам боласың!

Қазақтың еңбекші жұртының алдында тұрған мәселе осы. Осыны орындасаң, анық адам боласың!

Әрине, бұл айтылған сөздерден ел ішіндегі жастар ешбір партияға кіріспей, үнемі бейтарап тұрсын деген мағына шықпайды.

Мысалы: парақор, халыққа тиышсыз біреу болыс болғалы тұрса біздің ұйымдағы жастар ондаймен аянбай күресуі керек. Біреу қызын еріксіз күйеуге бергелі жатса, оған да жастар қарсы болуы керек. Бір кедейге орынсыз, артық салық түсіп тұрса, ондайға да жастар кірісуі керек.

Әрбір нашар, әрбір зорлық-зомбылық көрген кісі жастардың ұйымына келгенде, оның дұрыстығын, әділдігін танып келсін. *Жастардың өз алдына салмағы болсын, айбаты болсын. Шын ақ жүрек, жасқа біткен кеудесінде адалдығы болсын.*

VI

Біздің ұйымымыз қандай болу керек? Жас деп кімді айтамыз?

Жастар неге ұйым жасайды? Дүниенің бәрі жасқа тигенде, кәрі қайда қалады?

Әрине, біз «жас» дегенде кәрілердің бәрін бір жаққа көшіріп жібер демейміз. Кәрінің жастан артық кәрісі бар. Жастың көріден жаман «шалы» бар. Кәрінің ішінде де жақсы, жаман адамдар болады. Жастардың арасында да солай.

Бірақ жалпы жас пен жалпы кәріні алғанда жастардың артық жерлері толып жатыр. Бірінші: жастардың тілегі алдында. Олардың артында қалған жақсылығы жоқ. Сондықтан олар көбінесе болашақты ойлайды. Жастар жаңалыққа тез көнеді, жаңалықты жастардың жүрегі тез сезеді. Әділдік, адалдыққа жастардың жүрегі тез қимылдайды. Жастар көпшіл, жастар намысшыл, жастар тез үйренеді. Жастар өзгерісті бойына оңай сіңіреді, жастар жүректі, олар жігерлі, екпінді. Олар өжетірек, олар шапшаңырақ.

Оның бер жағында жастардың өмірі алдында. Олардың көргенінен көрмегені көп. Олар алдындағы тұрмысқа даярлану керек.

Сондықтан біз «жастар» дейміз. Жастар бұл айтылған мақсатқа бас-басына жеке жүріп жете алмайды. Жастар біріксе, бірінің білмегенін бірі айтса, бірінің істегенін бірі істесе, сонда олардың жұмысы ілгері басады. «Бірлік жоқта тірлік жоқ» деген сықылды, қай жұмысқа болсын бірлік керек. Бірліксіз іс өнбейді. Жастар жұмысы біріксе ғана ілгері басады.

Сондықтан жастарға ұйым керек. Жастар ұйымының мүшесі кім болу керек? Бұл сұрауға мынадай жауап береміз. Осы күні қазақтың алпыс процентінде[1] бес қара мен он қараның айналасында мал бар. Қалған жиырма процентінде он қара мен он бестің арасында мал бар.

Алғашқы қатарды кедей тапқа санап, екінші қатарды орта ауқаттыға есептегенде барлық қазақтың жүзден сексен бөлігі кедей мен орта шаруалы халық болып шығады. Біздің ұйымға осы көрсетілген нашарлар, орта шаруалардың балалары кіру керек.

Қазақ жастарының ұйымы жалпы Россия жастарының ұйымының бір бұтағы. Россия жастарының ұйымын қысқартып айтқанда «комсомол» дейді. Бұл сөздің мағынасын түсінікті қылып көшіргенде: «коммунизм негізіне құрылған жастар ұйымы» деген сөз. Қазақ ішінде «коммунизм» деген сөз әлі дұрыстап ұғылған жоқ. Алғашқы жылдарда қазақ ішінде коммунизм – қатынды, малды біріктіру деген сөз деп жүрді.

Әрине, мұның бәрі қате екенінде осы күні ешкімнің дауы жоқ.

Әлі де болса да бұл сөзді жұрттың көбі екі көзін алайта оқиды. Сондықтан коммунизм дегенді азырақ түсіндіріп өту қажет.

Коммунизм деп тұрмыстың тәртібін айтады. Осы күні коммунизм орнаған жер жүзінде бір патшалық жоқ. Россияда төңкеріс ескі тұрмысты құлатты, бірақ жаңа тұрмыс әлі жасалып жеткен жоқ. Төңкеріс жаңа тұрмысты бөгетсіз жасауға жол ашты.

Россиядан басқа осы күнгі жер жүзіндегі патшалық-

---

[1] Процент деп жүздің бір бөлгенін айтады. 60 процент деген 100-дің 60 бөлгені деген сөз.

тардың тұрмыс тәртібін капитализм дейді. Капитализм заманында халықтың көбі екі тапқа бөлінеді.

Бірі – байлар, Европа тілімен айтқанда – капиталистер, екінші тап – жұмыскерлер. Байлықтың көбі (Европа тілінде байлықты капитал дейді) капиталистердің қолында болады. Барлық банкідегі ақша, салынған фабрик-зауыт, шойын жол, пароход – бәрі соларда. Жұмыскерде ешнәрсе жоқ. Шындыққа келсек, еңбек ететін жұмыскер. Байлықты тапқан солар. Пароход, шойын жолды істеген олар. Фабрик-зауытты салған олар. Сонша ма еңбегі үшін жұмыскерлер капиталистерден жөндеп ақы да ала алмайды. Жұмыскер аш-жалаңаш. Ол баласын оқыта алмайды. Оған жарық дүние жоқ.

Міне, осы секілді тұрмыстары қым-қиғаш қайшы келгендіктен жұмыскер мен капиталистердің арасында ылғи жанжал болады. Жанжалдың ақыры соғысқа, төңкеріске айналады. Россияда жұмыскерлер капиталистерді құлатып тастады. Капитализмді жоғалтып, коммунизм орнатуға кірісті.

Коммунизм заманында капиталистер табы болмайды. Барлық байлық көптікі болады. Фабрик-зауыт, шойын жол секілді нәрселер қазынанікі болады. Барлық үкімет, барлық билік жұмыскерлердің қолында болады. Коммунизм заманында еңбек жалпыға бірдей. Біреудің хақын біреу жеу болмайды.

Біздің Россияда төңкерістен кейін осы жолға түсіп отыр.

Әрине, коммунизм бір күнде орнамайды. Оған көп заман керек. Бірақ бір күнде орнамайды екен деп, бізге одан безу керек емес. Біз осы бастан бар шаруамызды, барлық мәдени жұмыстарымызды сол болашақтағы әдемі тұрмысқа бейімдете жүргізуіміз керек. Қысқа сөзбен айтқанда біздің жол коммунизм негізіне құрылуы керек.

Қазақстан жастарының ұйымы жалпы Россия жастар ұйымының бір бұтағы болса, жалпы Россияның ұйымының өзі бүкіл жер жүзіндегі жастар ұйымының бір бұтағы. Жер жүзінің ұйымын «коммунизм негізіне құрылған жастар интернационалы»[1] дейді. «Интернационалға» Европаның жұмыскер жастарының көбі кірді.

---

[1] Интернационалдың жалаң мағынасы: жалпы халық деген сөз. Бұл жерде бүкіл жер жүзінің еңбекші жастарының ұйымы деген тәртіпте ұғу керек.

Россияда өзгеріс басталғанына сегіз жылға айналып барады. Сонан бері болып жатқан оқиғалар бәріміздің көз алдымызда. Еңбекші қазақ жастарының мақсаты: жаңа тұрмыс орнату. Ескі, жаман тұрмысты өзгерту. Алдымызда асқар таудай жұмыстар бар.

Қазақтың еңбекші табы алақанын жайып, бізден үміт күтіп отыр.

Бүкіл жер жүзі де бұдан жеті жыл бұрынғы халде емес, Күнбатыс Европаның капиталистері күннен күнге кейіншектеп келеді. Неше жүз жылдар қорлықта, зорлықта болған Күншығыс басын көтеріп, өз бостандығын өз қолымен алуға кірісіп жатыр. Дүниенің бәрі қозғалыста, тарихтың беті жаңа сиямен жазылғалы тұр.

Соның ішінде қазақтың еңбекші жасы да далада қалмау керек. Сәулесін шашыратып келе жатқан жарық дүниеге, жақсы тұрмысқа біздің бірге ұмтылуымыз керек.

Қосымша

Ленин – ленинизм

Лениннің жер астына түскеніне бүгін бір жыл толды. Бұдан бір жыл бұрын дүние күңіренген күн. Біреулердің қуанып, біреулердің еңіреген күні. Тумақ болса, өлмек бар. Өлімге біз жыламаймыз. Өлгенді еске түсіргенде біз олардың тірісінде істеген ісін ескереміз. Өлгенді жоқтағанда біз оның өмірін жоқтаймыз. Соның ісіндей іс істеп, соның өміріндей өмір сүруді іздейміз. Сондықтан өлгенді еске түсіргенде оның істерін ескеру – біздің ең бірінші міндетіміз.

Коммунист партиясы – Ленин партиясы. Кеңес үкіметінің негізі – Лениннің салған негізі. Ленин партияның да, үкіметтің де жолбасшысы еді.

Ленин – кеңес үкіметінің бірінші бастығы болса, оның бірінші қызметкері де сол еді. Ленин бар өнерін, бар білімін, барлық денсаулығын езілген таптың қызметіне жұмсады. Лениннің қуанышы да, қайғысы да қара бұқараның тілегімен бірдей. Лениннің салған негіздері қандай берік, қатты болса, оның жеке қара басының адамшылығы, бірлігі де басқалардан таудай

алыс, биік еді. Ленинмен бірге өсіп, бірге жүрген жолдастары Ленинді зеңгір таудың бүркітімен теңестіреді. «Лениннің сөйлегенін естігенде мұның сөзінің күштілігі, дұрыстығы, анық, ашықтығы кісіні еріксіз тартып алып кетуші еді» дейді олар. Ленин еш уақытта сөздің әдемілігіне, сыртқы көркемдігіне тырыспаған. Европаның парламенттеріндегі[1] шешендері сықылды Ленин адамның жүрегін елжіретететін, ішкі сезімге тиетін қылып сөйлемеген. Лениннің сөзі жай адаммен сөйлесіп отырған сықылды. Бірақ ішкі мағынасы маңызды, дәлелдері күмансыз, айбыны зор, тыңдаған адамдарды еріксіз көндіретін сөздер. Лениннің бұл сипаты, әсіресе, қара халықпен сөйлескенде оның пікірін үстем қылып шығарып отырған.

Лениннің екінші сипаты – ол мақтаншақ, ірі пейіл болмаған. Отырған үлкен орнына қарамай, алдына кім келсе де бірдей ықыласпен тыңдап, бәріне бірдей керек жауабын беріп отырған. Мейлі нарком[2] болсын, мейлі кішкене бір қызметші болсын, мейлі қаладан келген мұжық, мейлі фабрикте жүрген жұмыскер – бәрімен Ленин бірдей сөйлескен. Қайта қара бұқара адамдармен, әсіресе жұмыскер, мұжықтармен Ленин шын көңіл салып әңгімелеседі екен.

Ленин әр нәрсеге сабырлы көзбен қараған. Үлкен жұмыстар орындалып, іске асқанда тым қуанып, елігіп кетпейді екен. Үлкен қауіп-қатерлер болғанда тым иығы түсіп, амал таба алмай тағы қалмайды екен. Үлкен жақсылық уақытта да, үлкен қауіп-қатер кезінде де Ленин бойын алдыртпай, бір қалыпта қалады екен. Лениннің кішіпейілділігі, оның салмақтылығы, адамшылығының маңыздылығы, оның үнемі көсем жолбасшы болуына себеп болған.

---

[1] Парламент деп Европаның мемлекет құрылысындағы бір мекемені айтады. Парламент елден сайланған өкілдерден құралады. Бірақ Европаның парламенттері халық туралы аз қайғырады. Парламент сөзі көп, ісі жоқ бос мекеме екенін, әсіресе, соңғы жылдардың тәжірибесі көрсетіп отыр.

[2] Нарком – қысқартылып айтылған орыс сөзі. Қазақша мағынасы – халық комиссары. Кеңес үкіметінің істерін ретіне қарай әрбір нарком бөліп істейді. Мысалы: жер-су жұмысын жер наркомы (халық комиссары) басқарады, оқу жұмыстарын ағарту комиссары атқарады.

Ленин өзі қандай білімпаз болғанмен тым кітапшылдарды жек көрген. Лениннің айтуынша: жалпы еңбекші халыққа сену керек. Білімнің де, өнердің де, ақылдың да, тәсілдің де көбін жабайы елден үйрену керек. Бұның мағынасы: істеген істің бәрі шын көптің пайдасы болсын, жеке қара басыңның қарақшысы болма деген сөз. Лениннің негіздерінің күшті болған себебі де осыдан. Ленин «анау айтады, мынау айтады, ана кітапта тәуір жазылыпты, сондықтан солай істейік» деп қолданбаған. Ленин әрбіреудің айтқанына баға бергенде, бір кітапта жазылған пікірді қолданғанда ол сөздердің айтқанын әдейі еңбекші халықтың пайдасына жанастырып отырған. Қандай сырты әдемі сөз болсын, қандай келісті кітап болсын, оның ішкі сыры еңбекшілердің түп мақсатына қарсы болса, ондайға бетің бар, жүзің бар демей, Ленин де қарсы болған. Бұл сықылды сипатының арқасында Ленин табаны таймас білімпаз болды. Айтқан сөзі бір қалмай, еңбекші елге ем болды.

Ленин – төңкерістің ұстасы. Осы күні жер жүзінде өмір сүрген екі тап. Оның бірі езілген, бірі езуші: бірі – еңбекші, бірі – еңбексіз. Ленин езілгендердің, еңбекшілердің төңкерісінің ұстасы. Ленин өлсе де, оның тастап кеткен негізі өлмейді, оның салған жолы, көрсеткен нысанасы жалпы жер жүзінің еңбекшілерінің тілегі. Лениннен айрылсақ та, ленинизмнен айрылмау біздің коммунистік жолымыз.

Ленинизм деп біз Лениннің тастап кеткен ғылымын айтамыз. Бұл ғылымды үйрену үшін, білу үшін, ленинизмді дұрыстап тану үшін ленинизмнің тарихи тамырларына көз жіберу керек. Ленинизм жаңа заманда ғы төңкеріс тәртібінің әдісі.

Жаңа заманда ғы капиталистердің қолданған шаруашылық түрін ғылым тілінде айтқанда империализм дейміз. Империализмнің мағынасы мынау: осы күнгі Европаның капиталистері (байлары) өздерінің жұмыскерлерін, еңбекшілерін жеп болып, тұяғын басқа жерлерге сала бастады. Мәселен, қазіргі Англияның капиталы жалғыз Англияның жерін місе тұтпай отыр. Англияның фабрик-зауыттарындағы іс болып шығатын жүн-жұрқа, тері-терсек жалғыз Англияның өз мұжықтарының беріп отырғаны емес. Англияның мұжықтары бар халқының төрттен бірі де болмайды. Әрине, төрттің бірі қалған үш бөлімге іс тауып бере алмайды. Сондық-

тан Англияның фабрик-зауыттарында істелетін шикізаттар көбі шетелден келеді.

Осы күні 360 миллион Индия жұрты Англияның қол астына қарайды. Англияның фабрик-зауытына түсетін жүн-жұрқалар көбінесе осы Индиянікі.

Фабрик-зауытқа шикізатты шетелден тасығаны сықылды, істеліп шыққан нәрселерінің көбін де Англия басқа халықтар арасында сатады. Бұлай болудың себебі: істеліп шыққан нәрселер көп болғандықтан өз елінде бәріне бірдей орын табылмайды.

Сондықтан қазіргі Англияның сауда-саттығы, үлкен кәсіп жұмыстары – бәрі де шет елді бағындырғанына тіреліп отыр. Егер Англияның қол астында Индия сықылды жүн-жұрқасы көп үлкен халық болмаса, Англия капиталы осы күнгісінен анағұрлым аз болар еді.

Сондықтан Англияның капиталистері (байлары) өмірінде Индиядан айрылуға риза болмайды. Риза болғаны сол, қайта фабрик-зауытында істелетін нәрселер көбейген сайын жаңадан жер іздеп, ол нәрсені өткізудің қамын қылады. Сондықтан неғұрлым капитализм негізі күшейе берсе, солғұрлым империализм саясаты да күшеймек.

Осы күні барлық Европа мен Американың байлары Қытайды айналдырып отыр. Әрқайсысы бірінен соң бірі біресе Қытайдың ана генералын қуаттап, біресе мына генералын мақтап, Қытайдың өз арасын қантөгіс соғыс қылып отыр. Қытайдың бірінші төңкерісін жасаған Сун-Ять-Сен өлген күніне шейін барлық Европаның, Американың байларына қарсы алысып келді. Европа мен Американың байлары Қытайға жабысып жүрген себебі – тағы әлгі империализм саясатынан. Егер олар 400 миллион жаны бар Қытайды өздеріне қаратып алса, онда, әрине, Қытай оларға таусылмайтын азық болатынына көздері жетеді. Қытайдың 400 миллион жұрты Англия, Американың фабрик-зауытында істелген нәрселерді киінбекші. Қытайдың жүн-жұрқасы, жер астынан шығатын байлықтары – бәрі тағы аналардың қолында кетпекші.

Сондықтан империализммен күресу теңсіздікті жою жолында ең бірінші жол.

Ленин ә дегеннен империализм саясатына қарсы болды. Ол кездегі жұмыскер табының қорғаншысымыз деп жүрген адамдардың көбі империализмге ауызбен

қарсылығын білдірсе де, іс жүзінде ешнәрсе істемеді. Сондықтан Ленин ең алғашқы саяси күресін осы айтылған адамдармен бастады.

Лениннің империализм туралы тұтынған жолы – екі езілген тапты біріктіру: бірі – Европаның жұмыскер табы, екіншісі – Күншығыстың (Қытай, Индия және басқа сол сықылды) империализмнің тегеурінінің астында езілген ұлттары. Ленинизмнің үйретуінше осы күнгі Күнбатыс жұмыскер табы өз байларына қарсы болып, Күншығыстың тепкіде жүрген ұлттарын босатуға жәрдемдес болсын дейді.

Ленинизм ылғи жалпы жер жүзінің мөлшеріне өлшенген ғылым ғана емес. Ленин Россияда туды. Оның көрген-білгенінің көбі Россияның өмірі. Оның тексергені көбінесе Россияның шаруашылығы. Сондықтан ленинизмнің үлкен тамырының бірі Россияның топырағында.

Россияның тарихы Европаға да, Азияға да ұқсамайды. Россия айрықша түрдің жері. Россияның халқы да, шаруасы да біркелкі емес. Мұнда Европадағыдай ірі ұлттармен қатар Азиядағыдай көп ұсақ ұлттар бар. Россияның бұрынғы байлығының көбі осы ұсақ ұлттардың еңбегінен құралған. Оның бер жағында Россияның көбі Англия, Германия сықылды жұмыскер емес, крестьян-мұжық. Россияның бұрынғы байлары бір жағынан қол астындағы ұсақ ұлттарды жесе, екінші жағынан өздерінің мұжықтарының қанын сорған.

Сондықтан Россиядағы ленинизм жұмыскердің қамын қандай қарастырса, еңбекші мұжық пен ұсақ ұлттардың да қамын сондай қарастырады. Россиядағы ленинизм айтады: жұмыскерлер саяси жолбасшылық көрсеткенде еңбекші қалың бұқараға сүйеніп отырып іс қылу керек. Еңбекші қалың бұқара теңдікке жетем десе, жұмыскермен қол ұстасып отырып мақсатына жетеді дейді.

Біз Ленинді оқығанда ғылымның осы жағын, әсіресе, дұрыстап жақсылап үйренуіміз керек.

Ленинизм – ғылым. Бірақ құрғақ ғылым ғана емес. Ленинизмнің ғылымы – тұрмыстың, үстіміздегі өмірдің ғылымы. Жақсылықты адамның қиялында жасап, жер мен көктің арасында жүретін пікірлермен Ленин өмір бойы күресумен болған. Әр халықтың тұрмысына қарай шара қолдану, әр өнердің өмірге жанасатын

жерін ғана алу – Лениннің қолданып кеткен үлкен мұрасының бірі.

Ленин қолдаған марксизм ғылымы да шын тұрмыстың негізіне тірелген. Маркс өз заманында болған капитализм тұрмысын тексеріп келіп, өзінің материализм философиясын жасады. Материализм – материя деген сөзден шығады. Материяның мағынасы: нәрсе деген сөз. Маркс «мынау әділ, мынау әділсіз» деген ескі заманның білімпаздарының қиял философиясын қару қылған жоқ. Маркстің қаруы – тұрмыс. Марксизм ғылымы түгелімен капитализм тұрмысын тексергеннен шыққан ғылым.

Маркс өз заманында ғылымын іске асыра алмай кетті. Ол кездегі жұмыскер табының күш-қуаты, халі – жер жүзінің шаруашылық халі ол замандағы оның ойлаған төңкерісін туғызатын түрге жеткен жоқ еді. Сондықтан Маркс болашаққа жол сілтеп, жалпы тап тартысының мазмұнын түсіндіріп кетті. Маркс бұрынғы ескі философияларды жойып, одан бұлай болатын тарихтың тұтқасы марксизм екенін дәлелдеп кетті. Ленин марксизмді іске асырды. Ленинизмнің марксизмге кіргізген қосымшасы көбінесе іс жүзінде.

Ленин марксизм ғылымымен құралданған еңбекші тапқа төңкеріс жасау әдісін үйретті. Ленинизм мен марксизм аты бөлек болғанмен, заты бір. Бұл екеуі бір дененің мүшесі. Бірісіз бірі күш, қару ете алмайды. Екеуі қосылғанда жеңбейтін дұшпаны жоқ.

Қазақстан коммунистері саяси іске жаңа ғана кірісіп отыр, бұдан бұлай іргелі коммунист болу үшін ленинизмді үйрену – біздің бірінші міндетіміз. Өлгенді еске түсіргенде бәріміздің ұранымыз: «Ленин – туым, ленинизм – жолым!» деген болу керек.

ҚАЗАҚСТАНДА ХАЛЫҚ АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан оқу жұмысының күйі мен болашағы

Жолдастар! Менен бұрын баяндама істегендер Қазақстанның шаруашылық күйін, мәдениет жөніндегі табыстарын суреттеп өтті. Бұл жөнде ауыл мұғалімдерінің алдында қандай міндеттер тұрғанын да ашып айтты.

Енді маған жүктеліп отырған нәрсе – Қазақстандағы қазіргі оқу күйін суреттей келіп, алдағы міндеттерді белгілеу.

Жолдастар, жалпы кеңестер одағының, онымен бірге Қазақстан шаруашылығының көтерілуі социалдық құрылысқа бет алып отыр. Сондықтан халық ағарту жұмысының мақсұты да осы социалдық тұрмысты жылдамдату болу керек.

Олай болса, халық ағарту жұмысы туралы біздің алдымызда негізді үш мәселе тұрған болады:

Бірінші мәселе – жалпы еңбекшілерге хат танытып, мәдениетке жетіскен шаруа қылып шығару.

Екінші мәселе – өндіріс кәсібі, ауыл шаруашылығы, үкімет мекемелеріне керекті ысылған жұмыскер, қызметкерлерді дайындау.

Үшінші мәселе – қазақтың ұлт мәдениетінің көтерілуіне керекті мәдениет-білім күштерін әзірлеу, мұнда түрі ұлттыкі болғанмен, тамыры социалдық болуы керек.

Міне, осы үш мәселе – халық ағарту саясатының бәрін ашып береді.

Тарихтан бір-екі сөз

Өткендегі тарихымызға қарасақ, жоғарғы мақсұтты өтеу жөнінде істелген іс шамалы болып шығады. Қазақстанда бірінші «халық ағарту» жұмысы діншілдік туы астында басталғанын бәрің де білесіңдер. Оңтүстік сарттардан, солтүстік – башқұрт, татарлардан Қазақстанға молдалар ағылған. Қазақ еліне хат танытқан осы молдалар, олардың үйреткені – ол дүниеге барғанда жұмаққа қалай кірудің жөні, тағы сол секілділер.

Әрине, мұндай «білім» қазақ ұлтының, әсіресе, қазақ еңбекшілерінің пайдасына жарамады.

Бері келе дін оқытушыларының ішінен жәдитшілеу шықты. Олардың қолданғаны да дін оқытуы еді. Әйтседе бұлардың бір өзгешелігі – мектептерге кейбір жаңалықтар кіргізді, жер де дөңгелек емес, шар сияқты жұмыр деп таныған сияқты жаңалығы болды.

Бұдан кейін өткен ғасырдың аяқ шенінде бізде орыс-қазақ школы дейтін болды. Бұл орыс-қазақ школы орыс жиһангерлерінің құралы еді. Күнбатыс европаға қарағанда орыс жиһангерлерінің біздегі өзгешелігін айтып

кеткім келеді. Күнбатыс европада жиһангерлік саясаты капитализмді өршітуге, товарын өткізуге ішкі базары кемдік қылса, жаңадан бір базар іздеп, уақ ұлттарды отырлау негізіне құрылған болса, бізде, Иван Грозныйдың заманынан бері Ресейдің жиһангерлік саясаты дін оқуымен байланысқан.

Иван Грозныйдың Қазандағы татар хандарын орыс дінін алуға зорлағандығын бәріңіз де білсеңіздер керек. Осы жолды орыс жиһангерлері өздері құлағанға шейін ұстап келді деп айтуға да болады. Бізде де алғашқы кезде орыс-қазақ школы осы жиһангерлік мақсұтты алға ұстады: қазақ ұлтын шоқындырып, қазақ еңбекшілерін орыс қылып, жиһангерліктің қол шоқпары қылып ұстап отырмақшы болды. Әрине, бұл саясаттың іске асқан жері де болды: орыс-қазақ школы патша үкіметінің кеңсесіне керекті бірталай тілмаштарды дайындап берді, олардың арасынан патша үкіметінің тыңшылары да шықты. Бірақ, негізінде орыс-қазақ школы патша үкіметінің күткен мақсұтын түгел бере алмады. Күшті қанша төккенмен де қазақтардың арасынан 3–4 поптан артық шығара алмады.

Патша үкіметінің көздеген мақсұты жүзеге аспады. Орыс-қазақ школы біртіндей келе екінші түрге айналды. Менен бұрынғы сөйлеген жолдастардың сөзіне қарағанда, Қазақстанда ұлт қозғалысының басшылары осы орыс-қазақ школынан шыққанын көріп отырмыз.

Қазақстандағы қазіргі саяси іскерлерді алып қарасақ, олардың да осы орыс-қазақ школынан шыққаны көрініп тұр.

Әрине, миссионерлер школы бізге өрнек бола алмайды. Оның мақсұты да, жұмысы да бізге жат. Орыс-қазақ школы қолы жеткендерді ғана тәрбиелеген болса, біздегі қазіргі кеңес мектебі жалпы көпшілікті ағартуды мақсұт қылып отыр. Біздің мектебіміз оларды алдымен еңбекшілерге береді. Байлар мектебінен өзгешелігіміздің бір негізі осы.

Жұмысымыздың жемісі

Кеңес мектебінің, жаңа мектептің тарихы – төңкерістен басталады. Әзірге алған тәжірибеміз аз болса да, істеген жұмысымызға қорытынды істей келіп, алдағы жұмысымызға соны негіз қыла аламыз.

Бұл жөнде өте-мөте көзге түсетін нәрсе – төңкерістен бері бастауыш мектептеріміз қабындап өсіп кеткен. Төңкеріске шейін қазақ елінде 560 мектеп бар еді десек, қазірде бастауыш мектептердің саны 1 мың 600-ге жетіп отыр.

Бастауыш мектептерді жалпы алсақ, бұл 40 проценті болады. Қазақстанда қазақ 75 процент, олай болса бұл санды қанағаттанарлық деп айта алмаймыз. Бірақ, өткендегімен салыстырсақ, табысымыз зор. Ағарту жұмысында қанша ілгерілегендігімізді білу үшін басқа жұмысымызбен салыстырып көрейік. Біздің шаруашылығымыз соғыстан бұрынғы күйінің 80 процентіне жеткен. Өндіріс кәсібіміз соғыстан бұрынғының 60 процентіне жеткен. Ал ағарту жұмысын алсақ бастауыш мектептеріміз үш еседен де артық өсіп кеткен. Мұны айтып сіздердің алдарыңызда мақтанғым келмейді. Өйткені ілгерілегендігіміз болса, өзі де көзге көрінеді ғой. Менің ойым сіздерге кемшілік жағымызды айту, ағарту жұмысындағы алдымызда тұрған кедергілерді көрсетіп өту.

Бұдан бір жеті бұрын ағартушылар съезіне маған баяндама істеуге тура келді. Онда да көбіне кемшіліктеріміз туралы айттым. Меніңше, кемшіліктерімізді көбіне оқытушыларымызға айтуымыз керек. Өйткені олар біздің жұмысымызбен байланысты, мектептерімізді басқарып отырған солар. Олай болса кемшілігіміздің бәрін оқытушыларымыз біліп отыруы керек. Білмей іс істесе, ілгері басуы қиын. Менің мұныма сіздердің қарсы болатындарыңыз болмас деймін.

Біздің қорымыз

Біздің халық ағарту жұмысына арнаған қорымыз аз деуге болмайды. Үкімет бюджетінен болсын, жергілікті бюджеттен болсын – 35 процент халық ағарту жұмысына беріліп отырады. Біздің тарихымызда мұндай нәрсе болған емес, тарихта түгіл, халық ағарту жұмысына бюджеттің үш бөлгенінің бірін беру ешбір мемлекетте іс жүзінде болған емес. Бұл сома өткен жылы 10 миллион сом еді, биылғы жылы 12 миллион сом болып отыр. Халық ағарту жұмысындағы кемшіліктерге, ділгерімізге қарасақ, бұл сома да тұк емес. Әсіресе, ауыл-поселкеге аз бөліп келгенбіз. Есеппен көрсетсек: 12 миллион сом-

нан ауылға 1 миллион 200 мың сом, 10 процент. Поселкеге екі миллион шамасы – 18 процент беріппіз. Екеуін қосқанда 28 процент болады. Ал Қазақстанда ауыл мен поселкенің жаны 93 процент. Біз бұдан екі жыл бұрын «Ауылға бет бұру керек» деп ұран салған болсақ, Қазақстанның 5-съезіндегі баяндамамыз да «Ауылға бет бұру» негізіне құрылған болса, осы ұран күні бүгінге шейін ескіріп отырған жоқ. Біз бұл жерде екі түрлі мәселені шешуіміз керек. Бірінші – бір жағынан қала мен ауыл, екінші жағынан ауыл мен поселке арасында сыбағаны тең бөлу. Бұл жөнде ұлт мәселесін де шеше кетуіміз керек болады, өйткені Қазақстанның көпшілігі – қазақ, олай болса соманың да өсірілуі керек қой. Бұл саясатты Қазақстан үкіметі қолданып та отыр, бұдан былай да сіздердің көмегіңізбен қорды бөлу жұмысын дұрыстаймыз деп ойлаймын. Қорды дұрыс бөлу, ұлт мәселесіне ынтаны көбірек салудың керектігін білгіміз келсе, оқу жасындағы балалардың қаншасының мектепке алынғандығына көз салуымыз керек. Қара шаруалардың оқу жасындағы балаларының 30 проценті мектепке алынған. Қазақ балаларының 8–12 проценті ғана мектепте, олай болса бұларды теңеу үшін қазақ мектебінің жұмысын бұдан үш рет жылдамдату керек.

Қазақстан елін жалпы алсақ, мектебінің тең бөлінбегендігін де көреміз. Санмен көрсетсем сіздерге қызықсыз болмас деймін.

Семей губернесінде қазақ мектебі	– 561
Ақмола губернесінде қазақ мектебі	– 238
Қостанай округінде қазақ мектебі	– 207
Орал-Бөкей губернесінде қазақ мектебі	– 234
Ақтөбе губернесінде қазақ мектебі	– 182
Сырдарияда қазақ мектебі	– –

Бұл саннан – бастауыш мектептің 30 процентінің жалғыз Семей губернесінде екенін көріп отырсыздар. Қостанай округінің де жайы жақсы. Ал Адай уйезін, Қарақалпақ облысын алсақ, қазақтармен салыстырғанда мүлде кейін қалып отыр. Қостанай округінде қазақ балаларының 30 проценті мектепке кірген болса, Адай округінде бұл сан 4 пен 5-тің арасында. Сондықтан бұдан былай ағарту жұмысында кейін қалған елдерге күшті салсақ, екінші жағынан басқа жақтан бастаған жұмысымызды да нығайта беруіміз керек.

Ағарту жұмысына керекті қор жергілікті бюджеттен бөлінді. Қазақстанның 5-съезі де жергілікті бюджеттер ағарту жұмысына 35 проценттен кем шығармасын деп қаулы шығарған болар. Бұл кезінде республикамыздың жоғарғы орнынан сұрап алған сыбағамыз болатын.

Кеңестер съезінің осы қаулысы орындарда түгел орындалды ма? Түгел емес. Керек болса мына дәлелді келтірейін:

Ақмола губернесі	34 процент бөлген
Семей губернесі	31 процент бөлген
Қостанай губернесі	38 процент бөлген
Орал-Бөкей губернесі	28 процент бөлген
Ақтөбе губернесі	31 процент бөлген
Сырдария губернесі	30 процент бөлген
Жетісу губернесі	28 процент бөлген
Адай уйезі губернесі	17 процент бөлген
Қарақалпақ губернесі	20 процент бөлген

Қостанай округінен басқасында 35 процентке жетіп отырған жоқ. Әрине, бұдан былай да ағарту жұмысына жергілікті бюджеттен берілетін соманың санын арттыруға тырысамыз ғой. Бірақ, өзіміздің кедейлігімізге, басқа істейтін жұмыстарымыздың көптігіне қарағанда осы проценттің өзі де едәуір.

Бастауыш мектептер туралы

Ауылдық мектептеріміз не күйде? Ауылдық мектептеріміз мұғалім мен оқытушылар ғана, шынына келгенде мектептің алдымен үйі болуы керек. Сосын оқушысы, содан кейін мұғалімі. Бізде мұның ең керектісі жоқ. Ауылдық мектеп оқушыларының оқитын орны жоқ. Ауылдық мектепті бұл жерде суреттеп жатудың қажеті де жоқ қой деймін, өйткені газеттің қай нөмірін алып қарасаң да, мектебіміз бұзау, қозымен бірге тұр, балалар қара жерге отырады, терезе орнына тесік, шыны орнына қарын жапсырылған деген секілді тілшілер хатын кездестіруге болады. Тілшілердің айтқанын қайта айтудың жөні жоқ. Оны өздерің де білесіңдер, тіпті, менен артық та білесіңдер. Олай болса, бұдан былай халық ағарту жұмысын дұрыс жолға қоямыз дегенде біздің бірінші ынта салатынымыз – мектеп үйін әзірлеу болу керек.

Біздің үкіметіміз бұл туралы кейбір шаралар қолданып отыр. Қазақстан Орталық атқару комитетінің соңғы сессиясында Қазақстан халық комиссарлары кеңесі жанынан мектеп салу жұмысын басқаратын әдейі комиссия ұйыстыруға қаулы шығарды. Мұның үстіне оқытушылардың, мұғалімдердің міндеті: әлеумет пікірін осы мәселеге аудару, ел күшін, ел қаржысын жиыстырып, мектеп үйін салмай оқу жұмысын ілгері бастыруға болмайтындығын елге айтып түсіндіру.

Сіздердің үстеріңізге, оқытушылар, өте жауапты, жемісті жұмыс артылып отыр. Сіздер болып, біз болып бірігіп отырып, ақырындап болса да осы міндетті атқаруымыз, ақырында барып бастауыш мектептерімізге үй тауып береміз деп сенемін.

Орыс поселкесінде де осы күй бар деуге болады. Бірақ онда тәуірлеу. Орыс поселкесінде мектептердің 30 процентінің үйі бар, 70 процентіне үй керек. Алайда мен сіздердің назарларыңызды қазақ аулына аударғым келеді. Өйткені қазақ мектептері таза үйсіз. Орыс поселкелері туралы біз ескі патшаның қалдырған мирасы жайында айтсақ, қазақ аулында ол да жоқ. Орыс поселкелерінде бұрынғы арақ сататын үйлер мектепке жаратылса (ол да пайдаға асқан), қазақ аулында арақ сататын үй де болмаған.

Бастауыш мектептердің керегін түгендеу

Мектептердің керегін түгендеу жұмысына келсек, бұл да көңілдегідей емес. Бұл туралы оқытушылар менің баяндамама қарай шығып сөйлесе керек. Олардың не айтатынын мен сезіп отырмын: «Бұл туралы істелген ешнәрсе де жоқ» дейді ғой. Мен мұнысына қосылам. Біздің бұл туралы сөйлесетініміз – қайткенде сол мектептердің керегін қалай тауып бере аламыз – міне, осы болуы керек. Бізде парта, жазу жазатын қара тақтай да жоқ. Қара тақтай болмаса оқушылар отырған күйі тізесіне қойып жазу жазса, денесі қалай дұрыс өспекші? 100 шақты оқитын баласы бар бір мектептің мен баяндамасын көрдім: парта жоқтықтан оқушылардың 80 процентінің белі бүкірейе бастады дейді. Меніңше, мектептің шаруашылық-оқу жұмысына белгілі сома шығару мәселесін алдымен қолға алуға керек болады.

Осы күні ауылдық, поселкелік мектептердің шаруашылық шығыны 8-ақ процент. Мектепті нағыз мектеп қылу үшін шаруашылық-оқу жұмысының шығыны еңбекақыдан артық болуы керек. Біз қазірде бір адамға 7 сом 7 тиын шығын шығарып отырмыз – бұл қазақ аулында. Орыс поселкелерінде бұдан тәуірірек. Онда 16 сомнан келеді. Бұл да аз, өйткені Ресейдің орталық губернелерінде 20 сомға жеткен.

Жасыруға болмайды, біз бұрынғы орыс-қазақ школынан да кейінге қалып отырмыз, олар 1911 жылы бір адамға 17 сом 65 тиыннан шығын шығарған. Бұл біздің шығарып отырғанымыздан екі жарым есе артық. Олай болса, бұған күшті салу керек. Жергілікті ағарту қызметкерлері, әсіресе, оқытушылар бюджет қаралғанда осы жағына аса зейін салуы керек.

Оқу құралдары және тіл туралы

Жоғарғымен байланыстыра мен оқу құралдарына да қағылып өтпекшімін. Бұл мәселе қазақ мектептерінде өте нашар күйде. Біздің өткендегі тарихымыз бұлдыр боларлық ешнәрсе қалдырмақ түгіл, қазіргіге сабақ боларлық та ешнәрсе бере алмаған.

Сонымен оқу құралдарын біз төңкерістен бері ғана шығара бастадық. Оның үстіне 1913 жылға шейін қазақтың өзіне арналған қаріп болмады, біз араб емлесін пайдаландық. 1915 жылға шейін қазақша тіл құралдары болмады. 1913 жылға шейін қазақтың баспасөзі де болған жоқ. Қазақ арасындағы молдалар ақсақалдарға әулиелердің өмірін суреттеген «Зарқұм», «Кербала» секілді араб ертегілерін айтып ұйытты, бұл кітаптарды Қазандағы бір татар көпесі бастырып шығарушы еді.

Бізге қазірде бәрін де жаңадан шығаруға тура келіп отыр. Бұл жолда бізге кездесіп отырған қиыншылықтар көп. Бірінші – оқу құралдарын жазатын адамдардың бізде саны шағын. Ылғи оқу кітаптарын жазуға ғана жалғыз Байтұрсынұлы. Басқа адамымыз жоқ. Біз бұл жұмысты басқа істен қолдың босануына қаратып келдік. Бірақ оқу кітабын жазу деген жеңіл жұмыс емес. Мұны өлең сықылдандырып жаза салуға болмайды. Әрине, өлең жазу да оңай емес қой, бірақ ақын адам онша қиналмай-ақ жаза салса керек. Кейде ақын еместердің өлең жаза салатын әдеті де бізде бар. Оқу

кітаптарын жазу үшін құр хат танитын болу жетпейді, жазушы оқыту ғылымына жетік болуы керек. Балалардың психологиясын білу керек, жалпы алғанда оқымысты адам болу керек. Әйтпегенде пайда орнына зиян шығаруы мүмкін. Адамды бұзып бітіргеннен де, оған ешнәрсені оқытпағанның өзі артық. Егер дұрыс оқытамыз десек, оған жақсы кітап керек. Жақсы кітаптарды жазу үшін адамның білімді болуы шарт.

Мен ағарту мекемесінің бастығы болғандығымнан осы күнгі қызметкерлеріміздің ісінен зарланбай амалым жоқ. Қолынан іс келетіндер «маңызды» жұмыстарға бір шығып кетсе, қызметкерге ділгерліктің күштілігінен жастар да тиісті білімді алмай жатып жұмысқа жегіліп кетеді. Оқу кітаптарын жазудың бір жерде комиссар болып отырудан кем емес екендігін білетін адам бізде сирек. Біз бұған күшті салуымыз керек. Әсіресе, оқытушылар кірісуі керек. Біз алдымен оқытушыларға көз тігеміз.

Сендердің араларыңнан оқу жұмысына жетік адамдар шығып, оқу кітаптарын жазуға кірісуі тиіс. Мұны істеу үшін оқу кітаптарын қолға алып зерттеп, іс жүзінде сынауларың керек, жалғыз оқу жағынан ғана емес, жалпы маңыз жағынан да кітаптың қалай екендігін ашу керек. Өйткені бұл жағы көңілдегідей емес. Біздің оқытушыларымыздың алдында тұрған ұлы жұмыстың бірі – қазақ мектептерінде ұлттық-оқу кітапханаларының негізін құру. Бұл жұмысты біз әліміз келгенше істеп келеміз, мұны біз күшейтуіміз керек. Күшейткенде алдымен оқытушылардың күшімен күшейтуіміз керек.

Орыс мектептерінде бұл мәселе нашар емес. Әрине, Қазақстан жағдайын еске алғанда мұнда да істейтін істер көп. Бәріңіз де білсеңіздер керек, қазіргі оқытудың негізі – елдің шаруашылығы, сол жердің тұрмысы. Комплекс әдісімен оқытудың негізі – аймақтану мәселесіне тіреледі. Олай болса біз кітапты Қазақстан үшін ғана емес, әр губерненің өзіне арнап жазуымыз керек. Сондықтан орыс оқытушыларының міндеті – Мәскеудің жіберген кітабын ғана оқытып қана қанағат қылмай, өздері де жазуға кірісіп, кеңесті Қазақстан еліне көзін салып, қарауы керек. Біздің кеңестер одағынан өзгешелігіміз қазақ болғандығымыз ғана емес, орыс болсын, қазақ болсын – жалпы Қазақстан болып біріккенде кейбір өзгешелігіміз бар. Сондықтан да

бірнеше ұлт қосылып бір республика болып отырмыз. Осы өзгешелігімізді анықтап, жұмысымызды осыған дәлдеп келтіру жөнінде орыс оқытушыларының алдында ірі жұмыстар тұр.

Оқу құралдары туралы сөзіміздің аяғында айтатыным: қазақ мектептері туралы: бастауыш мектептерге оқу құралдарды әзірлеу жағындамыз, ал орта мектептер мен жоғарғы мектептер туралы жоспарымызды тым кеңейтіп жібермейміз, өйткені – бұл мектептерге керекті кітаптарды әзірлейтін адамымыз жоқ. Оның үстіне оқытушыларымыз да жеткіліксіз, орта дәрежелі мектептеріміз осы күнге шейін орысша оқытумен келеді. Кейбір жолдастар бұдан өзінше мағына шығарып, біздің саясатымызды бұрынғы миссионерлер саясатымен бір дегісі келеді. Мен бұған қосылмаймын. Миссионерлер шқолының негізі жалғыз орысша оқыту ғана емес (бұл миссионерлер школы туралы ғой), сол алған білімін кімнің пайдасына жұмсауда. Біз мектебіміздің жұмысын еңбекшілерге жегізбекпіз. Олай болса техникумдардан оқып шыққандар орысшалап кетеді деуге қауіп жоқ. Жас агрономдарымыз, дәрігерлеріміз, басқа мамандарымыз артық тіл білсе, аз да болса білімі артылса, бұдан келер оларға зиян жоқ.

Орта мектептер, жоғарғы дәрежелі білім ордалары әзіріне орыс тілінде оқыту керек деп қаймықпай айта аламыз. Бұған істейтініміз – қазақтың бастауыш мектептері мен орта дәрежелі мектептердің арасын байланыстыру керек дейміз. Біздің мұғалімдеріміз орысша жетіліп, мектептердің соңғы кластарында орысша оқыта алардық болулары керек.

Бір сыпыра жолдастар маған қағаз жазды. Менің болжауым теріске кетпеген екен. Олар жазған қағазында былай дейді: «Мектептерге орыс тілін кіргізу – ескі саясатқа, миссионерлер саясатына қайталау емес пе?» Бұл туралы айтатынымыз – біз мектептерге орыс тілін кіргізуге ұсынсақ, патша үкіметі секілді сол орыс тілін жақсы көргендіктен емес, біздің басқа шарамыз болмай отыр. Орта дәрежелі мектептеріміз түгіл бірінші басқыш мектептеріміз де оқу құралдары жағынан қамсыздана алмай отырғанын сіздер білсеңіздер керек. Олай болса, орта дәрежелі мектептерге қазақ тілінде дайындалған кітап жоқ болса оқытушы мұғалім жоқ болса, не қылмақшымыз? Ауылдық мектепте тымырайып отыра

бермекшіміз бе? Меніңше, есі бар қазақ, әсіресе, мұғалімдер мұны айтпаса керек.

Біз орыс тілімен мәңгі оқыта беру керек деп айтпаймыз. Мүмкіндігі бар жерінде қазақшасы керек. Қызылордада қазақ институты бар. Мұндағы оқытушылар – орта дәрежелі мектептерде оқыта алады деген қазақ оқытушылары. Оқытуы әдемі. Бірақ осы институт сықылдандырып әр қаладан да аша беруге оқытушыларды таба алмаймыз ғой.

Сондықтан ешбір мүмкіндік болмаған соң орта дәрежелі мектептерге біз орыс тілін кіргізіп отырмыз. Өне-бойы осы бойымызбен кете береміз деп айтпаймыз. Ақырындап отырып орта дәрежелі мектептерге оқу құралдарын әзірлей бермекшіміз. Мәдени күштеріміз көбейген сайын кітап санын да өсіре бермекшіміз.

Бұл жерде бір мысал көрсетіп өтейін, жапон елінің оқу тарихымен қаншалық таныстықтарыңыз барын мен білмеймін. Әйтсе де олардың құлдық тұрмыстан мәдениетке қалай өрлегенін айтып өткім келеді. 1856 жылы жапон елі біздің қарақалпақ секілді ел еді. 50 жылдың ішінде мәдениетті ел болды. Жапон елі осынша тез өркендегенде өз тілімен өркендеген жоқ. Білімді ағылшын тілімен бастап еді.

Олардың орта дәрежелі оқу мектептері 19-ғасырдың аяғына шейін ағылшын тілінде болып келді. Университеттерінің жапон тіліне көшкені жақын арада ғана. Кейбір университеттерінде профессорлар осы күнге шейін ағылшын тілінде сабақ береді.

Білім кітаптары осы күнге шейін көбіне ағылшын тілінде басылады. Санақ жұмысы да ағылшын тілінде. Міне, бұл жапон елінің шет тілден қанша пайдаланғандығын ашып көрсетеді.

Біздің Қазақстанда, меніңше, әрбір қазақ орысша білу керек те, орыс қазақша білуі керек. Мұндай күй болса, өте жақсы болар еді. Шынында бұған екінші көзбен қарауға болмайды, өйткені кеңес мектептері тар ұлтшылдықтан аулақ қой.

Латын қарпі туралы

Латын мәселесіне көшейін. Бір сыпыра жолдастар біздің Қазақстан латын қарпін қашан алады деп сұрады. Қазақстан үкіметі латын қарпі туралы әлі арнап

декрет шығара қойған жоқ. Сондықтан мен ашып жауап бере алмаймын. Бізде латын қарпі алына ма, әлде түзетілген араб қарпі қолданыла бере ме, ол әлі шешілмеген мәселе. Мен тек бұл туралы әзірлік жұмыстардың болып жатқанын ғана айта алам. Біз қазірде баспасөз бетінде де, жай жиылыстарда да осы туралы айтыс ашып отырмыз. Білімге тірелген жағы ағарту комиссариатында қолға алынып, анықтау үшін түрлі шаралар қолданылып жатыр. Ауыл жайын өздеріңіз де білесіздер. Қаріп өзгерту, оңнан солға қарай жазудың орнына солдан оңға қарай жазу секілді өзгерістер кіргізерде әбден ойланып, сақтықпен ғана кіріспесе болмайды. Кейбір республикалар араб қарпі туралы бетін ашты, мәселен Әзербайжан, Өзбекстанда латын қарпін алу туралы үкімет декрет шығарып отыр. Бірақ әлде болса да мәселе талқыда көрінеді. Жергілікті мұғалім-оқытушылар бұл мәселені шешуге ат салысулары керек. Кейбір тәжірибе үшін латын қарпімен оқытып көруге де болады. Латын мәселесі туралы азырақ әдебиет те болып қалды: басылып шыққан бірнеше кітаптар, газеттегі мақалалар бар. Жақын арада ағарту комиссариаты «Еңбекші қазақ» басқармасымен бірігіп, латын қарпі туралы айтыс мақалаларды басып шығармақшы. Латын туралы менің айтып өтетінім осылар.

Балалар әдебиеті

Балалар әдебиеті туралы сөйлеп өтейін. Мұғалімдердің маған жазып сұрағандарына қарағанда орындарда балалар әдебиетіне ділгерлік күшті көрінеді. Бірақ шынына келсек, балалар әдебиеті түгіл бізде керекті оқу құралдары да жеткіліксіз ғой. Әйтсе де балалар әдебиетін де ұмытып отырғанымыз жоқ, ондайымұндай әзірлеп жатқанымыз бар. Биыл балалар туралы жазылған сөздерді жинап, «Жаңа мектеп» журналына қосымша қылып бастырып мұғалімдерге жібергеміз.

Бұдан былай балалар әдебиетін өркендеткенде бір жағынан пионерлер жұмысына, екінші жағынан Денсаулық комиссариаты арқылы ананың-баланың саулығын сақтау жұмысымен байланыстыра жүргізу керек. Балалар ертегісі, денсаулық, тазалық жағынан жазылған әңгімелер өте керекті-ақ.

Бастауыш мектептің түрі

Бастауыш мектебіміздің 4 жылдық екенін бәріңіз де білесіздер. Мектепте 4 жыл оқыған балалар керегінше хат танып, шаруаны мәдени түрге салып жүргізуге жарайтын болып шығуы керек. Осы көздеген мақсұт осы күні орнына келіп жүр ме? Орнына келіп жүрген жоқ. Ауылдардағы мектептердің 50 проценті бір жылдық, 30 проценті 2 жылдық, 5 проценті ғана 4 жылдық.

Бір жылдық мектептің қандай екендігін кейін айтамын. Меніңше бір жылдық мектептер сауатсыздықты жою екенінде талас жоқ. Олай болса ауылдық мектептердің түрін дұрыстау жұмысына оқытушылардың кірісуі керек. Әйтпесе жұмыста жеміс шамалы болмақшы.

Бастауыш мектептерде жұмыстың көңілдегідей болмағандығы көзге де көрініп отыр. Күздігүні қалалардың көшесіндегі жүздеп, мыңдап жүрген балаларды байқағандар көрген шығар. Олар не іздеп жүр? Олар техникумге, университетке кіргіз демейді, «жай ғана мектепке кіргіз» дейді. Бұл бір жылдық мектептен шыққан жастардың білімін толықтыратын орын таба алмағандықтан қалаға шұбырғандығын көрсетеді. Бұл күйді өзгерту керек. Мұны өзгерту үшін бастауыш мектептерді дұрыстау керек.

Бұл туралы не істеуіміз керек?

Бірінші – бастауыш мектептеріміз төрт жылдық болуы керек.

Екінші – жылдық мөлшерлі күнді түгел оқыту керек.

Үшінші – жұмыстың түрін дұрыстау керек.

Ауылдарда жылы 170 күн оқыту керек еді, бізде мұның орнына 95 күн оқытады. Шала көшпелі аудандарда 110 күн, отырықшы елдерде 130 күн. Бұған қарағанда көшпелі аудандардағы бір жылдық мектебіміз үш айлық мектеп болады да шығады.

Жолдастардың көбі ауылдық мектептер бес жылдық болсын деген тілегін білдіріп отыр. Бұған негізінде қарсылығымыз жоқ. Бірақ осыны тұрмысқа асыру жөнінде бізге ауыр жағдайлар кездеседі. Өздеріңіз де білесіздер, бастауыш мектептеріміздің 50 проценті бір жылдық. Мұның себебі не? Себебі мұғалімдердің білімінің төмендігі, мектеп үйлерінің жоқтығы. Мектептерімізді бес жылдық қылсақ, оған ең кемінде 100 адам оқу керек.

Оған үйді қайдан таппақшымыз? Ондай үй қазақ аулында жоқ. Олай болса бұл мәселені кеңесу ретінде сөйлеспесек, іс жүзінде асырамыз деуге мүмкіндік жоқ. Бірақ байқап қарау үшін мұндай мектептерді елдің жиын жерлерінде, уйез қол астына біреу деп ия еңеу деп ашып көруге болады, істеп көруге болады. Істеп көргеніміз де бар. Осында бір жолдас үлгілі мектептер туралы айтып өтуімді сұрады. Бес жылдық мектептерді, дұрысын айтқанда жеті жылдық мектептерді ел ортасы болған жерлерде ашу керек. Оны қаражат жағынан болсын, оқу құралдары, ысылған оқытушылармен қамсыздандыруға күш салу керек. Егер саны аз болса да осындай мектептерді аша алсақ, техникум оқушыларын тапқан болар едік. Бұл бастауыш мектептер мен орта дәрежелі мектептердің арасында байланыс жасауға себепкер болар еді. Жергілікті қызметкерлердің бұл жөндегі жұмысын мен құттықтаймын.

Мұғалім, учительдер туралы

Кезекте тұрған мәселенің бірі – мұғалімдердің білімін арттыру, санын өсіру. Төрт жылдық мектептерге екі мұғалімнен беруіміз керек. Мүмкіндігіне қарай мұны істемекшіміз: оның үстіне мұғалімдер шын оқытушы болуы керек. Кейде мұғалімдердің білімі төрт жылдық мектеп курсынан аспайтын күйде ұшырайды. Ондайлардың бар білгені мектептің 2–3 жылында бітіп шығады. Әрине, бұл жақсы күй емес. Оқытушылар ең аз дегенде шәкірттерінен екі есе артық білуі керек. Біздің Қарақалпақ, Адай секілді елдерімізде курске келген мұғалімдердің жалынжа алғанда қолды зорға қоятындары болған. Мен мұнымен Қазақстан оқытушыларының бәрін кіналайын демеймін, менің ойым оқытушылардың тәуірлері нашарларына жәрдемдессе екен. Осы мәселені баспасөз бетінде түсіндіріп, іс жүзінде де қолға алып, оқытушылардың білімін толықтыру жұмысына көпшіліктің назарын аударса екен деймін.

Серуен

Мұғалімдер серуенге шыға ала ма деп сұраушылар болды. Біздің қаржымыз жеткілікті болса, демалыс уақытында мұғалімге серуенге шыққаннан әдемісі жоқ. Бірақ біз мұғалімдердің білімін толықтыру жұмысын

алға қойып отырмыз ғой. Қазақ мұғалімдерінің серуенге қолы тие бермес. Орыс оқытушылары серуенге шығарылады, өйткені оқытушылардың көзқарасын кеңейту үшін бұл бірінші әдіс.

Оқушылар туралы

Ауылдық мектептерге көз салғанда оның кімді оқытып отырғанын бақылау керек. Әлеумет жұмысына араласу жөнінде оқытушылардың алдында ірі мәселелердің тұрғанын біз өткен баяндамадан байқадық. Сол ірі мәселелердің бастысы ауыл байына қарсы тұру, олай болса, оқытушылар алдымен мектептерін еңбек мектебі қылуы керек. Мектепке бай мен кедей қатар келсе, алдымен кедейді алу керек. Бұл – негізгі жол. Қолдағы есепке қарағанда бұл жағы жаман емес, бастауыш мектептерде кедейлер 50 проценттен асады. Бірақ бұған қарай жұмысымыздың бәрі тап-тұйнақтай деуге болмайды.

Жоғары дәрежелі мектептерді, техникумдарды алсақ, бұлардағы жұмыс көңілдегідей емес, өйткені оларға көбіне бай балалары, әлі келетін балалар кіріп жүр. Кедей балалары күші жоқтықтан елінен шыға алмай қалып отыр. Оның үстіне мектебі бар ауданда мектебі бар ауылдың ғана балалары оқымайды, көрші елдерден де келіп оқиды. Кедейлердің тамыр-танысы аз келеді ғой. Таныстарының жоқтығынан ғана, балалары жатып оқитын орын болмағандықтан кедей балалары қаға берісте қала бермекші.

Біз мұғалімдерді ауылдағы басты азаматтар десек, осыны көбіне ауыл мұғалімдері туралы айтамыз. Олай болса, ауыл мұғалімдері оқушыларды зерттеп, қарап алуға зер салу керек.

Пионер, комсомол туралы

Бұл жерде бір тоқталып өтетін мәселе – мектептерде пионер, комсомолдар ұйымын ашу туралы.

Бізде, бұл жөнде, екі түрлі көңілсіз іс бар. Оның бірі – пионер, комсомолдардың ұйымына оқытушылар жоғарыдан қарайды. Бала ғой, жас қой, бұларға не керек дейді. Мұғалімдердің ішінде бұлай жоғарыдан қараушылық жоқ емес, бар. Екінші жағынан пионер, комсомол ұйымдарының өз міндеттерін білмегендерін айтып өтпей болмайды.

Мысал үшін мен қолыма түскен бір материалды айтайын. Орыс поселкелерінің бірінде түнгі сағат 1–2-лер шамасында комсомолдар өздерін оқытатын әйелге келіп, қазір тұрып киініп, театрға жүріп ойнайсың дейді. Комсомолдардың оқытушыларына мұны істегені рас болса, мақтауға болмайды. Меніңше, осы екі түрлі көңілсіздікті талқыға салып шешу керек. Бұл біздің жолымыз, біздің саясатымыз емес. Оқытушылар комсомол-пионер ұйымдарымен дұрыстап байланысын жасап, қатынасуы керек.

Мектеп тәртібін алайық. Бұрынғы кезде бұған жай ғана қараушы еді. Балаларға жаза беретін оқытушылар балаларды отырғызып қоятын, тамақсыз ашықтыратын, ұратын... Қазірде мұның бәрі жойылып отыр. Оқытушылар тәрбие жұмысын, әсіресе, мектепте тәртіп орнату жұмысын пионер-комсомол ұйымдары арқылы жүргізуі керек. Оқушылар сабағын дұрыс білмесе, оған жаза беруші өздерінің пионер-комсомолдық ұйымы болсын. Жастардың арасындағы былапыттықты, бейбастақтықты осы ұйымдар бақылай отырып, соған жауапкер болсын. Міне, осы жолмен тәрбиелей бастау керек. Бұл туралы комсомолдар мен оқытушылардың саналары бірігер деп ойлаймын. Сөз арасында сіздерге бір айтып кететінім мектептегі істеліп жатқан жұмыстар туралы комсомолдардың өлкелік комитетінің пленумына ағарту комиссариаты баяндама істеді. Баяндамада мектепте тәртіп орнату жөнінде комсомолдардың қандай міндеті бары суреттелді. Оқытушылардың, комсомолдардың міндеті осыны іске асыру.

Мектепке әйел балалар көбірек алынсын

Қоғам өмірінде, жеке шаруашылықта әйелдердің қызметі аз емес. Орыс мектептерінде жаман-жақсы болса да, бұл туралы істелген іс бар, оқушылардың 37 проценті қыздар. Ал қазақ мектептеріне келсек, өте аз – қыздар 11-ақ процент. Басқа шығыс ұлттарында – өзбек, тараншыларда бұдан да төмен, өзбек мектептерінде әйел балалар 7 процент, дұнғандарда бір процентке жетпейді.

Бұл жөнде, әсіресе, қазақ арасында көп жұмыстар істеуге тура келеді. Ескіліктің әйелге көзқарасын таза жоюға күш салу керек.

Әлі күнге есімізде – бұрын ел оқытушы мен молданы бір санайтын. Жабайы қазақтар әйелдердің

(«қатындардың») бала оқытуын мүмкін деп ойламайтын. Осындай көзқарасты таза бітіру керек. Әсіресе бұған оқытушылар күш салуы керек. Қазақ оқытушыларының арасында әйелден оқытушы жоқ, оқытушы болуға әйелдің құдіретінен келмейді емес, қайта ауырлығы жоқ, оқытушылық әйелдерге сай қызмет. Мысалға Америка елін алсақ, ондағы оқытушылардың 90 проценті әйелдер, өйткені оқытушылықтың еңбек ақысы аз болған соң еркектер басқа жұмысқа шығып кеткенде, оқытушылық жұмыс әйелдерге қала берген.

Оқыту жұмысына әйелдердің де тең хұқықты болып кірісуі керек. Бұл – нағыз жемісті жұмыс. Менен бұрын баяндама істегендер ұлы ұстазымыз Ленин жолдастың социалдық мемлекеттің оқытушылары ешбір капиталшы мемлекеттің оқытушыларының қолы жетпеген күйге жеткізілуі керек деген сөзін айтып өтті. Бұл Лениннің таптырмайтын сөзінің бірі. Мұны тұрмысқа асыруымыз ғана керек.

Тағы да мұғалім, оқытушылар туралы

20-шы жылмен салыстырғанда тұрмыстарымыздың ілгерілегенін қайсыңыз болса да теріс демессіздер, бұл жөнде өкімет қолынан келгенше жәрдем беріп жатыр. Бірақ оқытушылардың ділгері мен еңбек ақысын салыстырғанда өте аз. Басқа қызметкерлермен салыстырсақ (қаладағы көшірлер де оқытушылардан көп алады) – ауылдық қызметкерлер мен ауылдық кеңес ағасы, милиция бастығымен салыстырсақ, еңбек ақыны кем алатын оқытушы.

Бір жағынан қарағанда бұлардың алатыны оқытушылармен бірдей секілді де көрінеді. Бірақ зерттеп қарасақ олай емес. Ауылдық болыстық кеңес ағаларының ел кезетін әдеті бар. Жүрген жерінен қой сойдырып жеуді біз тисақ та қайтерсің, олар қоймайды. Етсіз жүре алмайды.

Мұғалімдер мұны істей алмайды. Өзінің қызмет қылатын жеріне лау тауып міниП барса сол-ақ. Мұғалімдер тапқанымен тамағын асырайды, бала-шағасын тойындырады, оларды киіндіреді. Оның үстіне газет-журнал алдырып оқуы керек. Бұл жерде біз саудаласқан секілдендіріп, сендер істе десеңдер, мен істемеймін десем, текке уақыт алдырған болар едік.

Өйткені өкімет әлінен келгенше еңбек ақыны өсіріп отыр. Мұны оқытушылар есіне алып, түсінуі керек. Бұдан былайғы қолға алатынымыз оқытушылардың еңбек ақысын уақыттарында бергізу, пәтер, отын жағынан қамсыздандыру секілді жұмыстар болу керек. Екінші жағынан оқытушылардың хұқығын толықтыру керек. Әлі күнге шейін оқытушыларға молда деп, жалданып жүрген адам деп қараушылар жоқ емес. Қит етсе, көңіліне жақпаса үстінен өсек-шағым жүргізіп, оқу кезінде жұмыстан шығарудан да тайынбайды. Бұл күй елде бар. Біз бұған ынтаны салмақшымыз, тұрмыстарыңызды түзеуге тырыспақшымыз.

Жоғарғы, орта дәрежелі білім туралы

Енді жоғарғы, орта дәрежелі білім жайына келейін. Бұл жөнде бастауыш мектептер мен техникумдардың арасында қазақ елінде коммуна мектебі, орыс поселкелерінде шаруа жастарының мектебі бар. Бұл мектептер жақсы хат танығаң, шаруашылығын мәдени жолмен алып жүре алатын адамдар әзірлеп шығармақ. Біз мал шаруашылығын жаңа түрге салып гүлдендіретін адамдарды әзірлеуіміз керек. Өткен баяндаманың айтыс сөзінде бір жолдас шаруашылық туралы үгіт жүргізушілер жайында айтты. Онысы дұрыс. Біздің шаруашылығымыз сондай адамдарды күтіп отыр. Түптің түбінде біздің шаруашылығымыздың бәрі де сондай болып шығуы керек. Социалдық құрылыс кезінде шаруалар ең болмағанда коммуна мектебін бітіріп шығуы керек. Бірақ әзіріне мұны істеуге мүмкіндік шамалы. Коммунар мектебі бізде 40. Осы 40 мектеп әр ауданның өзгешелігіне қарай икемделіп, жұмысын жасай алмай отыр. Шаруа жастарының школы да осымен қатар. Бұл мектептер бастауыш мектептердің нашарлығынан, екінші басқыш (7 жылдық, 9 жылдық) мектептердің аздығынан, техникумдарға оқушылар әзірлеудің соңында жүр.

Фабрик-зауыт оқытуының да Қазақстанда маңызы аз емес. Бұл кесіп өндірісімен байланысты. Фабрик-зауыт мектебі, әсіресе, осы күні керекті.

Осы күнгі біздің алдымызда тұрған мәселенің бірі – Кеңестер Одағын машиналандыру болса, Қазақстанды алсақ – осы ұран Қазақстанға арналып айтылған секілді.

Біздің жерден шығатын кеніміз ұшан-теңіз, осыны іске асыратын бізге қызметкерлер керек. Керекті қызметкерлерді жай мектептер арқылы әзірлейміз десек, көп уақыт өтеді. Фабрик-зауыт мектебін алсақ, ол бізге маман жұмыскерлер шығарып береді. Біз қазір Жетісу жолын салып жатырмыз. Осыған керекті қара жұмыскерлерге қазақ кедейлерінің алынуы керек. Мұны істесек біз екі түрлі мәселені шешеміз. Біріншi жағынан қазақ кедейлерін өндіріс жұмысына үйрілтіп, өндіріс жалшыларының санын өсіреміз, екінші жағынан кедейлерді ауылдағы байдың тегеурінінен құтқарамыз. Кедейлердің не бар мұңын түгендеу мәселесі – ұзақ мәселе. Әзіріне кедейлерге ауыл шаруашылығы жөнінен жәрдем бергеннің үстіне, кесіп өндірісіне толық араластыру керек. Мұнсыз біз өндіріс мәселесін аяққа бастыра алмаймыз, кедейлердің мәселесін шала шешкен боламыз.

Ауылдағы басшы азаматтардан саналатын, ауыл кедейлерінің арасындағы мәдени күш болып жүрген оқытушылар бұл жұмысты жарыққа шығаруда кеңес өкіметіне жәрдемдесуі керек. Фабрик-зауыт оқуының маңызының күштілігін, міне, осыдан білсеңіздер керек.

Кесіп өндірісін машиналандыру мәселесі ішкі Ресейге қарағанда Қазақстанда өзгеше. Ішкі Ресейде машиналандыру мәселесі төгілгенді толтыру дәуірінен өтіп, толған үстіне толтыру дәуірінде тұр. Оларда бұрыннан негіз бар, соған құрып, енді ілгері жіберіп отыр. Бізде өндіріс кесібін жаңадан туғызуға тура келеді. Бұл жаңа жұмыс, оның үстіне бізде инженер-техник жоқ. Жоқ дейтін себебім – бар болғанмен саны аз, ділгерімізге жетпейді. Біз алдымен қазақтардан осындай мамандарды әзірлеп алуымыз керек. Біздің саясатымыз осы. Мен бұған, әсіресе, өндіріс аудандарындағы оқытушылардың назарын аударам.

Техникумдар туралы

Енді техникумдар туралы айтпақшымын. Қазақстанда қазірде 30 техникумымыз бар. Бірақ ділгерімізге қарағанда бұл дария қасында тамшы есебінде. Мен жоғарыда қазақ балаларының 8–12 проценті оқып жүр деп едім. Бұл жерде бір еске алатын нәрсе – біз бұрын Қазақстан елінде 5 миллион 600 мың халық бар деп есептейтінбіз. Санақ жұмысының қорытынды санына

қарағанда бізде 6 миллион 800 мың халық бар екен. Осы күнге дейін бір миллионнан артық адамымызды «жоғалтып» жүріппіз. Оқу балаларының саны ескіше. Олай болса, жоғарғы процент тағы азаяды.

Мектеп жасындағы балаларды тегіс оқыту үшін осы күнгі оқытушылардың санын әлденеше рет көбейту керек. Қазірде оқытушылар 4 мың шамалы болса, олардың санын бірнеше ондаған мыңға жеткізу керек. Бұл бастауыш мектептер үшін ғана. Бұларды әзірлейтін техникумдар да керек. Оқытушыларды әзірлейтін бізде 14 техникум, бірнеше институт бар. Жылына бұлар 30 адамнан шығарғанда да бір жылда әлденеше жүз оқытушыларды шығарады. Оқытушылар әзірлейтін техникумдардың санын біз әлденеше рет көбейтуіміз керек. Ауыл шаруашылық техникумы бізде 8. Оның екеуі аға қызметкерлерін, біреуі мал тұқымын асылдандыру қызметкерлерін әзірлейтін техникумдар. Бұл теңіз қасындағы тамшы есебінде. Қазақстандағы мал шаруашылығы мәселесі – жалпы кеңес одағындық мәселе.

Жалпы Одақтағы мата тоқитын фабриктер 30 процент жүнді Қазақстаннан алады. Біздің қойларымыз жүн жағынан шеттен әкелмейтін қылып, мата тоқитын фабриктердің керегін тауып беріп тұруы керек.

Бұдан былай, жолдастар, ауыл шаруашылығының саласын асылдандыратын орын ашуымыз керек. Америка астығы орыс мұжығының астығымен қосылып күнбатыс европаны ауыз-мұрнынан шығарып толтырады. Біздің Қазақстан шет елдің базарына түсемін десе, етімен түсуі керек. Өз еті емес, малының етімен түсуі керек (отырғандар күледі). Мұны істеймін дегенде мал шаруашылығын өркендетуге тура келеді. Оның үшін жақсы қызметкерлер керек. Біздің жер-су комиссариатының мағлұматына қарағанда, жылында малымыздың 2 процентін қасқыр жеп тұрады екен, індеттен үзілетіні одан да көп. Мал дәрігерлері қайда? Олар аз, жоқтың қасы – оларды әзірлеу керек.

Жолдастар, газет оқитындарымыз, әсіресе, қала тұрмысынан таныстарымыз білсеңіздер керек – биылғы жылы Кеңестер Одағы майға ділгерленіп отыр. Жалпы Одақта, оның ішінде Сібірде май зауыттарын салмақшымыз. Осы жұмысты 20 миллион малы бар Қазақстан қолға алмағанда, кім алмақшы? Малдың пұлды болуы керек? Пұлды болуы өнімнен.

Қазақ елі бұл күнге шейін малдың өсімінен пайда қылған жоқ. Малдың өлімінен пайдаланып келеді. Өлген малдың терісін сатып, ақшасына шай-қант алады. Тері деген не? Тері – өлген малдың көзі. Қазақ елі теріні көп сатамыз деп мақтанатын болса, мұның еліктейтін еш жері жоқ. Біз базарға түскенде етімізбен, майымызбен, жүнімізбен, бір жағынан терімізбен түсеміз, бірақ өлген малдың терісімен емес, сатуға деп сойылған малдың терісімен түсуіміз керек. Ауыл шаруашылығының негізгі жолы, міне, осылар болуы керек.

Олай болса, ауыл шаруашылық қызметкерлеріне біз өлердей болып ділгерленіп отырған боламыз. Сол ділгерлігімізді өтейтін, қызметкерлерді әзірлейтін техникумдарымыз 8-ақ.

Денсаулық жұмысы не күйде? Саулық сақтау қызметкерлерін әзірлейтін техникум бізде біреу-ақ. Денсаулық комиссариатының мағлұматына қарағанда екі жасқа шейінгі балаларымыздың 60 проценті өлетін көрінеді.

Ілгергі баяндама естеріңізде бар шығар. Қазақстанның кейбір аудандарын жұқпалы ауру кернеп, тұқымы құрып кетпесе игі еді деген қауіп те тұр. Олай болса, еліміздің бір жағы құрып кету қаупінде тұрса, біздің осы сөздеріміз, ашып жатқан мектептеріміз, әлеуметке арнап істеп жатқан жұмыстарымыз далаға кеткен секілді болмай ма.

Жұқпалы ауруға шалдыққан елдерге тезінен жәрдем беріп, емдеуге күш салуымыз керек. Өкіметіміз бұл туралы бірнеше шаралар қолданып отыр.

Алдымыздағы жалпы Қазақстандық кеңестер съезінде денсаулық комиссариатының баяндамасы тыңдалмақшы. Ел ішіндегі бақсы-балгердің алдауыштығын, емдеймін деп талай адамды өлтіргендігін өздерің де айтып отырсыңдар. Осының бәрі – денсаулық жұмысына ысылған қызметкерлер даярлаудың ділгерлігін алға әкеліп тартады.

Техникумдардың жұмысын дұрыстау керек

Ауылдық мектептерге қарағанда техникумдардың күйінің жақсы екендігіне талас жоқ. Өйткені, бірінші, жаман-жақсы болса да техникумдардың арнаулы үйі бар, екінші жағынан – техникумдар қалада тұрады.

Қалада тұрған соң, оқытушылары тәуір болмақшы. Техникумдардың бір ақсайтын жері – оқушылары сай емес. Бұған бірінші себеп – ауыл мұғалімдерінің оқушыларды әзірлеп бере алмағандығы, екінші себеп – оқытушылардың жүрдім-бардымдығы. Мұнда отырған техникум оқытушыларына айтатынымыз: оқушылардағы бұл қолайсыз күйді таза бітіру керек. Қазақ жастары көбіне бітірмей шығады, өйткені біз қазақ қызметкеріне ділгерміз. Землемер болып шығу үшін 4 жыл керек болса, бітіріп шыққанда алатыны 100 сом екен. Өйтіп 2–3 жыл өмірімді сарп қылғанша дейді де, бір жерге орналасады, жер-су комиссариатына басқарушы болмағанмен, соған орынбасар болып кіруінде сөз жоқ.

Мысал үшін мен сіздерге бір қызық әңгіме айтып өтейін. Былтыр күз, сабақ басталар кезде Алматыдағы мал шаруашылығы техникумының бір студенті маған келіп: «мен өзімнің келешек өмірімнен көп нәрселер күтем. Сондықтан мына мал шаруашылығы техникумынан гөрі тәуірірек орында оқысам екен» деді. Мал шаруашылығы техникумының ұнамау себебі не деп сұрап едім: «Өзіңіз ойлап қараңызшы, мен сияқты сұлу жігітке сиырдың соңынан жүру лайық па?' деді (отырғандар күліседі).

Техникум оқушыларының жайы осындай болса, мұнымен алысқа бара алмаймыз. Мен оған оқып жүрген техникумыңа қайтадан бар дегенімде: «Олай болса, осы айтқаныңызды қағазға жазып беріңіз» деді. Ондағы ойы мені бір жаман нәрсе істеді деп жариялау, ағарту комиссары білікті адам бола тұрып менің мал шаруашылығы техникумында оқуыма себепкер болды деп бір кезде мені ұялту.

Меніңше, оқушылардағы бұл көзқарас – нашар көзқарас. Мұны жоюға күш салуымыз керек. Мекемелерді қазақыландыру жұмысына кіріскенде мұндайды біз елей алмадық. Шала сауаттыларды отырғызсақ та мекемені қазақыландыру керек болды. Бұл ел еңбекшілерінің тілегі еді. Қазірде қазақыландыру жұмысын белгілі бір тәптіпке түсіріп отырмыз. Сондықтан мұндай күйді енді өзгерту керек. Оқып жүрген жастар білімінің бір тарауына маман болуға тырыссын, онсыз біз ешнәрсе істей алмаймыз.

Мұнда сөйлеген жолдастар инспектор құр тексеріп, сан мен мағлұмат жинағанға қанағаттанбасын, іс жүзінде жоба көрсетіп отырсын деді. Бұл – талассыз мәселе. Ағарту комиссариаты да инспекторлардың міндеті, жұмысы туралы сіздердің айтқандарыңызды айтады. Кейбір жерлерде инспекторлардың кемшілігі болатын да шығар, ондайда сіздермен бірігіп отырып дұрыстауға болады ғой деймін.

Инспекторлардың, әсіресе, елдегілерінің білімі төмен. Инспектор жалғыз ұйыстыру жұмысын білуі ғана керек емес, ағарту жұмысының басқа тарауларын да тегіс білуі керек.

Бұндай инспекторларды біз іздеп отырмыз. Әзірлеп шығаруға кірісіп отырмыз. Бірақ әзіріне аздық қылып отыр.

Бір жағынан мұндай инспекторлар оқытушылардан, оқытушылардың ішіндегі бастыларынан шығару мүмкін. Бұл мүмкіндік алдымызда.

Инспекторлардың міндеттері күшті, олардың білімін толықтыру жұмысын қолға алу керек. Бұл – бірінші жағы. Екінші жағынан: ағарту жұмысының басқа қызметкерлеріндей инспекторларға да назар салынбай келді. Инспекторлардың еңбек ақысы жеткіліксіз. Қыстың күні жүздеген, мыңдаған шақырым жер жүріп, ел қыдырған инспекторлардың жылы киімі де жоқ.

Олай болса, инспекторларды іздеумен бірге олардың күйін дұрыстауға да күш салу керек.

Инспекторлардың мәселесімен бірге қолға алынатын жұмыс әдісі. Жұмыс әдісінің қазіргі күнде маңызы күшті. Сабақ берудің жаңа түрі – комплекс түрін алайық. Комплекс түрімен сабақ берудің әдісін біздің әдісшілдеріміз дайындауы керек. Оның үстіне жұмыс әдісі – программа әзірлеу, уақытын бөлу, жоспар даярлаумен бітпейді, сол әдіспен мұғалімдердің оқытылуы керек. Бұл жағынан қарағанда сабақ беру әдісіне мұғалімдеріміздің қанық болуы керек.

Енді сабақ беру әдісінің қай түрін аламыз, қандайы бізге қолайлы деген мәселеге келейін. Қазақстан жағдайында жаңа әдісті іздеу жұмысы ішкі Ресейге қарағанда шабан. Біз жалпы Кеңестер Одағына арналған негізгі қосымшамен қанағаттанамыз. Бұл – негізіміз,

біздің мектебіміз – еңбек мектебі, мектебіміз тұрмыспен, шындықпен байланысты. Мектепте зерттелетін сабақ – табиғат, көзге көрінген заттар, сабақ беру әдісінің негізі осы.

Меніңше, мәселе талассыз болған соң, кеңес мектебінің мақсұты анық болған соң, оқытушылар мұғалімдер мұны зерттеп үлгірту жұмысына шын беріліп кірісуі керек.

Оқытушылар әзірлейтін жоғарғы дәрежелі мектеп

Жоғарғы дәрежелі оқу туралы мен көп тоқталмаймын. Өйткені жоғарғы дәрежелі Ташкенде бір-ақ мектебіміз бар. Жоғарғы дәрежелі мектепті бірінші рет ашқандағы себебіміз толық: бізге оны ашу ділгер. Техникумдарға оқытушылар керек. Техникумдарда қазақтан оқытушылар осы күні, тіпті, аз, оның үстіне бір қызық жері – қазақ оқытушыларының бәрі де әлеуметтану білімінен сабақ беретін көрінеді. Мен мұның себебін техникум директорларынан сұрағанда, олар ондай білімнен сабақ беру үшін мамандық керек емес деді. Есеп, физика оқытудан бұл оңай дегенді айтады. Меніңше, әлеуметтану білімінен сабақ беру қиын болса керек еді. Европаның оқытушылар қазақтан гөрі оны жетігірек білсе керек еді. Тегінде бұл мәселеге техникумдар назарды аз салады-ау деймін. Елеуші болмағандықтан білімі шамалы адамдар да оқыта берсе керек. Әрине, оқытқанда лекциясын «еңбекшілердің пайдасына», байларға қарсы айтады ғой, бірақ соны ашып түсіндіру шамалы. Біз оқыту қалай екен, тап тартысын, ауылда тап жігін ашу мәселелерін қалай түсіндіреді екен деп зерттегенімізде, бірі де болмай шықты. Оның айтатыны жалғыз: «бай жаман, кедей жақсы» деген сияқты екен. (Отырғандар күліседі). Жалпы білімнен сабақ беру жұмысына бұлай қарау өте қолайсыз. Сондай қолайсыз оқытушыларды орнынан алып, есеп, жағрафия секілді белгілі бір білімнен сабақ беретін қылып қойдық, мұның үшін бізді айыптамассыздар деймін.

Біздің бұрынғы оқытушыларымыздың бәрі де тұрмыстың тілеуімен саясаттық қозғалысымыздың бастығы болып кеткен. Бірсыпырасы өліп бітті. Сондықтан ысылған оқытушыларды әзірлеу – Қазақстандағы ең

негізгі мәселе деп қолға алдық. Осы оймен оқытушылар әзірлейтін жоғарғы дәрежелі мектепті ашып отырмыз. Бұдан былай Қазақстанда университет ашу мәселесін қолға алмақшымыз. Оны да жақын арада жүзеге шығарамыз ғой деп сенемін. Жеті миллион халқы бар, 3 миллион квадрат шақырым жері бар Қазақстанға мұндай оқу орны әбден керек.

Осымен бірге қолға алатын бір жұмыс – мәдени-білім күштерін әзірлеу, өзіміздің білімділер шығару, білім жағынан көсем болатын адамдар даярлау. Біздің білім қоғамымыз қазір не күйде? Ол толып жатқан ұғымдармен көміліп қалып отыр. Мысалға екінші басқыш мектептің ия техникумның бір оқытушысын алсақ, ол байғұс әуе кемесі достарына да мүше, МОПР ұйымына да мүше, балалар досы қоғамына да мүше, сауатсыздықты жою қоғамына да мүше. Екінші жағынан Қазақстанды зерттеу қоғамына да мүше. Білім қоғамының маңызын айыра түсінуші болмаса, білім туралы пікір ұлғайып, білім күшінің шығуы қиын. Олай болса, Қазақстан жағдайын шын зерттейтін білім қоғамын ашуымыз керек. Аймақтану мәселесі күнбатыс европаның, оның ішінде біздің кеңестер елінде айрықша орын алып отыр. Бұған Қазақстан да кірісуі керек. Осы күнге шейін біздің Қазақстанның шаруашылық жағрафиясы жоқ. Бұл – балаларға таптырмайтын оқу құралы. Осындай кітаптарды техникум директорлары неге жазбайды екен. Біз білімге сүйеніп, кітап жазуға кірісуіміз керек. Ескі миссионерлерді қанша жек көрсек те, мен солардан үлгі алу керек дер едім. Орыс миссионерлерінің атасы болған Ильминскийді білесіздер ме? Ол қазақ тілін өте әдемі білген, қазақ тілінде суреттеп әңгіме де жазған. Алекторов деген миссионер қазақша өлең де жазған. Ал, бізде, Қазақстанда, кеңес қызметкерлерінің ішінде мұндайлар өте аз, меніңше, мұндайлар оқытушылар арасынан шығуы керек. Қазақ баспасөзін жиып жазған ұлы оқымысты Радловты алсақ, бастапқы кезде Барнаулда оқытушы болған кісі, ақырында академик болып кеткен. Сіздерге мына таратып берілген «Қозы-Көрпешті» баста елдің аузынан жазып алушы сол Радлов. Ол болмағанда мұндай қызық ертегіміздің айрылған болар едік.

Бұл жұмыстың қандай қызғылықты, жемісті екенін осыдан білсеңіздер керек.

Мектептен тысқарғы оқу және саясаттық ағарту жұмыстары

Мектептен тысқарғы оқу туралы қысқа ғана тоқталып өтейін. Бұл туралы алдын-ала айтатыным: біз көбіне мектепте оқыту жағымен болдық. Бізде саясаттық ағарту орны бар, оның міндеті – коммунизмнің мақсаты туралы үгіт жүргізу, көпшілікті ағарту, сауатсыздықты жою.

Саясаттық ағарту жөнінде ауылда дым жоқ. Бұл туралы ағарту комиссариатын мен қорғамаймын. Орыс поселкелерінде жаман-жақсы болса да, саясаттық ағарту орны – оқу үйі бар. Қазақ ауылдарында қызыл отау дейтін бар, биылғы жылы ол туралы жиі айтылып жүр, бірақ жұмысының қандай екенін білмейміз. Елден келген оқытушылар мұның жайын толық айтуға мүмкін. Біз сауатсыздықты жойып жатырмыз. Сауатсыздықты жою комиссиясының мағлұматына қарағанда осы күнге шейін 120 мың адамның сауаты ашылған екен. Бірақ осынымыз қанағаттанарлық па? Биыл бір шаруаның сауатын ашқан екенбіз, оны сол күйінде бір-екі жыл қалдырып, қайта барып көрсең, білгенінен айрылып қалғанын көрер едің.

Осы отырған сіздердің біреуіңізді адам баспайтын бір аралға апарып бірнеше жыл қойса, сауаттарыңыз жойылмағанмен, осы білгендеріңіздің бірсыпырасынан айрылып қалар едіңіздер. Поселкелердегі қара шаруа мен ауылдағы қазақ шаруаларының біз сауатын ашып жатырмыз. Сауаты ашылған соң, ол не істеуі керек? Мектептен тысқарғы оқу деп, міне, осыны айтады. Сауаты ашылған шаруалардың білімін кеңітуге біз жәрдемдесуіміз керек. Бәрін бірдей хатшы қылып сайламаспыз, бәрін бірдей кеңес мекемелеріне қызметкер де қылмаспыз. Оларға керегі: кітап оқып, білімін кеңіту.

Саясаттық ағарту мекемелері баспасөздерді тауып берсін, жер-су комиссариаты шаруашылық туралы жолбасшы кітаптар берсін. Денсаулық комиссариаты саулық сақтау туралы үгіт кітаптарын ұсынсын. Шаруаларды шаруашылықтың мәдени түріне икемдеу керек. Кооператив арқылы машина, тағы басқа керектері берілетін. Осының бәрін біз тауып беруіміз керек, әйтпесе сауаты ашылудан пайда шамалы. Сондықтан

елдің сауатын ашумен бірге мектептен тысқарғы жұмысты да күшейту керек.

Ішкі Ресейде бұл жұмыс игерілген, біз мұны жаңа ғана бастап отырмыз. Жақын арада өкіметіміз ағарту комиссариатына төменнен көтерілген белсенділерді оқыту керек деп тапсырды. Кейбір жолдастар соған арнап мектеп ашу керек дегенді айтады. Мектеп ашудың, тіпті, керегі жоқ. Бұл жөнде Ішкі Ресей не ғып отыр: кешкі курстар ашып жатыр, рабфак, университет сабағын үйде оқитын кітаптар әзірлеп жатыр. Біз де осыны істеуіміз керек. Қазақстанда өз бетімен білім алу жұмысын күшейту керек.

Ұлт театры

Кейбір жолдастар: «Ұлт театрының жұмысы қалай, мұның жұмысын ауылға жаратуға бола ма?» деп сұрады. Мен мақтанбай-ақ айтайын: театрымыздың жұмысы жақсы. Мұнда отырған жолдастар ойынын да көрді. Артистеріміздің көбі өздерінің білгенінше тырысып, жүз жылдық тарихы бар орыс артистерінен қалыспай жүр. Қазақтың ұлт театры – қазақ еліндегі мәдени-ағарту жұмысының бірінші шырағы деуге болады. Қазақ елінде оқу үйі жоқ, сүрініп-қабынып қызыл отауымыз жүр. Ал, ұлт театрын алсақ, күткен үмітті ақтап отыр.

Өткен жылы үкімет қаржысымен күн көрсе, биылғы жылы шығынының жартысынан көбін табысымен жауып отыр. Бұдан қазақ елін театрға үйрілтіп қана қоймай, оны әуестендіріп, ақша төлейтін күйге жеткізгендігіміз көрінеді.

Театрдың бұдан былайғы жұмысын қалай қылмақшымыз? Сіздердің айтқандарыңыз дұрыс: жазға қарай театрды ауылға шығармақшымыз. Адай уйезінен келген бір жолдас қызыл отаудың бізде болуының өзі шүбәлі, бізге қызыл керуен шығару керек дегенді айтты. Міне, осы қызыл керуеннің орнына театр дұрыс-ақ.

Өткен жылы труппаны оңтүстік Қазақстанға – Алматының ар жағына бірнеше жүз шақырым жерге жібердік, биылғы жылы қазақтың қалың жеріне – солтүстікке ия батысқа жібермекшіміз. Қорытып айтқанда театр қызыл керуеннің орнын басады. Қызылкеруенге қарағанда пайдасы күштірек.

Мектепке шейінгі жұмыс

Мектепке шейінгі жұмысымыз да ақсаулы. Шынын айтсақ: тіпті, жоқ деуге болады. Бірақ қоғамды социалдық тұрмыс толық құрылғанда балаларға берілген тәрбие сондай болу керек: тура өлімге ілікпесе, аурудан өлмейтін болсын. Балалардың саулығы керек. Қалаларда балалар бақшасы, бала саулығы туралы кеңес беретін орын, тағы сондайлар бар, бірақ саны аз. Ауылда таза жоқ. Мектепке шейінгі жұмысты қолға алғанда балаларға дұрыс тәрбие берудің түрін, әдісін табуымыз керек.

Уақ ұлттар туралы

Сөз аяғында уақ ұлттар мәселесіне де тоқталып өтейін. Бұл туралы айтатыным орыс пен қазақ мектептерінде қандай кемшілік болса, уақ ұлттар мектебінде де сол кемшіліктер бар. Уақ ұлттардың күйінің нашар жері де бар. Қарақалпақ облысын алайық. Олардың несі бар? Оқу құралы да, тіл құралы да, баспа сөзі де жоқ. Дұнған, тараншыларды алсақ, олар да сондай. Оның үстіне уақ ұлттарда түсім қаржы шамалы: қаржы табылса, оқытушылар жоқ, оларда да біздегі секілді. Оқытушылар басқа жұмысқа жегіліп кеткен. Мұның бәрін де біз көріп отырмыз. Бұл туралы алдымызда ірі жұмыстар тұр.

Уақ ұлттың адамдары көбіне бізге ренжиді. Бүгінгі шығып сөйлеген өзбек жолдасты көрдіңіздер ғой, аянбай сөйлегендіктен суық залда тұрып маңдайынан тер шықты. Біз мұның бәрін де біліп отырмыз. Олардікі дұрыс. Мұндай жиылыста шығып сөймесе, бізді тақымдамаса, оларға тиісті назар салмай кету де мүмкін. Ондай күна бізде де болмай тұрмайды.

Қазақстан ағарту комиссариаты, әсіресе, қазақ оқытушылары уақ ұлттардың арасындағы жұмысқа жолдастық жөнінен жәрдемдесулері керек. Көп ұлттың езуінің қандай болатыны бізге кезінде мәлім-ді, олай болса, уақ ұлттардың мұңына Қазақстан айрықша назар салу керек. Әсіресе, ұлт теңдігін алған, білімін кеңіткен қазақ оқытушылары уақ ұлттардың мектебіне назарын аударуы керек. Орыс оқытушыларына да осыны айтамыз. Жұрттың көбісі орысты уақ ұлт деп сана-

ғысы келеді. Санақ жағынан қарағанда аз екені де рас шығар, мәдениет жағынан алғанда орыстарды уақ ұлт деп айту орынсыз. Олардың мәдени қоры бізден көп, біздің алдымызда тұр. Сондықтан орыс оқытушылары уақ ұлттарға, бір жағынан қазақ оқытушыларына да қарауы керек. Орыс оқытушыларына айтатыным: қазақ оқытушылары сендерден туысқандық жәрдем көретін болсын деймін. Бұл жөнде көңіл тілегендік бар, оны ашып түсіндірудің қажеті жоқ. Бұл мақсұтты оқытушылар негезінде түсінеді десем, қателеспеймін. Қазақстан үкіметінің құрылғанына алты жыл болған екен, содан бері оқытушылар осыған түсінбей жүр десең, ұят болар еді. Бірақ білу мен істеудің арасында айырма бар. Сіздер жұмысты жылдамдатып, шын жүзеге асыруға қадам басуларыңыз керек.

Уақ мәселе секілді де көрінер, бірақ мен мысалмен толықтырам. Қазақтың бір аулында тұрған мұғалім екінші ауылдағы мұғаліммен хат жазысып хабарласады. Осы сияқты қылып орыс оқытушысы мен қазақ мұғалімі хат жазысып хабарласып тұрса қайтеді. Мен мұны айтқанда сіздердің өз бастарыңыздың жұмысына қол сұғайын деп айтпаймын. Меніңше, бұл пайдалы. 19 ғасырдың аяқ шенінде дәуір сүрген қазақтың бірінші оқытушысы Алтынсарыұлы мен орыстың атақты миссионері Ильминскийдің арасындағы байланыс хаты орыс тілінде үлкен кітап болып басылып шыққан. Мұны біз неге істемейміз? Бірнеше жыл өткеннен кейін еңбегін сіңіріп, сақал-шашы ағарған оқытушы ескерткіш жазғанда жазысқан хаттарынан сөз келтіріп отырар еді. Бірге жүріп қалай жұмыс істегендерін, ұлт арасының жұмысын қалай жүргізгендерін балаларына айтып отырар еді. Меніңше, бұл өте жақсы жұмыс болар еді.

Қорытынды

Жолдастар, тарих біздің иығымызға, ағарту қызметкерлерінің иығына ұлы жұмысты – көпшілікті ағарту жұмысын артып отыр. Бұл нағыз жемісті, нағыз қымбатты жұмыс. Оқытушыларымыз мұны санасына тоқуы керек.

Біздің шаруашылық құрылысымызға, үкімет жұмысына қызметкер керек деп мен жоғарыда айтып едім. Сол айтқанымды тағы да айтам: бізге қызметкер керек.

Біздің осы керегімізді әзірлеп беру үшін оқытушылардың алдымен өзін-өзі дайындауы керек. Табиғатпен, түрлі қиыншылықтармен күрескенде адамға ең мықты құрал – білім. Осы білімді біз көпшілікке де таратуымыз керек. Көпшілікті білімге баулуымыз керек десек, сол білімге алдымен оқытушылардың шомуы керек. Меніңше, оқытушылар алдында тұрған міндеттерді осыны істегенде ғана өтей алады.

Бұл міндеттерді сіздер өтерсіздер, бұдан былай Қазақстан бұдан да гөрі адымдап ілгері басар деп сенем.

О НАЦИОНАЛЬНОСТЯХ И НАЦИОНАЛАХ*

XII партийный съезд, где в последний раз обсуждался национальный вопрос, между прочим, постановил, что «для правильного проведения в жизнь национальной программы, выдвинутой Октябрьской революцией, необходимо еще преодолеть те препятствия, которые переданы нам в наследство пройденным периодом национального гнета и которые не могут быть преодолены в короткий срок одним ударом». Далее в постановлении XII съезда говорится, что «это последнее состоит в фактическом, т.е. хозяйственном и культурном неравенстве национальностей Союза Республик, Правовое национальное равенство, добытое Октябрьской революцией, является великим завоеванием народов, но оно не решает само по себе всего национального вопроса... причины этого фактического неравенства кроются не только в истории этих народов, но и в политике царизма и русской буржуазии, стремившихся превратить окраины в исключительно сырьевые районы**, эксплуатируемые промышленно-развитыми центральными районами. Преодолеть это неравенство в короткий срок, ликвидировать это наследство в один-два года невозможно... Но преодолеть его нужно обязательно».

Со времени XII съезда нашей партии прошло уже четыре с половиной года. Это вполне достаточный срок для того, чтобы проверить процесс выполнения хотя бы

---

* Статья дискуссионная.

** Примечание С. Садвокасова.

основных решений XII съезда. Мы имеем в виду в первую очередь хозяйственные вопросы, от правильного разрешения которых зависит в конечном счете и проблема фактического равенства национальностей Союза. О хозяйственных вопросах национальных окраин особенно уместно говорить теперь, когда мы, перешагнув черту восстановительного периода, вступаем в полосу реконструкции всего народного хозяйства. Проблема индустриализации нашей страны должна означать не только высвобождение Советского Союза из-под капиталистической зависимости от Западной Европы и Америки, но она (проблема индустриализации) должна социалистически разрешить и межнациональные отношения внутри самого Союза.

Успехи индустриализации окажутся тем вернее, и союз национальностей станет тем прочнее, чем более к многомиллионному русскому пролетариату из года в год будут прибавляться новые кадры пролетариев окраин. Если судьба бедняка-крестьянина разрешится не только землей, но и фабрикой и заводом, то судьба бедняка окраин не составляет исключения. Наряду с нашей политикой по поднятию бедняцкого хозяйства на окраинах мы должны известную часть этой бедноты вливать в промышленность на окраинах.

Короче говоря, если империалистическая русская буржуазия только выкачивала из окраин сырье, насаждая фабрики и заводы у себя под рукой, то социалистическая промышленность должна развиваться по принципу хозяйственной целесообразности; если восстановительный период поневоле имел на себе отпечаток «проклятого наследия» прошлого в виде фактического неравенства отдельных национальностей, то полоса реконструкции должна изжить это наследство, «обязательно преодолевая» (XII партсъезд) стоящие перед нами трудности. В этом заключается и весь смысл приобщения отсталых окраин, к социалистическому строительству, в этом залог дальнейшего укрепления советской власти на окраинах.

Посмотрим теперь, как эта бесспорная установка партии понимается отдельными руководящими работниками на окраинах, деятельность которых (работников) по разъяснению того же XII партсъезда «имеет громадную важность».

В своей статье «Генеральная линия» («Правда Востока», №230 от 7/X с. г.) председатель средне-азиатского бюро ЦК ВКП /б/ тов. Зеленский пишет:

«Основная задача экономической политики СССР – обеспечить возможность постепенного высвобождения советского хозяйства из-под зависимости от капиталистического мира... Задача республик Средней Азии должна заключаться в том, чтобы в первую очередь развивать те отрасли сырьевого хозяйства, которые уменьшают и ослабляют нашу зависимость от капиталистического мира».

Конечно, все правильно. Советское хозяйство должно высвобождаться из-под зависимости от капиталистического мира; Средняя Азия должна развивать те отрасли сырьевого хозяйства, которые уменьшают нашу зависимость от буржуазного мира. Но все это – *лишь одна сторона медали.*

Другая сторона медали должна выражать хозяйственное лицо уже самого Союза, в том числе и Средней Азии, т.е. перед нами встает вопрос, где, что строить. Но тут-то т. Зеленский поворачивает на старую дорогу великодержавности. Как иначе назвать его рассуждения о том, что «тенденции строить республики хозяйственно, как замкнутые организмы, являются вредными и опасными с точки зрения развертывания социалистического хозяйства в целом» (там же)?

Во-первых, неверно утверждение т. Зеленского будто есть тенденция (читай – у националов) строить замкнутое хозяйство в каждой республике (смешно об этом говорить), а во-вторых, по какой теории вытекает, что вывозить хлопок из Средней Азии – это хорошо, а вывозить текстиль – это признак замкнутого хозяйства. Не выходит так, т. Зеленский! Как раз, с точки зрения хозяйственной целесообразности, необходимо приблизить промышленность к источникам сырья.

Тут нам могут возразить, что для создания промышленности в известном районе необходимы не только сырье, *но и наличие рабочих рук и топлива.*

Ответ на это – многомиллионная беднота Казахстана, Узбекистана, Туркменистана, многомиллиардные запасы каменного угля и нефти в Казахстане.

Могут сказать еще, что все это хорошо, но нет в Средней Азии путей сообщения. На это можно отве-

тить, что в наше время пути сообщения делаются человеческими же руками, а железнодорожное строительство составляет тоже часть вопроса индустриализации.

Таким образом, «хозяйственно» все говорит против т. Зеленского. Но т. Зеленский упорен в своей «Генеральной линии». Последний его аргумент:

«Тут приходится учитывать не только хозяйственные соображения, но и политические. Сторонниками идеи замкнутого хозяйства являются элементы классово нам враждебные...

Идеологом самостоятельного хозяйственного развития в Средней Азии является также известный панисламистский деятель Мустафа Чокаев».

Тут приходится признать, что т. Зеленский переходит от метода убеждения к методу принуждения или, вернее, к методу острастки. Есть, мол, такой «контра», по имени Чокаев; осторожнее, ребята-националы, а то мы вас запишем к нему.

На это можно ответить, что коммунисту-националу не страшны ни Чокаевы, ни разговоры о Чокаевых. Пускай Чокаевы говорят и пишут, что угодно, а мы, коммунисты, будем делать свое советское дело.

И если сбросить с последнего утверждения т. Зеленского элементы не относящейся к обсуждаемому вопросу острастки, то остается его изречение «о соображениях хозяйственных и политических». О каких политических соображениях в деле индустриализации в отличие от хозяйственных говорит т. Зеленский? Никак не можем понять «генеральную линию» «политических соображений» т. Зеленского.

Не лучше обстоит дело с пониманием роли индустрии на окраине и у другого ответственного работника.

Секретарь казахского крайкома ВКП(б) т. Голощекин пишет: «В области промышленности (в Казахстане. С. Садвокасов.) основное не столько в крупной, сколько в местной мелкой и средней (крупорушки, шерстомойки, маслобойки, ремонтные мастерские и т.д.), т.е. во всем том, что связано* с сельским хозяйством и делает его более рентабельным». (Журнал «За Партию», №2, октябрь 1927 г.).

---

* Примечание С. Садвокасова.

По-видимому, по т. Голощекину существует еще такая промышленность, которая вообще не связывается с сельским хозяйством, которая получает сырье и продовольствие для рабочих невесть откуда, а может быть, даже с Марса. Теоретическое состязание с секретарем крайкома для националa – дело безнадежное, но тем не менее невозможно не указать на явные нелепости.

Тов. Голощекин промышленность приставляет к хвосту сельского хозяйства, предопределяя таким образом вечно крестьянское существование Казахстана. Разве можно говорить о промышленности и предлагать только ремонтные мастерские? Еще со времени Адама люди чинили себе башмаки и лопаты, но никто до сих пор не называл это «промышленностью», а тем более «основным в области промышленности». Почему т. Голощекин не может или, вернее, не хочет идти дальше шерстомоек, тогда как сама собой напрашивается и организация суконных фабрик. Не легче ли и железным дорогам сразу вывозить из Казахстана готовое сукно, чем два раза таскаться то с вымытой шерстью, то обратно с «московским» сукном из этой шерсти?

Как будто хозяйственная целесообразность говорит за наш вывод, а т. Голощекин, следуя примеру своего соседа т. Зеленского, не преминет назвать нас защитниками «замкнутого хозяйства в Казахстане», или еще хуже, по его (Голощекина) выражению, «сторонниками неприкосновенности социально-экономической структуры казахского аула» (речь его на III пленуме казкрайкома ВКП(б), декабрь 1926 г.).

«Блюститель» сельского хозяйства в Казахстане, т. Голощекин забыл, между прочим, о том, что отсутствие или слабое развитие промышленности задерживает рост и сельского хозяйства, что товарность в сельском хозяйстве стоит в прямой зависимости от темпа развития промышленности и что без развития товарности сельское хозяйство не может выйти на широкую дорогу интенсификации и коллективизации. И если уж говорить о действительных сторонниках неприкосновенности социально-экономической структуры аула, тогда будет нам позволено таковыми назвать тех, кто не желает смотреть дальше ремонтных мастерских и шерстомоек.

Из всего сказанного вытекает, что директива XII партсъезда об изживании «политики царизма и русской буржуазии, стремившихся превратить окраины в исключительно сырьевые районы», – эта директива проводится в жизнь на окраине, в данном случае в Средней Азии и Казахстане, не совсем достаточно или, правильнее, совсем недостаточно.

В чем тут причина? Виноваты ли только отдельные руководящие работники или причина заключается в чем-то большем? Не допускали ли центральные органы власти послаблений в деле правильной политики по национальному вопросу?

Надо прямо правду сказать в глаза. Да, центральные органы в своей работе недоучитывали значения национального вопроса. Пятилетка перспективного развития промышленности была составлена без учета нужд окраин. Об этом свидетельствует и сам т. Куйбышев:

«В отношении развития отдельных районов пятилетка не отличалась четкостью и ясностью. Какую физиономию будет иметь каждый отдельный район – на этот вопрос пятилетка не давала точного ответа» («Правда» от 13/IX 1927 г.).

Тревожным сигналом для национальных окраин прозвучало и заключительное слово т. Рыкова на IV Всесоюзном Съезде Советов, когда он говорил:

«На этом Съезде так же, как и на целом ряде других съездов, наблюдается такая картина: на трибуну выходят представители губерний, областей, районов, республик* и начинают доказывать, что у них в губернии, районе и т.д., нужно обязательно построить то-то... Мы можем наделать очень много и очень больших ошибок, если станем на ту точку зрения, что индустриализация означает развитие во чтобы то ни стало индустрии в каждой административной единице. Эта точка зрения иногда приводит даже к тому, что в отдельных частях нашего Союза стремятся создать замкнутое хозяйство. Я должен подчеркнуть со всей решительностью, что вместе с осуществлением индустриализации хо-

* Примечание С. Садвокасова.

зяйственные связи, экономическое единство Союза и взаимная зависимость отдельных его частей будут возрастать все более и более» («Правда» от 27/IV – 27 г.).

В общую номенклатуру административных единиц т. Рыков наваливает и автономные республики. Во-первых, и прошлое и настоящее этих отдельных губерний, областей, районов и республик не одинаковы, во-вторых, кто не знает, что некоторые губернии и области хотят еще большего усиления уже существующей у них промышленности, а республики или ничего не имеют, или имеют совсем мало. Эту разницу между губерниями и республиками т. Рыков должен был заметить. Наконец, т. Рыков неправильно называет стремлением к замкнутому хозяйству, когда национальные республики просят помочь им организовать имеющее у них базу то или иное предприятие. Нам кажется, что индустриально-развитое хозяйство тем и отличается от первобытного, что оно никогда не станет замкнутым, и пожелания т. Рыкова, чтобы единство Союза и взаимная зависимость отдельных его частей возрастали все более и более, осуществляется тем вернее, чем скорее национальные окраины перестанут быть только сырьевой базой,

Мы долгое время отождествляли национальный вопрос с вопросом крестьянским, считая, что первый есть часть второго. Это было абсолютно верно во времена старого режима, когда окраины служили колонией для русской буржуазии, это было верно с некоторой оговоркой в эпоху восстановительного периода нашего хозяйства, поскольку речь шла о преодолении «трудностей, переданных нам в наследство пройденным периодом национального гнета». Но отождествление национального вопроса с крестьянским в эпоху реконструкции хозяйства СССР уже является неверным, ибо национальный вопрос теперь, перерастая в вопрос крестьянский, начинает включать в орбиту своей проблемы и вопросы индустриализации.

Директивы по составлению пятилетнего плана народного хозяйства, одобренные Политбюро ЦК ВКП/б/, посвящают национальному вопросу всего несколько строк, ограничиваясь общими фразами «уделить особое

внимание» и т.д. Нужно, чтобы партия конкретно указала руководящим советский органам на их прежние недочеты и на те конкретные меры, которые необходимо провести в жизнь в дальнейшем.

Второй вопрос, на котором мы хотели остановиться, – это вопрос развития сельского хозяйства на окраинах, в частности – земельный. Как известно, отличительной чертой русского империализма было то, что окраины заселялись переселенцами «для разрежения» революционного настроения крестьянства центральной России. То, что делалось русским капиталом для захвата свободных рынков, дополнялось колонизационной политикой царской бюрократии. Еще Столыпин, этот всесильный бюрократ последнего периода царизма, говорил про Казахстан, что «нужно подумать не об устройстве киргиз, а киргизской степи, интересы целого важнее интересов частей». (Записки Столыпина и Кривошеина. «По ту сторону Урала». СПБ. 1911 г.).

Эта формула Столыпина находила свое выражение во всей работе печальной памяти переселенческого управления того времени. Земли «инородцев» объявлялись государственной собственностью, хотя во всем другом эти бюрократы были столь ревнивыми блюстителями «священной» частной собственности. И мы видим, как такие районы, как Казахстан, в наиболее удобных для земледелия частях постепенно превращались в переселенческие участки, а коренное население изгонялось в пески и пустыни. Казахская степь, о которой так попечительски думал Столыпин, напомнила легкие туберкулезного человека, находящегося в инкубационной стадии своей болезни.

Великий Октябрь одним ударом разрубил дьявольский узел царской колониальной политики. Свободно вздохнули бывшие инородцы, ставшие теперь хозяевами собственной жизни и нового строительства. Латифундии русских помещиков, ради ограждения которых строилась вся политика переселенческого управления, пошли в общий котел крестьянского достояния. Наступила новая полоса, полоса ликвидации «проклятого наследия прошлого».

К разрешению этого последнего вопроса автономные органы власти тех районов, кои прежде являлись объектом колонизации, в частности Казахстана, подошли следующим образом:

а) прекратить временно колонизацию извне;

б) окончательно землеустроить коренное население, подразумевая под этим и переселенцев-старожилов;

в) во вторую очередь землеустроить переселенцев-самовольцев, прибывших за время революции; г) заняться исследованием почвенно-ботанических условий Казахстана на предмет выявления удобных и неудобных земель, т.е. возможных излишков.

Для всякого ясно, что при выявлении излишков после окончания внутреннего землеустройства эти излишки пойдут для удовлетворения земельных нужд «аграрно-перенаселенных» районов. Возражать против этого означало бы для национала уподобиться тому животному, которое лежит на сене, само не ест и другим не дает. Ни один благоразумный националь, а тем более коммунист, стоящий не на словах, а на деле на советской платформе и придерживающийся принципов компартии, не выкинет и не выкидывал лозунга «Казахстан для казахов». Кроме гибели советской власти, такой лозунг не принес бы решительно ничего.

Поэтому основное в земельной политике Казахстана было: окончательно землеустроить коренное население, временно прекратить колонизацию. Речь шла и идет теперь не о том, чтобы всякого русского мужика по шапке долой и изгнать его вон из Казахстана, нет а речь – о том, чтобы зарубцевать старые раны больного организма, разодранного политикой позорного прошлого. Не виноват русский мужик, что он волею Столыпина «забрал» земли у казаха, «вытурив» его в пустыню, не виноват он, мужик, что по своей темноте слушался попов и миссионеров и обижал «поганое киргизье» (казахов). Крест тому, что было. Виновные понесли заслуженную кару от руки победившего пролетариата.

Теперь перед нами стоит задача сплочения трудящихся масс всех национальностей на горе всем эксплуататорам этих же национальностей. Власть советов на окраинах должна, наконец, окончательно установить добрососедское сожительство народов, столь необходимое в деле социалистического строительства. Традиционная поговорка «семья не без урода» должна смениться новой формулой: «в советской семье народов нет уродов!»

И если подойти к обсуждаемому вопросу именно с этой точки зрения, то приходится признать; что с изжитием старого наследия не все обстоит благополучно.

Переселенческие чиновники старого режима, а ныне спецы Наркомзема РСФСР снова начинают поднимать свои колонизаторские головы. Чермаки и Чиркины, Рудины и др. не прочь под видом «организации территории» смутить коммунистические сердца даже самих товарищей Смирнова и Калинина.

По правде говоря, в чем смысл теперешних разговоров о так называемом «аграрном перенаселении» русской деревни наряду с развивающимися арендными отношениями в той же деревне? Что означают теории об «уже раскулаченном кулаке», когда члены ЦКК пишут статьи о межнациональных взаимоотношениях на окраине? (Митрофанов, "Большевик", №13, 1926 г.). Не является ли последнее нехорошим симптомом к подготовке общественного мнения партии « о культурной роли переселенца на окраине»?

Как нужно понимать, наконец, тезисы т. Рыкова к его докладу на XV съезде партии, где (в тезисах) говорится, что «необходимо также усилить работу по переселению, которое содействуя подъему производительных сил сельского хозяйства и улучшая положение неимущих и малоимущих групп крестьянства, будет способствовать уменьшению «аграрного перенаселения».

Нет спора, что аграрное перенаселение есть беда современной русской деревни, нет сомнения также и в том, что наша промышленность в ближайшее время, при самом наимаксимальнейшем темпе своего развития, не в состоянии поглотить целиком многомиллионные массы «излишних» рабочих рук, выбрасываемых ныне деревней. Но это не говорит за то, что мы в деле «уменьшения» (все-таки не окончательного изжития) аграрного перенаселения должны пойти по линии наименьшего сопротивления, не исчерпав нормальных путей к его преодолению.

Первый путь, по нашему мнению лежит все-таки по линии еще большего возможного усиления индустриализации Советского Союза, а второй путь не менее важный и надежный, – в раци-

онализации основ самого сельского хозяйства.

Простой арифметический подход к территории, «занимаемой отдельными группами населения, не дает еще оснований обращать взоры на величину цифры делимого. Ведь, например, «перенаселенность» бельгийского крестьянства в несколько раз гуще нашего. Поэтому «перенаселенность» центральной части Союза – вещь не абсолютная, а относительная. Да к тому же, факт развития арендных отношений в деревне как будто тоже никем не оспаривается.

Следовательно, земли у «излишних» рабочих рук деревни вполне достаточно или, во всяком случае, не вполне не достаточно; чтобы перед партией поставить задачу усиления перенаселения.

Конкретная задача на сегодняшний день в области земельной политики на национальных окраинах должна заключаться:

1) в окончательном землеустройстве коренного населения, включая сюда и переселенцев-старожилов;

2) в продвижении форсированным темпом работы по сплошному землеустройству (сюда входит и землеустройство самовольцев, установление земельного запаса на естественный прирост населения и т.д.), в результате чего выявятся и возможные земельные излишки.

Нечего говорить о том, что землеустройство коренного населения должно носить строго классовый характер, т.е. оно (землеустройство) должно сопровождаться разрушением патриархально-родовых отношений, переделом сенокосных угодий, захваченных баями и т.д. Такая работа по переделу, кстати сказать, уже проводится земорганами Казахстана.

Вниманию партии необходимо представить в нескольких словах и о партийном руководстве на окраинах. Еще XII съезд партии своим постановлением поручил ЦК «озаботиться об особо тщательном подборе» «ответственных работников» на окраине с тем, чтобы состав их полностью обеспечивал действительное проведение в жизнь решений партий по национальному вопросу.

Со времени XII съезда мы имеем значительные достижения в деле выращивания новых коммунистических кадров из националов; но на ряду с этим факт и то, что

в области проведения в жизнь решений партии по национальному вопросу имеются и значительные извращения.

Дело в том, что коммунист-националь, выросший на опыте практической работы, предъявляет соответственно этому требования большего к себе доверия не только как к работнику-националу вообще, но и как к руководящему работнику на окраине. Означает ли это, как толкуют иные, что националы стремятся захватить власть, затем «освободиться от руководства Союза», что они (националы) «за национально-замкнутое руководство государством», «против руководства российского пролетариата». (Нодель, «Правда Востока» №215; 20/IX 1927 г.), что «это есть напор верхушки, заботящейся о самой себе»), что это постановка «не партийная, а личная – группировочная – корыстная постановка». (Голощекин. Речь на II пленуме Казкрайкома ВКП/б/. Декабрь 1926 г.).

Ничуть не бывало, – ответим тт. Ноделю к Голощекину – Коммунист-националь не настолько безнадежен, чтобы иметь о нем подобное представление. А если бы он был таков, как думают Нодель и Голощекин, то это означало бы лишь трагедию строящегося в СССР социализма, а отнюдь не правоту указанных товарищей. К счастью компартии и советской власти, партиец-националь тоже является коммунистом. Может и должен родиться коммунист-националь. Этому порука – беспросветное прошлое национальных окраин, этому порука – национальная программа коммунистической партии. Мало того, коммунист-националь в своем росте уже переходит «только национальные интересы», и с него должно теперь взыскиваться не только просто за работу, но и за руководящую работу на окраине. Коммунист-националь, главным образом пришедший в партию на буксире национальной программы компартии, теперь уже опережает доныне таскавший его буксир, не за страх, а за совесть, беря своим идеалом общечеловеческие принципы коммунизма. Честь и слава творцам Великого Октября – русскому рабочему классу и его авангарду – коммунистической партии! Доверие и равенство коммунисту-националу – законному детищу Великого Октября!

Если теперь в среде коммунистов-националов, то и дело замечается недовольство против политики «ответственных работников» на окраине, то это вовсе не означает их (националов) стремления от пролетарского руководства Союза. Речь идет о борьбе с уклонами, в данном случае – с уклоном в сторону великодержавности, «особый вред и особую опасность» которой так подчеркивал XII съезд нашей партии.

Было бы, конечно, верхом местного шовинизма, если б коммунист-национал стал доказывать полную свою безгрешность. Зигзаги и болезни роста не чужды и ему, но как не возражать против того, когда на предложение националa о большей коренизации аппарата с привлечением лояльной местной интеллигенции член ЦК т. Митрофанов отвечает так:

«Практически осуществление этого требования при почти поголовной технической неграмотности коренного населения приведет к тому, что все бывшие царские чиновники (?) на 100% снова влезут в аппарат управления, и нелегальная ныне диктатура баев-манапов в аульных и волостных советах получит таким образом свою легизацию». («Большевик», № 13, 1926 г.).

Ни для кого не секрет, что в аппаратах национальных республик не все служащие европейцы-коммунисты, что там сидит изрядное количество европейцев-беспартийных и даже политических ссыльных. Так все же по т. Митрофанову выходит, что это куда лучше; чем посадить местного интеллигента, царского чиновника (?), (как будто при царе чиновники комплектовались исключительно из окраинной интеллигенции), потому, что диктатура баев-манапов получит свою легализацию.

Очень печально, что член ЦКК т. Митрофанов с пьедестала своего великодержавного высокомерия проглядел сущность партийной директивы о коренизации, но не менее печально, когда ответные статьи националов тов. Митрофанову уж больше года лежат в архиве редакции «Большевика».

Разве свидетельствует об обладании высоким тактом приличия со стороны тов. европейца, когда ответственный секретарь казахстанского крайкома ВКП/б/ тов. Голощекин на предложение националов о большем привлечении местных работников в руководящие орга-

ны КК «изобличает нас» в «корыстной цели», будто мы только «заботимся о самих себе». Следует ли после этого обижаться тов. Голощекину, если националы его же (Голощекина) добром будут бить ему же челом?

Совершенно бесспорно, что бюрократические извращения аппарата на окраинах происходят не только по причинам того, что этот аппарат не говорит на национальном языке, но и благодаря тому, что вообще аппарат всего советского государства унаследовал тяжелый груз весьма солидной цифры бюрократов старого времени. Поэтому, если в центральной части Советского Союза, перед партией стоит задача обновления и упрощения аппарата, то к этой задаче на окраине приплетается новая трудность в виде учета национального момента. Бюрократ на окраине – не только бюрократ в общепринятом смысле этого слова, но он – бюрократ немой, не умеющий даже объясняться с обслуживаемым населением на его родном языке.

Отсюда ясно, что вопрос о коренизации, являясь частью общего вопроса борьбы с бюрократизмом, в условиях национальных республик превращается одновременно в вопрос национальный.

Нельзя говорить о борьбе с бюрократизмом на окраине, недооценив значения коренизации. Наоборот, правильное понимание роли последней (коренизации) поможет наряду с рационализацией аппарата привлечь широкие слои трудящихся коренного населения к непосредственному управлению.

Многие возражают против мнимых требований националов о так называемом 100% коренизации. Конечно, это абсурдно. Требование 100% коренизации в условиях многонациональных автономных республик, каковыми является большинство наших окраин, есть уже нечто большее, чем действительная коренизация. Это есть требование лишить национального аппарата нацменьшинства, в том числе и русских, составляющих, например, в Казахстане около 35% всего населения. Подлинное название «коренизации» за счет нацменьшинств есть худший вид местного национализма, с которым партия должна вести борьбу, если таковая тенденция могла бы обнаружиться где-либо.

Но мы говорим о действительных тормозах в деле действительной коренизации, мы говорим о недопусти-

мости таких явлений; когда в таком архинациональном городе, как Чимкент (Казахстан), около 200 хорошо грамотных националов сидят на учете биржи труда (докл. Инструкторов ВЦИК тт. Ружейникова и Галли. Март 1927 г.), а аппарат преспокойно продолжает работать и писать на инонациональном языке, не говоря уже об общеизвестных его (аппарата) бюрократических извращениях.

Мы говорим о том, что дело коренизации, особенно в восточных республиках, продвигается непростительно медленно, что дело тормозится не только в виду культурной отсталости этих республик, но и в виду сопротивления самого аппарата.

Что можно сказать об отсталом Казахстане, когда и в такой сравнительно культурной республике, как Украина, «следует отметить, что у нас (на Украине (примечание С. Садвокасова) снова понемногу начали забывать об украинизации». (Из доклада т. Затонского на пленуме ЦК КП/б/. Октябрь. 1927 г.).

Так говорит нарком РКИ Украины т. Затонский, который всего лишь семь месяцев назад признавал излишними «коренизационные» разговоры «неугомонного» т. Шумского.


К сожалению, по мнению казахстанского наркома РКИ, тов. Морозова, коренизация в Казахстане проводится «прекрасно», только вот немного мешают... местные «националисты». Конечно, «антипартийные националисты» будут призваны к ответу, хотя, впрочем, казахстанская краев. КК, несмотря на предостережения XII партсъезда, до сих пор не нашла в Казахстане ни одного колонизатора. Мы боимся, как бы очки у т. Морозова не оказались того же цвета, какой имеет многие извратители партийной политики... на окраине.

Да, недочеты и упущения в области проведения национальной политики партии на окраине имеются, и крупные недочеты.

Необходимо их исправлять.

На ленинские позиции по национальному вопросу на практике!

Баяндамалары



ҚАЗАҚТЫҢ КІНДІК ХҮКІМЕТІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ЫСМАҒҰЛ ЖОЛДАС САДУАҚАСҰЛЫНЫҢ БАЯНДАМАСЫ

Өткен 20 майда Семейге КирЦИК бастығының орынбасары Смағұл жолдас Садуақасов келді. Смағұлдың келісіндегі мақсұт: КИРЦИК комиссиясы мен Сібірревкомның келісілген шарты бойынша Семей облысын Қазақстанға тартып алу һәм сол тартумен қатар гүбірне мекемелерінің кейбіреулерінде лайықты өзгерістер жасау. 21-інші май күні Смағұл жолдастың істемек істерін білуге һәм баяндамасын тыңдауға орыс, қазақтың барлық міндетті орындағы адамдары жиналды. Смағұлдың баяндамасы екі сағатқа созылды. Баяндама әуелі Орынбордағы жұмыстар айтылды. КирЦИК қызметі һәм барлық наркомдардың (бөлімдердің) қызметі, КирЦИК-тің бірінші тобындағы шешілген жұмыстар һәм Сібірревкомға келген комиссияның жұмыстары туралы толық мағлұматтар берілді. Смағұл жолдастың сөзіне қарағанда Қазақстанның кіндік мекемелеріндегі іс әуелгі уақытта зорлықпен жүрсе де, соңғы кезде анық қалыпқа қойылып, белгілі бағытқа бет қойғандығы мәлім болды. Кіндік мекемелердің қайқайсысы болса да енді іске кірісудің мезгілі жеткендігін түсініп, сілкініп іске кірісіп, бұрынғы қазақ халқына қиын көрінген істердің бәрін де жер жүзіне шығаруға айналса керек.

Смағұл жолдас әрбір комиссариаттың (бөлімнің) істеген ісін айрықша айтты. Олардың бәрін жазуға аса қажеті де жоқ. Сондықтан кейбір керек жерлерін айтамыз. Әр бөлімдердің ішінде өнер бөлімін бірінші басқышқа қойып, тез істі орындайтын (ударный) мекеме қып жариялаған, өнер бөлімін арттырып мәдениет жүзінде кейін қалған қазақ халқын тездікпен оқытып, тез қараңғылықтан шығарып, ел қатарына кіргізуді

міндет көріп осы мақсұтты іске асыруға бар күшті салып жатыр. Қазақта оқу құралдарының аздығы белгілі. Құралсыз оқу болмайтыны тағы шексіз. Сондықтан оқу комиссариатының алдымен қолға алғаны оқу құралдарын шығару. Осы күнде Орынборда орысшадан қазақшаға кітаптар көшіріліп жатыр. Алды басылып та шықты һәм басқа бұрын басылатын кітаптарды да бастырып, санын көбейтіп жатыр.

Кітап басылып жатқан жерлер: Орынбор, Қазан.

Іске кірісу жайынан сөйлеп келіп, Смағұл жолдас мынаны айтты: қазақта басқа халықтардағыдай аса азулы байлар, елдің терімен күн көріп отырған арамтамақтар аз. Қазақтың ортасында байлық неден болады: біреудің күшімен пайдаланғаннан ба, жоқ табиғаттың жақсылығынан ба? Қазақтың жайымен таныс жұмыскерлер қазақ халқының осы күнде саяси тұрмысы қай халде екенін білер. Қазақ халқы мәдениет жүзінде кейін жатыр. Әлі аталарынан шыққан жоқ. Қазақ ортасында әлі баяғы ерте замандағы ортақшылдық дәурені бар. Мынадан байқауға болады: қазақ ішінде біреу бай болса, оның маңайында талай кедейлер болады. Бұл кедейлердің ішуге тамағы болмаса, мінуге көлігі болмаса, әлгі байдан алады. Түгі жоқ болып отырып аштан өліп, көштен қалмайды. Қазақ арасында мынандай ғұрыптар бар. Біреудің бірдемесі өлсе, ия жоғалса, маңындағы барлар ортасынан мал шығарып, әлгінің жоғын орнына салады. Бұны қазақ әрине бұндай ортақшылдық біздің көзімізбен қарағанда керегі жоқ. Бұл саяси іске бөгет қылатын ортақшылдық. Сонда да бұл оқиға әрбір қазақ ортасында қызмет істейтін жолдас, әсіресе, ортақшыл жолдас жүрегінде қатты ұстау керек. Қазақтың байлығы – табиғаттың байлығы. Біреудің күшін сатып байитын байлық жоқ. Қандай бай ел болса да, бір жылы қыс қатты болса, жұмысы бітеді. Оны биыл көріп отырған шығарсыздар. Біздің алдымызда осы күнде үлкен мәселе тұр. Ол – қазаққа қызмет қылу. Қазақ неше жылдан күткен автономиясын бүгін қолына алып отыр. Қазақ халқы осы күнде, жақында Қазақ республикасына кіреміз. Жақсылық көреміз. Елімізді тұрмысымызға таныс кісі билейді деп күтіп отыр. Әсіресе осы Семей гүбернесі көп күтті. Бұл гүберне заң бойынша қазақ республикасына ерте кірмек болса да, әр түрлі себептермен кешіккені

өздеріңе белгілі. Жә, бүгіннен бастап біз іске кіріспекпіз. Қазақтың тұрмысына жақын іс жүргізбекпіз. Бұған не керек? Бұған халық кезінде үлкен төңкеріс жасау керек. Ол – мекемелерді қазаққа жақындату, қазақтан хүкімет басына кісі қою. Қазақтан хүкіметке кісі алғанда біз қалай аламыз? Қазақтың қызметшілері бар ма? Әрине бар. Біз қызметші жайынан сөйлегенде, қазақтың оқығандарын ойға алу керек. Оқығандарды сеніп қызметке алу керек. Қазақ оқығандарын орыс оқығандары сияқты қып қарау керек емес. Бұлар – өзінің халқын шын сүйетіндер. Қазақ оқығандарына қазақ автономиясына қызмет істейді деп біз сенімімізді көрсетсек, олар өзінің халқы үшін қызмет істейді. Бұл жерімен біз пайдалану керек. Оқығандарды жинай алсақ, қызметші аз емес.

Смағұл жолдас баяндамасын бітіргеннен кейін әрбір жолдастар сұраулар қойды. Қойылған сұраулар көп. Сондықтан кейбіреуін ғана жазамыз.

1) Қазақ байы мен кедейлерін қалай жіктендіруге болады һәм бұл туралы Кіндік не істейді?

2) Орыс қызметкерлерінің орнына қазақ қойғанда, қазақ қызметкерлерін қайдан аламыз.

3) Қазаққа қандай кісі қолайлы?

4) Қазақ арасындағы келімсектер қалай болмақ?

Һәм басқалар.

І-ші сұрауға Смағұл жолдас былай жауап береді:

– Қазақтың тұрмысын айттық. Енді жік туралы сөйлегенде, сол тұрмысын ойға алу керек. Осы күнде біреудікін біреуге алып беру туралы сөз тоқтала тұрады. Осы күнгі саясат бұны мақұлдамайды. Яғни мемлекет елде бар малмүліктің болғанына тілеулес. Біреуде 100 қой болса, оның көбеюіне тілеулес. Олар бұл малды өсіріп көсіп қылудың орнына олжа мал деп не сатып жібереді, не сойып алады. Сөйтіп, мемлекетке залалын тигізеді.

Алдымен біздің алысқан адамдарымыз – қазақтың жуандары, нашар ғұрып-ғадеттері. Қазақ ішіндегі байлар, зорлықшылдар осы. Осыларды жеңсек, жік жасау оңай. Бұл жауыздықпен қазақ хүкіметі алысып отыр.

Қазақ Кіндік комитетінің құнды, қалың малды қалдырып отырған һәм еңбек міндетіне алдымен байларды алу керек деп отырған заңдары әлгілерге қарсы шығарылған заңдар. Қалың мал мен құнды кім алушы еді? Әлгі жуандар, ақсақалдар алушы еді.

Жалғыз құнды емес, неше түрлі пайданы осылар көруші еді. Залалды ылғи нашарлар көруші еді. Мұндай ғадеттерді жойсақ, нашарлардың көзі ашылады. Бұл істер туралы шыққан заңдар іске жақсы асып отырса, аздан соң кедейлер ұғынады. Қасын танып, қарсы тұратын болады.

2-ші сұрауға мынандай жауап болады. Бір қызмет басына қазақ қою керек деген сөз орыс қызметкерлерін жұлып тастап орнына қазақты қалқитып қою деген емес. Орыс ортақшылдарының қазаққа жұмыс істеуі – өзінің ортақшылдық міндеті. Қазақ халқының бұрынғы жайы өздеріңізге белгілі. Қазақ орыстың төрелерінің, отаршыларының билігінде болды. Қазақтың қырға шығатын стражниктері қамшымен айдап отырады. Сондықтан орыс қызметкерлеріне олардың көзқарасы бөлек болып қалды. Осы күнде орыс қызметкерлерін, әсіресе ел ішіне баратын милицияларды қазақ баяғы төре стражниктердей көреді. Бұлардың қата ісі болса, хүкіметтен көреді. Мінеки, қазақтың осындай мінездерін еске алғанда, оның ортасына қызмет істеуге аса еп керек. Сондықтан біз оларға баяғы төрелердей емес екендігімізді, кейін қалған, езілген тапты теңдікке жеткізгелі жүргендігімізді іс жүзінде көрсетуіміз керек. Бұны біз қызметкерлерді қазаққа жақындатумен ғана іске асырамыз. Мекемелерде қазақ отырса, ел ішіндегі милициялар қазақтан болса, сонда қазақ жоғарғы айтылған мақсұттарын шын екенін біледі. Сонда сенім көзбен қарап досының кім екенін таниды. Бұның бәріне қазақтан қызметкер табылмайды деушілер болар. Бірақ анық қарастырғанда табылады. Ылғи орысша білгенді қызметке алу мақсұт емес. Біздің алдымызда кеңсе ісін қазақ тіліне айландыру бар. Онда қазақ қызметкерлер көбейеді. Екінші – қазақ жігіттерін қызметке үйрету керек. Қызметкер даярлау туралы кіндік пікірі әрбір мекемелерге орынбасар ретте үйретуге жігіттер беру һәм қызметкерлер дайындайтын курстар ашу.

3-ші сұрауға жауап: қазақты осы күнде зауыт-фабрик жұмысына үйретуге мүмкін емес. Қазақстанда зауыт-фабрик аз. Осы күнгі мемлекет шаруасын еске алғанда қазаққа әзірше қол өнерін үйрету керек. Қазақтың кіндік комитетінің екінші жиылысында бұл туралы әрталай сөз болып, аяғында қол шаруасына тоқтады.

4-ші жауап: Қазақ хүкіметі совет хүкіметінен жат

емес. О да бұхара хүкіметі. Сондықтан қазақ хүкіметінің іздегені еңбекшілер қызығы. Қазақ ішіндегі бұрын келіп қалған келімсектерге қазақ елі жат көзімен қарамайды. Оларға еңбекші болғандықтан бәрін – сыртқа серпімейді. Рас, Түркістанда келімсектерді қуған, бірақ онда малға себеп болған. Түркістан отаршылары неше түрлі уақиғалармен пайдаланып ауыздықсыз қылып өз бетімен қазақ жерін тартып алған. Міні сондайларды қуып жіберіп, жерді қайта қазақтың өзіне беріп отыр. Бізде ондай уақиға болған жоқ. Істесе патшашыл хүкімет істеген. Хүкімет арқылы алынған жерді қазақ қайтарды деп қазақ ортасындағы орыстарды да қуады екен деп ойламау керек.

ҚАЗАҚ ӨЛКЕЛІК ПАРТИЯ КОМИТЕТІНІҢ III ПЛЕНУМЫНДА (1926) С.САДУАҚАСҰЛЫНЫҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Жолдастар, Голощекин жолдас баяндамасында бірнеше қабат айтып өтті: біздің ішімізде қандай кемшіліктер болсын, оларды жойып дұрыстықты табу қолымыздан келеді, неге десең, жыл санап Қазақстанда партия тобымыз саны жағынан да, саяси жағынан да өсудеміз, енді «мынау мәселені шешіп бер деп орталық комитетке бармаспыз» деді. Қазақстан көлеміндегі коммунистердің қайсысы болса да Голощекин жолдастың бұл сөзін қата деп айта алмаса керек, Қазақстанның қандай мәселелері болсын ескі сарын ескі жолмен шешілсін деген коммунист – ақылы жоқ коммунист.

Жолдастар, бәріңе де мәлім «бітсін жікшілдік, іс қылатын мезгіл туды» деп, 5-ші жалпы Қазақстанның конференциясы ұран шашып, тараганын. Өлкелік партия комитетіне мүше қылып сайлаушы сендерсіңдер. Соның үшін де сендердің алдарында біздің есеп беріп, барымызды айтып, кемшіліктерімізді алдарына салып өткеніміз мақұл және де міндеттіміз. Қасаболатұлының күдікті арызы жайында мен ешнәрсе деп айтпаймын. Егер де біздің үлкен қатамыз, айыбымыз болатын болса тергеуге еріктісіздер және міндеттісіздер.

Голощекин жолдас айтқандай, екінші пленумға дейін арамызда ешбір алауыздық жоқ еді, бірлік бар

еді. Менің ойымша негізді мәселелерде алауыздық әлі де жоқ, жоқтығын бірнеше сыпаттамалармен көрсетіп өтпекпін. Екінші пленумдағы менің «енді тыныштық керек» деген сөзімнен кейін, маған қарсы шығушылар көп болды. Ондағы айтқаным мынау еді: «Қазақстан Ленинград емес, орталықпен екі арамызда қытай стенасы айырмайды, жалғыз-ақ Орынбор тұр» деп, менің ойымша, орыс шаруалары арасында рушылдық қалып болмағанмен өсіп-өнуіміз бірімізге-біріміздікі ұқсас, соның үшін де Голощекин жолдас көтерген қарашекпен мәселесінде біздің ұранымыз, соғысты, күресті қолдау емес, тыныштықты, татушылдықты қолдау болсын дегем.

Осы мәселе жайында газет бетінде де мені айыптап отыр. Қазақстан мен Кеңестер Одағы арасына ешбір меже қоймаған болып табылып отырмын. Дұрысында мұндай мағына шықпасқа тиіс еді. Орынбор губернесі Қазақстанның шекарасында екені өтірік пе? Біздің аралығымызда қытай стенасы жоқ деп айтсам, бар екені рас па? Менің бұл пікірім көптің ойына ешбір қайшы ой туғызып отырған жоқ. Соңғы мезгілдерде газетіміздің бас мақалалары осы мәселе хақында көп жазып жүр, сондағы көп жазатыны: менің шекара жайындағы көзқарасым. Орталық газеттің бас шығарушысы Тоғжанұлы Ғаббас жолдас бір кітабында былай деген: «Қазақты жалпы алғанда орыс мұжығынан айырмасы жоқ» деп (18-бет).

Тоғжанұлының бұл көзқарасы дұрыс па? Тоғжанұлы қата деп айтатын болса (Тоғжанұлы: «қата демеймін, түгел оқы»), не себепті қата дейді екен. Айтып өтсін. Меніңше, дұрысы осы болуы керек.

Егер де мұндай жолдастар бірер жыл бұрын жазғанын ұмытса, менің ойымша, бұл негізсіздік болып шықпайды, қайта бұл негізгі іске бейімдеген болады.

Екінші пленумда сөйлеген сөзімнен алып, осы мезгілге дейін менің бетіме соғып, қаралап жүрген мәселенің бірі – деревнялардағы және ауылдардағы жуан жұдырықтардың қазіргі жайы хақында. Деревнялардағы және ауылдардағы жуан жұдырықтардың қайсысы болса да бірдей, қансорғыштар деп, екінші пленумда айтуым шын. Орыс жуан жұдырықтары әлі күнге дейін төңкеріс қазанында қайнаған жоқ деген пікірге мен қосылмаймын. Бұл пікір қата... Мен сол

уақытта айтқам: «қазақ жуандары елдің ру таласымен пайдаланып, кедейлердің желкесінде жүреді, орыс ішінде рушылдық қалып жоқ. Соның үшін олардың деревнядағы әсері, күші кемірек болуға да мүмкін деу қате дегем. Мәдениет өскен сайын орыс жуандары кедейлер желкесінен біртелеп түсе бермекші деген ой қате. Мәселен, қазақ байларынан орыс кулактары кедейлерді аз қанайды, орыс кулактарынан неміс байлары аз қанайды деуге бола ма? Менімше, бұлай деу қате.

Жуан жұдырықтар қай ретпен кедейлерді езбесін, бай бір, езу, желкеге міну болмақ. Рас, қазақ ішінде байлар өзгеден гөрі кедейлерді тым топас, тым сорақы пайдаланады деуге болады. Сондықтан бұл қалыппен күресу – алдағы міндеттеріміздің бірі.

Менің бұл сөзімнен кедейлер тоқтай тұрсын, байлар тыныш болсын деген мағына шықпасқа тиіс. Мен бұл мәселені ұлт жағдайына қарап айтқам. Ауылдағы жұмыстарды ұлт жағдайына икемдеп барып шешу керек деген Голощекин жолдастың 3-күнгі сөздеріне мен әбден қол қоям. Орыс жуандары қазақ жуандарына қарағанда мейірімді болып шығыпты деген пікір таралуға мүмкін деп екінші пленумда да айтып өткем, солай болуы да мүмкін екенін естен шығару тиіс емес. Өлкелік партия комитетінің пленумында бізді бөтендерге қарағанда мейірімдірек деп қаулы шығарыпты деп иек көтерушілер де бар, өте-мөте Жетісу губернесінде бұл қалып болуы мүмкін. Голощекин жолдастан «жуан жұдырық та, бай да бәрі бір қансорғыш» деген сөзді естісек дұрыс-ақ болар еді дегем.

Бай хақындағы мәселені жеңіл мәселе екен деуге болмайды, бұл мәселені дұрыс шешу үшін әркім ойланып, дұрыс шара қолдану жөн. Пленум соңынан да бұл мәселеге аз көңіл бөлгенім жоқ. Қолданатын шараларымыз қандай болуы үшін біраз жолдарды айтып Сталин жолдаспен де сөйлескем. Егерде менің оған сөйлеген сөздерім теріс мағыналы болатын болса, «өтірік айтып кетті» деп Сталин жолдас айтар. Ол уақытта партия алдында үлкен жауапты болуға бармын. Маған Сталин жолдас былай деп жауап қайырған: «Бұл көзқарас қата, төңкеріс болғалы 7 жыл болып кетті, 7 жылдың ішінде орыс жуаны қарап отырған жоқ, жуан жұдырықтардың сүлделері бәсеңкі болатын болса,

жуан жұдырық мәселесі қазіргі уақытта араларымызда болмаған болар еді» деп.

Байлар тақырыпты нендей шаралар қолдануға ұйғарылған пікірлер болды? Үлкен жауапты қызметкерлердің бірінен санаған Лекеруұлы жолдастың мақаласы тақырыпты бір азырақ айтып өтейін. Жазған мақаласы бай және жуан жұдырықтардың үстіміздегі дәуірдегі жайы хақында былай деп жазады. «Төңкеріс бүліншілігі кімге де болса бірдей шалығын тигізді, орыс байы болсын, қазақ байы болсын бірдей шабылды. Қазақ байының шаруашылығы төңкерістен күйзелмеді ме?.. Шаруа салығын бірдей төлемеді ме? Жаңа шаруашылық саясатынан кейін шаруашылығы тағы да көтеріле бастады, орыс жуандары аз да болса бар мәдениеті арқасында шаруашылығын бұрынғы сапасынан да арттырады, оларда шаруа саймандары жеткілікті, қазақ байының шаруашылығы қалыпта. Осыған қарағанда орыс байының ауқаты қазақ байынікінен артығырақ деп айтуға болады» деп («Еңбекші қазақ» газетінің 26 жылғы сентябрь ішінде шыққан бір санында басылған).

Мен қазақтың байы да, орыстың байы да бірдей қанішер десем, Лекеруұлы жолдас қазақ байы орыс байынан нашарырақ дейді, орыс байына түскен шаруа салығы қазақ байына да түсті, орыс байларының саймандары көп, қазақ байларында ешбір сайман жоқ, шаруашылығы тұрақсыз, соның үшін де қазақ байынан орыс байының күші, маңызы артық дейді. Бұл жерде Лекеруұлын кіналау үшін бұларын көп алдына салып отырғаным жоқ.

Байлар тақырыпты пікірлерін көп алдына салушылар кіналы болуы жөн емес, әркім білген қадарынша байларға қарсы нендей шара қолданушылықты айтып өткені керек. Сәдуақасұлының байшыл еместігін бұл да көрсетіп отыр.

Екінші мәселе Голощекин жолдастың тезисінде айтылған менің ауылға көзқарасым жайында. Маған қойып отырған кінасы былай көрінеді. Олардың түсінуінше мен былай дегем: «Ауылда шаруашылық түрін өзгертпей-ақ Қазақстанда социализм құруға мүмкін» деп. Егерде мен былай деп айтқан болсам ешбір жалтармай-ақ «жынды» деп атауларыңа болады. Ауылда шаруашылық негізін қайта құру тиіс деп кооператив

және жастар тақырыпты жазған кітаптарымда бірнеше жазып өткем. Сенбейтін жолдастар оқып көрсін. Осы мәселе тақырыпты Митрофанов жолдаспен айтысып жазған мақалам жуырда «Большевик» журналында басылып шығады, бұл мақалада былай дегем: «Қазақ ауылдарында тап күресінің жүзеге аспаушылығына екі түрлі себеп бар: «бірі – байлардың кедейлерге жеке басыбайлығы, екінші рушылдығы» деп, Қазақстанның өлкелік партия комитетінің майда болған пленумы дұрыс шешкен. Рушылдық салдарды құрғақ қолмен сыпырып тастауға мүмкін емес, бар күшімізді жинап, әдісті алдан құрып барып іске тұтынуымыз керек. Қазақ кедейі өзімшілдік қалыпқа бейімделіп барады деп жылауымыз қата. Ауыл шаруашылығының өршіп-өну саясаты бүкіл одақ көлемінде бір қалыпта тұрғандығы көз алдымызда тұр. Жалпы елді кооперативтендіру керек деген Ленинның өсиеті жалғыз ғана орыс халқына арналған өсиет емес, қазақ халқына да арналған, қазақ кедейлерін социалдық тұрмысқа жеткізетін – кооператив».

Бұл айтып отырған Ленин сөздерінің ұшқыны, айтыс тумастан ай жарым бұрын жазылған. Сәдуақасұлы қаталасқан болса, жұрт айтқандай теріс лағып, бұрала жайылып жүрген қатасы жоқ. «Байға қағыспа, қазақ даласы бұрынғы сарыны, бұрынғы беті бойынша өршіп-өне берсін» деп ешуақытта айтқаным жоқ.

Енді қазақыландыру жайында сөйлеймін. Қазақыландыру жайында маған қысқарақ сөйлеуге тура келеді. Неге десең, бұл әңгіменің басы-қасында Мыңбайұлы жолдас, менен гөрі Мыңбайұлы толығырақ қылып айтар. Мен мынаны ғана ескертіп өтпекші боламын: өлкелік партия комитеті бюросында қабыл алынған қазақыландыру және жікшілдер тақырыпты заттар мүшелер тарапынан бір ауыздан қабыл алынған және де ол мәселелерді оңдаушы комиссияның ішінде мен өзім де болып бірге жазысқам. Қазақыландыру ретіндегі хатты Голощекин екеуміз жазғанбыз, менің құрған жоспарымды комиссия нашар деп тапқаннан кейін Голощекин түрліше өзгерістер кіргізген. Өзгерістерінің ішінде қазақ жігіттерінің кейбіреулері қазақыландыру мәселесін теріс ұғынып, есепсіз, жүз процентке дейін қазақыландыру жұмысы жүзеге ассын деп айтады қылып, айтып өткен. Менің қарамағымша өлкелік партия комитеті бюросында айтарлықтай

қыңыр жақтылық болған жоқ еді. Бұл әңгімелерді мен бүгін айтып отырғаным жоқ, бүгін ғана айтып отыр деп көңілдеріңе күдік келтірмеңдер. Қашаннан айта бастағанымды сипаттайтын жазған мақалам бар, ескертіп отырмын. Өлкелік партия комитеті бюросында қазақыландыру мәселесі қараларда, ұмытпасам, бақылау комиссиясы өкілі Александров жолдас, «қазақ басып келеді» деген Митрофанов та былай демегенмен де қазақыландырудың мәнісіне түсінбеген. Морозов жолдаспен жайшылықта сөйлескенімде Митрофановқа жауап жазармын деп жүруші еді, «конспектімді Мәскеуде ұмытып тастап кетіппін» деді. Сірә, Қызылордада жазуға уақыты болмай жүрсе керек. Қазақыландыру ретінде мен былай деп жазғам: «Қазақстан республикасы сияқты республикаларда қазақыландыру жұмысын 100 процентке шейін жүргізсек, байлар үстемшілігін тудырады деушілік қата, олай қарау тиіс емес. Қолдағы бар күшімізге қарап қазақыландыру мәселесінің жүзеге асатын мезгілі жетті, мезгілі жеткендігін партиямыз да ескеріп отыр. Енді ойланудың орнына кеңес, партия орындарының қаулыларын орындауға кірісу жөн» деп.

Бұл айтылған сөздерден қазақыландыру жайында ретсіз жолдар сызады, халімізбен есептеспейді екен деген пікірлер тууы керек емес, бұл сөздерден ондай пікір тумайды. Кеңес мекемелерін жалпыға жуықтату, жергілікті тілін іс жүзінде жүзеге асыру тақырыпты өлкелік партия комитеті таратқан хатты орындаған болып табылмақшы. Қазақыландыру жайындағы бұл хатты қабыл аларда менің қара басым қарсы болғаным жоқ, келешекте де бұл хатты ретінше орындау міндетіміздің саналмақшы. Мені қыңыр болды деп жолсыз кіна тағулары қата деп білемін.

Голощекин жолдастың баяндамасында бірінші орын алған жікшілдік мәселесі тақырыпты сөйлеймін. Жікшілдік салдары жалғыз ғана Қазақстан көлемінде болып жүрген жоқ, Қазақстан сияқты мәдениеттен кейінде қалған уақ республикалардың қайсысында болсын жікшілдік салдары мол. Бірақ жікшілдік қалып еш мезгілде жойылмай осы қалыппен кете береді деушілік қата, «жікшілдік жақсы болды ғой» деп, ешбір коммунист қуанбас, ренжір. Күнделік жұмысымызға жікшілдіктің зияны аз тимес, партия негізін аз кемірмес, жаңа жікшілдердің пікірі, мақсұты келешегімізге үлкен

қауіп деп екінші пленумда да айтып өткем. «Жікшілдіктің науқасымен біреу ауырса, бөтендерге де жұқтыруға тырысар» деп, сол мезгілде ескертіп өтіп едім, дұрысында осы сөзім шынға айналып келеді.

Бұл мәселе туралы өлкелік партия комитеті хатының тарихынан азырақ айтып өтейін. Комиссияның тапсыруымен ол хаттың жобасын бірінші рет даярлағанымда мен мынадай бөлім кіргізіп едім: «жалпы алғанда жікшілдік тартысы партия жағына қарсы, бірақ осымен күресу жолы – біреуін-біреуі өсектеу, шағым түсін алып кетпесіне сай болу керек. Партия жолын теріс бұрушылармен аянбай күресу керек. Жікшілдіктің жөнінен берілген шағымдарға партия мүшелерінің өздерінің комитеттеріне жайшылықта беретін арызы секілдендіріп қарау керек емес.

Жікшілдіктің бұл еншісіне тиген бір түрі. Шағымды беруші де, шағымды алушы да – түскен шағымды партия комитеттерінің қарауына бермей, «керегінде еске алармыз» деп, қалтасына тыға салса, – партия алдында жауапты болуы керек.

Әрбір шағымшыл өсекшілер жауапты болсын, партия бұл жөнде ешкімді де аямасын».

Хаттың жобасында мен осылай деп жазып едім. Жолдастар, мен осыны айтқанда жалғыз жікке қарсыларды ғана алып отырмын ба? Жоқ. Оның ішіне мен өзімді де қосып отырмын. Мәселен Қасаболатұлы сияқты адамдардың хатын алайық. Егер бұл хат тезінен өлкелік партия комитетіне салынған болса, Қасаболатұлының хаттағы сөзінің бәрі шын болса, оған қарсы Сәдуақасұлы шығып бұл әшейін жікшілдік күресі ғой десе, онда оны ұру керек. Егер айтқанының бәрі өтірік болса Қасаболатұлын партия жолымен жазаландыру керек. Сонымен бәрін, арамза жікшілдерді ондаймен әуестенбейтін қылу керек.

Міне, менің айтатыным осы. Мен мұнда біреуге дегенде өзіме де арнап отырмын. Жолдастар, жікшілдіктің түрлі түрі бар. Біздің алдымызда тұрған ауыр мәселе – соның бәрін де қазып шығарып, бәрімен де күресу. Голощекин жолдастың «партия жолына түстім деген жолдастар артынан бәрін жаңадан жік туғызып жіберетін болса, бұл Қазақстанның соры» дегеніне мен сөзсіз қосылам. Бұл Қазақстанның арылмас соры болар еді. Бұлай болар деп Қазақстанның

дұшпаны да ойламас, Жікшілдікпен күресуіміз керек. Күрескенде іс жүзінде осы күреске бәріміз тегіс кіруіміз керек. Сонда ғана біз жікке қарсы күресті дұрыс жүргізе аламыз.

Жолдастар, мен жік жұмысын жүргіздім бе? Жүргіздім деймін. Айтпайтын несі бар. Жікті жоюға тілегім болды ма? Болды. Мен бұған кішкене документ көрсетейін. Өткен жылы мен Жетісуға бардым. Жолда Сырдарияға ұйымдардың жұмысымен танысуға мүмкіндік болды. Мен сонда Сырдария губернесіндегі жікті көріп жаман шошығам.

Орынборға келісімен мен бұл мәселені өлкелік партия комитетінің қарауына салдым. Менің баяндамам бойынша өлкелік партия комитеті Азол жолдасты бас қылып бір комиссия жіберді. Азол жолдас Сырдарияда ешбір жік жоқ екен, Сәдуақасұлының айтқаны дәлелсіз екен деп келді. Одан бері жыл өтті. Сырдария ұйымдарын біз тағы қолға алдық. Қайтадан зерттеу үшін әдейі комиссия жіберуге тура келді. Бұл комиссияға Азол жолдас тағы бас болып сайланды. Азол жолдас бұл жолы бұрынғы менің айтқан адамдарымды жікшіл екен, ондағы жұмысқа қоюға болмайды деп материал әкелді.

Голощекин: «Қандай жік туралы сөз болып еді?»

Сәдуақасұлы: Жіктің бәрі де жақсы (жұрт күлді). Бұл не? Бұдан бір жыл бұрын сол адамдардың бәрін де жақсы екен деп мақтап материал әкеліп еді, бір жылдан кейін екінші түрлі болып отыр. Өлкелік партия комитеті сосын мынадай қаулы шығарды: «Сырдария ұйымы туралы Азол жолдастың баяндамасын тыңдап, өлкелік партия комитеті бюросының 22 майдағы шығарған қаулысын өзгерту керек, өйткені партия конференциясы сайлауындағы Голощекин жолдастың жұмысы және сол туралы өлкелік партия комиссиясының қаулысы бойынша жаңа материалдармен Азол жолдас қайтадан зерттегенде Сәдуақасұлы жолдастың хатшылар алқасына берген хабары анық болып отыр» (Өлкелік партия комитеті бюросының 26 жыл 28 январьдағы мәжілісі).

Олай болса, жолдастар, бұл жерде мен ылғи жаман нәрсе істеп жүрген болмаймын. Егер өлкелік партия комитетінің бұл қаулысы менің баяндамам бойынша бұдан бір жыл бұрын шығарылған болса біздің пайдамызға жараған болар еді. Жікті жоюға ынта болды.

Мүмкін білмегендік болған шығар, кейде, тіпті, жікшілдік ретімен болса да, әйтеуір ынта болды. Сондықтан пәленше жікшіл, қыңыр пікірі бар, ол түзелмейді деп айту – үлкен қате. Бұл дұрыс емес.

Мен енді өлкелік партия комитетінің басшылығын айтып өтейін. Голощекин жолдас жікшілдік ауруы бізде екі крайком туғызды, крайкомның ішінде де, сыртында да осы жұмысты жүргіздік дейді. Жолдастар, біз бюроның мүшесі болған соң сіздердің алдарыңызда қайтсек те жауаптымыз. Сіздер шығып сөйлеп, өлкелік партия комитетінің жолына қатерлі мәселелерді туғызғандығымыз үшін тергей аласыздар. Бұған хақыларыңыз толық. Бюро мүшелеріне бұдан басқа шара болмау керек.

Егер, біз: «жұмыстың бәрі де жақсы, бірақ мен мынаны сезіп отырмын, сенің анадайларың бар» деп отырсақ, әрине, келісу қиын. Өйткені істеген іске, сөзге сенім болмаған соң, қалай келіспекпіз.

Голощекин жолдастың шын сенген нәрсесіне менің де қарсылығым жоқ. Бірақ, Голощекин жолдас, сіз мынаған да сеніңіз: біз өлкелік партия комитетінде дауысқа салғанда бір ізбен шығып отырсақ, жамандықты ішке сақтап отырғандықтан емес. Егер сіз осылай түсінсеңіз, онда бізді бағалай алмағандығыңыз, дұрысында бұлай емес. Өлкелік партия комитетінде біз бір дауысты болсақ, бұл – біздің партияға сенімміздің күштілігінен, іс жүзінде туған ділгерліктің соған сүйрегендігінен.

Голощекин жолдас: «Жаңа жікшілдіктің ұйысуы август айында басталды, сентябрьде басталды деушілер де бар, бірақ арасы жақын ғой, Сәдуақасұлы мен Мыңбайұлы өлкелік партия комитетінің көпшілігіне, әсіресе, Голощекин жолдасқа қарсы болғандықтан жік жолына түсті» дейді. Мен бұл жерде бірнеше дәлелдерді алдарыңызға таратайын. Голощекин жолдас Мәскеуде менімен кездескенде осы жөнді сөз қылды. Мен одан ешнәрсе де білмейтінімді айттым. Ол менің ондаймұндай хабарым бар деді. Мұнда келген соң қалай екен деп сұрап едім: «әзір ешнәрсе емес, мына Мыңбайұлының азырақ сыбысы бар, оны сен арқылы жуасытармыз» деді. Мен: «жарайды» дедім.

Сырдария мәселесі. Сырдария мәселесі губернелік атком ағалары мен хатшыларының арасындағы аралас жөнінде бірінші мәселе болса, ол уақытта ешкімнің де сөзі жоқ.

Бұл туралы Голощекин жолдастың өзіне айтып едім: «Семей губернелік атком ағасы хатшымен келісе алмай отыр, Ақтөбеде, Оралда да солай, жалғыз сау тұрған Сырдария еді, о да ұрысып отыр. Ал Жетісуды алсақ, жұмыс істеуге жағдай қандай ауыр болса да, губатком мен хатшысы сөзге келген емес» деп еді.

Голощекин: Ондағы басшылықтың тамаша болғаны ғой.

Сәдуақасұлы: Басшылық жұмысына сіз де, біз де жауапкерміз, бұл бәріміздің жалпы айыбымыз. Олай болса, мұнда Фомин мен Мұстанбайұлының айтқанынан басқа да бірдеменің болуы мүмкін емес пе, нағыз ойланатын нәрсе сол болуы мүмкін ғой. Мұндай ойға келгенде менің айтуға хақым бар емес пе? Хақым бар. Қызылорданың жазы жыл сайын ыстық болады. Осыны көрген соң жұрт Қызылорда ыстық деп жүр. Бірақ дүние жаратылған жылы Қызылорда ыстық болады деп ешкім айта алмаған шығар. Егер губерненің бәрінде де осындай келіспеушілік бола берсе, мұндай ойымды айтуым жөн емес пе? Жөн ғой деп ойлаймын. Бұл мәселені біз өлкелік партия комитетінде қалай шештік? Өлкелік партия комитетінде бұл мәселе бір дауыспен шешілді. Фомин жолдас шын ерлік сөзін айтып: «Мен төңкерістің солдатымын, өлкелік партия комитетінің айтқанына бас иемін» деді. Біз: «қосылып істеп көріңдер» дедік.

Осы жұмыста ойыма шек алған нәрсемді мен өлкелік партия комитетінің бюросына апарып салдым ба екен, осы мәселе туралы қосылмай жеке қалдым ба, ия басқа түрлі мағына шығарып, баспасөз бетінде қарсы шықтым ба? Бірін де істегенім жоқ. Бюро мүшесінің біреуі ойын айтады екен, бюро оны бір дауыстан шешіп, мәселе сонымен бітеді екен, осыны қисын жағынан қалай айыптауға болады. Мен мұны Голощекин жолдастың қалай болғанда да дұрыс бағалай алмағандығынан деймін.

Осы жөнде мен тағы бірнеше мәселелерге қағылып кетпекшімін. Голощекин жолдастың жөн сөзін дұрыс деу керек. Бірер қазақ іске сайланатын болса, бұл өзі қай жіктікі екен деп сұрау біздің арамызда бар әдет. Мұны бекер дей алмаймыз. Бірақ қазіргі сөзім крайком бюросы туралы ғой, крайком бюросында осындай қалып болды ма екен! Болған жоқ. Ең арғысы атышулы август пен

сентябрь айынан осы күнге шейін тып-тыныш болды. Орынға сайланатын адамдардың бәрі де бір дауыспен өтіп отырды. Әрине, басқа істері болмаған соң, қол көтермей амалы қайсы деп айыптаушылар да болар. Бірақ шынына сенсеңіздер, соңғы кезде сайланған адамдарға қол көтергенде мен сол адамдардың жұмысқа шын керектігіне көзім жетіп барып көтердім. Сондықтан бұл жерде сөйленетін сөз Сәдуақасұлының өзін қалай алып жүргендігі туралы емес, оған сену керек пе, сенбеу керек пе, осы туралы болу керек қой деймін.

Голощекин жолдаспен неше рет сөйлескенде де мен ылғи бірлікті бұзбауға керекті шараларды қолданумен келдім. Бұл туралы кішкене бір документті суреттеп өтейін. Биыл сентябрьдің 16-сы күні Голощекин жолдасқа хат жаздым. Сол хатымның бір жерін алып оқысын:

«Құрылыс жөніндегі негізгі мәселелерде бірігіп отырсақ та, жеке мәселелерде көңілсіздіктер туа береді. Мысалға кешегі кооператив мәселесін, астық дайындау мәселесін, болмаса бюроның алдыңғы мәжілісіндегі партияда ағарту жұмысын алайық. Бұл жөнде арадағы көңілсіздіктерді жою туралы мен қанша тырыссам да, сіз оны толық қарсы алмайсыз. Сіздің соңғы айтқан: «жеңдірмеймін» – деген сөзіңізге мен таң қалдым. «Жеңдірмейміннің» жөні қалай, бұл қай жеңу туралы айтылып отыр? Біздің не бар ойымыз крайком бюросында осы уақытқа шейін сақталып келген бірлікті бұзбау еді ғой. Сізбен неше рет сөйлескенімізде осы бірлікті бар деп тауып, бұдан былай да соны сақтамақшы едік қой.

Енді екінің бірі: негізді мәселелердегі бірлігіміз бізді іс жөнінде біріктіру керек, болмаса жеке мәселелердегі арадағы келіспеушілік біздің бірігіп жұмыс істеуімізге кесір болмақшы.

Мен өзім негізді мәселелерде біріккен күйімізбен айрылмай жұмыс істеуді тілеймін...»

Голощекин жолдасқа хатты мен осылай жаздым. Голощекин жолдас бұған қандай жауап берді? Оның да хатынан алып оқиын. Бір жерінде былай деп жазады:

«Мен сенімен сөйлесіп бірлікті туғызу туралы қазір де дайынмын, соған ұмтылам. Шынында, сенің жазғаның дұрыс, қай мәселелерде болса да бізде бөлінушілік болған жоқ».

Тағы бір жерін оқиын:

«Тағы да, тағы да, тағы да айтам, бізде негізінде

бүліншілік жоқ. Сондықтан бірігіп іс атқаруға бар күшімді салам...»

Олай болса, сентябрьдің 17-не шейін бүлінушілік, қыңыр тарту секілді іс сезілмеген болады.

Голощекин: Аяқ жағында: «Ендігі сөз сізде».

Сәдуақасұлы: Ия «Ендігі сөз сізде». Мұның артынан крайком бюросында біз өзімізді қалай алып жүрдік. Голощекин жолдастың бұл уақытқа шейін әдеті – үлкен кісілерді бірер орынға сайламақ болса (әрине, бұларды үй бастықтары (домком) деп атауға болмайды). Мыңбайұлын, Нұрмақұлын, мені – пәтеріне шақырады. Біз біршама сөйлесеміз... Мен әлі де айтам, бұл – үй билеуші емес қой. Хат жазысқанның артынан мен Голощекин жолдасқа: «жеке мәселелер туралы құдай үшін менімен күні бұрын сөйлесе көрмеңіз. Мен бюрода сіздердің көрсеткен адамдарыңызға қол көтерейін» дедім. Міне, ол кісінің «ендігі сөз – сізде» дегеніне беретін жауабым осы.

Голощекин жолдас бізде қыңыр тартушылық бар дейді. Жоғарғы дәлелдерге сүйеніп мен «Жоқ!» деймін. Егер болса, бюро ондай мәселені мәжіліске салған болар еді.

Жолдастар, ағарту комиссары болғандығымнан үстіме артылған жүктің ауыр екендігін білемін. Ағарту комиссариатында көбіне партиясыз оқығандар қызмет қылады. Солай болған соң, жұмыстың бәрін көңілдегідей деп айту, әрине, адасқандық болар еді. Голощекин жолдас мұнда осы қиыншылықтар туралы, атқаруға менің қолымнан келмей жатқан жұмыстар туралы айтып отырған жоқ, сол оқығандармен көребіле жымдасып кеттің деп отыр. Мен ашып айтайын: Алашорда пікірімен менің ешбір қатынасым жоқ, өйткені мен коммунистпін. Біздің кейбір ісімізде, кейде сөйлеген сөзімізде ондай жаңылыстар болуы да мүмкін, бірақ біз өспекшіміз, шынықпақшымыз ғой. Өсе, шыныға келе ондайдан құтыламыз ғой.

Кішкене бір документті көрсетуге рұхсат етіңіздер. Бұдан жыл жарым бұрын өлкелік комитет «Ақжол» газеті туралы Сталин жолдастың хатын алған.

Өлкелік комитет бұт хатқа жазған жауабында: «Бұл ұлт шекарасын айыру дәуірінде болған іс екен» деген. Осыған мен жалғыз қарсы болдым, сол туралы былай деп жаздым:

«10 июньде крайком бюросының мәжілісінде «Ақжол» газеті туралы Сталин жолдастың хаты талқыланды, командировкада болғандықтан мен қатынаса алмай, ойымды айта алмай қалдым.

«Ақжол» туралы крайком мүшелерінің берген жауабындағы «ұлт шекарасы айрылғанға шейін бұрынғы Қырғызстанда «Ақжол» басты газет болып келіп еді» дегені дұрыс емес. «Ақжол» бұрын да, ұлт шекарасы айрылған дәуірде де қазақтың ескі оқығандарының қолында болып келді. Осы оқығандар газеттің бас мақаласын да жазды. Дүние хабарының қорытындысын да жазды. «Ақжол» тілшілерінің соңғы съезі де осы оқығандардың бастауымен өтті.

«Ақжолды» басқарған қазақ коммунистерінің негізгі қатасы – газетке жәрдемдесуге коммунистерді тарта алмады. Түркстанда қанша өзгеше жағдай болса да, «Ақжол» газетінің коммунистік жолына жатпайтын, кеңес өкіметіне жанаспайтын түрін жолдастар сезу керек еді.

«Ақжол» газетін дұрыстауға керекті шара – басқармасын ұлтшыл оқығандардан тазарту керек. Оқығандарды жұмысқа жегу керек деген пікірді мен түгелімен қолдаймын. Бірақ оларды жұмысқа жеккенде, «Ақжолдың» басындағы күй сықылды қылмай, өзіміз жөн сілтеп отыруымыз керек.

Крайком бюросының мүшесі – Сәдуақасұлы.»

Осы көзқарасымды менің өзгерткен жерім бар ма? Өзгерткен жерім жоқ. Өзгертті деп ешкім дәлел көрсете алмас, осы беталысыммен мен осы күнге шейін келемін. Кейде жұмыс ретінде оқығандарды пайдалану туралы кейбір жолдастармен сөзге келіп қалған болсам, оның бәрін алашордашылдық дей бермеу керек.

Қазірде не көріп отырмыз? Оқу кітаптарын дайындау жөнінде мен сондай күйге жеттім, ақырында крайком бюросынан да, ағарту комиссерлігінен де босатыңдар, мен кітап жазуға кірісейін деп крайкомға арыз да бермекші болдым. Егер жұрт осыны өзінше жоритын болса, Нұрмақұлымен өте жақын едім (қазір де жаман емеспін), осы мәселе туралы ол кісімен де ақылдастым. Шынын сол кісі айтар. Менің арыз беремін дегенімді кейбір жолдастар бұл да өз алдына бір қыр көрсету деуден тайынбаған. Бірақ Нұрмақұлы жолдас менің шын айтқаныма сенсе де, жұмыстан босатуды мүмкін

емес деді. Міне, оқу кітаптарын дайындау жөнінде менің қандай күйге түскеніме осы дәлел.

Коммунист жолдастарға: «өздерің шығарып сөз жазындар, баспасөзге сын жазыңдар» деп талай айттым, мақала да жаздым. Бірақ шыққан адам аз болды. Олай болса, оқығандардың бәрін қайырып салатын күйге біз жетпеген боламыз.

Сөз осы туралы болып келе жатыр. Крайкомның тапсыруымен мен партиясыз оқығандардың арасында жұмыс істеп келемін. Жұмысымда кемшілігім болса, оны түзету крайкомның міндеті. Бірақ оны қыңыр тарту деп жүру дұрыс емес.

Жолдастар, бізде талай жікшілдік болды, оны жоюға талай кірістік те. Мынадай да таластар болған, мәселен: Меңдешұлы мен тағы біреулер Орталық партия комитетіне жазған арызында былай дейді: «Осы әсіре ескішілдерден (Қожановты айтады) ұлт байларының пайдасын көздейтін Сәдуақасұлы мен Нұрмақұлының жігі айрыла бастады...». Бұл – Қожанұлының Мәскеуге бармаған кезі. Осында отырып, бізбен тартысып отырған кезі.

Осы арыздың бір данасы қолыма тиген соң, мен оны Голощекин жолдасқа алып бардым. «Бұл мәселені крайком бюросына салу керек. Бізді байшыл деп айыптапты ғой, мұны естіп, текке отыруға болмайды. Дәлелмен мойнымызға салса, біз оларға орнымызды берелік, әйтпесе олардың қатасы ашылсын» дедім.

Голощекин жолдас: «Мұндай уақ-түйекті теріп не керегі бар, бұл арызды тексерген, біз Меңдешұлының жігін күшейтіп аламыз» деді. Мүмкін Голощекин жолдастың сөзі рас та шығар. Бірақ жікті қисын жағынан негіздеушілікті біз бірінші рет естіп отырғанымыз жоқ.

Мен Голощекин жолдастың тезисінен меңзеуді тілемеймін. Бірақ біз иығымызбен талай жүктерді сүйредік.

Енді сол жүктер қайтадан бас көтерсе, бізді бұл ойландырады. Әсіресе, бұл туралы осында сөзге ілігіп отырған адамдар ойлануы керек.

Жолдастар, Қазақстан секілді артта қалған елде социалдық тұрмысты құру жұмысын тарих біздің әлсіз иығымызға әкеліп артты. Біз коммунистер, партияға – партияның түрмеде, айдауда, шұбырындыда, зауыт-фабриктің подвалында жасырынып жүргенінде кірмегенімізді мойнымызға аламыз. Біз коммунистер

партиясы Ресейде өкіметті қолына алған соң кірдік. Өкімет тізгінін қолымызға алып бердің ғой, енді жүре бер деуіміз жөнсіздік болар еді. Мұны біздің ешқайсымыз да айтпайды. Біз үйреткендерге солардың жәрдемімен жұмыс істеп жүргендігіміз үшін алғыс айтамыз. Бұл жөнде Голощекин жолдастың қызметіне ешкім де таласпайды, «Голощекин жолдас біздің жұмысымызға керте болып отыр, бізді ілгері жібермей отыр», деп ешкім де айтпайды. Біздің таласымыз бұл туралы емес, біздің таласымыз өскендігімізді негізге алып, бұдан былай да ілгерілей беру туралы.

Голощекин жолдас қазақ даласында октябрь төңкерісін өткізу керек дегенде: мен сол октябрьдің шегін белгілеу керек дегем. Кооператив туралы, салық туралы, ауыл шаруашылық қарызы туралы сөйлесе келіп, пленум біткен соң, екінші күні жер туралы декретті бір дауыстан қабылдағамыз. Октябрьдің шегі деген осы.

Бірақ, Жандосұлының тезисінен тысқары октябрь шегін кеңейтеміз дейтіндер біздің арамызда бар ма? Әрине, бар. Жасыруға болмайды. Олай болса, не қылу керек.

Голощекин жолдас сөзінің қорытындысында біз жікке қатыспаймыз деп ашып айтсақ, бұл уақытқа шейін істеген жұмысымызды қата деп мойынға алсақ, тағылған айыпты жоюға болады дегенді айтты. Жолдастар, жікшілдік мәселесі әдісшілдікке жатпайды, мен мұны талай ашып айттым. Біз 100 процент коммунист емеспіз, өйткені патша кезіндегі айдалуды, жер аударылуды көргеміз жоқ. Бізде толып жатқан жаңылыстар бар, мұны мойынға аламыз. Мойынға алумен бірге қаталықтарды жоюға ынта да саламыз. Әңгіме істеген қаталықтар туралы болса, менің істеген қатам жоқ деу адасқандық болар еді. Мынау менің 2-пленумда сөйлеген сөзім. Қаншалық қатам бар екендігі осында ақтың үстіне қарамен сызылып тұр. Жалғыз мен емес, қай қайсымыздың да істеген қатамыз аз емес. Сондықтан көңілдегідей толық өспегендігімізді, мынау нағыз коммунист деп айтатын дәрежеге жетпегенімізді қайсымыз болса да мойындауымыз керек. Жікшілдік тартысының керексіздігі туралы арыз керек болса, мен мұны құттықтаймын. Нұрмақұлы және басқалары мұны екі ай бұрын сезген болса, мұның үшін оларды да құттықтаймын. Айда, олай болса, мұны бірігіп отырып крайком пленумына айтайық. Бұл мәселе туралы

көпшіліктің алдында, Қазақстан ұйымының алдында біз бірінші рет шығып отырмыз.

Смағұл жолдас Сәдуақасұлының екінші сөзі

Жолдастар! Ең әуелі мен бір справка беріп өтейін. Ағарту комиссариаты өлкелік партия комитетінің кейбір қаулыларын орындамапты деген делінді. Жолдас Морозов рабфак туралы айыптады. Шынында рабфак туралы өлкелік партия комитетінің қаулысы октябрьдің аяқ шенінде, менің жоғарғы дәрежелі мектептерге оқушыларды орындау тақырыпты жасаған баяндама бойынша шығарылды. Биылғы жылдың бюджеті ол кезде бекітілген болатын, сондықтан қанша жармассақ та биылғы жылы рабфак аша алмайтындығымыз беп-белгілі. Және де рабфактың қаржысын Мәскеу бермекші.

Жолдастар! Голощекин жолдастың алғашқы баяндамасында, соңғы қорытынды сөзінде де едәуір мәселелер қозғатылып, бір талай сұраулар қойылды. Мен бұларға жауап бермекшімін. Өзімнің алғашқы сөзімді кеңітіңкіреп біраз түсініс бермекшімін.

Алдымен оқығандар туралы мәселеге келейік. Қазақстанда коммунист партиясының алғашқы құрылған жылдарында алашордашыл оқығандардың әсер еткендіктері рас. Басқалармен қатар мен де солардың әсерінде болдым.

Соңғы кездерде жазған мақалаларымнан, бұл мақалаларда оқығандар туралы айтылған пікірлерімнен мен әлі де болса қайтқан жоқпын. Мен әлі де сол пікірімдемін. Тоғжанұлы жолдас өзінің бір кітабында бұл мақаланың бір жерін үлгі ретінде келтірген де болатын. Осы күнге шейін бұл көзқарас әлі анықталып, зерттеліп жетпеген болса, бұл ретте тарихи материалдар жиналмаған болса, бұларды жинау, зерттеу, анықтау керек. Бұл көптің міндеті. Бұл материалдарды Смағұл ғана емес, жалпы Қазақстан коммунистері жинау керек.

Жолдастар! Енді бай деген сөзге келейік. Менің байға көзқарасым толып жатқан мақалаларымда, кітаптарымда ашық жазылған. Мен әлі де сол пікірдемін. Өзімше байды жақтаған, байшыл болған жерім жоқ. Байшыл дегенді мен жала деймін, бұл айыпты мойынға көтермеймін. Байшыл болғаным жоқ.

Біз байға қандай көзбен қарайтындығымызды, байдың мәнісін, маңызын анықтап ашып алуымыз керек. Менің

ойымша бұл жұмыс та жалғыз менің міндетім емес, жалпы Қазақстан коммунистерінің міндеті. Келешекте бұл мәселе тақырыпты бәріміз де жіті көңіл бөлмекшіміз.

Енді қазақыландыру жұмысына келейік. Қазақыландыру ретінде менің пікірім өлкелік партия комитетінің губернелік партия комитеттеріне жіберген хатында жазылған. Өлкелік партия комитетінің қаулы, қарарларынан шыға жайылған жерім жоқ. Мен мұны алғашқы сөзімде де айтып өткем. Өзімнің сөзімде де, істеген жұмыстарымда да қазақыландыру мәселесінде кінәлі деп білмеймін. Өйткені бұл мәселеде өлкелік партия комитетінің қаулы-қарарларынан шетке шыққан емен, бұл қаулы-қарарларға қарсы үгіт-насихат та жүргізіп көргем жоқ.

Өлкелік партия комитетінің бюросында бұл мәселе талқыға салынған шақтарда кейбір пікірлер айтылған болса, бұдан менің сыңарезулігім табылмайды. Бұл ретте әр түрлі әдістер ұсынылған, көппен қатар мен де өз пікірімді айтқам. Көп сөздің қорытындысында белгілі қаулы шығарылды. Мен бұл қаулыға қарсы болған жоқпын. Қаулыға әбден ырзамын, ешбір қарсылығым жоқ. Сондықтан қазақыландыру ретінде Смағұлдың бағыты өзгеше деу, тіпті, дұрыс емес.

Енді ұлттар арасындағы алакөзділік мәселесіне келейік. Европалық қызметкерлер мен қазақ қызметкерлерінің екі арасы және де Қазақстандағы әртүрлі ұлттардың бір-біріне көзқарасына келейік.

Европалық қызметкерлерді Қазақстаннан қуу керек, орыс қызметкерлерімен ылғиына ұрысып-керісіп тұру керек деп ешкім айтпас. Бұл ақымақтық, және де зор қата. Мұндай сөз ешуақытта болған емес. Менің ойымша: біз европалық қызметкерлермен қолға қол ұстасып, істес болу керек. Аз уақыт емес, өмір бойынша істес болуымыз керек. Өйткені Қазақстанда қазақтардан басқа да ұлттар аз емес. Бұл менің ежелгі пікірім. Мұны бәріңнің алдында ашықтан-ашық жариялаймын.

Соңғы мәселе оңшылдық-солшылдық туралы. Менің білуімше, бұл мәселе баспасөз бетінде де, өлкелік партия комитетінің бюро мәжілісінде де жеткілікті түрде талқыға салынған, оңшылдық бағыттың қауіптірек болғандығы анықталған.

Қазақстан жағдайында бай мен байшыл күштермен мықтап алысу зор міндеттің бірі. Оңшылдармен алысу ке-

рек емес деу мүмкін емес. Бұлай десек, тірі масқара. Бірақ солшылдық бағыт жоқ деп, солшылдықты да көрмей, көз жұмып өтіп кетуге болмайды. Бұл мәселеде менің пікірім: оңшылдық та, солшылдық та, екеуі де зиянды бағыттар, сондықтан әр екеуімен де бірдей алысу керек.

Негізгі мәселелер ретінде менің пікірім, сіздерге айтатын сөзім осылар. Әрине, бұл мәселелердің қайсысын болса да түсінбеушіліктер, қыңыр жақтықтар болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – түсіндіру, болған қателерді түзеу. Құдайға шүкір, біздің біріміз де әлі сексенге келген селкілдеген, төрінен көрі жақын шалдар емеспіз. Алдағы өмір біздікі, әлі өспекпіз. Ал, менің өзім, осы мәселелердің қайсысы болса да дұрыс партия жолы болуын тілеймін. Істеген жұмыстарымызда да партия қаулыларынан шыға жайылмасақ екен деймін.

Енді екі ортамызда таласты деген мәселелердің ұйымдастырушылық жайындағыларына келейік. Бұл менің түсінуімше басқа талас мәселелерден маңыздылау сияқты. Өлкелік партия комитетінің бюросында бұдан былай біздің істес болуымыз бұл мәселеге ашық жауап беруімізге тоқырайтын көрінеді.

Бұл мәселені мен екіге бөлемін: бірі – Ходжанов пен Смағұлдың екі арасында жік бірлігі болғандық туралы.

Осында отырған жолдастардың алдында жасыратын емес – Ходжановпен екі ортамызда бірлік жасалған жоқ, мен Ходжановпен ешбір уақытта да одақтас болған емеспін.

Жікшілдік болды ма? Болды. Мен жікшілдіктен безем бе? Келешекте жік таластарына кірісем бе? Безем, бұдан былай жік таластарына қатынаспаймын.

Осы пленумда сөйлеген жолдастардың, әсіресе, орындардан келген жолдастардың сөзінен жұрттың жікшілдіктен мүлде безіп болғандығы, бұдан былай олардың жікшілдікпен алысатындығы ашықтан-ашық байқалып отыр. Мұны біздің көрмеуіміз, байқамауымыз мүмкін емес. Бұл жолдастардың кейбіреулері бұрыннан, кейбіреуі аз уақыттан бері мен бастаған жікте болып та, енді шынымен жікшілдіктен іргесін аулақ салатын болса, мен жікшілдіктен екі есе бездім. Жікшілдікті қоюды өзіме міндет санадым.

Голощекин: Амалсыздан осылай боласың.

Сәдуақасұлы: Осының бәрі рас болып, шынында Қазақстан партия ұйымы жөнделуге, түзелуге бет ал-

ған болса, жаңа бір жолдас айтқандай, жікшілдердің әскері таратылып, жапанда мен ғана қалған болсам, бұдан былайғы жұмыстарымыздың жеңіл жүріп кетуінде шек жоқ. Мен тағы да айтамын: жікшілдік партия ұйымын ауруға шалдықтырады, әлсіздетеді. Осы күнге шейін жікшілдіктің кесірінен жұмысымыз шабан болды.

Бұдан былайғы жұмыстарымызда қандай ғана жағдайлар, қандай ғана жайшылықтар болса да мен мәңгіге жікшілдіктен бездім, бұдан былай қайтып жікті көрмеймін, өмірі жікшілдікке жоламаймын.

ӨЛКЕЛІК ПАРТИЯ КОМИТЕТІНІҢ VI КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА (1927) С.САДУАҚАСҰЛЫНЫҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Жолдастар! Голощекин жолдас жеті сағаттан артық сөз сөйлеп, осы уақыттың қақ жартысында мені сөз ғып, мені кіналап өтті. Маған таққан кіналарының өзін ғана санап шығуға регламент бойынша маған берілген уақыт жететін емес. Сондықтан мен басты-басты мәселелер жайында ғана сөйлеп өтпекшімін. Шамам келгенше қысқа сөйлеуге тырысамын. Ағарту, кооперация мәселелеріне көп тоқтап, айтайын дегенімнің бәрін айтуға да мүмкіндік болмай отыр. Бұл ретте айтайын дегенім – кооператив мәселесінде Ленин жолынан аттап шыққаным жоқ, Ленин жоспарынан басқа өз алдыма жеке жоспар жасағаным жоқ. Менің мәдениет, ауылдағы жұмыстарымыз және ауылда кооператив ұйымдастыру жайларынан жазған кітаптарым бар, бұл кітаптарымды мемлекет баспаханасы жеті айдан бері ұстап, басып шығармай отыр. Бұған Сәдуақасұлын айыптауға болмайтын шығар. Жер мәселесіне де көп тоқталғым келмейді. Өйткені бұл мәселеге маған қарағанда Сұлтанбекұлы, Қаратілеуұлы сияқты жер-су мекемелерінде қызмет етіп ысылған жолдастар жетік. Тыңдайтын болсаңыздар сол жолдастардың өздері-ақ сөйлеп өтер. Менің айрықша тоқталайын деген мәселем ауыл туралы болмақшы. Өйткені Голощекин жолдастың баяндамасында да, бұдан кейінгі жұмыстарымызда ауыл мәселесі күрделі орын алып отыр. Менің ойымша, Голощекин жолдастың баяндамасында өлкелік

комитеттің бұл мәселеде ұстаған жолында да бір кемшілік – ауылдың орта шаруаларына дұрыс баға берілмей, оларға жіті көңіл бөлінбей отырғандық. Лұқсат етсеңіздер, мұнымды бейнелеп өтейін.

Міне, менің қолымда Голощекин жолдастың «Октябрьдің он жылдық тойында Қазақстанның күйі» деген кітабы тұр. Кеше Голощекин жолдас ауыл шаруашылық салығы жөнінде менің «өтірік» айтқанымды Мырзағалиұлы жолдастан ұстатпақ болды. Менің ойымша, Мырзағалиұлы ешкім жел бермей-ақ айтатын сөзін айтатын шығар. Оны кезінде көрерміз. Бірақ мен сіздердің назарларыңызды мына сандарға салғым келеді.

Биылғы жылы жалпы Қазақстанда ауыл шаруашылығы салығы 738 мың отырықшы, 387 мың көшпелі шаруаларға салынып отыр. Олардан алынатын салықтың сомасы 11 миллион сомнан асыңқырайды. Мұның 9 миллион сомдайы отырықшы, 2 миллион шамалысы мал бағушы шаруаларға түсіп отыр. Ауыл шаруашылығы салығынан мүлде босатылғандар 35 процент, отырықшы шаруалардың 26 проценті, көшпелі шаруалардың 52 проценті салықтан босатылып отыр, Голощекин жолдас осыдан мынадай қорытынды шығарып отыр: салық салу жөнінде отырықшы шаруалар мен мал бағушы шаруалар арасында онша айырымдық жоқ сияқты болса да мал бағушы шаруаларға салықтың салмағы отырықшыларға қарағанда едәуір жеңілдетілді, мұны салық алынатын табыс процентінен де байқауға болады. (Егін салып күнелткендерден 5,7 процент, мал бағушылардан 4,5 процент).

Мал бағушы шаруалар салық алынуға тиісті табыстарының 25–30 процентін жасырып отыр. (Егін салушылар 10–15 проценті жасырулы). Мал бағушы шаруалар отырықшыларға қарағанда салықты жеңіл тартып отырғандығы болыстық бюджеттердің құрылысынан да байқауға болады. Отырықшы (орыс болыстары) аудандардан өндірілген табыстың 40–60 процентін көшпелі, жарым көшпелі аудандарға ауыстырып отырмыз. Бұл жағдай жалпы Қазақстанда осындай болып отыр дейді. (Ф. Голощекиннің «Октябрьдің 10 жылдық тойында Қазақстанның күйі» деген кітапшасының 14, 15, 16 беттері. 1927 жылда, Қызылордада, Қазақстан мемлекет баспаханасында басылған).

Менің байқауымша, Голощекин жолдас «отырық-

орта шаруаларға тиісінше көңіл бөлінбейді, олардың пайдасы жөнді көзделінбей келеді. Бұл дұрыс емес демекшімін, қазақ ауылында орташалардың беделі күшті, салмақты, сондықтан орташалар мен кедейлерді бөлмеске, олардың арасында жік салмасқа керек еді. Ауыл ішіндегі жұмыстарымызды орташалар мен кедейлерді одақтастыру, біріктіру бағытымен жүргізу керек еді деймін.

Енді байларды тақымдау, оларға мықтылық көрсету керек деген мәселеге келейік.

Голощекин жолдас «байларға мықтылық көрсету әбден керек, ауыл бұрынғы күйінен өзгерген жоқ, ауылда әлі күнге байлардың, ақсақалдардың үстемдігі жүріп келеді» дейді. Голощекин жолдастың осы сөзін қара басым дұрыс дегім келмейді.

Тоғжанұлы Ғаббас жолдас ауылға барып, біраз уақыт ауылда жұмыс істеп, ауыл жайымен танысып келді. Ауылдан қайтып келгеннен кейін жазып шығарған кітабында: «Осы күнгі қазақ шаруашылығы бұйымды шаруашылық болуға айналды. Отырықшы және жарым көшпелі жеке аудандарда қазақ шаруашалығының түрі, тұрмысы орыс қара шаруаларының шаруашылығынан айырымдығы жоқ, не, болса да аз» дейді (Ғ.Тоғжанұлы, «Қазақ аулы туралы», 4–5 беттер. Қазақстан мемлекет баспасы. Қызылорда, 1927 жыл).

Ғаббас кітабының басқа бір жерінде: «Ленин жолдас суреттеп, пішіндеп өткен орыс жуан жұдырығынан, ауыл «буржуасынан» мұның түк басқалығы жоқ. Бұ да сондай-ақ жуан жұдырық, сондай-ақ «буржуа». Бұларды әрбір ауылдан табуға болады. Қазақ «буржуасымен» орыстың деревнясындағы «буржуаның» айырмасы – қазақ «буржуасының» шаруашылығы орыс «буржуасынікіндей» тәртіпті құрылмай, орыс жуан жұдырығы қазақтың «байсымағына» қарағанда көбірек шаруақор, оның шаруашылығы тәртіпті, қазақтікіне қарағанда мәдениленеу.

Міне, осыдан басқа орыс-қазақ «байсымақтары» арасында ешбір айырымдық жоқ. Ауылдағы қазақ, поселкедегі орыс байсымақтарының шаруашылықтары бір қалыпты. Бұлардың шаруашылықтары өнімді, өндіріс-капиталшылдық жолымен болып отыр» дейді. (Ғаббастың «Қазақ аулы туралы» деген кітабының 10-беті. Астын сызған мен – Смағұл.)

Менің ойымша, Ғаббастың жоғарыдағы пікірлері негізінде дұрыс, расында да қазақ аулының шаруашылығы бұйым өндіріп отыр. Сол тәртіпке құрулы. Біздің ауылда істейтін жұмыстарымыздың негізін осыған қарай қалауымыз керек.

Қазақ аулының қазіргі күйі әлгіндей болып тұрғанда ақсақалдық дәуірі жойылып, басқа дәуірге басқандығы анық болатын болса, қазақ аулындағы шаруашылықтың түрі орыс аулындағыдай түрде құралып отырса, орыс поселкесін оң жаққа қоя тұрып, қазақ аулын ғана жеке сөз қылуымызға бола ма? Жеке сөз қылудың жөні бар ма? Менің ойымша, қазақ аулын орыс поселкесінен жеке сөз қылуымыздың қисыны жоқ, Голощекин жолдас, Ресейдегі орыс поселкелері жарлылары комитеті жуан жұдырықтарды тақымдап, олардың мүлкін бөліп алу дәуірлерін өткізіп отыр. Бірақ Қазақстандағы орыс поселкелерінде бұл жұмыстар жүргізілмейді. Қазақстанның кейбір аудандарында кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында кеңес билігі жуан-жұдырық қара шаруалардың қолында болды. Мысалы, сол кездерде Жетісудағы орыс қара шаруалары: «осы күні жұмыскер мен қара шаруа өкіметі жасалып отыр, қазақтар туралы ештеңе де айтылмаған» деп соғып жүрген. Бұл ойын емес, ақиқат. Бұл тарих.

Ауыл-поселкеде жүргізілуге тиісті біздің тап саясатымыз бірдей болуы керек. Қазақ аулында бір түрлі, орыс поселкесінде басқаша саясат жүргізуіміз дұрыс емес, қазақтың байымен қатар орыстың да жуан жұдырықтарын тақымдап отыруымыз керек.

Бұл ретте кемшіліктеріміз жоқ емес. Мәселенің негізі – орыс-қазақ байларының, байсымақтарының қолынан артығын тартып алудың – жеке салық шығару я ауыл шаруашылығы салығының салмағын оларға көбірек салу ретімен болуында емес, бұл мәселе туралы сөйлесіп ауыз бірлік қылуға болады. Голощекин жолдас «ықтиярлы салық ретінде» дейді. (Байлардың өз ықтиярымен өзді-өзіне салық салуына менің шегім бар.) Менің ойымша, байдың қолындағы артықты қай жолмен алу туралы алдымен сөйлесіп, келісіп алуымыз керек. Бірақ тапшылдық саясатымыз қазаққа ғана емес, жалпы ұлттар арасында бір жол, бір бағытпен жүргізілуі керек.

Жолдастар! Мынандай бір кеп бар: Голощекин жол-

дас кешегі баяндамасында: «Смағұл орыс поселкесінде социалшылдық құрылысын орнатуға бола ма деген мәселеде бізбен бәсекелес болып отыр» деп мені кіналады. Менің ойымша, бұл мәселеде екі түрлі көзқарас, пікір алалығы болмауға тиіс.

Орыс поселкесі коммунист партиясының саясаты қай жолмен жүріп жатқандығын әбден ұғынулы, кооперацияның мәнісін жіті ұғынулы. Қазақ аулын социалдық жолға бастаушының бірі: – кооперация.

Андреев жолдас өзінің баяндамасында ауыл шаруашылығының 800 мыңнан артығы электрлендіріліп отыр, 30 мыңнан артық трактор бар, тағы тағылар деді. Әттең, осы тракторлар, электрлендірулер көбірек болса, қазақ аулының және социализмнің тетігі осы мәселелерде. Біздің күнделік саясатымыз осы негізге құрылуға тиіс. Жұрттың көбі Смағұл Вайнштейнді сағына береді деп мені кіналайды. Соңғы бес жыл жаңа тарихымыздың беташары-ақ болсын, беташар тарихқа жазылмай ма екен? Анық болған жұмыстарды, оқиғаларды тарихтан өшіріп тастауға болмайды. Вайнштейн бұдан 4 жыл бұрын электрлендірудің керектігін сөз қылып, 4 жыл бұрын осы туралы қаулы да шығарылған болатын. Бірақ бұл жөнінде ешнәрсе істелген жоқ.

Өлкелік комитеттің өткен жылғы пленумы тағы да әлгіндей қаулы шығарған еді, ол қаулы да қағазда ғана қалып отыр. Түк істелген жоқ. Әлі күнге шейін орталықта ақша комиссариаты жер-су комиссариатымен ықтиярлы салықты заңға тура келтіру не ауыл шаруашылығы салығы түрінде жүргізу туралы келісе алмай, керісіп келеді.

Міне, осылардың бәрі туралы да ойлануымыз керек. Электрлендіру мәселесі бұдан төрт жыл бұрын қолға алынып, сөз қылынғанда төңкеріс уақытындағы шаралар істеу үшін емес, өзіміздің төңкерісшілдігімізді көтеру үшін сөз болған еді.

Сондықтан мен бұл тарихи сабақ енді қайталанбаса екен деймін.

Бұл мәселеге менің ойымша, ...

Беккер: (бірдеңе сөйлейді, сөзі естілмейді).

Смағұл: Беккер жолдас! Жуан жұдырықтарды жоқтамай-ақ қойыңыз! (Жұрт күліседі).

Мен өнерлі кесіп мәселесіне де осылайша қараймын.

Өйткені қазақ кедейінің, Қазақстан кедейлерінің тағдыры ауылға ғана емес, қалаға да байланысты. Патша өкіметінің заманынан бері қалмай келе жатқан қате көзқарастың бірі – ұлт республикаларына шикізаттар дайындап шығаратын аудан деп қате қараушылық. Мұны қою керек. Бұл туралы 12-съезде де сөз болып өткен еді. Өнерлі кесіп лайығына қарай бөлу керек деседі.

Дұрыс-ақ, тері шығатын ауданда – былғары заводтары жүн-жұрқа бар аудандарда жүн жуатын орындар, шұға фабриктері салынуы керек. Жұмыскерлер табылмайды деуге мүмкін.

Қазақ кедейлері ше? Өнерлі кесіп пролетариатын жетістіру мәселесі – Қазақстанда кеңес өкіметі негізін қалау мәселесі. Осыны ұмытпау, бұл мәселені көз алдында ұстауымыз керек.

Қара шаруаларымыздың күйі туралы сөйлегенде бұл мәселені талқылау міндет болғандықтан емес, мүмкін болғандықтан, амалсыздан қолға алынып отырған сияқты сөйлейміз.

Голощекин жолдас қара шаруа мәселесін ұлт мәселесі деп отыр. Мен ол кісінің бұл пікіріне қосыла алмаймын. Рас, бір кездерде қара шаруа мәселесі ұлт мәселесі еді. Буржуазия түрлі ұлттардың аудандарында өнерлі кәсіптің өркендеуіне жол бермей, шикізаттар дайындап тұруға ғана бейімделген шақтарда бұл мәселе ұлт мәселесі де болғандығы рас.

Жиһан, азамат соғыстарынан, түрлі апаттардан күйзелген шаруашылықты, елімізді белгілі арнаға, бір қалыпты өркендеу ізіне салған кездерде бұрынғыдан қалған жаманшылықты жою негізгі мақсұт болған дәуірде бұл мәселе ұлт мәселесі еді. Осы күнгі қалпымыз бұрынғысындай емес.

Біз шаруашылығымызды басқаша түрмен құруға кірісіп жатырмыз, өнерлі кесібіміз де аздап өркендеуге айналды. Жаңа фабрик-зауыттар салынып жатыр. Енді ұлт мәселесі қара шаруа мәселесі болуға айналып, өзінің ісіне өнерлі кесіп мәселесін кірістіріп отыр. Міне, бұл жағдайды есімізден шығару дұрыс емес.

Мен ауыл шаруашылығын өркендету керек емес демеймін. Керек-ақ. Мысалға мал шаруашылығын алып қарастырып көрейік. Голощекин жолдастың әлгі кітабында жазған сандарға қарағанда ет саудасы базар

саудасында 5-ақ процент орын алып отыр. Мұны қалайша өсіруге болады.

Жол қатынасы жоқ. Бұл былай тұрсын. Мал шаруашылығын өсірмей, ауыл шаруашылығын өркендетуге бола ма? Ауыл шаруашылығы теміржол арқылы өркендейді. Темір жолдар көбейсе, ауыл шаруашылығы ілгері басады. Сондықтан бір қарағанда темір жолдар өнерлі кәсіптің бір тарауы болып табылады.

Өнерлі кәсіпті ірілендіру дегенімді осылайша деп ұғыну керек.

Енді соңғы мәселеге – ұлттар арасындағы қатынас түрі деген мәселеге келейік.

5-партия конференциясында бұл мәселені ең алдымен мен қозғап ем. Голощекин жолдас менің пікірлеріме әбден қосылған болатын.

Сапарбекұлы жолдас күні бүгін 5-конференциядағы сөздердің кейбіреулерін, менің де атымды атап, сөз ғып өтті.

5-партия конференциясында мен бұл мәселе өте ірі мәселе, бұған көп көңіл бөлу керек деп едім, әлі де айтамын. Бұл мәселе өте мәнді, өте маңызды мәселе.

Голощекин жолдас өзінің кешегі баяндамасында Қарақалпақ облысы жайынан сөйлегенде халық ағарту мекемелерінің Қарақалпақ облысында ағарту жұмыстарына осынша көп қаржы бере алғандығына таң-тамаша қалғандығын айтып өтті. Бұл қаржыны беруде, «әлгі жаман» бір кездерде мен бастаған ағарту комиссариатының да қатынасы болатын.

Ұлттар аралығы деген мәселе – Қазақстанда негізгі мәселелердің бірі. Қазақстанда миллионға жете украин халқы бар. Мен анау күні осыларға өз ана тілінде іс жүргізу, мектептер ашуға лұқсат ету керек деп мәселе қозғап едім. Кейбір жолдастар маған күлген, сөзімді елең қылмаған болды. Бұл пікірді елең қылмау, менің сөзіме күлу бекер. Қазақстандағы украиндарға осы күнге шейін көңіл бөлінбей келеді, украиндар жалпы орыстар санына қосылулы.

Енді соңғы бір мәселе – жікшілдік мәселесі. Жолдастар, байқауымша, жікшілдік жойылып келеді. Бірақ осымен қатар әртүрлі бағыттар да туып келеді. Жікшілдікпен күресті ұйымдастыру жұмыстары, жөнімен, бағыттармен күрес салт-сана майданында алысу әдістерімен жүргізілуі керек.

Бұл мәселеде мен Голощекин жолдастың көзқарасына қосыла алмаймын, Голощекин жолдас «жөні түзу ұлтшылдық», «жөні қисық ұлтшылдық» деп келеді. Мен қара басым, осы екі ұлтшылдықтың «түзуінен» де, «қисығынан» да бөлініп шығамын. Ұлтшылдық бағыт – бір-ақ бағыт. Мұның «түзу», «қисығы» жоқ. Ұлтшылдық – ұлтшылдық болады. Ұлтшылдық қана болғандығынан партия ұйымының бір дерті болып отыр. Голощекин жолдас әлгі сөзін түсіндіріп берер деп сенемін.

Маған берілген уақыттың өзі енді бітуге де айналған шығар. Сөзімнің аяғында айтайын дегенім біздің партия ұйымында талай қателер, талай адасқандықтар болды. Бұрын төңкерісшілдік пікірлердің иісін де иіскемеген, төңкеріс дегенді Октябрьден кейін ғана сезген Қазақстан сықылды әр жөннен кейін қалған елде, әрине, түрлі қателесулер болмай қоймайды. Құдайларыңа қарап айтыңдаршы: мұндай қателер кімде жоқ, қайсыларында болмады.

Партия ұйымы өсіп келеді деп отырмыз, мұның өсу дәуірінде де едәуір аурулар болды. Осыдан партия ұйымының өсуінде бір қалыптылық болмады. Бір қалыптылықтың болмауы Қазақстан ұйымында ғана емес, басқа ұлттардың партия ұйымдарында да болды. Бұл жалпы партия ұйымында болып өтті. Міне осыған қарай партия ұйымымыздың өскендік қалпына қарай саясат жүргізуіміз керек.

Голощекин жолдастың қандай оймен айтқандығын білмеймін, татар коммунистерін келеке қылып отыр, татар коммунистерін емес, «татар» европалықтарды келеке қылып отыр. Забируллы жолдас – татар, татар болғанымен коммунист – партия мүшесі, Чаадаев орыс, о да коммунист. Менің өз білуімше, барлық европалық, барлық татар коммунистері Забируллы, Чаадаев жолдастар сықылды болса, біздер де солар сықылды болсақ, теріс болмас еді. Ол уақытта әр қайсыларымыз әртүрлі тілмен сөйлеспес едік.

Менің ойымша, қазақ аулында тап осы күні бектің дәуірі жоқ. Менің білуімше орыс аулы қазір қандай күйде болса, қазақ аулының жайы да сондай-ақ. Екі орталарындағы айырымдық аз-ақ. Қазақ ауылында орташалардың беделі өте күшті болып отыр.

Ұлттар арасындағы қатынас жұмысы, олардың бір-біріне көзқарасын осы күнгіден жөндеу керек. Ала

көзділікті жою, әр ұлттың өз арасында түрлі жұмыстарды солардың ана тілінде жүргізу сияқты мәселелерді дұрыс шешуіміз керек.

Отырғандардың бірі: Украин мәселесін ше?

Смағұл: Әбден! Украин мәселесі де, қазақ-орыстар жайындағы мәселелер де шешілуі керек. Оған ішіңіз ауырмай-ақ қойсын!

Отырғандардың бірі: Жер мәселесі ше?

Смағұл: Жер мәселесі де шешілуі керек. Бұл мәселелерді ортаға салудан ешкім де қашпайды. Мен енді сөзді тоқтатамын. Біз партия ұйымының бірлігі арқасында ғана Қазақстанда социализм орнатамыз дейміз.

ҚАЗАҚСТАНДА ОҚУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ, КЕЗЕКТІ МАҚСАТТАРЫ ТАҚЫРЫПТЫ САДУАҚАСҰЛЫ СМАҒҰЛ ЖОЛДАС БАЯНДАМАСЫНАН ТЕЗІСТЕР

1. Мемлекеттің шаруасы оңдалған сайын қалың Қазақстан еңбекшілерінің мәдениетіне талпынуы күшейіп, мұң-мұқтажы артып келеді. Оқу жұмысын қазіргіден күшейте түспеген күнде еңбекшілердің ол мұқтаждары өтелмек емес. Жалпы Кеңестер Одағындағы, қалды Қазақстандағы оқу жұмысының мақсаты социалшылдық орнату, өзгеше айтқанда:

I) Еңбекшілерді саясатқа жетік, білім жолына сүйеніп шаруа жүргізетін сауатты адам қып шығару.

II) Өнерлі кәсіпке, ауыл шаруасына, қалды мемлекет мекемелеріне керек білімді, шебер жұмыскер, қызметкерлер даярлау.

III) Жалпы адамзат мәдениетінің бір жұрнағы ұлт мәдениетін гүлдендірерлік білімпаздар даярлау.

2. Оқу жұмысы Қазақстанда төңкерістен бергі жерде басталды. Төңкерістен бұрын қазақ арасында қазақты христиан дініне шығаруды көздеген үшкөлдер, елге діншілдікті жайған медреселер болған болса, олар қазіргі күнге үлгі, өнеге бола алмайды.

Төңкеріспен бірге туған жаңа кеңес мектебі, кеңес оқуының әлгі айтқандарға бес қайнаса сорпасы қосылмайды. Біздің мектебіміз, біздің оқуымыз қалың бұқараның қолын оқуға, мәдениетке жеткізерлік боп құры-

лу керек. Оларды қала мен ауыл поселке байларының шаруашылық жүзіндегі қысымынан да, рухани әсерінен де құтқарарлық боп құрылу керек.

3. Қазақстанда Кеңестер өкіметі орнағалы алты жыл болды. Сол алты жыл ішіндегі тәжірибе қалың еңбекшілердің оқудың керектігіне түсіндіргенін көрсетіп отыр. Аз жылдың ішінде бірінші басқыш мектептер мен техникумдар сұранып көбейгені содан. Мәселен, 1922–23 жылы Қазақстанда бірінші басқыш мектеп 1639 еді, 1923–24 жылы 1963-ке жетті. 1924–25 жылы 2751-ге толды, 1925–26 жылы 3228-ді алқымдады, 1926–27 жылы 3551 болып отыр. Бұл есепке оқу орындарымен шартты уәде жасасып елдің өзі ашқан мектептер кірмейді. Мектептің ұзын санынан жүзден 45-і қазақтікі.

4. Өткен алты жыл ішінде бірыңғай оқу жұмысына қараған оқытушыларымыз шықты. Мектептерімізде комсомол, пионерлер көбейіп келеді.

5. Жалпы оқу жұмысына қаражат жылдан-жылға көп беріліп, оқытушыларымыздың еңбекақысы көбейіп келеді. 1923–24 жылы оқу жұмысына 4281816 сом, 1924–25 жылы 6415069 сом, 1925–26 жылы 10303615 сом, 1926–27 жылы 12124221 сом берілген.

6. Мұнымен қатар Қазақстанда оқу жұмысының күшейген үстіне күшеюіне кедергі болатын кемшілік, қиыншылықтар да жоқ емес. Бұл арада ең алдымен ауыл мектебіне тоқтап өту керек. Біз елдің оқу жасындағы балаларын тегіс оқыту керек деген жолды ұстап отырмыз. Олай болса ауыл мектебін бұдан былай да көбейте беруге тиіспіз. Бірақ, қазірде ауыл мектебі сан жағынан соғыстан бұрынғыға қарағанда үш есе көбейгенмен, сапа оқу жағынан қол-аяғына бауырына ала алмай қалып отыр: ауыл мектептері тегіс төрт жылдық бола алған жоқ. Оқушылар тұрақтап, орнығып оқымайды. Көшпелі ел арасындағы мектептерде оқу жылымен толық пайдаланылмайды. Оқу құралдары, әдебиет, мектеп саймандары жеткіліксіз, мектеп үйлері жоқтың қасында.

7. Ауыл мектебін оңдау үшін ең алдымен мектеп үйлерін салу керек. Онсыз ауыл мектебі ілгері баспайды. Үйі салынғаннан кейін мектептің басқа мұқтаждары шетінен біртіндеп өтеле бермек. Жергілікті өкімет мекемелері қалды, оқытушылардың өздері мектепке үй салуға мейлінше көңіл бөліп, күш-қуаттарын сарқа жұмсау керек. Оқытушылар жергілікті комсомол ұйым-

дары, әлеумет ұйымдары, кеңес мекемелерімен қолдаса, бірлесе отырып, қалың бұқараға мектеп салмай болмайтынын түсіндіретін болсын. Елге ... салып сауын айтып, мектеп салу жұмысын істетсін.

8. Мектепке үй салудан соңғы маңызды жұмыстың бірі оқудың сапасын арттыру. Оқытушылар бірте-бірте оқытудың жақсы әдістерін қолданатын болу керек. Мектеп тәртібі күшейтіліп, оқу жылы пайдаға толық жаратылатын, оқытушылардың сабаққа келмеуі жоғалатын болу керек. Бұл айтқандар іс жүзінде оқытушылардың білімі сай болған күнде асады. Сондықтан жергілікті оқу бөлімдері жазғы күрістерді күшейте бермей болмайды.

9. Мектептердің күшеюіне аса керек нәрсенің бірі оқу кітаптары. Бұл реттен бізді қазірде кітап бастыруға берілген қаражаттың кемдігі бір ақсатса, жазылған кітаптардың нашарлығы екі ақсатып отыр. Бұл екі қиыншылықтың алғашқысынан құтылу үшін баспасына ақшаны көбірек беру керек. Соңғысынан құтылу үшін оқытушылардың өздері басылып шыққан кітаптарды сынасып отыру керек. Басылып шыққан оқу кітаптарына қалың оқытушылардың көзқарасын білу ниетімен бұдан былай оларға анкет таратылатын болсын, немесе айрықша жиылыстар шақырылып, оқытушылардың басы қосылып, кітаптар тексерілетін болсын.

10. Екінші басқыш оқу мен өнер оқу жөнінен осы күнге техникумдар, коммун мектептер оқуын жөндеуге күш ашу керек. Маңайындағы елдің шаруасына, тұрмысына қарай әрбір техникум өзгеден өзгеше мақсатты көздейтін болуға тиіс. Коммун мектептер Қазақстанда қара шаруа жастарының мектебі орнына жүргені үстіне техникумдарға оқушылар даярлайды. Техникумдар мен коммун мектептер оқу, тәрбие жұмысын күшейте түссін. Жуық алдағы жылдардағы мақсат техникумдердің санын арттыру емес, сапасын күшейту болады.

11. Қазақстанда өнер оқуы күшеюмен қатар жалпы білім беретін мектеп түрін ашу керек болып отыр. Әрбір мектеп оқушылардың білімін жұмырлап шығарғаны үстіне олардың бірінен бірінің арасында байлам болу керек. Басқаша айтқанда, бір мектептен шыққан балалардың білімі екінші түрлі мектепке кіруге үйлесіп,

қалыптасып тұру керек. Әсіресе техникумдар мен жоғарғы дәрежелі оқу орындарына кірерлік оқушылар даярлауға өзгеше назар салынатын болсын.

12. Мұнымен қатар Қазақстанның оқу комиссариаты жұмыскер факультеттерінде, Ресейдің жоғарғы дәрежелі оқу орындарында оқып жүрген Қазақстан студенттерін қаражат жағынан қамсыз қылуға, олардың арасындағы жұмысты күшейтуге өзгеше көңіл бөлу керек.

13. Қазақстанда өнерлі кәсіп өркендеуі үшін халық шаруасы орталық кеңесінің қарамағындағы фабрик-зауыт мектептерінің маңызы зор. Фабрик-зауыт мектептеріне қазақ ересектерін көбірек кіргізуге қам қылысып, оқу комиссариаты олардың оқу-тәрбие жұмысын ондауы керек.

14. Жоғарыда айтқанның бәрі мектеп жұмысына жатады. Оқытудың басқа тараулары (мектептен бұрынғы тәрбие, саясат оқуы) Қазақстанға қараған жерде соңғы уақытқа шейін төрге шыға алмай босаға жақта отырды. Саясат оқуы әсіресе қазақ ауылында нашар. Қазақ ауылдарында саясат оқуына жетік қызметкер жоқ. Саясат оқуының түрі, әдісі табылған жоқ.

Қазірде біз қызыл отауларды сөз қылып жүрміз. Бірақ әзірге олардың тәжірибесі есепке алынып, сыналып жеткен жоқ. Ауылдағы саясат оқуын бұ күйде қалдырып болмайды. Көптен тауып ілгері бастыру керек. Оның үшін ең алдымен қолда бар қызметкерлерімізді, қаражатымызды есептеп алып, «көрпеге қарай аяқты көсіліп» тыңғылықты жұмыс жасауымыз керек.

Орыс поселкелерінде саясат оқуының туын тіккен жері бұрынғыша оқу үйлері болады. Бұдан былай оқу үйлерінің санымен қатар сапасы да арттырылу керек.

15. Саясат оқу мекемесінің ірі жұмыстарының бірі қазақ халқының және Қазақстандағы басқа ұлттардың сауатсыздығын жою. Ауыл, поселке оқытушыларының жазғы айлардағы бос уақытымен пайдаланып, оларға сауатсыздар мектебінде сабақ оқыттыру керек.

16. Мектептен бұрынғы тәрбие жөнінен жер-жердің қортылмай бітіріп жүрген тәжірибесін жинастыру керек. Қалалар мен орыс поселкелерінде мектеп пен бұрынғы тәрбиені Ресейдің орталық губернелері үлгісін сәл өзгертіп, толықтырып жүргізуге болады. Бірақ,


қазақ елі мен аз ұлттар арасында әзірге бұл жұмыс қанат жая алған жоқ. Жаңа-жаңа басталып жатыр. Қазақ елі сиректігінен, көбі көшпелі болғандықтан ауылда орыстардікіндей балалар плащаткасын ашуға болмайды. Бірақ қалай болған күнде де бұл жұмыстың қазақ тұрмысына үйлесімді түрін, әдісін табу керек.

17. Қазақстан жағдайында өзгеше назар салатын мәселенің бірі – баспанасыз балалар қамын жеу. Жасы асып кеткен балаларды еншілестікке қара шаруаларға беріп, бала үйлерін ұстау керек. Қазақ ауылдарында баспанасыз, аш-жалаңаш балалардың есебін алу керек.

18. Қазақстандағы жалпы аз ұлттар, әсіресе өзбек, дұнған, тараншылар арасындағы жұмысқа айрықша тоқтап өту керек.

Жоғарыда көрсетілген жұмыстардың бәрі бұлардың арасында да істелу керек. Аз ұлттардың оқу жұмысына дұрыстап көңіл бөліп қаражаттан да, күштен де тиісті сыбағаларын беріп отыру керек.

Мақалалары



АТЫЛЫП ӨЛГЕН ҚАЗАҚ ЖІГІТІ

3 нойабірде Омбы қаласында бірге оқып жүрген жолдастарымыз, орта дәрежелі «сельскохозяйственный школ» шәкірті Сүлеймен Бижанұғлы өзін-өзі атып өлтіреді. Қалтасында қалдырған қағазында: **«Менің жазығым жоқ, өліп барамын, мен істің қаралағанынан, бірінші жулик Елизаровтың кесірінен һәм инспектор Преображенский дәлелсіз іс қылғандығынан ...»** депті. Бұл қағаз судебный следовательдің қолында, іс тергеуде.

Жолдасымыздың атылуы туралы қазір қысқаша айтарымыз мынау:

Бірге оқып жүрген жолдасы Митя дейтін орыс баласының 100 сом ақшасы жоғалып, Сүлейменнен көреді. Мұны инспектор Преображенский естіп, дереу есіктерді жауып жіберіп, Сүлейменді тінтеді: еш нәрсе таба алмайды. Сөйтсе де, директорға айтып, пансионнан шығартады. Шығарда тағы қысып, сенен басқа ешкім алған жоқ деп, жанына тиетін сөздер айтып, пансионнан қуып жібереді. Сүлеймен бейшара намысқа шыдай алмай, біреудің мылтығын алып, атылып өлгені осы.

Алаштың қай азаматын жерге қиғандаймыз. Сонда да неше жыл бейнет көріп оқып, көздеген мақсатына жетуге бір-ақ жыл қалды дегенде жолдасымыздың уақытсыз арамыздан жоқ болуы жүрегімізге жара салды. Бірақ, амал жоқ, тағдырға кім қарсы тұрады?.. Мейірімді құдай, жолдасымыздың топырағын жеңіл қыл! Қалған жақындарына сабыр бер!

Адам баласына жан-дене қамы үшін алдымен тамақ, киім, үй керек. Әсіресе тамақсыз, киімсіз тұру мүмкін емес. Мал асырау, егін салу, сауда қылу, ұсталық қылу, тіл, қол өнерімен кәсіп қылу, жалға жүру, тіленшілік құру, ұрлық қылу – бәрі де жан-дененің қамы. Осындай жолдармен өмір үшін күрескендер көп. Бұлардың ішінен біреуінің тұрмысы жақсы, екіншісінің тұрмысы орташа, үшіншісінікі жаман. Бұлай болудың себебі: күресушілерде әдіс-тәсіл жағынан айырма барлығынан.

Не іске болса да әдіс керек. Және заман өткен сайын әдіс өзгеріп тұрмақшы. Мысалы: тұрмыс жүзінде ең әдісшіл Германиядағы немісті һәм ең әдіссіз біздің қазақты алайық. Екеуі де өмір үшін күреседі, бірақ неміс әдіспен күреседі һәм заманға қарай әдісін өзгертіп отырады. Сондықтан екеуінің тұрмысында жер мен көктің арасындай айырма бар. Ол мынау: неміс түрлі қымбат тастардан, ағаштан салынған үйлерде тұрғанда, қазақ шымнан салынған жер үйшікте жатады; 2) неміс малын неше мыңға алатын жерде қазақ малын текке де алмайды; 3) Қазақ қаратопырақ жерде егінге жарымайды, неміс тастай жерден егінді мол алады; 4) неміс фабрикадан шығатын кездемесін, зауыттан шығатын дәрі-дәрмектер сияқты нәрселерін өзінен асырып, шет жұрттарға жеткізіп жатқанда, біздің қазақ сатып алуға таба алмай, денесін әзер-мәзер жауып отыр; 5) Фабрика-зауыттар, теміржол, параход, айропландар неміс жұртынан табылады. Бізде мұның бәрі де жоқ. Бұдан байқалады: өмірмен күресу үшін хайлалы жұрттардың қандай әдіспен іс қылатындықтары һәм соның арқасында тамағы тоқ, көйлегі көк, еңсесі көтеріңкі, шаруасының жоғары екендігі. Шаруаны түзеуге әртүрлі әдістерді қолдану үшін саяси кеңдік болып хүкімет жағынан бір де қысымшылық болмасқа керек. Орыс халқының прауасының артта қалуы ескі хүкіметтің шаруаға қысыңқы саяси тұмылдырық салғандықтан болатын.

Үлкен өзгерістерден бері шаруаға саяси кеңдік туды. Бұрынғы уақыттарда біздің қазақтың оқыған азаматтары бірыңғай саясат жолымен жүруші еді. Әлі де азаматтарымыз сол жолда. Бұлай жүрмеске осы күнгі за-

ман ағымы қоятын емес. Сонда да шаруаны кейін қалдыруға болмайды. Сондықтан саясат таразысында салмағы аз оқығандарымыз ел шаруасына кірісулері лайық. 20-шы ғасыр шаруаның қолы екенін ұмытпау керек. Елдің кірісі азайып, шығысы көбейіп барады. Бұл қалпымен жүре берсе шаруаның жайы кетеді.

Бұдан былай біргелкі азаматтар шаруаның күйзелмейтін, қайта түзеліп гүлденетін шараларын қарастырып, керекті әдістерді қолға алу керек. Шаруаның жолы тарам-тарам болғандықтан, оған істейтін шаралар да әр түрлі болмақшы: қазаққа киетін киімді, ішетін шәйді, ұстайтын ыдыс-аяқтарды арзан алу үшін ұйым дүкендерін ашу керек.

Ақшасы жоқ кедейлерге астық, киім үшін, алым үшін тайынша-торпағын бергізбестей уақ қарыз серіктіктерін ашу керек. Қазақтың малының тұқымын асылдандыратын, егін шаруасын түзейтін ауыл шаруасы ұйымдарын ашу керек. Қазақтың тері-терсегін жүн-жұрқасын, майын, малын күйдіріп, шет жұртқа сатқызбастай алыс-беріс ұйымдарын ашу керек. Ұйымдар туралы бұл мақалада барлығын жазып болмайды. Сондықтан келесі нөмірлерде әр ұйым туралы бір-бір мақала жазармын.

КИРГИЗСКИЙ СОЮЗ ПОТРЕБИТЕЛЬНЫХ ОБЩЕСТВ «БИРЛИК»

Прошло уже 1,5 года, как образовался в Атбасаре этот киргизский союз, первый по возникновению и своеобразный по строению.

Киргизское население Атбасарского уезда делится на два больших рода: баганалинцев и аргынцев. Первые занимают территорию, расположенную на юге уезда, которая узкой полосой простирается до самого Туркестана, а вторые живут к северу. Это разделение населения на два рода неблагоприятно отражается на всех действиях Союза. Так, например, с самого возникновения «Бирлика» баганалинцы вели упорную борьбу против Союза. Они, руководимые своими «вождями» объявили открытым (в прошлом году) другой Союз – «Баганалы», который, впрочем, им не удался.

Эта борьба затихла только к лету, когда главари

враждующих сторон примирились. Отсюда видно, что в этой борьбе и ненормальности в деятельности Союза виноваты не столько глубокие слои населения, сколько их руководители. При умелой и дружной работе их вышесказанной борьбы не было бы и следа.

В январе прошлого года было первое собрание уполномоченных, где между прочим ревизионная комиссия за председателем правления признала больше одиннадцати тысяч рублей недостачи, которую ему потом «простили».

Это собрание избрало правление в новом составе, которое работает по сие время,

В начале Союз объединял 97 п-ных обществ с 10332 членами, а теперь объединяет 105 обществ с 14329 членами. Число обслуживаемого населения обоего пола 86211 душ, т.е. приблизительно, 2/3 киргизского населения уезда.

Потребительные общества представляют собой ни что иное, как административные аулы волостей. Если в одной волости 5 административных аулов, то 5 потребительных обществ, если 3, то 3 п-ных обществ и т.п. Исключения очень редки. Такие объединения экономически не выгодны, пожалуй, даже и не целесообразны, но имеют и свои преимущества, вытекающие из условий быта.

Обычных потребительных лавок с приказчиком и вывеской, как у крестьян, не имеется. Привозимый от Союза товар распределяется между потребителями в тот же день.

Кооперативного сознания у населения безусловно нет. На весь уезд только один инструктор, который уехал в степь для распределения товара три месяца тому назад и до сих пор не вернулся.

Капитал Союза к началу 1919 г. достигал 140000 рублей (из них паевой 128000 руб. и специальный 12000 рублей).

Товарные операции Союза в начале давали убыток, который за период с открытия по I июля 1918 г. выразился в сумму больше 40000 руб. Затем товарные операции, благодаря прибытию из «Центросибири» товара, стали давать прибыль. Прибыль за время с 1 июля по 1 сентября исчислялась около 78000 руб., минус 40000 руб. убытка за прошлое время, чистая прибыль около 38000 руб.

К началу 1919 г. было всего закуплено товару на 1277000 руб., продано за тот же период на 1 258 000 руб.

Все эти цифры по данным бухгалтера Союза Тупицина, который прибыл сюда летом 1918 года. До его приезда отчетности, как таковой, в Союзе не существовало.

Правление состоит из 5 членов. Председатель правления С.Маденбаев работает все время в Союзе, два члена не говорят по-русски и от них плодотворной работы ждать трудно; один член правления Айбасов состоит в то же время и членом уездной земской управы и преподавателем на педагогических киргизских курсах.

По культурно-просветительному делу среди киргизского населения союзом ничего не сделано. Не имеется даже инструктора культурника. Вообще говоря, неторговая область деятельности союза незавидна.

Отсталость в этом отношении объясняется, однако, не бездействием союза, а скорее отсутствием интеллигентных сил, владеющих киргизским языком.

В настоящее время «Бирлик» закупает у населения кожи. У него есть план организовать свой кожевенный завод. Было бы очень хорошо, если бы этот план у него осуществился.

С сожалением приходится отметить, что союз неэнергично действовал в отношении организации собственного производства. Между тем осуществление некоторых отраслей было бы посильно ему, хотя бы оборудование только что сказанного завода.

Небезынтересно отметить, что союз открыл т. счет Атбасарской уездной земской управе на 126000 руб., выдал беспроцентную субсидию 4 мес. киргизским педагогическим курсам в г.Атбасаре – 8000 рублей и Атбасарскому 2-х кл. русско-киргизскому училищу 5000 рублей.

Оба последних учреждения находятся в ведении Акмолинской областной земской управы.

КИРГИЗСКАЯ КООПЕРАЦИЯ В ИСИЛЬ-КУЛЬСКОМ РАЙОНЕ

В Исиль-Кульский Союз Кооперативов входит членами 27 киргизских обществ потребителей.

Первые потребительные общества возникли в марте месяце 1918 года. Инициатива открытия всех обществ принадлежит тогдашней Исиль-Кульской продовольственной управе, и почти все общества основаны ее агентами. Исиль-Кульский Союз Кооперативов, вынужденный продовольственной управой распределять все монополизированные товары и между некооперированным населением, должен был отпускать таковые и киргизам, но, по-видимому, он нашел более целесообразным сделать это, если киргизы хоть формально заявят об открытии у себя потребительных обществ. Поэтому, препровожденные продовольственной управой списки административных аулов принимались Союзом, как члены вновь образовавшихся обществ. Понятно, что общества существовали лишь на бумаге. Никаких практических мероприятий к развитию кооперативного сознания у инородцев со стороны Исиль-Кульского Союза предпринято не было.

Почти ни один киргиз не знает, что значит паевые, вступные взносы и авансы. Ни один киргиз не подозревал, что кооперация – особая хозяйственная организация, которая содействует материальному благосостоянию своих членов, да плюс еще способствует духовному их развитию. Для киргиз кооперация представлялась тем орудием, с помощью которого ему можно будет достать товар (мануфактуру, чай). Следовательно, его расчет был прост, а «кооперативное» сознание – ограниченно: достанет товар – хороша кооперация, не достанет – плоха кооперация.

Киргизы вначале стали вносить просимые Союзом деньги, но Союз долго не отпускал им товару, ради получения которого киргизы и вошли в Союз. Почему Союз не отпускал им товару наравне с русскими обществами, до сих пор остается невыясненным. По заявлению Правления Союза тут были две причины: 1) киргизы не внесли достаточной суммы авансов под товар; 2) доставщики полученный товар распродавали на месте и приезжали обратно в аул с «голыми руками». Обе

эти причины отчасти обоснованы, но нельзя все же согласиться с тактикой Правления Союза в отношении их устранения.

В последнее время Правление решило не выдавать киргизским потребительным обществам товару до тех пор, пока они не заведут у себя счетоводство. Это – технически невыполнимый ультиматум и он нисколько не улучшил положение, а наоборот. Поступивший осенью прошлого года в Союз инструктор-киргиз не мог разобраться в самых простых и элементарных вопросах кооперации, не мог поставить хоть кое-как и счетоводство на местах, ибо сам абсолютно ничего не соображал в нем. После этого у Союза, что называется, «опустились руки». Союз чувствовал и сознавал всю ненормальность положения, но все же он не в силах был предотвратить ее: не было в его распоряжении лица, умеющего поставить дело на должную высоту.

Вследствие этого вся работа в киргизском районе велась на произвол судьбы. Отсутствие взаимной осведомленности и истинно кооперативной пропаганды среди масс ставили непроницаемую завесу между киргизом и Союзом, как таковым. Результатом этого была на местах полнейшая неразбериха.

Когда я, командированный «Центросибирью», в марте настоящего года, выехал в Исиль-Кульский район для ознакомления с положением дел в киргизских потребительных обществах, то на местах увидел следующую картину, характеризующую все 27 киргизских потребительных обществ без исключения:

1) Такой потребительной лавки с приказчиком и вывеской, которую мы встречаем у крестьян, не существует.

2) Не функционирует нигде и правление, хотя таковое и было избрано.

3) Обычно во главе дела стоит избранный доверенный, который представляет из себя самого зажиточного или ловкого киргиза в обществе. Он же закупает (во многих случаях на свои деньги) товар и распределяет его между членами. Есть доверенные постоянные, но во многих случаях они переизбираются на время каждой поездки за товаром. Некоторые доверенные даже неграмотны.

4) В финансовом отношении: почти все общества

никаких капиталов не имеют. Размер пая по уставу 25–50 рублей, но ни в одном обществе он до сих пор не собран, да при том же все собранные с членов деньги находятся не в самом обществе, а в Союзе. Товар закупался или а) на средства самого доверенного, или б) на подушные обложения, или в) на краткосрочные займы. На такие капиталы большею частью выплачивались проценты, причем размер их колебался в пределах 5–20% за один оборот.

5) Нормальной торговли, которая происходит обычно в лавках, как таковых, не существует. Привезенный товар распределялся между членами в тот же день. Никакой наценки на проданный товар не делалось, кроме накладных расходов. Есть места, где начисление и делалось, но полученную прибыль опять-таки распределяли после каждой выручки или между членами или подушно.

6) Никакой записи в книгах не велось. Есть общества, где кое-как и ведутся записи, но они настолько примитивны, что совсем не отражают действительной деятельности обществ. Так, например, в тетрадку записано, сколько кому отпущено товаров и на какую сумму, причем нигде никаких документов не имеется. Правильнее сказать, это – не бухгалтерская запись в полном смысле этого слова, а просто памятная книжка доверенного, тем более, что она ведется самим доверенным.

Исиль-Кульскому Союзу Кооперативов оставалось или совсем отказаться от своих намерений кооперировать киргизское население или поставить дело на истинно кооперативную ногу. Союз избрал второе, и для этого 28 мая настоящего года созвал в пос. Исиль-Куль при станции того же названия, отдельный съезд 27 киргизских потребительных обществ. Этот съезд, хотя пока и формально, но положил кое-какие основы в дело кооперирования киргизского населения района.

После всестороннего обсуждения вопроса съезд единогласно принял следующую резолюцию:

«Все киргизские потребительные общества организовались с самого начала не по выработанной и продуманной системе, а потому громадное большинство их экономически малоустойчиво и совершенно нежизнеспособно».

«Занятия большинства киргиз Исиль-Кульского района скотоводство, продукты которого (сырье) служат главным источником богатства района; отсюда всякая организация, преследующая хозяйственно-экономические и культурно-просветительные цели, должна базироваться именно на скотоводстве».

«Признавая всю слабость отдельных потребительных обществ и учитывая тяжелое положение, переживаемое в настоящее время кооперацией, съезд уполномоченных киргизских потребительных обществ во имя блага общего дела» ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1) Ликвидировать и отныне не считать существующими как юридические лица, все киргизские потребительные общества, а именно: 1) Ойгызильское, 2) Шербактинское, 3) Конурское, 4) Джелаковское, 5) Карамайлинское, 6) Кариставское 7) Кудыжагачское, 8) Баксанское, 9) Малокаройское, 10) Тойганское, 11) Эбейтинское, 12) Каройское, 13) Корасалганское, 14) Джанасайское, 15) Байболское, 16) Сиерченское, 17) Томбинское, 18) Бостанское, 19) Брликское, 20) Каракудукское, 21) Кизил-Агачское, 22) Бактыбаевское, 23) Базар-Байтайлакское, 24) Баембетовское, 25) Каразуйское, 26) Кожагельдинское, за исключением только одного Джелак-Чиликского.

2) Членам вышеуказанным 26-ти потребительных обществ войти членами в Джелак-Чиликское общество, объединив таким образом всех киргизов Исиль-Кульского района в одной единой, мощной кооперативной организации.

3) Переименовать Джелак-Чиликское общество в «Киргизское Многолавочное Общество Потребителей «Казак».

4) Местопребыванием общества «Казак» считать пос. Исиль-Куль при станции того же названия Омской ж.д.

5) Размер пая определить в 50 рублей, вступной платы – 3 рубля при десятикратной ответственности каждого члена.

6) Вместо общего собрания членов считать Собрание Уполномоченных, согласно закона о кооперативах и их союзах 20-го марта 1917 года.

7) Члены общества посылают на собрание уполномоченных своих представителей из расчета до одному от каждых 50 членов.

8) Изменить устав Джелак-Чиликского общества согласно 3, 4, 5, 6 и 7-го настоящего постановления Собрания Уполномоченных.

9) Все дела 26 потребительных обществ, указанных в 1-м, а также все денежные суммы, находящиеся в кассе Союза на счетах этих 26-ти обществ, перевести на соответствующие счета вновь образованного многолавочного общества «Казак».

10) Все кассы 26-ти обществ слить в одну общую кассу Джелак-Чиликского, которому предстоит переименоваться, как сказано выше, в общество «Казак».

11) Обсудив вопрос о порядке и условии внесения членами всех платежей в общество, съезд уполномоченных постановил: каждый член общества, не донесший до сего времени полного размера одного пая (50), обязан внести в общество 20 рублей такового при первой же получке товаров. Остальные суммы вносить по мере сил, но срок окончательного внесения не позднее 1-го января 1920 года.

Казалось бы, остается теперь приступить к работе, и дело пойдет само собою. Но тут останавливает внимание II постановления. Вот это-то при «первой получке товаров» и заставляет задумываться. «Говорите, что кооперация – полезная. Докажите реальную ее пользу, дайте нам товару – и мы поверим в полезность кооперации», – вот слова всякого киргиза.

Необразованный, не могущий разобраться в сложных экономических вопросах, киргиз остановит Вас этим выражением, и тщетны после этого все Ваши красивые и чувствительные речи, окрыленные нежными и священными идеями, – тщетны также все ваши старания доказать ему, что теперь разруха транспорта, что гибель промышленности, что усиление спекуляции и т.д.

Быть может, киргизы так мыслят потому, что многие из них не получали от Союза товаров уже 6–7 месяцев, а между тем у них деньги в Союзе имеются. (Все киргизские общества, впрочем, в Союзе всего р. 65679,90). Неосторожное обращение с психологией массы со стороны Союза привело отчасти к таким нежелательным результатам.

Нужно во чтобы-то ни стало утерянное доверие населения возвратить снова, а для этого необходимо хоть

частично исполнить просьбу народа – дать ему товар. Но Исиль-Кульский Союз Кооперативов в настоящее время товаров имеет очень мало, да при том же многие из них не являются необходимыми для киргизов. Им в первую очередь нужны: мануфактура, чай, спички.

О КИРГИЗСКОМ КООПЕРАТИВНОМ ОРГАНЕ

Как известно,в районе «Центросибири» живут больше полумиллиона душ киргизского населения, часть которого уже кооперирована и имеет в некоторых местах свои самостоятельные районные союзы, или же объединены в крупные многолавочные потребительные общества, которые входят членами в русские кооперативные союзы.

До сих пор кооперативное сознание крестьянской массы остается весьма низким, несмотря на то, что в Сибири на русском языке выходит более 20 земско-кооперативных журналов, не говоря уже о многочисленных кооперативных газетах.

Нечего говорить о киргизах, где невежество царит самодержавно, где отсутствие печатного слова делает крайне затруднительным распространение истинно кооперативных идей. Самое серьезное и важное дело, требующее сознательного к себе отношения массы, очень часто превращается в степи «в легкие слухи», «анекдоты», «легенды» и вследствие этого подчас совершенно невозможно ориентироваться населению в вопросах, касающихся его же интересов, его же непосредственной жизни.

Поэтому, основанные исключительно на слухах нововведения в степи носят характер декорации, где несколько ловких артистов кажутся в глазах простых, недогадливых зрителей действительными героями и ужасной «трагедии», и веселой «комедии».

И, наоборот, случается, что самая хорошая и полезная народу идея, которая с первого взгляда не так переварима широкой массой, теми же «слухами» очень легко может получить превратное толкование и тогда опять трудно пособить горю.

С другой стороны, вопрос о кооперации вообще разработан еще слишком не полно, мы являемся в пережи-

ваемое время свидетелями тех споров, которые ведутся между кооператорами по вопросам: о строительстве кооперации, о вмешательстве кооперации в политику, о сфере деятельности неторговых отделов и т.п.

Безусловно, ничего подобного не приходится говорить об инородческой кооперации, в частности, о киргизской, которая как таковая, существует пока лишь на бумаге.

Среди киргизов не только не о чем, но и некому спорить, ибо слишком мало среди них интеллигенции, догадавшейся о громадной пользе кооперации.

Значительная часть киргизской интеллигенции, получившей образование в мусульманских школах (медресе), до сих пор продолжает оставаться не у дел и не имеет возможности прилагать свои интеллектуальные силы на нужды и во блага своего народа.

Первая и самая главная причина этому – отсутствие (вследствие незнания русского языка) общения двух культур – восточной (мусульманской) и западной (христианской). В то время, как русский интеллигент имеет полную возможность путем самообразования пополнять до каких угодно пределов свои знания, киргизский интеллигент – мулла совершенно изолирован от культурного мира. Каким он был лет двадцать-тридцать тому назад в мусульманском медресе, таким он и остался; его психология, убеждение и мировоззрение остались такими же, какими они были во время его ученической жизни. А между тем эта группа интеллигенции, при разумном с ней обращении, могла бы принести громадную пользу народу, тем более, что она вышла из народа – и по сие время живет среди последнего.

Эта группа (вернее слой) интеллигенции сама сознает свою изолированность от культурного мира и отсталость от своих сородичей – киргизов, воспитанников русской школы; старается всеми силами уравняться с последними; как рыба об лед кидается она из стороны в сторону (частным образом учится русскому языку, занимается самоучкой, едет в город, поступает в русские школы) и никак не может выбраться из заколдованного круга. А между тем, повторяю, нужда в ней есть, и нужда острая.

Нужно во что бы то ни стало привлечь их к работе, и срок привлечения весьма экстренен, но до этого надо их учить. И учить именно кооперации.

Для выполнения этой задачи требуется переводчик между русской книгой и киргизом, нужно зеркало между кооперацией и народом. Именно этим-то переводчиком, зеркалом, что ли, я считаю должен быть печатный кооперативный орган, издающийся на киргизском языке, который бы послужил фокусом всех литературно-кооперативных сил киргизской интеллигенции, посвятившей себя служению народу в деле его экономического преуспевания.

Необходимость такого органа подсказывается еще и тем, что среди киргизской интеллигенции за последнее время немало наблюдается лиц, желающих принести пользу своему народу. Ввиду невозможности между ними живой связи и общения, ввиду отсутствия печатного органа, фиксирующего и комбинирующего в одно целое их отдельные взгляды – общественное мнение распыляется и в процессе этого взаимного непонимания конечный итог может быть подведен к тому, что представители одинаковы по духу идей окажутся непримиримыми врагами одни другим.

Главная задача органа будет заключаться в том, что он на основании всестороннего изучения инородческого вопроса (в историческом, географическом, бытовом, экономическом и т.д. отношениях) будет намечать те главные вехи, по которым должна будет идти в дальнейшем работа инородческой кооперации. Этот вопрос, я думаю, вызовет самый горячий обмен мнениями и может возродить совершенно по сие время нам неизвестные взгляды.

Затем, наряду со статьями, имеющими общекооперативный характер, в журнале будут помещаться общедоступные, популярно изложенные статьи, касающиеся практической жизни кооперации. Например, как вести счетоводство, делопроизводство, организация нового общества, утверждение устава, ведение общего собрания и т.д.

Немало внимания будет уделено и киргизскому сельскому хозяйству (скотоводству и земледелию). В этом отделе будут помещаться всевозможные статьи: травосеяние, рациональное кормление скота, устройство хлевов, конюшен, овчарен, болезни домашних животных и их лечение, продукты скотоводчества, их сбыт, переработка и т.п. Условия развития земледелия,

как, когда и какими орудиями пахать землю, уборка хлеба, молотьба его, различные сорта семян и т.п.

Причем необходимо заметить, что имеются киргизские участковые и ученые агрономы, а также ветеринарные врачи, от которых получено уже принципиальное согласие сотрудничать в журнале.

Затем, одним из главных отделов должен быть «Корреспонденция». Этот отдел будет отражать как на ладони всю жизнь степного киргиза: его нужды, желания, деятельность и т.п. Вышеназванные киргизские учителя-муллы будут служить самыми прекрасными сотрудниками в этом отделе. Я не задался целью излагать тут подробную программу предполагаемого органа. Эта работа немедленно же будет выполнена после того, как вопрос решится в Совете окончательно, ибо только после этого есть смысл заняться детальной разработкой программы.

Практическое осуществление этого предприятия мне мыслится двояко: 1-е «Центросибирь» приобретает мусульманский (киргизский шрифт), 2-е «Центросибирь» ассигнует средства, на которые нанимает какую-нибудь мусульманскую типографию и сейчас же приступает к изданию киргизского кооперативного журнала.

Первая мера требует ассигнования несколько большей суммы, чем на вторую, но зато в конечном итоге она гораздо выгоднее для «Центросибири». Во-первых, собственный будет шрифт, во-вторых, «Ц.С.» может попутно исполнять заказы хотя бы для земства (на издание учебников для киргизских школ, на которые земство затрачивает громадную сумму), что тоже будет приносить немалую материальную выгоду.

Вторая мера, безусловно, с финансовой стороны легче, но зато она менее выгодна для журнала в смысле его устойчивости дальнейшего существования.

Как бы то ни было, я искренне надеюсь, что вопрос этот не будет оставлен Советом без внимания и получит горячее сочувствие и должное удовлетворение со стороны последнего.

Считаю не лишним, как материал по данному вопросу, добавить к сказанному следующее постановление Собрания уполномоченных 27 Киргизских потребительских обществ в ст. Исиль-Куль от 24 мая с.г.: «Для вне-

дрения кооперативных идей среди темной массы киргизского населения и для разработки вопросов по киргизской кооперации съезд единогласно высказывается за необходимость издания беспартийной кооперативной киргизской газеты. Руководящим инструктором по киргизской кооперации предлагает возбудить ходатайство по этому вопросу перед киргизскими кооперативными союзами и союзами, куда входят кооперированное киргизское население. Если таковая газета выйдет, то правление имеет право выписывать ее в большем количестве экземпляров, не менее одной газеты на каждый хозяйственный аул».

Почти то же говорит и киргизский Союз «Бирлик» в г. Атбасар. Он тоже готов прийти на помощь.

«Центросибири» необходимо принять инициативу на себя и обратиться за помощью к «Закупбыту», «Центросоюзу» и Семипалатинскому Союзу Кооперативов (в последнем 78% всех обществ составляют киргизские).

Что же касается самой «Центросибири», то этот вопрос мельком был затронут на последнем Съезде уполномоченных «Центросибири», где, между прочим, Председатель правления В.В.Куликов от имени правления заявил, что оно даже единогласно высказалось за оказание помощи киргизской газете, но не будучи осведомленным о ее направлении, воздержалось от отпуска денег.

В настоящее время на киргизском языке существует только единственная еженедельная газета «Сары-Арка», которая слишком мало распространена среди киргизского населения.

ПЕРВАЯ ВСЕРОССИЙСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ МОЛОДЕЖИ ВОСТОЧНЫХ НАЦИОНАЛЬНОСТЕЙ

С 12 по 18 сего сентября происходила в г. Москве конференция секций и организаций РКСМ восточных национальностей. На конференцию съехалось 86 делегатов от 16 национальностей.

Наиболее важные вопросы, рассмотренные конференцией суть: 1) Советская власть и национальные вопросы, 2) организационные вопросы, 3) политико-просветительная работа, 4) работа в деревне, 5) работа среди

девушек, 6) интернационал молодежи и некоторые вопросы.

По первому вопросу конференция единогласно приняла резолюцию о необходимости сплочения трудящихся масс Востока, на основе национальной автономии, поддержки со стороны советской власти.

По второму вопросу конференция постановила избрать центральное бюро при ЦРКСМ.

Это бюро должно служить при Ц.КР.К.СМ. органом для пропаганды и агитации идей коммунизма среди трудящейся молодежи Востока, в то же время подсобным аппаратом Цекамола в деле организации молодежи, конечно, придерживаясь программы Р.К.С.М. Аналогичные бюро должны создаваться во всех крайкомах, губкомах, уездкомах Р.К.С.М, которые руководствуясь общими планами работ своей организации, действуют по планам, намеченным центральным восточным бюро.

Политическо-просветительная работа должна поставить себе целью борьбу со всякими религиозными предрассудками, и такими пережитками, как беспрекословное подчинение детей родителям, «почитание» стариков и проч. Съезд поручил разъехавшимся товарищам принять самые решительные меры для борьбы с темнотой и невежеством, царящими среди восточной молодежи. Необходимо приложить все свои силы, всю свою молодую энергию, чтобы и в захолустной татарской деревушке, и в заброшенном киргизском ауле, и в сонном сартском кишлаке были открыты клубы, избы-читальни, народные театры и т.д.

Относительно работы среди женщин решено вести решительную борьбу против угнетения восточных женщин мужчинами, против закрывания лица, продажи девиц за скот (у киргиз и отчасти сартов) и т.п.

Для привлечения женщин там (Туркестан, Азербайджан), где им запрещено показываться мужчинам, решено на первое время открывать особые женские секции.

Восточная женщина, благодаря влиянию мусульманской религии далеко отстала от европейки.

В семье она рабыня. Такое положение женщины-матери не могло не отразиться самым роковым образом на потомство.

Съезд решил бороться самым решительным образом с бесправным положением восточной женщины, поставив себе целью вызывать полный переворот в ее мировоззрении, на первых порах однако решено подходить к этому вопросу осторожно и образовать особые женские секции.

Весьма серьезное внимание было уделено вопросу о работе в деревне. Восточная деревня отмечается разнообразием своего социального устройства. Здесь киргизский аул с патриархально-родовым строем жизни, где экономические противоречия не остры (а подчас и совершенно слабы), здесь татарская деревня крупным земледельцем – куссоком; здесь сакля кавказского горца, которая иногда состоит сплошь из «буйных удальцов» или же из «смирных угнетаемых» и т.д.

Татарский или азербайджанский поселок живет постоянно на одном месте, а например, киргизский аул перекочевывает с места на место; то в первых имеется в среднем 50–60 дворов, а в последнем 10–15 дворов.

Оно является здесь общим, всюду здесь тоже имеются сильные и слабые, а следовательно эксплуататоры и эксплуатируемые.

Конференция, учтя опыт русской деревни, приняла положения, по которым мы должны произвести возможное расслоение и организовать трудящуюся часть.

Конференция избрала 9 товарищей в центральное восточное бюро. На них лежит огромная и почетная задача – организовать трудящуюся молодежь Востока. В своих рядах мы насчитываем пока около 60 000 юных товарищей.

БІРІНШІ МАҚСҰТТАРЫМЫЗ

Басымыз кемдіктен шығып, қолымыз теңдікке жетіп отыр. Туысқандық, мейірмандық, ұйымшылдық тұрмысына жаңа аяқ басып, жаңа болашақ өмірдің пландарын түзегелі келе жатырмыз. Бұл болашақ жолымыз бұрынғы ізімізге ұқсамайды. Бұрын бай баласы оқып, соның баласы ғана дүниеден хабардар болса, енді оқу

жалпы жұртқа бірдей болмақ. Бұрын жақсыны бай киіп, тәттіні бай жесе, енді жұрттың киермені де, ішермені де бірдей болу жөнінде іс істелмек. Бұрын бай ғана кісі болып, «аузы қисық болса» да сол ғана сөйлейтін болса, енді еңбекшіл жұрттың бәріне кісі болуға жол ашық. Дұрысын айтса, әділдікке тартса, кім болса сол сөйлемек.

Әрине, бұл жаңа тұрмысты бір күннің ішінде орнатып болмайды, оған көп еңбек керек. Әділ жүректі, ақ ниетті, шын еңбекшіл халықты жақтайтын еңбек керек. Бұл жаңа тұрмысты орнату үшін бізге үлкен күш керек. Ол күшті күш деп тану үшін оған алмастан қатты жігер, дауылдан қатты екпін керек. Салып жібергенде қырқып түскендей жігер, соғып кеткенде қиратып түскендей екпін керек.

Ескіні сілкіп тастап, жаңаны орнату үшін бізге бірінші қадам не? Үлкен, игілік ісімізді неден бастаймыз?

– Бірінші қадам – оқу.

Оқу – дүниенің айнасы. Түгелімен дүниені соның ішінен табасың. Біз жаңа тұрмыстың қызыл туын көтеріп, социализм ұранын шақырып отырмыз.

Біздің дауысымыз алысқа бара ма? Жазған сөзімізді көп еңбекшіл, қалың ел тегісі оқыр ма? Бұрыннан әлсізге зорлық етіп еңбекшілердің хақын жеп жүрген кезептер адал сөзді оқымаған бұхара халыққа теріс ұғындырып жүрмес пе? Міне! Бұл сұрауларға жауап беру өте қиын. Сол себепті, еңбекші халық бұрын қараңғыда жүрген халық, енді жарыққа шығуы қажет. Біз, оқығандар, бұл ретте үлкен көмегімізді тигізуге міндеттіміз. Барлық мұғалімдер, хатты жақсы білетін басқа азаматтар бар күштерін аямай, «үлкендер мектептерінде» іске кірісулері тиіс.

Қазақтың жастарының ұйымдары «хат білмейтіндікті жою» туралы шыққан Дегіретті (закон) оқу бөлімдерімен қолдасып, тез арада іске асыру шарасына кірісулері керек. Бұрынғы ескі хүкіметтер бұхара халықты алдағанда, оны оқытпай, көзін ашпай, жұмысын бітіретін. Жаңа тұрмысты орнату үшін оқу жұмысын алға бастырып, оны бірінші мақсұт қылып тұтуымыз керек.

1917-ші жылы жасалған үлкен төңкерістің аяғы кедейлердің, жұмыскерлердің теңдігі болып шықты.

Күні кеше фабрикант, зауытшіктердің, жандарал, төрелердің табанында езіліп қор болған орыс халқының жұмыскерлері, кедейлері, бүгін қолына бар хүкімді алып Русияның тағдырын өздері билеп отыр. Оларды бұл секілді күнге жеткізген – коммунист (балшеуек) партиясы. Коммунист партиясы неліктен жеңді?

– Оның тұтынған жолы дұрыс болғандықтан, көздеген нысанасы анық болғандықтан жеңді.

Жұмыскерлерге, кедейлерге теңдік әперген өктәбір өзгерісінің жалыны шет жұрттарды да шарпыды. Өмірінде үш ұйқтаса түсіне кірмеген теңдікті қазақтың кедейлері де алып отыр. Бірақ билік әлде болса да кедейдің қолына әбден тиген жоқ. Әлде болса да көбінесе жиылысқа аты бар, тоны барлар келеді, әлде болса да ревкомға, асы бар, қасы барлар кіреді, әлде болса да елдің ішінде баяғы Николай, Керенский, Колчак замандарындағы секілді партия кімнің партиясы?

– Байдың партиясы.

Бұрын бірін-бірі құлатарда, абақтыға саларда «бұл патшаға қарсы» деп, приговорды жаудырушы еді, енді көбі «бұл саует хүкіметіне қарсы» дегенді тауып алып жүр. Сондықтан саует хүкіметіне қарсы болушы да – бай, оны құлатушы да – бай болып шығып отыр.

Кедей қайда? Теңдік жетіп, енді билікті алайық деп отырған кедей қайда?

Кедей байдың қамшысын соғысып, оның партиясын күшейтіп жүр. Бұл неліктен?

– Бұл әлі кедейдің көзі соқыр болғандықтан. Ол әлі өзінің күні туғанын жөнді сезбегендіктен.

Кедей неліктен әлі соқыр?

Анықталып, оның пайдасын іздейтін азаматтардың өздерінің жолы ашылмағандықтан. Сол себепті бізге – жастарға, оның ішінде еңбекшіл халықтың қамын жеген жастарға анық, ашық жол керек.

Осы күнгі болып жатқан үлкен ауыр іс төңкерістен кейін қазақ халқы, оның еңбекшіл табы тұрмыс жүзінде қандай орын алмақ, соны шешу біздің бірінші мәселеміз. Ол алатын орынға жету үшін қандай іс істеуіміз керек? Бұны шешу – екінші мәселеміз. Ол

істейтін істеріміз жемісті болып шығуы үшін нендей әдісін тұтамыз? Бұл – үшінші мәселеміз. Һәм жоғарғы айтылған үш мәселе шешу үшін бізге жалпы бір иман есім керек. Бұл иманымыздың түрін белгілеу – төртінші мәселеміз. Әрине, бізде екі иман болмайды.

Біз еңбекшіл қазақтың пайдасын іздейміз, еңбекшіл қазақтың сөзін сөйлейміз.

Бұрын ел ішінде ата-ата болып жіктенсе, енді кедей, бай қылып жіктейміз. Бұрын қадірлі-қадырсыз, яғни аталы-атасыз болып жіктелсе, енді біз адал ниет һәм арам ниет қылып жіктейміз.

Осылайша жіктеп алғанда өңшең халықтың қанын сорғандар, өңшең кезептер, бұзақылар өздері де іркіліп қалады. Әне біз солармен істес болмаймыз.

Бұл – жалпы жолымыз. Ал енді осы мақсұтымызға жету үшін біз не істейміз?

Ол іс – жұмыскерлер партиясының істеп отырған ісі, яғни төңкеріс жасау. Елде әлі «баяғы қалпы, баяғы салты». Бұл ұзаққа созылмасқа керек. Біз, жастар, тұптура кеудені ашып, білекті сыбанып, ескіні көз ашып жұмғанша жоқ қылып, жаңа тұрмыс, жаңа заң жасауымыз керек.

Әрине, біздің бұл жұмысымыз – ауыр жұмыс. Саяси дүниеде буын бекітіп, бұғанасы қатпаған, әсіресе жастарға ауыр жұмыс. Ауыр болғанмен біздің не алдымызда сенеріміз жоқ.

Біздің иманымыз күшті. Біздің тұтынған жолымыз ашық. Адамға ыңғайлы. Бізбен бірге еңбекқорлық, бізбен бірге олардың қамқорлары. Біздің әдісіміз өлсек те солармен бір болу.

Міне, осы жолмен жүргенде баяғыдан бері тепкіде жүрген, қараңғыда, қапаста болған қазақ халқын біз адам қатарына қосамыз. Сонда ғана ертеңгі күні жадырап социализм өмірі туғанда біз, жастар, тек жатпадық дей аламыз.

АУЫЛДАҒЫ ЖАСТАР ТУРАЛЫ

Бұрынғы қазақ ішінде жасалып келген ұйымдардың бір кемшілік жері: олар ылғи шаһарлы жерде ашылушы еді. Шаһардағы оқып жүрген шәкірттер қысқы күні ұйымдасқан болып жүріп, жаз жарқырағанда жұмыс-

тары қала беруші еді. Ел ішінде ол кезде бірен-саран болмаса, ұйымдар болмады.

Біздің Қазақстан – ауылдық республикасы. Қазақтың 99 проценті ауылда. Сондықтан ауыл жастарының арасындағы жұмыс ең бірінші орында болу керек. Біздің ұранымыз «Бар күш ауылға!» деген болсын. Әрине, алғашқы кезде ауыл жастары ойлағандай болып шықпайды. «Осы өңшең тобан аяқтар не бітіретін еді?» деушілер де табылар. Бұндай сөздер білмегендіктен, я болмаса жалқаулықтан айтылады. Дұп-дұрыс болып, айтқызбай біліп тұрса, жұрттың бәрі ұйымдаспай әрқайсысы жеке-жеке бір пікірге өздері келіп тұрса, онда ұйымдастырудың да қажеті жоқ. Көзіміз көріп отыр, осы күнгі заман – бірлескеннің, білгеннің заманы. Бірлестің, бірауызды болдың – сен күн көре аласың. Бытырадың, надан болдың – өлесің. Қазіргі тұрмыстың законы осылай. Сондықтан бытырап жүрген, қараңғыда жүрген қазақ жастары бірігу керек. Қаладағы білетін, тәртіп көрген жолдастар оларға ұйымдастырудың пайдасын көрсетуге міндетті.

Баяғы қазақтың оқығандарының көбі елге «төре» болуға құмар болушы еді. Ол кездегі қазақтың ұлтшылдары ондай «төрелерге» тиісті баға берсе де, қазақ ішінде «төрелік» қалған жоқ. Күні бүгінге дейін шаһарлы жерде жүргенде, дұп-дұрыс адам секілді жігіт елге шықса, шіңкілдеп, тоқаңдап кетеді. Балалармен сөйлесу түгілі, жаман-жәутік қазақпен де сөйлеспейді. Ол білмейтін закон жоқ. Болмашы нәрсеге далақтап, ауылнайды шапқызып, байланып, әбігер жасап жүргені. Әсіресе орыстан шыққан «төрелер» бұл жөнінен «төре» деген атын әбден сақтайды. Қазақтың момындығын, жуастығын біліп алып, онды-солды айдай береді.

Егерде біздің жастар ұйымын ашуға шыққан инструкторларымыз да жоғарғы айтылғандардай болса, онда ұйым жасамақ түгіл жастарды жиюға да болмайды. Ал енді «әмір» қылып, поштабай жіберіп шығын жасауға ашқан ұйымдарда бірлік жоқ. Ондай ұйымдар инструктор кеткен соң өзі өшеді. Сондықтан елге шыққан жолдастар бұл айтылғандарды ойдап тұрып ұғыну керек. Бүйтпесе жөнді іс болмайды. Ауыл жастарының арасында айтылатын сөздер де басқаша болу тиіс. Еңбекшілді, жұмыскерді қуаттағанның жөні осылай

екен деп, бет алдына сөйлеу ұнамайды. Нендей сөз айтсаң да, бәрі жастардың көңіліне қонғандай болсын. Келтірілген мысалдарың, көрсеткен тәжірибелерің қазақтың тұрмысынан болсын. Сонда ғана сөзің оқымаған жастарға түсінікті болады.

СОҢҒЫ ОҚИҒАЛАР ҺӘМ КҮНШЫҒЫС

Сәует Русияның ең соңғы дұшпаны Врангель еді. Соңғы хабарлар Врангельдің мүлде біткенін көрсетеді. Күні кеше бүкіл жер жүзінде қаһарын төгіп, кеудесімен көк тіреген Врангельдің күшті ғаскерінің бүгін жұрнағы да жоқ. Врангель бітті. Газет хабарларына қарағанда, Врангельдің өзі Ыстамболға қашқан. Онымен бірге Ыстамболға барлық орыстың байлары, фабриканттары кетті. Ыстамболда бұларды аса құп ала қоймаса керек. Бірнеше мың босқындар кеменің ішінде аштан қатып өлгендігін жазады.

Онсоң біраз босқындар, шамасы 50 мыңдай Осирияда паналайды. Бұлардың мәні де аса көңілдегідей болмаса керек. Шет мемлекеттердің газеттері Врангельдің жігіттеріне бір түрлі қайран қалуда: осынша мықты, қаһарлы жандар нағып тез уақытта жеңіліп қалды дегендей түрі бар. Франция байларының газеттері бұл туралы Англияны жамандайды. Соның кесірінен тиісті уақытта Врангельге жәрдем көрсетілмей, ол жеңіліп қалды деседі. Ал енді Англияның газеттері француздарды сөгеді. Олар Врангельге жақсылап көмек көрсете алмады дейді.

Жұмыскерлер газеттері һәм социализм негізіне құрылған баспасөзден совет Русияның бұл жеңісіне қуанышты, мысалы, Лондонда шығатын «Деш геральд» газеті жазады: «Врангельдің жеңілуі Совет хүкіметінің ең ақырғы дұшпанын жоғалтты. Енді Англияның хүкіметі болтық-солтықты қойып, Русиямен сөз байласып, сауда-саттыққа кірісу керек» дегенді айтады.

Франциядағы социалист газеттері де осыны жазады.

Врангельдің жеңілуі совет хүкіметінің дұшпандарының қолындағы шоқпарын жоғалтқандай болды. Күнбатыстағы Еуропаның мемлекеттері Русиямен сөйлесе бастады. Сауда һәм басқа шарттар жасауға кірісті. Бірақ бұл хүкіметтер совет Русиямен мүлде та-

туласады екен деп тағы ұғынуға болмайды. Англиядағы Алойдты, Франциядағы Мелеранды бүйтіп жуасытып отырған – соңғы оқиғалар. Әйтпесе бұлар күні кеше Русияны жұтып қойғалы отыр еді. Қолынан түк келмейтін болған соң, сөйлеспестің шарасы қалмады.

Әйткенмен Күнбатыс қарап жатқан жоқ. Соңғы хабарларға қарағанда Франция басшы болып Кафказда жаңа күш жинап жатыр деседі. Кафказдағы революция уақытында жасалған ұсақты мемлекеттерді (Грузия, Армения) желіктіретін түрі көрінеді. Оның бер жағында Англия Анатолидағы соғысып жатқан Түріктің ұлтшылдарына да көз қарасын өзгертпек дейді. Қысқасын айтқанда, бүкіл Күнбатыс болып, Күншығыстағы саясатын басқаша жолға салмақ болса керек. Егер бұл айтқандардың бәрі рас болса, совет хүкіметін Врангельді жеңуімен соғыстан құтылды деуге болмайды. Әлде болса да нелер кедергі, нелер қауіптер бар. Ол туралы «Известияның» бетінде Стеклов жолдас та жазып отыр.

Күншығыс талайды көрді. Күнбатыстың зорлықшылдарының (империалисі) кім екенін айтпай-ақ біледі. Сондықтан түріктің ұлтшылдары Францияның қармағына іліне қоймас. Оқыған өнерлі, мәдениетті аталған жұрттар талай Күншығыстың санын соқтырған. Ауыздарымен ұжмақ орнатса да, іс жүзінде не орнататынын көріп жүрміз. Күншығыс балалық шағынан әлдеқашан шықты. Өлмес жайын ол да ойлар.

ЖАС ЖАЗУШЫЛАРҒА

Әуелде жеке жастар газетасы шықпақ еді. Бірақ һәр түрлі себептермен, әсіресе мұсылман қарпінің аздығынан бұл мәселе ашық қалып тұр. Аймақтық жастар бюросы атынан орыс тілінде «Красный молодеж» деген газета шыға бастады. Қазақша қаріп көбейген соң, кешікпей жеке газета шығады. Жазушы жас жолдастардан өтінішіміз: үлкендердің газетасына қоңсы қонған екен демей, сөздерін жіберіп тұрсын. Жастар газетасы жастардың күшімен ғана өмір сүретінді ұмытпау керек.

ТҮРКІСТАН ЖАСТАРЫ

Күншығыс халықтарының арасында Түркістан жастарынан көп біріккені жоқ шығар. Қазірде ұйымда бірлескен жастардың саны 40 мыңнан асады. Сарттың кишлактарында, қазақтың ауылдарында да жастар ұйымының қызыл туы көтерілген көрінеді. Кейбір мәселелерде жастар ұйымынан күшті мекеме болмаса керек. Құрдасымыз Түркістан жастарының күшейіп ұйымдарының көбеюіне шын көңілден тілектеспіз.

Дүрілдетіңдер, жолдастар!

ОКТЯБРЬ ТӨҢКЕРІСІ ҺӘМ ҚАЗАҚ ЕҢБЕКШІЛДЕРІ

Орыс халқында күшті таптың жерге қожа болуы һәм жер астында болған байлықты меншіктеніп, әлсіздердің күшімен пайдалану «бай», «кедей» деген екі тапқа айырған. Жерге қожа болған байлар неше жүздеп құл ұстайтын. Жерді сол құлдар жыртып, солар егін шашатын. Піскенде оратын байлар болатын. Жерді байларға кім берген? Жүздеп, мыңдап тұтқан құлдардың күшімен пайдалан деп кім ерік берген? Онда ешкімнің жұмысы да жоқ. Жалғыз-ақ байлардың имany – жерге қожа болу һәм оның асты-үстіндегі байлықты меншіктену. Әлсіз тапты құлдануды құдай біздің еншімізге берген деп түсінген.

Байлардың құлдығында жүрген кедейлер «біз әуелден байларға құл болып жаратылдық» деп түсінген, жерге қожа болған байлардың қол астындағы кедейлердің тұрмысы ауыр, байлардың таяғында шіріп, қорлықта өмір кешірген.

Байлар кедейлердің күшімен пайдаланып, жер астындағы байлықты алу үшін әр жерге зауыт, фабрике орнатады. Оның тағы бейнетін көретін кедейлер, рақатына байлар ортақ.

Зауытта өмір кешірген кедейлердің тұрмысын еске түсіріп, көз алдымызға келтірсек, мына сияқты: Зауытта өсіп-өнген бала ес біліп, әжетке жараған соң-ақ, жерден байларға алтын, күміс, темір, бақыр, қалайы, қорғасын, тұз, көмір ... секілді қазына әперу үшін жанын аямай қолына күрек, шот алып, тірідей жер астына түскен.

Зауытта қызмет істейтін халық пен егіншілікпен көсіп қылған халықтың тұрмысында көп айырма бар. Жер астындағы байлықты шығару оңай емес. Қазылған әлісте неше шақырым қараңғы жерден жаяу қол арбамен жер үстіне балшық шығарады. Жер асты қараңғы, дым, һауасы тар. Еркіндеп дем алу қиын.

Жер астында 8 сағат қызмет міндетті зауытта жұмыскер балалары 12–13 жастан-ақ жұмысқа кірісе бастайды. 12 жастан жұмыс істеген балалар бұрын айыбына бір жарым пұт ас-су алатын болған.

Зауыттың 15 жастағы баласы қалыпты үлкен жұмыскерлер есебінде істейді. Үлкен кісінің жұмысын орындау оларға міндетті. Олардың айына алатыны 2 пұт ас-су.

Енесінен туғалы тұк көрмеген бала көзін сондай ауыр жұмыспен ашады. Бар күш қуатын сонда жұмсайды. Қайраты, күші, өнері сонда сіңеді. Туғаннан оған ешбір жақсылық жоқ, серпілу, ойнау, күлу болмайды. Бірақ оның көретіні жердің астында қараңғылық, үстіне шыққа қожалардың, басқарушылардың, приказчиктердің ақыруы, зекіруі. Баяғы оның ата-бабасы да оның сол тұрмыспен өсіп-өнген. Жұмыста басы ауырып, балтыры сыздаса есепке алу болмайды. Бірақ өлсең де жұмысыңды орнына келтір. Екінші, зауытта өскен балалардың мінез-құлқы нашар болып өскен, себебі өзінен жоғары төрелерден жақсы сөз естімейді. Олардың ақырып-зекуінен басқа.

Соның үшін олардан көргенін істегісі келеді. Ұрсуға, төбелесуге, біреуді масқаралауға үйренеді. Оның көргені сол. Жер жүзіндегі барша жақсы адам үстінен қарайтын бабалар деп біледі. Туғаннан мейірімді, жылы сөз естімегендіктен, суық түс, қатты сөз рухына сіңіп қалады. Оларға жақсылықты үйретерлік адам жоқ. Айнала-маңайының бәрі теріс мінезді, тоң-теріс адамдар болғандықтан, зауытта туып-өскен балалар да – сол тәрбиесімен өседі. Балалар біреуді аса еліктегіш, көргенін істемей қоймайды.

Байлардың кедейлерге қожалығы жалғыз оларды құлданып, күшімен пайдалану емес, олардың кедейлерге төмен көзбен қарауы да нашар тәрбие берген.

Осындай тұрмыс, байлардың жұмыскерді құлдануы кедей-жұмыскер табының жыл сайын дұспандығын арттырып, ашуын қайнатқан. Бай мен кедейлердің ара-

сында туған дүспандық тұрмыстың алалығынан келеді. Себебі, «бай» – «кедейлік» біреулер өмір бойына еңбек қылып жанын жалдаса, біреулер еңбексіз жаңбасынан жатып жегендігінен туған. Сол сияқты арамтамақтық, жаңбасынан жатып жеу – зауыт-фабрика иесі байлардың жұмысы. Фабрикада кездеме тоқыса, кедейлердің қолынан шығып отыр. Оны жұмыскерлердің көзі көрсе де, қолы ұстамайды, фабриканттардікі. Кездемені істеп шығарған жұмыскерлер фабрикант болмайды. Еңбексіз шалқасынан жатып, төтеден ие болған бай фабрикант болады, «бай тоқып шығарды» болады.

Жер астындағы қазынаны жұмыскерлер шығарады, жұмыскерлер пайдалануға болмайды. Олар да байлардың пайдасы. Жерді бейнетқорлар жыртады. Оған тағы байлар ие. Міне, осы ашу неше жылдан бері қысып келіп, Октябрь төңкерісін жасатты.

Табиғат бір нәрсеге қатты қысылса, шыдай алмай жарылып кетпекші. Жерде зіл зала болса жердің асты үстіне келіп, үстіндегі ауыл, шаһар, тау-тас – бәрін де бөріктей ұшырады. Үстіндегі нәрселердің бәрі ойран-ботқа болады. (Алматыда 1909–1910 жылдарда зіл-зала болып, көп мүлік қирап, қанша жан әлек болған). Октәбір өзгерісін туғызып отырған – миллиондап жұмыскерлердің маңдай тері, мыңдап саяси ерлердің қаны.

Біз қазақ тұрмысын алсақ, екі тапқа қазақты бөлерлік еш себеп жоқ. Қазақ тұрмысын жаппай бір түрлі құлданушы да, құлдық та жасаушы тап та қазақта жоқ. Қазақтан фабрик-зауыт ұстап, неше мың жұмыскерлерді құлдықта тоздырған капиталистер жоқ. Қазақты шет халықтар құлданбаса, өз ішінен құлданушылар шыққан жоқ.

Патша тұсында орыс құлдығында жасады. Жер мәселесінде қазаққа деген ұлтарақтай жер жоқ та. Патша Ресейден переселен жіберсе, қазақты киікше таутасқа қуатын. Олай болса, қазақ халқының бәрі еңбекшіл. Қазақ ғылым-білімнен бос болғандықтан, патшаны іс басынан қуатын бір партияның болатынын білмеді де. Патшаны түсіріп, Октәбір төңкерісін жасаған – коммунист (большевик) партиясы. Октәбір төңкерісінде қазақ халқы коммунист партиясының мәніне түсіне, Октәбір төңкерісі қадірін біле алмай қалды. Оны білдірмеген – қазақ халқының саяси сезімі жоқтығы. Екінші, патша генералдарының құтыртуы.

Ресейге саует хүкіметі орнағалы үш жыл. Қазақ сол үш жылдың ішінде саует хүкіметі болмаған әр партияның дәмін татып қарады. Бірақ қай партия болса да қазаққа бостандық беріп, өз тізгінін беріп қоя берген жоқ. Ноябрь өзгерісінен бері кімнің қас, кімнің дос екендігін біле бастады. Жалпы езілген таптың қамын ойлайтын саует хүкіметі қазақтың өз тізгінін өзіне беріп отыр Қазақ – еңбекшіл халық, сондықтан қазақ еңбекшілдеріне ноябрь төңкерісінен былай қарай саует хүкіметінің қанаты астында іске кірісті. Қазаққа бостандықты саует хүкіметі берді. Неше жылдай патша хүкіметінің жәбіршілігін көрген қазақ халқы бүгінде саует хүкіметі арқылы өз билігін өзі алып отыр. Қазақ еңбекшілдері саует хүкіметін шын жарлыны жақтайтын хүкімет деп танып, ынталы көңіл, шын ықыласымен іске кірісті.

ЕСКЕРЕТІН УАҚЫТ ЖЕТТІ

I

Капитализм (байлар билігінде) дәуірінде адам баласы екі топқа бөлінеді. Бірі – зорлықшылдар табы, екіншісі – қорлықта болғандар табы. Алғашқы тапқа кіретіндер: байлар, төрелер һәм басқа еңбексіз күн көрушілер. Екінші тапқа кіретіндер: жұмыскерлер, бұхара халық, һәм басқа еңбекшілер. Бұл екі таптың тілегі біріне-бірі қым-қиғаш. Байларға, төрелерге пайда болған жер де жұмыскерлерге һәм бұхара ... ар ар болады. Аналар рақат-қызық көргенде, мыналар мехнат, азап шегеді. Мысалы, жұмыскерге ақыны аз беріп, оған жұмысты көп істету фабриканттың пайдасы болса, ақыны көп алып, жұмысты аз істеу жұмыскердің пайдасы. Бұқара халықтан алымды көп алу – төрелердің пайдасы болса, неғұрлым аз беру қараның пайдасы. Бұл екі тап тұрмыс жүзіне шыққаннан бері бірімен бірі күресіп, тартысып келеді. Әйткенмен Русиядан басқа мемлекеттерде үстін тұрған зорлықшылдар табы. Зорлықшылдардың үстін тұрған мәнісі: мемлекеттің тізгіні – хүкімет, олардың қолында. Жұрт билеуші төрелер олардың қолында. Оқу, білім, өнер байлық – бәрі олардың қолында. Хүкімет зорлықшылдардың қолында болған соң, оның істейтін істері қайтсе сол зорлықшылардың пайдасын табу болады. Хүкімет зор-

лықшылдарға пайдалы заңдар шығарады. Оларға тиісті өнер-білім таратады. Зорлықшылдардың керегі үшін соғыс ашады. Қантөгіс жасайды.

1917-інші жылғы үлкен өзгеріске шейін Русия хүкіметі де зорлықшылдардың қаруы еді. Тілалғыш бала секілді. Әкесі фабрикант – памешіктер не айтса, бұлжытпастан соны орындап отырушы еді. Русияның ескі хүкіметі Ресейде жердің көбін памешіктерге беріп, мұжықтарды шұбыртып, қазақтың жеріне айдады. Барлық заңды байларға тиісті қылып шығарып, жұмыскерлерді аштан қырды. Ескі хүкімет Түркиядан Ыстамболды тартып алам деп, қанша жұрттың нақақтан қанын төкті. Ыстамбол қай орысқа керек еді? Жұмыскер бұқара халыққа оның әдемі үйлерін бермейді. Оларды онда апарып тегін асырап қоймайды! Ыстамбол орыстың байларына керек еді. Олар Ыстамболды алса, саудасы күшейер еді, басқа жұрттың байларының арасында беделі артар еді. Сөйтіп жүріп, Ыстамбол үшін орыстың байлары өз қандарын төккен жоқ, жұмыскер бұқара халықтың қанын төкті. Оларды алдады. Айасофианың басына крест орнатамыз. Баяғыда оқылмай қалған жарты «намазымыз» бар деді. Әрине, бұған бұқараның көбі нанды. Олар шын көңілімен байларға тілектес болып, балаларына батасын беріп, солдатқа жіберді.

Соғыс ұзаққа созылды. Шаруа күйзелді. Жұрт шаршады. Тұрмыс ауырлыққа айналды. Жұмыскерлер соғыстың бітуін тілей бастады. Байлардың, зорлықшылдардың тілін алғыш хүкімет соғысты тоқтатпады. Ақырында екі таптың тірескені зорға кетті. 1917 жылы октябрьде хүкімет жұмыскерлер, бұхара халықтың қолына көшті.

II

Үш жыл қолында билік ұстаған орыстың жұмыскерлері адам танығысыз болып өзгерілді. Бұрынғы қараңғы, сыз пәтерлердің орнына жарық, әдемі клубтар, бұрынғы надандықтың орнына үшкөл һәм әртүрлі курстер, бұрынғы арақ ішіп, мас болатындықтың орнына енді мәжіліс, кеңес, бұрынғы әр есіктің түбінде жүріп тозғандықтың орнына енді ұйымдасқандық, бірлескендікті көресің. Осы күнгі хүкіметтің ісі баспасөз һәм басқа көпшілік мекемелері – бәрі жұмыс-

кер-бұқара халықтың айтқанын істеп, бұлардың мақсұтын көздеп отыр. Қысқасын айтқанда жұмыскерлер – қазіргі хүкіметтің тіреуі, арқа таянышы.

III

Қазақстанға келейік. Бұрынғы ел билеген біздің ағаларымыз қазақта фабрик-зауыт жоқ, жұмыскер табы жоқ; бүкіл қазақ болып қорлықта келдік; монархия заманда орыстың төрелері қазақтың бай-кедейін бірдей аунатып, жеді. Сондықтан бізге ұлт бостандығы керек. Біз ұлтшыл болу керек деген сөзбен келдік. Сонымен қазаққа басшы болған көрі-жас жұмыскер мәселесіне салқындау қараушы еді.

Бірақ ойлап қарасақ, бұл көзқарас қата екен. «Өз үйім аман болса болды, басқасы күйіп кетсін» деген жаман, залалды пікір екен. Бұл бұлай болса, біз қолды қусырып қарап отыру жарамайтын жұмыс екен.

Оның бер жағында, сөздің расына келсек, бізде жұмыскердің өзі толып жатқан көрінеді. Каспий теңізінің жағасындағы неше мың балықшылар, Ақмола, Семей облыстарындағы он шақты зауыт-фабриктердегі жұмысшылар, Ертіс өзенінің бойындағы матростар һәм сол маңайдағы казак-орыстың жұмысын істеген қазақ жалшылары. Мыңдаған жылқышы, қойшы, пішенші, етікші, арбашыларды қоссақ, бұл айтылған цифрдың саны одан да көбейеді.

IV

Ал енді мына мәселеге келейік. Осы жұмыскерлердің арасында біздің жолдастарымыз іс жүргізіп жатыр ма? Бұларға ашылған курс, клубтар бар ма? – Жоқ.

Қазақ жұмыскерлерінің көбі совет хүкіметінің түпкі негіздерін дұрыс білмейді. Осы күнгі еңбекшілердің еншісі болып жатқан өнер-білімді үйренгені сол атты естіген жоқ. Бұның бәріне кінәлі – біз, қазақтан шыққан коммунистер. Біздің бірінші міндетіміз сол жұмыскерлерді біріктіріп, оларды саяси ағыммен таныстырып, олардың арасында білекті сыбанып тастап, іске кірісу. Арызды көпіртіп «мен – коммунист» деп мақтана бергенше, сол коммунистігіңді іс жүзінде көрсету керек. Біздің хүкіметіміз – совет хүкіметі, жұмыскерлер, еңбекшілердің хүкіметі. Біздің ісіміздің көбі сол еңбекшілдер арасында болу керек.

Қаймағы бұзылмай ұйықтап жатқан қалың ел анау! Неше мың жұмыскерлер үш жылдан бері дым істемей, қарап жүргені мынау! Ескеретін уақыт жетті! Бұның бәрі бізге үлкен сын. Сыналып қалып жүрмейік.

КӨТЕРІЛ, ЖАСТАР!

I

Қазақтың саяси саласында осы күні тоқталыс. Бұрынғы патша заманындағы ұлтшылдардың көбі шабысынан танып, көбісінен жаңылғандай түрі бар.

Қазіргі ел билеп, жөн сілтеген жолдастардың пікірі бір жерге тегіс қойылмай, саясатшылдардың едәуірі делсалда жүрген көрінеді. Еңбекшіл қазақ жалқы афтономия алып, қолына еркіншілік тиіп, енді ішкі тұрмысты түзеуге кірісіп отырғанда, бұл мәселенің анықталып шешілуі өте қажет.

Социализмнің (ұйымшыл тұрмыстың) атасы Карл Маркс айтады екен: «Адам өмірді жетектемейді, өмір адамды жетектейді», – деп. Бұл сөздің мағынасы: маңайыңның ауқымына қарап тоныңды өзгерте бер деген емес, не ... тұрмыстан ал деген сөз. Адамды ашулы, ызақор ететін де, көңілді, мейірімді ететін де, қорқақ, батыр ететін де – тұрмыс. Тұрмысы кедей, мұқтаждық, қорлық болған адамның мінезі мен бай, рахатта жүрген адамның мінезі бір болмайды. «Аш бала тоқ баладай ойнамайды, тоқ бала аш бала деп ойламайды» деген мақал өтірік емес.

Қазақтың саясатшылдарының бұрынғы бізде ұлтшыл болып жүргенінің себебі: қазақтың тұрмысының ауырлығы еді. Қазақ оқығандары жасынан тепкіде жүрген, қорлықта болған, езілген, жаншылған қазағын көрді. Анда-санда ауылға ақырып, ауылға келетін маңдайы жылтыраған уряднік, приставты көрді. Сөйтіп өскен қазақ баласы, әрине, қаны қатып қалған болмаса, халқына жаны ашымай, іші-бауыры елжіремей тұра алмады. Урядниктен басқа орысты көрмеген, басқа орыстардан жақсылық шығады екен деп білмеді. Сондықтан қазақ саясатшылдарының бәрі ұлтшыл болды. Жарқылдаған жылтыр түймеге мәз болып, ойлағаны өз басы болған қазақтың оқығандары да көп еді.

Бірақ олар туралы біз сөйлемейміз. Һәм оларды жаны ұғынып, әлгі айтылған саясатшылдарға қосу жарамайды.

1917 жылы үлкен өзгеріс болды. Қазақтың саясатшылдары ескі ізбен жүре берді. Октябрь төңкерісі болды. Билік орыстың жұмыскерлері мен бұқара халқына көшті. Қазақтың басшылары саясатын өзге тебеді. Қазақ халқын қорлықта тұтқан орыстың байлары, төрелері құлағанын көрмеді. Көрсе, сенгісі келмеді. Баяғы тар ауданды «ұлтшылдық» пікірінде қалды. Ұлтшылдық пікірі социализм негізіне құрылған мемлекетте артық екенін білмеді. Қысқасын айтқанда, қазақтың социалшылдары үлкен төңкерістің түпкі тізгініне көз жіберіп, одан шығатын нәтижені абайлай алмады.

Маңағы айтылғанға келеміз – өмірді жетектейміз деп бұлқынған болды. Өмірді жетектеу оңай болып па! Бүкіл дүниені сілкілетіп, екіпінімен тасты күл еткен еңбекшілдердің қозғалысы тоқтай қоя ма?! Теңіздің толқынын жаңқа бөгей ала ма?..

II

Ол олай болса, біз неге ұғынбаймыз? Біз алдымыздағы болып жатқан оқиғаларды неге ескермейміз? Бұрын қараңғыда жүрсек, көзімізге ешнәрсе көрінбесе, енді аштықта, тапа-тал түсте, дүниенің төрт бұрышын түгел көрген шақта, біз неге түсіне алмаймыз?

Міне, бұл сұраулар өте қиын. Осыларға жауап беру өте ауыр.

Біздің саясатшылдарымыз есінен танып, күйісінен жаңылып, шабысынан тайса керек.

Алғашқы сөзіміз расқа шығады!..

III

Енді бізде кім бар? Алдымыздағы асқар таудай ауыр жүкті кім арқалайды?

Ұлттың ісін, елдің жұмысын кім атқарады? Еңбекшілердің кім ақылшысы болып, кім оларға жолбасшылық етеді?

– Жастар, жастар, жастар. Бұлардан басқа ешкімге сенім, ешкімнен үміт жоқ.

Солардан басқа тілек жоқ. Жастардың міндеті ауыр, мақсұты зор, көздеген нысанасы алыс.

Біздің алдымызда шешілмей тұрған көп мәселелер

бар, істелмей жатқан көп істер бар. Біздің байымыз әлі баяғы ескі қалпы, еңбекшілеріміз оңдап билікті қолына алған жоқ. Азды-көпті жұмыскерлеріміз әлі біріктірілген жоқ. Жалпы қалың ел әлі совет хүкіметінің жолына анықтап түскен жоқ. Ойының бәрі бүгін ғана, ертең ғана біте қоятын іс емес. Бұл екі-үш күнде салып тастайтын шым үй емес. Бір сағатта ойып тастайтын бір шошашақ шөп емес. Бүкіл халықтың тұрмысын өзгерту, адамшылық, ұйымшылық негізімен өзгерту, жаңа дүние орнату деген жеңіл жұмыс емес. Бұл секілді жұмыс басын жарып, көзін шығарғанмен оңдалмайды. Бұған ақыл керек, білім керек, ақ жүрек, адал ниет керек.

Мұның бәрі жастардан шығады. Бұл шақтың қожасы – жастар. Біз жастарға сенеміз. Біз олардың жас жүрек, жаңа күшіне сенеміз. Біз олардың адал ниет, асыл тілегіне сенеміз. Біз барлық еңбекшіл жастарға сенеміз. Көтеріл жастар! Сенетініміз – сендерсіндер. Сенімімізді ақтаңдар!

СІБІРДЕГІ ҚАЗАҚТАР ТУРАЛЫ

Русияның кіндік комитетінің һәм халық камисарлар сауетінің биылғы жылғы бірінші сентәбірде шығарған декреті (закүні) бойынша, Қазақстан республикасына Ақмола мен Семей облыстары да кіруші еді. Бірақ ол уақыттағы қазақ республикасының бас мекемелерінің осалдығын еске алып, һәм Ақмола мен Семей Сібірревкомының қол астына кіріп, саует жолымен іске кіріскеннен кейін бұл екі облыс уақытша қазақтың кіндік мекемелері дұрыстап жасалғанша Сібірревкомның қарамағында қалдырылып еді.

Күзді күнгі болып өткен жалпы қазақ жиылысы бұл екі облыс 1-ші януардан бастап қазақ республикасының қарамағына кірсін деп қаулы қылды. Оған дейін әртүрлі жұмыстарды ыңғайлап, даярлай беруге Сібірге (Омбыға) қазақтың кіндік комитетінің атынан өкілдер жіберілді. Бұл өкілдердің істейтін жұмысы: Ақмола мен Семей облыстарын осы бастан меншіктеніп, онда қазақ хүкіметінің саясатын жүргізіп һәм ондағы Сібірревкомның істеп жатқан жұмыстарын өз қолынан өткізіп тұрмақ еді.

Қазақ аптономиясын жариялаған бірінші сентәбір декреті шықты. Ол декретте Ақмола мен Семей Қазақстанға кіреді деп анық айтылды. Октәбірдегі жалпы қазақ жиылысы қаулы шығарды. Қазақстанның кіндік комитеті Сібірге кісілерін жіберді. Ол кісілерге ашық жобалар берілді.

Ақылға салғанда да, законға келгенде де біздің жіберген кісілерімізді Сібірревком құп алса керек еді. Ол кісілеріміз қолына берілген жоба бойынша іске кіріссе керек еді. 1-інші январда Ақмола мен Семей Қазақстанға кірсе керек еді.

Жоқ, іс жүзінде біздің ойлаған ойымыз өтірік болып шықты. Сібірревком аяқты теріске басты. Сібірревкомның ойынша бұл екі облыс Қазақстанға кіруге әлі даяр болмаса керек, әлі Сібірревкомның шаруасы бітпесе керек. Мал алу бар, кісі алу бар, тері жию бар, шөп алу һәм басқа толып жатқан алатын нәрселер – соның бәрін 1-інші январға дейін бітіре алмаймын дейтін секілді. Сібірревкомның карательный отряды елден малды тартып алып келсе, оны Сібірревком кінегесіне жазғанда «Қазақтар өз еркімен берді, бұлар көңілді төлейтін көрінеді» деп қосымша тағы салық салды. Мысалы, Омбы үйезіне салған малының есебі тірі қалған малдың санынан көп. Бұны көрген соң «көңілді» қазақтар Омбыдағы Қазақстанның өкіліне шауып-шауып келген. Ол іске біздің өкілдеріміз қатысып, мәселе басқаша болып шешіледі.

Сібірревкомның бұдан басқа істеп жатқан әдемі жұмыстары толып жатыр. Ақмола облысында бір үйезге алпыс мың қойдың терісін илеп бер деп жарлық етеді. Бұл үйезге жұмыртқа тап деп бұйырады. Бұл – бақырдың бір жағы. Ал енді екінші жағын аударып көрелік.

Омбыда һәм Бискіде мыңдаған қазақ әскерлері жатыр. Қызыл әскер – совет хүкіметінің қорғаны. Қызыл әскер – Русияның еркесі. Киімі де сонікі, тамақ та сонікі, кітап та сонікі, білім де сонікі. Қызыл әскерден қалған мал – мал, жан-жан. Сібірде жатқан қызыл әскер қазақтардың тұрмысы олай емес. Қазақ солдаттары киімсіз, тамақсыз өліп жүр. Науқасқа шалдықты. Алдына өлім кіре бастады. Оларға кітап оқыту, білім тарату еш уақытта да Сібірревкомның түсіне кірмеген.

Сібірде толып жатқан жұмыскерлер бар, кедейлер бар. Олар әлі совет хүкіметінің не нәрсе екенін

білмейді. Тыртиған арық атын жұма сайын лауға мінерін біледі. Шұнтиған жалғыз тайыншасын ертең салыққа алатынын біледі.

Ақмола облысында Спаскі, Успенскі, Жезқазғанскі, Сарысускі деген фабрик-зауыттар бар, Семей облысында Екібастұз, Жармақ деген жерлер бар осылардың бәрінде мыңдаған қазақ жұмыскерлері. Нағыз қара табан пролетариат, бұлар газет оқи білмейді. Бұлар ұйымдасқан жоқ. Коммунист партиясы не екендігіне бұлар әлі түсінген жоқ.

Сібірревком не қылып отыр? – Ешнәрсе де қылған жоқ.

Осының бәрін көз алдыңа әкеліп байқағанда, өзіненөзі бір сауал туады: Сібірревком түк істей алмаса, қолынан ешнәрсе келммесе, ол сол екі облыстан тыртысып неге айырылмайды? Соншама жабысқандай несі қалды? Жауап жалғыз. Жауап ашық. Оны айтып, біз уақыт оздырмаймыз.

Біздің ойымызша, аптономия болған соң, жалпы қазақ бірігу керек. Біз жалпы қазақты біріктіріп, аптономия жасағанда, ол аптономияны еш уақытта да мақсұт етіп ұстамаймыз. Бізге төрелік керек емес. Біз атақ іздеген кісілер емеспіз! Біздің ниетіміз аптономияшылдық емес! Біз аптономия керек дегенде, айтатын дәлеліміз мынау: әр халықтың тілі бөлек, тұрмысы бөлек. Жалпы адамшылық бақытқа жету үшін әр халық өз тілінде мәдениетке қожа болып, өз шаруасына қарай тұрмысын өзгерту керек (сабасына қарай піспегі!). Адамшылықтың шамшырағы болған, коммунистердің алғашқы басшысы Карл Маркс осыны айтады.

Ал енді біз осы күнгідей қазақ халқының жартысын ана арбаның соңына, жартысын мына арбаның соңына тіркесек, әлгі айтқан негізге дұрыс келеміз бе? Бәріне бірдей тілі бар, бәріне бірдей шаруасы бар халықты бөлшектеп, бытыратып жіберген соң, ол қалайша мәдениетке жетпекші, қалайша шаруасын өзгертпекші, қалайша жалпы еңбекшілдер тобына қосылып, адамшылықтың санаулы бір ұлы болмақшы?

Бұл сұрауларға да жауап ашық. Түсіндіріп біз әуре болмаймыз.

Олай болса, қазақ халқының бірігуіне бөгет болған адамдар коммунизмді дұрыстап ұғына алмай жүр.

Олардың ойынша, «қазақтың халқына бұрын орыстың жылтыр маңдай төрелері қожа болса, енді жалпы коммунистер қожа болу керек». Олардың ойынша, қазақ халқы – дүлей, қараңғы, меңіреу, жуас, түкті білмейді. Сондықтан олар ұйпалап-сұйпалағанға көне береді.

Жоқ, олай емес! Омбыдан шыққан «батырлар», ондай ойларыңның мезгілі өтіңкіреп кетті. Еңбекші қазақ халқы ұйқысынан әлдеқашан оянған. Оның көзі бәрін көріп отыр. Қазақ халқы бұрынғыдай жетім емес. Ақ жүрек, жауынгер ерлері толып жатыр. Олар коммунист болғанда, қазақ халқын құл қылуға болған жоқ, ұл қылуға болды. Қазақ халқын баяғыдай біреудің тепкісіне салғалы болған жоқ, бәлки көгертуге, жалпы еңбекшілдер тобына қосуға болды. Өзімізді өзіміз бауыздау бізге тым-ақ қызық емес. Олай болса, қазақтың еңбекшілдері бірігеді, көгереді, жасайды.

ДІНМҰХАМЕД ӘДІЛОВ

Жуырда Орынборға Дінмұхамед Әділов жолдас келді. Дінмұхамед Әділов жас болса да қазақ революционерлерінің кәриелерінен деп саналады. 1917-інші жылы жұрттың көбіне совет хүкіметі ұғымсыздау көрініп жүрген мезгілде Дінмұхамед совет хүкіметін жақтап, қызыл әскерлікке жазылып еді. Артынан кешікпей ақтар өзгерісі болып, Дінмұхамед жоғалып кетті. Бұл ол кезде қызыл әскерлермен Балагуминнскийде екен. Ондан содан қанша қыл көпірден өтіп, минөт сайын өмірін құрбан қылуға даяр болып, Омбы шаһарына келді. Ол кезде Омбыда патшасынған Колчактың заманы. 22-ші ноябрь 18-ші жылы Омбыда Колчакқа қарсы болған қозғалыста қолына қару алып, көппен бірге болды. Сол жылы Дінмұхамед Түркістан шығып кетті.

Түркістандағы өтірік коммунистердің істелген жұмыстары, мұжықтардың жуандарының тәртіпсіздігі, қазақ халқының нашарлығы, оның қараңғы, надандығы, көпке бірдей болып жатқан бостандық дәуірінде де оның тепкіде, қорлықта жүргендігі – Дінмұхамедтің көңіліне бір түрлі өшпестей таңба салған. Қазақ еңбекшілдері бақытқа жетсе өз күшімен ғана жетеді. Ешкім оларға күш-көмек көрсете алмайды деген пікір кеудесіне иман болып орнаған.

Дінмұхамед Әділов ішкі әскер комиссарының орынбасары болып бекітілді.

Жаңа адамшылық қатарына кіріп, жас балаша аяғы дірілдеп, қалықтаған жас аптономиямыз қай азаматты көпсінгендей болып отыр! Әйтсе де Дінмұхамед жолдас секілді жігерлі, ақ жүрек, шыншыл, білімді жолдастарымыздың арамызда болғанына өте қуаныштымыз. Жалпы еңбекшілдердің ұраны шақырылып, бостандық қызыл туы көтерілгенде, еңбегін аямай көп үшін қызмет еткен азаматтарға шын көңілден тілектеспіз.

АЗЫҚ-ТҮЛІК МӘСЕЛЕСІ

Ұйым дүкендерін қалай ашу керек?

Газетіміздің өткен нөмірінде қазіргі болып тұрған жалпы шаруа жайын сөйлеп едік. Енді сол күйзелген шаруаны қалай түзетпек керек әм түзету жолда қандай әдістер бар – соны айтып өттік біз.

Әуелі ұйым дүкендерінің ашылатын тәртібін айтып өтейік.

Осы күні орыс қалаларына ұйым дүкендері арқылы нәрсе беріліп жатыр. Қазақ арасында ұйым дүкендері әлі ашылған жоқ.

Әзір нәрсе аламын дегендері уақытша жақын қалалардағы орыс дүкендеріне жазылады. Сөйтіп, өзінде ұйым ашылған қазақ ауылдар біраз күн орыс қалаларынан ала тұрады. Әрине, үнемі қазақты орысқа тіркестіріп қою болмасқа тиіс. Бұдан бұрын қорлық көрген, азап шеккен халықтардың бәріне теңдік беріп жатқанда, енді біздің қазақтар әлеуметке жұмыс тура білген (...) біледі екен, мынау деп, анау деп тұрғанынан көрінген орыстан сұрай бермейді.

Жазықсыз бүкіл жұртты бір жұдырығымен қысқан бұрынғы қара жүрек орыс төрелерінің, шенеуніктерінің күні жоқ. Олар әлдеқашан жеті қат жердің астында марқұм болған. Ол олай болса, қазақ өз жұмысын өзі меңгеріп, істеуге ешкім бөгет қылмайды. Бірақ ерікті алдым деп қазақ оны орынсыз жерге жұмсау тағы жарамайды. Бұрынғыдай барлық билікті ел ішіндегі бұзақыларға, мықтыларға беріп жібермеске керек.

Ел ұйымының басына өзі елді сүйетін адамдарды қою керек.

Осы күні облыс (губерне) басында қазақтың кооперациясын басқаратын мекемелер бар. Ол мекемелерде отырғандардың бәрі қазақтың адал жүрек, анық елге қызмет етем деген азаматтары. Ел ішінен ұйым дүкені ашыларда әлгі айтылған мекемеден халыққа жоба көрсетушілер (инструкторлар) жіберіледі. Ол жоба көрсетушілер ел ішіне келіп жиылыс жасайды. Жиылысқа маңайындағы шақырылған елдің адамдары бірі қалмай келуге міндетті. Бұл жиылыста ұйым дүкенінің іс басқарып отырған мүшелері сайланады. Әм басқарманың қай жерде тұратындығы да белгіленеді. Сол жерде басқарманың істерін уақыт-уақытында тексеріп тұратын тексеру комиссиясы сайланады. Ұйымның кірісі мен шығысын жазып тұратын (...) хатшысы болады. Бұл секілді қызметті атқарып тұратын хатшыны (бухгалтер) дейді. Бухгалтер болу үшін өз алдына бухгалтер ғылымын оқу керек. Бұл туралы жуырда Омбыда қазақ тілінде каператса курстары ашылады. Содан оқыған кісілер бухгалтерлікке әбден жарайды.

(Курстар туралы ендігі жолы өз алдына жазамыз).

Ұйым дүкенінің басқармасының мүшелері бір жерде тұруға міндетті. Олардың тұрған жерінде нәрсе сатылатын сарайлар салынады.

Сөйтіп біраз жылдың ішінде іс жоғарғы сөйленген порымда жөнделіп жүретін болса, бұл ұйым дүкендері қазақ шаруасының ісі ілгері басуына көп себепкер болады деуге мүмкін.

Әлде болса шешілмеген бір мәселе тұр. Ол – ұйым дүкендерін ашқанда неше ауыл бір ұйымға кіреді? Ел ішінен осы күнге шейін бір ауылнай ел бір ұйым болады деген тәртіп. Ол тәртіп дұрыс емес. Бір ауылнайда 50 үй бар, 2-інші ауылнайда 100 үй бар, 3-іншісінде 200 үй, тағы-тағы басқаша. Ең әуелі қазақтың ауылнайларының түндігінің саны бірдей емес. Бір ауылнайда үй көп, 2-іншісінде аз. Сондықтан бір ұйым үлкен, 2-інші ұйым кішкене болуға мүмкін. Бұл – бір.

Оның бер жағында қазақтың ауылнайлары жеріне қарай емес, руына қарай жасалған. Бір рудан тараған ел бір ауылнай болғандықтан, қазақ арасында бір ауылнайдың жартысы бір жерде болса, қалғаны 2-інші бір ауылнайдың ар жағында болады. Бұл секілді антамалық ұйымының ісіне бөгет болады. Бұл – екі. Сондық-

тан ұйым дүкендерін ашқанда осы күнгі ауылнайдың жігіне қарамау керек. Бір аймақта қанша ауыл болса, ана ауылнайдікі, мына ауылнайдікімін демей, сол ұйымға жазылуы тиіс. Онсоң бір айтар сөз: елге нәрсе берілгенде, міндетті айырбас деген тәртіппен болады. Міндетті айырбастың мәнісі қысқаша айтқанда мынадай: ел ұйым дүкендерінен нәрсе алмастан бұрын өз қолындағы жүн-жұрқа, тері-терсек, ет, бидайдың артығын қазынаға береді. Әрине қазына жай алмайды, тиісті бағасына алады. Әлгі айтылған нәрселер алынғаннан соң ғана елге нәрсе беріледі. Бірақ бұл айтылған міндетті айырбасты қазақ ішіне жүргізу керек пе, керек емес пе – әлі анық шешілген жоқ. Бұл туралы қазақ бөлімі тиісті орындармен сөйлесіп жатыр. Ол мекемелермен қандай сөзге келмейтінімізді келесі нөмірде жазармыз.

Н.ЛЕНИН

(*50 жасқа толуы туралы*)

Дүние жаралғаннан бері болып келе жатқан өзгерістер, жақсылық-жамандықтар һәр қайсысында өзінен өзі болған емес. Қашанда болса, қай жақта болса да үлкен іс істелерде ол істің алдын ала оның жолбасшылары шығып отырған. Бірақ ол жолбасшылардың көбі өз өнер ғылымдарын тиісті орнына жұмсамай, білмей, бірі адам баласының қанын төгіп, жандарал, әскербасы болып, атақ алға, бірі нашардың, бұхара халықтың хақын жеп, ұлық, патша деген атақ алған; бірі адамшылыққа жөн сілтеп, әділдікке, туысқандыққа шақырып, халықшылмын деп атақ алған.

Ірі адамдардың көбі ойлаған ойына жете алмай, жақсылыққа, әділдікке шақырған жігері құм болып, арманда кеткен. Айтқаны тегіс әділдік болып, күні-түні ойлағаны қорлықта, кемдікте жүрген адам баласын үске шығару болып һәм айтқаны аумай келіп, өз өмірінде өз пікірінің жемісін көрген жер жүзінде жалғыз-ақ адам бар.

Ол адам жер жүзінің еңбекшілерінің қорғаны – Владимир Ильич Ленин.

Владимир Ильич Лениннің туғанына 23-апрельде 50 жыл толды. Барлық Русияның жұмыскерлері бұл күнді

мейрам қылып, құрметтеп отыр. Бәрі де ірі басшының болашақта тағы 50 жыл өмір сүруіне тілектес болып, өздерінің қуанышын білгізіп отыр.

В.И.Ленин жалғыз орыс жұмыскерлерінікі емес, ол бүткіл жер жүзінің қорлықта болған, түрмелердің тепкісінде жүрген кішкене халықтар да В.И.Ленинді өз жолбасшысы, қорғаны деп тұтады. Сол себепті еңбекші халықты В.И.Ленинмен таныстыру үшін оның өмірінің тарихын айтып өтеміз.

Владимир Ильич Ульянов (Н.Ленин) Сімбір шаһарында 1870-інші жылы 23-інші (жаңаша) апрельде дүниеге келді. Әкесі тұқымы крестиан, өзі сол Сімбір гимназиясының директоры еді. Ленин гимназияда бір түрлі жақсы оқиды. Учительдер оның жазған сөздеріне риза болып, түбінде бұл ірі жазушы болып шығар деуші еді.

1887-інші жылы Ленин гимназияны бітіретін жыл еді. Бұл жылы патша Александр үшіншіні өлтіреміз дегендігі үшін Лениннің ағасы Александр Ильич Ульянов дарға асылып өлтірілді. Бұл өлім Лениннің үйінің ішіне бір түрлі қайғы түсіріп, болашақта бұлардың төңкеріске белін байлап кіріп кетуінің сабағы болды.

Гимназияны бітірген соң Ленин Қазан университетінің юридический факультетіне түсті. Патша тұратын шаһарлардың университеттеріне дарға асылған төңкерісшілдің інісі болғандықтан жіберілмеді. Бірақ Ленин көп уақыт студент бола алмады. Студенттердің қозғалысында бірге жүргендігі үшін бір айдан соң университеттен қуылып шықты. Әйтсе де жыл өткен соң Ленин келіп, тұтас емтихан ұстады. Бұл төрт жылды Ленин текке жібермеді. Туғаннан бір жерде көп отырып сабақ оқып, дағдыланғандықтан һәм күшті жігердің арқасында Ленин ылғи өзінен өзі оқып, білімін толтыра берді. Осы кезден бастап ол төңкерісшіл жастарменен қатынас жасай бастады.

Университетті бітірісімен Ленин Петрборға барып, онда бар күшін аямай төңкеріс жұмысына салды. Петерборда «Жұмыскер табын құтқару үшін күрестің ұйымы» деген ұйым ашылды. Ол ұйым ол замандағы жаңа-жаңа туып келе жатқан жұмыскерлер табына жолбасшы болып, олардың арасында һәр өз пікірлерін таратып, сөздер жүргізді. Кешікпей бұл ұйымның мүшелері абақтыға жабылып, бір жылдан соң Сібірге жіберілді. Ленин

айдауда үш жыл жүргенде шаруашылық жайынан көп кітаптар жазды. Олардың ішінде ең белгілісі «Русия капитализмінің күшеюі» һәм басқа жасырын басылған біраз рисалалар. Айдаудан қайтқан соң Ленин шет патшалықтарға кетті. Онда ол Мартов һәм Потресовпенен үшеуі «Еңбек бостандығы» ұйымының мүшелерімен 1900 жылы «Ұшқын» деген газетті шығара бастады. «Ұшқынның» мақсұты төңкерісшіл социал-демократияның пікірін біріктіріп, жұмыскерлердің һәм партияның істеріне жол басшылық көрсетпек еді. Айтқанындай «Ұшқын» әлгі міндеттерді тамаша атқарды. Русияның төңкеріс күресінің тарихында «Ұшқындай» қадірлі орын алған бір газет жоқ шығар. «Ұшқынның» нөмірін Русияға жасырын алып келіп, жыртығына шейін сығалап, жұмыскерлер оқушы еді. Содан былай Русияның жұмыскерлерінің жұмыстарының бәрі шет патшалықтарда, кітап та һәм басқа әдебиет те сонда шығып, содан әкелінетін болды. Партияның сиездері, конперенсиялары, кеңестері – бәрі шетте болып, барлық жоба, жолбасшылық содан келуші еді.

Сол жұмыстардың ең міндеттісі, барлық ауырлығы Ленинде еді. Білетін адамдар таң қалып, оның сонша шаршамай, бар білімімен, жігерімен іске кірісіп жүргеніне өте риза болушы еді.

1905-інші жылғы төңкеріс туды. Ленин Русияға қайта қайтады. Әйткенмен көзге көрініп Ленин Петрборда бір-ақ күн тұрады. Артынан жасырынып әдей Петрбордың өзінде, онсоң Финляндияда жүрді. Патшашылдар жеңген соң Ленин тағы шет мемлекетке кеткен болды. Бұл жолы патшаның тыңшыларының қолына аз-аз түсіп қала жаздап, әйтеуір аман қашып құтылды.

Тағы да баяғы ауыр жұмыстар, тағы да шет елдің дәмін татып, өзінің алыс жатқан халқына пайда келтіру жолында мехнаттар! Сондадағы қанша мехнат шексе де, еңбекшілдер үшін жанын пида қылған атақты, асыл ер!

Лениннің жазғандары толып жатыр. Ол көбінесе кітаптар, рисалалар, мақалалар жазды.

Адам айтқысыз оның көп сөздері рұқсатсыз һәм рұқсатты газета-журналдарда басылып жүрді. Ол кезде баспасөз өте қатаң ұсталғандықтан Ленин һәр түрлі өтірік атпен жазып жүрді. Мысалы: Карпов, Толев, Илин һәм басқалар.

Лениннің шын фамилиясы – Ульянов, әйткенмен ол күнгі партияда жүргендер «Ленин» деген өтірік атымен ғана білуші еді. Сол себепті бұл ат осы күнге шейін сол бойынша қалды.

1912-інші жылы Ленин Краков шаһарына барды. Ондағы мақсұт – Русияға жуығырақ тұрып, һәм сол кезде басталған «Әділдік» деген газетаға сөз жазу еді.

1917 жылы Русияда төңкеріс болысыменен Ленин Петрборға тағы келді. Келген күні-ақ Петрбордағы жиылған большевиктерге айтқан сөзінде «Бар хүкімшілік советтерге» деген ұранды шақырып, жұмыскерлердің кеудесіне күш бітірді. Жиылған халықтың бәрі жаңа, шын арқа-таяныш келгенін, жаңа құламайтын мықты қорған көргендігін сезді.

Лениннің саяси пейілі Маркстің пікірін қуаттайды.

Марксшілдердің төңкеріс жолын жүргізу үшін һешбір жан-жаққа қираңдауды жөн демейді.

Екі білекті сыбанып, ақ кеудені ашып тастап буржуазияны құлату, одан басқа жалғыз ауыз сөз болмасқа керек дейді.

Оның татушылыққа келмейтін, «қайта пішілмейтін ұрандары», өмір жүзінде де дұрысқа шықты. Неше миллион жұмыскерлер бірігіп, сол ұранменен 1917 жылы хүкіметті қолына алып, әлі осы күнге шейін өз биліктерін жүргізіп отырған жоқ па? Жеңді еңбекшіл халық! Жеңді буржуазияны! Ақталды Лениннің пікірлері! Жасасын әділ еңбек! Жасасын Ленин!

СОВЕТСКАЯ ВЛАСТЬ И КИРГИЗЫ

Трудовой киргизский народ вступает в новую эру своего существования. Начинается строительство новой жизни; громадная территория, которая тянется от берегов Каспийского моря до Китайской границы, территория, превосходящая по величине всю Западную Европу, ждет теперь разрешения своей судьбы.

Три с лишним года прошло с тех пор, как в России рабочие и крестьяне свергли власть капиталистов и помещиков. Успехи русского пролетариата за эти три года колоссальны. Старая Россия преобразилась до неузнаваемости.

То ли в киргизской степи?

Правда, киргизский народ в целом освободился от ига царизма, но среди себя еще не устроил революции. Киргиз бедняк продолжает оставаться под гнетом баев, продовольственная разверстка накладывается по душам, в советах и волиисполкомах часто сидят кулаки, рабочие-киргизы, которых насчитывается тысячами, пребывают в темноте: культурно-просветительной работы среди них не ведется, не организованы они и в профессиональные союзы.

С другой стороны большой преградой на пути полного освобождения трудового киргизского народа являются русские колонизаторы, которые не отрешились еще от старого дурмана и продолжают тятотеть таким бременем над трудящимися массами киргиз.

Русский пролетариат на деле должен уничтожить тот межнациональный антогонизм, который искусственно культивировался самодержавным правительством – затушевания классового самосознания трудящихся. Конкретно этот вопрос выражается в том, чтобы привлекать к строительству киргизскую массу, не стремиться самим стать «командирами» как остроумно отмечает т. Сафаров.

Трудовой киргизский народ терпел двойное иго – от чужих и от себя. Больше миллиона киргиз погибло за время революции, не на поле брани с буржуазией, а на поле голода. Миллионами киргизский скот идет на покормление Красной Армии и рабочих центральной России. Это есть великая жертва, принесенная трудовым киргизским народом на алтарь пролетарской революции. Русские наши товарищи должны это учесть и признать его.

Новый год! Работы непочатый край. Но у нас единственная вера: вера в свое будущее с нами трудящихся России, с которыми мы связаны единой идеей, единым стремлением. Идея эта ясна – братство всех народов, стремление победить все преграды, мешающие этому единению.

И мы, вступая в новый этап новой жизни, не можем не вспомнить слова товарища Зиновьева, высказанные им на Бакинском съезде народов Востока: «и пролетарии всех стран и угнетенные народы всего мира соединяйтесь».

К ОТМЕНЕ «КАЛЫМА» У КИРГИЗ

Декретом ЦИК Кирреспублики и Кирсовнаркома существовавший у киргиз «калым» (выкуп за невесту) отменяется.

Много говорилось о калыме в киргизской печати за последнее десятилетие. Многие съезды постановляли о прекращении этого зла, но жизнь шла своим чередом. Калым не только не прекращался, но цены на девиц росли прогрессивно, в связи с ростом цен вообще на все предметы.

Издание декрета является поворотным пунктом в жизни киргизской женщины, историческим моментом в развитии киргизского народа.

Калым был злом не только национальным, но он порабощал киргизскую бедноту и трудящихся и экономически ставя брак в прямую зависимость от имущественного состояния человека. Киргиз-богач имел возможность приобретать несколько жен, а бедняк до тридцати-сорока лет оставался холостым. Он целый свой век не мог выплачивать непосильный калым (который считался от 27–47 голов) и безусловно, такое явление не могло не развиться самым пагубным образом на всей общественной жизни киргизского народа.

Народ, половина которого не только юридически, находясь в рабстве, как объект купли и продажи, не может считать себя свободным. И теперь, когда мы приступаем к строительству жизни на новых началах, не должно иметь места это вековое зло.

Само собой разумеется, что издание декрета недостаточно для окончательного искоренения «калыма».

Необходимо умелый подход в практическом его проведении. Здесь надлежит обратить внимание на то, чтобы кулаки и их сторонники, нередко сидящие в Советах и волиисполкомах, не воспользовались этим декретом для своей личной выгоды. В декрете сказано, что нарушение его повлечет за собой конфискацию калымного скота и имущества в двойном размере у лиц, его получивших. На практике весьма может случиться так, что имущие группы ускользнут от внимания надлежащих властей, а бедные как раз пострадают. Народным судам и рабкрину надлежит строго следить за правильным проведением декрета.

Заслуживает внимания третья статья, где говорится, что полученный до сего времени калым не подлежит возврату, независимо от того, состоялся ли брак или нет. Такое положение выдвинуто для того, чтобы поскорее ликвидировать всякие споры и раздоры, возникающие на почве неуплаты или невозвращения калыма. Если бы мы установили порядок, в силу которого можно требовать уже уплаченный к моменту издания декрета калым просватанного жениха, то такое положение вещей создало бы неразбериху, страшную путаницу, разрушая без нужды состояние киргизского хозяйства.

Остается лишь пожелать успеха в проведении этого декрета, дабы освободить киргизскую женщину от гнета и кабалы и привлечь ее к новому строительству.

НЕМІЗГЕ МАҚТАНАМЫЗ, НЕМІЗГЕ ӨКІНЕМІЗ?

Бірінші жалпықазақ республикасының советтерінің сиезінде Төрежанов деген елден келген бір қара қазақ былай деп еді:

Өткенді ойға алсам, болашақ еске түспейді деп.

Бұл сөз айтылғанына, міне, екі жылдан асып барады. Өткен күндерге айналып көз салсақ, осы сөз тағы есімізге түседі. Айтты, айтпады, өткен заман қазақтың еңбекшілеріне көп тәжірибе берді. Өз кезінде жөнді баға берілмеген, ұсақ-түйек көп нәрсенің бәрі осындайда адамның көз алдына келіп, үлкен бір сурет болады. Отырасың да, ойланасың. Ойланған сайын бірін бірі тіреп көп сауалдар келеді.

Қандай істі дұрыс істеді? Қандай жұмысты бұрыс істеді? Өткен күндеріміздің ішінде күю ниетіміз қайсысы? Сүю ниетіміз қайсысы? Немізге мақтанамыз? Немізге өкінеміз? Кейінгі бес жылды еске түсіргенде осы секілді сауалдар өзінен өзі туады.

Төңкерістің алғашқы күнінде қазақ халқының саяси комиссиясының басындағы ескі оқығандар еді. Ескі оқығандар учредительный собраниеге сайланды, ескі оқығандар земство болды, ескі басшы болып алаштың туын көтерісті. Ескілер қазақты жеткізем деді, ескілер елдің тағдырын білді. Ол күндегі жастар ескілерге анық

сенді. Осылар сорлы болған жұрттың көсегесін көгертті, осылар бізді адам қылды деді.

Сүйткен ескі оқығандар бес жылдың ішінде өзіненөзі жоқ болды. Осы күнде қазақта оқығаннан кім қалды? Қайда кетті? Кешегі дауылдай көпірген сөздер қайда? Жалындай серпілген қайрат қайда?

Бәрі де жоғалды, бәрі де жойылды.

Қазақтың ескі оқығандары тірідей уахит болды. Бес жылдың ішінде қазақтың басына көрмеген қараңғылық түсті. Ел ашықты. Күні кеше еркін леп, еркін далаға ойнақтаған қазақ аштан өле бастады. Ел жылады. Туысқанын, туғанын шақырды. Бауырын, баласын шақырды.

Қазақтың ескі оқығандары қайда қалды?

Олар қымызын ішіп, қойын жеп, шіркін қазақтан артық ел жоқ деп ауылда жатты.

Қасіретке батқан қалың елге қарасын көрсетпеді. Неліктен бұл былай болды?

Өткеннің ең үлкен сөзінің бірі осы. Айта берсе, бұл сөз ұзаққа созылады. Қысқасынан қайырғанда, қазақтың ескі оқығандарының көбі анық ұлтшыл болмады. Шын жүрегінен олар ұлтын сүймегендігі, қазақ үшін бір қасық қанын қимағандығы. Жалпы елден өздерінің тыныштығын артық көргендігі. Жұрттың бәрі ұлттан безіп жатқанда иесіз қалған пікірді иемденіп алып, мен ұлтшылмын деу тіпті оңай; бірақ құр сөзбенен ұлтшыл болмайды. Біреудің панасымен я болмаса өзінің иемденуімен қазақтың ескі оқығандары анық ұлтшыл болып шықпады. Олар саяси адам емес, жай әшейін жабайы ақсақал, жабайы төре болып шықты. Көптің бұл күнімен алғашқыда айтып салды. Артынан ауыр заман туған соң олар жүрегі барып ауыр іске кірісе алмады. Бір кезде сары түйме таққан Николайдың қорқақ шенеунігі еді олар. Бұл күнде совет үкіметінің өсекші, күңкілші әбес тілі болды. Сонымен ескі оқығандар өлмей марқұм болды. Бес жылдың бұл бірінші қорытындысы. Совет үкіметі туды. Әуелгі кезде көптің бейілі кең еді. Қашанда болса, ескілік жойылып, жаңалық жасаларда бұрын қолданбаған құралдар қолданылады. Жаңалық жаңалығы – ескіге ұқсамағандығы. Сондықтан әуелгі кезде совет үкіметі де барлық ескілікті жоюға кірісті. Ескі тұрмысты аударып, төңкеріп, құлатып, жаңа тұрмыс орната бастады.

Бұл жаңа тұрмысты алғашқы кезде ұққан да болды, ұқпаған да болды. Біреулер бастығының арқасында байыбына жете алмады. Біреулер іске, тұрмысқа үйреніп қалғандықтан ұғынғысы келмеді, біреулердің көңілі дұрыс тапса да, қолы бармады. Әркім әртүрлі. Біреуге біреу себеп, біреуге біреу бөгет болды.

Қазақстан даласында октябрь төңкерісі өзінің анық, ашық сағатында жасаған жоқ. Өнеге көретін, тәжірибе алатын Петрбор, Мәскеу алыс жатты. Ел ішіне кім болса, сол келді. Кімнің аузына не келсе, соны сөйледі. Қазақтың өзінен шыққан фабрик, зауыт жұмыскерлері болмады.

Сонымен октябрьдің алғашқы күндері қазақ ішіне көңілдегідей болмады. Ел ішіне бұзақылар көбейді. Лай судан балық аулағандар шықты. Мен «большевик», мен төре деп елді әурелікке сала бастады. Анда-санда әр жерден бірен-саран қазақтан шын камунестер шығайын деді. Еңбекшіл елдің қамын жеген жастар да аянайын деді.

Жылдар өтті, күндер өтті. Бес жылды артымызға салып, алтыншы жылға аяқ басып тұрмыз. Осы күні қазақ бұрынғыдай емес, көпті біліп, көпті танып қалды. Ел серпіліп едәуір ұйқысын ашты.

Мемлекет жұмысы сабасына түсіп, жөнделуге айналды. Сондағы ел ішінде лай судан балық аулаушылардың жұрнағы әлі бар. Әлі де төрт құбыламыз саяланды дей алмаймыз. Қазақтың даласындағы ескі қау өртелген болса, қораның маңайындағы нәжістің арасындағы құрт-бақалар да жойылу керек. Көрініп тұрғанды айтпасқа болмайды. Совет үкіметі өз мінін өзі айтудан қашпайды.

Ендігі тілек – жастар. Не шықса да, солардан шығады. Болашақтың қожасы – солар. Жастардың жігері мол, қайраты күшті, екіпіні қатты. Жастардың жүрегі ақ, көңілі адал. Жастарға тіл тигізген адам – арам ойлы кісі. Неше жылдан езілген қазақ жұрты еңірегенде тапқаны – жалғыз жастар!

Ал жастар! Алты жылға дейін ауыр тұрмыспен арпалысып келсеңдер алтыншыдан әрі қарай іске кірісіңдер!

ӨТКЕН КҮНДЕР, ҚАЗІРГІ ХАЛ ЊӘМ БОЛАШАҚ

I

(...)[1] істеген жұмыстарымыздың көбі, ойлаған ойларымыздың бәрі мимен емес, жүрекпен ойлайтын заман еді. Ол кезде біз жамандықтан аулақ едік. Не істесек те өзінің себебі, мәнісі бар еді. Біз онда нағыз ұлтшыл едік. Тар ауданды ұлтшылдығымыз от басынан аспайтын ұлтшыл едік. Қазақтың тағдырын басқа жұрттардың халімен байланыстыру бізде жоқ еді. «Өзімнен басқаның бәріне от шықпасын» дейтіндердің дәл өзі едік.

Бұлайша болудың себебі не? Бұлайша ойлаудың мәнісі қалай?

Жауап оңай, бірақ ол жауапты осы күні жұрттың көбі ескергісі келмейді.

Ол замандағы қазақты ұйықтап жатқан үлкен бір диюға ұқсатсақ, басқаларды оның маңайында жүрген қасқыр, түлкіге меңзеуге болар еді. Есін біліп, ер жеткенше қазақтың баласы кімді көрді?

– Маңдайы жылтыраған орыстың ұрадник, пристауын көрді. Олардың атармен-шабарманы болған өзінің би-болыс, ауылнайын көрді. Жұрттың бәріне белгілі «сайлау» шықты. Қазақтың байлары елін ұмытып, ұжданын сатып, болыс болу үшін малдарын сарп етті. Халық пайдасын ойлаған адам қалмады. Қазақ жұртының басына қараңғы күндер туды. Момын жатқан қалың ел крестьянский начальниктердің жемі болды. Ел бұзылды, әдет түрленді.

Тап сол кезде, тап қазақтың басына қара бұлт айналған кезде анда-санда жерден бірен-саран ерлер шықты. Бұлардың ұраны «Оян, қазақ!», «Көтеріл қазақ!», «Серпіл қазақ», «Сілкін қазақ!», (...)[1] ұлттың оқығандары, ел билеген «жақсылары» көпке дейін еш нәрсені ескермеді. Жанын ашытып, тәніне тиетін сөздер айтылды. Мысал үшін қазақтың зор қамқоры Ахмет Байтұрсынұлының сол кезде жазған бір ауыз өлеңі мынау:

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған
Сахара көлге қонып салқындаған
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,

---

[1] Бұл жердегі сөз өшіп қалыпты – **Д.Қ.**

Не қалды денемізде шарпылмаған?
Дегендер мен жақсымын толып жатыр
Жақсылық өз басынан артылмаған
Бос белбеу, босаң туған боз бала көп
Киіздей шала басып, қарпылмаған
Еңкеңдеп ет аңдыған шалдар да көп
Қыдырып бір тойғанын арқалаған
Рақымсыз ел ішінде байлар да көп
Қайықтай теңіздегі қалтылдаған
Солардың біреуі боп бізде жүрміз
Мәз болып сары түймеге жарқылдаған.

Білген адамға бұл айтылғаннан ауыр сөз бола ма?

Бұл өлеңнің ішінде Байтұрсынұлының тимеген жаны жоқ: Жақсылық өз басынан артылмаған жақсылар, шала басылып, қарпылмаған киіздей босбелбеу бозбалалар, ет аңдыған ақсақалдар, рахымсыз байлар, сары түймеге мәз болған қазақтан шыққан оқығандар. Бұдан артық сөз болмайды. Бұл сөз – жүректің қапырығы, көңілдің жыры еді. Шыдай алмағандығынан, ыза болғандығынан Ахметтің айтқан сөзі еді. Қалайша шыдарсың? Қалайша күйінбессің? Маңайыңның бәрі өрт болса, ол өртке шарпылмаған денеңде жер қала ма?!...

Міне, осы кезде қазақ ішінде жастар қозғалысы туды. Бостандық туын қолға алып, «Көтеріл, қазақ!» деген ұранды бірінші жастар шығарды.

Ол кездегі жастар осы күні ер жеткен үлкен азамат болды. Буыны бекіп, бұғанасы қатқан жігіт болды. Бостандық туды. Ескілер жойылып, дүния жүзіне жаңа заң, жаңа әдет шықты. Замана деген – аққан су, алды-артына қарамай сарқырап жүре береді.

Русияда үлкен өзгеріс болғанына, міне 5 жылдан асып барады. Айналып азырақ қана артқа қарасаң, өткен 5 жыл табан 50 жылға жоба болады. Төңкерістен қазақ халқы, қазақтың еңбекшіл табы бәлки көп мал алған жоқ шығар. Төңкерістің ешкімге бөліп берер малы да жоқ. Бірақ, төңкеріс ұйықтап жатқан елді оятты, халықтың көзін ашты, өмірлік өнеге болатын көп мысалдар көрсетті. Төңкерістің халыққа беретін пайдасы осы. Осыны халық ұға алса, төңкеріске түсінгені, төңкерістен пайда тапқаны.

Әсіресе, жаңа өспірім жастар өткенге ой жіберу керек. Қазақ жастары бақытсыз болып туған бір жастар.

Біздің алдымызда өнеге аларлық, үлгілі оқығанымыз болған жоқ. Біздің туған еліміз басқалардай өнерлі өрнекті емес. Туғаннан жетім, өскенде де бір жетім болдық. Қабырғамыз қайысып, нәзік жұмсақ қолмен ауыр жүк көтердік. Қазақ жастары жасымызға жетпей ел билеу жұмысына кірдік. Ел билеу оңай іс емес. Жылқы бағу қой бағудан қиынырақ. Әр жерде әр түрлі сөздер туды. Біз ауыр жүкті әлсіздігіміздің көтере алмай жатсақ, біреулер әдейі көтергің келмейді деп кінәлады. Біреулер көмектесудің орнына аяқтарын жолымызға көлденең салды. Біреулер күлісіп анадайдан қарап бос тұрды. Бұл «біреулердің» атын атауда ешбір қажеттік жоқ. Жұрттың бәрі біледі, өйткенді қолымыз босағанда тексере жатармыз. Қазір бізге болашақ қымбатырақ.

Енді қазақтың жастары не істейді? Ертеңнен бастап біздің жұмысымыз не?

Қазіргі алдымызда тұрған зор мәселе осы.

Біздің ойымызша, қазақ жастары бірі қалмай оқу керек. Ойда, қырда оқымаған жас қалмасын. Ата-бабамыздың надандығы таңдайымызға татиды. Тағы да солардай жүз жылдап, мың жылдап құлдық көреміз демесек, біз жапатармағай оқуымыз керек. Оқусыз, өнерсіз адам баласы ешбір жақсылыққа жете алмайтындығын иман қылып, шүбәсіз сену керек.

Біздің өткендегі һәм қазіргі кемшілігіміздің көбі оқымағандығымыздың кесірінен көріп отырған нәрсе. Сондықтан оқы, жастар! Үйрен жастар!

Өзгерістің 5 жылын артымызға салып, алтыншы жылға аяқ салып тұрмыз. 5 жылғы тәжірибеден қазақ жастарының алатын өнегесі оқу болсын!

Қазақтың хандары да болған. Қазақтың сары түймелері төрелері де болған. Ешқайсысы сары даланы көгерткен жоқ. Іздегені жиын, аңдығаны өсек, шағым болып, бәрі де дүниеден өтті. Бірен-саран көзі қалғандар есінен танып, жолынан адасып отыр. Өлгендердің ісі өнеге боларлық емес. Көркейтсе сары даланы жастар көркейтеді. Жастардың артында – 5 жылдық тәжірибе бар, алдында – сәулесін шашқан жарық. Аландамай тарта бер! Адаспассың!

Өңшең жас жүрек, өңшең қаһарман, тарих – сендік. Болашақ сенікі! Алдыңдағы ағаларыңша бос белбеу, босаң болмай, болашағыңа ондап даярлан!

ҚАЗАҚҚА НЕ КЕРЕК?

I

Еуропада мақал орнына жұмсалып кеткен Карл Маркс деген білімпаз адамның бір сөзі бар. Ол сөз мынау: «Ой тұрмысты жетектемейді, тұрмыс ойды жетектейді». Бұл сөздің мағынасы терең. Айта берсе көп әңгіме болады. Сондықтан қысқаша ғана түсіндірейік.

Кісі адам секілді өмір сүріп тұру үшін оған жылы үй керек. Тойып ішетін тамақ керек. Тоңып қалмайтындай киім керек. Мұның бәрі болмаса, қандай қаһарман адам жұмыс істей алмайды, қандай ақын кісі өлең айта алмайды, қандай шешен кісі сөз сөйлей алмайды, қандай ақылды кісі ой ойлай алмайды. «Аш бала тоқ баламен ойнамайды». Тұрмыс ойды жетектейді дегеннің мәнісі осы.

Күнбатыстағы Еуропаның адамдарының ішінде әділ кісілер толып жатыр. Жұмыскерлердің еңбегін жеу обал екендігін білетіндер тіпті көп. Бірақ, сол білімді, әділ адамдар жұмыскерлердің теңдігін әперіспейді. Қорлықты, мұқтаждықты өздері көрмейтін болған соң, қанша ауызбен айтса да, қандары қызбайды.

Сол Еуропада миллиондаған көп жұмыскерлер бар. Олардың көбі әділдіктің не екенін білмейді. Бірақ зорлыққа қарсы жанын салып күресіп жүр. Бұлай болудың себебі: жұмыскерлердің ар жағынан тіреп бара жатқан мұқтаждық, кемдік. Тұрмыс ойды жетектейді деген осы. Қашанда болса адамның бірінші планға қоятыны тұрмыс, тіршілік. Отқа күйгізіп, суға түсіретін – бәрі тұрмыс. Осы күнгі заманның соғысы да, тап тартысы да, ұлт жанжалы да – бәрі дүниедегі тіршіліктің қамы. Ақрет үшін жүрген адам жоқ. Үстіміздегі заман-талас-тартыстың заманы. Адам баласы екі тапқа бөлінген заман. Ол таптың бірі – зорлық қылған, бірі – қорлық көрген тап. Зорлықшылдардың еркіне қоя берсе, өмірінде олар тәтті тұрмыстан айырылатын емес. Қорлық көргендердің ойынша, әрине, ондай тұрмыс пайдалы емес. Адам баласы бірдей болу керек. Еңбек еткен еңбегін өзі пайдалану керек. Сонда әділшілік болады дейді. Бұлар әділшілдік деп біреудің біреу ақысын жемей, біреуге-біреу зорлық көрсетпегенді айтады.

II

Қазақ елі патша заманында орыстардан зорлық көріп келді. Қазақтың күн көріп отырған жерін алды. Қазақтың ішіне урядник, пристовтар шығарды. Қазақтың жүн-жұрқа, тері-терсегін алдап тартып алды. Қазақтың малын алды. Қазақтың жанына ауыз салды. Қазақ – бір байлап қойған сүтті сиыр еді. Сауа берсең, шыға береді. Сондықтан біз Николайға қарсы болыстық. Бәріміз әділ, ақ жүрек адам болғандықтан емес. Қарсы болмасақ тіршілігіміздің айырылатын болдық. Жауыз Николайдан құтыла алсақ, өз еңбегіміз өзімізде болады ғой дедік.

Орыстың жұмыскерлері де сыпыра ақ жүрек болып кеткендіктен Николайды құлатқан жоқ. Олардың да ойы, біздің ой болды. Бәріміздің ойлағанымыз – бір дүниенің қамы. Николайды құлатқандық үшін жұмаққа барам деген ешкім жоқ еді. Сондықтан тіршілігіміздің қамын сөйлеу орынсыз болмас деп ойлаймыз.

Бірінші қазақ еңбекшілерінің ойлайтын ісі – өздерінің шаруашылық жайы. Бұрын қазақтың сүтін басқа біреу емес, енді қазақ өз сүтімен өз баласын асырауға кіріссін. Біреудікін емес, өзінікін пайдалану ұят емес. Бізде толып жатқан жер астынан шығатын байлық бар. Біздің адам айтар емес тері-терсек, жүн-жұрқамыз бар. Әлі күнге шейін кездеме тоқитын бір фабригіміз жоқ, былғары илейтін бір зауытымыз жоқ.

Қазақтың жері неше мың шақырымға созылған кең дала. Салынған бір шойын жол жоқ. Шойын жолсыз шаруашылық ілгері баспайды. Осының бәрін қазақтың қазіргі хүкіметі істеу керек. Қазақтың тендігі бес-алты жігіттің төре болғанымен табылмайды, осындай жұрттың тіршілігін көркейтетін жұмыстармен табылады. Әділдікті құр ауызбен айтып қоймай, қолмен істесе әділдік болады.

Екінші қазақтың ескеретін ісі – оқу. Оқу – тұрмыстың зор тіреуі. Оқусыз адам уықсыз тігілген үй секілді. Қазақтың еңбекшісі оқымай көпке қолы жете алмайтындығы айдан айқын. Басқа жұрт біздің ісімізді істеп бермейді. Істемегенде, қазаққа қастық ойлап емес, қазақтың тілін, ғұрпын білмегендіктен. Қазақша емес, басқа елдің адамы қазақтың балаларын оқыта ала ма? Қазақша білмей қазаққа уағыз – насихатын айта ала

ма? Қазаққа би бола ала ма? Қызметші бола ала ма? Қазақтың тілін білмеген кісі қазақ ішінде сақау адаммен бірдей. Сақау адам ауызбен сөйлемейді, қолмен сөйлейді. Қолмен сөйлегендіктің қандай кемшілігі бар екенін түсіндірудің қажеттігі де жоқ.

Біздің хүкіметтің үлкен міндеті – оқу ісін ілгері бастыру. Жергілікті жерлер мұғалімдерге мұқтаждықта. Қалаға келген шәкірттер орналаса алмай жүр. Айналдырған бес-ондай шәкіртті тамақтандырумен қазақтан алған алым-салықтың (продналок) мұрты да сынбайды. Өзінікін өзіне жұмсауға кірісу керек.

Қазіргі күн қазаққа керекті ең үлкені – осы айтқан екі мәселе. Өміріміз де, өліміміз де осы екі мәселеде деуге болады.

«Теңдікке тырысу – ұлтшылдық емес» деп еді бір жолдас «Өртеңде».

Не болса да теңдікке тырысу керек. Теңдікке тырысу – кемшіліктегілердің табиғи міндеті.

ЖАСТАР СИЕЗІНЕ

Қазақтың саяси пікірінің тарихы – қазақ жастарының тарихы. Қазақ халқының ішінде шын саяси қозғалыс жастар оянып, жастар ұйымдасқаннан кейін ғана бар. Жастар – өткен заманның айнасы, келешектің нысанасы. Жастарға қарап біз алдымыздағы болашақты болжаймыз. Ілгері заманда болсын, соңғы уақыттарда болсын қазақ ішінен едәуір халық пайдасын ойлаған, еліне шын жүрегімен қызмет етем деген азаматтар шықты.

Бірақ солардың бәрін жастармен салыстыруға болмайды. Жастардан басқа жалпы қазаққа жайылатын саяси ұйым болған жоқ. Біздің саясатшылардың білімі де, өнері де от басынан шықпайтын. Әркім өз сорпасына өзі қайнап жүретін. Үлкендер туралы бұл айтылған сөз әлі де мағынасын жойған жоқ. Қазақтың сақалды саясатшылары әлі күнге дейін жалпымен қоян-қолтық келіп, жалпымен іші-бауыры араласып кете алған жоқ. Әлі де болса әркім өзіне ғана жақсы, өзіне ғана ақ жүрек, жалпы біліп, көпке бірдей жақсы аты шыққан қазақтың азаматы аз. Елдің білетіні «пәленше пәлен уақытта пәлен болды» деген ғана. «Пәленше пәлен уақытта пәлен болған» дерлік адам санаулы.

Қазақ жастарының қозғалысы жалпы Қазақстанда тегіс бар. Қазақ жастары өткен заманда да, қазіргі уақытта да ел ішіндегі адал қызметін ақ ниетін көрсетіп келеді. Қай жердегі мекемені алсақ та, басында отырған көбінесе жастар.

Жуырда жалпы Қазақстанның жастарының сиезі болғалы отыр. Бұл сиезде жастар ілгергі күннің планын құрмақ, алдымыздағы алыс болашақтың жолын салмақ. Біздің бұл сиезге келген қазақ жастарына ескертіп өтетін сөздеріміз:

Қазақ жастары! Әлі де біздің бұрынғы мақсұт. Ол бұрынғы мақсұт – мақсұт адал болу, арамдықпен күресу.

Қазақстан республикасын жариялағанымызға үш жылдан асып бара жатса да, біз әлі жұмыстарымыздың бәрін жөндеп әкеттік деп айта алмаймыз. Әлі де болса бізге көп білімді, адал азаматтар керек. Соны беретін – жастар. Әлі де біздің ішімізде тонын айналдырып киіп жүрген баяғының қасқырлары бар. Солармен күресетін – жастар. Біз ең алғашқы жастар туын көтергенде, сенетініміз сендер болғансыңдар да. Әлі де сенетін үміт – жалғыз сендерсіңдер.

Неше жүз жылдан бері Русияның патша хүкіметі қазақ еңбекшілерінің қанын сорып келді. Сол қазақтың еңбекшілерінің бозарған бетіне қан жүгіртетін, әлсіз буындарына күш беретін жастар – бізбіз. Жаңа заманның мағынасын біздің ішімізде теріс түсініп жүргендер бар. «Мен – коммунист. Маған қазағы да, орысы да бәрі бір» деушілер табылады. Бірақ бұл секілді сөзді айтушылар орысқа да, қазаққа да пайдасыз адам болып шығады.

Өз ұлтыңды жек көр, басқа ұлтты жақсы көр деп ешбір коммунист партиясы айтпайды. Өз ұлтыңды қандай жақсы көрсең, басқаны да сондай жақсы көр дейді. Өзіңе қандай тілек тілесең, жұртыңа да соны тіле дейді. Сондықтан бұрын қорлықта болған, зорлықты көрген қазақтың еңбекшісін теңдікке жеткіземіз деген сөз – нағыз коммунист партиясының сөзі.

Біз соңғы кездерде хүкімет істеріне қатынасып, жастардың ішінде болмай жүрміз. Екі-үш жылғы тәжірибе жастарсыз ешнәрсе өнбейтінін көрсетіп отыр.

Сол себепті біздің ұранымыз. Көтеріл, жастар! Ұйымдас жастар! Болашақ – жастардікі.

ШАРТ КЕРЕК ПЕ?

Қазақ хүкіметінің толық прауалы комиссиясы өткен жексенбі күні Ташкент жүріп кетті. Комиссия Түркістан республикасындағы қазақтың екі облысын қосып алуға барады.

Көптен бергі айтып келе жатқан сөзіміздің бірі – Түркістанның екі облысы. Бұл туралы қазақ газеттерінде мақалалар да жазылды. Мәселе шешілуге тақалып келеді. Сондықтан өз пікірімізді айтып өтуді қажет деп білеміз.

Осы күнгі қазақ халқының арасында қызмет еткен азаматтардың ішінде бұл екі облыс қосылмасын деп айтатыны жоқ. Бірақ, көптің келісе алмай отырған мәселесінің бірі – қосылудың мезгілі, уақыты туралы. Қазақстандағы азаматтар екі облыстың қазір қосылуын тілейді, Түркістандағы азаматтар біраз кідіре тұруды лайық табады. Қазір қосылу керек дегенде Түркістан азаматтарының айтатын сөздері мынау: Қазір Қазақстан отаршылдардан тазарған жоқ. Түркістан отаршылдарды қуып, түпкілікті істерге кірісіп жатыр. Егер қазір біріксек Қазақстандағы отаршыл каланизаторлар біздің ісімізді тағы да бұлдіреді.

Түркістанның бұл сөзі көңілге қонарлық дәлел емес. Себебі: сендердің ішінде каланизатор бар деп Қазақстаннан безудің орны жоқ. Біздің ойымызша Қазақстанда каланизатор барлығы қосылмауға дәлел емес, қосылуға дәлел. Бізде әлі бет түзелмеген болса Түркістан әлдеқашан бетін түзеп, іске кірісіп жатыр. Сондықтан түзелген елдің бізге қосылуы біздің де түзелуімізге себеп болуға мүмкін.

Түркістандағылардың екінші айтатын дәлелдері: қазақ хүкіметінің ішінде орынсыз адамдар бар. Бұл адамдар не беделімен, не өнерімен іс басында отырған жоқ. Оларды сүйемелдеп жүрген – каланизаторлар. Сондықтан бұл екі облыс қосылмастан бұрын ол адамдар да іс басынан кетуі керек дейді.

Әрине, ішімізде бәрі жақсы деп Қазақстан айта алмайды. Қай елде, қай жерде болса да құты-қоңсы, ақсақ-тоқсақтар болмай қоймайды. Бұл – жаратылыстың заңы. Бірен-саран қотырлар бізде де бар. Оларды біз жасырмаймыз, һәм басы бұдан бұрын да жасырғанымыз жоқ та. Соңғы уақытқа дейін Қазақстанның ақ

жүрек, адал ниет азаматтары ондайлармен күресіп, айтып келеді.

Сондықтан Түркістан азаматтары біздің қотырымыз болса, бізбен бірге жазсын. Қотырың бар жуымаймын дегені ағайыншылыққа жатпайды.

Түркістандықтардың үшінші айтатын сөзі Қазақстанның кіндігі туралы. Олардың айтуынша Орынбор қазақ халқының ортасы емес, басқа Орынборда қазақ еңбекшілері жоқ. Орынбордың қазақ халқымен байланысқан өткен-кеткені жоқ. Сондықтан Орынбор қазақ жұртына жат, қадірлі емес, қасиетті емес. Орынбор қазақ азаматтарын тартпайды. Қазақтың әдебиеті, музыка, театры Орынборда гүлдене алмайды. Бұл былай болса, қазақ хүкіметі Орынборды тастап, басқа шаһарға көшуі керек дейді.

Осы үшінші дәлелі, біздің ойымызша да үлкен дәлел. Айтты – айтпады, қазақ халқы өз алдына өмір сүретін болса, өз елдігін өзі көркейтіп, өз тұрмысын өзі түзейтін болса, қазақ жұртына бір түпкілікті кіндік керек пе, керек емес пе – нағыз ауыр, нағыз қиын мәселе осы. Орыс халқының Мәскеуіндей, француздың Парижіндей, Әзірбайжанның Бакуіндей, ноғайдың Қазанындай бізде бір қала жоқ. Қазақстанның дәл ортасында түк жоқ. Үлкен қалалар қазақтың қаласын жан-жағынан қоршап алған. Семей, Омбы, Қызылжар, Қостанай, Орынбор, Ақтөбе, Ақмешіт, Ташкент, Әулиеата, Алматы, Аягөз, Зайсан, Өскемен, Семей. Осы қалалардың бәрі Қазақстанды айнала қоршаған. Бәрі шетте жатыр. Сондықтан қазіргі уақытта Қазақстанның ортасынан бір жер табамыз деуге болмайды. Тегінде жалпы қазақтың кіндік қаласын белгілеу үшін жалпы қазақ бірігу қажет. Бірігіп алмай, бұл мәселе дұрыс шешілмейді.

Сонымен Түркістан азаматтарының айтатын үш дәлелінің үшеуі де әуелі екі облыстың қосылып алуын керек қылады. Екі облыс қосылғаннан кейін, барлық қазақ «қырғыз» еңбекшілері жиылғаннан кейін ғана жалпының басындағы әңгімені сөйлеу керек.

Ұлы төңкеріс болғаннан бері қазақ халқы белсеніп іске енді кіріскелі тұр. Былтыр жаз Сібірдің каланизаторларымен әуре болдық. Биыл қыс Орынбордың каланизаторлары күшті болды. Енді алдымызда тұрған зор мәселе өз арамызды тазарту, аласапыран заманның толқынымен

талайлар реуолитсионер атынан, ел билегіш «ер» атынан жүр. Талайлар судан балық аулағыштар балық әлі де аулауда. Күні кеше Николайдың төресі болып, тілмаш болып жүргендер де осы күні әр жерде көрінеді.

Бұндай қоқыр-соқыр, шөп-шаламнан орыс жұмыскерлері тазарып жатыр. Енді бізге де істі тазартатын уақыт жетті. Тазартатын адамнан Түркістан да сау емес. Қазақстан да құр емес. Жалпы жұмыс түзелу үшін ешбір шарт қоспай, ағайынды екі бала тез арада бірігу керек.

ҚОСТАНАЙ – ТОРҒАЙ

Мұнарланған жаңбырлы жаздың кеші еді. Жанымда бір қазақ бар. Вокзалдан түсіп қалаға қарай келе жаттым. Көше аяқ алып жүргісіз батпақ. Анда-санда балшықтан аяғын әрең сүйреп бара жатқан бірен-саран адамды көресің. Алдымызда үлкен бір қызыл үй тұр. Терезелері қиратылған, айнала шарбақтары бұзылған. Маңайы қоқыр-соқыр.

– Бұл не қылған үй? – деймін жолдасыма.

– Бұл – бұрынғы реальный школ.

Ана жылы Желяевтің көтерілісінде қазақ-орыстар бұзып тастаған.

Желяев – Қостанай үйезінің Бурабай аймағында тұрған мұжық. 1918 жылы Колчакқа қарсы тұрып, соңына ерген мұжықтармен бірге келіп Қостанайды алған, артынан Қостанайға казак-орыстар келгенде Желяев Түркістанға қарай бет алып қашып, Торғайды басып, Аралдың тұсында қызыл әскерге қосылған. Қызыл әскерде бір аз қызмет еткен соң, оның ішінде тағы көтеріліс жасап, қолға түсіп, қызыл әскер атып өлтірген.

– Уай, Жилаиф та қылды-ау сол жылы қылатынын! – дейді бір кезде жолдасым. – Шіркін, кінәлілардың обалы өзіне, нақақтан көп қырылды ғой. Әсіресе казак-орыстар аямады.

Мен сұраймын: – Сендер не қайрат қылдыңдар?

– Біз не қайрат қылушы едік? Қазақ ... Қазақты білесіз. Қазақтың қолынан не дәрмен келеді? Қойша айдаған жаққа жүре беру! Қырса, үндемей қойша қырыла беру! Біз – мал емес пе? Біз...

Тағы да бір нәрсе айтқалы келе жатыр еді, мен кейіп:

– Малмыз деп қырыла бересіңдер ме? – дедім.

– Қырыла бермегенде қайтеміз. Қырыла береміздағы ...

Бұл сөзі мені үлкен ойға қалдырды. Бұл не деген сөз? Неліктен айтып отырған сөз?

Адамда әдет деген бір сипат бар. Неге болса да әдеттенгеннен кейін үйренеді. Үнемі біреу мұң мұқтаждықты көрмесе, аш-жалаңаштықты білмесе, жұмыс қылмаса, ол адам өмірінше сол тұрмысқа әдеттенеді. Тамақ табу үшін еңбек ету керек, жұрт ашығып жатқанда сендер азырақ ашығу керек деген сөздерді ол адам ұқпайды. Себебі оның көңілі ондайды ойлап көрген жоқ. Оған оның сол тұрмысы дұп-дұрыс, әп-әділ секілді.

Екінші түрлі адам бар. Олар жасынан қорлықта: көргені – кемшілік, зорлық, зомбылық, жегені – таяқ, білгені – құлдық. «Жақсы өмір бар, жайлы тұрмыс бар, жұрттың бәрі тең, біріне-бірі қарындас, аға» дегенді ондай адамдар алғашқы кезде түсіне алмайды. Себебі олардың миы мұндай пікірді ойлап көрген жоқ. Ойласа да ондай өмір болады деп сеніп көрген жоқ. Олар өмірінше құлдыққа үйренді. Адам баласы әдеттенсе, құл болу да дұп-дұрыс нәрсе!

«Біз мал емес пе? Қырса қырыла береміз-дағы!..»

Бұл сөзді айтып келе жатқан мына қасымдағы қазақтың ойы әбден өзінің малдығына үйренген, әдеттенген. Оның ойлауынша һәм әдеттенген сенімінше, қазақ – мал, қазақ-орыс – қасқыр. Қазақ қырылу керек, қазақ-орыс қыру керек.

«Қырыла береміз-дағы» – деген сөзі жүрегіме оқтай тиді. Бұл не деген жуастық, өлімге мойынсұнғандық? Бүйте берсе қашан бұл қазақ адам болады!

1917 жылғы бір оқиға есіме түсе кетті. Николай түскен күннің ертеңінде Омбыдағы қазақ шәкірттері Сібірдің генерал-губернаторы Сухомлиновтың үйінің ішінде отырдық. Алтындаған барқыт орындықтар, алтындаған үлкен айналар, жап-жасыл желкілдеген қызғалдақ, жапырақтар! Мәжіліс ашарда кеңес басы болған жігіт:

– Құдайға шүкірлік қылыңдар, жандаралдың үйінде

отырмыз. Бүйтеміз деген үш ұйықтасақ түсімізде бар ма еді?.. – деді.

Біз, денеміз балқып, мұртымыздан күлісіп:

– Шүкірлік! Шүкірлік аллаға!.. – дедік.

17 жылы жандаралдың үйінің табалдырығын аттап басқанға мәз болған қазақ жастары 5 жыл өткен соң не деп отыр? Не істеп отыр?

Қазақ жастары үйге кіргендікті місе тұтпай, үйді басымен сұрап отыр, оны да қанағаттанбай, көбі үйге кімді кіргізбеу еркі де бізде болсын деп отыр. Бес жылда қазақ жастарының саяси нәпсісі осыншама өсті. Жастармен қатар қара қазағың да саяси тілегі зорайды ма, жоқ па? – деуге де болады, демеуге де болады. Дәл менің сөйлесіп келе жатқан қазағымның саяси тілегі өспек түгіл, өшуге айналған. Себебі – әлгі айтқан әдет.

* * *

Қостанай үйезінің қазағы орыспен сан жағынан теңбе-тең, хұқық жағынан, бостаншылық жағынан Қостанай қазағының хәлі ескі замандағыдан төмен. Іс басында бір қазақ жоқ деуге болады. Бәрі – орыстар. Олардың кейбіреулері – қазақтың ескі жауы, кейбіреулері пайдалы жұмыс істегісі келсе де, қазақтың ғұрпын, заңын, тұрмыс-жайын білмейді. Көбісі «коммунизм тату тұрмыс, бауырмалдық, ағайыншылдық» һәм басқа сол секілді әдемі нәрселерді еміс-еміс естігені болмаса, өмірінде іс жүзіне асыруға ойланып көрген жандар емес. Ел іші болса, дікілдеген, оң мен солға қарамайтын прод агенттер, дөңкілдеген, ұзын шашты милициялар. Істегендері зорлық, зомбылық: қиянат, қырып кету, жойып кету. Ел ішінде жақсылық сөзбен, таза пікірмен барған біреу жоқ.

Міні, сондықтан қазақтардың еңсесі түсіңкі. Олар езілген «Қыра берсе, қырыла береміз-дағы» деген сөзге бәрі үйренген, әдеттенген.

Бұл пікір Қостанайдың оқығандарын көріп, іс басындағы азаматтарымен танысқанда әбден анық, ашық, дұрыс болып шықты.

* * *

Қостанай, халқының аздығы болмаса, дамып созылған үлкен қала екен. Көшелері ұзын, кең; үйлері сыртынан әдемі, таза; қаланың оңтүстік жағында жіңішке болып аққан Тобылдың өзені.

Қостанай – бұрын астықтың кіндігі болған жер. Қостанайдың мұжығы былай тұрсын, қазақтары жүздеп-мыңдап егін салған. Қостанай – бұрын жүнжұрық, тері-терсек, малдың кіндігі болған жер. Арғы шегі – Атбасар, Қызылжар, мына жағы – Торғай, Ырғыз, Ақтөбе, Орскі – бәрінің бұрын Қостанаймен қатынасы болады екен. Қостанайдың жәрмеңкелері мыңдап мал жиып, миллиондаған астық жияды екен. Қостанайдың тұрғын халқы көбінесе – орыс, онан соң – ноғай, онан соң – қазақ. Осы күні бір де қазақ жоқ деуге болады. Бәрі елге бытырап, тарап кеткен. Қазақтан біреңсаран мекемелерде қызмет етіп жүрген жігіттерді ғана көресің. Жігіт көрінекті орында: Қаржасов – губисполком президиумының мүшесі, Шуланов – губмлитция бастығы, Масанов – жер бөлімінің бастығының орынбасары. Өзгелері – жай қызметші болып жүргендер, я болмаса, оқып жүрген шәкірттер.

Мысалы: Арыстанбеков – Кир ЦИК-тің мүшесі. Отырған жері – полтпросоветтің (халық ағарту бөлімі) инструкторы. Жап-жақсы, жөн білетін Сұлтанбеков деген жігіт бар. Ол да промотделде (кәсіпшілік шаруа бөлімі) бір жабайы қызметші. Басқалары да осы секілді. Тәп-тәуір жігіттер соғыс комиссариатында хатшы есебінде жүр.

Қазақ жігіттерінің бұл секілді елеусіз орындарда отырған мәнісі, олардың өнер-білімі жеткендіктен емес.

Бұл – отаршылдардың (коллонизаторлардың) істеп қойған айласы. Қаржасов пен Шуланов осы күнгі орындарында Кир ЦИК-тің әмірі бойынша отыр. Әйтпесе Қостанайдағы жолдастар оларды ондай мекемелерге рұқсатсыз кіргізбес еді.Губисполкомға кіргізгенде аяғы партияда жоқтарды һәм елде жатқан, келуден күдер үзілген «жалқауларды» сайлаған. «Жалқаулар» боса болмаса да, келмей қалған. Партияда жоқтар, партиясыздықтың арқасында анда-санда контреволюционер атанып, іске жөнді кіргізілмеген. Елдегіні «жалқау» қылып, партиясызды «контр» қылып отырған. Бәрі жолдастардың өздері. Басылмаған аяқты демеудің орнына, ілгері басқан аяқты кейін итерген соң, іс оңа ма?!

Коллонизаторлардың әдісі жақсы-ақ! Біреу «жалқау» дейді, жалқау бола қалады. Екіншіні «контр» дейді, контр бола қалады! Өздері оңды, басқа жұрт жаман!

Олар жазықты емес, «Қазақтың өздері жазықты», ... «Өздері келмейді!...»

Міне – коллонизаторлардың айтатын сөздері, дәлелдері. Жиылысқа келген Қостанай азаматтарының түрі көп нәрсені-ақ айтып тұр. Ішінде тәуір, басшы деген бір жігіт маған қарап, маңызды жүзбен: «Мандатыңызды көрсетіңізші, қандай праволарыңыз бар екен, көрейік», – деді. Мен: «Мандатта мән жоқ, тетік өздеріңде, өздерің мықты, берік болсаңдар, іске бірігіп, бірлесіп, ынтымақпен кіріссеңдер – жұмыстарың алға басады. Ал, енді қазақ азаматтары, жасық жігерсіз болсаңдар, мандат ешкімге еркіндік әпермейді», – дедім.

Әлгі жігіт күлімсіреп, маған таң қалған кісіше:

– Ойбай, сіз адам мен адамның арасында болатын сөзді айттыңыз ғой. Біздің мұндағы орыстар адам ба? Бұлар қасқыр емес пе? Бұларды адам секілді сөзбен көндіруге болмайды. Бұларға күш керек. Тісін сындыратын үлкен ауыр балға керек. Сол балға – мандат, – деді.

Кешегі бақзалдан келе жатқандағы қазақтың сөзі мен мынау оқыған жігіттің сөзі бір жерден шыққанына қайран қалдым. Кешегі қазақ айтып еді: «Біз – қой емеспіз бе? – деп. Бүгін мынау жігіт айтып отыр: «Орыс қасқыр емес пе?» – деп. Бұл не деген қызық әңгіме?

Бірақ, бұл екі сөздің арасында үлкен айырма да бар. Кешегі қазақ айтты: «Қырса, қырыла береміз-дағы», – деп бүгінгі оқыған жігіт айтып отыр: «Күш керек, тісін сындыратын үлкен, ауыр балға керек», – деп. Бұның себебі не?

* * *

Қара қазақ – қараңғы, оны ағарту керек, ашу керек. Тот басып, түтін шалып, күңгірттеніп бара жатқан оның көңілін көтеріп, осалданып бара жатқан жүрегіне күш бітіру керек.

Оқыған жігіт, жас жігіт! Ол да кешегі киіз туырлықты қазақтың ішінен шыққан, еңбекшіл елдің бел баласы. Бірақ, оның көзі ашық, көңілі сергек, жүрегі қайратты. Ол бәрін біледі. Оның жалғыз-ақ кемшілігі: қолында «балғасы» жоқ, мандаты жоқ.

Оны «жалқау» дейді, «ұлтшыл», «контр» дейді. Оны ілгері жібермейді.

Қазақстанның бас хүкіметінің міндеті – елдегі

жігерлі жастарды іске кіргізіп, оларға толық сенім көрсетіп, соларды тұтқа, соларды тіреу қылу керек. Екінші жағынан елдегі жастар да қарап жатпай; «бізге пәленше бөгет істейді, түгенше зорлық қылады; бізді жалқау, ұлтшыл, контр, пәлен-пәштуен деп айтады екен» деп қайқысынбай, білекті сыбанып алып, жұрт жұмысына кірісу керек. Сонда ғана біз «еңбекшіл қазақтың баласымын» дей аламыз. Сонда ғана бізге елдегі қырылып жатқан еңбекшілдер тәңір жарылқасын айтады; сонда ғана ертеңгі күні жадырап жаз келіп, тарих өткен-кеткенді еске алғанда, біздің атымыз тарихтың бірінші бетінде алтын сиямен жазылады.

Жалғыз-ақ сонда ғана ...

Екі-үш күннен соң арызбенен қырдағы қазақтар келе бастайды.

– Ассалаумағалейкум, тақсыр, мырза!

– Әлейкум сәләм. Берірек келіңіз. Айтатын не сөзіңіз бар?

Қазақ көзі жаутаңдап, ерні дірілдеп, денесін қимылдатпайды, орнынан қозғалмайды.

Мен әлгіден гөрі қаттырақ:

– Бері неге келмейсің, айтатын сөзің болса, – деймін.

Қазақ дірілдеп, қалшылдап, жыламсыраған кісіше:

– Тақсыр ... Айыпқа бұйырмасаңыз... Беретін арызым... .

Арызым бар еді, – дейді.

Арызда жазылған:

«1922 жылы ғинуардың ахыр кезінде біздің Меңдіғара болысынан моблизабайт алды 15 жылқы. Сол жылқылармен бірге алынды менің бір айғырым... һәм ине менімен бірреттікерден 4 айғыр алынды. Сол айғырлар осы уақытқа дейін қайтарылған жоқ... Біздің ауылдың жылқылары айғырсыз қалды. Һәм басқа сөздер. Үбу өтініп ғарыз беруші. Абылқайым Төлебаев».

– Тақсыр, айғырсыз қалдық. Жұрттың бәрінен сұраңыз әуелде қайтып береміз деп алып еді, беретін емес... тақсыр.

Мен сөзін бұзып жіберіп: «тақсыр» демей-ақ қойыңыз, арызыңызды айтыңыз», – деймін.

– Қайдан білейін, шырағым, бұрын тақсыр деуші едік. Тілі құрғыр үйреніп қалған... сөзге кете береді.

Мен қағазына айғырларын қайтаратын етіп қол қойып бердім. Елдің қал-жайын білейін деп, біраз сөздер сұрадым. Менің жылы тартып бара жатқан түрімді сезген соң, қазақ манағыға ұқсамайды. Бір кезде жүзін жадыратып маған қарап:

– Е, мырза, сөзің тәуір көрінеді. Руың қай ел болады? Ауылға айта барайық. Сұрайды ғой елдегілер, – деді.

Мен аты-жөнімді айттым.

Кетерде қазақ қолымды ұстап:

– Тәңір жарылқасын, шырағым, біз сияқты мүсәпірлердің көз жасы тастамас, – деді.

Біздің көбіміз не жастықтың не мастықтың арқасында қара қазақтың тамырын баса білмейміз. Көңіліміз хош отырса дұрыс жауап береміз де, әйтпесе, тұп-тура үйден қуып шығарамыз. Жап-жақсы жігіттер туралы талай ел қазағының айтып жүргенін естідім:

– Пәленшені атама, ол – орыс. Орыстарша жөнді жауап та бермейді, – деген.

Тегінде осы секілді хал ел билеген азаматтардың есінде болатын бір нәрсе. Баяғы Шаймерден Әлканов марқұм айтқан екен: «Бұл қазаққа қайтсең жағарсың?» – деп. Бұл сөз – ызаланғаннан айтқан сөз. Әбден қазаққа бағына алмағандықтан айтқан сөз. Ол кездегі оқығандар орысты өлшеген кездігін қазаққа да жұмсағандықтан. Бірақ, ол кездікпен қазақ өлшеуге келмегендіктен «бұл қазаққа қайтсең жағасың» шыққан.

Әрине, біздің заманымыз «қайтсең жағасыңның» заманы емес, одан гөрі қиынырақ заман. Біз ел билеп жүрміз. Біз қайткенде де жағу керек.

Бағынылмайтын болсақ, ұжданды зорламай босқа қызыл май болуды тастау керек.

Бірақ, жағыну деген не нәрсе?

Жағыну толып жатыр. Біреу бес ауыз сөзбен жағынады; біреу 5 пұт ұн, біреу 5 кез матамен жағынады... Жағыну көп! Қалжыңды тастап, шын сөзге келгенде, менің ойымша, қара қазақпен іс басындағылардың қоян-қолтық келуіне үлкен шарттың бірі.

Іс басындағы жігіт өзінің қылығымен, сөздерімен, жүзінің құбылтуымен алдына келген қара қазақты қорқытатын болмасын, қайта оны жуықтар болсын. Қазақта бір мақал бар: «Енеңді ұрайын дегеніңді ерніңнің

емеуірінен білем» дейді. Бұл тегіндікпен айтылған сөз емес.

Біз өзіміз оқып жетіліп алған соң, қазаққа мұрын қыжырып кететін бір ауруымыз бар. Осы күні ірі қызметтің басында отырған менің бір жолдасым былтыр маған былай дейді:

– Мен қазақты иттің етінен жек көрем. Себебі: қазақ нас, таза емес, қазақ битшең, қазақтың киімі жыртық-жыртық болады, – деді.

«Бұл секілді «жақсы азаматтар» жаман, битшең қазақтан қапылыста туып қалған екен» дедім ішімнен.

Қара халық өзін-өзі «мал» дегенмен, соншама ол ақымақ емес. Сондықтан мекемеге қара қазақ келгенде бірінші шарт – көркем жүзді, жылы сөзді болу. Орысшалап айтқанда, бюрократизмді жою.

* * *

Бұл күні тағы үш қазақ келді. Ертеңінде он шақты одан әрі есікті қазақ босатпайтын болды. Сондағы беретін арыздарында жазылатын сөздері бәрі – бір. Бәрі қазақтығының арқасында көрген қорлықтар, зорлықтар. Бір арызда жазады: «1922 жылда ноябрьдің 9-ында қарулы орыстар біздің ауылға келіп өзімізді талап, жанды ұрып, он бір адамды арстуайт қылып, алып кетті. Сол алған нәрселерін сұраса, нашалнік палитборо айтады: «Қостанай жібердім, жібердім» деп. Бізге беретін ойы көрінбейді. Өз қаражатына ұстап, һәм киіп жүр. Алынмыш нәрселер: 5 түлкі, 3 камзол, 2 шымылдық, 25 киіз зонт, 8 (л) жаулық, 19 орамал, 5 шапан, 4 желетке, 2 шалбар, 3 пар етік, 2 былғары, 7(V) пар ұлтан, 2 мәсі, 5 пар еркек көйлек-дамбал, 2 әйел көйлек, 3 оқа, 3 қарын май, 2 миллион жарым ақша, 175 сом Николай ақшасы, 2700 сом керін, $3^{1}/_{2}$ қара мата, 4 киіз барқыт, һәм ботын гайыры нәрселер. Арыз иелері: Мұқыш Нұрманов, Күзембай Қақыоғлы».

Екінші бір арызда жазады:

«Біздің халық егін салатын соқасы һәм көлігі қарап тұр. Ал енді орыс халқына тұқымды қазақтан он үлес артық берді. Жүз бұттан, паселдні кедейіне елу пұттан һәм тағы да орыс халқына да байшні тұқым тағы да беріп жатыр. Халық туралы тұқым керегін айтсам, өзімді мекемелерден қуып шығарды. Біздің қазақ халқы бұлай болғанда жұрт болудан қалады. Қандайын үлкен

ауырмалық көрсе, біздің қазақ көреді. Мысалы налок болса, біздің қазақ халқы орысқа қарағанда жүз есе артық тартады. Һәм және орыстың малы жоқ жарлысына тамақ та бергізіп жатыр. Біздің қазақтың аш елде басы ісіп өліп жатыр. Бұл қалай болады? Бұл кеңес хүкіметі орыс демей, қазақ демей, бірдей теңдікке алады деп еді. Бұл сөз бұл уақта расқа шығармай тұр. Расқа шықпағандығын өзіңіз де анығына қанып отырған шығарсыз. Бұл Қостанай гүбернасындағы қазақ халқының орыстан көрген жәбірі толып жатыр. Оның барлығына салауат, бірақ осындай таршылық заманда, ең болмаса тұқымды да дұрыстап бермей отыр. Орыс халқымен теңестіріп, осыған сіздің қандай жәрдеміңіз... (һәм әрі қарай басқа сөздер жазылған).

Арақарағай болысының он екінші ауылының ұполкомошы Мұхамед Жаһбазов.

Жаза берсе толып жатыр.

Оқу бөлімінің бастығы Ташкин деген маған істеп жатқан жұмыстары туралы баяндама берді. Баяндамасында айтады:

«Биыл жаңадан үшкол салуға қазынаның әлі келмейді. Сондықтан ақшаның бәрін бұрынғы ескі үшколдарды түзетуге жұмсау керек», – деп.

Мен сұраймын:

– Қазақ ішінде ескі үшколдар бар ма һәм қанша?

– Қазақ ішінде бір де ескі үшкол жоқ», – деп жауап берді.

«Жаңадан үшкол салуға қазынаның күші жетпейді. Бар ақшаны ескі үшколды түзетуге жұмсаймыз» деген сырттан қарағанда дұп-дұрыс ешбір бүкпесі жоқ сөз секілді. Анықтап қарасақ, олай емес, қазақ ішінде бір ескі үшкол жоғы жұртқа мағлұм: сонымен онда түзететін түк жоқ. Ақша қайда кетпекші? Түгелімен орыс ішіне кетпекші. Қазаққа бір тиын да тимекші емес.

Губірналық жер бөлімінің бастығы Задорджный дегеннің шығарған бұйрық-жарлықтарын көрдім. Көп бұйрықтың ішінде «Арендаға жер берілу тәртібі» деген бір бұйрық жүр. Бұйрықтың бірінші бабында айтады:

«Арендаға берілетін жерлер: бұрынғы прселен учаскелері; хогрский жерлер; монастир жерлері һәм басқалар». Аяқ кезінде бір бабында:

«Бірінші өшіредпен жер алатын – қазақ халқы» деген бұл бұйрықтың қызық жері мынау: преселен

учаскелері, былтырғы шыққан қазақ хүкіметінің декреті бойынша, қазақтың өзіне тегін қайтатын. Оны биыл бір жыл өткен соң жақсылап орындаудың орнына, Қостанайдың жер бөлімі: «Арендаға берілді» деп бұйрық шығарып отыр. Көлеңкелеген шымылдығы: «бірінші өшіретпен қазақ халқына беріледі дегендік. Ол жер бірінші өшіретте қазаққа берілмейді. Бұл – бір. Берілетін болса, қазақ халқы ақшаға сатып неге алады. «Тегін берілсін» деген декрет шығып отырған жоқ па?

* * *

Қостанайдың орыстарынан қазақтың халі жаман. Қазақ ішінде аштық жазға қарай көбейді. Жер қарайып кеткен соң қайта қар жауып, малдың жартысына жуығын қырып кетті. Ел ішінде өліп жатыр. Жәрдем жоқ. Жүсіпбек Аймауытов соңғы бір мақаласында Орынбор азаматтарына «аштардың жанына барыңдар» деп ақыл берді. Жанына барғанмен біздің әдемі көзіміз ашқа тамақ болатын көрінбейді. Наны көп жерде отырған Жүсіпбек (бір жағынан ақылды да айта отырып) екінші жағынан өзі де іске кірісу керек-ау деймін. Қостанай мекемелерінің аштарға жәрдем беруі де басқаша. Өздерінің Қостанайынша!..

Қостанай аштарды орыс-қазақ деп «бөлмейді». Есепті бәріне тұтас ашқан. Қай жерде ысталауайға лайықты үй болса, сонда ашқан. Балалар үйі де сол тәртіппен ашылған. Аштарға жәрдем беретін мекеменің бастығы Гроза деген істеліп жатқан жұмыстары туралы баяндама жасады. Гроза сөйлейді: «Сөзімнің басында осы бастан ескертіп қоямын: біз орыс-қазақ деп бөлмейміз; бізге аш болса болды. Осы күнде Қостанай губірнасында пәленше мың аш бар. Олардың пәленше мыңын ысталауай ашып, балалар үйін жасап, тамақтандырып жатырмыз. Жаздығүні ысталауайлар астық бітіп қалып ауыр халде болды. Малы бар адамдардың 10 қарасынан бір қара алып, ысталауайға беріп, екінші астық келгенше аман сақтап қалдық».

Мен сұраймын:

– Қазақ ішінде ысталауай, балалар үйі бар ма?

Жауап:

– Жоқ.

– Сондықтан тамақтандырып жатқандарыңыздың ішінде қазақ жоқ қой?

– Жоқ.

Мен сұраймын:

– Малы бар деп кімді айтасыңдар?

Жауап:

– Қазақты.

Мен сұраймын:

– Сонымен малды кімнен алдыңдар?

Жауап:

– Қазақтан.

Мен ашуланып сұрай бастаймын:

– Не себепті бұлай қыласыңдар? Кім сендерге қазаққа жәрдем берме, олардан мал ал деді?

Алдымда отырған орысым асықпай, саспай, менің ашуланғанымды жақтырмай, қабағын шытыңқырап, жауап берді:

– Мен сізге сөзімнің алдында айттым ғой: біз орыс-қазақ деп аштарды бөлмейміз. Маған бәрі-бір: қай жерде мал болса, содан мал алынады...

Бұл айтқандар – ертегі емес, шып-шын оқиға. Қостанайда болып отырған оқиға.

КИРГИЗСКАЯ КООПЕРАЦИЯ
(в порядке предложения)

I

В деле хозяйственного строительства Киргизской республики немаловажную роль должна играть кооперация. Но кооперативное строительство в Киргизии, в частности, среди киргизского населения, к сожалению, продолжает влачить весьма незавидное существование. Мы еще не освободились от шаблонов, не нашли той формы, или, во всяком случае, того метода, путем которого можно было бы подойти к разрешению этого поистине серьезного вопроса.

Что мы называем в киргизской степи кооперацией? Как создать эту кооперацию? Какого типа и т.д.? Вот те жгучие и животрепещущие вопросы переживаемого момента, которые требуют безотлагательного своего разрешения.

До сих пор господствовало мнение, если не среди всех кооперативов то, по крайней мере, среди киргизской части, мнение, что наиболее целесообразной фор-

мой первоначального кооперирования является создание киротделов. Опыт последних лет ясно и определенно показал, что для киротделов не только не жизненно, но даже не серьезна.

Едва ли есть необходимость доказывать ненужность киротделов с точки зрения хозяйственной целесообразности – это яснее ясного.

С точки зрения же национальной тоже ничего путного одним созданием киротделов не достигнешь. Необходимо, чтобы не какой-нибудь отдел, а целый аппарат продышал «киргизским воздухом», если можно так выразиться, чтобы у всех людей жила мысль в сознании, что за киргизскую кооперацию ответственные они все, без исключения. Только при таком психологическом, именно психологическом повороте мыслимо действительное кооперирование киргизского населения. Созданные искусственно для внешнего эффекта, киротделы при равнодушном отношении к ним большинства работников, будут тормозом общему делу. Русские товарищи, полагаясь на киротделы, будут не в курсе живой, интересной практической работы, а киргизы, благодаря своей изолированности от общего аппарата, не в силах будут выполнять сами задачи и будут взваливать всю вину на русских.

Пришло время, когда необходимо откровенно сказать, что пустые разговоры нам порядком надоели. Нужно приступать к работе, к действительному творчеству, мирному, кропотливому труду.

II

Перейдем теперь к конкретному вопросу нашей темы – к вопросу кооперирования кирнаселения.

Какой тип кооперации наиболее подходящ в киргизских условиях?

Прежде чем ответить на этот вопрос, необходим маленький анализ с временного экономического положения киргизского населения. Основное занятие киргизского населения не везде одинаково. В северной части Киргизии преобладает земледелие, в средней и южной – земледельческо-скотоводческое и чисто скотоводческое хозяйство. По всей вероятности, такая классификация киргизского хозяйства останется и наиболее отдаленное будущее время.

Горевать тем, что на Юге Киргизии утверждается вечное скотоводство не стоит, ибо нельзя себе представить экономический процесс в виде постоянной схемы: бродячая жизнь – скотоводство – земледелие – капитализм – социализм.

При интенсивном ведении и скотоводство может принять промышленный вид, как это мы видим сейчас в Южной Америке, Австрии или хотя бы Дании. Как бы то ни было, настоящее наше положение таково, что на юге предметом вывоза, а следовательно, торговли, будут служить продукты скотоводства, а на севере – хлеб.

Мы сознательно упускаем из обзора среднюю полосу потому, что она имеет все виды на промышленное развитие. Но этот вопрос пока что придется отложить до постройки Южно-Сибирской железной дороги.

III

Перейдем теперь к рассмотрению киргизского аула, этой первой ячейки нашей хозяйственной организации.

Самый большой киргизский аул насчитывает до 20–30 дворов, а самый маленький – 1–2 двора. Расстояние между аулами максимум 100–150 верст, минимум 5–10 верст. В среднем киргизский аул имеет 10 дворов, среднее расстояние между ними 20 верст.

Спрашивается: возможно ли создание в таком ауле потребиловки с вывеской на дверях, приказчиком ежедневно торгующим товарами, счетоводом, ведущем отчетность и наконец, правлением, следящем за всей работой? Ответить на этот вопрос приходится безусловно отрицательно. Во-первых, такая карликовая лавка, обслуживающая 10 дворов, не могла бы перенести столь больших расходов по содержанию приказчика, счетовода, членов правления и т.д.

Таким образом, для удовлетворения нужд только одного аула создать там лавку невозможно.

Необходимо, пожалуй, рассчитывать на покупателей из других соседних аулов. Но будут ли соседние аулы регулярно приезжать, в лавку за десятки верст за какой-нибудь мелочью... В большинстве случаев может оказаться, что у киргиза не будет лошади, а он пешком не пойдет, если же у него была лошадь, то не обойдут ли накладные расходы гораздо дороже стоимости самого предмета, за которым нужно поехать.

Вообще говоря, торговля в степи носит не постоянный, а периодический, сезонный характер. У киргиза нет ежедневных потребностей, как у крестьянина, киргиз не курит, не пьет, домашнюю утварь, сбрую и проч. делает сам. Поэтому лавка в ауле объективно будет обречена на гибель. Если же представить и совершенно обратное, т.е. известному аулу удалось притянуть к себе покупателей из соседних аулов дело двигалось как нельзя лучше, но все это перевернется вверх дном с наступлением весны, ибо аул откочевывает на летовки («жайлау»).

Экономическое тяготение аулов друг к другу нарушилось. Аул, который зимой отстоял в 10 верстах, летом может оказаться в 100 верстах и наоборот и т.д. и т.д.

Обратите теперь внимание на другую сторону медали. Как будет управляться потребительское общество? Зимой общего собрания созвать нельзя, ибо в ауле нет помещения, которое могло бы вместить несколько сот человек. Нужно кормить людей с лошадьми, приехавших в аул на собрание. По обычаю киргизы с гостей плату не берут.

Таким образом аул, где имеет место пребывание лавки, во время таких съездов может окончательно разориться. Кроме того, бедняки за неимением лошадей, вовсе не приедут.

Словом, становится вполне ясным, что в современном киргизском ауле такой потребительной лавки, какая существует в русских поселках, создать абсолютно нельзя.

Следовательно, потребительская кооперация в своем чистом виде в киргизских условиях невозможна.

Таким же порядком можно было бы доказать неприменимость к киргизской жизни и других видов кооперации. Всякую форму экономической организации рождает сама жизнь, а не наоборот. Наша задача не отставать от жизни, а следить за ней по ее велением.

Вообще говоря, потребительная кооперация – организация чисто городская. Ее создала Англия, где крестьянство почти отсутствует. Знаменитые принципы рондельских ткачей, ставшие впоследствии заповедью потребительной кооперации родились в Англии не случайно. Никакая другая страна не могла придумать их, кроме Англии. Германия же, наоборот, является

родиной кредитной кооперации. Райфойзана могла родить только Германия, с ее громадным процентом крестьянства. В России за последнее десятилетие перед революцией успешно развивалась сельско-хозяйственная кооперация, маслодельные артели. Необходимо поэтому и нам в Кирреспублике исходить из действительного положения вещей. Нам нужен особенный подход. Подход осознанный идейно, а не формально. Только при такой постановке можно подойти к разрешению вопроса.

Подходя к практической части вопроса, я предлагаю следующий примерный проект кооперирования киргизского населения:

1) Всю территорию Киргизии нужно разделить на малые и большие районы в зависимости от населенности.

2) В центре каждого района основать кооперативные конторы, которые будут: а) торговать товарами, б) заготовлять сырье и хлеб, в) сбывать заготовленное.

3) Распределение и продажа сельско-хозяйственных машин и орудий должны быть тоже сосредоточены в этих конторах. Контора может открыть и кредитное дело.

4) Контора обязательно должна основаться в киргизском ауле, а не в крестьянском поселке, дабы положить начало к оседанию культурно-экономическим очагам.

5) При конторах нужно устраивать еженедельные базары, а в более крупных и периодические ярмарки.

6) Конторы должны управляться на паритетных началах: половина по выбору от населения, половина по назначению сверху.

7) Никаких паевых взносов, личных карточек и проч. не нужно. Все население будет считаться членами кооператива.

8) Дивиденты ни в коем случае не должны выдаваться членам. Вся прибыль должна считаться общей собственностью и употребляться: на усиление самого дела, на производственные ссуды бедноте, а также на культурно-просветительные нужды.

Идея контор не нова. Хотя в другой форме и под другим названием, а именно: «факторий», они были в 18 году организованы сибирской кооперацией в Енисей-

ской губернии среди тунгусов. Результаты были получены вполне удовлетворительные.

Под названием многолавочных потребительных обществ, которые были созданы в Акмолинской губернии (Исиль-Кульское многолавочное общество, объединяло киргиз Омского и Петропавловского уездов). Фактической такой же конторой, несколько в искаженном виде был союз кооперативов «Бирлик» в Атбасарском уезде, существовавший в 1917–20 г.

Кооперативные конторы – это единственная форма кооперации, которая возможна в киргизской степи в современных ее хозяйственных условиях.

ДЕЙСТВИТЕЛЬНО СЕРЬЕЗНЫЙ ВОПРОС

На этих днях мне пришлось быть случайным зрителем следующей картины. Вся улица перед зданием наркомпроса наполнена народом. На балконе стоят несколько лиц, среди которых я заметил замнаркомпроса т. Токтабаева. Мне показалось, что здесь какой-то митинг. «Но откуда же в Оренбурге набралось столько киргиз», – подумал я.

Оказывается, вся эта масса – киргизская молодежь, собравшаяся со всех концов обширного края. Она пришла учиться. На балконе стояла приемочная комиссия. Вся эта толпа копошилась внизу и жадно смотрела туда, откуда изредка доносились голоса: «принять», «отказать». Участь каждого решалась двумя короткими словами.

Наплыв в Оренбург учащейся киргизской молодежи бесспорно – факт в высшей степени примечательный и симпатичный. Это – ясный доказатель и показатель того стихийного подъема, который охватил всю степь. Это означает, что трудовые киргизские массы хотят активно принимать участие в строительстве новой жизни и они вполне правильно и верно начинают дело с просвещения.

Через просвещение к строительству – вот лозунг, которым можно охарактеризовать наблюдаемое явление.

Но соль вопроса в настоящее время заключается в другом, а именно: насколько мы сможем устроить эту молодежь, насколько наши финансовые и интеллекту-

альные ресурсы в силе удовлетворить стихийный запрос населения.

Появившаяся в 180 номере «Степной Правды» статья т. Баталова М. действительно заслуживает внимания, и поднятые там вопросы должны стать предметами не одной только дискуссии. Необходимо теперь же думать о практической стороне дела и в этом отношении в первую голову нужно обратить внимание на места. Местные бюджеты многих губерний КССР, вопреки постановлению II сессии КЦИК – отчислить на народное образование не меньше 30% всего бюджета, – кое как удалили 4–5%. Например, расход на народное образование Кустанайской губернии составляет всего 4 1/2% всех расходов, тогда как эта губерния не только без дефицита, но с солидным дивидентом. Интересно отметить тот факт, что Кустгубисполком отпустил заимообразно губторгу 450000 п. хлеба на льготных условиях для торговых целей. Конечно, развивать торговлю дело очень хорошее, но не следовало бы забывать и про народное образование, тем более, когда имеется такой приличный дивиденд в местном бюджете.

Необходимо на это обратить внимание. Теперь же нужно пересмотреть статьи местных бюджетов, касающихся дела народного образования. То, что мы видим в Оренбурге – есть только одна десятая доля того, что наблюдается на местах. Везде и всюду наплыв кирмолодежи. Нужно встретить эту стихию во всеоружии, ибо будет невозможно пособить горю, если эта стихия отхлынет обратно.

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ВОПРОС В КИРГИЗИИ

Шесть лет – это небольшой срок, но шесть советских лет, есть целая история. История, богатая содержанием, уроки которой будут служить примером не одному поколению.

Киргизия представляла до революции типичную колонию. Царское правительство только и знало, чтобы выкачивать из нее сырье и естественные богатства, она заселило «излишки» ее земель переселенцами, давило всеми мерами на культурное движение, насаждая миссионеров, и прочих «просветителей».

Широкая степь безмолвно терпела весь этот гнет и произвол царизма. Урядники и пристава владели ею самодержавно.

Байский гнет закабалял бедняка еще крепче. Так терпела двойной гнет киргизская беднота. Непросветная пора – было то время!

Но пришел октябрь. Вековые цепи рабства рассыпались, как мыльный пузырь.

И наступила новая эпоха. Эпоха строительства новой, свободной жизни. Революционная война всколыхнула степь до основания. Безмолвный бедняк стал вершителем своих судеб.

Многие из нас, вспоминая героические подвиги красной армии, гигантские усилия коммунистической партии в деле восстановления хозяйства – подчас забывают о тех маленьких эпизодах борьбы, из которых, собственно говоря, и сложились большие дела.

Опыт и пример Киргизской республики с ее несколькими миллионами жителей, может быть совсем маленький кусочек, в сравнении с мировой революцией.

Но этот маленький опыт – есть прообраз того громадного дела, которое должно начаться на Востоке.

Восток в настоящее время задыхается под тяжестью капиталистического ига. Национально-революционное движение на Востоке все ширится, и безусловно ему предстоит переходить через те препятствия и трудности, которые встречались на пути строительства многих автономных областей.

Самый главный вопрос, являвшийся всегда злобой дня, был у нас недостаток Туземных работников, недостаток людей могущих считаться действительно революционерами.

Киргизия в лице туземной ее части почти не принимала активного участия в подготовке октября.

Работники из туземцев выдвинулись потом, уже после победы. За исключением только немногих товарищи киргизы приобщились к революции после окончания гражданской войны. Имена этих немногих киргиз, шедших тогда против течения с особенной яркостью должны произноситься теперь, когда мы празднуем уже победу.

За шесть лет Киргизия сделала большой шаг вперед, Шаг в смысле революционизирования масс, в смысле

подготовки новых сил, готовых бороться. Эта новая сила – молодежь дня родилась и выросла в условиях ожесточенной революционной борьбы. У киргизской молодежи нет обывательско-мещанского прошлого. Она целиком детище Октября. Особенно – это хотелось бы подчеркнуть потому, что мы стоим сейчас на пути творческого строительства. Больше, чем когда либо нужны нам работники, умеющие претворить в жизнь национальную политику Советской власти.

Национальный вопрос имел в своем развитии не мало трудностей, но эти трудности остались позади. Перед нами стоит задача непосредственного строительства новой жизни.

И мы с полной уверенностью можем сказать, что строительство это пойдет смелыми шагами. И в этом сущность национального вопроса, в этом – заслуга Октября.

ІСТЕЛЕТІН ІС

Жастар арасында істеп жүрген іскер аз. Оның үстіне «оқу керек» деген ұранды қолданып бұрынғы істеп жүрген жастардың көбісі оқуға кетті. Қалғанының бір қатары демалыс, саяхат ретінде жалпы Русия ауыл шаруашылық уистабкесіне кетті. Іскер жастардың бүйтіп қарауы жалпы жастар ісіне едәуір тоқтау болып, кейбір жерлердегі ұялар, клуб-кружоктар ісі тоқтап қалды. Оқу жылы басталып, жазғы демалыстан оқушылар келіп жатыр. Енді жастардың түрлі жағынан жұмыстары туып, істейтін мерзімді уақыты жетті.

Жастардың басы ойдан-қырдан құралып, қызықты іс істейтін мезгіл – оқу кезі. Кәзіргі жастар алдында тұрған мәселе аз емес. Бірінші – жастар арасына саяси, мәдени қайыр, өнер майданына қойылған жолдарды тарату, екінші – клуб-кружоктар, үшінші – оқухана, кітапхана, қауым ашу жұмысын жүргізу, төртінші – Ташкенттегі қазақ интернаттарын қолға алып, ондағы оқып жүрген жас балаларды қиын күннен құтқару. Осы күнге шейін қазақ интернаттарында мұғалім болмағандықтан оқу бөлімі балалар хат білмей келді, мұнан былай мұғалімдер даярлап жатқан қазақ-қырғыз институтының жоғарғы кластарынан интернат сайын

мұғалім дайын қылу. Осы жұмыстарды дұрыс жолға қойып, көздеген жерге жету үшін алдын алып ертерек қам қылу – кәзіргі істейтін ісіміз.

Қолынан келетін «мен – басы» дегендер ұмытпай іске кірісіңіздер. Қауымдарыңызға нұр жаусын. Мақсаттарыңызға жетіңіздер.

ЛЕНИН ҺӘМ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

Тұрмысты өзгертіп, өмірді көркейткен адам баласының әлі күнге дейін жеңе алмай келе жатқан бір нәрсесі бар. Ол – өлім.

Өлімнің тілі жоқ. Өлімде ойлау жоқ. Тілсіз, меңіреу, рахымсыз өлім.

Тумақ болса, өлмек те бар. Өлімнен ешкім құтылмайды. Бірақ кейбір өлімдер басқаша болады.

Русия хүкіметінің бастығы Ленин январьдың жиырма бірі күні кешкі сағат 7-де дүниеден қайтты. Ленин. Енді жоқ.

– Жоқ!

Бұл сөз құлаққа біртүрлі ыңғайсыз естіледі. Күні кеше Русияның төңкерісін басқарған, күні кеше бүкіл жер жүзінің тұрмысын дірілдеткен, кеше ғана мыңдаған топта сөз сөйлеп, миллиондаған жұртты аузына қаратқан Ленин бүгін бұл дүниеде жоқ.

Жер жүзінде адам аз ба? Адам болған соң өлмей тұра ала ма? Өлімнен кім құтылады?

Бірақ, Ленин көп адамның бірі емес еді. Ленин жүз жыл емес, мың жылдарда бір-ақ туатын адамдардан еді. 20-шы ғасырға дейін талай данышпан, білімпаздар өтті. Тарих талайды біледі. Бірақ Лениндейді тарих әлі аз көрді. Ленин өлді. Бірақ, Лениннің аты тарихта жоғалмайды.

Біздің қазақ секілді ұсақ жұртқа Лениннің аты әсіресе қадірлі. Лениннің ұлт мәселесі туралы айтқан сөздері, көрсеткен жобалары көпке дейін совет хүкіметінің негізі болып қалуы шексіз. Сондықтан Лениннің ұлт мәселесіне қалай қарағандығы, оның бұл мәселе туралы не дегендігі бізге өте қымбат, өте керек.

1914 жылы Швецария патшалығында қуғында жүргенде жазған бір мақаласында Ленин былай дейді: «Біздің Русияны бұрын көп адамдар «халықтардың

түрмесі» дейді екен. Айтты-айтпады Русия бұрын «халықтардың түрмесі» болды. Русия өзіндегі істеген қысымшылығымен тұрмай, басқа жұрттардың бостаншылық жолында жасаған қозғалыстарын аяғымен таптап, жаншыды. Персие, Қытай, Польша, Уенгриа – осының бәрінде болған көтерілістерді өз заманында Русияның салдаттары басты.

Сөйткен Русияда біз ұлт мәселесін ескермейміз дегеніміз ұят болар еді».

Сол мақаласының бір жерінде Ленин Маркстің мынандай бір сөзін келтіреді: «Өзі біреуді құлданып отырған халық өмірінде еркін ел болмайды» деген. «Сол секілді, – дейді Ленин, – біз де ұсақ ұлттарды құлдықта ұстап, бостаншылыққа жете алмаймыз. Русияның бар халқы бостандық алу керек. Бәрі де бірдей өзгерістің жемісіне ортақ болу керек».

Бұл сөздер – Лениннің өзгерістен үш жыл бұрын айтқан сөздері. 1917 жылы Русияда төңкеріс болды. Ленин іске кірісті. Жаңа хүкіметтің басына өтті. Бұрынғы ұсақ ұлттар автономия ала бастады. Сол кезде ұсақ ұлттардың автономиясына коммунистердің едәуірі қарсы еді. Осы күні белгілі Бухарин һәм басқа коммунистер ұлт мәселесіне тіпті жаман қарап жүрді. Русияға коммунистер партиясының 8-ші съезінде бұл мәселе туралы көп әңгімелер болды. Сол сиезде Ленин былай деді: «Бұл мәжілісте жолдастардың көбі ұлт мәселесіне қарсы болып отыр. Мысалы үшін, башқұрларды алайық. Башқұр халқы неше жылдай орыстардың тегеуірінінің астында өлді. Оларға «орыс» деген сөз «залым», «қанішер» дегенмен бірдей. Оларға бұл пікір көптен сіңіп қалды. Өйткені көргенінің бәрі зорлық, бәрі зомбылық болды. Сол башқұрларды қалай айландыру керек? Біздің оларға дұрыс қарайтындығымызды қалай дәлелдеу керек?

Әрине, іспен, күнделікті өмірмен көрсету керек. Сонда ғана олар бізге сенеді. Сонда ғана оларды біз түзу жолға саламыз.

Кейбір коммунист айтады: біздің мектеп жалпыға бірдей. Сондықтан ұсақ жұрттың тілінде оқытып не керек, орыс тілі жетпей ме? – дейді. Менің ойымша бұл секілділер коммунист емес нағыз орыстың жуан кеуде ұлтшылдары. Бұл – жаман ауру. Бұл аурудан көбіміз сау емеспіз. Міне, осындаймен күресу керек. Біз – жал-

пышылмыз. Біз басқа ұлтты еріксіз зорлықта ұстамаймыз. Біздің негіз еркіндік, ризалық, бостаншылық болу керек».

Лениннің бұл сөздері көпке дейін өлмейді. Бұл сөздерді мәңгі деуге болады. Жер үстінде ұлттар тұрса бұл сөз де өмір сүреді. Бұл сөз көпке өнеге, көпке мысал. Әсіресе коммунист партиясындағы азаматтардың ұмытпайтын сөзі бұл.

Айта берсе, Лениннің тәжірибе қылатын сөздері толып жатыр.

Осы күні кейбіреулер өз ұлтынан өзі безіп жүр. «Мен қазақ болсам да, қазақтың ұлтын қуаттамаймын» деп қояды мақтанып кейбір ақылды жігіттер. Жалпышыл, көпті сүйген, көптің қамын ойлаған адам баласы Лениндей-ақ болады. Осы туралы Ленин не дейді екен?

Жоғарыда айтылған мақаласында Ленин былай дейді: «Біз орысты, орыс халқын сүйеміз. Сүйген сайын біз орыстың патшасына, төрелеріне қарсымыз. Біз орыс жұртын жақсы көреміз. Жақсы көрген сайын біз олардың еркін, іргелі халық болуын тілейміз. Бұдан елу жыл бұрын орыстың ең халықшыл адамының бірі Чернышевский айтқан екен: «Сорлы ұлт, бейшара халық, шетінен құл болған құл халық!» – деп. Біздің ойымызша бұл сөз анық сөз. Шын елін сүйген, адал жүрек ақ ниетті адамның сөзі. Орыс халқы қазір құл, бірақ бостандық алыс емес. Еркіншіліктің сәулесі туып келеді. Құлдықтан ел құтылады!»

Бұл сөздерді Ленин бұдан он жыл бұрын жазды. Лениннің айтқаны келді. Орыс жұрты патшаны жоқ қылып, өз билігін өз қолына алды.

Орыс еліне теңдікті әперген – Ленин. Лениннің сөзі әлгі айтылған.

Ленин бұл сөздерді аузымен айтса, қолымен істеді. Лениннің жүрегі мен білегі бірге қимылдаушы еді.

Анық саяси ер осылай болады. Лениннің ұлт мәселесі туралы айтқан сөздерінің көбі әдейі қазаққа арналған секілді. Міне, мен былай дедім, осыдан неге өнеге алмайсыңдар деген сықылды.

«Біз орыс жұртын сүйеміз. Сүйген сайын біз орыс елі бостаншылық алсын дейміз!» – деген Ленин.

Осы сөзді қазаққа арнасақ, бізді ешкім кінәлар ма екен?

«Ленин!..» «Лениннің өзі солай деген».

ЕРІКСІЗ ЖАУАП

«Күлкі сөзге шын жауап берудің өзі – бір күлкі» деп Гегель айтқан екен. «Еңбекші қазақтың» өткен нөмірінде басталған Серікқали Жақыпұлының мақаласы Гегельдің осы сөзін еске түсіреді.

Айтты-айтпады мұндай «сынға» ең жақсы жауап: ондап тұрып қарқылдап күліп алу. Бірақ, мен жауап бермесем, Жақыпұлы үлкен бір мағыналы сөз айттым деп мақтануы мүмкін. Тұрмыстың талқысына түспеген бірен-саран жастар теріс ұғынып қалуы мүмкін. Сондықтан бұл «сын» туралы бір-екі ауыз сөз айтып өтуді еріксіз жауап көрдім.

Өзінше маған бір ауыр жүк артпақ болып, қабағын түйіп, Серікқали жолдас менен сұрайды: «Ұлтшыл кісі коммунист бола ала ма?» – деп. Жақыпұлы бұның несін менен сұрайды? Әрине, ұлтшыл кісі коммунист бола алмайды. Олай болса, бұл сықылды аяқтан шалыс неме керек?

Қарастырып келсек, Жақыпұлының да көздеген нысанасы бар. Сөйлеп-сөйлеп келіп Смағұл Садуақасұлын «ұлтшыл» қылып шығармақ. Содан кейін маған айтпақ: «Сен коммунист емес, мен – коммунист. Сондықтан езілген таптың қамқоры міне, мен – Жақыпұлы» демек. Уа, жолдас Жақыпұлы! Бұл секілді «демеукөкке» (демогогия – **Д.Қ.**) мінбей-ақ қойсақ қайтеді! Әр қайсымыз да қолымыздан келген жұмысымызды істей берейік-дағы. Езілген тап сені де, мені де көріп отыр ғой.

Ал, енді көшіру мәселесіне келейік. Жолдас Жақыпұлы менің «жұрт» деген сөзімді қате деп, Лениннің жазғанын былай деп көшірген болды: «біздің туған жерімізді патшаның қанды балақтары, ақ сүйектері, капиталшылдары қанша езіп, зорлық етіп масқаралап жатқанын көріп һәм сезіп, бек қатты жүрегіміз ауырады».

«Жұрт» дегенді өшіргендегі Жақыпұлының қойған сөзі «туған жер». Сөздің мағынасы бұдан қанша өзгерді? Жақыпұлы «туған жер» дегенді осы күнгі аяқпен басып жүретін қара жер деп түсінсе (меніңше, солай болуға тиісті) онда, әрине, мағына өзгереді. Олай болғанда қара жерді езіп, оған зорлық етіп, масқаралауға да болмайды. Ондай жерді езгенге Лениннің де

сезімі оянып, жүрегі ауыра қойды ма екен? Біздің ұғуымызша, Лениннің жүрегі ауырғаны Русияның жұрты үшін, оның ішінде, әрине, еңбекші табы үшін.

Сондықтан Ленин айтады: «біз орыс жұртын сүйеміз, сүйген сайын біз олардың капиталистеріне, төрелеріне қарсымыз», – дейді.

Қазақ коммунистері бұл сөзден қандай өнеге алу керек. Ленин құсап олар да айту керек: «біз қазақ жұртын сүйеміз, сүйген сайын олардың байларына, бұрынғы төре, болыстарына қарсымыз», – деп. Бұл сөзден олар ауданды ұлтшылдық көріне ме? Әрине, жоқ. Сүйген сайын ... ар қарайғы сөз айтылмаса, талассуға болады. Әйтпесе бұған қалай айып тағылады? Бірақ, амал бар ма, Жақыпұлы айып тағып отыр! Менің «теріс» көшіргенімді түзеткенімен тек тұрмай, Лениннің өзін апарып сандыққа салып отыр. Ол айтады: «Лениннің бұл сөзін қазір үлгіге алуға болмайды» деп. Міне, қызық! Лениннің қай сөзін үлгіге алып, қай сөзін тастауды бұдан былай, сірә, Жақыпұлынан сұрасақ керек! Жер астынан жік шығып, екі құлағы тік шыққан мына жігіт бұрын қай жерде, кімге үгіт айтып жүрді екен білер ме еді?...

Чернышевский туралы да Жақыпұлы текке лағады. Чернышевский жайынан Ленин былай деген: «Бұдан елу жыл бұрын Чернышевский айтқан екен: «Бишара халық, құл халық, басынан аяғына дейін құл халық» деп осы күнгі патшаның шын құлдары бұл сөзді айтқысы келмейді. Біздің ойымызша, бұл сөз – әділ ниет, ақ жүректен шыққан сөз. Ол кездегі орыс халқының ішінде революционер жоқ еді.

Осы күні аз-аз болса да бар. Зорлық, зомбылық, қараңғылық орыс халқының еншісі емес. Реуолиотсионер табын жасау олардың да қолынан келеді. Бұның бұлай екенін адамшылыққа біз көрсетіп отырмыз. Біз оған мақтана аламыз».

Лениннің айтқаны келді. Орыстың революционерлері адам баласына өнерлерін көрсетті. Лениннің бұл сөзін қазаққа келтіргенде, біз не дейміз? Біз айтамыз: қазақ та бұрын шетінен құл, шетінен бейшара еді. Николайдың шын құлдары – би, болыстар. Бұл сөзді көп айтқысы келмейді. Осы кезде қазақ ішінде революционерлер жоқ еді. Енді олар бар. Бірақ, олар әлі аз. Бей-

шаралық, құлдық қазақ еңбекшілерінің еншісі емес. Біз жақсы, әдемі тұрмысты орната алатындығымызды көрсетеміз.

Мен анау күнгі мақаламда осыны мысал қылып отырмын. Бұны қалайша кінәлауға болады?

Бәрімізге жолбасшы Карл Маркс айтқан: «Езілген тап құлдықтан құтылу үшін қанша күрессе, құтылғаннан кейін өзін-өзі тәрбиелеп, жаңа тұрмыс орнату үшін соншама күресу керек» – деп. Әлде болса да байлар да, болыстар да бар. Қазақтың кедейі өзін-өзі тәрбиелеуге кіріскелі отыр. Бұған көп күш керек. Мұны істейтін ол кедейдің өзі, оған көмекші – коммунист партиясы. Сөз ескірді десеңіз де, Ленинніңсөзі енді керек. Сондықтан әлде болса да айтқанымды қуаттаймын.

Мен Жақыпұлының алғысымен коммунист болып, қарғысымен ұлтшыл болмаймын. Бірақ бұл секілді «демеукөкті» «айт шуу» қылып мінуден бұдан былай сақтану керек. «Демеукөктің» түпкі мақсұты һәм апаратын жері белгілі де.

ЕЛДЕ ІСТЕЙТІН БІР ЖҰМЫС

Данышпан көсеміміз Ленинніңөлімі жастардың жігерін молайтып, олардың тәрбие жұмысында көп жаңа түр бермек. Комсомолдың тап осы дәуірдегі екпінді міндетіне жататын: Ленинніңтәржіме халімен, істерімен жастарға қалдырған өсиеттерімен, түрлі ұрандарымен танысу жұмысы. «Мен комсомолмын» дегеннің саяси санасы, пікірі кеңіп, әлеумет ісінде үлкен жеміс әперерлік амалдар істеуі өзі кітаптан оқып, не жұрттың аузынан естірткен Ленинніңбір-бір сөздерін жүзеге асырып отыруы, шын Лениншіл жас болғандығын ардақты атасының әділ ізін басып адал орындағанын қуалайды.

Ендеше, жастар, істейтін істерің төмендегілер:

1. Бір ұйымдағы комсомолдың барлық мүшелерін тегісінен Ленинніңүшінші жастар сиезінде сөйлеген сөздерімен, ұсынған жолдарымен таныстырып қана қойма, Лениннің: «Ауылдағы сауатсыздықты жой, надандардың көзін аш, жетім, қараусыз босып жүрген жеткіншектерді қамсыз қыл...» деген өсиеттерін іс жүзінде істете бар.

2. Әр ячейкелерде мұнан басқа Ленин туралы әңгіме-кеңес сөздер болсын, оларды белгілі жоба-план бойынша айырып істеген жөн.

Мысалы, ауылдағы ячейкелердің күшінен келетін жұмыстар мыналар:

1. Лениннің өмірі, ісі туралы қайдан болса да материал тауып ала алады. Бұл программға жеке бір мәселе болып жазылу керек.

2. Лениннің жастар арасындағы жұмысы, сөйлеген сөзі – бәрі бір мәселе болып кіреді.

3. Қалай Лениншіл болуымыз. Бұл бір мәселе.

4. Ленин һәм шаруалар мен жалшылардың ұйымы.

Осылардың қай тиістісіне болса да лайықты қолданатын кітап та, мақала да іздесе табылады. Осы төрт мәселені жақсы тексеріп, жаңа негізге құрылатын жаңа ауылдың тіршілік, шаруашылық жағынан күшті болуы үшін қала мен ауылдың қатынасы – кооперация ұйымы қаланың да, ауылдың да еңбектеніп өндірген жанды-жансыз бұйымдары, құралдары жанға, өмірге керекті заттары бас жағынан тең болушылығы өте қажет деп сөйлеуші жас ұйымда көбірек тоқтап, түсіндіріңкіреп кетуі міндет.

Ел ішіндегі ячейкенің, әсіресе, үлкен бір ісі: ауыл халқына шаруаларға, батырақтарға Ленинді, оның өсиетін естіріп таныту. Қара халық та Лениннің өмірін, өмірінде істеген қызметтерін, кім үшін күрескенін, шаруаның қамын көздеп, қай жерде не сөйлегенін – білгісі келіп тұрады.

Соның үшін елде істейтін жастардың алдымен: 1) Лениннің ұлт саясатына қалай қарап, партия съездерінде осы тақырыпта қандай қарар шығартқанын; 2) Күншығыс халықтарына теңдік әперу үшін, ондағы езілгендердің көзін ашу үшін нелер істегенін; 3) Отаршылдықпен қалай күрескенін өздері әбден үйреніп, тиісті кітаптан қолға түсіріп алуы керек. Бұл айтқандар да бағанағы программаның аяғына жалғасып, үлкендердің һәм бейпартия жастардың арасында сөйлеуге ең жеңіл, қызықтыратын мәселе, әрі үгіт. Бұл тақырыпты мағлұматтарды «Қызыл Қазақстан» журналында, Лениннің тәржіме халін суреттеп жазған кітаптарда табуға болады.

«Қызыл Қазақстанда» ел жастарының оқитын мақалалары: Каменевтің үкімет ісінен берген отчеты (II-со-

вет съезінде сөйленді), Сталиннің, Крупскаяның сол съезде сөйлеген сөздері. Орталық коммунист жастар комитетінің жалпы жастарға жазған үндеуі («Жас қазақтың» 4-ші санында). Басқа да пайдалы сөздерді сол журналдағы мақалалардан бөліп-бөліп алуға болады.

Сөйлеуші болмағанда, ячейка өз арасынан кісі шығарып дауыстап оқыту жолын қолдануға болады.

Не болмаса жеке комсомолдарға әр тақырыпқа баяндама қылуға, мақалаларды бөліп беруге болады. Осылай үйірмелерде бірсыпыра Ленин жайында мағлұмат алғаннан кейін құр біліп қоюмен, естіп қоюмен қанағат етпей, ячейка мүшелері өзара әр баяндамадан кейін жастарға жататын, істеуге мүмкін болатын міндетті жұмыстарды орындай беру керек (мысалы, шаруашылық жайынан үгіт-жүргізу, кооператив, түрлі жәрдем ұйымдарын ашу, мектеп ашу, халықтарды бөліп-бөліп, солардың сауатсыздығын жоюға әр комсомолды оқытушы қылып белгілеу, оқу, кітапханаларды ашу сықылдылар). Бұның бәрі Лениннің өсиетін орындағандық болып шығады. Не Лениннің құрметіне ескерткіш есебінде істелген әдейі істер болып та шығады.

Елдерде оқухана болса, соның жанынан Лениннің бұрышын, бөлмесін ашу тиіс. Һәм халық арасына үгіт жүргізгенде Ленин тақырыпты сөздерді елді айтылатын ұрандарды, Лениннің өз сөздерін қабырға газетіне жазып шығарған жөн. Газетке жан беріп, жұртты еліктету, тарту үшін түрлі цифрлармен, дәлелдермен көбірек түсіндіріп, мүмкін болған шамасынша сурет салып, Лениннің суреттерін басқа газеттерден ойып басқан жақсы. Елдерде болатын съездерде, жиындарда, үйлерде Ленин туралы сөз сөйлеп қалу жағына тырысу керек. Уйездік, губернелік комитеттердің ауыл ячейкелеріне тиісті кітап, план, программалар жіберіп, уақытында осы айтылғандар туралы жол көрсетіп тұрулары азаматшылық, лениншілдік міндеті, мүмкінінше солардағы ұлық қызметкерлер өздері ел аралап, кей ячейкелерге қамқоршы (шеф) болып белгіленуі мақұл.

Елге келетін, не уйезден, губернеден жұмысқа сайланатын партия қызметкерлерін бір жақтан ячейкелерде, екінші жақтан губком, укомдар да пайдаланып қалу жағын қарастырулары міндет.

5-ІНШІ ИЮЛЬ – КООПЕРАЦИЯ КҮНІ

Қазіргі біздің кеңестер хүкіметінде дала мен қала арасын жақындастыруда кооперация көп орын алып отыр. Былай айтқанда, қаладағы, даладағы еңбекшіл-жалшылардың қышыған жерін қасып, жарасына дәрі болып тұрған – кооперация ұйымдары. Соның үшін де өткен ортақшыл партиясының 13-інші съезі кооперация туралы өз алдына бір сауал қойып, көп назар салып отыр. Сол кооперация ойы кімге де болса қадірлі екені белгілі. Бүгін 5-інші июль күні – сол кооперация ұяларының мейрамы. Сондықтан бұл кооперация қалай, қашан шыққан һәм 5-інші июль күні неге мейрам қылмамыз, сол туралы аз ғана сөйлеп өтейік. Техника күшейіп, кісі күшін пайдалану көбейіп, капитал бір қолға жинай бастаған дәуірді капитализм дәуірі дейміз. Күнбатыста осы дәуірге бұрын жеткен Англия мемлекеті болып табылады. Міне осы уақытта көшеде жұмыссыз қалған һәм еңбек ақысы үй ішін асырап тұра алмаушылар көбейді. Таршылық тұрмыстың қамы арқасында 1754-інші жыл Англияда Роберт Оуэн деген кісі дүниеде бірінші мәрте потребитель дүкенін ашты. Бұл дүкенге белгілі мүшелер жазып, оларға дүкеннен арзан нарықпен нәрселер һәм келген пайданы бөліп беріп тұрған. Осы дүкен арқасында жұмыскерлер бөлек саудагерлер тырнағынан аз ғана ажырағандай болды. Бұндай дүкен біздің Русия жалшылары арасына 1864-інші жылдары ашылып, сол уақыттан пайдалана бастады.

1868-інші жылы бүтін дүниедегі кооперацияшылдардың жиылысы болды.

Жиылыста кооперация араласып жүргендердің «ұйымы» ашылсын деп қаулы қылып, сонан бері кіндік комитеті болады. Осыдан былай кооперация ойшылары әр жерлерге жиылып, бір-бірімен байланыс жасап іс жүргізетін болды.

5-інші июльді неге мейрам қылады деген сұрауға келсек, мейрам қылуымыздың екі түрлі себебі бар:

І. Бәрімізге белгілі 14-ші жылдан басталған патшалар соғысы шаруамызды да қиратты, орындармен байланысымызды да үзді. Бір сөзбен айтқанда, әркім өз басымен болып кетті. Соғыс таусылғаннан кейін әркім ес, етегін жинап, орындармен тағы байланыс жасау

үшін 1921 жылы бүтін дүние кооперация ұяларының жиылысы болды.

2. Сол жылы біздің Русияда ашаршылық болды. Бүтін дүниедегі кооперация ұяларының бірер күнгі қызмет ақысын Русия аштарына жәрдемге істесін деген сауал шет мемлекеттерден келген өкілдермен Мәскеуде қаралып, кейін Италияның Милан деген қаласында қаралды. Сол болған жиылыс бүтін дүниеге кооперация ұяларының әр жылы июль жұлдызының бесі сенбі күні мейрамы болсын деп қарар қылады. Сол күнді осы биыл 5-інші июль күні мейрам қыламыз.

Бүгінгі күн бүтін дүниедегі кооперация ұяларының жылдық мейрамы болады.

«АУЫЛДАҒЫ КООПЕРАЦИЯ ТУРАЛЫ» АТТЫ КІТАПТЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

Каминский жолдастың бұл сөзі ауылдағы кооперация туралы айтылған. Осы күні ауылда кооперация жасау мәселесі – шаруашылықтың негізгі жұмысының бірі. Бұл уақытқа дейін кооперация, көбінесе, шәрлі (шаһар – **Д.Қ.**) болып келді. Каминскийдің айтуына қарағанда, ауылда жүз жаннан 5–6 ғана кооперацияға тартылғанын көреміз. Жүздің 90-нан көбі әлі кооперацияның сыртында. Біздің Қазақстанда, әрине, кооперация ашқан елдің саны бұдан да аз.

Сондықтан кооперацияға жұртты тарту деген жұмыс – ауылдағы шаруаның ең екпінді ісінің бірі. Қайтсе жұрт кооперация ашады? Қалай халықты кооперацияға тартамыз.

Бұған жауап беру үшін кооперацияның қандай пайдалары бар – соны көпке түсіндіру керек. Кооперация – көбінесе сауда-саттық ұйымы. Осы күнгі Русияда болсын, басқа мемлекеттерде болсын, шаруа екі үлкен түрге бөлінеді. Оның бірі – ауыл шаруасы, екіншісі – қала шаруасы, басқаша айтқанда ірі кәсіп шаруасы.

Ауыл шаруасының ұйымы көбіне шикі-заттан құралады. Мысалы: тері-терсек, жүн-жұрқа, ет, май, тағы басқа осы сықылдылар.

Ірі кәсіпорындарында бұл айтылған шикізаттар тұтынуға жарайтын болып істеліп шығады. Тері былғары болады. Жүн-жұрқа шұға болады.

Сондықтан бұл екі шаруаның қатынасы өте күшті. Бұл екеуінің қатынасы күнннен-күнге күшейіп, неғұрлым біріне-бірі жуық келсе, қара бұқараға да, ірі кәсіптегі жұмыскерге де өте жақсы болар еді.

Бірақ, бұл екеуінің арасында дәнекер болып ұсақ саудагер отыр. Саудагер қара шаруаның шикі затын арзан бағамен алып барып, кәсіпорындарына пайдасына сатады. Кәсіпорындарындағы істелетін нәрселерді алып келіп, ауыл шаруасына пайдамен береді. Сөйтіп, бірінің-біріне тасымалдағанының арқасында саудагер қалтасына ақша түсіріп отыр. Оған кеткен артық ақша айналып келіп бұқара шаруа мен жұмыскердің қалтасынан шығады. Ол саудагер болмаса, бұл ақша жұрттың өзінде қалар еді.

Сондықтан саудагерді жою үшін түсінікті қылып айтқанда, халық өзі сауда қылу керек. Әрине, жұрттың бәрі, бірі қалмай саудаға кіріспейді. Сауда істейтін ортасынан ұйым жасайды: ұйымның басына сенімді адамдар сайлайды. Бұл адамдар өзінің істеген жұмыстары туралы халықтың алдында есеп беріп отырады.

Осы сықылды ұйымды орысшалап айтқанда кооперация дейді. Кооперация дегенді осы күні қазақтың бәрі біледі. Сондықтан бұл көшірілмей-ақ елге түсінікті.

Бұл уақытқа дейін қазақ ішінде бірен-саран жерлерде жасалған кооперация көңілдегідей ісін жүргізе алмай келеді. Бұлай болудың себебі: бір жағынан жалпы елдің қараңғылығы, бұл істің әлі жаңалығы болса, екінші жағынан біздің кооперациямыздың басында дұрыс адамдардың кем болғандығы.

Көбінесе кооперацияның басына бай отырады. Ол көптің пайдасынан гөрі өз қалтасын көбірек ойлайды. Жалпының ісін жаза алса, жеке өзінің шаруасы қылып жібереді. Сондықтан халықтың көңілі қалады. Кооперациядан күтілген пайданың орнына залал шығады.

Ел ішінде қызмет етіп жүрген адал жігіттердің, әсіресе қазақ коммунистерінің міндеті: бұл сықылды жаман істермен күресу керек. Кооперацияның шын пайдасын ел көзінде көрсете білу керек.

Құр сөзбен емес, іс жүзінде кооперацияны саудагерден артық қылып шығару керек. Кооперацияның ұйымына болсын, іс басқаратын орындарына болсын еңбекші тапты көп кіргізу керек. Өзінің қара басын ойлайтын пайдакүнемдерді кооперацияның маңайына

жолатпайтын шаруасын істеу керек. Сонда ғана біз кооперацияны халыққа түсіндіре аламыз. Сонда ғана кооперация ауыл шаруасына көмек көрсетіп, Ленин айтқандай, «жаңа тұрмыстың негізі» болады.

«АУЫЛ АРАСЫНДА САЯСИ-АҒАРТУ ЖҰМЫСЫ» АТТЫ КІТАПТЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

«Ауылға қарай бетіңді бұр» деген – осы күнгі партияның екпінді тәртіпте қойылып отырған мәселенің бірі.

Ауылға қарай бетті қалай бұрамыз? Ауылда істегелі отырған істеріміз не? Ауылдың кімін қуаттап, кіміне қарсы боламыз? Осындай бәрі шешуін күтіп біздің алдымызда мәселелер тұр.

Крупская жолдастың ауылдағы мәдени жұмыстар туралы сөйлеген сөзі бұл сұраулардың көбіне жауап береді.

Крупская айтады: «Біздің ауылда істейтін істеріміз сол ауылдың тұрмысына, өміріне жанассын» дейді. Мысалы, аштық болып жатқан бір қалада, студенттер барып мопр, допрахим туралы үгіт жүргізген (Мопр деп – жалпы жер жүзінің абақтыда жатқан төңкерісшілдеріне жәрдем көрсететін ұйымды айтады. Допрахим деп – әр түрлі бумен қолданып соғыс жасайтын құралдарды қарастыратын ұйымды айтады. Допрахим соғыс жоқ кезде шаруашылықтың керегіне де жарайды. Мысалы, егін жейтін шегірткені қыру және сол сықылды істер – С.С.)

Әрине, бұл сықылды үгіт орындалмайды. Сондықтан әрбір айтатын сөз ауылдың тұрмысынан табылатын болсын.

Екінші, Крупскаяның айтатыны: «Ауыл дегенді түптұтас қылып біріктіріп жіберу керек», – дейді. «Біз ауылға қарағанда, оның ішіндегі орта шаруалар мен кедейлерін қуаттаймыз. Соларға жәрдем көрсетіп, жолжоба айтамыз», – дейді.

Бұл – біздің есімізде болатын нәрсе. Осы күні ауылда хат білетін де, газет оқитын да ауқатты адамдар. Кедей газет алдыруға шамасы келмейді. Не болмаса, тіпті оқи білмейді. Сондықтан біздің міндет: олардың көзін ашып, жарық дүние көрсету керек. Әсіресе бұл сөз – біздің қазақтың ішінде дұрыстап ұғынатын нәрсе.

Одан кейін Крупская елде жөн білетін оқыған адамдардың кемдігін сөйлейді. Сондықтан елдегі іске жарайтын дұрыс кісінің бәрін біз бауырға тартып, оларға тиісті қызмет беру керек. «Сонда ғана біз ауылды өзімізге қаратып, кеңес өкіметін күшейтеміз», – дейді ол.

Кеңес жұртшылығы жаңа туып келе жатқан жас Қазақстанда бұл айтылғандардың бәрі пайдалы сөз. Пайдалы сөзден пайда ала білу – біздің коммунист міндетіміз.

ЖАҢА ЖҰРТШЫЛЫҚ НЕГІЗІ – ҒЫЛЫМ

> Дүниеде ешбір жерде жұмыскерлердің қозғалысы тап-таза күйінде аспаннан аяғы салбырап түсе қалған жоқ. Олардың саяси сезімі ауыр еңбекпен, ұзақ күрестің арқасында бірте-бірте ашылып, әр түрлі байшылдардың іркіт сықылды қойыртпақ пікірінен, тар жолды, шолақ, теріс көз қарасынан көп заман өткеннен кейін ғана құтылды.
>
> *Ленин.*

Лениннің бұл сөзі көпке өнеге болғандай. Қазақстанда кеңес өкіметі орнап, қазақтан коммунистер шыққанға, міне 8 жылға айналып барады. Содан бері шаруашылық, ел билеу жөнінен едәуір істеген істеріміз болса-дағы, ғылым ретінен әлі тұяқ серппей жатырмыз.

Коммунист партиясының қолындағы марксизм-ленинизм ғылымымен қарағанда, осы күнгі біздің шаруашылық сатымыз қандай түрде, қазақтың қазіргі қалінде қандай шаралар керек? Ғылым көзімен қарағанда ол шаруалардың қаншасы қандай тәртіпте іске асымды? Қазақ тұрмысының қазіргі түрінің қаншасы жарамды, қаншасы жарамсыз? Қазақстанда тап тартысы дегеніміз не? Жуан шаруалы жұдырық кім? Жіңішке шаруалы кедей кім? Осы екеуінің жігінің арасы қай жерде? Қазақстанда кәсіп шаруасының қандай болашағы бар? Ірі кәсіп Қазақстанда қашан туды, қай түрде болады? Жаңадан туатын қазақ өмірінде қандай өзгерістер болуы мүмкін?

Қазақстандағы болашақ мәдениет жұмыстары, мәдениет ағымдары қандай бет алыста? Жалпы жер

жүзінің тұрмысында Қазақстанның салмағы? Тағы-тағы басқалар.

Біздің алдымызда тұрған осы сықылды іргелі үлкен мәселелер бар. Бұлардың көбі әлі ғылым жүзіне түскен жоқ.

Жұрттың көбі құр айғаймен жүр. Бұл туралы осы нөмірде басылып отырған Тоқпақ жолдастың сөзі әбден дұрыс («Жалаң ұрандардан іске өту керек» (С.Қожанұлы. – **Д.Қ.**) Біздің үлкен ауруымыздың бірі: білімге қарай ұмтылудың орнына кейде білімсіздігіміздің өзін мойнымызға алмаймыз. Кейбір тырақайлар мына сықылды сөзден де қашпайды: «Білім-білім!» деп не қақсайтыны бар. Еңбекші таптың үстемдігін Октябрь шешкен. Енді оны қозғау көрдегі аруақты қопарғанмен бірдей. Жұмысымыз белгілі, нысанамыз анық. Жүре береміз. Адаспаймыз!..»

Бұл сықылды адамдарға Лениннің жоғарғы айтқаны үлкен өнеге. «Жұмысшы табының қозғалысы бір күнде аспаннан аяғы салбырап түскен жоқ. Бірте-бірте өткеннің тәжірибесінің арқасында жасалған» деп Ленин айтады. «Жоқ, біздің бар өмірімізді Октябрь-ақ шешкен. Енді көп қыртып керегі жоқ» деп біздің «жолдастарымыз» айтады.

Айтты-айтпады, бұл екі сөздің арасы жер мен көктей. Шынында біздің жігіттердің көбі аспаннан аяғы салбырап түскен пікірді тамақ қылып жүр.

Карл Маркс тегіндікпен мына сөзді айтқан жоқ-ау: «Еңбекшілерге 10 жыл, 20 жыл, 30 жыл, 40–50 жыл соғысу керек. Мұнша күрес жалғыз ғана дұспандарын жеңу үшін емес, өздерінің ескі мінездерін, әдеттерін де түзету үшін керек»

Ескі әдеттен, ескі мінезден құтылу жолында Маркс айтқандай дәл 50 жыл болмаса, бірсыпыра заман бізге де керек болар, сірә.

Соңғы кезде партия жұртшылығы туралы мәселе көтере бастадық. Бұл мәселе біздің осы күнгі саяси пікіріміздің ішіндегі ең үлкен мәселесі. Біз бұл уақытқа дейін асса үгітпен, қалса құр айғаймен өмір сүріп келдік. Тұрмысымыздың түпкі негізін ғылыммен дәлелдеп, кейінгі өсіп келе жатқан жастарға саяси мұра қалдыру – біздің үлкен міндетіміз. Ғылым жалғыз саяси мұра үшін ғана да керек емес. Ғылым үстіміздегі уақытта да өте керек.

Осы күні жалпы Кеңестер Одағында «ауыл мәселесі» екпінді тәртіпте қойылып отыр. Осы мәселе партияның қойылғаннан бері орыс газеттері, журналдары мұжық туралы көп әңгіме сөйлеп жатыр. «Қала» (ауыл) дегенде, қаланың кімін көбірек қуаттаймыз? Жуан жұдырық дегеніміз кім? Бұрын жері көп мұжық жерін сатып пайдаланып, жұдырық болушы еді. Осы күні көпке бірдей. Олай болса, байлықтың-жұдырықтықтың белгісі не? Ешкімнің хақын жемей, өз еңбегімен қызмет істеп, шаруасын түзетіп отырған мұжықты жұдырық дей аламыз ба? Оған шаруаң өзгенікінен артық деп қол сұға аламыз ба?

Міне, орыс әдебиетінде осы сықылды саяси мәселе негізінен сөз болып, көптің ортасына түсіп отыр.

Қазақтың осы күнгі шаруа түрі ең мақтанса мұжықтыкіндей-ақ, әйтпесе одан да төмен. Сондықтан беті белгіленген мұжық шаруасында көмескі мәселелер туса, біздің қазақ ауылында ондай мәселелер тіпті толып жатыр.

Сол мәселелерді баспасөз бетінде көтеруіміз керек. Өмір туғызып отырған сөзден қашу – надандықтың белгісі.

Қазақ шаруасы ғылым жүзінен қаймағы бұзылмаған деп айтуға болады. Бұрынғы қазақ шаруасының жүйелерін зерттеген Щербина, Кузнецов, Хворостанский, Румянцев дегендер біздің болашағымызға қырын көзбен қарағандар. Баяғыда Николайдың құдайдай болған министрі Столыпин айтқан: «Біз қазақ халқының орналасуын қарастырмаймыз, қазақ даласының орналасуын қарастырамыз», – деп. Жоғарғы айтқан білімпаздардың көбі осы Столыпиннің маңайындағы адамдар. Сондықтан олардың қазақтың шаруасын зерттегендегі міндеті: қайткенде қазақтан артық жерді көп шығару болған. Қазақ жұрты өсіп-өнеді-ау, олар түбінде әуе қыстамайды, жер тілейді-ау, сондықтан қазақтың болашағын да ойлайықшы» деген оларда сезім болмаған.

Қазақтың сол кездегі малының санын алып, оған қанша жердің керектігін өз мөлшерімен есептеп, ақырлап келгенде, мынадай жер артық, мынадай ауданды қазынаға алуға болады деп «пікір» айтып отырған.

Сондықтан бұлардың жазып кеткен кітаптары бізге жәй материал есебінде ғана пайдасы бар.

Екінші, қазақ тұрмысы соңғы он жылдардың ішінде шыққан қазақ тіліндегі әдебиет жазыла бастады.

Бұл туралы бірінші орын, әрине, «Қазақ» газетінікі, одан кейін «Айқап» журналы. Біздіңше, Қазақстанның бертінгі тарихына бұл айтылған газет, журналдан едәуір материал алуға болады. Бірақ осы бастан айтамыз: бұлардікі де құр материалға ғана жарайды.

Қазақтан шыққан алғашқы халықшыл, ұлтшылдар шаруашылық, саяси мәселелерді жазып бір үлкен кітап шығарған жоқ. Бірен-саран шыққан кітаптар өлең, роман болды. Бұның себебі ол кездегі қазақ оқығандарының тым аздығы, олардың өздерінің саяси мағлұматтарының кемдігі. Мұның үстіне жалпы қазақ тұрмысының саяси жөнінен өте қараңғылығы, ол кездегі қазақ елінің алдында тұрған ұлт мәселелерінің өте аздығы. Қазақ жұртының жұртшылық сезімінің оянбағандығы. Сондықтан ол кездегі қазақтың халықшыл, ұлтшылдары азбен қанағаттанды. Дұрысын айтқанда, аз нәрсеге ғана шамасы келді.

Біздің бұлай дегенімізге осы күнгі көзі тірі қазақтың ескі ұлтшылдары шамданатындай түрі бар. Бірақ олар шамданады екен деп жоқты бар қылуға болмайды.

Осы күнгі біздің коммунистік пікіріміздің бір-ақ күнде көктен аяғы салбырап түспегені сықылды, бұрынғылардың да ұлтшылдық пікірін бір түнде Қожанасыр әкеліп қалталарына сала қойған жоқ. Қазіргі көзі тірі ұлтшылдар бұдан ол жыл бұрынғысынан биыл ақылды екенінде ешкімнің дауы жоқ. Көбірек айтуға болады, биылғысынан ендігі жылы бұлар ақылды болады.

Сондықтан әсіресе бізге ғылым керек. «Ұлтшылдың» бәрі Қошмағамбет Кемеңгерұлындай бола берсе жақсы, бірақ одан ақылдырағы кез келгенде, тиісті сыбағасын бере алатындай бізде өнер болу керек.

«Үстемшілігімізді Октябрь шешкен» деп далбиып жүре берсек, күнделік өмірдің мәселелерін ғылыммен шешудің орнына айғай жұмсасақ, жұртқа күлкі, дұшпанға таба болуымызда шәк жоқ.

Ғылым үйренуге екі түрлі жол бар. Бірі – ауыз сөз, екіншісі – баспа сөз. Ауызбен айтылған әңгімелеріміз өз алдына. Қазіргі уақытта мезгілі жеткен нәрсе – баспасөзді күшейту.

Баспасөздің үгіт-насихат жағын түгелімен газетке

арту керек. Ғылыми мәселелерді журнал бетінде бастау керек.

Осы күнгі Қазақстанда марксизм ғылымымен қолданып шығып отырған журнал жоқ. Қазақтың өткендегі саяси тұрмысы, қазіргі халі, болашағы – осының бәрі енді кітапқа түспесе де, журналдың бетін көретін уақыты туды.

Қазіргі Қазақстанның алдында тұрған мәселелерінің ең үлкені жалпы жұртшылық туралы; оның ішінде әсіресе партия жұртшылығы деп жоғарыда айтып өттік.

Қазақ коммунистері өзінің партиялық борышын түсіну, саяси бағасын тану, тарихи міндетін ұғу, біразымыз кеңсенің қаншаларынан шығып, қолымызға қалам алу – осының бәрі күні бүгін бастайтын жұмысымыз. Әсіресе осы күнгі жоғарғы мектептерде оқып жүрген коммунист қазақтардың есінде болатын нәрсе бұл. Қазіргі орындарда газет басқарып отырған жолдастарымыз бар. Бұлар газетте жазатын үгіт-насихат сықылды күнделік міндетімен қабат кіндікте шығатын журналымызға ат салатын қамын қарастыру тиіс. Түнеугүні «Еңбекші қазақта» партия жұртшылығы туралы бір-екі мақала басылды. Бұл туралы атын атамаса да, «Қазақ тілі» бір азырақ жазды.

Осы күнгі газеттерде азды-көпті жазып жүрген жолдастар бар, жазбағандары бар – бәр-бәрінен біздің өтінішіміз: іргелі мәселелер туралы кіндіктегі журналға көздеріңнің қырын сала жүріңдер! – дейміз.

Жеті жылдың тәжірибесі едәуір өнеге бергендей болды. Сол өнегелеріңді көптің алдына тартыңдар. Жазушыны жерден қазып тудырмаймыз, қазіргі баспасөздің маңайындағылардың ең білімдісі, ең іргелілерінен шығады.

Біздің басқа мәселелеріміз де партия жұртшылығына тіреледі. Осы күнгі шаруашылық халымызды алайық. Қазақ жұртының тұрмысы, кеңес өкіметі болмағанда капитализм дәуірінің алдында тұрар еді. Біздің жеріміздің байлығы түбінде ірі кәсіп туғызбай қоймайды. Ірі кәсіп кеңес өкіметі болмағанда үлкен капиталистердің қолында болар еді. Қазір ірі кәсіп мемлекет билігінде. Болашақта да ірі кәсіп мемлекет қолында қалмақшы. Сондықтан біздің Қазақстанның ілгері басу тәртібі капитализм заманындағы біз сықылды елдердің тәжірибесіне ұқсамайды.

Біз осы бастан социализм тұрмысына бейімдеп өсеміз. Европа мен Әмерика сықылды бізде енді ірі капиталистер шығуы мүмкін емес. Біздің бұл пікірді сырт жағынан қарап кейбір осы күнгі халықшылдар бұдан 50–60 жыл бұрын өткен орыстың халықшылдарының көзқарасына ұқсатады.

Атақты орыстың халықшылы Ткачев деген Энгельске жазған ашық хатында бұлай деген: «Руссияда жұмыскер табы жоқ болса (60-шы жылдарда – С.С.), капиталистер де жоқ. Сондықтан біз жауыз өкіметті түсірсек, Руссияда социализм орнатуға әбден мүмкіндік бар».

Ткачевтің осы сөзімен біздің қазіргі айтып жүргенімізді ұйқастырып, бізді марксизмге қарсы істеп жүрсіңдер дейді қазақ халықшылдары.

Энгельс Ткачевтің бұл сөзіне, әрине, қарсы болған. Оның айтуынша, социализм жасау жолында жалғыз капиталист емес, жалпы мұжықтың ұсақ шаруасы да бөгет. Оның бер жағында мұжықтар өзінің тұрмыс тәртібінің арқасында жұмыскерлердей күшті ұйым жасай алмайды. Мұжықтар әр жерде бытыранды, жұмыскерлер бір жерде тұтас тұрады. Сондықтан патшаны құлату да жалғыз мұжықтың қолынан келмейді. Мұжықтар ұйымдасқан жұмыскерлердің етегінен ұстап отырып, патшаны жеңе алады.

Неліктен Энгельс бұлай деді? Деуінің себебі: ол кезде жұмыскерлер табы жеңген бір патшалық болмағандығы. Мысалы, осы күнгі Германияда сол уақытта жұмыскер өкіметі болса, Энгельс капитализмге жетпеген патшалықтардың бәріне: сендер әуелі капиталист болыңдар деп отырар ма еді? Жоқ, басқаша айтар ма еді? Әрине, басқаша айтар еді.

Істің тетігі қайткенде капиталистер болуында емес, мұжықтардың ұсақ шаруасын басқарып, жөндеп отыратын ірі кәсіптің жасалуында.

Ал, енді қазаққа келейік.

Қазақ шаруасын зерттегенде, жеке қазақты ғана бөліп алмау керек. Қазақ өз алдына бір патшалық емес. Қазақстан – Руссияның бір бөлегі. Біздің ауыл шаруамыз орыстың фабрик-зауытымен қатынасып, байланысып жатыр. Үй ішіндегі киермен, ыдыс-аяқтан бастап, шөп шабатын машина, егін салатын соқамызға дейін орыстың ірі кәсіптерінен шығып отыр.

Сондықтан қазақ шаруасының тағдырын жалғыз ғана өзінің ішкі дүмпуі шешпейді. Айналып келгенде, баяғы орыстың ірі кәсібіне тірелеміз. Бұлай болса, еріксіз бізді ірі кәсіп сүйреп алып кетпекші.

Қазір Руссияда кеңес өкіметі. Ірі кәсіп түгелімен мемлекет қолында. Қазақстандағы туғалы отырған ірі кәсіп те мемлекет қолында болмақшы. Бұлардың жалпы бет алысы – социализм жолы. Сондықтан Қазақстанның ауыл шаруасы да солай бейімдеп өседі.

«Қазақ шаруасы социализм жолына көнбейді. Пойыздың артына түйе ілесе алмайды» дейтіндерге біздің беретін жауабымыз осы.

Әрине, тез жүретін үлкен пойыздың артынан түйе ілесе алмайды. Бірақ түйе тіркелген біздің ептеп жүретін кішкене пойызымыз да бар емес пе?

Ол кішкене пойыз Қазақстанның автономиясы. Біз осы күнгі айғайшыларға ұрысқанда «үлкен пойыз жүріп бара жатқан жаққа қадам баспа» демейміз.

Біздің айтатынымыз: үлкен пойызға өмір жүзінде түгіл, айғаймен де ере алмаймыз. Біздің өзіміздің әлімізге қарай берілген ақырын, ептеп жүретін кішкене пойыз бар. Үлкенге ұмтыламын деп өзің тіркелген кішкене пойыздан шешіліп кетіп жүрме. Үлкенге ере алмай, кішкенеден шешіліп қалсаң, мүлде айдалада қаласың.

Осы күні коммунист партиясы «Ауылға қарай бетіңді бұр!» деген ұран шақырып отыр. Бұл ұранның түпкі негізі пойыз бен оның артында тіркелген түйенің арасы алыстамасын деген сөз. Пойыз – жұмыскер табы, оның артындағы тіркелген көлік – қалың бұхара. Лениннің әсіресе өлерінің алдында қақсап кеткен сөзінің бірі: жұмыскер мен бұхараның қабысуы болған. Бұны біздің жолдастар дұрыстап ескеру керек.

Жуырда Мәскеуде шығатын «Правда» газетінде Бухарин жолдас бұлай дейді:

«Кейбіреулер біздің «Бетіңді ауылға қарай бұр» деген ұранымызды жәй әшейін, сөзге сыйғызып айтқан айла, тәсіл деп ұғынатын көрінеді. Бұлай деп екі қарағандық арасында адасып жүрген мылқаулар ғана айтады. Қазіргі саясаттың қай жағынан алып қарасақ та, – кәсіпті алайық, ақшаны алайық, жалпы мемлекет халін алайық – осының бәрі ауыл мәселесін дұрыстап шеш-

кенде ғана ілгері басады. Бұны астанада тұрған жолдастан бастап, әрбір губерна, уйез, болыс, ауылдағыларға шейін ұғыну керек.

Партия бұл сықылды жолды сөз үшін емес, шын коммунистік борышын өтесін деп көрсетіп отыр.

Біз ауылды пікір жүзінен де, іс жүзінен де өзіміздікі қылу керек ісі басталды. Бірақ іс бітті деп жалғыз минөт жайылып отырмау керек. Бұдан бұлай әрбір партия ұйымының бағасына бұл жұмыс та едәуір өлшеуші болу керек» («Правда», 19 ғинуар, 1925 жыл).

Біздің коммунистер осыны ұғынуы керек.

Баратын жеріміз де, жүретін жолымыз да үлкен пойыздың орны. Бірақ онымен желісіміз бір емес. Онықі қатты, біздікі әзірге ақырындау.

Алдымызда тұрған бұл сықылды тарихи мәселені біз тағы да айтамыз, көбіне ғылыммен ғана біле алмақшымыз. «Әрбір жаңа жұмысқа жаңа ғылым керек» деп Ленин айтқан.

Сол ғылымды үйренуге кірісу керек. Өзіміз үйреніп, жалпыны ағартуға кірісу керек. «Бір-ақ күннің ішінде коммунист болдым, бір-ақ түннің ішінде Маркс ғалай салам аян берді» деген сықылды бос сөзді тастау керек. Бұл сықылды сөздер Марксті келемеждеп, марксизмнің тот баспайтын асыл ғылымын нәжіс нәрсемен былғағандық.

Қазақстан жаңа дәуірге түсіп, адымдап аттайтын күндері жаңа туып келеді. Жаңа тұрмысты дұрыстап жасау үшін саяси табанымызды ғылыммен мықтап тағалап алу керек. Сол ғылымды біз күтеміз.

ПАРТИЯ ҚҰРЫЛЫСЫ ТУРАЛЫ

Кешегі болып өткен партия конференциясы Қазақстанда партия құрылысын жөндеу туралы көп қаулылар алды. Көптің айтуынша біздің партия мүшелерінің саяси білімі аз. Әсіресе елдегі коммунистер көп нәрсеге әлі түсіне алмай келеді.

Қазақстанның комсомол маңайында жиналған 40 мыңдай жастарын алсақ, бұлардың ішінде де көбі саяси сауатсыздар.

Әрине, бұл сықылды хәл неғұрлым ілгері созыла берсе, соғұрлым біздің алдымызда тұрған қиыншылық

та көбейе бермек. Біз жалпы саяси біліміміздің толықтырмай, іргелі жұмыс істей алмақ емеспіз. Наданның аты надан.

Сондықтан қазіргі алдымызда тұрған үлкен істің бірі – саяси сауатсыздықты жою.

Саяси сауатсыздықты қалай жоямыз?

Бұл жолда жалғыз ғана кітап оқып, «өнерлі» болу алысқа апармайды. Кітап өз алдына. Кітаптан алатын біліммен қабат өмірден алатын тәжірибені де ұмытпау керек. Әсіресе, бұл – жастардың есінде болатын нәрсе. Бұлай дейтін себебіміз: жастардың ішінде «кітапшылдары» аз емес. Кітапқа қарап алып, екі-үш мәтелді сөзді жаттап алып, соны өмірдің жобасы қыламын дейтіндер де бар.

Жалпы партия мұндай сыңарезулермен күресу керек. Коммунист партиясы – ең әуелі істің партиясы. Біз кітап оқысақ, онымыз іспен бірге жүру керек.

Біздің партия құрылысын жөндеу жолындағы үлкен шаруамыздың бірі – тәрбие жұмысы. Бұл істің маңызын біздің жолдастар әлі түсініп жеткен жоқ. Бізге тәрбие керек. Қандай тәрбие? Партия тәрбиесі керек. Партия мәселелері көптің ортасына түсіп, талқыға салынып отырсын. Айтылатын жаңа пікір көпке бірдей айтылсын. Бұл туралы біздің баспасөздеріміз әлі пайдаланып жеткен жоқ. Көптің алдына түсетін ірі мәселелерді көп газеттен көрсін. Баспасөз шын көптің, шын партияның тілі болсын.

«Піш-піш» әңгіме қалу керек. Сыбырдың орнына анық ашық дауыс шығарылсын. Сыбыр әңгімеге партия қандай қарсы болса, ашық сөзді сондай қуаттағалы отыр.

Осы тәртіппен іс басталса, жұмысымыз ілгері басуына сөз жоқ.

ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ТЕЗ ШЕШІЛУДІ ТІЛЕЙДІ

Қазақстан жағдайында қазіргі күрделі мәселенің бірі – жер мәселесі болып отыр. Қазақ кедейі, қазақ еңбекшілері бұл уақытқа шейін «Жер анасы, мал баласы» деп жерді малы бар адамдарға ғана керек деген түсініспен келсе, енді сана-сезім оянып, жаңа жұртшылыққа аяқ басу дәуірінде «Жер анасы,

еңбекші ел баласы» деп отыр. Кетпенмен қазып егін салса да, бір-екі қарасын жайса да, жерсіз күні жоқ екенін түсінді.

Соңғы кезде ел еңбекшілерінің арасында қоныстануға бой ұрғандық өсіп келеді. Жақсы жерге қала салып, кәсіп өнімін арттырып, шаруашылығын гүлдендірудің шарасына кірісті. Өткен өміріне бір тілді соқамен айғыздап жер жыртып, күнін өткеріп келе жатқан елдің трактормен жабысып отырғаны көз алдымызда. Осының бәрі ел еңбекшілерінің мал кәсібімен қатар жер кәсібіне шұғылданғандығын көрсетеді.

Бірақ бұл беталысты ел ішінде толық жүзеге шығару жөнінде бірнеше кедергілер бар: ел еңбекшілерінің жақсы жер қолына тимей отыр. Бұрыннан атқа мініп елді билеп қалған алаяқтар «ата-мекенім» деп, жердің шұрайлысын бауырына басып, кедейді тақыр-тастаққа итермелеумен келеді. Газетіміздің осы нөмірінде жер туралы жазған тілшілер хаты басылып отыр. Бәрінің айтатыны бір сөз:

– байлар жерімізді тартып алды.

– тең пайдаландырмайды ...

Ел кедейлері бұл мұңын бүгін ғана айтып отырған жоқ, көптен айтып келеді. Ендігі тілейтіні – жер мәселесін ел кедейлерінің мүдесіне дөп келтіріп шешу. Жақсы жерден қонысын әперіп орналастыру.

Бұл тілек – айлап-жылдап жетуді көтермейтін, бүгіннен бастап тез жарыққа шығаруды тілейтін жұмыс.

Бұл туралы болып өткен 5-інші өлкелік партия конференциясы керекті жолды сызып беріп отыр. Ел кедейлерін қоныстандыру, жермен тең пайдаландыру туралы жергілікті орындарға көп міндеттер артып отыр.

Әсіресе қоныстандыру жұмысына зер салынып, керекті адамы осы бастан дайындалып, өкімет күшін молырақ бөлу керек. Қоныстандыру жұмысының басында қазақ тұрмысына жетік, маман адамдар тұру керек. Осылар істелгенде ғана ел еңбекшілері жер теңдігін алып, байлардың тырнағынан құтылмақшы, шаруашылығын гүлдендіру жұмысына кіріспекші.

Бұл – тез істелуді тілейтін жұмыс.

ЕЛ ТІЛШІЛЕРІНЕ ЕСКЕРТУ

Ел ішіндегі өкімет кісілерінің болсын, жай кісілердің болсын істеген қиянаттары газет бетіне жарияланса, прокурор, сот мекемелері оған тиісті шаралар қолданып отыр. Газет бетінде әйгіленген жұмыс бұрынғыдай емес, түгел тексеріліп отыр. Оның бәрі газет оқушыға мәлім.

Бірақ мұны елдегі атқамінерлер де сезіп, біреумен араз болса, сайлау үшін партия болса, қарсы жағын мұқату үшін газетті құрал қылғысы келетіні байқалады. Газет бетінде қарсы адамын қаралап, өзі өкіметтің оң көзі болып көрінгісі келеді. Мысал үшін мынау бір оқиғаны алайық: Ақмола үйезі, Сарысу болысынан «Еңбекші қазаққа» бір поштамен «Кооператив қайтсе жөнделер екен?», «Әдепсіздік қашан жойылар екен?», «Қашан сауатсыздық жойылар екен?», «Бұл жұмыс қашан ескерілер екен?» деген төрт түрлі мақала келді. Төртеуін жазған – төрт кедей (айтуы солай). Екеуі 2-інші ауылдікі, екеуі 1-інші ауылдікі. Төртеуі бір күнде, бір кісінің қолымен, бір жерде жазылған. Өйткені қағаздарының жыртылған жерлерін салыстырсақ, орны орнына жабыса кетеді. Төрт мақаланың аты әр түрлі болғанымен, ішіндегі сөзінде айнала бірекі кісіні түйрей береді. Сол бір-екі кісі жазаланса екен дейді.

Міне, бұл – төрт кедейдің атынан жазып отырған бір-ақ кісі. Бәлки кедейлердің мұны білмеуі де мүмкін. Сондықтан «Еңбекші қазақ» төрт мақаланы әдейі баспай отыр. Бірақ басқармадағы кісілер елден келген хаттардың қайсысы рас, қайсысы өтірік екенін үнемі біліп отырмайды ғой.

Сондықтан газетті өтірік шағым, қастасқан адамды мұқату орны қылмай, анық ел тіршілігінің айнасы қылу ел тілшілерінің қолында. Біреуді орынсыз мақтамай, я жала жауып қараламай, анық болған оқиғаларды, ел тіршілігін жазып отырса, газеттің беделі артады. Осыны ел тілшілері есінен шығармауы керек.

ЖЕР МӘСЕЛЕСІ

Бүгін Қазақстандағы жер-су мекемелерінің қызметкерлерінің жиылысы ашылғалы отыр.

Қазақстанда жер-су мәселесі – ең үлкен мәселенің бірі. Біздің шаруашылығымыздың көбі мал бағу, егін салу. Бұл екеуінің түпкі негізі жер.

Николай өкіметі қазақ жерін қазынаның мүлкі деп жариялады. Русияда жер үшін жанжал шығарып, көтеріліс жасаған мұжықтарды қазақтың даласына айдады. Отырған қонысынан қалың елді дүркіретіп қуа бастады.

Ұлы төңкерістің арқасында патша өкіметінің саясаты жойылып отыр. «Жерге еңбекші елдің өзі ие!» деген ұранды кеңес өкіметі көптің алдында жариялап отыр.

Қазақстандағы жер жұмысын атқаратын мекемелердің алдында тұрған үлкен қызметінің бірі – ескіліктің ізін мүлде жойып, іс жүзінде жаңалыққа негіз салу. Біздің жалпы жұмыстарымыз соңғы жылдың ішінде ілгері басуға бет қойды. Осымен бірге жер жұмысы да бұрынғыдан гөрі жөнделуге айналған түрі бар.

Біздіңше, Қазақтанда жер мәселесінің ең үлкен, ең қиын жері – қоныстандыру жұмыстары. Қазіргі Қазақстанның ауданы үш миллион шаршы шақырымнан асады. Осы күнге дейін осы үш миллион шаршы шақырым жердің қаншасы егін салуға жарайды, қаншасы тау-тас, су, ағаш, батпақ, құм екенін біз анық білмейміз. Қазақстанның көп жері әлі зерттелінген жоқ. Ат тұяғы тимеген «түпкірлеріміз» де толып жатыр.

Біздің жер жұмысын басқаратын мекемелеріміз ең әуелі осы жұмысқа кірісуі керек. Бұл жұмыс осы күні шамасына қарай істеліп те жатыр. Бірақ әлі де көп күш, көп қаражат тілейді. Бар күшті дұрыстап біріктіру, тағы да күш жинау, бар қаражатты орынды жолмен жұмсап, тағы да қаражат іздеу – жер мекемесінің мойнындағы зор міндет.

Қазақстан жерін зерттеумен қабат сол зерттелген жерлерге еңбекші елді осы бастан орналастыра беру керек. Жайсыз жерде отырғандарды жайлы жерге көшіру жұмысы да осы соңғы мәселенің ішіне кіреді. Өткен жазғы Бөкей мен Орал ішінде болған игілік істер алдымыздағы келешек жазда ұлғая түсу керек. Қоныс-

тандыру мәселесін шынында сөзден іске айландыру керек. Бұл туралы істеліп отырған жиылыс аса көп негізді жаңа сөздер қозғамауы да мүмкін. Жер кемесериетінің бұрынғы негізін «енді істі қалай жүргіземіз» деген тәртіпте азырақ екшесе, мәселенің көбі өзінен-өзі шешіледі.

Сонымен қоныстандыру жұмысы – ең үлкен мәселенің бірі.

Екінші айтатын сөзіміз Қазақстанның ауыл шаруасының жалпы беталысы туралы. Ауыл шаруасының ілгері басып, гүлдену жолында толып жатқан шарттар бар. Малдәрігерлік жұмыстары, агрономдық істері, егін шаруашылықтың әр түрлі жабдықтары, шөп шабатын мәшине, жер жыртатын соқаның бәрі – жиылыстың ескеретін істері.

Оның бер жағында ауыл шаруасы молайған сайын оның маңызы да түрленуге айналды. Майдың жүнжұрқа, тері-терсегін өткізу туралы, сиырдың сүтін (май) пұл қылу, мал шаруасынан туатын неше түрлі кәсіптерді орнату – мұның бәрі де өз алдына жатқан бір мәселе. Бұл туралы да, біздіңше, жиылыс пікірін айтуы дұрыс.

Қазақ шаруасы жылдан-жылға өзгеріп келеді. Мұны бәріміз көріп отырмыз. Өзгерістің үлкен белгісінің бірі: қазақтың отырықшылыққа айнала бастағандығы. Отырықшы болуға солтүстігіндегі елдің ынтасы жылдан-жылға молайуда. Көп болмаса да бұл туралы да өзінше тәжірибе жасалатын уақыт жетті. Осы күнгі отырықшы болып жатқан елдің хал-жайымен танысу, ол танысқандықтан алған тәжірибенің арқасында болашаққа нысананы бұрынғыдан гөрі дұрысырақ болжау – біздің алдымызда тұрған үлкен істің бірі.

Жер мәселесі түгелмен ауыл шаруасының жабдығы. «Ауыл» деген осы күнгі коммунист партиясының бірінші ұраны. «Бетіңді ауылға қарай бұр!» деп жалпы коммунистерге үндеу таратылып отыр. Осы ұранды іске асырғанда бетімізді ауылға қарай бұрғанда, ең қолға алынатын жұмысымыз – жер мәселесі,

Ашылып отырған жиылыс жоғарыда айтылған мәселелерді дұрыс шешіп, істеген ісі жемісті болуына тілектеспіз.

ЖАҢА ДӘУІРДІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БІРІ

Қазақстанның астанасын көшірумен бірге туғалы отырған жаңа дәуірдің негізгі мәселесінің бірі – кәсіп шаруасын күшейту. Бұл уақытқа шейін бұл жұмысқа көңілдегідей назар салынбай келді. Ескі өкіметтен қалған Ридер, Екібастұз сықылды ірі кәсіпорындарын дұрыстап ұқсату үшін миллиондаған ақша керек. Бірақ, қолда бар пұлдың өзін жөндеп жұмсағанда, ендігі недәуір жұмыс істелетін еді.

Осы күні Қазақстан мемлекетінің қаражатының көбі сауда жұмыстарына ұсталып жатыр. Қазақстанның орталық сауда мекемесінің қолында үш жарым миллиондай ақша отыр. Сыртқы сауда мекемесінде екі-үш миллионнан артық пұл бар. Тері-терсек, жүн-жұрқа, бидай жинайтын мекемелерде бес-алты миллиондай қаражат бар. Айналасы барлық сауда он миллионнан артық ақша жұмсалады.

Қазақстанда кәсіп жұмысының шабан жүріп отырған себебінің бірі қаражаттың кемдігінен. Сондықтан сауда мекемелерінің біраз ақшасын алып, кәсіпке беру керек. Шаруашылық саясатын кәсіпке қарай бейімдету дегенді осы күні әркім айта бастады. Бұл – дұрыс пікір. Енді осыны іске асыру жағын қарастыру керек.

Баяғы көйлекті шекпеннен киген заман енді қайта айналып келмейтінін көріп отырмыз. Осы күні матадан (кездеме) киім кимейтін жан жоқ. Қазақстан матаның бәрін шет жерден сатып алады. Орал мен Қостанайдағы шұға тоқитын екі пабрик барлық Қазақстан елінің жоғын тауып бере алмайды. Сондықтан бізге ең бірінші керек нәрсе – мата тоқитын пабрик.

Жұқа мата (сиса, бөз) мақтадан тоқылады. Мақта Ресейдің көп жерінде өспейді. Бұл уақытқа шейін Ресейдің мата тоқитын пабриктеріне мақта Түркістан мен Қапқаздан тасылды. Түркістанның бізге қосылған ауданында 600 мың десятинге жуақ мақта шығатын жер бар. Осы 600 мың десятина жердің биыл 50 мыңы ғана пайдаланылды.

Әгер біз өзімізден мата тоқитын пабриктер салсақ, біздің матамыз Қазақстан елін киіндіруден артылып, басқа жаққа да сатуға жетер еді. Бұл былай болса, мата тоқитын пабрик тез арада салуға қам қылу керек. Түнеукүні Қазақстанның бастық адамдары Мәскеу бар-

ғанда, ондағы кәсіп жұмысын басқаратын мекеме күні бүгін бір пабрикті берудің мүмкіндігін айтқан. Бірақ, пабрикті ішкі Ресейден Қазақстанға алып келіп орнату жолында болатын шығындардың көбін Қазақстан өз мойнына алсын деген. Жоғары айтылған сауда мекемелерінен алынатын ақша ең әуелі орталықтан пабрик әкелуге жұмсалу тиіс.

Қазақстанда кәсіп орнату жұмыстары – алдымыздағы екі-үш жылға шейін екпінді істің бірі. Бұл туралы орталықтағы баспасөзбен қабат жергілікті газеттеріміз де өз пікірлерін айтуы жөн. Әсіресе орындардағы ұсақ кәсіптің қал-жайынан біздің мағлұматымыз өте аз. Қай гүбернеде қандай кәсіп бар? Оның жұмыскерлері кім? Олардың істеп шығаратын нәрселері не? – Мұның бәрі біздің газеттерімізде тілшілер арқылы жазылып тұру керек.

Шаруашылықтың жаңа саясаты басталған кезде жалаңаш отырған халық үстін бүтіндеу үшін көзіне көрінген матаны қолға іліндірмей сатып ала бастады. Осы күні аз да болса, халықтың үсті-басы бүтінделуге айналды. Бұдан былай оңайлығына қызығып, шетінен сатып алуға тым әуес бола бермей, Қазақстанның өзінде іргелі шаруа негізін салуға кірісетін уақыт жетті. Бұрынғы заманда ескі өкімет біздің шикізатымызды кем бағамен сатып алып, өзінің пабрик-зауытында сол біздің бидайымыздан істеліп шыққан нәрселерді екі-үш есе қымбат беруші еді.

Қазіргі кеңес өкіметінің негізі бұрынғыға қымқиғаш. Бірақ негізді ауызбен айту бар, қолмен істеу бар. Бұл екеуінің арасы жер мен көктей. Ауызбен айтылған негізді іске асыру біздің өз міндетіміз. Сөйлеген сөзбен істейтін істі қатар жүргізу коммунист партиясының ең айрықша жолының бірі. Мұнсыз біз коммунистігімізді қалың елге таныта алмаймыз.

БАСПАСӨЗ ЖАЗУШЫЛАР

Газет-журнал үлкен саяси қарудың бірі екендігінде ешкімнің жанжалы жоқ. «Газет – халықтың тілшісі, газет – көптің жоқшысы, газет – тұрмыстың айнасы» деп көптен бері айтып келеміз.

Осы күні Қазақстанда оннан артық қазақ тілінде газет шығып отыр. Бұлардың ішінде өз әлінше жақсы-

лары да бар, жамандары да бар. Бірақ, газеттеріміз мойнындағы міндеттерін көңілдегідей атқарып отыр деп мақтана аламыз.

Әрине, Қазақстанның жалпы саяси ұғынымы аз ғана. Саясат жүзінде майданға түсіп, төселген жазушылар әлі көп емес. Әйтсе-дағы төңкерістің жеті жылы тұқ нәрсеге үйреткен жоқ деп айтуға болмайды.

Жалпы советтер Одағының газеттерінің өмірінде соңғы кезде жаңа дәуір туып келеді. Ол жаңа дәуірдің аты – «жұмыскер тілшілердің қозғалысы» деген. Осы күні жалпы Русияда елу мыңнан артық жұмыскер тілшілер бар. Бұл тілшілер – пабрик-зауытта қызмет істейтін жұмыскерлер. Олар өздерінің мұң-мұқтажын айтып, газетке сөз жазып тұрады. Әрбір пабрик, әрбір зауыттың тұрмысы газеттің бетінде жарияланып отыруға мүмкіндігі бар.

Елу мың жұмыскерлер тілшілерінің үстіне елде неше мың тілші орыстың қалаларында бар. Бұлардың жазатыны – қаланың тұрмысы, ауыл шаруасының жайы, мұжық арасында болып жатқан уақиғалар.

Сөйтіп, бұл тілшілер газет-журналдың көп тарауына себепкер болып отыр. Өзінің өмірінен жазған соң газет-журнал қалың елдің ішіне кіріп отыр. Мәскеуде шығатын «Правда» газеті бұдан бір жыл бұрын жүз мың данадан аз-ақ артық еді. Осы күні «Правда» жарты миллион шығады.

Біздің Қазақстанда шығатын газеттердің осы күнгі кемшілігінің ең үлкені – ауылда, ел ішінде тілшілерінің аздығы. Әсіресе «Еңбекшіл қазақ» тілшілерінің аздығынан осы күнге шейін ақсап келеді. Кемшілікті айту ұят емес, бар кемшілікті жоқ деп, одан құтылуға тырыспау ұят. Көріп тұрған нәрсеге шымылдық жаюдан біз аулақпыз. Сондықтан осы күнгі біздің алдымызда тұрған үлкен мәселенің бірі – газетке қалың елдің ішінен жазушы жинау.

Қалың елдің ішінде қаншама мұғалімдер отыр. Қаншама мектепте оқып жүрген жастар бар. Ел ішінде хат білетін, көңілі сергек, қара момын шаруаның адамдары бар, анда-санда жерлерде дәрігерлер, агрономдар бар. Міне, осының бәрі көңіл қойса, газетке сөз жаза алады.

Осы күнгі ауылдың тұрмысы қандай? Шаруашылық не күйде? Халық ағарту жұмыстары қалай? Бұл исполком, ауылнай советтер жұмысты қалай жүргізеді? Сот

мекемелері, Милитсия әм басқа осы сықылды ауылдың өмірімен қатынасы бар әңгімелердің бәріне қазақ газетінің бетінде орын берілуі тиіс. Газет халықтың тілшісі болатын болса, газет тұрмыстың айнасы болатын болса, қалың елдің ішінде отырған адамдар газетке қолын тигізу керек. Сонда ғана газет пен ауылдың арасы жуықтайды. Сонда ғана газет тұрмыстың айнасы болады.

Ал енді «газет – көптің жұмысы» дегенге келейік. Бұл мәселе туралы да бойдағы мінді жасырмай, шынды айту керек. Біздің газеттеріміздің көбінің жазатыны – әлі жан-жолда жүрген әңгімелер.

Жоқшы болғанда, кімнің жоқшысымыз? Іздейтін жоғымыз не? Бұған айқын жауап әлі еш газеттің бетінде берілген жоқ. Кейбіреулер беталдына бетіне бояу жағып еліреді. Кейбіреулер көмескі, дүмбілез әңгімені күңкілдеп жүр. Қазақтың еңбекшілеріне шын саяси тамақ болатын іргелі сөзді неше қабат естідік? Тым аз естідік.

Осы күнгі жалпы қазақ коммунистерінің алдында тұрған негізгі мәселе біздің газет-журналдарымыздың бетінде тұр. Ол негізгі мәселе қазақ жұртының ішіндегі тап тартысы, біз қазақ жұрты бұрын қорлықта, зорлықта болған ел еді дейміз. Өзінің қараңғы надандығының арқасында осал, нашарлығының арқасында әлі де көп нәрседен кейін қалып отыр дейміз. Сондықтан қазақ жұртын ең әуелі ұлт бостандығына жеткізу керек дейміз. Бұл – бір мәселе.

Екінші мәселе: қазақ жұрты қанша артта қалғанмен, қанша елден соққы жегенмен, өз ішінде де бүтін болған жоқ. Қазақтың ішінде де түрлі, түрлі қазақ бар. Біреуі бай, біреуі кедей. Бұл екеуінің тілегі де, білегі де бір емес. Екеуінің керегі екі басқа. Екеуі екі жоқты жоқтап жүр.

Бұл былай болса, біз кімнің жоқшысымыз? Біздің іздеп жүргеніміз не? Әрине, біз – қазақтың еңбекші табының жоқшысы. Іздеп жүрген жоғымыз – еңбекшінің ағаруы, еңбекшінің шаруасы, еңбекшінің өмірі.

Біз жалшы қазақ жұртын ұлт бостандығына жеткізуге тырысу керек. Бірақ, мұнымен қабат қазақтың өз ішіндегі тап тартысын да ескеру керек.

Бұл мәселе – біздің осы күнгі алдымызда тұрған көп мәселенің ішіндегі ең зоры, ең қиыны, ең түйіншектісі. Осы

түйіншекті шешу тым болмаса, соны шешуге кірісу – біздің газет-журналдың үлкен міндеті.

Ауылдың қазіргі мұң-мұқтажын жазып көру үшін бізге қалың елдің ішінен жүздеген, мыңдаған тілшілер керек.

Қазақ тарихының соңғы айтылған негізгі мәселесін шешу үшін бізге іргелі білім алған ірі коммунист жазушылар керек.

Бұлардың бәрін қосқанда тамыры мықты, денесі жуан, бұтақтары мол бәйтеректей болсын. Қандай дұспан сүйкенсе де құлата алмайтын болу керек.

ПАРТИЯ ТОБЫНА

Қазақстанның партия тобы ашылысымен айтылған сөздің алды ұлт мәселесі болды. Бұл мәселеге өлкелік партия комитетінің баяндамасында да, баяндама туралы сөйлеушілер де көп назар салды.

Қазақстанда екі үлкен ұлт – қазақ пен орыс. Қазақ пен орысты Қазақстанның қазіргі тұрмысы біріктіріп отыр. Орыс пен қазақты тарих іргелес көршілес етті. Бірақ ескі заманның өкіметтері қазақты жем қылды. Қазақты қараңғыда қалдырып, ілгері басқан аяғын кері итерді.

Кеңес өкіметінің негізгі жолының бірі – сол өткеннің зардабын жою, бұрын қыңыр-қисық болғанды енді дұрыс, түзу ету. Бұл негіз – ұлт мәселесінің түпкі тұтқасының бірі.

Қазақ елі мектеп салуға ақша сұраса, денсаулығы үшін доқтыр бер десе, шаруасы үшін жерге орналастыр десе – осының бәрі табиғи тілек. Осының бәрін партия орындауға тырысу керек. Себебі бұл шаралар іске аспаса, қазақ еңбекшісі, қазақ кедейі ілгері баса алмайды. Қазақ кедейін ілгерілету – кеңес негізін күшейту. Сондықтан қазаққа деген сөзге «сенікі-менікі» деген көзбен қарамай, оны жалпы коммунистердің міндеті деп санау керек. Қазақстан – ұлт республикасы. Ұлт республикаларының алғашқы дәуірі жалпы жобаны, жалпы қаулыларды жариялау болса, ендігі дәуірі істің, жұмыстың заманы болып келеді. Біз бұл уақытқа дейін ауызбен айтып, қаламмен жазып келгенімізді енді, бұдан былай іске асыруымыз керек.

Үстіміздегі дәуірдің өткеннен айырма жерінің бірі осы. Бұл жолды дұрыстап түсіну – барлық Қазақстан коммунистерінің міндеті. Бұл жол өмірден, тұрмыстан туып отыр. Оны көзі ашық азамат көре білу керек. Көре тұра қиястыққа салғалы жүргендер болса, ондайларға партия тобы өзінің іргелі сөзін айту керек.

ХАЛЫҚ АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан жаңа дәуірге аяқ басып келеді. Жалпы шаруашылықтың күшеюімен қабат біздің мәдени жұмыстарымыз да ілгері басуға айналды. Жоғарғы дәрежедегі мектептерде қазақ студенттерінің саны жылдан-жылға көбеюде. Бірте-бірте елдегі мектептер де басын көтеріп жатыр. Халық ағарту ісін басқаратын комиссариаттың алдында асқар таудай жұмыстар туғалы тұр.

Әрине, оқу жұмысы жалғыз оқу комиссариатының қызметімен жасалмайды. Бұл жұмыс жалпы кеңес мекемелерінің түзелуімен байлаулы, жалпы шаруашылықтың ілгері басып, күші, қаражаты молаюымен болады.

Халық ағарту комиссариатының міндетінде тұрған әзірге үш үлкен жұмыс бар. Оның бірі – мектептің үйлерін жөндеу, екіншісі – оқуға керек құралдар табу, үшінші – мектепте қай тілде оқылатындығын белгілеу.

Алғашқы мәселе – біздің қазіргі халімізде ең ауыр, ең қиын мәселеміз. Осы күні ел ішінде мектепке деген айрықша үй жоқ. Балалар жерде отырып, жерде жазады. Терезенің әйнегі жоқ, есіктің тақтайы жоқ, жағатын дұрыс пеші жоқ. Бүйтіп көрінген қазақтың шым үйін мектеп қыла берсек, біз халық ағарту жұмысында ілгері кете алмаймыз. Мектепте тәрбие берудің орнына, біз одан балалардың көбін ауру қылып шығуымыз мүмкін. Сондықтан бұл жұмыс біздің өте ескеретін мәселеміздің бірі.

Осы күні жалпы кеңестер одағының үкіметі де, Қазақстан мекемелері де бұған назарын салғалы отыр. Бірақ өне бойы өкіметке ауырлықты арта бермей, бір жағынан елдің өзі де бұл іске кірісуі керек. Әсіресе, біздің ауылда отырған мұғалімдеріміз бұл туралы қолы-

нан келген жәрдемді аямай, елге түсіндіруді өзінің адамшылық тұрмысының бірі деп санауы керек.

Екінші мәселе: оқитын құрал даярлау дедік. Осы күнге дейін біз бұл мәселе туралы анық ашық жолға түскеніміз жоқ. Бастауыш мектептің керек-жарағын бітірмей жатып, үлкен дәрежелі орындарда оқитын алгебра, тригонометрия сықылды, кітаптарды шығарғалы отырмыз. Орта дәрежелі мектептерде қандай оқу құралы керегі; оның қаншасы даяр, қаншасы жетпейді – бұл туралы біздің мағлұматымыз өте нашар.

Сонымен бұл мәселені түбінен қопарып қайта шешу керек. Ең әуелі дұрыстап жалпы нысананы қағып алып, сонан кейін қалай жүретіндігімізді белгілеу керек.

Менің ойымша қазіргі мәдени күшімізге қарағанда бүкіл мектептің (бастауыш, орта, бас мектеп) оқу құралын біз аз уақытта даяр қылып шығарамыз деу үлкен қате нәрсе. Бұл қолымыздан келмейтін құрғақ қиял. Бұл қиялды әзірге тастай тұру керек.

Біздің бүгінгі күнге қоятын жоспарымыз (планымыз) тек бастауыш мектептерге ғана оқу құралын даярлау. Бұдан әрі күш те, қаражат та жетпейді. Осыны біз бітіріп алып, әрі қарай аяңдау керек. Оған дейін күшті бөлмей бір жерге салу керек.

Үшінші біздің мәселеміз: тіл туралы. Бұл мәселе тегінде біраз таласқа түспей болмайды. Соңғы жылдардың тәжірибесі қазақ тілі кейбір мектептерде (партия, совет мектебі, қазақ институттары, әртүрлі курстар) пайдалы болмай шыққанын көрсетіп отыр. Бұлай болудың себебі: ең әуелі қазақ тілінде дұрыс оқу құралы жоқ. Қазақша оқыта білетін ірі білімді адамдар кем. Оның бер жағында өнер-білім алу үшін жалғыз ғана оқу құралы тағы да қанағаттандырмайды. Мысалы: физика туралы бір оқу құралы болса, ол физиканы зерттеп білу үшін оқушыға тағы да қосымша әдебиет керек. Жаратылыстың бар кұманын бір кітаппен ғана адам бітіре алмайды. Сондықтан қазақ балалары қазақша оқығандығының арқасында көп күнін босқа өткізеді. Не болмаса ішіндегі тәуірлері орысша учитель жалдап, шеттен білімін толтырды.

Бұл мәселе талқыға түсіп, бір пікірге қойылғанша біздің әзірге айтатынымыз мынау: қазақша тіл бастауыш мектепте ғана болсын. Онда да сабақтың кем дегенде төрттің бірі орыс тілі болсын. Орта дәрежелі, одан

ілгері мектептердің бәрінде орысша оқытылсын. Мұнсыз қазақ балалары жөнді білім ала алмайды. Орысша тілмен оқығандықтан қазақ орыс болып және кетпейді. Бұл туралы өткен тәжірибеміз үлкен өнеге, бұл мәселе де қайткенде де тезірек шешілуі тиіс.

Қазақстанда көп істермен бірге мектеп те жаңа нәрсе. Бізде өткенде де, осы күні де ұлт мектебі жоқ. Ұлт мектебі бір күнде салынбайды. Ұлт мектебін ең әуелі ауылда жасап алу керек. Ол жағынан да, оқу құралы жағынан да ауыл әбден түзелгенде ұлт мектебін ептеп жылжытып қалаға әкелу керек. Егер алда-жалда қалада осы бастан аша қалсақ, онда ол мектептер тәжірибе есебінде ғана болу керек.

Бұл туралы жапонның тәртібі – қазаққа үлкен өнеге. Жапонияда 20-ғасырға дейін университеттерде англия тілінде оқытып келді. Алғашқы заманда орта дәрежелі школдарының көбі англия тілінде еді. Жапон бірте-бірте мектебін өз ұлтының тіліне көшірді.

Сондықтан сыршы атанам деп сақалға шейін боямай, істің өнетін жағын қарастыру керек.

БИЫЛҒЫ ЖЫЛҒЫ ОҚУ МАУСЫМЫНДА

Биылғы жылғы оқу маусымы жаңа тәртіппен басталып отыр. Ол жаңа тәртіп мектепке түсетін балалардан емтихан алу. Бұл уақытқа дейін балалар мектепке емтихансыз түсіп келді.

Мектепте орын болса, келген бала түсуші еді. Оның білімі қандай, ол мектепте оқи ала ма, жоқ па? Бұған аса көп назар салынбаушы еді.

Өткен төрт-бес жылдың тәжірибесі бұл тәртіптің қолайсыздығын көрсетті, сұраусыз-тексерусіз түскен баладан жөнді іс өнбейтіндігі білінді. Біздің мектептеріміздің көбі салақтыққа айналды. Мектеп оқу білім беретін орын болудың орнына тамақ асырап, күнелтетін жер болуға бет қойды.

Сондықтан халық ағарту кемесериеті биылдан бастап жаңа түсетін балаларға емтихан ұстайтын тәртіп шығарды. Бұл жаңа тәртіп жаздан бері жарияланса да, жұрттың көбі бұрынғы әдетпен жан-жақтан ағылып, төгіліп келіп жатыр. Әрине, «неге келдің?» деп ешкімді айыптауға болмайды. Білім іздегені үшін ешкім айыпты

емес. Бірақ, барлық келген балаларға орын жетпейтіндігі де белгілі. Сондықтан, олардың таңдамасы алынады. Мысалы, Мәскеу рабфагіне жіберілген 60 баладан 18-ақ бала емтихан ұстап, мектепке түсіп отыр. Ташкентте жатқан мыңнан артық баланың қаншасы түсіп, қаншасы қаларын біз әлі білмейміз.

Қазан, Саратау, Омбы сықылды қалалардағы балалардың халі де мақтарлық емес. Бұл жағынан қарағанда Қызылордаға келген балалардың халі – өте-мөте нашар. Мұнда барлығы 968 бала келді. Бұның ішінде 902-сі Сырдария гүбірнасынан, 19 Ақтөбеден, 4-і Семейден, 9 Ақмоладан, 6 Қостанайдан, 3 Қарақалпақтан, 22 Орал-Бөкейден, 1 Адайдан, 2 Жетісудан, Сырдариядан келген 900 баланың 710-ы Қызылорда уйезінен.

Бұл цифрларға қарағанда Қызылордаға келіп жатқан балалардың көбі осы маңнан құралған. Қызылорда уйезінен келгендердің бір сыпырасы әрең-мәрең танитындар, қалғандары тіпті түк білмейді.

Неліктен бұлай болып отыр? Басқа елдің балалары келмей жатыр ма? Әрине, ондықтан емес, шет елдің балалары Қызылордаға келуге шамасы жоқ, қаражаты жоқ. Олар өзінің қолы жеткен, аяғы жеткен жеріне барды. Мүмкін Қазақстанның басқа қалаларының халі де Қызылордадай болуы.

Жыл сайын даланың балалары қалаға қарай шұбайтын себебі не? Әліпбиді танымай жатып қазақ баласы қалаға неге шабады? Бұған жауап: осы күнгі ауыл мектептерінің санының аздығы, санасының кемдігі.

Ауылда мектеп аз. Азды-көпті мектептің мұғалімдері нашар. Ауыл мектебі жарытып білім бере алмай отыр. Ауыл мектебінің мұғалімінен басқа да кемшіліктері толып жатыр. Оның әлі оқытатын үйі жөнделген жоқ. Сабақ беретін кітабы түгелденген жоқ. Ауыл мектебінде қағаз, қарандаш жоқ.

Сондықтан жергілікті ағарту мекемелері ең әуелі ауыл мектебіне назарын салу керек. Май айында болып өткен аймақтық партия комитетінің толық жиылысы «Ауыл!» деген ұранды іске асыру жолында көп қаулылар алды. Сол қаулыларды орындарға тізу керек.

Қай істе болса да шабан жүретін қазақ мекемелері ағарту ісінде де әлі шабан жүріп келеді. Аяқты тезірек басатын уақыт жетті. Ауыл мектебі жөнделмей, балалардың қалаға шұбыруын тоқтата алмаймыз.

Бастауыш мектепті қазақ баласы ауылда бітіру керек. Орта дәрежелі, жоғарғы дәрежелі мектептерге түсу үшін ғана қалаға келу жөн. Оқушы балаға да пайдалысы осы. Жас күнінде қазақ баласы қалалы жерде ауырымпаз болады. Осы күнгі кейбір қалалардағы бастауыш мектептердің тәрбиесі бұны анық көрсетіп отыр. Білім жағынан да, денсаулық жағынан да бастауыш мектептің ауылда болғаны дұрыс.

Жергілікті ағарту мекемелері бұны әбден түсіну керек.

ЖИЕНДІК ҰРЛЫҚҚА САНАЛУЫ КЕРЕК

«Ауыл тілі» газетінің 5 санында С.Кәдірбайұлы «Жиендік» туралы мақала жазған. Кәдірбайұлы жолдастың мақаласында:

«Еңбекші қазақ» газетінің жақында шыққан бір санында: «жиендік ұрлыққа жатады. Жиендікке сүйеніп келіп, нағашысының малын, болмаса затын алса, ол ұры есебінде жазаланады» деп жазып қойыпты. Мұндай ретте анығына танып дұрыс жазған жөн. Әйтпесе елдегі шаруаны да, сотты да адастырып жіберуге болады. Жиендік ұрлық есебінде жазаланады деп жазушы қаталасқан. Жиендік мәселесі туралы осы жыл заң комиссариаты мен жоғарғы сот қызметкерлерінің мәжілісінде қаралып еді. Онда жиендікті жазаландыру көрек емес деген пікірге тоқтады», – дейді.

Шамасы Кәдірбайұлының заңынша жиен нағашысынан берсе қолынан, бермесе жолынан ат, басқа бір зат алып кете берсе де құба-құп. Ондай еркелікті заң да, закон де көтере береді. Өйткені, ол – ескіден келе жатқан әдет.

Бұл туралы менің ойымша: жиендікті ұрлыққа жатады деп жазған кісі қаталасқан жоқ. Кәдірбайұлының өзі қаталасып отыр. Жиендікке сүйеніп нағашысының малын, затын барымталай бер деушілерге жол болсын?! Я апырмау, қазақта ескі әдет жалғыз жиендік пе екен? Басқа да толып жатқан әдеттер бар емес пе? Мәселен: қызға құда болу, қалың мал беру, аға өлсе жеңге мұра деп әмеңгерлік алу, қыз-бозбаланың ойнайтын әдеті болады. Бозбала бозбалалығын істеп былай қыздың қызығын жояды. Ескіден келе жатқан әдетке заңның

мырзалығы болса осындай әдет-ғұрыптардың еркелігін неге көтермейді екен? Ғұрыпқа тию болмаса бұларды неге сотқа тартпайды.

Болмаса жиеннің ұрлығы туралы пәлендей құлағына ен салған статья жоқ екен. Олай болған күнде қылмыс заңының 10-статьясы бойынша жақын тұрған бір статьясы болуға керек. Сондықтан 180-статьяны жиендік ұрлығына неге құрық етіп салмаймыз.

Қазақтың келіні түссе жалғыз киіп келген ішігін бір жиені келіп, ұзататын қарындасым бар, соған керек деп сұрайды. 105-статья бойынша келіншектің ішігіне күйеуі де, басқа ата-анасы да ие бола алмайды. Қазақтың әдеті бойынша келіншек күйеудің табалдырығын аттап кірген соң, сол үйдің біреуі болып есептеледі де, күйеуге жиен болған адам келіншекке де жиен болады. Олай болған күнде келіншектің нәрсесін зорлап жиені алып кеткенде де 105-статьяны қолданбау керек қой. Және бір шатақ: жиеннің нағашысынан еріксіз алып кеткен нәрсесі қылмысқа есептелмейді екен.

Қойшығұлдың бір-екі қарасының біреуін 300–400 шақырым жердегі бір жиені алып кетті. Қ.З. 25-статьяның айтуынша жиеннің тұрған жеріндегі сот орны тексеруі керек екен. Мінетін көлігі жоқ кедей 300–400 шақырым жерге қалай барады. Оған барам деп жүргенде бүкіл шаруасынан қалмай ма? Жаңа бас салып келе жатқан десятина егісін тышқан жеп кетпей ме? Бұған қалай қарайды.

Жиендік ұрлыққа жатпайды деген Кәдірбайұлы жолдастың мақаласын көрген соң елдегі жиен біткеннің көңілі желденуінде сөз жоқ. Бір үй төрт қыз ұзатып, төртеуінен төрт жиен туса, төртеуі бірдей жиендік қылса, бай болмаса кедей кісіге одан сорды қайдан іздеп табамыз. Шынында да қазақтың байы жиендікке сөз де қылмайды. Менімше, жиендік мәселесіне кедейлер жағынан өте көз салу керек. Сондықтан осындай біреуінебірі қайшы келіп жатқан қазақ әдеттері туралы өлкелік заң кемесерті толық түсініс берсе екен. Жиендік ұрлығы туралы да заң шығарса екен. Әйтпесе, жиен талай нағашыларын сорлататын шығар. Жиендер заңнан сескенеді, егерде жиенге ерік деген заң шықса елдегі тілшілердің қаламы көбіне жиендікпен алысуына мен кепіл.

ОҚУ ІСІНІҢ КЕМШІЛІКТЕРІ. ОЛАРҒА ҚАРСЫ ШАРАЛАР

Қазақ жастары салынған мектеп жетпей, мекеменің есігін дүбірлетіп отыр. «Оқыт мені, оқытпасаң мен ырза емен» деп отыр қазақ жастары. Көп айқайдың ішінде ең керекті айқай осы жастардікі. Жастардың бұл дауысын тыңдау керек.

Тыңдап қана қоя салмай, істелетін жұмысты қарастыру керек.

Осы күні қазақ ішінде 1107 бастауыш мектеп бар екен. Бұларда 50 000 бала тәрбиеленеді. Соншама балалардың оқуы қандай, тұрмысы қандай? Бұл балалардың нешеуі биыл бітіріп шығады? Нешеуі қандай школдарға түсе алады? Біздің неше жеткіншегіміз бар?

Бұл сұрауларға жауап беру өте қиын.

Сырдария губернесінен бір тілші жазады: «Мектепке деп балалар жиналғанға үш айдан асты. Бірақ мұғаліміміз әлі жолаушы кеткеннен келген жоқ. Біреулердің айтуына қарағанда Ташкент жақта сауда қылып жүрсе керек. Саудагерлігін мұғаліміміз қашан қояды?»

Орал жағынан біреу былай жазады: «Мектептің ашылды деген аты болмаса оқытқанын әлі көргеніміз жоқ. Мұғалім жиналған балаларды иіріп-иіріп, өзі малына шөп салуға шығады. Кейде балаларды жұмсап қояды. Осындай мұғалім бола ма екен?»

Ақмоладан біреу былай дейді: «Мектепке деп қаладан әкелген тақтаймен мұғалім өз үйінің төбесін жауып алды. Мектеп суық».

Біз әдейі қайдағы ұшқары мысалды алып отырмыз. Бұл мысалдарға қарағанда біздің ауылдағы мектебіміз бапты емес.

Мектепті түзейтін мұғалім. Мұғалім мектептің ұстасы. Мектепті бұзатын да мұғалім. Балық басынан шіриді. Мұғалім жолдан таймай, мектеп бұзылмайды. Мұғалім деген қадірлі ат. Мұғалім қадірлі болғанда ғана мектеп көркейеді. Жұрт мұғалімді танымаса, оны сыйламаса, мектеп те жөнделмейді. Мұғалім шын мұғалімдік еңбегімен жұртқа жаға алады.

Сондықтан саудагер мұғалім, шаруа мұғалім – мұғалім емес. Бұндайлар жұртты да алдайды, үкіметті

де алдайды. Осындайлардың қырсығынан қанша қазақтың жастары оқусыз қалып отыр. Мұндайлар ілгері басқан аяқты шегеретін жолға біткен томарлар. Мұндай өтірік мұғалімшілікпен күресу керек. Әсіресе, жергілікті оқу мекемелері бұл іске өте-мөте назар салатын уақыт жетті.

Әскер қызметінде соғыстан қашқан адамдарды «дезертир» дейді. Дезертирдің жазасы атылу, асылу. Оқу майданынан мойын тартқан қашқындар туралы белгілі бір шара қолдану керек.

Ең әуелі «мұғалімдерді» бір ауданның я бір уйездің мұғалімдерінің өздері бір тергеп алатын болсын. Жыл сайын мұғалімдердің уездік, аудандық жиылысында бұдан былай әрбір мұғалімнің қыстайғы істеген ісі туралы баяндама тыңдалатын болсын. Манағыдай саудасаттық қылатындарды, шаруа-маруамен шұғылданатындарды осындай жиылыста аластап шығаратын қылу керек. Содан кейін мұндайлардың аты газет арқылы қара тақтаға жазылып, жалпы жұртқа әлем болуы керек.

Ел ішіне шығатын оқу инспекторларының да қарастыратын ісі: мұғалімнің қызметі туралы болу керек. Елге шығатын инспекторлар мұғалімнің күн сайын оқыған сабағымен танысып, әрбір мектеп туралы өзінің қорытындысын алып келетін болсын. Инспектордың әкелген материалы бойынша тиісті мекемелер жалқау мұғалімді жауапқа тартып отырсын.

Жергілікті қазақ қызметкерлерінің көпке белгілі болған жаман мінезінің бірі: олардың әкімшілік орындарына тезірек ұмтылатындығы. «Милицияға бастық» боласың ба, мұғалім боласың ба?» – десе, жұрттың көбі алдымен милицияны таңдайды.

Уйез, одан асты губерне де осы түрде. «Оқу бөлімін басқарасың ба, жоқ, мына жерде істейсің бе?» десе, жұрттың көбі тағы да оқу ісінен тезірек безеді. Сондықтан жергілікті оқу мекемелерінде екінші, үшінші қатардың адамдары отыр. Бас жігіттер, беделі бар, аты бар, атағы бар азаматтар оқу мекемесін жөнді менсінбейді. Сондықтан бұл мекеменің маңайына ылғи жуастар жиналған.

Ежелден жуастың еншісі артта қалу, сыртқа қалу, жуастың сөзі өтімсіз: өтімді сөз айтарлық болса ол жуас та болмас еді.

Жуастың сөзін жоғарғы жақта жөнді тыңдамаса, кейінгі жақта оның сөзі одан әрі тыңдаусыз.

Жергілікті оқу мекемелерінің жуастығынан мұғалімдердің көбі өз бетімен жайылып кетіп отыр. Мұғалімдерді дұрыстап іске жегу үшін оқу мекемелері дұрысталуы керек.

Үстіміздегі дәуір – мәдениет дәуірі. Жалпы кеңестер одағы осы күні жұмыла мәдениеттік жұмысқа кірісіп жатыр. Орыстың қаласында салынып жатқан мектептердің саны жоқ десе болады. Орыстың мұғалімдері былтырдан бері өте-мөте қызу іске кірісіп жатыр. Бізге келсек, біз әлі серпілгеніміз жоқ.

Біздің жергілікті азаматтарымыздың көбі әкімшіліктің соңында әлі далақтап шауып жүр. Нағыз үлкен істі, нағыз керек істі дұрыстап қолға алған адам аз.

Ойланатын үлкен істің бірі біздің қаладағы мектептеріміз де әлі дұрысталып бір ізге салынған жоқ. Осы күнгі толып жатқан техникумдар, институттар әлі өзінің иесін күтіп отыр.

Осы күнгі Қазақстан техникумдарында қазақ балалары өте аз. Былтырғы жылғы санақ бойынша барлық кәсіпшілер мектептерінде қазақ баласы бір жарым-ақ процент болатын. Бұл цифр биыл да жөнді өзгерген жоқ.

Неліктен қазақ балалары техникумдарға аз түседі?

Бұған екі түрлі себеп бар: бірі – техникумдардың басында отырған адамдардың әлі жақсылап ұлт мәселесін түсіне алмағандығы, екіншісі – қазақ жігіттерінің білімдерінің кемдігі.

Алғашқы кедергіні жою – жергілікті, орталық ағарту бөлімдерінің міндеті. Бұдан былай қазақ баласын сыртқа қақпайлайтынды тию керек. Бұл жұмыс бір айдың, бір жылдың мәселесі емес. Бұған көбірек еңбек, көбірек жігер салыну керек. Жалпы беталыс өзгеру керек. Қазақ бір мектепке түссе, оны біреу аяғандықтан емес, оның солай болу хұқығы, еншісі. Мұны жалпы ағарту мекемелері ұғынуға тиіс.

Қазақ жігіттерінің орта дәрежелі мектепке түсе алмай жүрген себебінің екіншісі: олардың білімдерінің аздығы дедік.

Бұл мәселенің тамыры осы күнгі қазақ мектептерінің оқыту тәртібіне тіреледі. Біз осы күні

едәуір мектептерде қазақ тілінде оқытатын болдық. Қазақ тілінде кітаптың көбі жоқ.

Сондықтан сабаққа лекция ретінде ауызбен айтуға тура келеді. Ауыз айтқан сабақ оқушының ойына түгелімен сіңбейді. Оның бір жағында жақсылап білім алу үшін жалғыз оқу құралдарына сенуге болмайды. Оқу құралы әрбір білімге жол ашқыш қана. Оқу құралынан алған білімді тереңдететін сол білім туралы жазылған жай кітаптар.

Мұндай жай кітаптар бізде әлі атымен жоқ десе де болады. Сонымен, әрі жөнді оқу құралы жоқ, әрі білімді толтырып, тереңдететін жай кітаптар жоқ.

Үйрететін жөнді білім болмаған соң, жұрт жалқаулыққа салынады.

Қазақ балалары ірі мектепте оқысын десек, қазақ балалары техникумдарға түссін десек, олардың оқуын тәртіпке салу керек. Жай біліміне келсек, қазақ баласы орыстан зейінсіз емес. Оларды осы күнгі халге келтіріп отырған мектептің күйі.

Қазақ мектебінің тіл мәселесімен басқа жағы да өте нашар. Қазақ мектептерінде еңбекті қадірлей білмейді. Дүниенің көбі «қазақша» баяғы салақтық. Мектептің ішінде де, тысында да тәртіп аз. Балалар қайда болса, сонда кетеді. Бұл сықылды жалпы тәртіпсіздіктен туған біздің бір ауруымыз қазақ шәкірттерінің сұрамсақтығы: мекеме біткеннің табалдырығын тоздырып қайыр тілеп жүрген қазақ балаларын көресің, орыс баласы бізден анағұрлым бекзат.

Тіленіп, сұранып жүрген жігіттердің жүзден 19-ы ғана шын мұқтаждар. Өзгелері тоңып емес, тойып секіріп жүр. Бұл әдет – жаман әдет. Залалды әдет. Сұрамсақтық көбейсе, қырсығы шын мұқтаждарға тиеді. Мұқтаж емес сұрамсақтың атына түгі жоқ бейшаралар күйеді.

Сондықтан қайткенде де сұрамсақтықты тоқтату керек.

Мектептің ішінде кем-кетігі болса жалпы школ туралы әңгіме болатын болсын. Әркім өлмей күнін көру, қолы жеткеннің, тілі жеткеннің аузына ас салуды қою керек.

Осы күні біз ел ешіндегі атқамінерлермен күрескелі отырмыз. «Атқамінер» мектепте де бар. Мектептің «атқамінері» өзгеше.

Еті тірі активист комсомол ең әуелі сабағын оқиды. Басқаларды да солай үгіттейді. Одан кейін активист комсомолдың ісі жалпы шәкірттер арасында мәдени, әдеби, саяси жұмыстар. Активист комсомол қаражат іздесе, жалғыз өзі үшін ғана емес, барлық жолдастары, серіктері үшін. Мұндай еті тірі жігіттер біздің болашағымыз. Күн санап туып келе жатқан жаңа жұртшылықтың ұйтқысы осылар.

«Атқамінер» бұл айтылған түрдің адамы емес, «атқамінер» ә дегеннен ақыра келеді: «мен кедей, мен сорлы, мен комсомол, мен жалшы... бересің маған, әкел маған... мен... маған», өзгеде жұмысы жоқ, «мен... маған...», көбінесе мұндай «мен, мағандар» сабағын да жаман оқиды. Бір класта екі-үш жыл отыратын да осылар.

Бұл сықылды «атқамінерлермен» жаңа жұртшылық күресу керек. Ең әуелі бұл жұмысты мойнына алатын оқушы жастардың өзі.

Бұл кемшілікті жоятын ең үлкен шара – еңбек. Оқытатын мұғалімнен бастап, оқитын шәкірттерге шейін өмірін-уақытын қадірлейтін болсын. Орынсыз қыдыру, өз жұмысымен шұғылдану, селқостық мұғалімге қандай залалды болса, шәкірттерге одан әрі залалды.

Қалың ел бізден алақанын жайып іс күтіп отыр. Оқып жүрген шәкірттер, оқытып жүрген мұғалімдер, оқу ісін басқарған мекемелер серпіліп, ілгері қарай аяқ басатын уақыт жетті.

ЖАЛА

Баяғыдан партия жолынан адасқан жікшілдерді «тәубесіне» түсіру ниетімен, бұрын өзі де жікшіл, осы күні «судан таза, сүттен ақ» Ғаббас жолдас қаламын мініп, сапар шекті.

Ең әуелі бас мақала «Қызыл Қазақстанға» түсті. Мақала – нағыз мақала, Төрт түлігі сай. Жайшылықта бір мұртынан қарап тұратын «Айтыс ретінде» де жоқ. Әншейіндегі көмескі, көлеңке сөздер де жоқ. Бәрінің де аты аталған. Бұрынғы «бірен-саран», «кейбіреулердің» орнына – Сұлтанбек, Жалау, Смағұлдардың өздері тұр. Жайшылықтағыдай емес, Сұлтанбек, Смағұлдардың қателері де тәртіптелген.

Бірінші, екінші, үшінші, төртінші... тағы, тағы...» әрі қарай.

«Жақсыны көрсетпек» үшін» дегендей, Ғаббас «Қызыл Қазақстанды» місе тұтпай, мақаласын «Еңбекші қазаққа» әкеп жариялады. «Еңбекші қазақ» басқармасы атынан «бірсыпыра қателерін түзетіп басып отырмыз» деген. Бірақ мен «Еңбекші қазақта» бұл мақаланың түзетілген жерін көре алмадым. Амал бар ма, барына ырза боламыз да!

Ғаббастың байқауынша, әңгіменің бәрі «пыш-пыштан» басталады. Үшінші пленумда біздің айтқан сөзіміз де бұлай қалады, пленумнан кейін істеп жүрген жұмыс та ауызға алынбайды. Одан бергі айтылған сөздер, жазылған мақалаларда да Ғаббастың жұмысы жоқ. Ғаббастың бар қолынан келгені: пыш-пыш естиді. Ол пыш-пыштарға қарағанда, «жік» әлі жойылмаған көрінеді. Жікшілдер әлі пленумның қаулысын өзінше жорамалдайтын көрінеді, Бұлар әлі партия жолына түспеген көрінеді.

Бұндай пыш-пыштарға Ғаббас шімірікпестен нана салады. Себебі: жікшілдік сыры оған мәлім. Неге десең: өзі бір кезде жікшіл болған. Өткен замандағы жікшілдердің бәріне ортақ айрықша бір мінезі: олар ашып айтпайтын, өтірікті шындай, ақсақты тыңдай қылып өтірік сөздер тарататын. Біреуді біреуге шағыстырып, араз қылатын. Қысқасы пікір таласынан гөрі бас таласы басым болатын.

Сөйтіп, біздің үшінші пленумның қаулысына «қарсылығымызды» дәлелдеу үшін «пыш-пыш» әңгімелер Ғаббастың керегіне әбден жарайды. Бірақ өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам, біздің саяси қателерімізге келген кезде «пыш-пыш» іске аспай қалады. Қарап отырсаң, біз баяғы жікшілдер сияқты еншәрсені жасырмайтын көрінеміз. Көп мәселелер туралы ашылып-ақ айтатын сықылдымыз...

Екінің бірі: не біздің басқа мәселелер туралы пікіріміз бар болса, «жік» туралы да пікіріміз бар, айтатын сөзіміз бар. Олай болса, «пыш-пышты» тастау керек. Не бізде шындық та жоқ, пікір де жоқ. Өтірік-өсек, қате бар. Бұлай болса, бізбен сөйлесудің, күресудің қажеттігі жоқ. Біз өзімізден өзіміз тозып кетуіміз мүмкін. Ғаббас айтқандай осы күні қазақ коммунистері кімнің қандай екенін, жақсы-жаманды, пайда-зиянды айыратындай болды.

Біздіңше, гәп «пыш-пышта» емес, гәп шын сөзге сену, сенбеушілікте.

Үшінші пленумға шейін жұрттың бәрі жікшіл болды. Көпшіліктің де, азшылықтың да жікті тастадық деген сөзін Қазақстан жұртшылығы үшінші пленумынан кейін естіді. Ендігі әңгіме «пыш-пыш» өсекте емес, үшінші пленумның қаулысын кім қалай іске асырып жүр – міне сонда. Не іс жүзінде, не газет-журнал бетінде Смағұлдардың жікшілдігін Ғаббас қайдан көрді екен? Көрсе, айтсын. Әйтпесе «пыш-пышты» дәлел қылуын қойсын.

Үшінші пленумнан кейін Қазақстанның барлық губернелерінде партия конференциялары болып өтті. Қай жерде, қай мәселеде Смағұл жігінің адамдары бөгет істеді екен? Губернелік конференция уақытында мен білетінде жалғыз-ақ Ақмолада азырақ шатақ болды. Орынбайұлдарын байшы деп біраз жігіттер Қызылжарда әрекет істеді. Бұлар кімнің адамы екен, оны Ғаббас біле ме екен?

Қазақстанда болған жікшілдіктің түпкі негізі – ұйыстыру, көбінесе қызметке адам белгілеу мәселелерінде – бөлек топтанып, партиядан тысқары ақыл қосу болатын. Партия комитетінде комитетке белгілі пікірмен баратын. Жікшілдер адамның дұрыс-бұрыстығына қарамай, оның кімнің кісісі екендігін көбірек зерттейтін. Менікі-сенікіне бөлінетін жұрт. «Менікі» болғанның ағы да ақ, қарасы да ақ. «Сенікі» болғанның қарасы да қара, ағы да қара дейтұғын.

Қазақстанның бастық коммунистері (олармен қабат біздер де) жікті тастағанда, өткендегі жікшілдік заманды ақтап отырған жоқ. Біреуден қорқып жікшілдікті тастағанымыз жоқ. Жікшілдік партия жолына қарсы, жікшілдікпен отырып, ілгері баса алмаймыз деп жікшілдікті тастап отырмыз. Алты жылдың тәжірибесі, алты жылдай жинаған саяси бұйымның арқасында жікшілдіктен құтыламыз деп отырмыз. Үшінші пленумда да, одан кейін де біздің айтып жүрген сөздеріміз осы.

Қиястыққа салса, бұған Ғаббас былай деуі мүмкін. «Сендердің сөздерің шын емес, сендер бұрынғы жікшілдіктеріңе тартып, өтірік айтасыңдар».

«Ауру қалса да, әдет қалмайдыға» салсақ, ескі әдет барлығымызға бірдей ортақ мұра ғой. Өткендегі өңкей

жікшілдердің жартысына сеніп, жартысына сенбейтін Ғаббастың қандай хақысы бар? Өткенде жікшіл болған өзіне не деп сенеді Ғаббас? Жікшілдіктен құтылып, Ғаббас партия жолына түсе алса, басқалар неге түсе алмайды? Бәлки, Ғаббастардың бізден гөрі айрықша бір артықшылығы бар шығар, Баяғы бәріміз жікшіл болып жүргенде бұлар сол жіктің ішінде бізден гөрі партияға жуықтау адам шығар.

Бұлай дер едік: өткенін жақсылап отырған Ғаббас жоқ. Қайта олар өткендегі кінасын, қатесін мойнына алғандықты өзгеше бір өзінің сипаты қылып көрсетіп отыр.

Өткендегі жікшілдіктің кінасын да, қатесін де мойынға аламыз. Бұны талай айттық. Тағы да айтамыз. Бірақ бұл үшін ешкімнен мақтау қағаз сұрамаймыз. Ғаббасқа да ондай «ерлігі» үшін мақтау қағаз бере алмаймыз.

Сонымен, жікшілдікті қуып жүрген Смағұлдар жоқ. Смағұлдарға да көпшілікпен қатар үшінші пленумның қаулысы міндетті. Оны бұрмалап, жұлмалап жүрген де кісі жоқ. Жікшілдікті тастадық дегеніміз – деген. Демеді деп мұны ешкім айта алмайды. Бұған сенсеңдер құба-құп дейміз. Сенгілерің келмесе, өздерің біліңдер. Бірақ соларыңды ашық айтыңдар. Ашық айтпай, жоқ десеңдер, ондайды жала дейміз. Қазақ коммунистері біріне-бірі жала жауып көсегесі көгеретін болса, бетіңізден жарылғасын, жолдас Ғаббас.

Ғаббастың біз туралы «пыш-пыштан» басқа да білетіні бар көрінеді. Бірінші, Ғаббастың білетіні: біздің «байшылдығымыз». Мені айтады екен: «Ауылдағы үстем болып келген байлар, әлі де үстем бола берсін» деп. Бұл сөзімен Ғаббас не мені, не оқушысын ақымақ қылғысы келеді. Мен коммунист болады екем, өзім өлкелік партия комитетінің мүшесі болып отырады екем, сөйтіп отырып: «байға тимендер, қазақ аулы осы күнгі бойымен тұра берсін» дейді екем. Мұндай тұрпайы сөз миға сиюға мүмкін емес қой. Бұлай әуре болғанша, тұп-тура партиядан шығару керек.

Айтты-айтпады, коммунист партиясының негізі не?

– Негізі – тап күресі. Езілген тап, еңбекші тап күресіп отырып, жұлқысып отырып дегеніне жетпек.

Еңбекші тап дегеніне жеткен күні жер жүзінде тап күресі де бітеді. Тап күресі біткен күні партия да жұмысын доғарады.

Осы күні тап күресіне қарсылар өзінен-өзі зорлықшыл, еңбексіз жатыпішер таптың сойылын соғады. Қазіргі заманда тап күресіне қарсы болу үстем болған капиталшылар, байлар білгенін қыла берсін деген сөз болып шығады. Тап күресіне қарсы тұру коммунистің, Ғаббас айтқандай, қатесі емес, оның өлімі. Тап күресі жоқ жерде коммунист партиясы да жоқ. Сондықтан екінші пленумда да, одан кейін де Смағұл тап күресіне қарсы шыққан жоқ. Және шығуға тиісті де емес еді.

Біздің ішімізде мынадай пікір бар: «Қазақ аулы Октябрьдің дүмпуін көрген жоқ. Ауыл әлі баяғы қалпында. Қазақ ауылы 17-ші жылы орыс қаласында болған талан-таражды көрген жоқ. Сол себепті қазақ даласын кішкене Октябрьмен сипап өту керек. Біздің кім екендігімізді байлар танысын».

Міне, мен бұл сықылды пікірге қарсымын. Меніңше, алай-түлей жасамай-ақ қазақ аулында тап жұмысын жүргізуге болады. Қолына әкімшілдікті алғанша коммунист партиясы мемлекетті бұзуға тырысса, қолына билік тигеннен кейін мемлекетті дұрыстауға тырысады. Біз қазақтың шаруасын бүлдіріп, саясат істей алмаймыз.

Жалпы мемлекет байлығын молайту, шаруаны жөндеу – біздің түпкі мақсатымыз. Еңбекші таптың пайдасы да осы мақсаттың іске асуына байлаулы. Ауылдағы тап жұмысына жататын нәрселер: кедейді салықтан қорғау, кедейге, орта шаруаларға тиісті жерін әперу, ауылда кооператив жасау. Кедейдің баласын оқытып, оған білім беру. Кедейді осы күні салынып жатқан фабрик-зауыттарға, шойын жолдарға көбірек орналастырып, одан болашақта пролетариат жасау. Кедейден өндіріс қызметкерін туғызу.

Осының бәрі тап жұмысы. Бұл іске үкімет жәрдемімен қабат ел күші де жегілуі керек. Бір жерде мектеп салуға қазынамыз қаражаты жетпей жатса, қалғанын сол жердің байынан неге алмаймыз? Бір жерде кооперативтің пұлы кем болса, оған байдың ақшасын неге салмаймыз? Бұл сықылды жұмыстарды айқайсыз, талан-таражсыз істеуге болмай ма?

– Әрине, болады.

Олай болса, айқайға қарсы кісіні тап күресіне қарсы деп неге кіналаймыз, айқайға қарсы кісіні ауылда байдың үстемдігі бола берсін деп айтты деп неге мінейміз? Қай уақытта Смағұл кедейден салық алынбауға қарсы бопты? Қай арада Смағұл мектеп салуға байдан ақша алмаңдар депті? Қай заманда Смағұл кооперативке қарсы бопты?

Бұл уақытқа шейінгі істелген іске, сайланған сөзге сенсе, Ғаббас бізді байшыл деп кіналай алмаса керек. Ал егер сенбесе – сенгісі келмесе, онда баяғы айтқан жала болмақ, «Қырық мысалдағы» қасқыр мен қозының кебі болмақ.

Ғаббастың екінші жаласы: мекемені қазақыландыру мәселесі туралы. Бұл мәселе жайынан Ғаббас көп сөйледі. Сөйлегенде бүй дейді: Мекемені бұқара жұртқа жақындату үшін оның тілін қазақша ету керек. Смағұл, Жалаулар мұны ескермей, не де болса аты қазақ отырсын деп айтатын сықылды. Біз туралы бұлай деу, әрине, шып-шылғи өтірік. Қазақыландыру жұмысында басқа қателер болса да, дәл тіл туралы бізді кіналауға орын жоқ шығар. Бұлай деу ұят!

Ғаббас айтады: «Анау-мынау емес, басты-басты қазақ коммунистері (уйез, губерне, өлкеде) әлі күнге шейін қазақша надандығын жоюын, қазақпен орысшалап отырудың ұят екенін ұғып жетпеген көрінеді».

Ғаббастың бұл сөздерінің бәрі рас. Бірақ олар үшін біз жауапкер емес қой. Аузы-мұрны қисаймай біздің өзімізді қазақша надан деп Ғаббас айта алмаса керек. Уйезде, губернеде, өлкеде басты-басты коммунистер қазақша надан екен деп қазақыландыру жұмысын тоқтатып қоя аламыз ба?

– Әрине, қоя алмаймыз.

Надандық өз алдына, қазақыландыру өз алдына, надандықты жою керек, қазақыландыруды ілгері бастыру керек. Қазақыландыру жұмысы туралы біздің бір кінамыз – процент көрінеді. Қазақстанда қанша процент қазақ болса, мекемелерде де сонша процент қазақ болсын дейтін сықылдымыз. Процент туралы бір кезде сөйлеген Жалау, бірақ ол үшінші пленумның процент дұрыс емес деген қаулысына мойынсұнып отыр. Үшінші пленумнан кейін, партия белгілі қаулы шығарғаннан кейін Жалау процентті әңгіме қылған жоқ.

Айналып келгенде процент әңгімесі қазақыландыру жұмысында негізгі мәселе емес. Бұл тек әшейін сөзге сыйғызып айтқан мысал, дәлел. Қазақстанның кейбір уйездерінде тоқсан процент қазақ бар. Мекемесіне келсек, көбі қазақ емес. Қазақпенен мекеме орысшалап сөйлеседі. Міне, осындай уйездерді мысалға алып, қазақыландыру жұмысының шабандығын айтсаң, сен процентпен қолданайын деген екенсің дейді. Процент бізге негіз емес, бірақ процентті ұмытып кетуге де болмайды. Тоқсан процент қазақ уйездерінде мекемені орысшалатып қою қай негізге де жөн бола қояр ма екен?

Ғаббас бір жерінде былай дейді. «Смағұл, Жалаулардың екінші бір шарты – қазақыландыру партия комитетінен басталсын, бақылау комиссиялары, партия комитеттерінің бастықтары қазақ болсын дейді. Бұл екі шарттың екеуі де (біреуі – процент. С.) жоғарғы партия қолдап отырған мекемелердің ісі, тілі қазақылансын деген жолына қайшы жол».

Міне, қызық! Неге қайшы жол? Қазақ коммунисі партия комитетін неге басқара алмайды? Олай болса, алты жылдың ішінде өстік-өндік, жақсы-жаманды, пайда-зиянды – бәрін де білдік қайда? Я болмаса бар өнеріміз «жікшілдерді» боқтау дәрежесінен әлі асқан жоқ па?

Біздіңше, қазақ коммунисі партия комитетін де, бақылау комиссиясын да басқаруға жарай алады. Партияның жолы, негізі бұған қарсы емес. Мекеменің ісі, тілі қазақылансын деген жолға да бұл қарсы емес. Қазақ болса, мекеме ісі, тілі қазақыланбай қалып, қазақ емес болса жақсылап қазақыланады деген сұмдықты қайдан шығарып жүрсіңдер.

Бірақ үшінші пленум қазақыландыру мәселесіне партияны басқару әңгімесін қатыстырмау керек деді. Басқа партия салды, біз көндік. Пленумнан кейін бұл әңгімені бәріміз де тоқтаттық. Жалғыз-ақ айтып кететін сөз: шаш аламын деп, бас алып қоюға жарамайды. Партияны басқару әңгімесін қазақыландыру мәселесіне қоспаймыз деп отырып, негізінде партияны қазақ басқарушылыққа қарсы болып қалмау керек.

Ғаббастың бізге қоятын үшінші кінасы: орыс-қазақ коммунистерінің бірлігі, ынтымағы туралы. Біз Қазақ-

стандағы орыс коммунистерінің 90 проценті отаршыл деппіз. Бұл, әрине, өтірік сөз. Әңгіме орыс коммунистерінің 90 проценті, 9 проценті отаршыл деуде емес. Бұл – қысыр әңгіме. Мұны білгеннен ешкімге келер пайда да, зиян да жоқ. Мәселенің түбірі – аз болсын, көп болсын, орыс коммунистерінің ішінде отаршылдар бар ма, жоқ па, – міне, сонда.

Жоқ деп ешкім айтпайды. Ғаббастың өзі де айтпайды. Отаршылдар бар. Бар болса, олармен күресу керек. Бұл біздің коммунистік борышымыз. Отаршылдармен күресуді бастаған Смағұл емес. Партия. Партияның мүшесі болып отырып, мен өзгелерден гөрі бұл мәселе туралы қаттырақ айтсам, қызулау болсам, ол «күнамды» мойныма алам. Қырық жерден отаршылдар лағнет оқыса да шыдадық, көндік.

Әрине, отаршымен қабат біз қазақ коммунистерінің арасындағы ұлтшылдармен де күресуге тиістіміз. Ұлтшылдар да жоқ емес, бар. Бірақ ұлтшылдықты туғызатын, көбінесе, отаршыл. Ұлт мәселесі қаралған партияның соңғы съезі 12-ші съезд. 12-съездің қаулысы да осылай: Партияның ішіндегі отаршылдармен де, ұлтшылдармен де күресу керек. Бірақ бұл әңгімені қазақ, орыс коммунистерінің бірлігін жойғалы жүр деп түсіндіру – не қиястық, не жала жапқыштың ісі.

Осы күні басында миы бар коммунист: кел, орыс-қазақ болып төбелесейік дер ме? Мұндай төбелестен кімге пайда? Не мақсатпен, неге сеніп біз ондай төбелесті көтермекпіз? Қазақ пен орыстың қанына жеріген қандай коммунист екен?

Әрине, ешкім жоқ. Біз осы күнгі қазақ пен орыстың арасындағы көңілсіздіктерге қуанып қарап отырғанымыз жоқ, қан жұтып, қайғымен қарап отырмыз. Алды-арты бірдей қараңғы кешегі өткен ескі заманның қалдырып кеткен мұрасы деп отырмыз, Ескі үкіметтің саясатына қазақ жұрты қандай кінасыз болса, орыс еңбекшілері де сондай кінасыз. Ендігі міндет сол ескінің зардабын жою. Теңдік, бірдейлік негізіне құрылған Қазақстан ұлттарының жаңа тұрмысын жасау. Білгісі келген кісіге біздің пікір осы. Ғаббастың бұл туралы Парижге шейін сөз байлап, бұрмалағанына, тіпті, көнбеймін.

Біздің төртінші кінамыз – қазақ коммунистері тура-

лы көрінеді. Мен бұл жерде Сұлтанбек үшін жазаға кіріптар болып отырмын. Ол «антұрған» 25-жылдың басында Ғаббасқа былай депті-ау: «қазақта коммунист бар ма? Қазақ коммунистерін бір шыбықпен айдау керек». Бұл сөзді естіп алып, жақсы коммунист Ғаббас екі жарым жылдай қалтасына салып жүреді. Күндердің күнінде 27-жылдың февраль айында бұл сөз Ғаббастың есіне қайта түседі. Реті келіп қалған соң, әрине, Ғаббас оны іске жаратады.

Мен Сұлтанбектен қазақ коммунистерін бір шыбықпен айдау керек деген сөзді бұдан 2 жыл бұрын да, одан соң да естігенім жоқ. Бұл – бір жауабым.

Екінші. Ғаббас айтады: «Смағұлша коммунист жолы – Ленин жолымен қазақты басқаруға болмайды».

Бұл, әрине, өсек сөз. Ленин туралы мен газет-журналда талай мақала жаздым. «Жастармен әңгіме» деген 25-жылы шыққан кітапшамда Ленин туралы екі бабы бар. Осылардың ішінен мен Ленин жолымен қазақты басқаруға болмайды деген сөзді маған Ғаббас тауып бере ала ма?

Бере алмайды,

Тегінде қазақ коммунистеріне бізді шағыстырғаннан түсетін пайда аз-ау деймін. Ғаббастың өзі айтқандай, қазақ коммунистерін қазір алдай алмайсың. Кімнің қалай екенін ол өзі де біледі. Олай болса, арып-шаршаудың да орны жоқ. Жұртты бізге шағыстырып тапқан малда береке аз болуға тиісті. Біреудің «жаман» болғандығынан, екінші біреудің «жақсылығы» табыла ма? Жақсы болатын кісі екіншінің «жамандығына» сүйенбей-ақ өз өнерінің арқасында неге жақсы ат алмайды? Біреу өлмей, екіншіге күн жоқ деген баяғы ескі қазақшылық емес пе еді? Мұны жаңа саясаттың мәнісін білетін Ғаббас ұғыну керек қой!

Ұлтшыл оқығандар туралы да біз партиядан тысқары жақтан көрінеміз. Көбінесе соларға жағынатын сықылдымыз. Қазақ жұртшылығының алдында абыройды ұлтшыл оқығандар арқылы алғымыз келетін сықылды. Әрине, Ғаббасша бұл біздің бейшаралығымызға жатады.

Ай, жігіттер-ай! Дәлел табудың орнына боқтауларыңды қойсаңдар екен! Сен мені бейшара дедің! Сені бейшара деуге менің де тілім жетеді. Сонымен ұпай бітті, тең беті болдық та тұрдық. Қоржынның екі жа-

ғында екі «бейшара!» Бейшарадан ештеңе шықпайды. Іргелі сөзге келейік.

Мен ұлтшыл оқығандар туралы талай мақалалар жаздым. Алдыңғы жылы басылып шыққан «Жаңа жұртшылық» деген кітапшасында менің оқығандар туралы пікірімді Ғаббастың өзі қуаттап жазған. Одан бері не болды? Оқығандарға саяси көзқарас өзгерді ме?

Жоқ. Өзгерген жоқ.

Өзгерген не? Өзгерген мынау: Ғаббастың өзі айтқандай, солшылсымақ коммунистеріміз оқығандарды шетінен айдап тастау керек дейді. Оқығандарды жамандап олар саяси олжа түсіріп жүр. Олар оқығандарға оқу құралдарын жазғызуға қарсы, оқығандарды мектепке мұғалім қылуға қарсы.

Біздің ойымызша, оқығандардың білімін пайдалану керек. Олар кітап та жазсын, мұғалім де болсын, бірақ ол кітапты сынап, түзетіп отыратын өзіміз. Айқайды қойып, іске кіріселік. Шетінен боқтамай, жаманын тастап, жақсысын еңбекші елдің керегіне жаратайық.

Бұдан басқа біз ұлтшыл оқығандар туралы не дедік? Олармен саясатты бөлісейік дедік пе?

Дегеніміз жоқ. Дедік деп ешкім айта алмайды.

Ғаббас мақаласын «қазақ коммунистерінің көпшілігі партия жолында» деп бастаса да, ішіндегі сөзінің көбі біздің «қателеріміз» туралы. Ғаббас үшінші пленумның қорытындысын оқушының алдына салғанда мынаны айту керек еді: үшінші пленум Қазақстандағы жікшілдікті жойды. Бұл бір. Екінші – үшінші пленум алдымызда тұрған негізгі мәселелерді партия нұсқауымен тексеріп, зерттеуге жол ашты. Үшінші пленумда жікті тастадық дегенді бәріміз айттық.

Негізгі мәселелер туралы үшінші пленум жол ғана ашты. Қазақтың аулын зерттеу, оның шаруашылық, мәдени түрін сыпаттау, қазақтың өнерлі кәсіп шаруашылығын күшейту, қазақ арасынан кооператив ашу, қазақ аулының тап жігін бөлу, тағы, тағы, басқалар. Мұның бәрі әлі алдымызда тұрған мәселелер. Бұл мәселелерді шешу үшін көп күш, көп еңбек керек. Ол еңбек бәрімізге ортақ жұмыс. Ешкім бізді бұл жұмыстан шеттете алмайды. Ол біздің коммунистік хақымыз.

Осы бастан біреуге солақай, біреуге оңқай деп ен тағып алмай, бәріміз бірге мәселені екшеуіміз керек, зерттеуіміз керек. Сонда ғана бәріміз бірдей шындыққа келеміз.

Жікшілдіктен құтылудың өзі-ақ бізді жарты жолға жеткізіп тастайды. Жік жойылса, негізгі мәселелер өз орнын өзі еріксіз алады.

Бір-бірімізге сенбеушіліктен де, бір-бірімізге жала жабушылықтан да сол уақытта құтыламыз.

Хаттары.
Ресми жазбалары



ТЕЛЕҒРАМ

Қазы Нұрмұхамедұлы қазасына көңіл айту

От жанды, ұлт қанды, есіл қыршын жас Қазының арманы жоқ: ұлт жолында тұңғыш құрбан болды. Біздер Қазыны және оның үлгілі жолын ұмытпасқа, құдай алдында, ар алдында уәде бердік. Сол уәдеге бірінші негіз салу үшін 20 апрелде қазақша ойын жасап, түскен саф пайданың жартысын артта қалған бір жасар ұл баласының тәрбиесіне бермекші болдық және басқа да уақыттарда жәрдем көрсетіп тұруға қаулы істедік.

«Бірлік» ұйымы атынан
Смағұл Садуақасұлы
Қошке Кемеңгерұлы
Ғаббас Тоғжанұлы
Асхат Сейдалыұлы
1918 жыл, апрель.

г. Кзыл-Орда
25/II-22г.

МОЯ ДОБРАЯ ЛИЗАНЬКА!

Твое последнее письмо было от 14.02. Значит и ты стала писать редко. Если ты хочешь подражать мне, то я должен подтянуться, а если у тебя настроение такое, что не хочется писать мне больше одного раза в неделю, то это безусловно плохо. Как бы ты ни была занята прежде, твои письма не приходили реже, чем через 4–5 дней. А теперь.

Я сейчас только вернулся с учительского съезда. Мы открывали его сегодня. Съезд открыл Байд., как председатель Рабпроса, а меня признали как «члена правительства» неудобным. Будут, мол говорить, что учи-

тельский съезд казенный. Я не стал возражать, ибо вижу, что это бесполезно. Но зато был тронут отношением ко мне самого съезда. Когда я вышел на трибуну для приветствия, мне не дали говорить в течение нескольких минут и все аплодировали.

Никому другому (в том числе и Гол и Нурм.) этого не сделали. Овация. Я морально удовлетворен на все 100% и теперь сижу дома совсем спокойно, не так, как вчера, когда мне сказали, что я не должен открывать съезд.

Чувствую чертовскую усталость, а сейчас 14 ночи. Ничего не могу написать, а хочется сказать так много, много. По-видимому, мое освобождение от НК проса вопрос решенный. Я этого и ждал, но «провалиться» на съезде, конечно, неприятно. А теперь сбываются худшие мои предположения, До сих пор меня не освобождали для того, чтобы провалить, Я еще это точно не знаю, но если получится так, то лишний раз я должен проклинать политику.

Недаром говорил Великий ТАЛЕЙРАН, что язык политикам дан для того, чтобы скрывать свои мысли. Ну и черт с ними. Через месяц все будет известно.

Как Кендрик? Он все чаще и чаще начинает приходить мне в голову. Я буду теперь совсем иной с ним. Он – дурачок пускай помнит об этом. Не забудь его снять и прислать мне карточку. Кстати, как с платой И-ту.

Мой заместитель пишет, что 4–5 раз звонил тебе по телефону и не мог застать. Где это ты обитаешь? Он все устроит. Растолкуй ему все как следует. Ну, пока. Голова наполовину уже превратилась в сон. Целую твои глаза и носик Кендрика. Весь, всегда твой Смагул.

Р ... *Прислуга моя, как это не странно, обратно вернулась из Илека.*

С...

г. Москва 22/VII-22 г.

ВЕЧНЫЙ АБДРАШ!

Послезавтра думаю выехать в Букей. Приблизительно через месяц вернусь обратно. От приехавших людей точно не мог узнать о положениях в Оренбурге. Что вы там проделываете, мне неизвестно.

Если в скором времени никто в Букей не поедет, то можешь мне не писать. Положение здесь вкратце таково: со Сталиным не разговаривал по двум причинам: во-первых, принять меня «он был занят», а, во-вторых, я сам не хотел пойти к нему. Есть ли люди, не видевшие, не знавшие? Кроме того, меня поставило в трудное положение такое соображение: разве может казах выгадать хулив казаха? Перед кем казах хулит казаха? Перед посторонним обществом. Вот эти причины остановили меня заниматься доносами в ЦК. Если мы действительно являемся народниками-революционерами, то мы должны быть честными в своем пути, которого мы держимся. Одним из нынешних интересных вопросов в Москве является событие Туркестана. По возвращении из Туркестана Рудзутака было много разговоров. Бросив прежнюю политику, начатую Сафаровым, стали переходить на другой метод. Рудзутак, возвратившись из Туркестана, поддерживает предложения о необходимости вновь послать в Туркестан Рыскулова. Этот вопрос был затронут в ЦК, но пока неизвестно. Видимо туда Рыскулова пошлют в качестве члена Туркомиссии. Председателем, кажется, будет Рудзутак. Одним из условий, которые будут поставлены перед этими новыми лицами, кои должны будут ехать туда, видимо, будет: ликвидируй «басмача». Если пошлют, то Рыскулов поедет в Туркестан. Вчера из Оренбурга приехали двое русских. Фамилия одного Васильев, а другой – управделами КЦИКа молодой парень с кудрявыми волосами, фамилию его забыл. Здешним Мендешов через них передал письмо. Таначев в одной из своих записок писал: «Скажу поддержку, выдай денег и автомобиль». Написанное письмо, видимо, относительно нас. Пусть, как хочет, так и делает. Путем доносов никто не сможет уничтожить наше мнение (взгляд).

Если его лицо не почернеет перед казахским народом, то подобными проделками никак никто ничего не заслужит.

Услышал о возвращении уехавших в Ташкент. Что делаете вы сами?

По моему мнению, наш метод в будущем должен быть таков: мы не боремся за то, чтобы владеть, и лозунг о владении своими руками (взять все в свои руки – пер.)

не ставим на первое место, ибо если ставить, то все равно сейчас не допустят до этого. Поэтому большую силу, направить на воспитание будущей молодежи, на подготовку их к будущему и на сбор сил. Чему я убедился, приехав в Москву, это то, что казах не должен сообщать в Москву о себе и о своих скандалах. В особенности не доносить друг на друга. Если же продают свою душу и свою совесть за владение (за влияние и захват власти – переводчик), то пусть их! Мы не должны последовать их примеру.

Если они борются за влияние и захват власти в свои руки, то пусть достигают своей цели. Тогда они как поступят? По моему мнению, через некоторое время они сами придут к нашему мнению. Если в их сердцах будет, хотя бы с ноготь чистого мяса (капелька честности – пер.), то они завтра же выступают против колонизатора. А если же они не сделают этого и из-за своей пятидневной жизни будут продолжать продавать кровь своего народа, то пусть тогда казахский народ ясно увидит и узнает, кто они есть. Как бы мы не делали, мы не должны быть причиной проведения в жизнь русской пословицы: «Разделяй и властвуй». Вот то, что хотел сказать сейчас, а об остальном услышишь от Газиза. Посылаю тебе несколько книг. Большинство из них интересные. Особенно удивительна книга Шенклера «Философия будущего». Читай ее правильно. Статью Анушина в журнале «Новый Восток» можно перевести и на казахский язык. Если перевод закончишь до моего приезда, то после исправления очень подойдет к печатанию.

Я думаю, что в дальнейшем нужно будет переводить такие интересные статьи. Какие интересные книги издаются в Москве? В этом отношении мы еще спим. Чем ежедневно заниматься шаблонными словами: «Да, здравствует» и пр. Я нахожу нужным приступить к таким важным делам. Наверное ты уже получил мое письмо, посланное в прошлый раз с Вайнштейном, То, что было тебе поручено в нем, ты, пожалуйста, выполни. На обратном пути из Букеевска я опять заеду в Москву, чтобы к тому времени Таначев мог ее получить. Вопрос о моей поездке в Германию будет зависеть от того порученного тебе дела.

Кош, твой родной *Смагул*.

Отправитель:
Ташкент, Долинская, 14

Смагул Садвокасов

Адресат:
г. Ленинград – центр
ул. Декабристов, 14, кв. 1
Ауэзову Мухтару

МУХТАР...

Хотя твое последнее письмо получил давно, но написать ответ мне удалось только теперь. У нас есть некоторые новости. Я вышел из педвуза, сегодня уезжаю в Кзыл-Орду, но оттуда куда направят – не знаю. На мое место еще никого не назначили, временно остается один из членов нашего правления.

Теперь, конечно, возможны изменения в вопросе о твоем приезде к нам на службу. Недавно Наркомпрос говорил новому директору, что здесь теперь никто работать не будет, все такого мнения. Поэтому ходатайство о твоем приезде в Ташкент возбуждено в обычном порядке. Наш переезд в Алма-Ата тоже не разрешен. По мнению Наркомпроса должны переехать, но все неизвестно.

Относительно квартиры не беспокойся – у Педвуза дома есть. В здании, в котором я жил, имеется одна большая свободная комната. Кроме того, у меня было три комнаты, одну из них можно уступить тебе. Лиза будет в Ташкенте, у нее нет возможности выйти из университета. Поэтому куда бы я не поехал, – еду один. Если Кзыл-Орда согласится – останусь в Ташкенте.

Посланное получил. Много, много приветствую. Если бы не это письмо, я бы обиделся на тебя. «Инбек» движется. Относительно о Джураба[1] сделал диспут и делал доклады. Народу было много. Я собою остался недовольным. Я готовился и думал, что будет, по обыкновению 40–50 человек. Но собралось около 300–400. В своем заключительном слове я как будто сохранил свой авторитет. Джорда[2] думает устроить диспут. Я буду докладчиком, а Сакен выступит с содокладом.

Пока, целую, обнимаю. Смагул.

Р... *Следующее письмо напишу из Кзыл-Орды.*

Смагул.

[1, 2] Неясные слова (имена).

г. Оренбург
19/VIII-22 г.

Председателю Киргизского Центрального исполнительного комитета, Народному Комиссару просвещения КСС граждан Садвокасов Смагула и Байдильдина Абдрахмана и Алдунгарова Ергалия

ДОКЛАДНАЯ ЗАПИСКА

Киргизская Автономная Республика, как составная часть Российской Федерации, начинает новое строительство на основах, провозглашенных Революцией русского пролетариата.

Только что начинает налаживаться работа краевых аппаратов, которые сего времени находились в стадии организации и оформления.

Новая экономическая политика предполагает длительную борьбу с капиталом на мирной обстановке. Наступает период кропотливой творческой работы. Возьмем ли мы нашу промышленность, земледелие, скотоводство, возьмем ли просвещение – для всех ставится лозунг: «Практическая работа».

И вот, когда мы сталкиваемся с практикой, когда мы от слов переходим к делу, от революционных действий к революционной законности, оказывается, что мы много еще не знаем, многому нужно еще поучиться. Тем более эта нужда в практических работниках остро ощущается у нас в Киргизской Республике.

То многочисленное количество киргизских работников, которое пребывает в настоящее время на различных постах, состоит, главным образом, из молодежи. Молодежь вступила на революционный путь со школьной скамьи. Огонь и воду она прошла в процессе борьбы.

Революция учила киргизскую молодежь бороться, но не творить.

Поэтому молодежи теперь необходимо учиться, учиться творить и уметь творить. Но для умелого творения необходимо знание, знание не поверхностное, а глубокое и солидное.

Перед нами непочатый край работы. Нам нужно

создать крупную индустрию, рациональное сельское хозяйство и образцовые санитарно-гигиенические условия.

Для этого нужны инженеры всех специальностей, агрономы, ветеринары и медицинские врачи. И этих людей должна дать киргизская молодежь. Счастливое сочетание, что из революционной молодежи вырабатываются и наши спецы, сулит нам великую перспективу грядущего.

Как известно, Россия и прежде считалась отсталой в техническом отношении страной. Русская научно-техническая литература состояла исключительно из переводов немецких и других оригиналов. Великие изобретатели в области техники вышли главным образом из Западной Европы.

Если к этому прибавить то, что за время революции Россия, изолированная от Европы, сначала стальной блокадой, а потом экономической не смогла следить за новыми открытиями и применить их к жизни, то станет достаточно ясным, насколько остальная Европа в техническом смысле стоит выше России.

Исходя из этого, мы считаем, что получение технического образования наиболее целесообразно за границей, в частности, в Германии, с которой, кстати сказать, Россия имеет нормальные дипломатические взаимоотношения.

В Германии лучше, чем где-либо, можно было бы получить техническое образование, ибо там есть возможность черпать все из первоисточников.

Поскольку мы будем учиться, живя в Революционной стране, постольку наше внимание будет отвлечено от чисто научных вопросов и тем самым учение будет хромать. Кроме того, нам кажется, что вне дома можно чувствовать себя гораздо более ответственным за свое дело, чем дома. То сознание, что нас отправили за границу приобрести знания, будет тем стимулом, который будет нас ежечасно, ежеминутно только вперед и заставит учиться.

Вот какие мотивы заставляют просить Вас об отправке за границу лиц для получения технического образования. Другие отрасли науки, как общественно-юридические, научно-педагогические и прочие, по нашему глубокому убеждению, необходимо получить в

России. Во-первых потому, что в этих областях русская общественная мысль далеко превзошла Европу, во – вторых, потому, что философские образования этих наук при новом государственном режиме в России совершенно иные, чем в Европе. Буржуазно-европейская юриспруденция, точно так же и педагогика, совершенно не нужны Советской России, а потому и нет надобности их обучения за границей.

Предоставляя свои силы и знания в распоряжение трудового народа и выражая свое желание ехать за границу, мы вовсе не представляем себе, что едем туда для получения якобы «культуры», как это представляют себе некоторые люди, вроде представителей туркмен (доклад Иомудского об отправке за границу молодых людей для учения).

Нечего Востоку у буржуазией Европы получать «культуру», Востоку нужна техника Европейской цивилизации и только техника.

Трудовой киргизский народ, веками служивший «извозной клячей» царско-ростовщического правительства России, вступает теперь на новый путь братского сожительства с остальными нациями России.

С превеликим вниманием трудовые массы следят за своими руководителями, смогут ли они обновить и оживить эту широкую беспредельную степь. А эту задачу возможно выполнить только тогда, когда мы будем вооружены современной технической наукой. Подходя к практическому осуществлению нашего предложения, мы имеем сказать следующее:

1. Отпустить средства минимума на 30 человек, которые должны быть отправлены в этом году осенью за границу.

2. Наркому просвещения КССР теперь же приступить к составлению списков желающих учиться за границей молодых людей.

3. Теперь же поручить Кирпредставительству в Москве, чтобы оно приступило к подготовительной работе по отправке за границу людей (получение визы, заграничных паспортов, обмен денег на иностранные валюты и проч.).

Со своей стороны мы все трое изъявляем желание поехать учиться за границей и просим о зачислении нас в число стипендиатов.

«О НАЦИОНАЛЬНОСТЯХ И НАЦИОНАЛАХ»

Уважаемый товарищ редактор!

Не откажите поместить в редактируемой вами газете нижеследующее:

Будучи осведомленным о происходящих недоразумениях в организациях на почве непонимания, появления моей статьи в №1 «Большевика», «О национальностях и националах» – считаю необходимым сделать нижеследующее заявление:

1. Статья моя была направлена 31 октября 1927 года в редакцию «Правда» для помещения предсъездовском дискуссионном листе.

В виду затяжки печатания я тогда же обратился телеграфно в редакцию «Правды» сообщить о судьбе статьи, на что редакция «Правды» ответила следующим письмом:

«26 ноября 1927 г. Тов. Садвокасову. Подлинник вашей корреспонденции «О национальностях и националах» направлен нами в редакцию журнала «Большевик».

С тов. приветом – «Правда».

Из этого видно, что статья относится к предсъездовскому дискуссионному периоду. Теперь (по-видимому) выходит, что я, благодаря неправильному использованию редакцией «Большевик» моей статьи, против своей воли, поставлен в положение человека, выступающего против решений 15 партсъезда.

2. В целях предотвращения происходящих и возможных недоразумений в связи с несвоевременным появлением статьи «О национальностях и националах», заявляю, что я целиком за решения 15 партсъезда и от содержания статьи отказываюсь как формально, так и по существу.

С коммунистическим
приветом *Садвокасов.*

ТҮСІНІКТЕР

Смағұл Садуақасұлы көбіне ағарту саласы мен баспасөзде қызмет істегендіктен ұлттың танымын кеңейтуге қал-қадірінше үлес қосты. Оның танымдық еңбектерінде де, түрлі тақырыптағы мақалаларында да ағартушылық сипат басым. Қаламгер қазақ, орыс тілдерінде қатар жазды. Орыс тілді материалдарында негізінен қазақ ұлтының ерекшелігін, сұранымын дәлдікпен жеткізуді мақсат тұтса, қазақ тіліндегі жазбаша жұмыстарында елді жігерлендіру арқылы серпілтуді басты нысана етіп алды. 1920 жылы кеңестік жағдайдағы Қазақ автономиясы құрылғанда, С.Садуақасұлы оның қалыптасуына аз тер төккен жоқ. Жастарды ұйымдастыру, қайраттандыру, жаңа кәсіптерге баулу, ел ішіндегі имансыздықпен күресу, отаршылдықтың сарқыншағын жою, халыққа өркенді елдердің тәжірибесін үйрету – Смағұл еңбектерінің негізгі тақырыбы. Қаламгер мақалалары – қазақ көсемсөзінің қалыптасуын ғана көрсетпейді, сонымен бірге XX ғасырдың 10–20-жылдарының айнасы, тарихы бола алады. С.Садуақасұлының баяндамалары мен эпистолярлық мұрасы да ешқашан құнын жоймайды деп есептейміз.

Біз II томға енген материалдарды да шартты түрде топтадық. Қаламгер мұрасын Петербор, Мәскеу, Омбы, Ташкент, Қазақстан қалаларының мұрағаттарынан жинадық. Бірсыпыра хатын ҰҚҚ архивінен таптық.

Осы томға енген материалдардың жарияланған басылымына қатысты төмендегідей түсінік беруді жөн көреміз:

ТАНЫМДЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ

«Нужды аула». Қаламгердің бұл еңбегі екі бөліктен тұратындықтан, «Трудовая Сибирь « (Омбы) журналының 1919 жылғы екі санында (№ 7–8, 28 сәуір; № 13, 9 маусым) жарық көрген.

«Жастарға – жаңа жол» – 1921 жылы Орынборда жеке басылым болып шыққан кітапша.

«Қазақстан» – «Өртең» газетінің 1922 жылғы 3–4-сандарында жарық көрген танымдық зерттеу.

«Кооперация һәм қазақ шаруасы» – 1924 жылы

Орынборда жеке кітап болып шыққан. Жалпы Смағұлдың кооперация маманы болғанын осы еңбегі дәлелдейді.

«Основные проблемы, возникшие при районировании Киргизии». «Советская Киргизия» журналының 1923 жылғы № 2–3 (қазан – желтоқсан), 1924 жылғы № 1–2 (қаңтар – ақпан) сандарында жарияланған. Бұл журнал Орынборда шыққан.

«Орта Азия өміріндегі жаңа дәуір». Бұл материал «Қызыл Қазақстан» журналының 1924 жылғы 7–8–9-сандарында, «Еңбекшіл қазақ» газетінің 1924 жылғы 14–22 қазан күнгі нөмірлерінде басылған.

«Жастармен әңгіме» – 1925 жылы Орынборда жеке кітапша түрінде жарық көрген еңбек.

«Қазақстанда халық ағарту мәселелері». Мұның негізгі бөлігін С.Садуақасұлы Қазақстан мұғалімдерінің I съезінде баяндама түрінде ел алдында оқыған. Біраз бөлігі «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы 3–4-санында жарияланған. Сол 1927 жылы тұтастай кітапша болып басылған.

«О национальностях и националах» – С.Садуақасұлының өзі жазғандай, алғаш пікірталас ретінде «Правда» газетіне ұсынылған материал. Бірақ «Правда» автордың келісімінсіз «Большевик» журналына жолдаған. 1928 жылы «Большевиктің» № 1 санына (15 қаңтар) шыққанда, сол нөмірде аталған материалдың негізгі идеяларын терістейтін К.Тоболов деген автордың мақаласы шығады (әдейі ұйымдастырылған болу керек). Смағұл «Правда Востока» газетінде өз материалына түсінік береді (түсінік осы кітаптың «Хаттары» бөлімінде бар). Бірақ ол нәтиже бермейді: С.Садуақасұлы «ҚазпедВуз» ректорлығынан алынады.

БАЯНДАМАЛАРЫ

«Қазақтың Кіндік хүкіметінің орынбасары Ысмағұл жолдас Садуақасұлының баяндамасы» – «Қазақ тілі» газетінде (Семей) 1921 жылы 15 маусым мен 6 тамызда жарық көрген материал. С.Садуақасұлы сол жылы мамырда Семейге келіп, арнайы тапсырмамен губревкомды басқарып, оның Сібірревкомнан Қазақстанға өтуін ұйымдастырды. Бұл туралы біздің «Смағұл Саду-

ақасұлы» атты кітабымызды («Қазақстан», 1996) қараңыз.

«Қазақ өлкелік партия комитетінің III пленумында (1926) С.Садуақасұлының сөйлеген сөзі». Бұл пленум 1926 жылы 25–30 қараша аралығында өткен. Материалы 1927 жылы Қызылордада шыққан «Өлкелік партия комитетінің III пленумында Қазақстан коммунистері арасындағы талас мәселелер туралы сөйлеген сөздер» жинағына енген.

«Өлкелік партия комитетінің VI конференциясында (1927) С.Садуақасұлының сөйлеген сөзі». Бұл конференция 1927 жылы 15–23 қараша аралығында өткен. Материалы «Қазақ өлкелік партия комитетінің VI конференциясының стенографиялық есебі» жинағына енген.

«Қазақстанда оқу жұмысының жай-күй, кезекті мақсаттары тақырыпта Садуақасұлы Смағұл жолдас баяндамасынан тезістер». Бұл материал «Қазақстан оқу комиссариатының хабарларына» 1927 жылы (№ 1–2) 31 қаңтарда жарияланған.

МАҚАЛАЛАРЫ

«Атылып өлген қазақ жігіті». «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 16 қарашадағы санында жарық көрген. Хат соңында көңіл айтушылар ретінде М.Саматов, А.Шормановв, Ж.Бабатаев, С.Садуақасов, Х.Кеменгеров қол қойған. Осындағы Асфандияр Шорманов пен Жүніс Бабатаев – Смағұлдың Омбы ауылшаруашылық училищесіндегі курстастары. Өзін өлімге байлаған Сүлеймен (Сүлембек) Бижанұлы – Смағұлдың алдында, Қошкелер қатары оқыған шәкірт.

«Өмір үшін күресу» – С.Садуақасұлының 1918 жылы 6 қазанда «Жас Азамат» газетінде (№ 6) жарияланған мақаласы.

«Киргизский союз потребительных обществ «Бирлик». «Трудовая Сибирь» журналының (Омбы) 1919 жылғы бірікken 4–5 санында (4 сәуір) жарық көрген.

«Киргизская кооперация в Исиль-Кульском районе». «Трудовая Сибирь» журналының 1919 жылғы бірікken 14–15 санында (23 маусым) жарияланған.

«О киргизском кооперативном органе». «Трудовая

Сибирь» журналының 1919 жылғы біріккен 28–29 санында (30 қыркүйек) басылған.

«Первая Всероссийская конференция молодежи Восточных национальностей». «Жизнь национальностей» газетінің (Мәскеу) 1920 жылы 17 қазандағы санында жарық көрген.

«Бірінші мақсұттарымыз». «Кедей сөзі» газетінің (Омбы) 1920 жылы 22 маусымдағы санында жарық көрген.

«Біздің жол». «Кедей сөзі» газетінің 1920 жылы 1 маусымдағы санында жарияланған.

«Ауылдағы жастар туралы». «Еңбек туы» газетінің (Орынбор) 1920 жылы 25 желтоқсандағы санында басылған.

«Соңғы оқиғалар һәм Күншығыс». «Еңбек туы» газетінің 1920 жылы 7 желтоқсандағы санында жарияланған.

«Жас жазушыларға». 1920 жылы 13 қарашада «Еңбек туында» бас мақала есебінде жарық көрген.

«Түркістан жастары». «Еңбек туы» газетінде 1920 жылы 13 қарашада басылған.

«Өктәбір төңкерісі һәм қазақ еңбекшілері». 1920 жылы 7 қарашада «Кедей сөзі» газетінде жарияланған.

«Ескеретін уақыт жетті». «Еңбек туы» газетінде 1920 жылы 13 қарашада жарияланған.

«Көтеріл, жастар!» – «Еңбек туы» газетінде 1920 жылы 13 қарашада басылған мақала.

«Сібірдегі қазақтар туралы». 1920 жылы 25 желтоқсанда «Еңбек туы» газетінде жарияланған.

«Дінмұхамед Әділов» – «Еңбек туында» 1920 жылы 25 желтоқсанда жарық көрген мақала. Д.Әділұлы – басмашылар қозғалысына қазақ атынан қатынасқан тұлға. Ол – қазақ театрының бірінші директоры.

«Азық-түлік мәселесі». «Кедей сөзі» газетінде 1920 жылы 13–30 наурызда жарық көрген.

«Н.Ленин» – «Кедей сөзі» газетінде 1920 жылы 1 мамырда жарияланған мақала.

«Советская власть и киргизы». «Коммунар» газетінде (Орынбор) 1921 жылы 1 қаңтарда басылған.

«К отмене «калыма» у киргиз». Бұл «Коммунар» газетінің 1921 жылы 9 ақпандағы нөмірінде жарияланған.

«Немізге мақтанамыз, немізге өкінеміз». 1922 жылы

«Өртең» (Орынбор) газетінің 2-санында жарық көрген. Мақаланы тапқан – жас ғалым Н.Қуантайұлы.

«Өткен күндер, қазіргі хал һәм болашақ». 1922 жылы «Өртең» газетінің 1-санында жарияланған.

«Қазаққа не керек?». «Өртең» газетінің 1922 жылғы 6-санында басылған.

«Жастар сиезіне». «Еңбекшіл қазақ» газетінің 1922 жылғы 20 шілдедегі санында жарық көрген.

«Шарт керек пе?» – «Еңбекшіл қазақ» газетінің 1922 жылғы 4 тамыздағы санында басылған мақала.

«Қостанай – Торғай» – С.Садуақасұлының ерекше стильде жазған еңбегі. Бұл материал осы кітабының «көркем шығармалар» бөліміне енуге де лайық секілді. Бірақ әзірше мақалалар қатарынан орын алды. Ол «Қызыл Қазақстан» журналының 1922 жылғы біріккен 7–8 санында: Обком КирЦИК өкілдерінің баяндамалары» айдарымен ұсынылған. Соңында «ақыры бар» деп көрсетілген. Біз журналдың 9 нөмірін таба алмадық.

«Киргизская кооперация». «Степная правда» газетінде (Орынбор) 1922 жылы 9 желтоқсанда жарияланған.

«Действительно серьезный вопрос» – 1923 жылы 5 қыркүйекте «Степная правда» газетінде жарық көрген мақала.

«Национальный вопрос в Киргизии». 1923 жылы 7 қарашада «Оренбургский рабочий» газетінде басылған.

«Істейтін іс» – «Жас қайрат» (Ташкент) 1923 жылы 7 қыркүйекте шыққан мақала.

«Ленин һәм ұлт мәселесі» – «Еңбекшіл қазақ» газетінде 1924 жылы 31 қаңтарда жарық көрген материал.

«Еріксіз жауап» – «Еңбекшіл қазақ» газетінде 1924 жылы 8 наурызда басылған мақала.

«Елде істейтін бір жұмыс». «Жас қазақ» журналының 1924 жылғы біріккен 5–6 санында жарияланған.

«5-інші июль – кооперация күні» – 1924 жылы 5 шілдеде «Ақ жол» (Ташкент) газетінде басылған бас мақала.

«Ауылдағы кооперация туралы» атты кітаптың алғысөзі». Кітап авторы – Каменский. Аударған – Т.Шонанұлы. 1925 жылы Орынборда жарық көрген.

«Ауыл арасындағы саяси-ағарту жұмысы» атты

кітаптың алғысөзі». Кітап авторы – Н.Крупская. Аударған – Т.Шонанұлы. 1925 жылы Орынборда басылған.

«Жаңа жұртшылық негізі – ғылым» – «Қызыл Қазақстан» журналының 1925 жылғы 2-санында жарық көрген мақала.

«Партия құрылысы туралы» – «Еңбекші қазақта» 1925 жылы 10 желтоқсанда шыққан бас мақала.

«Жер мәселесі тез шешілуді тілейді». Бұл да – бас мақала. «Еңбекші қазақта» 1925 жылы 11 желтоқсанда жарияланған.

«Ел тілшілеріне ескерту» – «Еңбекші қазақта» 1925 жылы 11 желтоқсанда басылған мақала.

«Жер мәселесі» – «Еңбекші қазақта» 1925 жылы 17 ақпанда жарияланған бас мақала.

«Жаңа дәуірдің негізгі мәселелерінің бірі» – 1925 жылы 17 ақпанда «Еңбекші қазақта» басылған мақала.

«Баспасөз жазушылар» – «Еңбекшіл қазақта» 1925 жылы 8 қаңтарда жарияланған бас мақала.

«Партия тобына» – «Еңбекші қазақта» 1925 жылы 4 желтоқсанда жарық көрген бас мақала.

«Халық ағарту мәселелері». Бұл мақала «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы 28 ақпандағы санында және «Жаңа мектеп» журналының 1925 жылғы 1-нөмірінде жарияланған.

«Биылғы жылғы оқу маусымында». «Еңбекші қазақ» газетінде 1926 жылы 8 қыркүйекте жарық көрген.

«Жиендік ұрлыққа саналуы керек». «Еңбекші қазақта» 1926 жылы 31 тамызда басылған.

«Оқу ісінің кемшіліктері. Оларға қарсы шаралар». Бұл материал «Еңбекші қазақта» 1926 жылы 5 ақпанда, сондай-ақ «Жаңа мектеп» журналының 1926 жылғы 4-санында жарияланған.

«Жала» – «Қызыл Қазақстан» журналында 1927 жылы (№ 3–4) басылған мақала.

ХАТТАРЫ. РЕСМИ ЖАЗБАЛАРЫ

«Телеграм. Қазы Нұрмұхамедұлы қазасына көңіл айту». «Сарыарқа» (Семей) газетінде 1918 жылы 15 сәуірде жарық көрген.

«Моя добрая Лизанька!» – ҚР ҰҚҚ архивіндегі № 78754-істен алынды.

«Вечный Абдраш!» – Бұл да сонда.

«Мұхтар...» – Бұл да сонда. Ал, М.Әуезовтің С.Садуақасұлына жазған хаты туралы біздің «Руханият» атты кітабымыздан («Білім», 1997) оқи аласыздар.

«Председателю КирЦИК, Народному комиссару просвещения КССР» – ҚР Мемлекеттік орталық архивтің 81-қор, 1-тізім, 468-ісінен алынды.

«О национальностях и националах («Уважаемый товарищ редактор!») – «Правда Востока» газетінен (17.02.1928) алынды. Газет большевиктер партиясының Орта Азия бюросының үні болғандықтан, осы санында КазпедВуз жанындағы КП (б) УЗ-дың (Өзбекстандағы партия бөлімі) коммунистері Смағұлды жұмыстан қуғындау туралы шара қолданғанын жазады.

Сонымен, жоғарыдағы деректерден мәлім болғандай, С.Садуақасұлы саяси тұрғыдан қуғын-сүргінге ұшыраған республика және одақ ішінде белсенді, сындарлы қаламгер ретінде көрінген.

Қолдарыңыздағы жинақ тарихқа, ұлт қайраткерлеріне қатысты көзқарастарыңызды толықтырып, кеңейтеді деп сенеміз.

Оқырманнан сұрайтынымыз: Қайраткер-қаламгер Смағұл Садуақасұлы туралы тың дерек, соны мағлұмат білсеңіздер, яки тапсаңыздар, ол жөнінде мына мекенжайға **(Астана, М.Жұмабаев 11/1, 18-пәтер, Д.Қамзабекұлына, телефон: 36-74-44)** хабарлассаңыздар екен. Мәлімет беруші хақында С.Садуақасұлының келешек жинақтарында ақпар беретінімізді ескертеміз.

Д.Қамзабекұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор.

МАЗМҰНЫ

Танымдық еңбектері

Нужды аула 6
Жастарға – жаңа жол 17
Қазақстан 47
Кооперация һәм қазақ шаруасы 54
Основные проблемы, возникшие при районировании Киргизии 90
Орта Азия өміріндегі жаңа дәуір 101
Жастармен әңгіме 113
Қазақстанда халық ағарту мәселелері 133
О национальностях и националах 162

Баяндамалары

Қазақтың Кіндік хүкіметінің орынбасары. Ысмағұл жолдас Садуақасұлының баяндамасы 178
Қазақ өлкелік партия комитетінің III пленумында (1926) С.Садуақасұлының сөйлеген сөзі 182
Өлкелік партия комитетінің VI конференциясында (1927) С.Садуақасұлының сөйлеген сөзі 200
Қазақстанда оқу жұмысының жай-күйі, кезекті мақсаттары тақырыпты Садуақасұлы Смағұл жолдас баяндамасынан тезістер 211

Мақалалары

Атылып өлген қазақ жігіті 216
Өмір үшін күресу 217
Киргизский союз потребительных обществ «Бирлик» . . . 218
Киргизская кооперация в Исиль-Кульском районе 221
О киргизском кооперативном органе 226
Первая всероссийская конференция молодежи восточных национальностей 230
Бірінші мақсұттарымыз 232
Біздің жол 234
Ауылдағы жастар туралы 235
Соңғы оқиғалар һәм Күншығыс 237
Жас жазушыларға 238
Түркістан жастары 239
Октябрь төңкерісі һәм қазақ еңбекшілдері 239
Ескеретін уақыт жетті 242
Көтеріл, жастар! 245
Сібірдегі қазақтар туралы 247

Дінмұхамед Әділов 250
Азық-түлік мәселесі 251
Н.Ленин 253
Советская власть и киргизы 256
К отмене «калыма» у киргиз 258
Немізге мақтанамыз, немізге өкінеміз 259
Өткен күндер, қазіргі хал һәм болашақ 262
Қазаққа не керек? 265
Жастар сиезіне 267
Шарт керек пе? 269
Қостанай – Торғай 271
Киргизская кооперация 281
Действительно серьезный вопрос 286
Национальный вопрос в Киргизии 287
Істелетін іс 289
Ленин һәм ұлт мәселесі 290
Еріксіз жауап 293
Елде істейтін бір жұмыс 295
5-інші июль – кооперация күні 298
«Ауылдағы кооперация туралы» атты кітаптың
алғы сөзі 299
«Ауыл арасындағы саяси-ағарту жұмысы»
атты кітаптың алғы сөзі 301
Жаңа жұртшылық негізі – ғылым 302
Партия құрылысы туралы 309
Жер мәселесі тез шешілуді тілейді 310
Ел тілшілеріне ескерту 312
Жер мәселесі 313
Жаңа дәуірдің негізгі мәселелерінің бірі 315
Баспасөз жазушылар 316
Партия тобына 319
Халық ағарту мәселелері 320
Биылғы жылғы оқу маусымында 322
Жиендік ұрлыққа саналуы керек 324
Оқу ісінің кемшіліктері. Оларға қарсы шаралар 326
Жала 330

Хаттары. Ресми жазбалары

Телеғрам. Қазы Нұрмұхамедұлы қазасына көңіл айту . . . 342
«Моя добрая Лизанька...» 342
«Вечный Абдраш...» 343
«Мухтар...» 346
Председателю Кир ЦИК, Народному
комиссару просвещения КССР 347
«О национальностях и националах»
(«Уважаемый товарищ редактор!») 350
Түсініктер 351

САДУАҚАСҰЛЫ СМАҒҰЛ

ЕКІ ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

2-том

Танымдық зерттеулер, мақалалар

Редакторы *Г.Салықбай*
Техникалық редакторы *А.Тлеукеева*
Суретшісі *Ж.Болатаев*

© Қазақстанның кітап графика суретшілерінің қоғамдық бірлестігі

Теруге 17.06.03. берілді. Басуға 18.07.03. қол қойылды. Пішімі 84 ×108 1/32. Қаріп түрі «Балтика». Шартты баспа табағы 18.9. Есептік баспа табағы 19.78. Таралымы 2000. Тапсырыс № 755

«Алаш» баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы 143.

«Тамыр» фирмасының компьютерлік-баспа жүйесінде теріліп, беттелген. 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы,143.

ЖШС Жедел басу баспаханасы, 480016, Алматы қаласы, Д.Қонаев көшесі, 15/1.